


Кайсар ӘЛИМ

КӘУСАР



АЛМ
КӨЗУСАР

Қайсар

Әдеби портреттер

Эсселер



АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
БАСПАСЫ ЖШС
2015

ӘОЖ 821.512.122-3
КБЖ 84 (5Қаз) 7-44
Ә 55

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Әлім Қ.

Ә 55 **Кәусар.** (Әдеби портреттер, эсселер). / Қайсар Әлім.– Алматы: “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2015.– 384 б.т

ISBN 978-601-251-116-1

Жазушы Қайсар Әлімнің бұл кітабына кәусар бұлақтың сыңғырындай рухани мөлдіріктен сусын қандыарлық әдеби портреттер мен эсселер шоғырланған. Жүрек қылын шертерлік туындылардан М. Дулатов, Ғ Мұстафин, С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, Ш. Мұртаза, т.б. ұлтжанды суреткерлердің «Әдебиет – ардың ісі» деп қайралған талант қайнарларын, азаматтық болмыс-бітімін, туған елдің ертеңіне алаңдаған көңіл әуенін, халық мүддесі жолындағы қайраткерлігін дөп басып тануға болады.

Кітаптың тілі жатық, мазмұны көркемдікпен әдіптелген. Әдебиетке ынтызар әрбір оқырманды бейжай қалдырмасы анық.

ӘОЖ 821.512.122-3
КБЖ 84 (5Қаз) 7-44

ISBN 978-601-251-116-1

© Әлім Қайсар, 2015
© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2015

ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР





ҚАЗАҒЫН ОЯТЫП, ОЙЛАНТҚАН!

Міржақып Дулатов! Қазақ қоғамына берерін сығып берді, бірақ сыбаға дәметкен жоқ. Күңіреністі күймен : «... Қалғанша жарты жаңқам мен сендікпін, Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!»— деуі де сол ел мүддесіне біржола, ақырғы демі біткенше, қалтқысыз берілгендіктен айтқан мірдің оғындай сөзі. Тәуелсіз Қазақстан: Міржақыбын үкіледі, үмітін ақтауға тырысты, тырысып келеді... Бірақ түбірлі, төңкерісті, толымды үдеріс нышаны әлі қол бұлғайды... Міржақыпша нұсқаның ауылы алыстан мұнартатындай. Дәме бар, дәйектілік тапшы. Ұмтылысқа ынта зор, ұғынықтылықта – ұтылыс. Баяғы «Оян, қазақ!» ұраны , міне, жүз жылдан асты, құлақтың құрышын кандырады: «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп, Қазағым, енді жату жарамас-ты!» Қазағын оятқан еді, енді сол қазақ ойлануға, толғануға қатты бет бұрған! Адам қайғысынан – заман зарын сығып, сығымдап көрсеткен Міржақып, одан сабақ алуға әлі күнге үндеп келе жатқандай.

Иә, сол тылсым заманның өкінішті ахуалы осылай түйінделген: Жердің кеткені – күйік, діннің нашарлағаны – ділсіздік, халдың һараб болуы – қарекетсіздік! Бұған Міржақыптың әйгілі «Тіл мұнын» қоссақ, сол мұң қазір де шеменді шерге ұласып кетеді... Бір сүйініштісі, бұл жіктелгендер «міржақыпша» қатып-семіп, тұралап- тарынып, қорусыз, қорғансыз күйінде қалған жоқ. Ілкім ілгерілеушілік сезіледі. Араға сына боп қағылған қызыл кеңестік кезеңнің – 70 жылдан астамғы кесапаты, кеселі. Әйтпесе, тым алысқа ұзап кететін шақ туған. Тәуелсіздіктің өзіне он тоғыз жыл толды емес пе!

Әрбір шығармашылық еңбектің маңдайына біткен талан-талайы болады. Патшалық Ресейдің зәресін алып, құтын қашыра келген «Оян қазақ!», міне, сондай «қатыгездік» сипатымен маңдайын тасқа да соқты, тауға да ұрды. Итжанды екен, темірдей тегеуріні қандай тепкіге де шыдас берді. Кітап тәркіленіп, иесіне 1,5 жылға кісен салынды. Халық араша түсіп, айыппұлын жылулап төлеп, тасқа басылған сөзді еркіндікке салды. Жүрекке ұрық тастар асыл сөзге сусаған ел әбден шөліркеп отыр екен, ешнәрседен қаймықпады. Қыбырлап оянып, тірлікке тырбанды. Міржақыптың көк-сегені де сондай ел ішілік еңсе көтерудің қамы болатын. Жинаққа «сөз басында» былайша шамырқануын сол тұрғыдан түсінген абзал. «Дүниеге қатынасып жүрген, оқыған азаматтарымыз болмаса, біздің ғұмуми (жалпы) қазақ халқы фйдалы мәселелерден бихабар еді. Себебі: дария қасында тамшы секілді, оқығандарымыз аздықтан, халқымыз шәһәр ретінше емес, көшпелі һәр жерде бытырап жүргендіктен, заман аху-алынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар туғандарымыздың әдеби тілменен жазылған газеттері оқу оқымаған халыққа түсініксіздігінен, дүниеде болып жатқан ғәжәйіп (таңырқарлық) уә (және) ғәрәйіптен (керемет, таңсық) фйдалана алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр... Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай ғафилдықта (білмеу, білімсіз) жата берсек, енді аз заманда нешік болашақпыз?»

Қазақты маужыраған күйінен оятып, «күннің көзі жалқауға да, іскерге де, байға да, пақырға да бірдей түскені секілді», көпке бірдей болған жақсылықтан мақрұм қалмауға үндеуі – Міржақыптың айнымас азаматтық ұстанымының алтын қазығы іспетті. Ұлтым деп соққан жүрегінің атойы өлшеулі ғұмырында бір әлсіреп, демікпегені содан дерсің. «Халық үшін нендей закон түзелсе де, дума арқылы өтеді. Біздің қазақ халқының оңып тұрған бір ісі жоқ, солардың ішінде бірінші орын алып тұрғаны – жер мәселесі,– деп жазды «Государственная дума һәм қазақ» атты мақаласында («Айқап», 1911 ж., № 5). – Аз да болса Думада депутаттарымыз болса, сөздері ықтибарға алынбаса да, қазақ жері өз мүлкі

екендігін, селдей ағып келе жатқан хохолдар жерді тартып, жұртты пақырлыққа айналтты, hükümetтің бұл харекеті бізге ғаділсіздігін Дума мінбесінен сөйлеп, отчетында жазып қалар еді. Ақырында, сөйлеген ақиқат үстіне бір шықпай қалмас еді». Бұл ескертпе еріккеннен жазылмағаны мәлім. Думада қазақтан депутат болмағаны себепті, онда не болып жатқанынан да бейхабар қазақ халқы өз мүддесін кім арқылы көтерерін білмей, дал болған. Рас, әуелгі екі думаға бізден депутат сайланған. 1907 жылы 3 маусымда жаңа мизам шығарылып, Сібірден, Түркістаннан және басқа жерлерден депутаттардың саны кемітіліп, тіпті кейбір халықтан депутат сайлау тоқтатылған. Солардың арасында бақыты ашылмаған қазақ халқы да қыстырылып кетіп еді. Қазақтың өзінен де бар көрінеді. Бірінші дума сайлауында Ә. Бөкейхановтың үстінен жамандап, рапорттар беріп, етегінен тартып баққаны–қандай келешекті ойлағандық? Міржақып енді алда болатын сайлауға ұлт атынан өтініш айтып, өз адамын енгізуге құқық берерлік жаңа низам жасалуына алдын ала қамданыс қылуын міндеттейді.

«Жер мәселесі» деген мақаласында («Айқап», 1911 ж., № 11.) Міржақып көкейкесті екі жағдайды қозғайды. Бірі – қала болу керек деушілердің пікірі. Екіншісі – көшіп жүруді қалайтындардың тоқтамы. Осы екі ойдың жақтастары әркілы шешім айтады. Бастапқылар, жер жүзіндегі халықтардың біразы қала болып отыр, мал бағып көшіп жүрмегендіктен қырылып қалмаған дей келіп былайша түйіндейді: «Бұларды көре тұра, біз, қазақтар да, қала болып, малдың санын кемітіп, бағасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып, өзімізден алдағы жұрттың істегенін істеп, солардың жолына түсейік, сол уақытта ғана қатардағы халықтардың бірі бола аламыз». Ал көшіп жүруді жақтайтындар: «Қазақ – мал баққан халық. Қазіргі бағып отырған малына лайық жер қалдырмай тастауын ақылға сыйдыруға болмайды. Халықтың ғұмыры 20-30 жылдығына емес, дүние тұрғанша тұрады. Соның үшін түбін ойлағанда, қазіргі тұрмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбасқа керек», – деп қалыптасқан тіршілік кәсібінен көз жазып қалмауды ықтияттайды. Әрине, қос таңдаудың да заманына лайық ерекшеліктері бары белгілі. Қайсы жолға түскен дұрыс?

Күштеп таңа алмайсың. Уақыт өзі екшейді. Тек адасып қалмаған абзал. Міржақып күдікпен шошынтып, ақылмен сабырға шақырып ой тастайды. Халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты үкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, атамекеннен ірге қозғалып, қазақ шаруасының күйзелуі, 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбеуі неліктен?! Бұлай болғанда, енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында титықтап бітуі ықтимал дегенді және қосып қояды. Сақтандырады. Сараптай білуге шақырады. Жасыратыны жоқ, жер проблемасы әлі толық шешіліп бітпегенін мойындағанмыз жөн.

Қазақ жеріне мұжықтарды не үшін жер аударады деген сұрақ Міржақып көкейін үнемі тесіп жүргенін байқаймыз. Әлде Россияда жер аз ба? деп кекесінді әрі таңданысты ойға беріледі ол. Жауабы да әзір. Шұрайлы жер аз емес, бірақ соның бәрі байлардың, дворяндардың, помещиктердің қолында, олар өз жерлерін ешқашан тегін бермек емес, ал аштан өлуге шақ жүрген мұжықтардың оны сатып алуға шамасы жоқ. Түрлі деңгейдегі министрлер, жоғарғы шенеуніктер мен генералдар Россияда көбейіп келе жатқан мұжықтардан құтылу үшін оларды біздің қазақтардың арасына жер аударады...

Шынында да осындай өз мүддесін өзгенің есебінен дөңгелентіп, бұратана қазақтарды одан әрмен бұқтыра түсудің амалымен ашық кулыққа басқан әміршіл жүйе, қызылкөз саясат дегенін біртіндеп жүзеге асыра берді. Шенеуніктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперді. Шенеуніктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерін еркін иемденуде. Тұтас ауыл болып келіп, бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып ала бастады.

Осындай кері кетуді көзімен көріп, жанымен сезіп отырған Міржақыптың қаны басына шаппағанда қайтсін? Мұжықтар жерін тартып алғанша «жоғарыдағының пәрмені ғой» деп, бастары бірікпей, тарыдай шашырап жүрген қазақтың пиғылы да оңып тұрмағаны аян: біз біржола бағынған халық, қалай билесе, солай билесін, закон шығару біздің жұмысымыз емес

дейтін шығар. Мұндай пиғылдың кері әсерін әр қазақтың миына шұқып құйғанша Міржақыпта маза қайдан болсын. Жазады, түсіндіреді, ашындырып, қитығына тиеді. Сөзімнің бір пайдасы болар ма деп, қатты қамығып, торығады. Сонда, түйінді ойы мынаған саяды: бір патшалыққа бағыну құл болу деген сөз емес қой; өз керегін өзі білдіртпесе, Петербургте отырған шенеуніктер 3-4 мың шақырым жерде ен далада көшіп жүрген қазақтың тұрмысын қайдан біледі. Міне, көңілдегі қыжылдың мәнісі қандай?

Жер! Жер! Жер! М. Дулатов жүрегінің дүрсілі осы! Тепкіленіп, атқыланып соғады. «Оян, қазағында» «Жер кетті...», – деп күллі қазағына жар салуы да сондықтан. Жүз рет, мың рет айтса да ол бір тілегінің орындаларына үміт артады: «надандық түнегінде адасқан бейшара қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз. Тілесе кісі жоқ емес, уақыт та өткен жоқ», – деп «жердің жыртысын жыртатын» дуалы ауызды, көкірегі ояу зиялылардың осынау үгіт-насихатқа араласуын қалайды.

... Қазақта қазір бұл тұрғыда бір ауыз сөзіне ұйыта алатын зиялылар жеткілікті. Қазақ жерін бөлшектеуге қаймықпай қарсы шыққан мемлекет және қоғам қайраткері Ж. Шаяхметовтің ізбасарлары бүгінде де бұқпантайлап жүрген жоқ. «Жерді сатқаның – анаңды сатқаның!» деп Парламентте жар салған марқұм Б. Қыдырбекұлы, «Кұнарлы аймақ қазаққа қайта қайтарылсын» деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген С. Әсіпұлы, «Жерді жалға алғаны – жағаға қолды салғаны» деп жанайқайын естірткен Р. Айыпұлы, «Уай, алашым! Жерің – арың, киелің!» деп жырмен жалындата аһ ұрған С.Сматаев, т.б. зиялылар, қазақ жерінің бір мысқалы уыстан шықпауы үшін ішер асынан іркіліп жүргендер.

... Міржақып үміт еткен мұндай ұлтжандылардың қатары толығы түскені алаң көңілді басып, қазақ жерінің біртұтастығына деген сенім әр жүрекке нық ұялайды екен. Қашан да ақ сөз ащы болады. Әділ сөздің зілі жоқ. Әлі де батырып айтуымыз керек-ау!

М. Дулатов дінге қатысты ой-пікірлерін проза, поэзия түрінде де жазып, әр түрлі басылымдарда, атап айтқанда, «Серке», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналында жүйелі жариялап отырған. «Біздің мақсатымыз» («Серке», 1907 ж., № 84) деген мақаласында ол: «... Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға ғана тиісті неке мәселесіне да араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды», – деп дінге қатысты қыспақтың кейбір қисынсыз негіздерін таратып баяндаған.

«Мәсжід (мешіт) – медресе хақында» деген өлеңінде: «Дегенмен «мен мұсылман», іс бітпейді, Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді. Қазақша киім киіп, сөйлегенмен, Мойныңнан фарыз, уәжіп бір түспейді», деп діни міндет, борышқа деген саналылықтың селдірлігін шым-шымдап сынап өтеді. Әрі қарай оқысаңыз, кедергінің түп-төркіні ашыла түседі: «Қазақтың көп жерінде мешіті жоқ, Жоғына себеп болған миссионер поп. Екінші, халықтың өзі ықылассыз, Не ғылып исламға ашылсын ход»? Өлең тұжырымында ащы мысқыл мен кекесінге қоса, міскін тұсын аңдатып, ойға батыратын, сонысымен шешуші қадамға тас-түйін бекіндіретін, түйсікке салмақ салған қорытынды шумақ бар: «Оңбассың бойда жүрсе бұл мінезің, Теріс пе насихатым бұл, біл өзің. «Әйтеуір, ата-бабам мұсылман», – деп, Дүрмекті қоя-тұғын келді кезің», – дейді міндет пен парызға еліктіре түсіп.

Айтулы ақынның іргелі бір жетістігі – «Насихат ғумумия» деп аталатын он жеті бөлімнен тұратын ұзақ өлеңі. Оның дінге қатысты шумақтары да баршылық. «Тарылып дін, дүниеміз бара жатыр, Япырмау, білген бар ма – мұны ғажап? Ойламас ертеңгісін не болар деп, Салынып жалқаулыққа біздің қазақ», – деп ақын, имандылықтың өрісін кеңейте алмаудың кесіріне шыланып қалмаудың сезігінен сақтандырады. Дінді тек қана апиын ретінде құбыжық етіп көрсетушілердің кері үрдісті пікіріне мойынұсынбайтынын ашық айғақтайды. Немесе дін ағымының жат пиғылды насихатынан жирендіру мақсатымен жазған ғақлияларының да жөні бөлек. Мысалы, «Мұн» өлеңінің сарынынан соны аңғарамыз. «Шарифат сатып, мал жиғанға салынбай, Ағарт

жұртты, молдекелер, қамдан да...»,- деп діни алдампаздардың әрекетін әшкерелейді.

Патшалық Ресей кезеңінің діни бағытта жүргізілген кейбір сауалдамаларында мектеп-медреселер мәселесіне қатысты ой өрбітіліп, нақты жауаптар алынғаны белгілі. Мәселен, «Мектеп һәм медреселердің мақсаты не нәрсе?»,- деген сұраққа былайша жауап берілген: «Мұсылман балаларына оқу, жазу үйретіп, ислам хақимдерін білдірмек, жақсы мінезбен тәрбие қылып, дүниеде һәм ахыретте бақытқа жеткізетін жол көрсетпек һәм мемлекетіміздің тыныш һәм рахат жасауы үшін қызмет етпек». Келесі: «Мектеп һәм медреселерде оқыту тәртібі хақында шарифатта баян бар ма?»,- деген сұраққа: «Мектеп һәм медреселерде оқыту тәртібі жеңіл һәм мақсатқа тез жетерлік орысша, ана тілінде араб харпімен оқытылуы тиіс»,- деп жауап берілген.

Дінге көзқарас қырық жамау, қырғи қабақ, қарсылықты жағдайда имандылықты тура көздеген келісімдердің жөнін жіті аңғара білудің пайдасы ұшан-теңіз екендігін Міржақып әрдайым айтып, жазғандарында негізге алып отыратыны байқалады. Мұның мысалына «Орынсыз шығын» («Қазақ», 1914 ж., №53) мақаласын тартуға болады. 3-4 жылдан бері Мединеде оқып жатқан 10-15 қазақ шәкірттері Медине шаһарында қазақ атына бір зор медресе салу талабында болған екен. Сол ниетпен барған қажылардан жылда ақша жинай бастаған. Шәкірттердің талабы таза болса да кейбір елге шығып, солардың атын жамылғандар түскен қаржыны жымқырып кеткендіктен бастаған істері жүзеге аспай қалыпты. Осының бәрін екшей келіп Міржақып былайша ашынады: «... Олар бір үй сатып алып, ішіне кіре қоюмен медресе бола қалады деп ойласа керек. Ал медресе салынсын, оған оқушы қайда? Осы арада қанша шәкірт бармақшы? Ақырында, бұл медресе де бұрынғы қазақ тектілері секілді әулиелік сатып жүрген сарт пен қожаның пайдасына қалмай ма? Мұны да ойларға керек». Ол тағы бір ойын нығыздап, баса айтады. Мединелік шәкірттерге қолғабыс жасағысы келген қажылардың көбінің өз ауылдарында бұл күнге шейін бір тәртіпті бастауыш мектеп жоқтығын беттеріне басып, соны көре тұра, дүниенің бір шетінен медресе ашпақшы болып,

елден мал жинамақшы қарекеттеріне бүйрегі бұрмайтынын жасырмайды. Орынсыз шығын неге керек деп намыс түрткілейді.

Мұсылмандық ағартушылықта діни құндылықтарды басты айналымға түсіре білген М. Дулатовтың еңбегі орасан зор. Оның «Үлкеніміз қадимлыққа жазылып, Жәдит деген партияда жас болдық»,– деп бұл ағымды қолдауға үндеуі тегіннен-тегін емес. Бір есте ұстарлығы сол, ол дін туралы насихатында дабыра, қызыл сөзден мүлдем адалық танытып, тек түсіндіру ыңғайындағы жанашырлық пейілімен дараланып отырады. Қалай сеніп, қалай ұғынуды оқушының өзіне жүктейді. Саралап, пайымдап, безбендеу арқылы әркімнің ойлау еркіндігіне қанат байлайды, тандауға құлшыныс жасатады. Міне, нағыз теологтың имандай сендіргіш қасиеті де осындай шеберлікте жатса керек-ті.

Діндер үнқатысуы және адамзат тағдыры тұрғысында 2009 жылғы 1 шілдеде Астанада ашылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біз Қазақстан халқының діни және этносаралық татулықты ту еткен асыл қасиеттерін әрдайым мақтан тұтамыз. Бұл жетістігімізді әлем жұртшылығына үлгі етуге ұмтыламыз... Сондықтан, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезі дүние жүзінде дінаралық келісімнің өркен жайып, өркениеттердің өзара үндестік табу ісінде айтарлықтай рөл атқарады деп есептеймін»,– деп дәйекті пікірін білдірді. Сөз төркіні осынау ойлы пайымнан айқын аңғарылып тұрған жоқ па!

Иә, өркениеттің өзегі – дін екендігіне ақыл жетіп, көңіл тоғайғаны қашан. Бүгінгі қоғамдағы ең бір зәрулігі басым мәселе деп, мемлекет пен діннің дұрыс қарым-қатынасын анықтауға қатысты мәселелерді айтсақ керек. Біртіндеп шешіліп жатқанға да ұқсайды. Дегенмен нақты үлгідегі, «міржақыпша» талдаудың кемшіндігі, кейде таяздығы, тіпті долбарлығы сезіліп қалып жатады... Арыла білу, айқындала білу – уақытқа сын!

Мірдің оғындай осы «хараб» сөзі Міржақыптың тіліне тегіннен-тегін оралмаған шығар! Құру, күйреу мәніндегі, «мен қазақпын» дегеннің намысын тілгілеп, шарадай көзін шарасыздықпен аштыратын қайқы қылыш жүзіндей лыпып тұрған «жан алғыш» сөз. Міржақып іштей мүжіліп, «Сырым» деп өлең жазып, өз сырына өз мұңын қосып күйзелгенде, жұртқа пайдасын тигізуге асығып, ынтыққан. Әйтпесе: «Ба-ста – бақыт, қолда – дәулет, тәнде – жан, Кім айта алар, үнемі кетпей тұрарын. Мұның бәрін білсең, қазақ баласы, Халің хараб, онан да ғажап шыдауың», – деп, кімге базына айтып, зарымен запыран құстырар десейші. Жанға жұмсақ лирикасын үлбіреген сезімге шылап, жайлы жата бермес пе еді? Өйте алмайтын еді, Міржақып. Өткір найзасы – өміршең өлеңін қазағының қанын жүгіртіп жаза берді, түпкі көздегеніне тиіп жатты. Енді ол ішкі сырымен жасырын жымдаспай, «Жаңа тілек» өлеңіндегідей, ашық та ашына айтып, жалаңаш батырдай көзге түсе ұрандатты, қалың жұртын өзіне жалт қаратты. Мойын бұрғызды, санасатындай халге жеткізді. Мына шумак еріккеннен емес, елдік мінезбен өрілген: «Өз қамыңды ойлан өзің, ел болсаң, Ел боламын, тең боламын дер болсаң. Көктен теңдік келмес, өзің кем болсаң, Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!» Болжағыш. Көрегендік. Ойшылдық. Кем болғанның теңі – теңдік еместігіне жүректі мытып бүріп, меңзейді. Теңдікке елеңдетеді. Сөз тереңінде – тәуелсіздік тұрғанын аңдатып, пайымдатады.

Қара сөздің майталманы Міржақып халқына жаңа да жарқын жол сілтеуді азаматтық парызым деп түсінген. Жетесіне жеткізіп түсіндіре жазды, көңілге түрлі ой салып, түңілдіре жазды. Соның бір айғағы «Қазақ жайлы» («Қазақ», 1913 ж., № 10) мақаласында: «Қазақтың кемтігі, керегі көп. Кемтігін толтырып, керегін табуға істегені аз, тіпті жоқ. Біздің керегіміздің көбі – бұрынғы күйімізде болмаған, осы күнгі жайымызға қарай керек болып тұрған нәрселер», – деп ел болып, ілгерілік қамын күйттеуге қажеттіліктерді санамалай бастайды. Ғылым мен өнерді алғы кезекке шығарады. Онсыз қоғам дамуы тежеледі. Ғылым, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздерді білімімен жығып, аяғына баспақшы

деп үміттендіреді. Оқымаған, өнерсіз, кәсіпке ебі жоқ адам басқаларға жалданған малайлықтан басқа неге жарайды деп, шындыққа жүгінеді. Сөзінің бір тұсында, қазақтың зор адасқандығы деп, өз ісін өзі істемей, өзгеге сенгендігін үлкен мін ретінде тағады. «Өзіміз жай жатып сұрай берелік дейміз де, сұрай береміз. Сұрағанын алмақ түгіл, қазақ әлі алдырумен келеді», – деп өзгеге алақан жайғыштықтың кесірінен ада болуға үгіттейді.

Қараңғы қазақ жаңалыққа да селт етпейтін көнбіс болып алған. Мұндай енжарлықтың да ұпай түгендетері шамалы екендігін Міржақып жақсы түсінеді де, ең болмағанда билікке, басқаруға қатысты қарапайым нәрсені біле жүруіне үндейді. Алдымен, земство қандай қажеттерді өтейтінін түсіндіре бастайды. Земствоның өтейтін қажеттері : оқу-оқыту ісі, от пен судан сақтау, адам һәм мал дәрігерлігі, ашаршылықта, жұтта мұқтаждарға жәрдем беру, жол түзету, поштаханалар ашу һәм басқа сондай жұрттың күшімен басқарылатын жұмыстар екендігін тізіп береді. Жатық түсіндіреді. Шошынбауларын сұрайды. Осындай басқаруға илігіп, мұратты жолда хал-ахуалын түзеуге ынталандырып бағады. Әйтеуір, сөзімен себін тигізгісі келеді-ау!

Көрнекті көсемсөзші өмірден көрген-түйгенін қазақтың қамы үшін, әлеуметтік тұрғыдағы тұйықтан шығуы үшін, шаруасын жақсы күйттеп, әлді тұрмыс құруы үшін, биліктегі шенқұмарлықтан арылып, халқына адал қызмет етуі үшін мысал, үлгі, насихат ретінде байытып, назарға ұсынып отырады. Оның сезгіш жүрегі биліктегілердің былығынан жиіркенеді. Дәл осы тұста жөнсіз билікті түйрей сынайды: «Ел билеген жақсылардың ойлағаны ел қамы болмаса, әрқайсысы өзінің пайдасын ойлап, мұқатқаны ағайын-жұрты болса, билерде әділет болмаса, енді жақсылықты жұрт қайдан күтпек керек?!» – деп әділдіктен аттағандарға ой тастай сөйлейді. Қазағынның қамы үшін шыншылдықпен: сендер жан ауыртпасандар, кім қамқорлық жасамақ деп, салмақты салады өздеріне. Бүгінге салмақ сала айтсақ, жақсыдан әкім қойсаң – түзер, жаманнан әкім қойсаң – бұлдірер дегеннен сабақ алуға болар еді.

Елдікті сақтап, ертеңгі күнге зор үмітпен қараушылық жайын сөз еткен мақала «Сана қайда!» («Қазақ», 1917ж.,

№ 236) деп аталып, онда қазақ халқының қолына тиген бостандықты баянды етуі үшін саналы түрде істер істеу қажеттігі айтылады. Көп жерлерде баяғы ескі әдеттерден әлі арылмағанына өкініш білдіріледі. Мәселен, комитет сайлауы кезінде бұрынғы болыс сайлауы тұсындағыдай жікке бөлініп, халық мүддесі естен шығарылғаны сынға алынады. Міржақып елдің ақсақалдарына, ел билігінде жүрген жақсыларға мынадай сөз арнайды: «Талас-тартысты қойыңдар! Алда тұрған зор істерге камданыңдар! Ынтымаққа қайтыңдар! Жұртты ойлаңдар!»

Алдағы зор істер деп отырғаны – Құрылтай жиналысының сайлауы мен енгізілгелі тұрған Земство жайы еді. Осы жұмыстарды санамен атқарайық. Бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандықтан айырылып қалмайық. – Мақала иесінің халыққа тастаған ұрандары осындай еді.

Сол кезеңнің күпті де зәру мәселелерін қозғаған дара мақаланың бірі «Қайтсек жұрт боламыз?» («Қазақ», 1918 ж., №264) деп аталады. Онда дүниежүзілік соғыс басталғаннан бергі төрт жыл мен патшалық құлағаннан бергі жыл жарым ішінде саяси-әлеуметтік өмірде болған өзгерістерді шола келіп, қазіргі алмағайып заманда елдің елдігін сақтап қалудың бірден-бір жолы – олардың өзін-өзі қорғай алатын әскери күші болуы деген ой түйеді. «Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз, қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде». Автордың пайымдауынша, бұл екі жолдың біреуі құлдық жолы, екіншісі жұрттық жолы. Баяғыдай құлдық бұғауын қайта кимей, елдігіміз болсын десек, әскеріміз болсын, қазынамыз болсын. Бұларсыз автономия жоқ. «Қайтсек жұрт боламыз» дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ: – Әскеріміз болса ғана жұрт боламыз». Міне, көрмейсіз бе, жұрт болу қамының қадау-қадау міндеттерін зерделегенде, әскер жасақтау ісіне Міржақып тегіннен-тегін мән беріп, бас ауыртып отырмағаны байқалады. Елдік мүддеге қашаннан қамығып та торығып, ақыр соңында қуаттана білген, халқын келелі сөзге ұйыта, сендіре алған қазақ зиялысы ғой ол!

Алғашқы қазақ съезі қарсаңында халықты әділдікке үгіттеген Міржақып елден жұрт болудың қамын мықты ойластыруды талап етіп, біраз мақалалар жазды. «Өз ісі-

мізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу келіп түзетер деу адасқандық»,—деп турасына көшіп, қазіргі бір күннің жүз күннен қымбат екендігін, қызмет қылып, жұртты ұйысуға бастауға кең мүмкіндіктер ашылғанын әркімнің жетесіне жеткізе уағыздайды. Сол себепті учредительное собрание сайланатын депутаттарға көп нәрсе байланысты болатынын түсініп, тандауды дұрыс жасауға шақырады. Олар халыққа шын пайдалы адамдар болуы керектігін ескертіп, пайдалылық таразысын былайша безбендей бастайды... Олар ақ жүрек таза болса. Жұртты иә сатып, иә алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса... Міне, осындай елеп-екшеу тізбелеулердің түпкі нәтижесі оңды боларына, халқым дейтін ерлердің іріктеліп, ел атынан мінсіз қызмет етеріне күман келтірмейді.

Жоқ кісіні біреуден қарызға алуға болмайды,— дей келіп Міржақып, қазақ осы өлшеуге салып, өзіндегі барын депутат сайлау керектігін нығырлайды. Бұл сыпаттарға қарамай қазақшылыққа салып, әркім жақынына, ұранына, облысына, үйезіне тартса, қазақ халқы келешектегі жұртшылығын ойламаған болады дейді. Қаузаған ойының бәрі қазақтың камы мен жағдайына байланыстырылады. Қай рудан екенің емес, үш жүздің баласы бәрің де қазақсың деген сипатпен халық қажетіне жарамды болуға икемделуге талпындырады. «Жақсы болу үшін депутат болу шарт емес. Депутат болу үшін жақсы болу шарт»,— деген Міржақып сөзі қандай өткір, өміршең!

* * *

Шерді шер қозғайды. Мұңсыз өмір болмайды. Десек те, Міржақыптың ұнжырғасын түсірген бұл мұңның жөні алабөтен. Жалғасып жатуымен де – қасірет! Міржақып «Қазақ тілінің мұңын» («Ауыл тілі», 27. 07. 1926 ж., № 1) шаққанда, бүгінгі тілдің қолданылу көріксіздігіне жүрек ауыртып, ертеңгісіне алаңдап, жоғары лауазымды Мыңбайұлы Жалауға зар-наласын төге сөйлейді. Бұл шенеуніктің қолында

зор басқару тетігі болса керек, оның «Ауыл тілі» газетін шығарам, ол тек нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегеніне дәсердей боп қуанып, іші елжірегенін (эрине, Тіл монологу ғой – Қ.Ә.) жасырмайды. «Мұныңа тілектеспін, – дейді «Тіл». – Жорытқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің не керегіңе мен дайынмын. Бірақ мені қорға, таза сақта, көрінген тілмаштарыңа тағы да қор қылма... Азар коменес болып кетсең де, атабабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!». Жолдасың – Қыдыр болсын демейді. Неткен тапқырлық.

Мұндай сөз соққысы нендей тас жүректі де қақыратып, тітірентіп жіберер. Көздегені де қазақ тілін сиықсыздықтан арылтып, толыққанды қолданысқа енуіне сара жол ашу емес пе еді? Сол мақсатта тайынар ма? Тіл монологу өнебойды шымырлатады. Тұлабойды өксік буады. Тіпті аузыңдағы тілің өзіндікі емес, өзгенікі секілді ме? Байқап көресің. Иә, өзіндікі. Бірақ дәмі, нәрі жоқ салақтаған бірдеңе. Тілдің ұшына өткір біз сұғылғандай, қара қан шапшып, тиылар емес... «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?»

Аза бойды қаза қылатын, жалғзынан айырылғандағы «жоқтау» ма? Қайғылы қара тенеудің қайсысына да лайық шығар. Отқа май құйып, жалынын маздатуын қарашы: «... оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін...»

Тәйір-ай! Тіл тағдырының айнақатесіз қайталануын қараңызшы! Қазіргі тәуелсіздік заманымызда да қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып отыр емес пе? Міржақыптың бір жойқын сөзі бар еді. «Адам не тілесе – құдай соны тағдыр қылмақшы», – деген. Құдды, соның кебі келіп тұрғандай екен... Бүгінгі кейбір шенеуніктердің «ішкі» тілегі тіл тағдырының қамытындай боп, тал мойынды қысқан үстіне қыса түсетіндей ме?..

Бұрын патшалық дәуірінде тіл мәселесі қазақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, түрікпен секілді «бұратана» жұрттар үшін зор саяси мәселелердің бірі еді. Ол кезде мемлекет тілі – орыс тілі. Заң-зақондар орыс тілінде, оқу-ағарту да орысша болатын. Орыстан басқа жұрттар мекемелерге өз тілінде арыз жазуға, ауызекі мұның шағуға болмайтын еді... Енді алдағы мүмкіндіктерді саралай келіп Міржақып, кеңес үкіметі тұсында әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс артықшылығын баса жазып, айтуға кіріскен деп түйіндейді. Насихаты – қазақ тілінің кең өркен жаюын күйттеген. Оның түсінігінше, енді мемлекет заңынан бастап, ауылный комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өз тілінде болуы керек. Бұған енді дау-дамай жоқ. Тек жүзеге шығару ғана қалды. Сүйекке сіңген ескі дерттен құтыла алмай, бұл күнге шейін орыстан хатшы алып отырған болыстар бар, мұның атын өшіріп, енді «орысшалауды» ұмыту керек, деп Міржақып төте міндет қояды.

Әрине, мұндай парыз бен қарызды түсінушілік жауапкершілігі автономия құрылғаннан бері Республика аумағында тұратын халықтардың өз тілінде сөйлеуге, оқуға, мемлекет істерін жүргізуге мүмкіндік туғаннан кейін сол шараларды жүзеге асырудың жолдары сөз болады. Бұл – тіл мәселесінің маңызын түсіндіру үшін Міржақып бұрынғы патшалық тұсындағы жағдайды еске түсіре келіп, алдымен сол кездің зардаптарынан арылудың қажеттігіне назар аударады.

Автономия құрылып, қазақ тіліне мемлекеттік тіл деген мәртебе берілгеннен бері іске асырылған игілікті істермен қатар, мемлекеттік маңызы бар бұл істе әлі де көп-көп кемшіліктер орын алып отырғаны заңды еді. Міржақып осы ретте «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» деген мақала жазып, онда Қызылорда төңірегіндегі жергілікті әкімшілік орындарында қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу барысында ресми қаулы-қарарларды аудару кезінде жол берілген қателіктер, ана тілінің өрескел бұрмалануын сынға алған еді. Өңгіме бұл сияқты өте шетін істе бақылаусыздық, бетімен жіберушілік болмауы, оны бір орталықтан ұйымдастырып, біліктілікпен жүзеге асыру жайында болып отырғаны белгілі. Мұндай талап, емеурін қазіргі жағдайда да өз күшіне мініп,

кең етек жайса, мемлекеттік тілдің көсегесі көгере түсері анық деп ойлаймыз.

Тілге қатысты проблема көтеру «Баспасөз қатесіз болсын!» («Еңбекші қазақ», 7.02.1926 ж., № 29) деген мақалада да белең алған. Жарыққа шыққан кітаптар мен мерзімді басылымдарда етек алып кеткен емле қателері мен корректорлық шалалықтардың төркінінде де сауаттың кемшіндігі жататыны белгілі. Сол себепті де автор баспасөзде қателерді болдырмау үшін өз тәжірибесіне сүйене отырып, нақты ұсыныстар енгізеді.

Ана тілін дамытудың маңызын аудармамен ұштастырып талдаған келесі бір мақала «Орысшалаған қазақ тілі» («Еңбекші қазақ», 4.07.1926 ж., № 141) деп аталады. Мұнда әңгіме орыс тілінен қазақшаға аударғанда, ұлттық тілдің табиғатын бұзбай, түпнұсқаның мазмұн-мағынасын дәл жеткізе отырып, оны мейлінше жатық, сауатты түрде аудару жайында болған. Яғни, аударманың ана тілге нұқсан келтірмей орындалуы хақында талап пен талғамның тең түсіп жатқаны сезіледі.

Иә, ана тілінің нағыз жанашыры, ұлттың ертеңін етене тілімен біте қайнатып, болашағын болжай білген дарагөй, зиялы М. Дулатовтың қайбір сөйлегені де бүгінгінің бүйрегін бүлкілдетіп жататындай. Кешеден бүгінге келіп, жарықтықтың елесі кезіп, бәрін қолымен қойып, қазақ тіліне деген асқан құрметін жан-жүрегімен білдіріп жүргендей ме? Иә, иә...

Бүгінгі халіміз нешік? Ана тілінің жылдар бойы қордаланып қалған проблемалары біртіндеп, шешіліп жатыр. Ауызды қу шөппен сүртуге әсте болмайды. Биылғы үлкен жаңалық «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бүкілхалықтық талқылауға ұсынылғаны күпті көңілді демдеп, көншіткен сынайлы. Бірақ тоқмейілсуге әлі ерте... «Тілі бардың, тіріде ақысы кетпейді» дегенді есте мықтап ұсталық.

... Алаш ардақтысы Міржақып Дулатовтың туғанына биыл 128 жыл толады. Жылыстап әлі жылдар өте берер. Уақыт алыстаған сайын Міржақыбы халқына жақындай түсер!.. Көп біліп қана қоймай, інжу-маржанның ең керектісін халқын оятуға арнаған ақкөмей, даңғыл ой, кесек тілді дара

тұлға Міржақып бүгін ортамызда жүргендей, ертеңге бірге қанаттасып, қолтықтасып бара жатқандай!.. Айтып айтпай не керек, сөз шындыққа тоқтайды. Және ол Міржақып сөзі болса ше!

2010 ж.



ҚАРҒАЛЫДА ҚАР ҚАЛЫҢ

Ару Алматының батысындағы Қарғалыдан қайтып келе жатырмыз. Тау бөктерінің табиғаты қайталанбас көркімен көз арбайды. Міне, мына алма бағы Ғабеннің күнде кешкілік серуен құратын сүйікті орны. Бұл әдетін ол жыл он екі ай бойына тастап көрген емес. “Бақта қазір не көрік бар демендер, бұтақтары мына менің кәрі саусақтарымдай сүреңсіз тарбиғанымен, одан мол сыр ұғуға болады”, – деп көкшілдеу көзін жұма күлген Ғабеннің келбеті енді көңілден мүлде өшер ме екен? Бізді шығарып салып тұрып: “Қарғалыға биыл қар қалың түсті”, – дегені санамызда және жатталып қалды. Сондай-ақ мана әзірде ішке кіргенімізде сыртқы дарбаза ілгегін өзі іліп келіп, алға түсе маң-маң басқаны “ұлық болсаң, кішік бол”, – дегеннің асыл көрінісі екен ғой! Соның бәрі санаға сәуле түсіреді.

...Қолтығымдағы мына қызыл кітаптың сырын айтайын енді. Ол – “Ой әуендері” деп аталады. Ғабиден Мұстафинге Республика Мемлекеттік сыйлығын әперген жүлдегер шығарма бұл! Осыдан төрт жыл бұрын шыққан кітап рухани нәрімен жан-жүрегімізді баурап, өзіміздің етене жақынымыздай болып кеткен-ді. Енді ол мен үшін тіпті шоқтықтана түскендей.

“Қайсар қарағым, ағанды білгің келсе, алдымен оның еңбегін біл, адамды тек еңбегі ғана анық танытады!” Автор. 13.11.82 ж.” – деп, қолын қойған. Мен әлгі әзірде ғана осы қолтаңбалы кітап төңірегінде Қазақ Кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, сексеннің төріне шығып отырған Ғабиден Мұстафинмен әңгімелескен едім. Қадірменді жазушыға қойған сұрақтарым да осы еңбек желісімен жүлгелене

түскен. Өйткені, бұл жинақ – әйгілі жазушының бүкіл шығармашылық, қоғамдық-саяси, азаматтық өмірбаянының күнделігі, тарихнамасы тәрізді.

Жазушының мәдениет пен әдебиет саласына байланысты әр уақытта, әр кезеңде айтқан, жазған ой-пікірлері, тұжырымдары қоғамымызды рухани жағынан байытумен қатар, оның мән-маңызын барынша арттыра түсуге ықпал еткені мәлім. Қазіргі күнде де (қырқыншы жылдардан бастап жазылған мақалалары енгізілген) өз бағасын жоймаған “Ой әуендерінде” замана шындығы, уақыт лебі айқын сезіледі. Сол себепті де бұл еңбектің жолы сара, үні ашық. Автордың өзі: ... “Ой әуендері” атты бұл жинақты кейінгі ұрпақтың бір керегіне жарар деген үмітпен баспаға ұсындым. Кезінде келген ойларымды өзгертпей, бүгінгі күннің әуеніне салмай, сол күйінде әдейі жібердім. Өйткені, өткеннің дұрысын да, бұрысын да өзгертпей айтсақ, соған қарап келешекке болжау айтуға болады... Автордың өз әуенім, өз ойым дегені сайып келгенде қоғамдық ой қозғалыстарының бір саласымен ұштасып жатады”, – деп “сөз басында” атап көрсеткеніндей, бұл жинақ қазақ әдебиетінің, көркемөнерінің даму тенденцияларынан мол сыр ашады.

...Ауқымды жерді алып жатқан еңселі жалғыз қабат үй кең етіп қоршалған екен, сырт қақпадағы қоңырау нүктесін басқаннан соң, үш-төрт минөт өткенде веранда есігі ашылып, Ғабәң көрінді. Басында шошақ тақия, үстінде қалың күртеше. Сырмалы шалбар киген. Аяғында жүннен басылған резеңке табанды байпақша. Терезе алдында өскен үш бойшаң шыршаның тасасынан бері шығып, омбы қарды омыраулаған сүрлеумен бізге қарай ақырын аяңдап келеді. Республикалық белді бір баспасөз органының қасымдағы өкілі Ғабәңмен бұрыннан етене таныстығын білдіріп, емін-еркін, арсалаңдай амандасты да, мені “Қостанайдың қазағы” деп мезгеп қойды.

– Е, Қостанайданмын де, – деп Ғабәң маған қолын ұсынды. – Сендер ерледіңдер ғой биыл, диқандарыңды айтам. Наннан үлкен еш нәрсе жоқ, байлықтың басты негізі – нан! Қостанайды мақтан етеміз! Осы бетінен жазбасын!

Қонақ бөлмеге жайғасқаннан соң, мен алғашқы сұрағымды қойдым:

– 1946 жылы жазған “Сын әділ болсын” деген мақалаңызда: “Сөз қорытындысында айтарым, “Шығанақ” романы туралы айтылған пікірлердің бірін де зерттеусіз қалдырмаймын, көпшілігі дұрыс екенін қазір-ақ мойындаймын. Романды қайта жазамын, түзетемін. “Есеп” пьесасын сыншылар жаман дейді, таласпаймын. Енді қайтып бұл қатені қайталамасқа тырысамын”, – деп сын алдында ағыңыздан жарылыпсыз. Осындай батылдық қазіргі қазақ прозашыларының бойынан көріне ме?

– Кемшілікті мойындаудың өзі адам бойындағы ең бір жақсы қасиет. Әсіресе мұның жазушы үшін теңдессіз пайдасы бар деп білем. Эгоист болу, шындыққа бас имей қасарысып қалу, опық жегізеді. Менің сөзім дұрыс болсыншы, менің сөзім үстем болсыншы деу – үлкен ағаттық. Әрқашан шындық, хакикат үстем болуы тиіс. “Самолюбия”, өзін-өзі кемсітпеушілік, өзін-өзі қорғау, барып тұрған жаман әдет. Шындық алдында әрқашан бас иейік! Ал, қазіргі қазақ прозашыларының ішінде әділ сынды бағалай білетіндер көп.

Әрине... (Ғабен айналымы орындығына керіле түсіп, рахаттана күліп алды). Әрине ...сыннан ат-тонын ала қашатындар да табылады.

Бірінші шегініс. “Шығанақ” романы колхоз ұйымдастырудың алғашқы кезеңінен бастап, Ұлы Отан соғысына дейінгі мезгілді қамтиды. Жазушы өзінің ұзақ жылғы ізденісінің тамаша нәтижесін сөз сиқырымен көрсете білді.

Әділ сынды басшылыққа ала отырып, кеңестік ауыл шаруашылығы тақырыбына тұңғыш рет көлемді роман жазып, кеңес адамдарының жаңа тұрмысы мен жаңаша өмір сүруінің қуатты беталысын суреттеді. Тарихи, жаңа Адам тұлғасының рухани әлемін көрегендікпен ашқан.

– Ғабен, “Әдебиеттің жас буынын тәрбиелейік” деген мақалаңызда: “Жаңа туған нәрестеге қамқорлық қанша керек болса, жаңа жазылған шығармаларға да сонша керек”, – дедіңіз. Кезінде өзіңіз сенім көрсетіп, тікелей қамқорлығыңызға алған, қазір сол сеніміңізді ақтаған қай жазушыны айтар едіңіз?

– Кезінде мерзімді баспасөзде көп істеген адаммын. Қолыма түскен қолжазбаны быт-шытын шығарып жөндеуге құлшынып тұратынбыз. Әрине, мінсізінде нең бар? Құмын

сылып, суын сығып тастағанша көңіл көншімейтін. Осындай қаталдықпен тәрбиеленген таланттар, шүкір, жетерлік. Үстінде солдат шинелі бар, жас жігіт “Курляндияны” алдыма қойғанда талғампаздықпен қарағанмын. Сенен жазушы шығады деп қуат бердім оған. Нұрпейісов сенімді ақтады! Үлкен жазушы шықты.

Екінші шегініс. Әдебиеттің жас буынын тәрбиелеуде “Миллионер” повесінің рөлі қаншалықты зор екені бесенеден белгілі. “Правда” газеті 1949 жылғы 17 июньдегі “Жаңалықты сезіну” (“Чувство нового”) атты мақаласында Ғ.Мұстафиннің повесін белсенді колхозшылардың батыл бастамалары мен қажымас күрестерін жырлайтын, жаңашылдықтың сезімін бойына сіңіре алған шығарма деп бағалады. Шынында да солай еді. Онда колхозды электрлендіру, сапалық өзгерістер, басқарудың жаңа тәсілдері, ауыл шаруашылығын өркендетудің көкейкесті мәселелері социалистік реализм тұрғысынан сөз болған. Ғабен “Миллионерді” жазар алдында Жомарт, Жанат сияқты жаңалық жаршыларын іздестіру барысында ауыл шаруашылығы және зоовет институттарының студенттерімен жиі араласып, әңгімелесетін. Болашақ кадрлардың тұлғасын солардың бітім-болмысынан сомдап, іріктеп ала білген. Ал, мәскеулік профессордың “Электрлендірілген колхоздың экономикасы” деген кітапшасы жазушының қаншалықты ой- өрісін кеңейтті десейші. Міне, ізденудің қарапайым да қарымды үлгісі.

– Сіз “Әдебиеттер достығы” деген мақалаңызда былай деп жазыпсыз: “Түркімен әдебиетінің Қазақстандағы апталығы халықтар достығының нағыз мерекесіне айналатынына, біздің республика мәдени өміріндегі үлкен оқиға болатынына кәміл сенеміз. Бұл апталық түркімен және қазақ халықтары әдебиеттерінің коммунистік туысқандығын онан сайын бекітеді, нығайтады”. – Осы сөзіңізді қазір қандай мысалдармен бекітер едіңіз?

– Мәдениеті өскен елдердің әдебиеті өскен болады. Пушкині, Толстойы, Горькийі бар орыс халқында марқайған, өскен әдебиет бар! Әдебиеттің өсуі – халықтың белгілі бір сипаты. “Елді ел теңгермейді, Ер теңгереді”. Бұл – халықтың

Еріне сүйіспеншілікпен айтқаны. Ер ғылыммен, біліммен елді теңгереді. Кішкене қырғыздың Шыңғысы осыған дәлел!

Әдебиет – ел достығы. Елді, Ерді танытқан әдебиет нағыз әдебиет. Әдебиет арқылы достасады. Осы күндері өткізіліп жататын онкүндіктер халықтар әдебиеттерінің достығын нығайтады. КСРО-ның 60 жылдығы қарсаңында біздің кеңестік әдебиетіміз мықтап өркен жайды. Әлі де жая бермек.

Үшінші шегініс. Ғабеннің айтуынша, жуырда “Қарағанды” романы Украинада қайтадан басылып шықпақшы екен. Міне, әдебиеттер достығының ескірмейтін, көнермейтін асыл арналары осы. Шахтерлер өмірінен жазылған шығарманы қайта жариялау бүгінгі күннің өскелең талабынан туындап отырғаны сөзсіз. Романда Кеңестік Қарағандының тәй-тәй басуы мен өркендеуі, қазақ жұмысшы табының қалыптасуы, осынау көмір өндірісінің Одақтық аренаға көтеріліп, үшінші көмір алыбы аталуы қандай көркемдік шешіммен сөз болған десеңізші. Бір кезде өзі шахтада қара жұмысшы, механик көмекшісі, слесарь жәрдемшісі, шебер, машинист, токарь болған жазушы кейіпкерлерін сомдауда шеберлік үлгісін көрсетеді.

– Осы “Ой әуендері” кітабында “Ой мен тіл” деген мақалаңыз бар. Оқушыны қызықтыруға жазушылар қилы-қилы тәсіл қолданады. Тәсілдерді орындай білгенге шығарманың шырайын енгізетін шарттар көп. Солардың ішінде менің таңдағаным ой мен тіл”, – деген екенсіз. Сол ой мен тіл төңірегіндегі қазіргі пайымдауларыңыз?

Ғабен жауап беруге асығар емес. Тұтас қабырғаны алып тұрған жәшікке сықай жиналған кітаптардың тұсында мүсіндей болып қаздиып отыр. Иығы тіп-тік. Ақ күміс шашы “бір кезде біз қара едік, шахтадағы көмірдей”, – деп жастықтың қарттыққа ұласқан ұлан-ғайыр дәуірінен хабардар ететіндей. Біз үнсіз қалған жазушыға жәутендеп қарап қалдық. Әлде, сұрақ орынсыз қойылды ма? Менің көзім төрге қарсы есіктің маңдайшасына кәдімгі мекемелердегідей ірі етіп жазылған “Не курить” деген жазуға түсті. Қызық екен! Мұның мәнісін сұраса қалай болар еді деймін ішімнен. Сонымды сезгендей әріптесім, сұрақ қойсын.

– Осы жазудың күшімен шылымды тастадым! Жазуға бағынбағанда қайда бағынасың? – деп Ғабен күлімдей баста-

ды. Еңсесін маған бұра сөйледі. – Ал, қарағым, әлгі сұрағыңа жауапты сол мақаланың өзінен алғаның жөн болар. Ондағы айтқаным әлі маңызын жойған жоқ деп білемін. Қане, бетін аш та, оқып көрші...

Мен Ғабеннің айтқанын істедім. Кітаптың тиісті бетін ашып, судыратып оқи жөнелдім. “Жазушы халық тіліне бай, сөз үлгілеріне қанық болуға тиісті. Соның өзінде шебер емес, жинаушы ғана. Шеберлік – сөздің орнын табуда, мөлшерін білуде. Мұны білгеннің әр сөзі алтын. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Не өткір? Сөз өткір. Оның бұл қасиеттерін адам адам болғалы пайдаланып келеді. Әлі күнге ешкім шегіне жете алған жоқ. Демек, әр жазушы өз тұсында өзіндік сөз өнерін көрсетуіне әбден болады. Көрсете алмаса, кінә өзінде...”

Ғабен “осы жетер” дегендей ишара жасады.

...Қарғалыдан оралып келе жатырмыз. Иә, Ғабен айтқандай, биыл күзде Қарғалыға қар қалың түсіпті. Тойға шашылған шашу болар, бәлкім! Ақ қар – халықтың ақ алғысы десек ше? Алғыспен көсегесі көгерген Ғабен емес пе еді.

Замана жыршысы, сөз зергері Ғабен бақытты шал ғой!

1982 ж.



ЖЫР ЖАМПОЗЫ

Торғай қаласына бет алдың ба, ойды толғаныс билейді. Жан-жүрегің бір түрлі елжірей түседі. Мұнда мұражай жыл сайын шаңырақ көтеріп жатады десек, аса артық кетпеспіз. Биылғы қараша айын торғайлықтар Нұрхан айы деп еншілеп, ен тағыпты. Оның мәнісі – ақтаңгер ақын Нұрхан Ахметбековтің туғанына осы айда тоқсан жыл толады. Осы айтулы оқиға қарсаңында күллі ел болып халық жыршысының аруағына тағзым етіп, оның ұлы мұраттарға бастайтын, жан сарайын жаңғырта түсетін мол әдеби мұрасына қайыра бас қойып, ерлік пен елдіктің, бірлік пен тұтастықтың парқын ой елегінен өткізетіндей. Міне, осындай қызу, жалынды шақтың шақпақ тасына айналғандай болған құт ордасы деп

аудан орталығындағы Нұрхан Ахметбековтің мұражай-үйін айтуға болар.

Қазақстан халық ақыны Н.Ахметбеков ел арасына кеңінен тараған поэма, дастандардың, көркем өлеңдердің авторы болумен қатар, қоғамдық өмірдің, мемлекеттік құрылыстың сан-саласына белсене қатысқан, айтса аузынан келетін, істесе қолынан ешкім қақпайтын нағыз ел сыйлаған беделді, сыйлы азамат болып еді.

Нұрханның әр жылдары шыққан кітаптары, қолжазбалары, жазысқан хаттары, түскен суреттері күллі республика атырабын қамтып тұрғандай. Жамбыл, Нұрпейіс пен Исаның лайықты ізбасары бола білген оның жыр әлемі осылайша жылдардың ырқына дес бермей, бұла күшпен буырқанып жатқандай. “1928 жылы Абайдың баспадан шыққан өлеңдерін қолыма түсіріп, бұрынғы жаттаған өлеңдерімнен жерініп, мынау Абайдың жырын бір асқар тау сияқты көріп кетіп, өзім де Абайға еліктеп шығарғым келді деп” Нұрекеннің өзі өмірбаянында жазғандай, оның өр толқындай өршеленген жырлары әр жүрекке төте жол тапты. Қазір Нұрханның келіні Тұрағал мұражай-үйдің босағасын күзетіп отыр. Ол ата алдындағы парызын ақысыз-пұлсыз өтер-ау. Мәселеге басқа қырынан келгеніміз орынды. Жалғыз адам қай жағына жетеді. Сол себепті мұражай-үйге тиісті мәртебесіне сай штат белгіленген дұрыс сияқты. Сонда ғана халықтың рухани сусындауға мүмкіндігі арта түсер еді.

Нұрхан Ахметбеков жиырмасыншы ғасыр табалдырық аттаған соң қараша айында Торғай облысының Жаркешу деген жерінде туған. Әкесі Ахметбек те, атасы Майкет те қарапайым адамдар болып шаруа күйттеген. Ақынның кең пішілген дарқан талантының бастауы ана сүтімен жаралып, дамып, толысқаны байқалады. Нұрханның шешесі Әбіш әнші-күйші, жыршы екен. Талай айтыс додаларында бағы жанып, көзге түсіпті. Тіпті ол бір айтыста атышулы Басықараұлы Қанапияны да жеңіп кеткен деседі. Суырыпсалма айтқыштығымен сол өңірге аты жайылып, мәлім болған Әбіштің ерте сөнген жанарының жалқын ұшқынындай болып әке-шешеден жастай айырылған Нұрханға тағдыр келешек өмірде өшпейтін ғұмыр сыйлапты. Жалынымен жанға шуақ

беретін қасиетті де нұрлы жыр-ғұмыр еді. Халық Нұрханын сондықтан да іздеп, аңсайды.

Нұрханды оқу арқылы халық күллі Торғай өңірінің жаңа ғасыр басындағы, одан бертіндегі тарихи-қоғамдық, элеуметтік оқиғаларына қанық бола алады. Мәселен, “Аманкелді”, “Үрпек соғысы” атты дастандарында халық батыры Аманкелді Иманов бастаған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын жырлайды.

Кейініректе тарихи және бүгінгі заман тақырыбына бірқатар шығармалар жазды. Ал, кең тынысты, тұлпар шабысты ақынның “Жасауыл қырғыны” дастаны Абай атындағы республикалық сыйлықпен аталып өткені жалпақ жұртқа мәлім.

Жасынан халық ауыз әдебиетінің інжу-маржанынан сусындап, сөз мәйегін өз нәзік талғамымен теріп өскен ақынның айтыс өнерін дамытудағы ерен қолтаңбасы өзгеше терең әңгіменің арқауын құрары сөзсіз. Ол бес рет айтысқа түскен екен. Соның ең шоқтығы биігі – 1943 жылы Алматыда өткен республикалық айтыста ақынның жұлдызы жанып, дара шықты. Нұрхан айтысты қоғамдық тәрбие құралы ретінде түсініп, уытты да өткір сөзімен кемшілік атаулыны көрсете білді, жаңа өмір салтының жарқын нышандарын орнықтыруға күш салды. Сонымен бірге айтыс түрлерін дамыта отырып, сонылық әкелді. Сонылығы құндылыққа ұласып, тындаушысын ұйытты. Мысалы, сүре айтыс немесе айтыс-дастан түрін шеберлікпен ұштай түскені хақ.

Бүгінде берісі Торғай аймағында, әрісі мемлекетіміз көлемінде айтыс өнері кең құлаш жайып жатса, бұл орайда Нұрхан мектебінің де өзіндік сорабы, өлшеусіз пайдасы болғанын айтуға болады. Шын өнердің құны пұлмен өлшенбейді, ол алтыннан да қымбат, асыл да киелі ұғым. Ол барша халықтың рухани жан азығына айналғанда ғана өміршендігін сақтап қалады. “Жыр жампозы” Нұрханның айтыс тағылымы дегенде тіл ұшына оралар ой арналары осы.

Торғай десе есімі қосарлана аталатын Нұрхан Ахметбековтің шығармашылығын ұңғыл-шұңғылына дейін зерттеп білдік пе деген сұрақтың туындауы да орынды. Рас, ауызды қу шөппен сұртуге де болмас. Кезінде Қ.Жармағамбетов, С.Мәуленов, Ғ.Қайырбеков танымдық

әсері мол мақалалар жазды. Бертінде филология ғылымының кандидаты С.Әсіповтің қаламынан Нұрхан шығармашылығы туралы зерттеу еңбегі туды. Елу бес жыл сандық түбінде жатқан “Күләндам” поэмасы баспасөз бетіне шығып, отыз екінші жылдың ұлы нәубеті хақындағы шынайы шындық жан шарпыды. 1990 жылы “Жазушы” баспасынан Н.Ахметбековтің “Аманкелді” деген атпен дастандары жеке кітап (Құрастырғандар С.Әсіпов пен Ә.Бекбаев) болып жарық көрді. Осының таралымы небары бес мың дана екен. Тым аз, әрине осы жерде бір ой туындайды.

Әлі күнге ақынның дастандары, поэмалары, өлеңдері, айтыстары біріктіріліп, толыққанды жинақ болып шықпай жүр. Токсан жылдық мерейтойы болса, міне, өтіп барады. Осы жағын келешекте ескерсек артық болмас еді.

Сатирик ақын С.Кенжеахметов Арқалық педагогика институтының студенттеріне “Қазақ зиялылары” деген тақырыпта дәріс оқып, ақтаңдақтарда бағы байланған ірі оқымыстылар хақында терең ізденіспен ұлағатты істі қолға алды. Аз зерттеліп жатыр дегеннен шығады, солардың ішінде Нұрхан шығармашылығының бізге беймәлім тұстары тілге тиек етіледі. Бұл құптарлық іс. Институтта Н.Ахметбеков атындағы стипендия белгіленуі де ақынға деген ыстық көңілді аңғартады.

Сонау елуінші жылдардың аяғында-ақ Одақ газеттері: “Қазақстанда ақын Нұрхан Ахметбековтің әнін естімеген, дастандарын оқымаған адам жоқ шығар” деп тамсана жазып, әділ бағасын берген халық ақынының шығармашылық биігіне жаңа көзқараспен қарайтын мезгіл туды. Оның ел аузында жиналмай жүрген өткір өлеңдері қаншама? Қысқасы, ақынын аялай білетін, іргелі елдің мінезін танытатын мезгіл жеткен сияқты.

... Торғай қаласына бет алдың ба, ойды толғаныс билейді. Бұл атырап – ашық аспан астындағы мұражайлар мекені. Соның бірі – жүрек пен көңіл төріндегі Нұрхан Ахметбеков мұражайы ...

1993



БАЙЛАНҒАН ТІЛ

Мына қысқа тіршілікте кімнің қадірін кім жете түсіне беріпті?! Қанша дарынды, талантты болса да кейбір дараланған ұлымызды көп ішінен әдейі бөлектеп көре алмай, күйкі тірліктің күйбеңімен тірлік кешкеніміз өтірік емес қой. Бәтір-ау, әйтпесе кешегі жыр дүлдүлдері – Нұрхан Ахметбеков, Қайнекей Жармағамбетов, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков алмастай өткір жырына шынайы бағасын беріп, дауылпаз мінезіне қызығып өткен дарабоз ақын, кең тынысты көсемсөзші, жорға журналист торғайлық Назарбек Бектемісовты оның көзі тірісінде бағалай алмағанымызға араға жылдар түскенде ғана бетіміз қызарып отырғандай емес пе?

Бірақ “ештен кеш жақсыны” ескерсек, әрине тума талантқа жасалған ағзымға уақыт өлшемі шек емес қой, сірә. Бұл ретте ақын көз жұмған соң екі жылдан кейін (1994 ж.) туғанына 65 жыл толуы құрметіне арналып өткізілген еске алу шараларының жұртшылық талғамынан шыққанын атауды парыз деп білдік.

Алдымен ақынның тұрған үйінің қабырғасына оның бейнесі бедерленген ескерткіш тақта орнатылды. Одан әрі Достық үйінің кең залында салтанатты отырыс, жарасты әңгіме-дүкен жалғасын тапты. Мұндайда көңіл шіркін жібігіш келеді, еске қай-қайдағы түседі. Тірлікте Назағамен алысып- жұлысып, өзінің де өзгенің де қадірін қашырып жүрген бір ақынсымақ сол еске алу кешінде өксік буып, жаны “егіліп” сөйлей алсайшы. Қайтсін, қабырғасын қайғы қайыстырғандай екен. Бәрі жақсы ғой... Бұл фәниде сыйласа білмегеніне енді бармағын шайнағандай опық жеген түрі де...

Мейлі, ол жағын оның ар сотына табысталық.

Осы отырыста ақынды көзі көргендер сыр бөлісті, ұрпақтары ас берді, аруаққа бағыштап дұға оқытқызды.

Шешендердің сөзіне сенсек, Назарбек ақын өзінің соңына мол мұра қалдырып кеткен екен. Республикалық баспалардан екі жыр жинағы шығыпты. Ғұмырының ақырғы сағаттары

сокқан сәттерде – қатерлі ісікпен айқасқа кеткен жанкешті жылдарында да төсекте тек жатпай, жанқиярлықпен жауын жалғастыра беріпті. Солардың ең бір тұшымдысы – Торғайдағы ақындық мектеп үрдісі жайлы жырлар шоғырының мұраларын ұлы Ахмет Байтұрсынов сабағымен байланыстыра терең зерттеген, ғылыми тың тұжырымдарға бай «Ахмет ұшқан алтын ұя» деп аталатын көркемсөз топтамасы десек, қателеспес едік. Сол бас қосуда жанашырлардың біразы: «Назекеннің шығармашылық еңбектерін жинақтап, оны өзге туындыларымен әдіптеп, таңдамалы кітап етіп шығару қажет» деп, тәубаларына келгендей болды. Соған бәтуаласты жиналғандар. Сондай жүрекжарды лебіздерді өз құлағымызбен естіп отырғанымызда талай тәтті ойларға баттық... Туған жерінің айтулы жыршысы, тамырын тереңнен тартқан сөз зергері Назарбек Бектемісовтың бүгінде ізбасарларының көп болуы көңілімізді серпілтіп тастаған болатын. Шүкір, ақын тұлдыр емес екен, олар еске алу күні өздерінің тайбурылдай шабысын әмсе дәлелдеп берді.

Бірақ бір өкініштісі, содан бері қаншама жылдар өтсе де сол айтылғандардан дәнеңе өнбепті. Назағаның артында қалған мол мұраларының басы әлі біріктірілмеген екен. Демек, шығарылған кітабы да жоқ, оның төбесі де қылтимайтындай. Бір сөзбен айтқанда, тірілердің аруақ алдындағы парызы шаш етекпен. Оның қашан өтелері және белгісіз.

Парыздың көшкен уақытпен көшелене түсетінін ескерсек, Назарбек Бектемісовтың шығармашылығын зерттеп, оған тиісті бағасын берудің, сөйтіп оның қазақ поэзиясына қосқан үлесін, қолтаңбасын айқындаудың қаншалықты маңызды екенін бағамдау қиын емес. Назарбек ақын ретінде көктен түсе қалмаған адам. Ол – Торғайдың ақындық-жыраулық мектебінен өз хал-қадірінше рухани азық ала білген; тума талантын ұштау мақсатымен нағыз көзі тірі шайырлардың төкпелерімен сусындаған; айтулы жыржампоздарымен табақтас, дәмдес бола жүріп, олардың інжу-маржан жырларына тояттаған, өмірлік тәрбие-дәріс алып, бойына екшеп дарытқан; қысқасы Назарбек бұл фәниден нағыз ақын, азамат болып өтсе – онда алдындағы алпауыт буынның өнегесі бір төбе! Жаратылысынан көкірегінде дән ұрығы бар Назағаның

мұндай аса бай, кең арналы, қуатты жыршылдық үрдісінен соң ақын болмауы тіпті де мүмкін емес еді. Қайта, табиғи жалғастықтың нақты шеруін шырайландыру – тағдырдың оған артқан мерейлі міндеті секілді еді. Ол осы сенім жүгін қара өгіздей тарта білді, әл-дәрмені жеткенше шыбыртқы салдырмады. Ақындық парызын адал өтеді!

Тағдыр оған әмбебап білім, бесаспап өнер, әлеуетті шығармашылық қабілет, ауыз әдебиетінің мол мұрасын игеру мүмкіндігін сыйлаған. Ол жазба ақын. Дегенмен, оның суырып салма айтқыштығы айтыскерлік додаға да түсірді. Делебесі қозып кеткенде, айтыс өнерінің небір көне үлгілерін жете меңгергенін мойындататын тыңдаушыларына. Талай айтыста бағы жанды. Өзі бір кездері басқарған Жанкелдин аудандық “Жаңа өмір” газетінің кейбір тұтастай сандары ақын-редактордың адуын шабытының жыр-топанымен кернеліп, шылқа толып шығатын. Сондайда оған аудан шенеунігі:

“Назаға, мұныңыз не? Қара сөзді жиып қойып, газетті бірыңғай өлеңмен шығаратын болғансыз ба? Жоғары жақ сізге осыны ескерт деп жатыр!” – деп жалбарыныпты. Назағаң не деуші еді, “жарайды” дегенімен, уәдесін көп ұзамай тағы ұмытып кетіпті...

Ғұмырының өн бойында талант қырының сан тарауын табысты тоғыстырып, жымдастыра білген ақынның талай зерттеу мақалалары, тағы да ескертеміз, бүгінгі күннің бағамымен зерделеуге әбден лайық. Солардың бірегейі –

“Ахмет ұшқан алтын ұя” танымдық көсемсөзінің өзі әдебиет білгірлерінің бағасын алуы тиіс. Және де бұл мұраны шаң қаптырып, елеусіз жатқызбай, ел игілігіне тездетіп айналдыруға күш қосқанымыз парыз.

...Назағаның сырқаты дендеп, Арқалықтың іргесіндегі үйінде “Алладан қайыр тілеп” жатқан дәрменсіз кезі еді. Бір жексенбіде белгілі журналист, облыстық “Торғай таңы” газетінің жауапты хатшысы Жақсылық Жүнісов екеуміз ақынның көңілін сұрау үшін әдейі бардық. Бір қабатты жатаған, кең пішілген үй екен, сыртқы есік айқарулы тұр. Кіріп-шығып жатқандар көп. Іштен шыққан балалардың бірі бізді алға бастап жүрді. Тарлау дәлізбен жүре түскенімізде оң жақтағы бөлменің ашық есігіне Жақсылық кенет енте-

лей икемделді. Мені де ілестіре кірді ішке. Пеш түбінде төсек тартып, ауруы әбден мендеген жасамыс әйел жатыр. Жақсылықтың сөзінен ұққаным – бұл кісі Назағаңның жары болып шықты, сал дімкәсіне шалдыққанына он жылдан асыпты...

Осыдан-ақ бұл үйдің қаншалықты мұң-қасіретпен тұмшаланғаны сезіліп, еңсеміз жүдә түсіп кетті. Әлгі баланың соңынан ілесіп келеміз. Келесі бөлмеге өттік. Диван алдында төсеген көрпеше үстінде Назағаң бір бүйіріне қисайып, көңілсіз отыр екен. Бізді жыға танып үлгергенше, сәлемдесуімізден-ақ дауысымызды ажыратты білем, алақтай қарап, ісіңкі алқымына тартылған орамалын сұқ саусағымен сәл босатқандай болып, абдырап қалды. Аузына толтырған суды жұта алмай қиналған жандай, көзі жәудіреп, дәрменсіз сүзіледі бізге.

– Назаға! Мен – Жақсылықпын ғой, қасымдағы Қайсар ініңіз, – деді Жақсылық ағасының мына кейпіне аянышпен қарап.

Назаға “екеуіңді де көріп тұрмын” дегендей, басын изеп, ыммен төрге шақырды бізді.

Жақсылық Назағамен нағашылы-жиенді екен, қағытып, онды-солды әзілдесе бастады. Тілінен айырылған ғаріп ақынның көңілін көтергісі келетінін сеземін. Ақынның көкейі сайрап тұрғандай, жауабы да әзір. Өттен, қатыгез тағдыр теперішін қойсаңызшы, оның тілі тірідей “қырқылған”.

Қатерлі дерттің уытымен ісіп, асқынған көмекейі тілін матап тастағандай. Үні шықпайды, қинала қырылдайды, ауырсына ыңырсида. Бір сәт ақын диван астынан бір буда ақ қағаз алды да қаламсабымен сүйкектете бастады. Сойдақтау жазумен толтырылған алғашқы парақты Жақсылықтың қолына ұстатты да екіншісіне кірісті.

Жақсылық дауыстап оқи жөнелді: “Осы ауруым да партияның жайы ма деп ойлаймын. Жанымды жеймін. Ленин біреу – партия біреу! Маған парторг келді. Соц. партияға мүше бол, деп. Отказ! – деп жазып бердім. Қызыл билет – басымда қалады”.

Жақсылық:

– Е, шалың партияны әлі қимайды екен-ау, қайтсін, көп жыл парторг болып істеген еді,– дегенде Назағаң жазуын үзбей, басын қунақы изеп қойды. Екінші парақ қолға тиді. Жақсылық: “Мынаны ала кетемін,– деп дауыстап оқи бастағанда Назаға жазуын кілт доғарып, диван үстіндегі бүйірлі екі папкени “әңгіме осы қолжазба туралы” дегенді мезгеп түсіндірді. – Әрі оқылды. – Алла сәтін салып аяғымды бассам, Шерхан досыма барамын.

Ол құдайдай досым ғой. Осы жолы көмек сұраймын. Ахметтің аруағын сыйлар”.

Екеуіміз келесі парақ қолымызға тигенше сыбырласа сөйлесіп, бұл қолжазбаның өзіміз облыстық газеттен таяуда оқып, тұшынған “Ахмет ұшқан алтын ұя” деп аталатын көлемді жарияланым екенін жыға танып отырдық. Осы еңбегін Алматыдан кітап етіп бастыртып шығармақ ойы барын, бұл шаруаға Шерхан Мұртазаның көмегін сұрауға бекінгенін іштей болжамдадық.

Мына парақтағы жазуда Шерағаңа байланысты айтпағын әрі өрбіткенге ұқсайды: “Архивтен материал іздедім дегенде Шерхан ренжіді. Келінің Пушкин биб. істейді. Сізге материал тауып бермей не бітіреді деп. Келін де күлген. Аға, керекті өзім тауып беремін деп, 1988-89 жылдар ғой... Шерханға айтқан бір сөз:

Барады қадір білер жұрт азайып, Білсе білер, қадірді Мұртазаев. Ой, Назаға, айтысқа өзің түс деп еді ғой. 83”.

Жақсылық “83” деген санды маған саусағымен нұқып көрсетіп, өзінің әлгі әзірде ол санды “1983 жыл” деп оқып жіберуінің дұрыстығына көзімді жеткізіп жатыр. Дәлелді-ақ.

Әр нәрсені күдік қалдырмай дәйектендіріп отыратын дағдысынан ол бұл жолы да әсте жаңылмаған еді. Назағаның бізге ұсынған мына парағындағы жазу тым шолтиыңқы шығыпты: “Профессор Хамзабаев өзі күтіп алады, орналастырады. Доктор меднаук, Әуелбековтың немере інісі”. (Торғай облысын басқарған, марқұм Еркін Әуелбековты айтып отыр. – Қ.Ә.)

Ақынның бұған дейін Алматыға барып ұзақ емделгенін, енді араға уақыт салып тағы да сол жақтан ем қабылдауға ынталы екендігін естігенбіз. Мына жазғанынан алыс жолға жиналғысы келетінін аңғарып қалдық. Пенде әманда үмітпен

өмір сүреді ғой. Жанын қинаған сырқаттың ем-домы табылып қалар ма, деп ертеңіне алаңдайтындай.

– Е, барған дұрыс. Ескі достарыңыз сізді емдетпегенде кімді емдетеді, тәуірленіп кетерсіз,– деді Жақсылық қолында дірілдеген ақ қағазбен өзді-өзі тілдескендей болып. Қағаз дірілі қандай қорқынышты! Көзімді одан тайдырып әкеттім... Сол діріл арқылы мен Жақсылық жүрегінің де дірілін сезіп, көріп отырғандай едім...

Бұл жолғы парақ мынадай ақпарат жеткізді. “Жігіттерге сәлем айтындар. Рақмет, “Ахмет ұшқан алтын ұяны” бастың, Жақсылық. Жиендігіңді өтедің. Өкең туғанда апам бір аяқ май ішкен. Сол парызды өтегенің үшін рақмет!”

Осы жазуға Жақсылық рахаттана бір күліп алды.

– Міне, міне, мұндай сөз айтпаса Бектемісов болар ма?– деді сосын разы қалыппен.

Назағаң нәті, бізге соңғы парағын ұсынып отырған болар, қаламсап-қағазын былай ысырып қойып, маңдайын тыржитып сұлық отырып қалды. Назары бізде еді...

Жақсылық әлгі парақтағыны тақпақтап, ерекше бір нақышпен оқи жөнелді:

“Аман-сау оралғанда той болады.

Сойылар тайы менен қой болады.

Сол күні Қайсар менен Жақсылығым,

Сол тойды басқарар – деп, ой болады...”

– Бәрекелді, Бектемісов! – деді Жақсылық үнінен бөлмеге ерке-наз, көңілді шуақ шашып. – Періштенің құлағына шалынсын!

Кетуге жинала бастағанымызда, Назағаң қолымен ишаралап, әлденеге “бөгеліндер” дегендей абдырап қалды. Сөйткенше болған жоқ, есіктен буы бұрқыраған бір табак ет көтерген келін көрінді.

...Назағамен қоштастық. Сазда қонжиған қаздың сыңарындай болып ақын өз үйінің төрінде бір бүйіріне жантайып қала берді. Сыртқа шыққан соң Жақсылық Назағаңың әлгі қағаздарын үн-түнсіз маған ұсынды...

...Көп ұзамай дерті меңдеп, тілі тарс байланған, мына тіршіліктен күдері әбден үзілген Ақын өмірден озды! Мәңгілікке тыншыды!

...Бір қисынсыздау кереметі, оның тілі бақилық болғаннан соң сайрап кеткендей болып көрінеді де тұрады маған! О, жасаған!..

1999 ж.



КӨМБЕ

Торғайдың өз топырағында туып-өскен таланттар туралы сөз қозғала қалса болды, шүкір, баршылық қой олар, солардың әрқайсысына әділ бағасын бергіміз келіп, әрқалай кесіп-пішіп жататынымыз бар. Сонда бірауыздан біреуді аспандатайық, не аласартайық деген еш бөтен ой болмайтыны тағы рас. Тек, жүрек қалағанын, көңіл сүйгенін қызба-қызбамен айтып қалып жатамыз. Солардың бәрін құрметтейміз, шығармашылығын құр жібермей оқып отырамыз. Баршасының да жазу-сызумен өз маңдайларына дарытқан бармақтай бағы бар. Тіпті сол себепті де «анау мықты, мынау олқы» деп салыстырып жатудың өзі әбестік секілді. Осыны біле, сезе тұра неліктен теңгермешілікке барамыз, осы? Пендешілік пе, әлде пайымдаудың бір паркы осындай тәсілмен тиянақталуы орынды ма, әйтеуір, дербес көзқарасқа жүгіну – жарылқатардай, соның жалына жармасып-ақ қалғымыз келеді.

... Сонда деймін-ау, арғы-бергі апайтөс ақын-жырау, жазушылар тобын былай қойғанда уақыт жағынан өзімізге тым орайлас, заман тұрғысынан тұспалдас, айрықша бір шоғыр көз қызықтыра өздеріне тарта түседі. Олар кімдер? Жасымен-ақ екшегеннің өзінде: Қойшығара Салғарин, Қоғабай Сәрсекеев, Сейіт Кенжеахметов, Байтұрсын Илияс, Төлен Әбдік, Кеңшілік Мырзабеков, Серік Тұрғынбеков, Серікбай Оспанов, Нағашыбай Мұқатов, Қонысбай Әбіл... секілді таланттар бой түзесі қандай әсерге бөлейді дерсіз. Ал, енді осылардың қайсысын шығармашылық жағынан басымдық беріп, ерекше әңгіме өзегіне айналдырар едік. Тағы да айтамыз, таланттар да алмас тастың бір қыры іспеттес,

жанар арбайды. Торғай – жақұт тас болса, әлгілер соның күнмен ойнаған жарық сәулелері. Сол себепті де оларды бөле-жара қарай алмаймыз. Оларды тұтастай түйсігімізге қабылдаймыз да, ретті жерінде әр сәуленің мың құбылған жарқылын қызықтап, көз алдарқатамыз, сүйсінеміз. Ендеше, бүгінгі әңгіме – биыл 60 жасқа толып отырған қаламгер Қойшығара Салғарин туралы болмақ.

Қойшығара Салғарин – еліміздің көрнекті жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының 1996 жылғы лауреаты. Шынайы сыйлық әманда өз иесін табады дегеннің жаны бар сияқты. Қойшекеңнің қазақ тарихының тылсымдарына терең бойлап, көмбесін көсеп ашқан шынайы шығармалары Мемлекеттік сыйлыққа үш рет ұсынылып, соның «ер кезегі үшіншісінде» ғана осынау аса мәртебелі сыйлықты жеңіп алған, бәсекеден белі бүгілмеген акберен жазушы. Әңгіме, сыйлықтың бұйыру-бұйырмауында емес шығар, әңгіме ақадал еңбектің ешқашан бағаланбай қалмайтындығында болып отыр ғой. Өмірде бұған да керісінше мысалдар жетіп, артылады. Нағыз асылдар сыйлыққа өзге тараптан қанша ұсынылса да, соның түбіне жете алмай арманда кетеді. Тірісінде оңғарылмаған ондай шаруасы кейде тағдыр жазымымен о дүниелік болғанда тамамдалатын мысалдар да жеткілікті.

Дегенмен де әр нәрсенің өз уақытында болғанына не жетуші еді. Ал, жазушы Қойшығараның оқырмандар демеуімен сыйлық деңгейіне көтерілуі табиғи заңдылықтың орынды құбылысындай әсер етеді. Дарынға дарыған табиғат дарқандығы десе де боларлықтай. Жазушыға қонған бақ құсы десе де жарасады.

Бұл жазушының өнеге көзі, тұма бастауы неде еді? Әрине, оны сан қырынан тарамдап, жүлгелеуге болады. Өнеге көзі – Торғайдағы ақын-жазушылықтың тәрбиелі мектебі. Әсіресе, тарихтың тұнған өлкесінен өрілген небір тылсым құпиялардың шеберлікпен сырын ашуға деген құштарлық пен ұмтылыс оны танымдық ерекше соны соқпаққа түсірді. Талант сырының бастауы да осы тұстан өрнек салатындай. Құдай дарытқан талантты да жұмсайтын жұмыс болуы керектігін еске алсақ, оның негізгі дәмесі Қойшекең үшін тарихпен таңбаланыпты.

Мәселенің бұл парасы өзінше бір әлем. Тұңғық әлем! Тарихи шығармаларға талпыныс жасамас бұрын Қойшекең әдебиет майданының барлауына белін бекем буып кірісіп, ұпай жинап көріпті. Орта мектептен соң екі жылдай шопан таяғын ұстап, отар соңында жүргеннің өзінде уақытын зая жібермей, зердесін байыта беріпті. Кейін осының бәрі өмірлік ойтамызығына айналғандай... Мемлекеттік университеттің журналистика бөлімшесін тәмамдап, республикалық қазақ радиосында қызмет істеген жылдарда, былайғы республикалық дәрежедегі (“Социалистік Қазақстан” газеті, Орталық Комитеттің жауапты қызметкері, Қытай Халық Республикасы елшілігіндегі қарекеті) жұмыстарында да Қойшекең өмірлік бастаудың мәнін бір сәт кемсіткен жоқ еді. Шығармашылығы поэзиядан нәр татқан оның тұңғыш кітабы “Ілгешек” (1966 ж.) деп аталады. Бұдан былай әр жылдары түрлі жанрлармен “Жаныңда жүр жақсы адам”, “Естай Есжанов”, “Сол бір күндер”, “Үбедей”, “Соқпақ жолға бастайды”, “Тағдырлар тоғысы” кітаптары жарық көрді. Бұлар, әрине, жазушылық қуатты өрлеу алдындағы үлкен жаттығу іспеттес болатын. Кейінгі толымды дүниелері – “Алтын тамыр”, “Көмбе”, “Қазақтар”, “Қазақтың қилы тарихы” қатарының сап түзегеніне дейін де қазақ тарихының небір шежірелерін таратып бергені өз алдына, ұлтымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жүйелеп таныстырғаны қандай ғанибет десеңізші. Осынау шығармаларымен ол бүгінде оқырмандарының ілтипатына бөленіп отыр, ұрпақтардың ертеңгі ықыласына да кенелетіні ақиқат. Уақыттың бәріне төреші екендігін ескергенімізде, осылай демеске еш лажымыз жоқ.

Осындай абыройлы еңбектің ғасыр тоғысында еленіп, шырайы шығуы да тегін емес. Сол себепті де Қойшекеңді жаңа кезеңнің бастауындағы – Қазақ мемлекеті тәуелсіздік алған тұсынан іле тарих қойнауына барынша шым батқан жазушы ретінде тануымыздың өзі оның ерекше бағыт-бағдар ұстанғандығының жарқын көрінісі болса керек. Бұл да болса сол кезеңнің үрдісінен бағамдасақ, қаламгерлік ерлікке пар-пар іс-қимыл еді. Тарихты таразылау үшін де уақыт кеңістігі қажет. Ал, бір Ұлы державаның күйрей салуымен, соның қыспағынан сытылып шыққан елдің өткенін шынайылық өлшемнің шеңберінде сипаттап беру – бұл жазушының

білімдарлығы мен шеберлігіне сын екені мәлім. Қойшекең бұл тұрғысында өз мұратынан күнілгері шыққан жазушы.

Айталық, осы орайдағы сөзіміздің дәлелі – “Алтын тамыр” роман-эссесі екендігінде гәп бар ма? Бұл – тақырыбы кең пішілген және де оның әдібі зор талғаммен зерленген қомақты туынды. Өзегіне Түрік қағанатының елдік болмысын, қаз тұрып, қалыптасуын, ірге жаюын, жинақтай айтсақ, қазақ халқының ежелгі тарихын арқау еткен. “Көмбеде” осы тақырып одан әрі дамытылып, бұлжымас тарихи тінінен ажырамастан ажарын айшықтай түседі.

Оқырмандардың разы болатын себебі – “Алтын тамыр” кітабы халықтың тарихқа сусаған, шындыққа іңкәр кезінде (1986 ж.) жарық көруімен дәлелденеді. Бұл жылдар – қоғам дамуындағы аса күрделі, дәйектендірілуінен гөрі дүдәмәлі басым болған, тәуелсіздікке ұмтылған халық сана-сезіміне қызыл шоқ түскен, сол себепті де жалыннан алау тұтанғалы тұрған әрі-сәрі, қым-қуыт кезең еді. Жариялылықтың аты бар да, заты жоқ, демократиялық желеу, желік басым шымырқаныс шағы еді. Осы тұста тарихтың тұтастығына ілкімділікпен емес, біліктілікпен әрі оған ұлтжандылық көзқараспен қарай білу, тіпті хандар мен байлардың ғасырлар бойғы тәжірибесінен “оңды тәлім” түйю секілді бұрын датталып келген ұғымды жаңғыртып, жаңаша мәніспен түрлендіру – “Алтын тамырдың” салмағын көтере түскені мәлім. Замана суреткері Әбіш Кекілбаевтың “жазылуы қиын болса, шығуы да сондай қиын” деп бұл еңбекке баға беруі әлгіндей себептерді дөп басып саралағандығынан шығар деп пайымдаймыз. Пендешілік сырқат па, қайдам, тіпті бұл роман-эссені көркем әдебиет үлгісіне қосуды қомсынып, ретсіз тулағандар да кездесті. Ал, “Алтын тамырды” тарихты әңгімелеп жазудың соны үлгісі деп бағалағандар, әрине, қателеспегендеріне бүгіндері бекем көз жеткізгені ақиқат. Олар кітаптың басым ерекшеліктерін сөз еткенде ертегі-әңгімелерден заман сырын суыртпақтағанына, шежіреден – шындық шырайын даралағанына, аңыздан- ақиқатты аршығанына, көшпенділер тұрмысын тарихи өлшеммен таразылай білгеніне айрықша ден қояды. Сөйтіп, осы баға нақты баға болып бекіді. Енді бекер шаужайдан алу жөнсіздік болады. Егемен Қазақстанның елдігіне, тұтастығына, бірлігіне рухани тұрғыдан қалтқысыз

қызмет ете беретін бұл шығармалар шоғырын (бәрін біріктірген “Қазақтар” роман-эссесі) әспеттеп, қолға алып тұшынып оқуға көндігуіміз керек екен. Бұл еңбектер уақыт озған сайын мемлекеттігімізді нығайтуға, ұлттың рухын көтеруге, қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыруға үлес қоса бермек. Міне, жазушы Қ.Салғариннің шығармашылық зор әлеуетінің айқындалатын, асқарланатын абыройлы әрі айбынды тұсы да осы кезең болса керек!

... Алматы. 1991 жылдың сәуір айының басы еді. “Егемен Қазақстан” газеті облыстардағы өз тілшілерін жыл сайынғы дәстүрлі жиналысына шақырды. Торғайдан мен де келгенмін. Елбасы Н.Назарбаевтың қабылдауында болдық. Сұрақ-жауап түрінде пікір алмасу өрбіді. Бір тұста Нұрсұлтан Әбішұлы қазақ тарихын халқымызға жазып, танытудың өзекті мәселелеріне тоқталып, көсіле сөйлеп берді. Былай дегені жадымда қалыпты:

– Қазақ тарихы туралы әрқилы еңбектер жазылды. Соның бәрін таза пайдалы деп айтуға тағы болмайды. Тарихи оқиғаны нанымсыздау етіп суреттеген кітаптар жетіп артылады. Соларды талғам күшімен шектей білуіміз қажет. Осы ретте маған жазушы Қойшығара Салғариннің “Алтын тамыр” романы айрықша ұнады. Бұл – кітапты оқып шыққаннан соңғы өз пікірім. Қазақ тарихы осындай зерттеушілікпен жазылуы тиіс. Тілшілер, сендер, ел арасында көп жүресіздер. Осы кітапты халыққа насихаттауға кенес берер едім. Әйтпесе, тарихтың өңін айналдырып жазатындар бүгінде белең алып барады. Соларға сабақ, үлгі ретінде еңбек тудырған Қойшығараға рақмет айтуымыз керек. Қазақ тарихының тамыры – бірлік пен топтасқандық, елдік қасиеттен бастау алады.

Шығарманың осы серттен айнымай жазылғаны дұрыс. Әйтпесе, халық пен халықтың арасына от түсіріп, ұлттардың алауыздығын тудыру оп-оңай. Осыдан абай болғанымыз жөн. Ал, менің өз байқауымша, көптеген авторлар тарихты оңай ақша табу жолына айналдырып жібергендей әсер қалдырады.

Бұл дегеніңіз барып тұрған өрескелдік!

Елбасының “Алтын тамыр” кітабы туралы осынау өзек-жарды пікірін естіп, сыртқа шыққан бойда ал кеп Қойшекеңді іздестірейік. Қасымда қостанайлық тілші Байтұрсын Ілияс

бар, екеуміз Қойшекеңнің үйіне телефон шалдық. Ол кісі жоқ болып шықты, тауда шығармашылық үйінде жазу жазып жатыр екен. Нұрзада жеңгеймен сөйлесіп, хабарласа қалса, осы жақсы жаңалықты айтуды өтіндік... Екі-үш күннен соң Қойшекең таудан қалаға түсіп, онымен бір үйлену тойында кездесіп, шұрқырасып қалдық. Бәрінен хабардар екен. Сонда да естігенімізді өз аузымыздан тәптіштеп тағы да айтып бердік. Әңгімені жүзі күреңітіп тұрып тыңдаған Қойшекең әбден разы болды... Елбасының осы оң бағасынан соң Қойшекеңнің екінші тынысы ашылғандай болды. Қаламын көсіліп сілтеді, өндірте жазды. Соның бәрі, оқырмандар жақсы біледі, өте жемісті болды, зейнетін көрді ғой кейін.

“Алтын тамырға” байланысты бір тосын жайтты айтпай кетуге болмайтын секілді. Осы еңбек қолымызға тиген соң рецензия жазып, жарияладым. Онда кітаптың маңызын, тағылымын, құндылығын екшеп көрсеткен болдым. Әсіресе, халқымыздың сонау ескі заманнан бері тур, скиф, сақ, хунну, дунху, ғуз, түркі, ноғайлы, қазақ секілді аттары болғанын, кітапта осы атаулардың шығу сырына егжей-тегжейлі талдау жасалғанын сүйінішпен баяндаған едім. Тағы басқа өзіндік көзқарастарымды бүкпесіз жеткізгенмін. Түбі осы тұжырымдарымның әлдекімдерге (обкомдағыларға) ұнамай қалатынын қайдан білейін?! Рецензия 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан соң іле-шала Қостанай облыстық “Коммунизм таңы” газетінде жарық көрген еді. Бар гәп сонысында болып шықты. “Алтын тамырға” жазылған мақала-шолуымнан кір іздеген “обкомдағылар” “Қазақ тарихына әсіре ден қойған”, “Тарихты ұлтжандылық тұрғыдан баяндаған”, “Қазақ шежіресінің жүйесін жасауға талпынушылық сезіледі” деген тұрғыда кітап авторына ретсіз сынды төкпелеп, шығарманы “саяси ұстамсыз роман” санатына жатқызып қойды. Өзім де едәуір теперішке түстім, талай түсініктеме жаздыртып, қызметімді де қырына алды...

Уақыт бәрін өзі екшеп, текшелейді ғой. Қ.Салғариннің тарихи тақырыптағы шығармаларының бәрі сондай сыннан сүрінбей өткеніне қазір екінің бірінің көзі жетіп отыр. Жыл басында жазушының таңдаулы еңбектерінің көлемді қос томдығы жарық көрді. Сондай-ақ “Сақтар еліне саяхат” деп аталатын жаңа туындысымен мерзімді баспасөзден таныстық.

Осындай белсенді де өнікті жұмыс мерейтой иесінің қаламгерлік мәртебесін айқындап берсе керек. “Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы” дегенді өзінің шығармашылық кредосына айналдырған жазушы алда да оқырмандарын қуанта береді деп үміттенеміз.

1999 ж.



ҚЫРДАҒЫ ҚАҚПАН

Қос журналистің С.Кенжеахметов туралы диалогы

– Әріптесім-ау, ұшақ жайлы көлік қой, міне, Арқалықтан Қостанайға бет түзеп барамыз. Бірақ, біз шіркіннің жанымыз әсте жайланып көрген бе? Әсіресе осындай сапардан соң қойын дәптерге түрткеніңді оқырманға жеткізгенше құс ұйқы болып, тағат таппаймыз ғой...

– Мұны кімге айтып отырсың, түге?

– Иә, саған. Дәл қазіргі сенің жан-дүниенді сезіп, біліп отырсам да, әдейі осылай шапақтап қойғым келеді. Оның мәнісі мынау. Ұшақтан түскенше біраз уақыт бар, сол аралықта Сейіттің тойы туралы жазылатын мақаланың өзгеше сипаты, түрі жағынан сонылау болып шығуы үшін ойласып көрсек деп едім... Е, келісесің ғой, онда сөйтеікші бір...

– Ойыма сап ете түскенін қарашы, кел енді, уақыт өткізбелік. Былай етейік. Қазір өткен той туралы қолма-қол сұрақтасып, жауаптасып көрейікші. Сосын сол сұхбатымызды қаз-қалпында қағазға түсіре салайық. Сейіт – өмірдің өзіндей қарапайым да күрделі сатирик қой, әсерімізді суытпай, шынайы толғансақ, ұтыла қоймаспыз. Артық-кемін оқырмандар кешіре жатар, өйткені бұл ұшақ үстіндегі ұшқыр ойлардан тұратын жүйрік қиял-сезімнің жиынтығы болмақшы. Әрине, фактінің аты факт. Шындықтан, көргенімізден, түйсінгенімізден бір сүйем жаңылыс баспайық. Қане, бастаймыз ба?

– Мынауың табылған ақыл екен. Сеніңше, кеш қалай өтті деп ойлайсың? Ұнады ма өзі?

– Ұнағанда қандай! Халық та мәз-мейрам болысып қалды. Өзі Арқалықтың адамдары сауықшыл, өнер десе арқаланып кете ме қалай? Кешкі жетіде басталатын салтанатқа сағат екінің кезінде ұбап-шұбай бастауы біраз жайтты мегзейді. Бұл Сейітке деген сүйіспеншілік көрінісі ғой.

– Дұрыс айтасың. Жазушыға деген халық махаббатында шек болмады. Секең осы елу жылдық ғұмырының отыз жылында халқына арнап тер төгіп еді, соның төлемі қайтқандай болды ғой бүгін. Халықтан асқан дана, білгір, көреген, сезімтал жоқ шығар бұл фәниде. Кеш бойы тік тұрып дегендей, қошемет-құрмет көрсетті ғой. Алматыдан арнайы келген азаматтардың ілтипаты ше? Сипаттауға тіл жетер ме? Ақтаңгер ақын Ғафу Қайырбеков бұл жолы да тапқырлық жасап кетті. “Сейіттің творчествосы баяндамаға зәру емес, – деді ғой. – Әрқайсымыз көкейдегімізді білдірсек, жиынтығы құралып баяндамаңнан асып түсер”. Одан әрі не дегені есінде ғой... Перзент тойы халықтық сипат алды.

Торғай жері талантқа бай, бал бұлақтай еліктіре түседі әркімді. Осы Сейіт – сондай құнарлы таланттың бірі. Бұл өзі басқасын былай қойғанда, туған жерінің тарихын қалай терең біледі дейсіз.

Машинаның ішінде талай сапарлас болдым, сонда тарихты таратудан жағы бір талсайшы. Сейіттің бұлай дәуірлеп кетуі – оның халықтан қол үзбегенінде. Мынаған қарашы, астанаға қаншама рет шақырылса да, осы Арқалығында табан тіреп, қоныс аударған жоқ.

– Ғафаң осы сөзін айтқанда Секеңе іштей әйдік разы болып отырғанымды несіне жасырайын. Есіме ұшып-қонба “көбелек” ақынсымақ, жазушысымақтар түсе қойғаны. Ондайлар әсте жетіп жатыр ғой. Алматыны төңіректеп, ретін келтіріп қызмет тауып, таныс-білістің арқасында күнін көріп жатқандар көп қой. Осы жерде өлеңмен ағасын құттықтаған Серік Тұрғынбековтың мына бір лебізі кім-кімді де болса толғантпай қоймас. Қалай еді, иә, былай: “Туған жерге тамырымен байланған, Торғайымның иір бұтақ емені!”... Тауып айтты-ау, сабазың.

– Қала партия, кеңес органдарының өкілдерін былай қойғанда, сырттан келген қонақтар да жеткілікті болды емес пе? Республиканың теледидар шеберлері Секең тура-

лы киношежіре жасау мақсатымен біраз жұмыс тындырып тастапты. “Тамашаның” бас режиссері Л.Есенов бастап келген танымал әртістердің өнеріне жұрт қалай қол соқты десеңізші. Бауыржан Ибрагимовты халық сахнадан жібермей қойды. Неге? Әрине, оның орындаушылық дарындылығына ешкім шәк келтірмесе керек. Дегенмен де ол Сейіттің ішек-сілені қатырар туындыларын сол мөлдіреген тұнық, табиғи күйінде жеткізуімен де тыңдаушылар ықыласына бөленгенін жасыруға болмас. Иә, сосын, “Ара” журналының бөлім меңгерушісі Қажытай Ілиясовтың құттықтау сөздері жұртты қыран-топан күлкіге батырды-ау. Ол алдымен әл-Фарабидің мына бір тұжырымын орында келтірді: “Сатирик өзі жылап отырып, өзгені күлдіреді”. Сонда ойлайсың: “Сейіт қой, осы кезге дейін он кітап шығарған екен, соның бәріне жұмсалған көз жасын, жан қызуын, жүрек азабын, таусылған көз майын, жалпы күш-жігерді, қайратты есептеп, өлшемін шығаратын сиқырлы бір аспап болса ғой, жазушыны төбеге көтерудің бағасын білген болар едік”, деп. Сонда біз Сейітке тіпті басқаша көзбен қарар едік, оның кейде өзіміз пендешілікпен елемейтін жақтарын үңіле зерттеп, зерделер едік, құрметімізді, алғысымызды, тіпті ақынның бұдан да жемісті еңбек етуі үшін жасалатын материалдық игіліктерімізді тартынбай бөлісер едік қой. Хош, сонымен желпініп кетсем керек. Қажытайдың қарекетіне қайта оралайыншы. Жұртты бір серпілтіп тастады-ау. Өзгелер “50” деген цифры бар құттықтау папкелерін тапсырып жатқанда, ол астана сатириктерінің атынан Сейітке “60” деген көзді тесетін папкені ұсынбасын ба? Және де мұны қарызға беріп тұрғанын да ескертті ғой. Қалай күлмессің, көңіл тілектестігін, қимастық белгісін сатира күшімен ғана сенімді жеткізуге болады.

– Сен маған да бірауық кезек берсеңші сол. Әкетіп барасың ғой. Ақын Серікбай Оспановтың, Секеңнің астанадан келген ағасы Таңатқан Досмағамбетовтың құттықтаулары қалай жақсы шықты. Торғайлықтардың да сыйы ала бөтен болды ғой. Аупарткомның хатшысы Жеңіс Әлжанов қысқа сөзбен Сейіттің туған жерінің тарихи шежіресін жасап бергендей болды емес пе? Айталық, Міржақыптай дарынды дүниеге келтірген Қызбел атырабы Сейіттей талантқа қанат қақтырса,

мұны да бір табиғаттың даралығы демеске бола ма? Сейітке хатшы тақия кигізіп, шапан жауып жатқанда, журналист-жазушы Әмірхан Абдуллин мен “Қызбел” совхозының партком хатшысы Әбдіғали Сәденов ақынның есімі бедерленген қалы кілемді жайып көтеріп келе жатты. Қолдан салынған портрет те көз сүйсінтеді. Халықтың мейірімі бір құласа, қатты құлайды-ау!

– Айтуың орынды, әріптесім, халық сүйіктісін ғана мәпелей, даралай біледі. Жақсыны жасықтан айыра алады. Ал осы ретте өз көңілін өлең тілімен білдірмек ниетпен шабытқа мінерін қайтерсің. Залдан тілек-өтінішті қарша боратып, сахнаға сұранып шығып, арнау-жырларын асқақтатқандар жетіп артылды-ау. Мен осы жерде зейнеткер-ана Ыбыраева Моншақтың келістіріп салған ән-әуезін, ұтқыр өлеңін дәл қазір ұйып тындап отырғандай тәтті бір әсердемін. Бұл ненің күші еді? Сатирик Сейіттің халықтың жүрегінен лайықты орын тепкендігінің айғағы еді.

– Бұл жолғы концерттік бағдарлама да жақсы сұрыпталып алынған екен. Алматылық Мұрат Кәримуллин Базар жыраудың термесін нақышына келтіре орындады. «Шертердің» белді әншісі Сайлау Ордабаев «Аққұмды» шырқауымен ерекшеленгені есімізде. Ол Ахмет Байтұрсыновтың осы әнін келістіре жеткізді. Шіркін, Ахаң өміршең ән жазған ғой, бұған дейін «халық әні» делініп келгенін де білеміз, асылды жадында ұстайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін халықтан айналмаспысың! Секеңнің «Қайран денсаулық», «Түсініп көр» секілді сықақтарын сүмірейтіп орындаған торғайлық Ықылас Ғұбайдуллин мен Күләй Ахметованың өнеріне кім тәнті болмады дейсіз. Ал, Секеңнің өзі ше? Нағыз артисше құбылды ғой өз дүниелерін оқығанда.

– Кештің екінші бөлімі де назар аударуға тұрарлықтай. Оны «эй-эй» ақын Қонысбай жүргізіп отырды ғой. Секеңді ол сұрақтар бере отырып, мәнді, шымыр, әзіл-оспақ әңгімеге тартады. Мәселен, оның мына сұрағы есінде шығар: «Секе, сіз осы жазушылық жолды дұрыс тандап алдым деп есептейсіз бе? Бұл сұрақты текке қойып отырғаным жоқ. Ауылдағы Жанділда деген атаңыз «Сейіт жазушы болып кетті» дегенді естігінде: «Қап, әттеген-ай, оған дұрыс ақыл айтатын біреу табылмады-ау, ол баладан түбі жақсы пешші

шығатын еді ғой», – деп өкінген екен. Бұл жерде Қонысбай Секеңнің кезінде атышулы пешші атанғанын, тіпті қолөнер ісімерлігімен елді таңқалдырғанын еске түсіріп отыр еді. Секең де соны сезе қойып, уытты тілмен оңтайлы жауабын қайтарды. Мұндай тапқыр сұрақ-жауаптар жеткілікті болды ғой. Асылы, Секең ауызекі сөзге де өте шебер екенін тағы да дәлелдеді.

– Кеше оңашада пікірлескенімізде, Секең әкесінің отыз екі жасында соғыста опат болғанын, ел басқарғанын, орысша сауатты екендігін егілгендей еске түсірген еді. Әкесі де тауып айтқыш, өте сөзшең болыпты.

– Ал мен Секеңнің анасы Сәлима әженің қолынан дәм татқан адаммын. Сексен екі жыл жасап қайтты. Ауылнай, колхоз председателінің орынбасары, мұғалім болған, көзі ашық білімдар кісі еді. Партия ардагерлерінің бірі еді. Арабшасы басым болатын, төте оқуды Секең сол анасынан үйреніпті. Сол ел анасы атанған қария Сейітінен немерелер сүйіп кетті. Сәуле, Зәмзәгүл, Жасұлан, Абзал, Зейін, Олжас – сол бәйтеректің өркен жайған салалы бұтақтары іспеттес. Тұрсын жеңгей де бақытты ана атанып отыр. Енесінің жолын қуып, немере сүйе бастады.

– Бауырларым-ау, Секеңнің кеш соңында “Арқалық қаласының құрметті азаматы” лентасын тағынып тұрған кейпін айтсаңшы!

– Иә, жарасымды, сұлу көрініс еді!..

– Қап, творчестволық жоспары жайлы сұрамаппын-ау.

– Мен сұрап алғанмын. Келесі жылы таңдамалы шығармалар жинағын күтіп отыр. Тоқсан бірдің үлесінде “Жалыннан” он бес баспа табақ жаңа әңгімелері жарық көрмек. “Өнерге” эстрадалық, сатиралық жанрдағы дүниелерін тапсырыпты.

– Міне, шабытты шақ деп осыны айтар болар! Басыңды ізейсің, келіскенің ғой. Апыр-ау, манадан бері Секеңнің фамилиясын бір атамаппын ғой осы.

– Мұхаң жарықтық “Ахаң” деп қана өтіпті ғой... Ахмет Байтұрсыновты айтамын... Оқа етпес!

1989 ж.



САПАБЕК БАҒЫ

...1985 жылдың жиырма алтыншы мамыры. Күн жексенбі еді. Бүкілодақтық теледидардың “Денсаулық” бағдарламасы жүріп жатыр. Енді әңгіме көп жасаудың жай-жапсарына тірелді де диктор Алматыдан түсірілген деректі ленталарға назар аударуды өтінді. Сол-ақ екен елең етіп, экранға бұрынғыдан бетер, зор ынтамен төне түстік. Мына қызықты қараңыз. Ару Алматының қар жамылған бағында Әсіп ақсақал үрім- бұтағымен келе жатыр... Бел баласы Сапабек әкесінің маңдайына түскен бөркін көтере түзеп, үлкен кісіге деген асқан жанашырлық, инабаттылық көрсетіп қояды. Бір сәт қимылы жеңіл, жүрісі ширақ қарт құлдырандай түсіп, арқалы орындыққа жайғасты. Жанына қақ жарылып баласы мен келіні, немерелері отырып жатыр... Әсіп ата енді жүзге келуінің сырын әңгімелей жөнелсін. Өмірі аңшылық, егіншілікпен өткен екен. Әкесі Бекжан да бүркіт салып, қасқыр алған адам. Сол өнерді өзі де мұра еткен көрінеді. “Еңбекпен шыңдалып өсіп, таза ауада аң қуып, атпен жүрген адам көп жасамай қайтушы еді” – деп атамыз жымың-жымың етеді. Өзінің күні бүгінге дейін денесі тіп-тік. Өткір көзінің нұры таймаған. Сыпайы да ұстамды қалпын сақтай отырып осы наурызда болған өзінің жүз жылдық тойында бізді әңгімеге бір қарық қылып еді. Сол сәт есіме түскенде мен бір түрлі толқып кеттім...

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатынасқан, Аманкелді Имановтың сарбазы болып, Әліби Жангелдиннің революциялық идеясын жүзеге асыруға қолынан келгенше жәрдемін тигізген шежіре-қарттың қуанышын бөліскен сол бір аяулы шақ ұмытылар ма ойдан? Сол жолы Әсіп қарттың: “Мына тұңғышым Сапабектен басқа үш қызым бар. Нұри Аманкелдіде тұрады, алты бала, үш немере өрбітті. Салихан “Торғай” кеңшарында, екі ұл, үш қыздың анасы. Тойкен Қызылордада. Тіл маманы, мектепте жұмыс істейді, бір ұл, бір қыз өсіріп отыр” – дей келіп бейбітшілік, бақытты заман үшін күмістей аппақ сақалын қос қолымен сипап, бата

бергені де есімде... Экрандағы Әсіп ата енді сөзін былай түйіп тастады: “Мәуелі бәйтеректің тамыры терең тартып, берік келеді, мен неге жүз жасамаймын, мына өскіндерім жасыл жапырақтай жайнап, құлпырып тұрғанда” деп өзін қаумалай отырған балаларын иегімен нұсқап қойды...

Иә, жүзден асқан әкесін баппен күтіп, мінсіз бағып, перзенттік борышын адал атқарған Сапабектің өзі ол кезде алпыстың асқарына әне-міне ілінгелі тұрған еді. Содан бері де араға он жыл түсіпті-ау. Сапабек 1925 жылы 25 қарашада Торғай облысы, Аманкелді ауданындағы Крупская атындағы кеңшардың Алакөл деген жерінде, ерлі-зайыпты Әсіп пен Ықыш Бекжановтар отбасында дүниеге келді. Аманкелді мен Жанкелдин аудандарында Алакөл атты көлдер бар. Сондықтан мұны сырт жерде ұзын қыпшақ, соның ішінде Кедел руынан тараған, осы атырапты мекендеген Сары деген атаның атын қосып “Сарының Алакөлі” деп те атайды. Осы көлдің ық жағында, оңтүстік шетіне таман жағасы құмдауыт, түбі қайран үлкен айдын болған. Атасы Бекжан Көшербайұлы қыстауын сол жер жаннына салған екен. Көлдің басқа жерлерінде жиекті жағалай жұмыр қода өсіп, судың түбі қара қорыс боп жататын. Ауыл көбіне осы айдын жағасына қонатын. Жағасы құмдауыт айдын ауыз су есебінде пайдаланылатын. Бұл төңіректегі ауылдар оны “Бекжан суаты” деп те атаған. Сапабек туған соң әкесі Әсіп, оның інілері Мінәсіп пен Төлен ержеткен кезде Қойшыбай деген қырдың бауырындағы қалың бидайықтан жаңа қыстау салып алыпты. Немересінің үлкені болғандықтан әжесі Өскей оны баурына салып өсіріпті.

Сапабек үй-іші жағдайына, таршылық заман қыспағына, тағы басқа себептерге байланысты тұрақтап оқи алмады. Бір класты жартылай оқып, келесісін аттап кетіп жүрген кездері де болған. Алайда тумасынан зерек, алғыр бала сол тиіп-қашты оқудан-ақ көкірегіне мол білімнің ұрық-дәнін елеусіз себе бергендей екен. Қауырсын қанат, жас талап тасты жарып шыққан шынардай ауыр тұрмыстың астында жаншылып қалмай, ертеңге елеңдей көз тікті. Қолы қалт еткенде аудандық “Социалистік шаруа” газетіне өлең, хабар-ошар жіберіп тұрушы еді. Көкірегі ояу, санасы ашық баланы байқап қалған редактор Кәрім Жайлаубаев оны 1942 жылдың

күзінде редакцияға іс жүргізушілік қызметке алады. 1943 жылдың қаңтарында Қызыл Армия қатарына шақырылғанша сонда істеп, жұмысына кәдуілгідей төселіп қалады. Әскери дайындықта жүрген кезінде төтеннен қатты сырқаттанған оны елге біржола кайтарады. Бір жылдай өзінің туған ауылы “Жаңа ұйым” колхозында еңбек етеді. 1944 жылдың тамыз айында басқармасы Семиозердағы мал санитарларын даярлайтын курсқа оқуға жібереді. Неге екенін осы күнге дейін өзі де білмейді, мал санитарлық оқуды суқаны сүймеді де, Қостанай қайдасың деп тартып отырды. Онда әкесінің немере ағасы Бірәлі тәтесі тұратын, соның үйінен бір-ақ шығады. Ауылдан ала келген бір қарын май, екі пұт ақтаған тарыны сатып, киінбек болады. Онысы бір соғыс мүгедегінің күрте-шалбары мен көнетоз шинелін алуға ғана жетеді. Бұл түрін көрген тәтесі: “Көне етікпен қалада көрпілдетіп жүруге болмайды”, – деп хром етік алып береді.

Бір күні соны жалтыратып киіп, маңдайшасында “Қостанай облыстық “Большевиктік жол” газетінің редакциясы” деген жазуы бар үйден бір-ақ шығады. Жартылай жертөле үйдің баспалдағымен төмен түскенде, кіре беріс бөлмеде татар қызы сартылдатып машинка басып, шашы бурыл тартқан ашаң жүзді ақсұр кісі қолындағы қағазына қарап қойып, сәлемін алды. Жылы күлімсіреп:

– Кімге келіп едіңіз, – деді.

Ол не шаруамен келгенін айта алмай қалды да (расында мұнда неге бас сұққаны өзіне де беймәлім еді) сасқанынан Аманкелді ауданындағы өзі білетін тілшіні сұрай салды.

– Ахметжан Аманбаев келген жоқ па?

– Ол кісі Аманкелді ауданында тұрады. Әзір келмейді.

Әңгіме осымен тәмамдалды да бурыл шаш кісі қағазын қайыра қолына алып, бірер сөйлемді орысша оқыды да:

– Ал бастадық, – деді. Сосын бір ұзын сөйлемді ежелеп айта жөнелді. Қыз айтқанын айтқанынша басып отыр.

Сапабек не әрі өтіп кете алмай, не кейін қайта алмай сілейіп тұрып қалды.

– Бірдеме айтайын дедіңіз бе?

– Ағай, мақала беруге бола ма екен?

– Әбден болады, әкеліңіз.

– Қашан әкелуге болады?

– Оны жазуыңыз біледі. Қашан дайын болса, сонда әкеле беріңіз.

– Жарайды, әкелейін, – деп қуанып кетті Сапабек.

Соғыс алдында Сапабектің ауылы су түспей қалған жылдары “Қазығұл” деген кішкентай қопаштықты өртеп, орнына бидай себетін. Егіні өте биік шығушы еді. 1944 жылы да сол жерге бидай салып, онысы бітік болған-ды. Сол туралы “Қазығұлда” деп ат қойып, бар білетінін жазды да кешегі кісіге апарып берді. Ол қолма-қол оқып шықты да:

– Е, өзің жаза білетін жігіт екенсің ғой. Суреттемеңізді басамыз! – деді сенімді түрде.

Арада үш күн өткенде ол мақала аты да, сөздері де өзгерместен газетте жарқ ете қалды. Сапабектің сол тырнақалды суреттемесін ұнатып, газетке шығарған кісі “Большевиктік жол” газетінің редакторы Хайыржан Бекхожин еді. Ол кісі кейін тарих ғылымының докторы, ҚазМУ-дың профессоры болып журналист кадрларын даярлауға көп еңбек сіңірді. Келесі жол түскенде сол әзиз аға Сапабекке:

– Бізге жұмысқа келіңіз, – деді аса бір мейірбандықпен.

– Тәтеммен ақылдасып көрейін, – деді ол күмілжіп.

Бұл сөзіне бүгін ғана танысқан тілшілер бөлімінің бастығы Сырбай Мәуленов мырс етіп күліп, ойын келте қайырды:

– Өзіңнің жазуға бейімің бар екен. Жазатын тәтең емес, сен, ендеше мына үлкен кісінің сөзін жерге тастама.

Сөйтіп Сапабек газеттің әдеби қызметкерлігіне практикант болып жұмысқа орналасып алды.

Қыстың қақаған күндерінің бірінде іссапардан суық тигізіп оралған Сапабек жастықтың буымен онысын елемей жүріп-жүріп, 1945-тің жазы шыға төсек тартып жатып қалды. Ем-домның себеі тиді ме, әлде апай төс жас азаматтың мықты ағзасы ауруға шыдас берді ме, әйтеуір тез бой көтеріп кетті.

Тілшілік тағдырдың қамытын мойнына өмірлік ілуді мұрат тұтқан ол енді Аманкелді аудандық “Социалистік шаруа” газетінің жауапты хатшысы болып орналасты. Одан бергі өмірі мерзімдік баспасөзден бір мысқал ажыраған емес. Араға тоғыз жыл түскен соң Қостанай облыстық “Коммунизм жолы” газетінің Аманкелді, Торғай, Семиозер аудандарындағы меншікті тілшілігіне тағайындалды. Бірсыпыра уақыт осы газетте ауыл шаруашылығы бөлімінің

меңгерушісі болып істеді. 1958 жылдың сәуірінде Жанкелдин аудандық “Социалистік ауыл” газетінің төрт бет болып, көлемі ұлғаюына байланысты оны редакторлыққа жібереді. Алматы жоғары партия мектебін бітірген соң “Жаңа өмір” (“Новая жизнь”) деген атпен екі тілде шыға бастаған бұрынғы “Социалистік ауыл” газетінің редакторлығы сеніп тапсырылды. Арада көп уақыт өтпей сол аудандық партия комитетінің хатшылығына жоғарылатылды.

– Сәке, осы тұстарда ғой “Сапабек бағында” шанышылған көк шыбықтардың тамыр тартып, жапырақ жая бастағаны?..

– Әлбетте, – деп ескерусіз қалдырғысы келді менің бұл сауалымды Сәкең.

Алайда Сәкең салмақтылық көрсеткенімен, бәрібір біздің есімізде “Сапабек бағы” жөніндегі ел арасында тараған тәтті әңгімелер қайыра жаңғырып, жоталана түсері анық еді.

Кезінде Сәкең өзі отырғызған көшеттер бүгіндері сыланып өсіп, бүкіл Торғай атырабын көгалдандырып, көркейтуге себеп болғандай еді. Ол бактың күтімі жайлы кезінде республикаға белгілі журналист Сабыржан Шүкіров баспасөз бетінде келелі әңгіме қозғады да. Халық “Сапабек бағы” деп ат қойған сол бақ бар жақсының бастауындай болып, әлі күнге үлкен насихаттық күшке ие екен. Сәкең бұл тұрғысында сөзге сараңдық танытқанымен, көрмейсіз бе әне, ісі ертеңгі күндерге жарастықпен жалғасып бара жатыр...

Сәкеңнің қызмет сатыларын жүлгелей түсер болсақ, оның 1967 жылдан бастап Қостанай облыстық “Коммунизм таңы” газетінде редактордың орынбасары болып істеген кезеңдері өте жемісті болғанын айтар едік.

...Біз Сәкеңнің Алматыдағы кең пәтерінің төріндегі жұмсақ диванда отырмыз. Қашаннан ақжарқын, кең пішілген бітіміне сай мінезге бай, кішімен кішіше, үлкенмен үлкенше сөйлесе алатын және бір ғажабы әңгімешілдігімен мектеп баласынан бастап ғалымға дейін ұйытып жіберетін, көкейіне көп тоқыған, зерделі жанға әркім-ақ үйір, жанына магнитше тартылып тұрады. Сәкең білімнің мәні туралы былайша толғар еді:

– Өз басым білімнің бастауы адамның өзінде, өзінің талабында дер едім. Адам баласының атам заманнан жинаған

білімдері бұрын бұлақ боп ағып, бертін келе өзен болып тасыса, енді дария боп шалқып жатыр. Өзің ұмтылмасаң, ізденбесең олардың ешқайсысы өзі келіп санаға құйылмаса керек.

Сәкеңнің өмірлік кредосы міне, осындай. Жасында білімді мол қарпып қалуға заман қиындығы кеселін тигізген ол, сол олқылығының орнын бертін келе жатпай-тұрмай толтыруға тырысып бақты. Елуге иек артқанда шет тілін меңгеріп, Нұрхан Ахметбеков шығармашылығы туралы тың зерттеулер жазды. Ол еңбектерінің көпшілігі “Жазушы” баспасынан шыққан “Топжарған” атты кітабында басылды. Осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғауының өзі Нұрхан шығармашылығын насихаттау, оны мәңгі есте қалдыру жолындағы алғашқы қадам іспеттес. Мысалы, диссертацияның “Поэтический мир народного акына Нурхана Ахметбекова” деген атпен орыс тілінде шыққан авторефераты жоғары партия, Кеңес органдарынан бастап, бұрынғы Одақтық ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне түгел дерлік-барлығы 84 адреске жіберіліпті.

1970 жылдың наурыз айында Қостанай облыстық партия комитеті С. Әсіповтың ұсынысы бойынша Алматыға хат жазып, Нұрхан шығармаларын бастырып шығаруды сұрады.

Екі жылдан соң “Жасауыл” қырғыны” деген атпен дастандары жарық көрді.

– Мені Нұрханның суырып салма ақындығы, сөздерінің мейлінше бейнелілігі, ішкі мағынасы мен сыртқы ұйқасының, сөздерінің арасына ине сұғуға болмайтындай жымдаса киноласқандығы қайран қалдырушы еді, – дейді ғалым Сәкең ойға батып.

– Оны арнайы зерттеуіме де сол қызығушылығым себепкер болды.

Нұрхан шығармашылығын зерттеу барысында Сәкең республикада айтыс өнерінің насихатталуына көптеген проблемалық мақалалар жазды. Міне, сөйтіп айтыстың ақтангері Нұрхан майталман журналист Сапабекті ғалымдық бейнеттің шыңырауына терең батырып жіберген еді. Ізденіс нәтижелі бола түсті. Соқталы дүниелер бірінен соң бірі туып жатты. Және әрқайсысы сыпыра мақтау, жалаң

баяндаудан ада болатын. Сол мінезге орай айтыс туралы мақалалары пікір таласын өрбітті.

Табиғат қорғау қазіргі заман күрделі проблемаларының бірі екені белгілі. Бұл тақырып та табиғаттың өзіне тартып туған Сәкеңнің бір бүйірінде жүреді әманда.

– Сәке, “Жыр да табиғат қорғасады” деген проблемалық мақалаңыз республикалық жүлде алғанын білеміз? – деп біз әңгімені басқа арнаға бұрғымыз келді.

Сәкеңнің қалың қасы әнтек дірілмен серпілгендей болды да, ойлы жанары бұлттан шыққан күндей өзгеше жадырап, нұрға малынды.

– Менің туған жерім – “Алакөлде”, оның маңындағы Жарық, Қоға деген көлдерде отызыншы жылдарда құс жырытылып айырылатын еді.

Сәкеңнің үні бір түрлі мұңды шыққандай.

– Ана бір жазда барғанымда сол көлдерден 5-6 қаз, он-он бес үйрек қана көрдім. Басқа жерлерде де аң мен құс жылдан-жылға азайып барады екен.

Сәкең белгілі әдебиет, өнер қайраткерлерінің өмірі, шығармашылығы туралы зор талғаммен қалам тербеп жүрген өзіндік қолтаңбасы бар журналист, жазушы. Ол өзіне қатты ұнап, ой тастайтын, толғандыратын ел азаматтары хақында жазады. С.Қожамқұлов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, О.Шипин, С.Шәріпов, С.Мәуленов, Қ.Бадыров, С.Есенбаев, Т.Ахтанов, З.Қабдолов, М.Қаратаев – осындай ардагерлер еді. Олар туралы жазу үстінде Сәкең өзінің де жаңа бір дүниеге, мысқалдай болса да өсе түсетінін жасырмайды. “Творчество адамы туралы жазу қиын, бірақ қызықтығы оны ұмыттырып жібереді” – деп ол жазу-сызу сырын былайша аша түседі.

– Белгілі тақырыпты жазбақ болсам көп уақытым соны зерттеумен, зерттеу үстінде ойланумен өтеді. Газеттік мақала, очерктерді бірден жазып кететін едім. Зерттеу еңбектерімді екі рет көшірмей машинкаға бере алмаймын. Айтар ойдың мейлінше түсінікті болып қағаз бетіне түсуін қатты қадағалаймын. Әрбір сөздің өз орнында тұрып, оқушылардың ойын сүріндірмей, жеңіл оқылғаны, санасына бірден құйыла қалғаны жақсы да.

Сөйлем қысқа құрылғаны, бас-аяғы жинақы болғаны

дұрыс деп білемін. Шама жеткенше осы қағиданы ұстанып келем.

С.Әсіпов үнемі жаңалыққа жақын тұрады. Халқына пайдалы іс тындыру жолында ерінбей-жалықпай ізденіп, ұйқы қашты болып жүреді. Оның тікелей араласуымен халық ақыны Омар Шипиннің жүз жылдығы республика бойынша аталып өтті. Н.Ахметбеков шығармашылығына байланысты көптеген игілікті шаралардың жүзеге асуына мұрындық болды. Ол халқымыздың ұлы актері Серке Қожамқұлов туралы жақсы жаза жүріп, оның драмалық шығармалар бергенін де елге танытты. Мәселен, Сапабек Серағаңның “Айралы шал” деген бір актілі пьесасын іздестіріп тауып, ол туралы автордың мынандай пікірін қағазға түсіріп алады: “Мен оны 1920 жылдың мамырында Торғайға барғанда ойнап едім. Жұртқа ұнағанын көріп Орынборда да ойнап жүрдім. Осыны жазып бер, журналға басайық” деп Ерғали Алдоңғаров қоярда-қоймай жаздырып еді”. (“Қазақ әдебиеті”, 15 ақпан 1985 ж.).

Әңгіме бір сәт Сәкеңнің өз шығармашылығына ойысты. Т.Ахтанов жөнінде “Большой художник слова”, О.Шипин туралы “Ақын дауысы” деген зерттеу кітапшалары шығыпты.

Оның қаламынан туған “Еменнің жасаруы”, “Ауыл перзенттері”, “Топжарған”, “Ә.Жанкелдин”, “Ыбырай Алтынсарин – ұлы ағартушы”, “Қазақтың ақындық лениниадасы”, “Қазақ қасіреті” секілді кітаптарын оқырмандар жылы қабылдады. Сондай-ақ Қазақстанның халық суретшісі Молдахмет Кенбаевтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде жазған “Кемелдік жолы”, өмірбаяндық “Аңшы баланың әңгімелері” кітаптары да өте қызғылықты.

Сәкең тұңғыш Қазақ Кеңес Энциклопедиясын шығаруға Бас редактордың бірінші орынбасары болып жеті жыл беделінде белсене қатысқаны үшін 1979 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградталды. Бұдан басқа да көптеген медальдардың иесі. Қазақстандағы жер қатынастары хақында жазған мақалалар сериясы үшін “Қазақ әдебиеті” газеті мен Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарына ие болып, лауреат атанды. Жетпістің желкесіне енді қонар тұста Қазақстан Жазушылар одағы Сәкеңнің бойына біткен қаламгерлік дарын-талантын мой-

ындап, оған жазушылық билетті “ештен кеш жақсы” деп табыс етіпті...

Ғалым, журналист, жазушы, азамат! Сәкеңе қысқа баға бермек болсақ, осы тіркестер “мені айт, мені айт” деп, тіл ұшына тіреледі. Торғайдағы “Сапабек бағы” да осындай ой түйюімізге итермелейді. “Ұшқыннан жалын” демекші, сол бақ тек ел мен жердің көркін үстеуге ғана ұйтқы болған жоқ, сонымен бірге әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, ғылымымыздың, қазақ журналистикасының жемісті бұтақтарын көбейте түсуге себесінін тигізуде. Оған Сәкеңнің ағалық ақыл-кеңесімен өсіп, өркендеп, қанат қағып жатқан шәкірттерінің аяқ алысы куә. Бұлар да сол саялы бақтың сәмбі талдарындай ғой. Міне, сол үшін де Торғайдың бел баласы Сапабекке әр кез ыстық ілтпатымызды білдіруге асықпыз. Жақсының жаны жадыраса, маңайына шуағы төгіледі, шарапаты тиеді...

Оның отбасының өнегесі де өрісті екен. Марқұм жұбайы Фарида Махмұтқызы екеуі екі қыз – Дина мен Сәулені, екі ұл – Серік пен Маратты тәрбиелеп өсірді. Қыздарын қияға, ұлдарын ұяға қондырды. Бәрі де жоғары білім алды. Жиендері – Темір, Наджия, Гауһар, немерелері – Рүстем, Сұлтанмахмұт, Әлия желкілдеп өсіп келеді.

Орыс данышпаны Лев Толстой: “Нағыз еңбек жай ауанды, бір қалыпты, елеусіз болады” деп ескертсе, осы мінез – қасиет қазақ жазушысы Сапабек Әсіповтың бойынан бек табылып жатқаны көп үміттендіреді, қуантады.

1995 ж.



“ӘЙ-ӘЙ” АҚЫН

Мен сені бала кезіңнен жақсы білетін едім ғой, Қонысбай! Көкалатта шаранаң кеуіп, Аралбайда оқуға бет түзедің, мүшел жасыңа жетпей жатып, өнеріңмен ел ілтпатына бөлене бастап ең. Сенің сәби жүрегіңнің ғазиз анаға деген іңкәрлігін дөп басып жеткізген тұңғыш әнің – “Бала махаббаты” Торғай өңірінде сазды әуенімен “та-

сты жібітіп” жатқанда, мен Камышнин жағында жүр едім. Ол кезде Қостанай халқына ән-жырмен тағзым етіп жиі сапарлайтын Нұрханның ізбасарлары Бестауды да басып өтетін, сәл аялдаған шақтарында ауылды думанға бөлейді, өмірді әнмен өрнектеп, тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырып кетеді. Содан бір топ өнерпаз мінген машинаның шаңы сейілгенше қолқамыз үзілгендей болып қоштасып, сағынышымызды сенің әніңмен басатынбыз... “Аялап баласын. Мәпелеп өсірген, Мың алғыс анашым!” “Бұл мен білетін Қонысбай баланың әні” дейтінмін сезім жетегіндегі өңкей “әнші” болып кеткен серіктеріме мақтанышпен. “Сонда ол композитор болғаны ма?” деп таңырқайтын бәрі. “Композитор болды дегенің осы” дейтінмін мен сенің әлгіндей бойды шымырлатып, балқытатын, өзімнің туған анама деген махаббатымды әлдебір құдіретті уілмен жеткізуге көмектескен сиқырлы сазыңнан соң түбі бір жерден жарып шығатыныңа қалтқысыз сеніп.

Жарып шықтың ғой! Сенімді алдамадың. Сенің бейнең теледидардан кетпейтін болды, айтыс біткеннің ақтангері атанып, жүлдеден жүлде жүлгелене түсті. Есіміңді халық аузынан тастамай, сені «әй-әй ақын» деп, атап кеткенін сезетін де шығарсың. Халық өзі сүйген, мәпелеген, әлпештеген, асылдың көзіндей ірі тұлғаларына әспеттеп ат қоя білген ғой. Сенің тойыңа, Қонысбай, жеткенімше асығып, самолетке шұғыл отырғанымда да «ал енді оның «әй-әй» ақын» аталуының сыры қалай екен?» деген сауал кеудемді тепкілеген. Тойың деп отырғаным – творчестволық кешің еді, кейін көзім жетті, қателеспеген екенмін – тойдан артық өтті ғой...

... Әй-әй – сырына сол кеште жиналғандарға қайтарған жауабыңнан қанықтық... 1984 жылы Алматыда кемел ақын Кененнің туғанына жүз жыл толуына орай ұйымдастырылған республикалық ақындар айтысында қостанайлық Әсия Беркеновамен сайысқа түскенің күні кешегідей жадымызда. Әніне сәні сай, Сараның нақ бір сіңілісі дерлік Әсиямен айтысу оңай емес еді, тіл – семсер ғой, қыбын таптың. Есімі ескерусіз қалып жүрген Бейімбетті, Елубайды еске сала келіп, театр саңлағы Серке жайлы былай түйдің:

Ертерек таусылмаса алар демі,
Әлі де жұлдыз болып жанар ма еді.
Торғайдың театры болмағанда,
Білмеймін о да атаусыз қалар ма еді!–

«Әй-әй-әй» – ға басып, өкінішпен бас шайқап, зарлы үнмен жүректерді тілгілеп отырып алдың. Оған шапалақ сартылы қосылғанда сенің қарақан басыңның емес, халық қамын, оның арман-мүддесін жоқтай алатының бесенеден белгілі болып тұрды. Бұл қошемет те азаматтығыңа, ақындық алғырлығыңа берілген әділ баға еді. Кейін қонақ үйге «Вечерняя Алма-Ата» газетінен телефон шалынып, «әй-әй» деп, бас шайқауыңның сырын түсіндіруді өтінгенде берген жауабыңа тілші керемет риза болған екен. «Өзім де солай болжап едім» – деп, «әй-әй»–дің көркем, сұлу, әдемі секілді баламаларына қаныққанына жерден жеті қоян тапқандай қуанышты.

Мен сені осы жолы ғана туралап көріп едім. Кескін-келбет жарасып, жанар жәудіретсе, қолыңа қасиетті үкілі домбыранды алғанда зал іші журналистер жиі қайталай беретін “сілтідей тынудың” орнына дүркірей дүрлігетінін кайтерсің.

“Әй-әй” – дің арқасында халқым мені, Ішінен жүз ақынның танып алған” деп, бекерден-бекер айтпайды екенсің.

“Әй-әй” ақынның кешін жүргізіп отырған радиожурналист, ақын Нағашыбай Мұқатовтың шешендігіне, зал тізгінін уысынан шығармайтын уытты, әзіл-қалжыңы аралас тегеурініне жұртшылықтың көңілі толды. Ол жанбай жатып өшкен, өндірі талант марқұм Марат Нұрқалиев екеуің мектеп қабырғасында жүріп шығарған “Сені іздеймін” әні үшін педсоветке түскендеріңді “бүлк” еткізгенде, көрермендер бір серпіліп қалды.

Кеңестік мәдениет қорының Арқалық қалалық бөлімшесі жасаттырған құлақтандырудан оқып, білуімше, бұл кешке арнайы қатысатындардың ішінде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, Республика Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулетов, Қазақ КСР-інің халық ақыны Көкен Шәкеев, қостанайлық айтыскер ақын Әсия Беркенова бар еді. Осылардың ішінен жол қиындығын тәрік етіп жеткеннің бірі – Ұлықбек сахнаға көтерілді. Ол

одақ атынан саған творчестволық табыс тіледі, студенттік шақтарының мөлдір үзіндей жыр белгісі –

“Қонысбай-комбайншы” деген өлеңі бар екендігін айтты. “Шертердің” көркем сөз оқушысы Кеңес Бірмағанбетова сенің үш өлеңіңді нақышына келтіріп, тақпақтады. “Желді күн, жас ару”, “Жедел жәрдем дәрігеріне” және “Жол үстіндегі тілек” творчестволық қарымыңды алуан қырынан танытарлық дүниелер екен.

Әне, Нағашыбайдың Ғазиза Жұмекенованың есімін жартылай атағаны сол еді, көрермендер дуылдата қол соғып, қуанып қалды. Өзіне деген ыстық ықылас майталман әншіні қанаттандырып жіберді білем, сөзі Ұлықбектікі, әнін сен шығарған “Мәңгілік от басынданы” шабыттана шырқады.

Өзіңнің қолтумаң “Бақыт туралы баллада” да сәтті шықты. Ғазиза әнмен бірге еріп кететін әнші ғой! Әйтпесе, тыңдаушысын еліктіре алмас еді, баурамас еді. Тағы бір себебі барын ескертсем, әлдекім сені жадағай мақтап кетті демес. Өнер жайлы дөп айтпаса оның киесі кешірмейді, иесінің үнін өшіреді. Әрине, көңілі үшін қолпаштаудан асқан дерт, кесепат тағы жоқ. Бір шындық барын несін жасырамыз – әлгі екі әннің әуені жүректен шықпағанда, сенің композиторлық қуатты “илеуінде” иі қанбағанда жұрт алдында Ғазизаның да дәрменсіз қалары анық емес пе? Сондықтан да шығар, “әні де, әншісі де мықты ғой” деген сөздерді бірнеше рет құлағым шалғаны.

Ақтайлақ Ыбыраевпен осы сапарда етене таныстым. Ол Целиноград облысы Қорғалжын ауданының “Баршын” совхозында агроном болып істейді екен, туған ағасы Абайды ертіп, сенің кешіңе әдейі келіпті. Елпілдек жігіт оңаша әңгімелескенімізде біраз сырға қандырды. Қарағандыдағы айтыста өнер көрсеткенін, сенің сол жолы жезқазғандық Шымболатпен додада оның мүдіріп қалған сәтін пайдаланып, таспадай өрген “Не жетсін” терменді осы кеште орындамақ ойы бар екендігін сездірді. “Қонысбайдай ағаның жетегінде шыңдала берсем деймін” дейді ол. Ақтайлақтың аңсары айтыскерлікке біржола ауғанын ұқтым. Ол бұл бет түзеген бағытына адалдығын сенің терменді орындау үстінде баршамыздың көзімізді және жеткізді. Терменің терең иіріміне кең дауыстың күдіреті ғана шыдас бергендей.

Сахна төріне Нұрхан Ахметбековтың портреті ілінді. Оның астындағы ірі жазуларды оқи жөнелдік: “Абайдай ұлы болуды, Армандап әркім өтеді. Ал өзіме Нұрхандай, Ақын болсам жетеді”. Өзіңнің өзекжарды сырың. Әсерден айығып үлгермедік, Кәдіржан Хасенханов “Нұрханды сағыну” атты іңкәр-жырыңды төкпелетіп әкетті. Несін айтасың, Қонысбай, сағына білген жақсы ғой!

Жанкелдин аудандық мәдениет үйі жанынан “Күлкі” әзіл-оспақ отауы құрылған екен. Өзіне “Торғай тамашасы” деп келістіріп ат қойыпты. Сахнаға кілең “қылжақбас” өнерпаздар шыққанда залдың езуі күлкіден жиылмады. Олар мұның алдындағы бір кешті қалай дүбірлеткеніне өзім куә едім. Бір қойылыммен шектелмек екен, “халық өтінішімен екінші сеансқа билет сатып жатырмыз, – деп жанығып жүр Торғайдан өнерпаздарды күннің боранына қарамай жеткізген мәдениет жөніндегі аудандық комитетінің председателі Қойшы Сәрсенгелдин, – “Күлкінің” құдіреті қоятын емес. Әлгінде өзіңіз көрдіңіз”. “Мүмкін Қонысбайдың құдіреті деуіміз дұрыс болар” дедім, мен “Күлкінің” күллі сценарийін Қонысбайдың жазғанын мезгеп.

Расында да, “Күлкі” шынайы күлкіге қандырды. Қонысбай, онда өзің де көрермен болып отырдың. Соңынан сені сахнаға шақырды. Жүзің жайнап, мерейің асып, өркештеніп тұрдың. Сені қаумалаған Торғай таланттары: Ы.Ғұбайдуллин, Б.Досымов, Б.Молдашев, Р.Орынбекова және басқалар “сатирик ақын, жазушымыз Қонысбай осы!” дескендей, жанарларынан нұр төгілтті. Енді сол бағдарламадан бүгін орындалған үзіктер кейбіреудің бойында “әттеген-ай, кеше келіп түгел көре алмадық-ау” деген өкінішті тұтатқандай еді.

“Күлкінің” көрігін әдейі басып, отын маздата түсейін дегендей, іле сахнаға белгілі сатирик ақын, жазушы Сейіт Кенжеахметов шыға қойды. Шаршы топ алдында түлеу, түрлену, тауып айту екінің біріне жазбаған шығар. Сейіт “сайқымазақтығына” басып, сенің барлық табыстарыңды, жақсылықтарыңды жіктейді де, әрқайсысын “мен сияқты” деп қайырып қояды. Бір сәт кілт ете қалды: “Қонысбай творчестволық кеш өткізіп отыр, бірақ мен емес сияқты”.

Қыран-топан күлкі. Сонда есімізге түсті: қадірлі Сейіт ағамыз осы жыл аяғында елуге толып қалады екен. Сонда

тәтті бір ой басымызға шапты: “творчестволық кешін облыс орталығында өткізсе ғой”. Кеш, демекші, Қонысбай, сол жолы ойды ой түртті, таланттарды насихаттауға әлі де шорқақтауымыз ба, қалай? Әйтпесе Арқалықта тұратын әншілер Ғазиза Жұмекенова мен Сайлау Ордабаевтың, ақын Әбжан Әбілтаевтың, Қостанайдың “Сарасы” Әсия Беркенованың, ақын Ақылбек Шаяхметовтың творчестволарына арналған тақырыптық кештерді ұйымдастырса, нұр үстіне нұр болар еді-ау. Мерейтойды күтпей-ақ, таланттарға құрмет көрсетіліп жатса, ұтарымыз молығар еді. Тағы бір мәселе: осы кешті Жанкелдин, Аманкелді, тағы басқа аудандарда қайталап өткізуге болмас па еді? Халқы сүйген “әй-әй” ақын елін аралап, есеп беріп жүрсе, идеологиялық жауынгер ретінде қабылданбас па?

Атақты ақындарымыз кезінде көшпен ілесе еріп, өнермен сусындатпады ма? Ақынға ағын судай “жиһанкездік” тән. Жаңа есіме түсіп отыр, сол кеште саған залдан түскен жазбаша сұрақтар қарша борап кетті-ау. Жауаптасудың арасында өзіңнің “Әкеден ұл туса игі”, “Отызды қалдым орталап”, “Торғайдың топырағы” атты шығармаларыңды орындап бере отырып, уәжді сөздер айтуға да үлгердің.

Мектептерде қазақ тілін оқыту, балабақшаларында қазақ топтарын ашу мәселелеріне тоқталдың. Поэзия, айтыс өнерін дамытудың проблемаларына үңілдің. Елімен қайта табысқан үш арыстың бірі – Ахмет Байтұрсыновтың мұраларын жинастыруға үндеп, оның есімін мәңгі есте қалдырудың жайын жіктедің...

Не керек, тағылымды кеш болды. Тарқап жатқан жұрттың бірі “кісілігім тартса болды әкеме, ал ақындық басқа қонған бақ шығар”, – деген сөзінді тірілітіп, ыңылдағанда несін жасырайын, көзіме сенің әкең марқұм Искендір мен шешен Рысты елестеді: екеуі де ұят пен ардың төртөбелін ерттеп мінгендей ортасына сыйлы, сабырлы еді...

... Сенің жұмыс бөлмеңде ақиық Нұрханның үлкейтілген шынылы суреті ілінген. Жо-жоқ, оқырманым, манағы сахна төріндегісі емес, басқасы. Соның қасында “әй-әй” ақын Қонысбайдың үкілі бөрігі, омырауы оюланған шапаны, жезден ноқаты бар белдігі, жан серігі – домбырасы жарасымын тапқан. Бүгінгі кештің ыстық ықыласы түйілген алқызыл

ленталы және бір нарт қызыл шапан қосылды. Лентадағы “Арқалық қаласының құрметті азаматы” деген жазу көз арбайды.

Дана Нұрхан күнде сенің тілеуіңді тілеп отырғандай болса, бала Қонысбай былай деп, ант бермей тыншыр ма:

Жыр етуге елімнің жарқын ісін,
Арналады өнерім, талпынысым.
Әл кеткенше қолымнан, домбыра ұстап,
Ән салумен өтемін халқым үшін!

*Талантыңа іңкәрлікпен: Қайсар.
1989 ж.*



ЖОМАРТТЫҢ ЖАН ТҮПКІРІ

Философ, көсемсөзші, әдебиетші Ж. Әбдіхалық шығармашылығының тылсымы терең иіріміне үйірілте тартады

* * *

Қаламгер мақсаты дегенді қалай түсінгеніміз жөн? Көпіртіп жазды, газет-жорнал бетін бермейді, аракідік радиодан саңқылдап сөйлеп, телеарналардан келбетін көрсетіп қояды, кітаптары балалап, тізбектеліп жатыр... Сонымен, есімі еліне әжептәуір белгілі екен. Мақсат тиянағы осы ма?

Ал Жомарт Әбдіхалықтың пайымы қалай? «Журналистің талғамы мен ар-ожданы, биік парасаты мен патриоттық адал сезімі дес алған жерде ешқандай әпербақандық, ақша құмар ашкөздік, әділдіктің, ақиқаттың ала жібін аттауға себеп болмайды деп сенемін», – дейді. Бұған халықтық, әлеуметтік мүддені, адамгершілік дәстүрлерді бәрінен де биік қою арқылы дйттеген мақсатқа жетуге болатынын және пысықтайды.

Мақсатсыз жанға нұр құйылар ма? Мәуелі жеміс ғайыптан, аузына үзіліп түсер ме? Мақсатына жетпеген адам бақытқа кенеле ме? Тағы Жомартқа сұраналық. «Бақытты кім?» деген сауалға данышпан Фалес: – Кімнің тәні сау, рухы сабырлы болып, бойына біткен қабілет-дарынын жетілдіре түссе, сол

адам бақытты,– деп жауап беріпті. Осы ойға жүгініп, терең пайымдаған Жомарт, өз білімі мен іліміне, философиялық сарабына сүйенеді де: «осы үш өлшемге, ең азы, қосымша үш мың талап қосыла айтылғандай көрінеді маған»,– деп түйіндейді. Бақыт туралы әлгі айтылған үш өлшемге Жомарт үш мың талап ілістіре қояды. Саралаңыз. Бақыт тіпті де оңай жаңғақ болмай шығыпты! Бір сәт Жомарттың талаптарына осы болары кәдік-ау деп, ой көзімен саралап көріңізші... бақыт сатып ала қоятын бойтұмар емес екен, өмірлік мақсатыңның мазмұнынан, істеген ісіңнен түзілген теңіз түбіндегі інжу-маржанға ұқсайды-мыс. Ал теңіз түбінен асыл- жақұт теруге екінің бірінің шыдамы, күш-жігері, айла-амалы жетер ме екен?.. Бірақ талпыныс мұраты – мақсатты дйттейтінін ескерсек, бақыттың ауылы сонша алыс еместей көрінетіні тағы бар... Бұл ретте де Жомартқа жүгінбей, сөздің әрі, ойымыздың мәні кірмес. «Белгілі бір мақсат қойған адам сол жолға сәйкес іс-қимыл жасап, талпына берсе, бағын жандыратын нәтижеге жетпеуі әсте мүмкін емес,– дейді ол ой көрігін жалындата қыздырып. – Ал алдыңа айқын мақсат қоя білу үшін қандай ақыл керек?! Мұны, жеңіл-желпі талпыныспен еш уақытта аттап кете алмайсың. Демек, ақылыңа сай мақсаттар ғана тіршілік дидарын әйгілемек!» Жетелі сөз! Демек, мақсат – талпыныс бірлігінен бақыт басы қылтиятындай әсерде қаласыз...

Сонда, қалай, Жомарт бақыттылар санатына жата ма, өзі? Шүкір, денсаулығынан тәні шайлыққан жоқ. Маусымдық аллергиядан көзі жасаурап, қызарып, жазып жатқан қағазына төніп түзеліп, төніп түзеліп, көк сиямен сұлу да өрнекті жазуын бипаздап түсіріп, кабинетіне тосыннан кірген бізге: «алаңдамаңыз, аллергиясы түскір ғой, соқтықпалы қинайтын, әйтпесе, жалпы басы-қарыным дін аман»,– деп қатар келіп қалған түшкірігі мен көз сорасына қол орамалын алма-кезек сырғыта бастаған-ды. Тапсырыс - мақаламыз бар еді, соның жайын айтқызбай-ақ, кінәлі кейіппен өзі ақтап алып жатыр. Жуырда індетіп қолға алып бітіріп, жеткізіп бермекші... Жеткізе алмады... Уәдеге жоқ еді. Кенеттен қиылып кетті... Өмір жолында, ой нөпірінде, қалам шаруасында үзілді. Көркем Көкшетауға таң елеңінде жетіп алып, облыстық сессияға өзі бас боп шығарып жүрген «Арқа ажары» газетін

жаймалап көрсетіп, алғы күндерге жоспар құру мақсатымен алып-ұшып келе жатқан. Көлік жылдамдығынан шыр айналған сұлу Бурабайдың ғажап көрінісіне көз тіктей бере... арғы жағы... жұтылып кетті!..

Бақытты болмаққа рух сабырлығы керектігін айтқанбыз жоғарыда. Бір ақылға жетерлік сабырлы еді-ау, сабазың. Оқып-тоқыған шағында, отбасында, жолдас-жора арасында, газетті он жыл басқарған қызметінде, небір саясатпен шарпылған қоғамдық жұмыс қимыл-әркетінде сабырлығы сұлу бейнесін, биязы мінезін, алшаң басқан адымын жағымды түрлендіріп, ішкі буырқанған сезімін сыртқы байсалға жеңдіріп, «жігіттің нағыз төресі екен» дегізерлік қызығушылық пен қызғанышты түртіп оятатын сабатты да нулы жердей алабөтен жаратылыс еді-ау! Әне, өр рух, сирек мәрттік, салихалы ізеттік тал бойынан табылатын Жомарттың құйма-қалыбы «иә, ол бақытты болуға жаратылған пенде» деген тұжырым жасататын. ...Зерендіде Елбасымен сапарлас болып, кейін оңаша қалғанымызда, Жүкең қою қарағайлы орманның аясына салынған шайханада еркін жазылып сыр бөліскен. Шаршап жүргенін, газеттің әбден титықтатқанын, кесек дүниесін жазуына мұрсат жоқтығын, әне-міне, төбесі көрініп тұрған алпыс жасқа шығысымен, жоғары оқу орындарының біріне оқытушылыққа ауысып алмақ ойы бер екендігін камшы салдырмай-ақ судырата жөнелген. Әңгіме ауанынан, көзіндегі мұннан, жүзіндегі кіреукеден «көп жазуым қалып барады-ау» деген сыңайлы түңіліс сезілген-ді... Содан өзі де көп ұзамады ғой...

Грек философының әлгіндегі бақытты әспеттеген үшінші өлшемі қандай-ды? «Бойына біткен қабілет-дарынын жетілдіре түссе, сол адам бақытты», – деп түйінделгенін тағы еске салайықшы. Жомарттың құдай берген қабілет-дарынында шәк жоқ. Оны ой әлемімен, түйін-тиянағымен, парасат-пайымымен, терең теориялық білімімен, жан-жүрегі сорғыштай қабылдаған бай ілімнің сала-саласының, атап айтқанда, журналистік, философиялық иі қанған талғампаздығымен даралап, әрлі-бояулы, ұлттық нақышты ою-өрнек дәлелімен үстемелей түсіп, дәлелдеп берер едік. Оның көкірек көзі жіті еді. Өзге көрмейтінді іліп-шалатын. Астарлы көріністен айқын сыр түйе қоятын. Кешегіні қоясын

ақтарып бұтарлап, бүгінгіні індете паршалап, ертеңнің болжамын дәлдікпен қолға ұстатқандай ететін, сөйтіп қастерлі де қасиетті білімпаздығын ойына текшелеп жинап, қажетті жерінде сол лағылдарын жарқ еткізіп, тамсандыратын.

Жомарттың өмірлік ықыласымен әрі ынты-шынтымен берілгені: «оқыған– біледі, тоқыған – тұтады» деген тұжырыммен суарылған. Өзінің сөзімен бейнелесек: «Таңдап, талғап оқу, құр ермек үшін емес, танымыңа демеу, тіршілігіңе жебеу болатын дүниелерді індете жүріп іздестіре оқу – ғажаптың ғажабы» – деңгейіне көтеріледі екен. Сондықтан да болар оның « Жаңа кітап – беті ашылғанша, жат жұртқа жаңа келіп түскен жас келін тәріздес пе, қалай,– жүзіне көз тоқтатып, дидарын тани бастағанша, үміт-тілектеріне тоят таппай дал ұрасың»,– деп кітапқа құштарлықтың сырын бейнелеп, дөп басып айта білуі.

Иә, ол кітапты анасындай сыйлады, әкесіндей ардақтады. Дүкен сөрелерін сағаттап сүзіп тұрып алатын. Қолтығына қызықтап қысқан бір кітап оны жер-көкке сиғызбай үйіне дедек қаққызатын. Бас алмайды. Өзін ұмытады. Басқа әлемде, өзге тіршілікте салтанат құрғандай, құмыға түседі. Әдетте жанын сала оқитыны – ғылыми, философиялық кітаптар. Өткен дәуір, әсіресе, XX ғасыр ойшылдарының заман жайын, адам тағдырын тәптіштеген еңбектері. ...Ғаламдық құрылымды, қоғамдық құбылыстарды түсіну, әр замандағы адам тіршілігінің аңысын аңдап, олардың тарихи тағдырын, болмыс-жайын сезіну – мүлде ұшы-қиырын ұстатпайтын әлем. Соның кіндік арқауын тауып, кілтін ұстауды әр қоғам, ондағы әр алуан ақыл иелері өзінше шарқ ұрып іздеумен келеді. Біздің замандастарымыз да дәл бүгін ондай күйден ада емес. Қаншама тарих, қаншама қоғам өткен дүниеден. Міне, мына заман, бүгінгі адам – осылардың хал-күйі, кешкен күні қандай? Бұл адамдардың тиянақ табар, тыныштыққа кенелер күні бар ма? Ондай мекен қай жерде?.. Дүдәмал сұрақ көп, орнықты жауап жоқ. Осының шиырланған қатпарларын кітап арқылы шешуді ол ғұмырлық әдет, әуестігіне айналдырғаны, қашан?

Орта мектепті ана тілінде бітірген Жомарттың білім желкені қанатын кеңге жайды. Орысшаны жетік меңгерді. Баяндамалар жасап, көпшілік алдына суырыла сөйлейтін

боп қалыптасты. Қиналған. Қиындық қайтарымы – жеңілдік екен, мерейленді. Бүгінгі Астананың ізашарлары – Ақмола, Целиноград қауымына ұлттық тіні дараланған тұлға боп қалыптасты, танылды, сүйсіндірді. Үш баласы орысша бітіріп, өздерінің ана тіліндегі асыл қазыналарды оқуға, өз беттерінше түсініп, пайымдауға шорқақ болғаны жанына қаншалықты батса да төл тілінің үстемдігі үшін күресін бір сәт те бәсеңсіткен жоқ еді...

Оның оқу қабілеті сирек құбылыстай таңдай қақтыратын. Өмірге оқу үшін келгендей, өзге дүниені тәрік ететін. Даналықтың алуан түрлі нұсқаларын теріп біліп, одан философиялық қағидаларды жүйелеп, таратуға көнтерлікпен ысылған еді. Сократ пен Диогендер... Будда мен Конфуций, Фалес, Солондар... Ежелгі үнді, Түрік, Мысыр, араб-парсы әлемі... Бәрі-бәрін атай келіп, көз жетер тарихтан өз топырағымызға аяқ тіресек, Қорқыт баба, Майқы би, Баласағұндық Жүсіп, Әл-Фараби... Ақтанберді, Қазтуған... Асан қайғы мен Бұқарлар... Жалпы қазақтың мың бір шешені, жүз бір биі, хандары мен батырлары қалдырған ілкі мұралары – тіршіліктің нағыз Даналық нұсқалары екендігіне шәксіз көз жеткізер еді.

Газетке басшылық жасап отырып, оның ыңыршақ айналдыратын қат-қабат қарекетінен тыныс алған сәтте оқуға осылайша сарсылып отырудан не пайда тапты екен? Сыдыртып оқи бермей қаламына да тыным бермепті ғой, жарықтық. Жазғандары және қандай! Еш әсіресіз айтсақ, қынабынан суырылған алмас кездіктей жарқ-жұрқ етеді. Кез келген шығармасын тұшынып, рахат сезіммен оқисыз. Сапырылған сөз тасқыны емес, сананы оймен сәулелендіретін пайымы келісті, терең мәнді, асқақ пафосты, өміршең дүниеге сусын қандырасыз. Мәселенки, бір кітап туралы рецензия жазды ма, ол туындыны мың кітаппен салыстыра қарағандай болып, жалқыдан жалпы пікір туындатып, мол мағлұматпен көмкеріп тастайды. Мақаланың бас-аяғы жұм-жұмыр, бірекі беттік қана. Ал одан көл-көсір білім ұрығы шашылып жатқандай еді... Сарабы қандай, түйіні қандай? Тамсандырады. Сөйтсек, бәрі миға жинаған білімінің ұшқыны екен ғой... Жазғанынан білімі көрінбесе, бәрі бекер екен-ау! Сылдыр суша ағады да кетеді.

Жазғанының салымы бар ма Жомарттың? Бар болғанда қандай! Әттең, әттең... жазылмай қалғаны қаншама! Көзі тірісінде бір ғана кітабы шығыпты. Өкінішті-ақ! «Шарболат сенім» – философиялық-публицистикалық проза. «Бұл кітаптың атауын осылай атадым, – деп түсінік беріпті автор. – Сенім неге «шарболат» ұғымымен өрімдес болуы керек? Мен оған неліктен мән бердім?.. Сеніміңді шарболаттай шымыр, серпінді ету – ұзақ жол, үздіксіз еңбек, тынымсыз ізденіс пен талпыныстың жемісі...Адамның қай кезде неге, қалай сенгенінің ізі оның өмір жолының өн бойында сайрап жатуға тиіс. Оның тіршілігі қалай өткендігіне және қалай өтетіндігіне басқаша дәйек жоқ. Сенімің – күшің. Сенімің – ісің. Сенімің қандай болса – өмірің сондай. Қате, жаңсақ, жемісті-жеңісті істеріңнің бәрі таныммен, сеніммен сабақтас. Басқаша болуы мүмкін де емес». Бұған не алып-қосарсың?

Сонымен, «Шарболат сенім» қандай кітап? Оған Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде баспасөзде жарық көрген таңдаулы публицистикалық туындылары және эстетикалық-философиялық проза жанрында жазылған жаңа еңбектері жинақталыпты. Автор бүгінгі қоғам мен Адам проблемаларын тарихи жаңа мүмкіндіктер мен нақты өмір аясында қарастырады. Мына өріс ала бастаған демократиялық үрдіс, өркениеттер беттесуі, бүкіл әлемді қамтыған жаһандану нышандары өмірімізге тағы қандай тосын өзгерістер әкелмек? Біз қандай бағытты сеніммен қалап, қандай құндылықтарға табан тіреуіміз керек?

Қоғамдық өрістерде жеке адамдар берік таңдау жасап, тегеурінді әрекеттер арқылы нық сеніммен өмір сүруі үшін олар тиянақты танымға, өмірдің өркенді күштеріне арқа сүйеуге тиіс екен. Жомарт кітабының темірқазық идеясы да, автордың ең негізгі лейтмотив кредосы да осы сұрақтарға жауап іздеу. Міне, бұл кітап осынысымен де құнды.

Көрнекті қаламгердің артында қалған мұрасы – үш кітап! Бұл әзірге шығып үлгергені. Басқа қолжазбаларының тағдыры беймәлім. Ретімен айтсақ, екіншісі – «Әлем ойшылдары мұрасынан» сериясымен шыққан «Ой – қазына антологиясы. XX ғасыр» жинағы. Жобаның авторы Ж. Әбдіхалық бұл жинаққа әлем ойшылдарының үлкен легінің туындыларынан үзінділерді топтастырып беріпті. Сөйтіп

қазақ оқырмандары тұңғыш рет ХХ ғасырдың қоғамдық, саяси-әлеуметтік, философиялық ой-қазынасына әбден ден қоя алады. Сондай-ақ Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының ақыл-ой мұрасымен де кеңірек танысуға мүмкіндік мол. Және де мәдени-рухани өміріміздегі алғашқы қадам болуымен де маңызы зор еңбек. Ғасыр қазынасы жаңа мыңжылдық бастауында Тәуелсіз Қазақстанның ілгері тартқан көшін түзесуге, сөз жоқ, септігін тигізеді деген ой-дамыз. Көкіректі күйініш кернейді, антологияның жобасын құрастырып, баспаға әзірлеп, оған редакторлық еткен аяулы қаламгер көз майын тауысқан бұл еңбегін көре алмай кетті... Гапыл - дүние десеңші...

Келесі кесек туындысы – «101 толғам, 1001 түйін». Философиялық байып. Орасан ойшыл азаматтың артында қалған теңдессіз мұрасы. Өзі көрмесе де қалың елі қазағының көз қуанышына айналып, ой-өрісін байытқан өміршең шығарма. Автор онда адам, қоғам, заман сырларына талғаммен зер салып, өмір құбылыстарына сындарлы көзқарасын білдіреді. Кітаптың айрықша бір ерекшелігі: қазіргі қоғамдық-әлеуметтік ахуал, мәдени-рухани үрдіс, адами болмыс сыры бүкіл адамзаттық дамудың аясында және тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі, болашақтағы өркениет, демократия, жаһандану жағдайына байланысты ой тезіне салынып, өрімделуінде.

Енді сол телегей талғамды, терең тамырлы түйсік пен түйіндердің бірсыдырғысына көңіл аударып көріңіз: «Мөлшерсіз талғам, өлшеусіз тілек – өмірдің құты емес, қиянатына, тіпті қасіретіне алып келеді»; «Өкінішке қарай, көптеген қандастарымыз, қайсыбір отандастарымыз, шынтуайтқа келгенде, ізгілікті, асыл, асқақ сезім, шарболаттай берік сеніммен өрілген мұраттардан мақұрым»; «Әрине, шегіне жеткен қайшылықтардан әйтеуір бір апат болмай қоймайтыны ойлантады...»; «Өзінің жеке мүддесін көксегендер ұлтына әділ болады деп сену – қотанға қасқырды «паналатқанмен» бірдей»; «Фольклорлық деңгейден өзін жоғары санайтын қазақтар өзінің ұлттық тегінен әлдеқашан қол үзгендер десе болғандай...»; «Қазақта, ұят та болса айтайын, өзінде барды ұқсатпау былай, оны елемейтінін мақтан көретін де мінез бар»; «Біреуге кінә артып, мін

тағудың себебі көп, ал оны ұғып, түсінудің жолы – жалғыз: тек өзіңнің кісіге деген талабың мен өлшемінді сәл өзгертсең болды. Демек, оның тұрғысын да елеп, онымен санасуың керек»; «Өмір – күрес» деген анықтауыш шындықтың бір ғана қыры, ал өмірді көп жағдайдың бірлігі, үйлесімі, тұтастығы тұрғысынан алып көріңіз, ол ешқандай да күрес емес. Сондықтан жарасуға, табысуға, бірлікке ұмтылуға бәлендей шек, шекара қойылмауы керек. ... «Өмір – күрес» деген формуланы аса абсолюттендірмеген дұрыс. Сынаржақтық бәрібір опа бермейді»; «Адамның неғұрлым оң істерге құлшынуы қыруар кедергі-қайшылықтарды жеңудің ең тегеурінді кепілі»; «Парызыңды өтеу – есті өмір сүрудің ең үлкен мәні. Оның шексіздігі және міндетті екендігі қандай ауқымды болса, оның шартсыз, ерікті орындалуы – сондай Бақыт!»; «Нысаппен жүріп, қарапайым да қажырлы еңбек жолына түсіп, ізгілікті іс тындыра алатыныңа өзгелердің көзін жеткізе алсаң, – сонда ғана Адамсың. Сыншы көз бұған дейінгіңді де, бұдан кейінгіңді де айна-қатесіз өлшеп береді, бірақ «Нағыз Адамсың!» деген баға осы талап орындалса ғана айтылады»; «Қалай дегенмен де, жаратылыс әлемінде жан иесінің жай табар, жан ұшырып шарқ ұрмай, алаңсыз жүрер күні жоқ. Ешқашан болмапты деген нәрселер болады. Ендеше...»; «Ашық анықтық, батыл адалдық танылмаған жерден қандай ізгілік табылуы мүмкін?!»... Сөз ұғатынға даяр ас, міне, осылай мелдектей түседі. Тежелгісіз тілекке – әзірге осы тұстары қанағат болсын деп, доғара тұралық.

Ауыр да болса, бір аунатып айта беретін болдық қой, «өзі көрмей кеткен кітабы» деп. Иә, сондай мұрасының бірі – «Ақселеуге жаздым хат» деп аталатын эпистолярлық эссе. Жан аямас достардың – Ақселеу Сейдімбеков пен Жомарт Әбдіхалықтың 1966-1998 жылдар аралығында жазысқан хаттары бүгінде халқымыздың мол рухани қазынасы ретінде тарихта қалары кәміл. Бұл кітапқа тек Жомарттың Ақселеуге жазған хаттары ғана берілген. Өкінішке орай Ақселеудің жауап хаттары құрастырушылардың қолына түсе қоймаған сыңайлы. Бұл олқылықтың да орны толар. Қос әдебиетшінің жауаптасқан хаттары да жұптасқан күйі оқырмандар игілігіне айналар... Ал мына кітаптағы терең пайымды, толғақты пікірлер әр хаттың мазмұнын байытып,

өнегелік тұжырымымен қоғам, адамзат мүддесін тұздықтай түсуімен де құнды.

Қай хатта да шындықтан, әділдіктен айнымайтын Жомарттың жазғаны көңілді дәптігімен жайландырып, ойға батырып, бейне бір көркем шығарма оқып отырғандай, сананы сан-саққа жүгіртіп, өмір атты асау теңізбен алпарыстырып қоятынын қайтерсің. Қысқасы, бей-жай қалдырмайды. Құр отбасының амандығын сұрасқан қарабайыр «сау-сәлеметтік» үстірт жазбалар емес. Мысалы: «Ақселеу! Хатыңды алысымен іле әңгімені де оқып шықтым. Жай қоңыр салқын ғана әсер берді. Екі шалыңда да даралық мінез өріліп шығатын өзек бар, бірақ әңгімеде көздеген идеяға жыға алмапсың және негізгі идея көмескі қалған», – деуінде қаншалықты дос шығармашылығына деген жан ықыласы жатыр десеңізші. Көңіл жықпастық емес, батырып айтып отыр. Міне, достықтың қадір-қасиеті осындай өткірліктен де білінсе керек-ті. Ақселеудің жауабы қалай екен? Туламаған шығар...

Ақселеудің ізденісіне «май құятын» мына бір ақыл-кеңесінің де сипаты бөлек: «... сенің күй аңызын кешіктірмей қолға алуың қажет. Халықтың өзін-өзіне, одан соң өзге елге танылуы үшін ондай еңбектің құны мәңгілік өлшеусіз. Бұл тақырып – әрі көркем аңыздау әңгімеге де, әрі ғылыми-сараптау еңбекке де ие бермейтін кен қазына. Кіріс тезірек. Өзің айтқан осы мақсаттың қадір-құны өлшеусіз әрі өміршен».

Парасат-пайымы таңдай қақтыратын Жомарттың хаттарда көтерген мәселелері шетінен шымыр, шыңдалған, шынайы... Міне, оқып көріңіз: «Өз мүддесін дұрыс түсінуге көтерілмеген халық (адам) тарихи жүйелі істер (әрекет-қимыл) жолына шығып, мәнді өмір сүре алмайды. Байқайсың ба, бүкіл адамзат тарихы практикалық іс-қимыл тұрғысынан алғанда да, ақыл-ой, шындық сырына кемел зерде-дүниетаным тұрғысынан алғанда да жүйелілікке қарай бет түзеп келеді.»

Өзін үнемі қамшылай түсіп отыратын Жомарт қол жеткізгенін әсте місе тұтпайды. Шығармашылықтағы ілгерілеу, толысу, қанағатсыздық... Басын идіртетін «осал» тұстары осы: «Ақселеу дос, арман көп, алған көп, бергеніміз жоқ бұл ғұмыр тыншу беріп, тыныш ұйықтатар емес. Мазасыз халде үндесер бір өзіңсің деп айтамын да бәрін. Әйтпесе,

жалпы әлсіздігіме қарамай, менде дәті беріктің де жобасы барын сен жақсы аңғарған болуға тиіссін», – дегенді бекер меңзеп отырмаған болар. Өмірде тындырғаны көл-көсір болса да, аузын құр шөппен сүртіп отыр. Бұдан оның мақсат айқындығы мен мұрат биіктігі де сезіліп тұрғандай.

Жә, Жомарт хаттарынан ажырағың келмес. Өмір айнасы іспетті. Көңілге бәрін сыйғызған. Әлемге көзді ашып қарағың келеді. Жайбір тірлікті емес, адамзаттық ауыр жүкті, келелі міндетті, ертеңнің болжамын дәйектеген білім салмағын өзіңше екшегенге не жетуші еді. Оқып-тоқығаны көп екен ғой. Әсем келбетінен, ойлы көзінен, мірдің оғындай сөзінен, тіпті келісті жүріс-тұрысынан білімдарлығы байқалып тұратын тегеурінді тұлға екен, сағындырған Жомарт!

Түйсік түйіні мынадай: «Шарболат сенім», «101 толғам, 1001 түйін», «Ақселеуге жаздым хат» – осы үш таған еңбектерінің басын қосып, керекарыс том етіп халық кәдесіне жаратса... Себебі Жомарт Әбдіхалықтың мағыналы сүрген өмірі: заман бейнесі, қоғам бедері, адам жасампаздығы, бәрі-бәрі солардың беттерінде өшпестей таңбаланған ғой!

Демек, қайран Жомарт бізбен бірге өмір сүріп жатқандай екен-ау! Жан түпкіріне лағыл-маржан қатталыпты. Соның шақпағынан шашыраған алтын сәуле ұшқыны ешбір бәсеңсімейтіндей... Әр жүректі арайландырып тұр!

2012 ж.



ТЕҢІЗДЕЙ ТЫЛСЫМ ТАҒДЫРЛАР

Әдебиетші әріден толғанып отыр... Уақытын дәл есептеп кайтеді, әйтеуір, осы кітапты өте ұзақ оқыды. Басында көзбен жүгіртіп өтермін деп ойлаған. Сөйтсе, сөйлемдері сүйсінтіп, көңілі сергектеніп, серпіліске түсіп, санасы айшықтанып, тояттана берді. Кейбір тұсын кері шегініп, кербез мақамдап та жібереді. Міне, кітаптың соңғы бетін жапты. Қаузап оқығаны – жазушы Қуаныш Жиенбайдың «Күн түспейтін терезе» әңгімелер жинағы (Алматы, «Қайнар» баспасы, 2010 ж.) еді.

Осы зерттеу-пікірін жазарда ол өзінше форма іздеп, шиырланған соқпақтан бұра тартты. Бір қызығы, Қуаныштың бұл кітабына енген жиырма әңгімесінің бәрі де үшінші жақтан баяндалады екен, ендеше сол тәсілге басып, әдебиеттің әңгімесін неге әрлендірмеймін деп, бекінді.

Ол кітаптың беташары «Етектегі ескі зират» әңгімесін әлденеше рет оқи отырып, даңқ пен даңғазаға, дақпырт пен дарақылыққа бөккен, сырт келбеті сұлу көрінгенмен, ішкі тылсымы тым жұпыны, жұтаң пенденің өмірде жер басып жүргендегі пасық пиғыл-әрекетіне, ысталған ниеті мен дәнниккен дәмесінің ынсапшылдығына мүжілді. Осындай саяз адамдар арамызда жүріп жатыр екен-ау деп қамығып, қараптан-қарап абыржыды. Бұған ұқсас кімді біледі екен өзі? Әманда «Сіз жұртты таңғалдыру үшін жаралғансыз» деп, кейіпкерді көпшік қоя мақтап, бөстіріп қоятын бөстекі сөзді естуге құмартып тұратындардың ішінен жыға танитындары қанша? Иә, бар. Біреу, екеу, үшеу... Бәтір-ау, деп көзілдірігін түзетіп, ойға батты ол, осы Өтеш, Өте-ағаң секілділер өмірде, дәл қасында өріп жүрмесе не етті? Сонда олар маңайына имандылық нұрын шашудың орнына, адамның ішкі қалыбының ақпаған судай мүңсіктеніп, сортаңданып, соқа басының қызығымен ғана марқайып, өзгелерден бір ауыз жалған мадақ сөз дәметіп естігеніне, дәсердей боп күпініп, көнтақа күйге түскеніне маз болады екен-ау, сабазың. Табиғатына соншалықты жат болса да асқақтық, биіктік, даралық секілді қасиеттердің тысын айналдырып бойына жапсыруға құныққан «мен-мендіктен» мелдектеген өзімшіл жанның соңына қалдырған өнегесі де қансонарға түскен іздей, лезде өшпелі екен. Өктемдік өлер шағында да өршілдігінен гөрі, өлекси жанған білтедей, жарығы мен жалыны жалп етіп өшіп тынады екен. Пиғылы бұзық болған соң, қылығынан кулық-сұмдық аңқиды. Не бітіріпті ел жүрегін жауларлықтай Өте-ағаң? Депутат болған кісі, үш қабат коттедж салған ірі. Той-домалаққа барсын-бармасын, оған төргі орын қаңтарулы тұрады. Думанның бел ортасында әдейі барып, «қакшиып отырған елесін» көріп қайтады. Соған маз. Бойжеткенмен былқыл биіне жұрт аңтарылып, таңдай қағыпты. Сөйлеген сөзі сирек сыбаға. Жаратылысы бөлек осы кейіпкердің қай көшеде тұратынын ешкімнің білмеуі, неткен сорақылық, ә?

Өткіншіден өзі сұрап көріп еді, «оның бізге қажеті қанша», – дейді зәнталақ. Көре алмайды-ау. Әйтпесе, қарсы алдында өзі қасқайып тұр емес пе? «Сізге осы аллеяның ішінен ескерткіш орнату керек қой», – деп айтса, тілі кесіле ме, түге?!

Ерекше адам өзгеге ұқсамай өлсем деп долбар жасайды. Мәселен, тікұшақ апатына ұшырап, табанда жантәсілім етсе. Бұл бетінен күрт қайтады. Қаншама өлік тізімінің ішінен өзін іздеп, көз талдырып жатқаны қалай болады? Масқара емес пе? Жок, дара өлім керек бұған. Жұрт өзгеше, өті езіліп жоқтауы тиіс. Көппен бірге есімі қара тізімге ілігіп, жын ұрып па, тәйірі. Өлу оңай емес екен, Өте-ағаң біраз жүріп қалса керек. Жүрегі кенеттен тоқтардан біраз бұрын ұлына өсиет айтыпты. Кеңсай төбесінің ұшар басынан үмітті, етекте жатқысы келмейді.

Бәрі болжағандай бола ма? Қатқақ зауалдан, зұлмат тұманнан қаралы керуен төбе басы түгілі, етекке әрең тұяқ іліктірді. Мүрде амалсыздан етектегі жер қойнына тапсырылды. Қаралы жиынға не болған? «Ол елді таңғалдыру үшін жаралған жан еді ғой», – деп біреуі тіс жармады. Сұмдық-ай!

Әңгіме түйініне ол разы болды. Жазушының мәдениетті прозасынан шыңырау ой, шерлі шешім, мұнарлы мұң сезіледі. Өмір шындығы – қаламгердің ар тазалығына айналған.

«Күн түспейтін терезе» әңгімесі – кітаптың атауына таңылған туынды. Сол себепті де ол шұқшия қадалып оқыды. Ғалымның күллі өмірі бұйығы, керек десеңіз елеусіз. Зейнет жасындағы оған ректор бөлме бөліпті. Сөйтсе, терезеден күн түспейді екен. Сол үшін қызы ректормен сөзге келіп қалып, әкесі жұмыстан шеттетіледі. Әбдірәсілдің жүрегіне өмір бойы күн түспей келгені заңдылық па. Ол балалары мен немерелеріне бір ауыз жылы сөз айтып, оларды еркелетуге де ебедейсіз. Көбіне көп өзімен-өзі. Есесіне он жеті жыл бойы шалғайдағы келіншекпен хаттасып, «өсіп» келе жатқан қызының қызығына малтып, оқуға түсіріп, ләззаттанған күмпілдек пенде. Келіншектің түпкі арманы «орындалып» еді, сағынышты хаттары да сап тиылады. Адам тірі жүріп те ұмытылады. Күн түспейтін терезелі бөлмеден кеткені тіптен заңдылық сияқты. Себебі оның жүрегіне ешқашан күн түсіп көрмепті ғой. Ең алдымен жүрек атаулы өмір мәніне ашық,

саф ауамен желпініп, күн шуағымен шырайланып, жайдары-
ланып тұруы керек екен-ау!

Сырғытпа сөз көңілге тоқтық дарытпайды. Ондайда әңгіме ауаны да болбырланып, іркіс-тіркестеніп қожырап, көздегені күлбілтеленіп, идея тізгіні уыстан сусып дегендей, шашыраңқы ой әбігерге түсіреді. Төгілген моншақты жинап алу азаптың азабы. Ми қатпарына бірден жата қалғаны да ойдың саяздығынан деп білетін әдебиетші, шайнап берген астың жұғымсыздығынан шошынғандай, пікір барлауына қагілездене ден қойды. Расы, әңгіме оңай шағылатын жаңғақ болмауы тиіс. Тіске батпайтыны – шығарманың мәнері мен мазмұнын, тегеуріні мен тегін, нобайы мен болмысын, бет-бейнесін бірден байқатпай, іште көлеңкелеп, қымбатынан қызғанған қызғыштай бүкпелеп, дйттегенін лақ еткізбей шым-шымдап шетін шығарып, саралап санаға сіңірірліктей сақтық амалын ұсынатыны, әсілі, осы дұрыс шығар. Заты, ондай туынды бекер дүние болмас. Сондай аңсарлы көңілін елеңдеткен келесі әңгіме – «Б Б Б» еді.

Бас алмай оқыды. Ежіктеп қайталады. Бақса, бадырай-тып үш рет қайталанған «Б»-сы «Бақа баққан Базарбек» дегенді білдіреді екен. Мамандығы биолог Базарбекке бақа бақса кім қой депті. Өз еркі де. Сабақтан тыс айналысатын кәсібі. Тоғаннан тәжірибе жасау үшін бастапқыда үш литрлік банкіге бақа салып әкелетін ол бара-бара өзінің «Б Б Б» брендин шетелге асырып үлгереді. Қытайлар бұл қызыққа қомағайланып, жерімізге ат ізін салуын жиілетеді. Алыс-беріс, барыс-келіс күшейеді. Бақалардың отаны – Кариб теңізіндегілердің өзі Арқарлыдан бір жаңалық табуға асығады. Көлденең көз қызғаныштан зағип бола жаздады. Туған жердің тіршілік иесін аспанға асыру қандай ақылға сияды деп дал болады. Базарбек құлағына қыстырмайды мұндай қаңқу сөздерді. Қасарыса түсіп, тұрмысын түзейді. Жерлестері жалынып қарыз сұраса да безірейе қалады, бет-бейнесін өзгертіп мылқау кебіне көшеді. Оқушылары «бақа құрлы құнымыз жоқ» деп, байбалам салса да илікпейді. Есіл-дерті бақа санын көбейту. Сыртқа сатып, табысын еселеу. Не нәрсеге де бауыр басса, көзі шелденіп, басқаға иліктірмей қоймай ма? Құдды сол. Бақа бағамын деп жүріп, Адамың бақаға айналып кетіпті-ау! Өзіндік табысы бар екен,

бірақ ешкімге пайдасы жоқ екен. Бара-бара Базарбек «әлем адамына» айналды. Даңқы жер жарады. Қазақ жерінің бір пұшпағы Арқарлы енді Бақалыға айналады, шетелдіктер Бақалы қайдасың деп, арнайы ат сабылтып іздеп келеді олар әлі. Міне, бақаның құдіреті!

Әңгімеде адам психологиясындағы шиеленістер шебер шендестірілген. Оны оқып отырғанда, бір мезетте ішкі тазару үрдісі жүріп жатқанын жүрек сезеді. Осы ретте шығарма әлеуметтік шындықты өзек еткенде ғана шырайлана түсетініне иланасың.

Күрделі тақырып талқысы «Байқоңыр мен Ватиканның арасы» әңгімесінің безбеніне тартылыпты. Тарих пәнінің мұғалімі, зейнеткер Есберген ешкімге есесін жібермейтін зиялы кісі. Космодром атауын айлақ деп өзгертуге түп-тұқиянымен қарсы. Осыны қазақшалағаннан тұрғындарға бес тиын пайда әкелмейтіндігін дәлелдеп бағады. Ал жергілікті халыққа бәрібір, олар әлі қалың ұйқыдан арыла қоймапты. Байқоңырда бәрі жасырын жасалатынын біреу білсе, Есберген біледі. Не сұмдық ұшырулар осында атқарылады. Халық жапа шеккенімен, аңқау, дұрысы – көнбіс. Көнтерлі емес, біреудің көлеңкесі болуға дағдыланған. Дербес ойдан ада. Ұшырудан асқынған залалдыққа тиесілі өтемақыларын нешеме жыл бойы даулай алмай келеді. Әбден саналары сазға отырған оларды қалай болса солай алдап кетуге боларын білетін билік енді Байқоңыр мен Ватикан арасын бауырлас қалалар деп жариялап жібереді. Зымиян ойдың астарында не жатыр екен? Ватикан дүние жүзіндегі діннің космодромы ғой. Ал Байқоңыр – жер кіндігі. Бауырластық сипатымен діні бөлек екі қаланы қабыстыра салғанына тұрғындар бөркін аспанға атып қуанады. Төретапды Қорқыт кесенесімен жымдастырмақ ниеттері де салымды ауыздың аранын сездіреді. Діні сапырылысқан елдің ертеңі не боларын ойлағанда, құйқа шымырлайды. Қуаныштың бұл терең де қатпарлы идеясына әдебиетші разылықпен бас шұлғиды. Міне, тақырып, және оның игерілуі шеберліктің асқар шыңына көтерілген. Жазушының табысы осылай тәнті етсе, тәрбиелік мәні еселене түскені ғой.

Туындылар тылсымына енген әдебиетшінің бір байқаны – жазушы әнтек құбылыстан ғана байыпты да байсал-

ды ой суыртпақтай біледі екен. Яғни, елеусіздің өзін әдемі әдіптеп, құлпырта әдістеп әккі тәсілмен елеулі ете қояды. Соған дәлел – «Беймәлім диагноз» әңгімесі. Мұндағы кейіпкер Жарылқапберді жүрек ауруымен ауруханаға түскенімен, оның диагнозын дәл қоя алмай дәрігер қауымының апшысы қуырылады. Ол байғұс та қызық. Жаны қысылып жатып, тіпті оташы пышағынан аман қалып тұрып үйінен домбыра алдыртып, күмбірлетіп күй тартады. Күллі сырқат адамдар сиқыршы әуенге балқып, дертін ұмытқандай болады. Дәрігерлердің әлемдік саз өнерінің жақұттарынан қазақтыкімен салыстырмалы етіп айтқан сараптамасына сыр алдырмаған күйші өз дегенін дәлелдеп бағады. Оған «Ақсақ құлан» тұрғанда, «Сегізінші симфония» дегенің жетесіне жетпейді. Қасындағы көршісі, нақтылай айтқанда осы күнгі мәңгүрт оны әлем мойындаған атақты дирижер Риккардо Мутиді білуші ме едіңіз деп састырмақ болғанда, ол кірпігін қақпай, Нұрғисаны білетіндігін нығарлай айтып, өзгелердің де жағасын ұстатады. Және оны қарапайым қимыл-әрекетімен-ақ дәлелдей түседі. Жарасымды. «Гений, жан-дүниесі әлемдік деңгейге көтерілген», – деп әлдебір шетелдік сазгерлерді әсіремадақ буымен балқытқан өз емдеушілеріне кінәрат таққандай етіп, тайыз пайымдары мен талғаусыз талғамдарына тымырая түсіп: «Қазақтың момындығы – жүрегіне жау» деген сілтеме сойылын бас-көз демей жіберіп кеп қалады. Қарсыласына кірш етіп қадалады, әрине. Сондағы «аурудын» айтпағы – жүрек қандай жағдайда да ұлттық рух тұрғысынан жүдемеуге тиіс. Өзінің табиғи өнерінен нәрленуі тиіс. Момындығы, жасқаншақтығы өзіне жау екен. Барын әйгілей алмай, абдырап қалуынан асқан қиянат жоқтай. Ішқұсалықпен ініне тығылған тағыдай дәрменсіздік танытуы тағдыр талайына бұйырғаны емес, қолдан жасалған өктемдіктің ызғары екен-ау! Еркіндік жоқ жерде көсіліп, көсемсіп сөйлей алмауың кәдік. Тыйыла-тыйыла мимырт жүріспен жорға күйіңнен жаңылыс басуың оп-оңай. Мына Жарылқапбердінің аурухана палатасында құтыртып күй тартуының өзінен-ақ осындай мысқыл мен әжуаны, мықтылық пен мәрттікті аңғаруға болады. Мұндай адам ауырмауға тиіс екен. Дәрігерлер оған дәл диагноз қоя алмай аң-таң, дүмбілез күйге түсіп жүр...

Осынау жүлгеленген ішкі сырға ұтырлы ұқсастығымен жанасып тұрған келесі «Күйік» әңгімесінің де астарлы ғып аңғартпағы ұшан-теңіз. Мұнда да ұлттық намыс алғы кезекке шығарылуымен күнды. Ата-тек қалыбынан адаланған жас өскін негір әншісі М. Джексон өлгенде бетін жыртып аза тұтқанымен, өзінің сазгер әкесінің шығармаларын білмейтіндігімен дүбәра атанып кетсе де, кейін түп қазығына тартылып, болмысындағы осы кедір-бұдырын ақылмен жөндемдеп алады. Ештен кеш жақсы. Бұл да болса ұлттық негізі жоқтықтан өзін қадірлемейтін, сөйтіп жаңсақ басқан жастарға сабақ боларлық ащы өксік іспетті.

Әдебиетшінің әсершіл сезімін оятқан келесі әңгіме «Үңгір» боп шықты. Атының өзінен ат үркеді. Сарайының іргесінен үңгір қазып алған кейіпкер дағдарыс кезеңі өтіп кеткенше, осында тұра-тұрса да дәнеңе етпейтініне өзін-өзі иландырады. Мәселе дағдарыста ғана ма? Адамдардың бірін-бірі тоқпақтайтын көрсоқырлығынан қашқандықтан да осы үңгірге тығылып, жан сауғалағысы келген шығар, бәлкім. Жұлдызды аспаннан құнығып жеткен таныс әуенге құлақ түріңізші: «Сендер соншалық көп емессіңдер ғой, сөйте тұра жер бетіне сыймайсыңдар. Бір-бірлерінді мүйізгектеп сыйғызғыларың келмейді. Не істейміз сендерге?!..» Көңіл жүдеуленіп, қоңылтақсиды. Тыныс тарылады. Өмірдің қысқалығын ұғыныппыз ба? Кеңдікті кем пішу дағдыға айналып кетпесе не етті? Ұлы даланың, байтақ өлкенің тұрғындары үңгірге тығылмай, аяқ-қолын кеңге салып, кербез де керемет өмір сүргені абзал ғой. Осыған үндесіп, қолдасайықшы. Әңгіме лейтомтиві осылай нақтыланған. Және жазушы ол ойын майдан қыл суырғандай етіп, қағаз бетіне өрнектей білген.

Ол осы кітапты оқу барысында жазушы Қуаныштың шеберлік шыңындағы өзгеше бір жетістігі деп «Әкім кетіп қалды» әңгімесін есептеп отыр. Пейілі ауғаны сонша, зор аңсармен қайталап оқыды. Сонда ұққаны, көркем тілдің кестесі молынан төгілген шығарманың сезімге құрылып, тәнті еткені. Көңтерлі адамдар тіршілік қамытының қандайына болсын көнбіс келеді. Әлем мойындаған экологиялық апаттың дәл зауалды нүктесіне қоныстанған бұл ауылдың әрбір тұрғынына арнап ескерткіш орнатса

да артық болмас еді. Бірақ оны кім орнатады? Ескерткіш түгілі жұпыны қарекетінің өзі өзекті тілгілейтін аймақта, адам құнын бағалау, іс-қимылын дәйекті түйсіну, өткінші өмірдегі өркенді істердің үрдісін жаңашылдықпен сезіну, ұрпақ жалғастығындағы дәуір міндеттерін салалап, сапаластыру секілді алғы кезектегі талаптардың таптаурындықтан адаланбай қалуы, әрине, көңілді күпті етеді. Осының бәрі ауыл әкімінің жанына батады-ақ. Биліктегілер әкімді жалған ақпар беруге итермелейді. Байқоңыр іргесінің зардабын көрсе де көрмегендей етіп, сылап-сипағанды қалайды. Бұған пәк сезімді әкім, елдің ертеңіне алаңдайтын үлкен жүрек көне қойсын ба? Илікпейді еш айлаға, өз дегенін істеп бағады. Міндеттерін біртоға күйде атқарып сылпылдап жүре берер ме еді, қайтер еді, егер асқынған ауыл мұңы күн сайын батпанданып, маздағынан гөрі мазағы молайып, ұлттың ұлы қасиеттеріне сызат түсіріп, сезімді әбден лайламағанда. Әкім жүрегі темір емес еді, мұндай қыспаққа, қылбұрауға шыдас бермеді. Әкім кетіп қалды.

Жұрт аң-таң. Әрине, әкімнің тосыннан арыз беріп, қызметтен табанын жалтыратқанына. Бірақ табалаудан бұрын, тайсақ таңданысты тыйып, әділ ой безбеніне жүгініңізші, түйсігіңізді керемет дауыл керней жөнелері хақ. Ох, шеберлік қайрағы намысты осылай алмас жүзді етіп шыңдаса керек-ті! Қаламгер арғы жағын оқырман ой иірімінің үлесіне қалдырады... Ойлану, толғану, тоқу... Өмірдің тор дәптерінен торыққан жазуларды көп оқымасак екен деп ниеттенген әдебиетші бұл әңгіменің сырлы әлеміне сәл де болса сүңги түскендей еді... Көңілге медет еткені – бұл жерде жазушы жанрды емес, жанр жазушыны таңдапты. Демек шын талант үшін кез келген жанр жат емес. Гәп – Қуаныштың оны қалай игергендігінде, иә, иін қапысыз, қандыра илепті... Мұнда ой мен оқиға, мінез бен тіл, көрініс пен пейзаж, идея мен образға жан бітіп, өмірдің ақиқат шындығына айналған.

Мінез алуандығы, тіпті қырсықтығы, іс-қимыл қақтығысы, байлықтан жүрек шайлығыуы, болмасаң да ұқсап бақтың кебімен кердеңдеп күн оздыру, аты шықпаса да жер өртеуге ынтыққандай ынсапсыздану, басқа ұрса да ішкі есебінен жаңылмайтындай жадына шегелену, т.б. келімді-

кетімді әркет-пиғыл иелері «Аралқұмның Абрамовичі» әңгімесінде өріп-ақ жүр. Дүкен ашып бизнесін дөңгеленткен Қайыпбергеннің екі сөзінің бірі жаһандануға тіреліп, мейманасы тасып тұрғанда, күллі ауыл дүргіліп қонақ күтпекке дайындалады. Бизнесменсіз мейман күтіле ме? Және де анау-мынау емес, Рим Папасы арнайы дәм татуға келе жатыр-мыс. Ауыл дүрлігіп жүр. «Әр тағамның штрихкоды болсын», – деп дастарқан иесі Қайыпберген қарауындағыларға қабақ түйіп, әлсін-әлі ескертіп қояды. Өзінше мығым. Өйткені жаһанданудың жалынды ұрандары кеудесінде күмбірлеп тұрғанда ешқашан түгі қисаймас. Қандай сынақтан да сыр бермей өтеріне сенімді. Өттең... Рим Папасы келе жатыр деп аудан әкімі Қайыпбергенді бір жағынан сынау үшін, сырттағы қазына байлығы белгілі ғой, ал жан дүниесінің қазынасы қандай екен, қай шамада екен деп, бергі жағымен ғана айта салған. Әйтпесе Рим папасы қайда, Қайыпберген қайда? Қадірлі қонақ тығыз шаруасымен өзге өңірге аттанып кетіпті-міс. Қайыпбергеннен қатты кешірім сұрапты-мыс. Дәм жазса тағы келе жатармын депті-міс. Кенет бизнесменнің жаюлы дастарқанына сау етіп келіп ауылдықтары жайғаса қалсын. Мәре-сәре. Мәртебелі мейманның сарқытын ішуге келгендерін, сарқыт емес бас табақтан дәм татуға тырыскандарын қабақ астынан бір-біріне андатып, әйда кеп, жапыра соқсын тамақты. Басу айтып қояды. Өздерінің де несібесі осы дастарқанның бір пұшпағында үюлі тұрғанын, сәті түсіп бүгін ауызға тигенін, Қайыпберген байыса біз далада қалмаспыз дегендей аз-маз дандайсыңқырап, сәл еркінсіп алған соң Рим Папасынан өздерінің де кем емес екендіктеріне көңіл мелдектетіп, ағын судай тасқындай жөнелсін сөз сапырған бейбақтар. Қайыпбергеннің ойланатын тұсы да осы дастарқан мәзірінен басталар, бәлкім. Қара қарға басып жейді, ақсұңқар шашып жейдінің кебі төтеннен келіп тұр-ау, сол.

«Кұбыжық қаптаған түннің» оқиғасы да ымыртпен бірге ілесіп, қою түннің қорқынышты да баттасқан бояуындай боп адами кесепаттықтың не бір қожыраңқы, ұрты салбыраңқы сығындыларына сүлеленіп тұрғандай екен. Түнгі ұйқы да жырым-жырым. Күндізгі ойдың ажарсыздығынан жүйке де сыр беріп, қит етсе қиылғалы тұрады. Дәмеленушілер

мен дәметушілер легі бір қайырылмай қойды. Ауыздарын арандай ашады. Жағынып, жарылқануды диттегендер қандай амалға бармайды дейсің. Байқамағансып, Аманбайдың қалтасына ақша тығып жіберушілер әбден қажытып бітті. Бір алар, бір білдірмес, сөйте-сөйте көндігер дейтін шығар. Әрине, алмақтың да салмағы бар. Бірақ бұл жәдігөйленіп, сұғанақтықпен сый-сияпат ұсынушылардың бергенін тас-түйін ғып өздеріне қайырып береді де ортақ қазынаға салыңдар деп, ендігәрі жібіместей тас бекініп алады. Өзгелер ішін тартып, айылдарын жия қояды. Осылай тәртіптемесе болмайтындай еді. Еңбектеріне сыйлық қосып жаздырғыштардың да осындай жолмен сазайын тартқызады. Адамдар әдің-күдіңденіп, ұрымтал тұстан байығысы келген қара ниеттерінен қалай тыйыла алады? Кейіпкердің жалғандық атаулымен күресінің мәні осы.

Тақырыпты ойдан суыртпақтамай, ілікпен індете іздемей, өмірдің өзінен сығып алуға машықтанған жазушының күрделі ойын алаңы қызықтыра тартады. Әдебиетші сол байқампаздығына разы кейіпте бұрын оқыған біраз әңгімесін жедел шолып, желкенін керген қайықтай ойларын ойнақшытып отырғаны. Байыппен саралап байқаса, «Қашқындағы» алаңғасарлау Төремұрат, «Өгейдегі» туған жері тек той-домалақта ғана есіне түсіп, шіреніп сөз сөйлеуге құмартып баратын, онсыз да жарымай отырған жұрт есебінен қойыны-қонышын сыйлыққа толтырып қайтатындарға өзінің аңқылдақ мінезімен қарсылық көрсетуге тырысатын Мөңкебай, «Ақмойнақтағы» Ақмоншақ сұлу мен Мұратхан арасындағы әрі салы суға кетіретерліктей кейбір сасық қадамдары, «Сатқындағы» мылқау суретшінің сұлулық сиқырынан тілі шығып, сөйлеп кетуі, т.б. кейіпкерлердің мінез-құлқының тереңдеп түрілуі – сырын бүккен ашылмаған аралдай ынтызар ететіні, орынды талпыныс, әрине. Күтіп те күтпеген мінез қайшылықтарынан оскырынып, опырыла зәрезап болудың өзі бір қарағанда әбес көрінер. Өмірде бәрі болатынын жоққа шығара алмайсың. Саралап, сұрыптап қабылдау, ой тую, оқырманның өз еркіндегі жауапкершілік қой.

Шығарманың шүйгіндігі шым-шым шындығының шама-шарқына да байланысты болып келеді. Мәселенки, «Ел-

ден жолданған жеделхатты» алып көрелікші. Қоғамдағы орны көзге шыққан сүйелдей боп, жүйкесі жұқарған белді жазушының ақылға сыймайтын амал ойлап тапқанына күлесіз бе, жылайсыз ба? Туған ауылында жүргенде кенеттен қайтыс болдыға балап өзі туралы жеделхатты жазушылар одағына жөнелтіреді. Керек пе екен, іздер ме екен бұл бейбақты. Құнын бақырға бағалайтындар табылар ма екен десейші... Осы дәрменсіздігін сезе отырып, айыптай алмайсыз ғой қаламгерді. Өйткені заман шындығына налыған жазушының нендей шешімге болсын бекіне салатынын ұғыну қиын емес. Өзін өлдіге санап, сынақ жасауы бір қарағанда, ақылы кемістің кекетінді қарекетіндей болып көрінгенімен, астарында шала-жансар шындықтың тар пішілген пошымы жатқандай. Құйт сеніңіз, құйт сенбеңіз, қаз қалпындағы оқиға осылай өрілген.

Қ. Жиенбай әңгімелерінің оқиғалары қолмен қойғандай мінсіз дөңгеленіп тұрады, сонысымен еліктіріп әкетеді. Сағат тегершігіндей тық-тық, артық әуен жат. Қырнауға қарманғаныңызбен қапыдан қызыққа кенеліп, қымбат уақыттың мол қайтарымды болғанына масайрайсыз. Әдебиетші осындай көңіл-күймен кітаптың соңғы беттерін тәмамдап келе жатыр еді. Қимастық бір сезім пайда болып, құлази бастағанын аңғарды. Қазір кітаптың ақырғы парақтары судырай түгесіледі. Міне, соның алдындағы жан азығындай болған бір әңгіме «Ұры» деп аталады. «Бала сату» ылаңымен сыртқа кетіп, ақылы кіргенде туған елінің бір жұтым ауасын жұтуға зар болып жүрген бозбала атажұрттан әкелініп, әдейі ұйымдастырылған көрмеден ақ тушаның терісін ұрлап алады. Көзі қарайып кеткені сонша, сондай шалт қадамға барған. Тағдырдың жазуымен жатжұрттық боп кеткен жұдырықтай ғана қазақ баласының туған елін сағыну сезімін мұнан артық қалай безбендеуге болады... тулақтың иісінен туған топырақтың иісі аңқып тұр. Тебіренбей оқуың мүмкін емес. Қызылорда облысының бір театры осы әңгіменің негізінде сахналық қойылым әзірлепті ана жылы. Оның қалай сахналанғандығын кім білсін. Бірақ «Ұрыны» оқып бола бергенде әдебиетшінің жүрегі сыздап кетті.

«Құлпытастағы қос жол өлең» әңгімесіндегі күнкөріс қамымен бартер әдісіне көшкен ақынның гранитке қашалып

жазылатын қазанама дайындауға тапсырыс алып, дүбірлете бастағаны оның тұла бойын тітіркендіріп жіберді. Еңбегін ескеріп, өтеуіне – айырбасқа қайырған көктасқа өзіне деп қазанама жазып қойғанын қараңыз! Сеніңіз, сенбеңіз қазір өнер адамы еріксіз екінші планға ысырылған. Бұл туындыдан автордың жанайқайы да анық естіледі.

Ол оқырман ретінде ойланып отыр... Асылы, әдебиет деген сөздің түп-төркіні арабтың «асыл сөз» деген ұғымын беретінін көкейіне құйып өсті ғой. Сол талаппен қарап, Қуанышқа шын мәнісінде таңырқағанын жасырмайды. Ол «асыл сөздің» көрігіне айналған қуатты қаламгер екен. «Әңгіме жазу қиын болғандықтан да роман жазуға мәжбүр болдым» деп жан азабынан сыр тартқан Г.Флоберден үлгі алғаны ма, әлде? Қысқа әрі нұсқа жазуды мұрат еткен ол біз бетін қалқи талдаған әңгімелерінде әр адамның іс-әрекетін, ішкі дүниесін әлдебір қоғамдық құбылыстың зардабына балап, яғни адамды болмыстың кескіні ретінде көрсете алуымен де көркемдік шалымдылық жасаған. Әр әңгіменің идеясы, пәлсапасы терең. Ұлттың тағдыр-талайын, мұңы мен мақсатын, қуанышы мен қыжылын жазып отырып, адамзаттың мұқым әрі тұтастай проблемасын көтере біліпті. Көркем бейне жасаудың шебері әр әңгіменің астарына ой бояуын қалың жағып, емексіткеніне әсте күмәндандырмай, жұмбақтап кетуімен-ақ шығарма қадірін асырып отырады.

Қуаныштың ой иірімі мың бұралаң, ізіне түскенді ынтықтыра тартып, тіпті асау толқындай қақпақылдап, өрлікке өршелендіреді. Сезімді теңіздей тулатады. Себебі оның жанын әлдилеген, теңіздей буырқанған тағдыр шежіресі әлі түгесілмепті. Шеті кетілмепті. Жалғасқан үстіне жалғасып, ынтықтырмақ әлі де.

Теңізде туған жазушының бұл жетістігі – әзірге тәнті еткен қарымы мен шалымы. Бізге таңсық тылсымдарының тереңіне әлі де тарта түсетініне сеніміміз кәміл.

2012 ж.



МЕШІТТІ ҒАЛАМ МЕЙІРІМІ

Әрбір тың туынды еріксіз елең еткізеді. Ол және поэзия әлемінің сұлу сазынан сызылып жеткен әуен болса десейші. Ырғағынан жан дауасы сезілер ме екен? Ой қанаттанып, көңіл көншір ме? Көркемдігі қай деңгейде? Бұрынғы сұрлеу шиырланбап па? Жаңалығы не? Қалт басқаны қайсы? Өзіндік үнімен қазақ оқырмандарының ыстық ілтипатына бөленіп жүрген белгілі ақын Қорғанбек Аманжолдың кезекті «Мешітті ғалам» жыр жинағын қолымызға алғанда, кимелеп кеткен ойлар легі осы тектес болатын.

Асау ой тежелмесе, тегеурінімен тарпып тастайды. Жосықсыз байбалам жолды бөгейді. Алдымен сана сарабына салу керек. Ол үшін жүгіртіп оқу жеткіліксіз, жүгініп, жанып-суып, кейде кіжініп оқу керек. Бұл – уақыт еншісіндегі шаруа. Сап-сап көңіл, сабаңа түс. Осындайда қамытқа иліктірер әдіс – кітаптың өн бойын қызықтап қарап, құмарды алдарқату екен. Сөйттік. Өлеңдер, поэмалар мен баллада-лар жинағы Алматыдағы «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясынан жарық көріпті. Кітаптың Алматы облысы Әкімдігінің бағдарламасы бойынша шығарылғаны және қадап көрсетілген. Рухани әлемі аса бай, нағыз зиялы жанашыр, облыс басшысы С. Үмбетовтің ұлт мүддесі жолындағы осынау үдерісі көңіл тоғайтады. Бәрі осындай болар ма еді, әкімнің, дегізеді еріксіз. Жә, бұл жол-жөнекейгі желдіртпе сезім желпінісі ғой...

Бастауында – «Сағыныш» өлеңі тұр. Адамға тән ұлы сезім. Қай қырынан жырлапты? Сағынышсыз өмір тұл екен-ау! Сағынбай қайтіп жүрмексің. Өмірде мынау – күлмексің. Сағыныш та сәбімен бірге туады екен. Алғыр ақын жаратылыс сырын былайша байытады: «Өмірге мына келгенде, Өріліп менің кеудемде, Өрнегін салып жаныма, Сағыныш туды бір демде», - деуінен өмірге деген нәрестелік іңкәрліктің терең мағынасы ашылады. Фәни есігін жай ашпапты, сағынышпен ашыпты. Сағынып келгенді кім жатсынсын. Бауырына қысыпты. Одан әрі шаранадан демін әрең алып жатып:

«Жазылған, бәлкім, пешенем: Туа бір сала сағындым», - деп сағынышпен мына өмірге алақан жаяды. Бұл қызылшақаның тегін еместігі көрініп тұр. «Саябыр таппас салтыммен, Сағынып өлем – өлсем де»- деуінде де өмірге жай келмегені сезіліп тұрған жоқ па?! Міне, ақындық астарлы ой!

Ақынның үмітті үні, кейде барлығып, кейде күркіреген жан даусы қоғамның құндылықтары мен қайшылықтарынан сезім тербелісіне үздіксіз түсіп жататын секілді. Өлең диапазоны кең. Оның бұйра толқынында ыза мен ырзалық, қатыгездік пен қайырымдылық, қынжылыс пен құмарлық, тіпті түсіністікке илікпейтін жүгенсіздік арпалыса ойнақшып жатқанымен, бәрібір қоғамның бүгінгі ахуалы мен ыссы деміне қарықпай тұра алмайды. Міне, осы тұста ақын жолының қаншалықты ауырлығы сезіліп, иығына артылған мың батпан жүк одан әрмен мысын баса түседі. Бірақ ол мысын басқызған ба! Өртке оранған өр кеуде көрікше қуаттанып кетеді. Егер ақынды қым-қуыт қоғам тіршілігінің тыныс алу мүмкіндігімен теңесек, расында да ол от ауызды оралымдылығымен, орақ тілді шешендігімен ойқастап шыға келеді. Жалындаған жырлары көп сыр ұққызады. Және жадта ұстарлық нәрсе: егер ақынның туған бесігі мен нәр алған ортасының ерекшеліктерін сәл ескермейтін болсақ, оның ойын толық түсіне қоюымыз да екіталай. Бұл бұлжымайтын заң емес те шығар. Дегенмен, ақын демі – алғаш жұтқан ауасына ажырағысыз деген ұғымды да ескерген жөн-ау.

Осы реттен келгенде, кітапқа атауы таңылған «Мешітті ғалам» өлеңі алуан астарлы, күрделі дүние. «Мейірім ғана маздаған, Мешітті ғалам үйімде», – деп имандылық тұнған ортасын меңзегенде, ақын, өз шеңберінен шығып, тұтастай жаһанға имандылықтың өшпес нұрын себезгілегісі келеді. Түңілмейді. Тебіреніспен терең мәнге жетелейді. Сол себепті де: «Мешітті менің ғаламым, Мен сені қайдан табамын?!»- деп көкірегін жалынға орауы табиғилығымен тәнті етеді. Көзін ашысымен өз ұясы – жұмағында періште көңіл пәктікті сезіне өсіп, өмірге кең құлаш ұрғанда, кейде келеңсіздігімен кеміріп кететін бұл алмағайып, алаңғасарлау заманның күйігіне налыған тұста: «Айналып мені толғанар, Айқабак жандар мол еді-ау. Бауырға бүйрек жалғанар, Бағзының жолы сол еді-ау»- деп аңсайды сол мейірленген қабақты

– мешітті ғалам маздағын. «Бауырға бүйрек жалғанар» – неткен тапқырлық, сәттілік! Жалғыз бауыр. Қос бүйрек. Қысылтаянда қосақталғаннан қымбат не бар? Мағынасына үйдей ойлар үйелеп тұр. Асылы, ғаламның мейірленуі – қоғамның берекеленуі ғой.

Поэзияны сөз сазы десек, Қорғанбектің жүрегінен құйылған лағыл жырлардың ойлылығы мен ойнақылығында құлаққа жағымды сарын еседі. Жан-дүниені елжірететін ежелгі муза құдіреті бар болмысты билеп алады. Тіпті қаны тамшылаған жарадар жүректің жалғыз шипасы – махаббат уілін құлақ түбіне сызылтып қойғанда, тәтті де саумал сөздерден адам түгілі, тіршілік біткен дүр етіп серпілер, құмарлыққа мас болар. Ендеше, мына сырлы әлемнің жұмбағына бірге жұбаныңызшы: «Жапырып шалғын көгалын, Махаббат төсек салғандай», «Шапақтай кешкі қызарған... Көлеңке - күнә ұзарған», «Қолымнан келе ме деп қорқа берем, Қондырмау қабағыңа бір мысқал мұң», «Жалпағынан жалғанды басқан, Қуаты қайда көктемнің. Қуанышымның күлкісі қашқан, Кезеңге қалай жеткенмін?!» Мұң, зар, сағыныш астаса келе ой тербейді. Өлең - сөздің ишарасы иіріміне тартады... Осылайша сезімнің де иін қандыруға болады екен...

«Өлеңде берген уәдемді, Өмірде бұзып қоймайын», – деп ақынның өзі айтпақшы, ол осынау шығармашылық ұзақ та сәтті жолында антына адалдық қалпынан айнымай келе жатқан бірегей дарын иесі. Оның толғанысынан туған бірқатар портреттік өлеңдер кітаптың ажарын ашып, мазмұнын байытып тұрғандай. Оған дәлеліміз – «Мағжан мұңы» (М. Жұмабаев), «Сәкенім – шерім» (С. Сейфуллин), «Хамит тағы» (Х. Ерғалиев), «Естай Мырзахметов», «Мақтай – маршал» (М. Сағдиев), «Қасиет қазығы» (Б. Жанғалов) туындылары тың өрнекпен, шындық шырағымен жазылған. Бүкпесіз ақиқат– айтар ойының тамызығына айналған. Адамнан жасырғанды тарихтан бүркемелей алмайсыз. Ақын бұл өлеңдерінде нәзік лирикадан гөрі батыл пафосты тегеурінді теңеулеріне ерік береді. Сөйтіп қоғам дамуындағы идеялар қақтығысының биліктік басымдықтарына бұрынғысынша иліге бермей, тарих таразысына мәңгілік татырлық тәбәрік тартады. Сөзіміздің дәлелі мынадай – Мағжанға қатыстысын алсақ: «Мен Мағжанның мұңыменен уанам, Мағжан мұңы

болғанына қуанам. Мағжан-рухпен көк бөрі боп қайтадан, Тұранымда көк түрік боп туа алам.» Тәуелсіздік таңы атпаса, ақын ойы осындай бейнелі, бедерлі сөзбен сурет салмаған болар еді-ау. Немесе, «Мағжандайын ұраншысы болмаса, ұрпағына айтар еді ел несін», деп ұлы ақынның бағасын асыруы да Қорғанбектің азаматтық әрі өмірлік кредосына ұстанымының мығымдығын айғақтайды.

Ащы шындық запыран құстырады. Амал нешік ақын жасқанбайды. Безенген тілі безгектей қариды. Тарих алдында бұлаң мінезден ада. Өйтпесе: «Арман емес, Тажалдан, Шер Сәкеннің өлгені. Сол өкініш, сол арман – Сұм дұшпанға сенгені», - деп кесіп түсер ме еді? Сөйте тұра халық пен ақын арасына араағайындық жасауды парызым деп білген Қорғанбек: «... Халқы бірақ перзентін, Қалдырар ма қапада?! Сәнін бер деп Сәкеннің, Айналды ақ батаға», - деп біртуар ұлдың ұраншысына айналып кетеді. Бәрібір шындық беті – аршыған жұмыртқадай ғой... Ойға ересен күш салып қайтеміз. Ақын ырқына көнеміз де...

Абыз ақын Хамит Ерғалиев Көкшетауға келген бір сапарында Зеренді көлінің жағасындағы табиғат-шебер жасаған тақталы түйе тасқа қонжиып бір отырып, дем алса керек. Содан ол тас «Хамит тағы» деп аталып кетіпті. Өкінішке орай, бүгінде бұл жайттан жұрттың көбі бейхабар. Соны еске салғысы келген ақын «Хамит тағы» деген өлеңінде: «Хамиттің тағы – жыр тағы, Көкшеге келсең көргейсің. Келешек жырдың ұрпағы, Ұмытпай сәлем бергейсің», - деп зейін аударады. Жалпы, дара тұлғаларды дәріптеп, есте қалдырудың дәйекті мысалдары елімізде тәуелсіздік алған жылдардан бері берік орныға бастаған сыңайлы. Бұл жақсы үрдіс. Кешегіні әспеттеу келешектің шырайын шығарады. Ұрпақ сабақтастығы ұраннан гөрі ұрымтал, ұлағатты нақты істермен ұғынықты болмақ. Зердеге іліккен зерлі нақыш, әсіресе ол поэзия тілімен бедерленсе, рухани мол олжалы күйінде кеуденің күмбір сыңғырына айналмақ. Осыны жете сезінетін ақын тарихи тұлғаларға қатысты жыр төккенде, қазақ жерінің қасиетті атауларының сырын ашып, көркемдікпен жадқа құйып отырады. Осы жинақта да сондай ілкімділік басым екен. Бұл әрине кітаптың танымдық салмағын сындарлы етпек. Яғни, ақын олжасы.

Бір сүйсінерлігі сол, Қ.Аманжолдың сәл бір елеусіздеу көріністен оқиғалы ой түйіндеп, оқырмандарын кесекті көркем дүниемен табысқандай әсерге бөлеуі – талант қырының қарымдылық белгісі іспетті. Сөзіміздің дәлелі – «Аю туралы пікірталас» және «Зообақтағы аюлар» деп аталатын сюжетті екі өлең. Тіпті екеуі де балладаның жүгін көтеріп тұр. Алғашқысында, жазушы Асқар Алтайдың «Әспеттеп бұлай жыр қылғаныңыз, Алтайдың аюы шығар, Көкшеде аю болып па екен өзі?» – деп әзіл тастауынан ақын шамырқанып, шабытына мінеді. Шындық шиыршық атады. Алаштың туын тіктеген арыстардан қалған құт-мекенде «Көкшеде аю жоқ деген, Көкезу қайдан шықты екен?» – деп әзілімен астарлап ойын жеткізуге бекінген ақын «Абылай ордасын тіккенде аюың тұрмақ арыстаның да өріп жүрген» деген сыңайда желдіртіп алып: «Жолбарыс жорытқан жонымды, Қорсылдап доңыз басса да, Торуыл қаптап жолымды, Басымнан дұшпан асса да...», – деп кеңестік дәуірдің кембағал кезеңдерінің кесепаттарын меңзей келе сонау алмағайып заманның алыптары хан Кене, би Қанай, Ақан серілерден төмен сырғып, Мағжан, Мәлік, Сәкен сері, Қасым, Оралхан, Қалихандарды құшағына орап, Асқарды да қонжықтан өскен аюсың дей келе, оған былайша наз тастайды: «Асқаржан, бізге бәрі ортақ: Алтайдың аюлары да, Көкшенің көкжалдары да, Арыстар армандары да...» Иә, бәрі ортақ... Сол ортақ құндылықтарды ақпейіл ақын Қорғанбек моншақтай мөлдіретіп, мойыныңызға алқа етіп тағады. Қандай әсем моншақ, жылт-жылт етіп, көз суырады. Алмастың өзіндей екен, ақынның сөзіндей екен. Демек, бұл өлең жай емес, мазмұнға бай өлең екен. Және де идеялық тереңдігімен жол нұсқайтын сиқырлы сөз сарасы боп шығыпты. Бәрекелді, абзал ақын, табысыңмен!

Екіншісі – «Зообақтағы аюлар» өлеңі дедік қой. Мұның сюжеті де тосын оқиғаға құрылған. Мәскеу зообағының қызметкерлері зерттеу мақсатымен, бір топ аюды еркіндікте қорегін тауып, күн көре алар ма екен деп, орманға босатып жібереді. Олар тіпті аңқау екен, жабайы қандастарының жейтін жеміс-жидегін теріп талғай алмай, баяғы тордағы әдетімен қос алақандарын жайып, бастарын изектетіп, ауыздарын аша береді. Тіліне тәтті үйірткен адамдардың кимылына әбден көндігіп кеткен ғой. Өз беттерінше еш

амалға бармайды. Жұрт аюлар босап кетіпті, қырып тастайды ғой деп, дүрлігеді, жедел қарулы күштер шақырылады. Ал аңқау аюлар тіске басар мол жемістің ортасында қос қолын жайып, дәметіп тұрады. Араны үшін адамдарды тарпа бас салып, қызыл-жоса қан қылу қаперлеріне де кірмейді... Осы тұста ақын: « Жапырып, жайпап дүлей күш, Қайтер ек салса қырғынды. Білмейді кейбір күнкөргіш, Ізеттілікті де бұл құрлы», – деп санаға түрлі ой салады.

Қорғанбектің жүрегінде қорытылған жыр қорғасынын кәдімгі бала күнгі бармағымыздың арасына қысып, көздегенімізге дөп тигізетін сақаға құйып алса ғой, мергендіктің көкесін көрсетер едік-ау. Ал мына сондай сақамыз ойымызға салмақты ой қосумен дараланады. Осындайда мынадай түйсік сананы шарлайды. Егер ақын сезгендерін елестетіп, ойының дұрыстығын ақыл елегінен өткізе алса, содан соң шабыттан туған сырлы ойлар сөйлем боп өрілгенге дейін ой бастапқы күйінде сақталса, бұл шығарма ұзақ уақыт оқылатын болады деген тұжырым бар. Олай болмаған жағдайда, өлең деп ұсынғанымыз асыл тастың жез жүзіктен немесе көмірмен оюлаған алмастан айырмашылығы болмайтын секілді... Қорғанбек поэзиясына осы талап тұрғысынан қарайтын болсақ, оның жүрегінен жарып шыққан жыр дестелері – көздің жауын алады, жүректің нәзік те берік қылын шертеді. Өмірге құмарландырады, іңкәрлікті еселейді. Махаббат мұңының өзінен тәтті ләззат сорғызады. Қысқасы, өмірдің қуанышы мен қайғысын дәлме-дәл безбендеу арқылы қате басқанды түзетеді, дұрыс жолдағыны құлшындырады. Өмір ахуалына ақындық септесу деген осы болар.

Осы айтқандарымыздың айғағы – «Шошала тас» баллада-сы. Ақын қиялы ғажайып ертегі іспетті оқиғаны ғашықтық пейілдің ақ туындай етіп алып, мәңгілік желбіретеді. Ағайын-туыстан пана таба алмайтынын сезген екі ғашық бір түнде шалғай шепке зыта жөнеледі. Қуғыншылар соңына түседі. «Ғашықтарды ақ отау құшағына алыпты, Құдіреттің күшімен тас боп қатып қалыпты. Қияметтен құтқарып ғашықтардан бата алған, Содан бері ақ отау Шошала тас аталған», -деп ақын риясыз ақ махаббатқа пана болған Шошала тастың да жүрегі иіп, жібігенін жан күйзелісімен баян етеді. Таза сүйіспеншілікке қатер жоқ екен! Немесе жыр тіліне іліккен

мына оқиғаны алайықшы. Көркінің кемістігі үшін қызын атастырудан айныған болашақ қайын атсына әкесінің әдейі жіберіп: «не бауыздап кел, не бауыздалып қал» деп берген алмас пышағын болашақ күйеу: «салыңыз маған пышақты», – деп бұйырғанда, қайын енесі екеуін де райынан қайтарып, ақыр соңында қызын әйелдікке алып кете барыпты. Бұл әфсана-қисса «Шақантай батырдың құдалығы» деп аталады. Мұндағы түйініміз – ақын сезімінің ақыл елегінен сәтті өткізілуі. Естіп, білмеген қатал оқиғаны салқын сабырға жеңдіріп, үстемдік жырын шынайылықпен әдіптей білуі еді. Міне, шеберлік сырын әділдіктен іздеудің ақиқаты осында жатыр екен.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің санатына сеніммен қосуға болатын Қорғанбек Аманжол ел тәуелсіздігі тақырыбын жырлауда өзіндік қолтаңбасы бар талғампаз ақын екендігін мойындатып үлгерді. Осы он тоғыз жыл ішінде оның қаламынан туындаған шығармаларда тәуелсіздік шапағаты алтын шуақ болып төгіліп келеді. Оңайдың оңғақ, қиынның қымбат болатыны секілді, ақын үнемі тың ізденісімен, жалықпайтын жанқиярлығымен, азапты еңбекшілдігімен қуантуда. Тәуелсіздік – сан қырлы толғаныс, қозғалыс тетігіндей аса күрделі тақырып. Бір демде ыстық сезіммен қан қыздырып, ой ойнатып жырлай салуға келмес. Мәні мен мазмұны, сапасы мен сарабалдығы айқын бедерленуі үшін ақын өз жанын жегідей жемей дәнеңе өнбейді. Ал Қорғанбектің ақындық болмысынан ондай жанкештілік мінез әбден байқалады. Егілмей, езілмей, ерінбей – дәнеңе өнбейді. Өзінен азаматтығы, көзінен ақылдылығы, сөзінен оқырмандарына қажеттілігі сезіліп тұратын жасампаз ақынның кезекті асқаралы шыңға шыққанын күтіп жүргенбіз. Енді сол асуға көтерілгенін көріп, көңілімізді көншіттік. Тәнті еткен жыр биіктігі – «Қанай - Абылай» поэмасы еді.

Бұл поэма – осы кітаптың алтын қазығы іспетті. Эпиграфқа алынған Мағжанның: «Ту баста Абылайды хан көтерген, Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай» деген өткір де шыншыл сөзі жүрекке қашап жазылғандай екен. Қанай – тарихи тұлға. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Жанталас» романында қытай әскерімен шайқастың бір сәті былайша суреттелген. «Абылай тұрған қыземшек биік

шоқының басынан көз жететін адыр-қырқа беттері тегіс көрінеді. Оның қасында қазір төрт-ақ адам бар: Қанай, Бекболат, Тәтіқара және Сырымбет батыр. Өзге батырлардың бәрі де майдан даласында...» Енді Қорғанбектің: «Халқына туғызбаққа күн мен айын, Көтеріп ақ киізге Абылайын, Алашқа алтын заман орнатысқан, Дариға, ұмытсын кім би Қанайын!?» – деп қорғасындай салмақты ойынан ұтырылған дерекке қаныққанда, Қанай бабаның тарихи миссиясы одан әрмен тұғырланып, асқақтай түседі. Халық не айтса да дөп айтады. Ақын дәнекерлігінен мынаны білеміз: «Қалың қол жер қайысып дабылдаған, Жақын-ау дүбірлеткен сарын маған. Мәңгілік бесікте де Қанай-Абылай, Дариға, қатар жатып дамылдаған». Иә, екі алыптың да мүрдесі Түркістанда жерленген. Поэманың: «Асуда алмағайлап қорғаламай, Алашым, аса бергей алға қарай. Асқарға Абылайды өрлеткендей, Қамкөңіл қазағыңды қолда, Қанай!» деп өр дауыспен ширыға түйінделуі бүгінгі азаттықтың тағдырына мығым болуды әр жүрекке ұғындыра жеткізгендей ме! Міне, үздік туындының тура да төте мәні осылайша ұлтшыл ұланды селт еткізіп, ұйқысынан оятарлықтай жойқын леппен өріліпті. Иә, Тәуелсіздік жаннан қымбат! Оны жақындатқандар ардан қымбат! Соны көркем сөзбен, сиқырлы сазбен мүсіндей білген ақынның ақылы сұлу-сымбат! Бұл поэманың өміршеңдігі де осындай қасиеттерімен дараланып тұрмақ. Аталмыш поэманы қазақ поэзиясына қосылған сүбелі үлес деп бағалауға әбден болмақ.

... Талант сан қырымен тамсандырады. Қорғанбек таланты да сондай даралығымен сүйсінтеді. Оның «Зеренді қарағайлары», «Бірәлі-дастан», «Сабат» жыр кітаптары оқырман жүрегін баураған келісті дүниелер. Сондай-ақ «Ғибрат пен Зұлмат», «Біржан бұрмалары» жинақтарына топталған толғамдар оның деректі, көркем прозадағы шалымды қадамына куәлік еткендей. Ал аударма саласындағы ізденістері мен нәтижелері өз алдына әңгіме арқауы боларлық. Бесаспап дарынның дара бағыты елеңдетіп, қызықтыра түседі.

«Ақын орны – қаламы қандай биікке көтеріп шығарса, сол жерде. Ондай орын әсіресе биікте көп», – деген екен Ғ. Мүсірепов. Сондай көп орынға бәрі емес, бірегейлер

ғана көтеріліп жайғасатыны, өмірден тағы белгілі жайт. Кез келгені шырқауға қанаты талмай жетіп, қонақтай алмайды ғой. Бұл ретте Қорғанбектің әлді де әлеуетті қос қанатына сенеміз... «Өлеңімдегі өртімді, Өшіріп, сірә, алмайын», – деп өзі киелі музаның алдында серттескен ол, «Өмірім өрге өрмелер, Өлеңім болар өмірдей», – деп үміт етеді. Жаратылысынан жалғыз ақынға жақтас кім? Әрине, халық. Ендеше көп қолдауы – қанағатты істің толғауы десек, Қорғанбектің жыр-шабытына тояттай берерміз, әлі!

2010 ж.



ШЫНШЫЛДЫҚ

Қазақстанның халық әртісі Тілектес Мейрамов есімі жалпақ өнерсүйер қауымға жақсы таныс. Оның сомдаған рөлдеріне кезінде осы саланың даңғайыр тарландары оң баға беріп, жылы қабақ танытқаны белгілі. Талантымен дараланған өнер саңлағы өзіндік қолтаңбасымен бүгінде де актерліктің шырқау биігінен табылып, көрермендерін әрдайым соны табыстарымен қуантуда.

Бүгін ол талант таразысын екшей отырып, қазақ театрының қалыптасу, даму тұрғысындағы ойларын ортаға салады.

– «Талап тас жарады» демекші, әртістікке, жалпы өнерге деген талап ұшқыны жүрегіңізге қашан, қалай түсті?

– Менен бұрынғы да, кейінгі де біраз буын өкілдерінің өнерге келуінде бәлендей айырмашылық жоқ дер едім. Қызмет бабындағы әкенің аудан, облыстағы түрлі жиындарға қатысуы, жүріс-тұрысы көп болды да, ұзақты күндер жылы пештің түбінде жатып, марқұм анам айтатын ертегі-қисса, халық әндерін тыңдап өстім, сондықтан да өнер жолына алғаш баулыған анам Рымжан деймін.

– Кімдерге еліктедіңіз? Ауылдағы өнер қазынасы – ұшқыннан жалын үрлей алды ма?

– Сонан соң мектеп көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, кейіннен осы бір жылт еткен ұшқынның «тұтқынына» түскенімізді аңғармай қалғандаймыз. Радиодан жаңа бір

ән ести қалсақ, бүкіл бала атаулы аңдып жүріп келесі қайталағанда әрқайсымыз бір-бір жолдан жазып алатынбыз да жарыса орындайтынбыз. Сол әншілерден айнытпай айтуға тырысатынбыз. Ағайынды Абдуллиндер, Суат Әбусейітов, Рашид Мұсабаев, Жамал апа Омарова... Қалаға жақын көшіп келген соң тыңдарманның «ұлттық құрамының өзгеруіне» сай Р.Бейбутов, М.Магомаевтың репертуарына ауыз сала бастадық... Соларға еліктеп әншілік жолды қусам ба деп едім, бірақ ондай оқудың барын, қайда екенін ауыл баласы қайдан білсін... Ақыл қосар, бағыт берер аға жоқ еді, ал әкем талабымды құптай қоймады «тұқымыңда бақан жонып, оқтау жасаған адам болған жоқ, қайтесің» деді, анам о кісінің сөзінен аттай алмаған тәрізді.

– Өмірде талабыңыз мұқалып көрді ме?

– Тұрмыстық, пендеуі тірлікте болса- болар, өнерде мұқалып көрген жоқ. Қай актердің де армандайтын рөлдерінің біразын ойнаппын. Қайта, сол талаптың кей тұста тапшылау болғанын, соған жетуде табандылық таныта алмадым ба деп өзімді кейде кіналап қоятыным да бар.

– Талап жасқа қарай ма?

Жоқ. Жасқа қараған талапты да, талантты да өлдіге теңер едім!

– Шығармашылық азаптың басталғанын қалай сезіндіңіз?

– Театрға келгеніме екі-үш жыл болмай жатып Ақан сері рөліне тағайындалғанымда сезіндім-ау деймін. Ол кезде тым жас едім, рөл табиғатын меңгермек түгіл, ұлы Ғабеннің маржан сөздерін дұрыс айтып шығудың өзі қиынның қиыны еді... Оның үстіне, Шәкен ағамыздың көзін көрген әріптестерінің ортасында тұрып ойнау деген... Абырой болғанда / мен үшін, әрине/ спектакльдің ғұмыры қысқа болды, дегенмен осы пьесаға деген өмірлік құштарлығымды, қызығушылығымды оятып кетті.

– Рухани ләззаттандырған азапты рөліңіз болды ма?

– Келесі қиындық та осы пьесаға байланысты. Осы жақында ғана Қ. Қуанышбаев атындағы театрда «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасы қайта қойылып, менің үлесіме Науан хазірет рөлі тиіпті. Турасын айтсам, біраз қиналдым, нәтижесі қалай болғанын көре жатарсыздар.

– Қазіргі рөлдеріңіз аса қиындықпен игеріле ме?

– Өз басым олай деп ойламаймын. Бойға біткен қабілет-қарымның шапағаты шығар...

– Рөлдегі кейіпкер мазағының кәрі, қаһары қандай?

– Кейіпкер кәрі мен қаһарының батпан салмағын ұстаздарым Асқар Тоқпанов, Шолпан Жандарбекова, театрдағы аға-апа әріптестеріміз құлаққа мықтап құйып, санаға сіңіріп тастаған. Әсіресе, марқұм Сәбира апамыздың «қай рөлді де менсініп ойнау керек» дегені әлі күнге есімнен шықпайды.

– Өмір мазағы деген не?

– Ал өмір мазағы деген...кім біледі, бәлкім, сен турасында өзің мен өзгелердің пікірі қайшы келіп мазақ боп жататын тұстар шығар, біреулер айтады «досқа – күлкі, дұшпанға – таба» болғаның деп. Содан сақтасын!

– Мадақтың кесірін, кесепатын сезіндіңіз бе?

– Жок. Кесірі тиетіндей, асыра, әсіре мақталған, мадақталған кездерім болған емес. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымдай ондайды көтере білуге, былайша айтқанда «неғылайының болсын»-ды тағы да сол әріптестеріміз үйреткен.

– Мадақ арзан, қымбат болып жіктеле ме?

– Әлбетте. Көңілге қарап көлгірсіп айтқан мадақ арзан келетіні белгілі, өз басым әріптестерімнің пікірін жоғары бағалаймын, құлақ асуға тырысамын. Онай – оңақ, қиын – қымбат екенін әрдайым салмақтап жүремін.

– Талантты тағдырдың түбіне жеткен мадақ туралы айтсаңыз?

– Дөп басып айта алмаймын... нақты мысал болмаған соң анау-мынау жел сөзге бас газетімізді қимаймын.

– Қазақ театрының маздағы қазір шалқымалы деп ойлайсыз ба?

– Бұл енді өте күрделі сұрақ. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы «алтын дәуірді» еске түсірер болсақ, бұл сұраққа қысқа ғана әрі нық сеніммен «иә» деп жауап беруге болады. Жалғыз біз емес, көрермен де сондай пікірде болар деймін, әлбетте, сол кездегі спектакльдерді көргендері. Әсіресе, М. Әуезов театрының, оның ішінде марқұм Әзекеңнің. Осылай деп бастасаң, «баяғыны сағынады, өткенді аңсайды» деп

өзіне айып тағатындардың табылуы әбден заңды. Жарайды, аңсамайық та, сағынбайық та, дегенмен, соңғы 20-25 жылда көрерменнің «жүрегін толқытып, жүйкесін босатар» / Ә. Сығайдың сөзі/ қай театрдың қай спектаклін атай аламыз? Бәрі «бірсыдырғы сәтті, бірсыдырғы тәуір» бола тұра сахналық ғұмыры үш-төрт, асып кетсе бес маусымнан аспайтыны қалай?

Мысалы, өткен жылы Таразда өткен фестивальде Мәскеуден шақырылған сыншы А. Степанова бар кінәні қазақ режиссурасының әлсіздігінен көргендей болды ғой... Осы пікірде гәп бар секілді.

Жақында сол сөзін бір сұхбатта келтіргенімде біраз әріптестерім өкпелегендей сыңай танытты. Біріншіден, оны айтқан мен емес, екіншіден, сол қалпы ішімде өліп жата берер де еді, белгілі драматург, театр жанашыры С. Балғабаев менен бұрын айтып кетпегенде... Үшіншіден, бұл таяқтың бір ұшы ағалық жасқа келіп қалған өзімізге де тиерін, және ондырмай тиерін жақсы түсінемін. Егер «сенің міндетің жақсы спектакль қою, мен тек орындаушы ғанамын, ал әкімшілік залды толтыруын білсін» деп жауапкершілікті бір-бірімізге сырып тастап жүре берсек, тиісті нәтиже шықпайтынын бәріміз білеміз. Бірақ нақты орындалуына келгенде салғырттық, тіпті немқұрайдылық танытып жататынымыз да жасырын емес.

Театр-ұжымдық өнер екенін кейде естен шығарып алып жатуымыздың кінараты да кемшілікке себепкер емес пе?

«Алтын дәуірдің» негізгі қасиеті де осы еді. Әзекеңнің тегеурінді режиссурасы мен атпал актерлердің шеберлігі, бұған сол кездегі көрерменнің театрға деген ерекше ықыласын, қызығушылығын қосыңыз... Және, әділіне келер болсақ, ол кезде Әзекеңнің өкшесін баса-маса, бір сәтке тоқмейілсуге, «осы да жетеді» деуге мұрша бермейтіндей бір топ избасарлары, керек десеңіз, бәсекелестері де көп болатын. Бүгінде арамыздан кеткен Ж. Омаров, Б. Омаров, Қ. Жетпісбаев, Р. Сейтметовтің еңбектері де көлеңкеде қалған емес. Ал қазір осы бәсекелестік бәсеңсіген секілді. Режиссурада жастар еліктейтін, үлгі тұтатын айқын да беделді көшбасшы жоқ десек, ешкім тулап, намыстана қоймас. Намысына тисе, нақты еңбегімен дәлелдесін. Дәл осыны әріптестерім – актерлерге, ең алдымен өзіме бағыштар едім.

Актер – тәуелді мамандық дегенді ұран қылып алған өзіміз де іздену, ойлану, азаптану керек екенін ұмыта береміз. Бір кездері басқалар салып кеткен «сара жолмен» оңай жеңіске жеткіміз келеді, қалыптасқан стереотипті бұзуға самарқауымыз, әлде шеберлігіміз жетпей ме, жаңалықтан гөрі таптаурындылыққа бейімбіз, көрермен көңілінен шыға алмай жататынымыз да сондықтан болса керек...

Көп ретте біз « театрға келмейді, қызықпайды, бағаламайды» деп көрерменді кінәлауға дайын тұратынымыз да бар.

Мейлінше қате, жаңсақ пікір. Келтіре алмайтын, қызықтыра алмаған өзіміз кінәліміз. Бұл жөнінде белгілі сыншы Ә. Сығай да, осы жақында Қ. Қуанышбаев театрының директоры Е. Жуасбек те айтып жіберді. Шынында, өз еркімен, ішкі қажеттілігінен емес, театр әкімдігі соңынан қалмай «ұйымдастырған» көрермен мен театр арасында тұрақты, тығыз байланыс орнауы мүмкін дегенге сенбеймін. Енді осы проблеманы мәдениет басқармасына немесе жоғарыдан қарайтын басшыға түсіндіріп көріңіз...Жоқ, ол ең әуелі театр директорынан көрерменнің сапасын емес, санын сұрайды, онда да назар аударма қалса. Бұлай дейтін себебім, біраз облыс орталықтарындағы тәп-тәуір театрлар жетім баланың күйін кешіп жүр. Театр қызметкерлерінің айлығын көтеру, баспанамен қамтамасыз етілуі, жас кадрларды шақырып, оларға тиісті жағдай жасалуы, еңбегін лайықты бағалау, т.б. көкейкесті міндеттер шешімін таппай жүр.

Иә, театр , жалпы өнер таланттарсыз өмір сүре алмайды, дарындылар саусақпен санарлық боп келеді дегенді жиі айтамыз, бірақ соларға жасалатын қамқорлық, көмек өз дәрежесінде ме?

Мысалы, бізде өнер адамдарына берілетін құрметті атақ баршаға бірдей әділ бөлініп жүр ме? Оншақты жылда кішігірім бес-алты рөл ойнап, тек қызмет етіп жүрген театрының даңқымен ғана атаққа ие боп жатқандар аз емес. Алсын, қызғанбаймыз. Ал бірақ, қырық жылдан аса облыстық театрдың бүкіл репертуарын ұстап, қиындығына төзіп жүрген әріптестеріміздің еңбегі неге дұрыс бағаланбайды? Басқаны айтсам «білмейсің» дейтін болар, өзіммен бір курста оқыған Тараздағы Ш. Жәмеңкеева, Шымкенттегі М. Шәкіров сол

атаққа лайық емес дегенге ешкім мені сендіре алмайды. Оқу бітірерде екеуінің де академиялық театрда қалатындай мүмкіндігі болған, Мұқан тіпті үш-төрт жыл сол театрда қызмет істеп отбасылық жағдайына байланысты өзі сұранып кеткен-ді... Оларды орталықтан алыс жатқандықтан назарға ілікпей жүрген шығар дейін десең, тап осы Астанадағы театрдың іргесін қаласқан бір топ шеберлерді неге байқамаймыз? Мәселен, репертуардың басым бөлігінің темір қазығындай тамаша актер Б. Ыбыраевты алайық.. Театрдан кінә жоқ, жыл сайын ұсынып-ақ жатады, бірақ сол атаққа ие болғандардың тізіміне ілікпей қалады. Түсініксіз. Бұл мысалды ондаған фамилиялармен толықтыра беруге болады. Демек, мәселе олардың дарын деңгейінің лайықты бағаланбағанына келіп тіреледі...

Қаласында театр бар екендігі, онда актерлер жұмыс істейтіні тек Жаңа жыл, Наурыз мейрамы қарсаңында ғана «есіне түсетін» шенеуніктер кездесіп қалатыны жасырын емес-ау!

Немесе, жыл сайын өтетін фестивальдер кезінде. Онда да нақты қамқорлықтың орнына қандай жүлдемен оралғанын сұрарда. Театр репертуарын түзерде де осы. Режиссер көптен толғанып, толғатып жүрген пьесасын қойып, актерлер жақсы рөл ойнағысы келсе, әкімгер кассасын ойлайды, осыдан барып екеуара түсінбестік туады. Оның арты кикілжіңге апарып соғады, ақыры онсыз да кадр жетіспей жатқанда, екеуінің бірі кетіп тынады, және «жеңіс» көбінесе әкімшінің үлесіне тиеді. Қаңғып қалатын шығармашылық өкілі. Осы ретте бас режиссер немесе көркемдік жетекші мен театр директорының міндеттерін айшықтап алатын мезгіл жетті-ау деймін. Жасыратыны жоқ, біздің құлаққа бас режиссерден гөрі «деректір», «төраға», «басқарма бастығы» деген әлдеқайда жағымды естіледі, ал біздің білуімізде театрдағы басты тұлға бас режиссер болса керек еді. Мәселен, Ресейде солай... Мұны көріп-біліп отырған жас маман театрға аттап баса ма? Алматыны төңіректеп немесе облыста бірлі-жарым спектакль қойғанына мәз боп жүре береді, онда да әйтеуір бала-шағасын асыраудың қамымен. Осы орайда марқұм Ғ. Мұстафин ағамыздың бір әңгімесі есіме түсіп отыр, кезінде радиодан естігем.. «Біздің ауылда, дейді, бір кісі болды...

Өмірі иығынан мылтығы түспейтін. Атқан он оғының тоғызы далаға кетеді, бірақ «аңшы» деген атағы бар» деген. Сол айтқандай, күні кеше ғана қатардағы әртістің бірі боп жүріп, бүгін тек дипломның арқасында режиссер атанып жүргендер де жоқ емес. Солардың, тіпті кезінде өзіңнен оқыған жігіттердің аяқ астынан «өсіп» кеткенін көргенде осы мен қайсысынан кеммін деп таңырқайсың... Ойлана келіп, артынша режиссура дегеннің мүлде басқа мамандық, өзгеше дүниетаным екені есіңе түседі де сөйтіп өзіңді-өзің тежейсің. Әзірге сан сапаға айналмай тұрғанын айтқаным ғой. Айта берсең, проблема таусылмас.

– Тағы бір шетін мәселе, осы театр өнерінің насихатталуына байланысты бой көтермек. Бұған көңіліңіз тола ма?

– Театр өнерін, оның жекелеген өкілдерін көпшілікке таныстыратын хабарлар біздің теледидарда өте аз, тіпті жоқтың қасы. Әрине, жаңа спектаклін телеарнадан бірден көрсете салған театрға тиімсіз. Дегенмен, бір кездері таспаға жазылып алынған қойылымдарды анда-санда көрсетіп тұрса, бүгінгі, ертеңгі жастар Қ. Қуанышбаев бастаған алыптар тобының тым құрыса атын естіп, кеше ғана арамыздан кеткен Сәбира, Шолпан, Хадиша, Бикен, Фарида апаларымыздың, Ыдырыс, Әнуар, Есболған, Әзағалардың өнеріне тәнті боп жатса артық па? Одан ұтпасақ ұтыларымыз қайсы? Ол ол ма, кеше ғана ұлы режиссеріміз Әзекеңнің 80 жасқа толған туған күні болды... Айтуға да ұят-ау, бір-екі газет пен бір ғана телеарнадан басқасы үнсіз қалды. Дәл сол күндері көршілеріміздің бір актері дүниеден озып еді, барлық дерлік арналар бұрынғы бағдарламасына дереу өзгеріс енгізіп, сол әртісін жоқтап, еске алумен болды. Осындай озық өнегеден үлгі алудың орнына біз тек нашарына еліктейміз, сондықтан арналарымызды көркемдік деңгейі күмәнді, сын көтермейтін «шоулар» басып алды. Өзіл-сықақ дегенге қарсы емеспіз, бір уақыт ол да керек, әйтсе де солардың мазмұнын, дәрежесін бақылап отырған кім бар екен?.. Актерліктің тым құрығанда «әліпбиін» өтпегендер көрермен талғамына кері әсерін тигізіп жатқан жоқ па?.. Ол аз десеңіз, мына солтүстіктегі көршілеріміз қайта-қайта сынға алып, құтыла алмай отырған бір әзіл – шоуды күн құрғатпай көрсетіп жүрміз. Тәуелсіз арналарға сот жоқ делік, бірақ арзан күлкіні көбейтіп жіберген

өзгелерге не жорық? Сонсоң бір түсінбейтінім, неліктен осы телеарналарда сусабын мен спектакльдің жарнамасының құны бірдей? Жоқ, нарық заңы бәріне бірдей екенін білем, дегенмен, бір ведомствоның қоластында болғаннан кейін осы мәселені шешуге болмас па дегенім де... Осы проблемаларды, дәл осы жолы айтылмай қалғандарын да өнер жанашырлары ескертіп те, жазып та жүр. Біртіндеп шешіліп жатқандары да жоқ емес, сондықтан ауызды қу шөппен сүртіп, байбалам сала берген де орынсыздау шығар.

– Өңірлердегі театрлардың өркенді ісінен, кейбір тежелісінен аз-кем әңгіме өрбітсеңіз?

– Турасын айтсам, дәл қазіргі таңда өз басым Алматы және облыстық театрлардағы ахуалға толық қанық емеспін. Ал Астанадағы Қаллеки театрының «Гамлет», «Ақан сері-Ақтоқты», «Айман-Шолпан» спектакльдері, жалпы осы театрдың соңғы жылдардағы аяқ алысы, бірнеше фестиваль, байқауларда бас жүлделерді «шаппай алуы», ұжымның ауызбіршілігі, шығармашылық һәм моральдық ахуалының тазалығы, ертеңіміздің онша үмітсіз еместігінің дәлеліндей. Әрі өзгелерге үлгі болуға лайық. Дәл осындай сөзді, дәл осы ұжымға қаратып былтыр ғана «Дон Жуанның думанын» қойып, актерлерге ризашылығын білдірген қадірлі ақсақалымыз Асекең /А. Әшімов/ айтқан-ды. Лайым, осындай жылы лебіз барлық театрларға қатысты білдіріліп жатса екен дейміз. Әлбетте, жалғыз әріптестері емес, ең әуелі көрермен тарапынан, және лайықты қойылымдар хақында. Шама келгенше, баршамызға ортақ деген ойлардың бірер сарасын ғана ортаға салдық. Ондағы мақсатымыз – жақсымыз бен жаманымызды асырып-жасырмай, қажет болса, бірігіп жол іздейік деген ниет еді...

– Әңгімеңізге рақмет!

2012 ж.



ӘЙЕЛ КӨЗІНЕН ЖАСҚАНАТЫН ЖАЗУШЫ

Өмір аманатсыз болмайды екен! Алғашқы аманатты жан анамның аузынан ақырғы демі бітерде жиырма жеті жасымда естіппін. Сүйегіне ілініп, қос жанары жылтырап, пышақтың қырындай жанылған жақтарын шодырайған иегі әрең қабыстырған күйі, кемсендеуге әл-дәрмені келмей жатып: «Қаламсабынды тастама!..»— деп иегін соңғы рет қағып қалған. «Құлыным» деуші еді жарықтық, демі жетпей, сол тәтті атауын қармай алмады білем... Анамның осы аманат сөзін Ә.Нұршайықов дос-ағам мен туралы мерейтойлық (60 жас) мақала жазғанда эпиграф етіп алды. Демек, қаламсапты тастауға хақымыз жоқ екен!

Сосынғы аманатты Әзағаң аузынан естідім... Айтып берсем, былай...

... Алматыдан Астанаға бүйірі тоқ пакет келді. Өзілхан Нұршайықов жіберіпті. Қалай ашқанымды білмеймін, ішінен Әзағаң қолжазбалары ақтарылып түсті де, іле алақанымды толтырған бір көкшіл кітап топ ете қалды үстеліме. Автордың «Қаламгер және оның достары» деген кітабы екен. «Өлке» баспасынан 2000 жылы жарық көріпті. Мұндайда дегбір қала ма? Бірден автографқа көзім түсті. «Қымбатты Қайсар інім! Бұл менің өз ұстазым Мұқан Иманжанов туралы жазған кітабым еді. Сіз өткен ағаларды «өлтірмей» – ұмытпай ардақтайтын абзал Азматтардың бірісіз ғой. Сіздің сол ағаларға деген асыл ілтифатыңызға, шексіз сүйіспеншілігіңізге деген ризашылығымның белгісі ретінде бұл кітабымды Өзіңізге ерекше ықыласпен сыйлаймын. Қабыл алғайсыз. Келін, балалар, бәріңіздің бақытты болуларыңызға шын жүректен тілектеспін. Зор құрметпен: ағаң Ә.Н. 20.09.2001 ж. Алматы».

Бақытты алыстан іздеп жатып қайтеміз? Бақыт ұшқыны осындай жүрек сөзінен себезгіленетін шығар, бәлкім. Кеспелтек кітап менің Әзағаң сыйлаған қуанышымның өзіндік өлшеміндей ме екен? Жіберген сауалдарыма қайтарған «жүп-жуан» жауаптары да көз қызықтырғанымен, алдымен

автордың бұл кітапқа арнау сөзі ырқымды бағындыра берді. «Аяулы Адам, асыл Азамат, қадірлі Қаламгер – менің әдеби ақылшым Мұқан Иманжанов жайындағы бұл қарапайым еңбегімді Өз замандастарының, біздің бәріміздің ортақ Ұстазымыз болған қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы Ұлы Классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдық торқалы тойына тарту етемін», – делінген Арнауда. Есіме сарт етіп түсті. Тоқта! Алғашқы романы «Махаббат, қызық мол жылдарды» да Өзағаң осы Мұқан ұстазына арнап, жариялағаны қайда? Қане, оқып көрелік. «Бұл кітабымды жас ғұмырдың жалынды жыршысы және жас қаламгерлердің жанашыр қамқоршысы, жалықпас ұстазы болған жазушы марқұм Мұқан Иманжановтың ескерткішіне арнаймын». Мұқан ұстазы бұдан он екі жыл бұрын дүниеден озса да осылай еске алып, рухына роман, енді міне, тағы да кітап бағыштап отырған шәкірттің кішілігі мен кішіпейілдігіне тәнті болып, Өзағаң телефонына қоңыраулаттық.

Өзағаң қашанғы әдетімен амандық-саулықты тәптіштеп сұрап алғаннан кейін, жіберген қағаздары мен кітабына шын жүрегімнен рақметімді айтып, қуанышымды білдіріп жатыр едім, ол кісі көкейіндегі бір мәселені тікесінен сыналап жібергендей болды. Әсілі, істеген жақсылығына қарымта күтпейтін, біреуге салмақ салып сөйлемейтін, кей сәттері аса маңызды іске жаны ашыған тұста да «өзіңіз біліңізге» сайып, сыпайы бипаздайтын Өзағаң бұл жолы:

– Менің бір айта алмай жүргенім бар еді, қалқам! – деп жасқаншақтық танытқаны – сәл жұмсарып, биязылана түскен дауысынан байқалды. Менің ықыласымды күтпестен сөзін жалғай түсті. – Қайсаржан-ау! Менің Мұқан Иманжанов деген ұлы ұстазым болғанын білесің. Оны жүзге жуық адам ұстаз санап, қастерлеп өтті. Енді сол аса талантты жазушының еңбегі көмескіленіп, тіпті ұмытылып бара жатқандай. Небәрі 41 жыл 3 ай өмір сүрген оның алмас қаламынан басқасын айтпағанда, «Алғашқы айлар» повесі мен аяқталмай қалған «Көк белес» романы, көптеген тамаша пьесалар мен әңгімелер туындағаны белгілі. Өзге жанрларда да көсіле жазды. Ол кісі замандастарын хаттарымен тәрбиелеген үлкен жүрек иесі еді. Әйтеуір ұстазымның 85 жылдығына міне, бір кітап арнағаныма мазбін. Шәкірті болдым деп дәсердей

болатын кейбіреулер осы мерейтой кезінде бір ауыз жылы сөз жазбағанына қайран қалдым. Есінде ұстағайсың, қалқам, ұстазыңның ұстазын да ескере жүргейсің деген өтінішім бар... Ұмытқан жоқпын ғой, ұлы ұстазым Мұхтар Әуезов туралы жазған естелігіме қаншама жылдар өтсе де разылық білдіріп, алғыс жаудырушылардың бірі өзің болатынсың... Осы әңгімелердің бәрін ұстаздық ұлағаты мен оны ұлықтаудың ұстыны ұрпақтар жүрегінде қалыптассын деген дәмемен айтып жатқанымды түсін, шырақ!...

Көкейден өшпейді екен сол сөздер. Уақыт қанатына ілесіп, көңілден ысырылмай келіпті-ау. Баяғы, әне-міне, тірлік. Өзге шаруалар килігіп кете берді. 2005 жылы Әзағаң туралы «Махаббат жыршысы» деген эпистолярлық кітап шығардық. Соның созылыңқы күйбені. Бірақ Иманжанов есте жүреді. Бір тежеліс бар. Әзағаңнан асырып не жаза қоярмын деп, еріксіз тұйықталасың. Әлде Әзағаң осы тақырыптың жалғаса беруін қалайтын шығар деп ойға да беріліп қоямыз. Ұстазы туралы өзі айтқан ұзақ әңгімелердің тізбегі жадта қашалғандай. Және кітабында да сарқылмайтын сансыз қазына қатталған. Сөйтіп жүргенде, 2011 жылдың жаңа күндері басталды. Әзағаңды құттықтадық. Өзі де жаңажылдық ыстық тілек арасында биыл Иманжановтың 95 жылдығы екендігін еске салды... Тағы бір жолы хабарласқанда, Өскеменде қысқы Азиаданың алауын алып жүгіруі мүмкін екендігінен де хабардар етіп, баяғы әзіліне басып «шалша жүгіріп көреміз ғой» деп күлдірткен. Сөзінің соңында «сосын жүрек алауымды жағып, Мұқан Иманжанов жылының жалындап өтуіне күш салсам ба деймін»– деп сәл кідірді де былайша жалғады: «баяғы өтініштер есінде шығар...»

Осы сөзден жарты ай шамасы өткенде Әзағаң мәңгілікке аттанып кете барды... Асыл ағаның өзімсініп айтқан «баяғы өтініштер есінде шығары» – «әттеген-айымен» миымды піскілеп, аманат сөзі боп тәніме оқша қадалды... Тәннен оқ жарықшағын суырып алып тастаса, тән жазылады ғой. Бірақ жан азабы ше?..

«Ажалдыдан – дат, Ауқаттыдан – ат, Ақылдыдан хат қалады. Дат өшеді, Ат өледі, Тек хат қана ұзақ өмір сүреді»,– деп Әзағаңның өзі айтпақшы, М.Иманжанов туралы әңгіме қозғағанда осы ұстаз бен шәкірт арасында

алмасылған хаттарға жүгінбей кетуге әсте болмайтын сыңайлы. Өзағанның «ол хаттарымен тәрибелеген»,– деген сөзі де жадта қашалып, екеуара жазбаларының сырына терең үңілдіре түседі.

«Мына бір кішкентай жинағымды кітаптарыңның арасына сала салыңыздар»,– дейді Мұқан. «Таныс қыз» әңгімелер жинағын айтып отыр. Енді бір хатында: «Мен мына бір очерксымағымды жіберіп отырмын»,– дейді де «Егер ұнамаса яки басқа бір себептер болса, менің көңіліме қарап баспаңдар»,– деп (Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетіне жолдаған) ар ойлайды. «Ол редакцияға да, авторға да абырой әпермейді. Мен ондайға ренжімейтін қазақпын»,– деген тұжырымы да тұнықтығын байқатпай ма?

Ыстық, қамқор көңілдің жылы ағысы жан ертетіндей: «Өз творчествоң қалай? «Баян» бітті ме? «Шешенді» қашан жібересің? Тезірек жіберсеңші. Ондай нәрсені іште сақтай беруге болмайды, жолдас!» Мұқан жастардың қолжазбасын оқып, ақыл-кеңесін айтудан жалықпаған. Сөйтіп, қаншама таланттарды бесігінен танып, қияға ұшыруға себепкер болды десеңізші. Қараңызшы, алыстағы редактор Әзілханға Алматыда жатып шыр-пыры шығып, шығармашылық шабыт шақырушының тауқыметін нендей ынтызарлыққа жатқызуға болады. Оның «Алыстағы ауданда» очеркінің қолжазбасын оқып, тәнті болуынан болашақ үлкен жазушыға деген сенімін аңғарасыз. «Иә, иә, бұл әңгіме, шын өмірден алынған көркем әңгіме. Мұныңмен очерк жазуды біраз қиындаттың. Несі бар, дұрыс. Қиындасын, қолымыздан келмейді екен, әуреленбейік, бұл жанрды қорламайық»,– деп жазу жүгін көтере алмайтын күшеншектерге сес көрсетеді.

Мұқан шәкірті Өзағанды очеркшілер сапынан суырып алып, жазушы еткендей әсер қалдырады. Оған мына хаты дәлел: «Повесть жазу қажет. Көп адамның характері, толып жатқан оқиғаларың бар. Олар кесек, көркем шығарманы тілеп тұр. Егер мені тыңдасаң, очерктерді бітірген соң, соған кірісіп кетсең... Құдай біледі, тез жазасың, жүріп кетесің. Бір кірісіп алған соң өзіңді қызықтырып сүйреп алып кетеді».

Өзгенің қуанышын бөлісу – бөлек бітімді адамдарға тән секілді. Мұқанның кіршіксіз жанын білмек болсаңыз, мына хатына үңіліңіз: «Менің кейде (жиі кездеседі), бір

нәрсеге сүйінсем де көзіме жас келе қоятыны бар. Осы бір осалдығыма өзім ренжимін. Мен қазір сондай халдемін, күлімдеймін, бірақ, алқымыма бірдеңе тығыла береді. Қызық қой сезім деген!.. Мұның бәрін шақырып отырған сенің еңбегің, сәтті, қуанышты еңбегің. Бұл – нағыз очерк, шын мағынасындағы көркем очерк!.. Кәдімгі шын өмірден көркем әңгімені қалай жазудың жолын тарттың. Егер мен әдебиеттен бірдеңе түсінсем, сендегі талант талайларды қызықтыруға тиіс, қызықтыратын да болады. Тек сенде әзірге бір нәрсе жетпейді: еркін сезінбейсің. Осыдан арыл, құлашыңды іркілмей сілте».

Кейде Әзағаң құлағында қала берсін дей ме екен, Мұқан ұстазы туралы елеусіздеу етіп әңгіме айта салушы еді. Павлодардан жібрген Әзағаң очерктерін ерімен жарысып оқитын көрінеді Рәзия апай. Бұл құбылыс Мұқанды таңтамаша қалдырады. Мұндай құштарлықтың сырын білмек боп, бір жолы зайыбынан: «Сен, Әзілханның очерктерін шынымен ұнатып, сүйсініп оқисың ба?»,– деп сұрайды. Ол күлімдеп басын изейді. Егін, мал, цифрлардан оқиға құрайтын очеркистің осынша әсерлендіретін нендей қасиеті бар дегендей жазушы ұзақ аңтарылып қалады. «Бәрібір мен махаббат әңгімесін оқып отырғандай ғажаптанамын!»– дейді Рәзия көзі ұшқындап. «Қойшы, тіпті әсірелеп жібердің-ау!»– дейді бұл жорта таңданып, әйел сырын түрткілей. «Әзілхан махаббатпен жазғасын темірің де нәзіктеніп кетеді емес пе? Бар сиқыры сонда ғой!»– деп зайыбы шынайы пікірін тәтті талмағандай таңдайына жағып тамсанатын. Әзағаң осы қызық эпизодты айта келіп, ұстазының жазған бір хатынан үзіндіні жатқа айтып берді. «Әйелдерге очерктер ұнау дегенді мен автордың пайдасына тамаша іс деп білемін. Олар кітапты бізден гөрі басқарақ оқиды ғой. Сезінуі де басқарақ қой!»– деп жазуында соншалықты ақиқат жатқан сияқты.

Өзгенің көңілін аулағыш, тек жақсы сөзімен ғана жанын семіртіп отыратын аса бауырмал, сергек те сезімтал Әзағаң Мұқан ұстазына хат жазған сайын «Мен мазаңызды алғанға ренжіп жүрсіз бе?» – деп жасқаншақтық жасайды екен. Соны аңғарған ұстазы реніш танытып, өзіне әрдайым жақын тарта сөйлеп, еркінсі жүруін талап еткендей болғанын оның мына ақжарылқап сөзінен айқын байқалады. «Осының не қажеті

бар? (әлгіндей ыңғайсызданғандық көрсеткеніне налығаны – Қ.Ә.) Егер талант өз өнерін көрсетіп жатса, оны маған сеніп тапсырып жатса, бұл мені қалайша қуантпайды деп ойлайсың? Таланттың кезінде жарыққа тез шығуына, зәредей де болса себім тисе, мен өзімді бақытты санар едім... олай болса, сен маған сондай бақытты қи. Егер аз да болса сеніміңе жарасам, жібере бер. Перзентті қадірлеуге құлмын. Іркілме, қысылма», – деген жүрекжарды ыстық лебізі ұстаздың мейірімге толы ұлағатын аңғартпай ма?

Астанаға талай рет келіп- кетіп жүргенде Әзағаңмен молынан сырласуға мүмкіндік туып қалатын. Сондайда Ұлытау ұланы туралы кейбір әңгімелерін де қисындап, сыналап жіберетін. Оның жомарттығына таңдай қағатын. Ақша сұраған біреудің көңілін қимай, қалтасында ештеңе болмай қалса, Гоголь көшесіндегі жинақ кассасына ертіп апарып, алақанына қаржы салатын. Және де қарыз туралы ежіктеп те жатпайды екен. Ол «жәрдемшіл-жүрек» иесі атаныпты. Павлодардағы жалаңаяқ жас жазушы Вс. Ивановқа Мәскеуден етік жібірген Горький секілді ол да жұрттың кеуілін көтеруге асығып тұратын. Мейірімді жүректің ықыласына бөленгеннің бірегейі журналист-редактор Әзағаң болған. Оны Керекуден тауып алып, тынбай қамқорлық жасады. Әрбір әдеби қадамын қадағалап, ақылын айтып отырды. Кемел келешегіне қалтқысыз сенген ол сыртта жүрген Нұршайықовты сыртынан кепілдеме жинаттырып, Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдатыпты. «Мен сол себепті Иманжановты өз Горькийім деймін мақтанышпен. Осындай «горькийлікті» ол менен басқа да әлденеше адамға жасаған еді», – деп Әзағаң кеңкілдеген баладай толқып, бейнебір қарсы алдында сол ұстазы отырғандай, құшағына сыйдырмақ болған кісіше тереңнен дем алып, кеудесін кергілеп қойды. Әзағаң Мұқанның сөзімен соғыстан келгеннен кейін танысса, өзімен 1954 жылы жүздескенін тәтті аңсаумен еске алатын. Бұл таныстығы үш жыл бес айға, яғни Иманжанов өмірінің ақырына дейін созылыпты.

Бәрін есепшотқа салғандай етіп тиянақтап жүретін Мұзафар Әлімбаев Мұқанның әдеби достарының санын алпысқа жеткізсе, ал кейбіреулер жүзге маңайлатады. Сан ауытқулығы бар шығар, бірақ сапасы салымды болыпты. Тек

Баубек Бұлқышевпен ғана жан аямас достығы не тұрады? Екеуі Алматы қаржы техникумын үш жыл оқып, үздік тәмамдайды. 1940 жылы Баубек әскер қатарына алынып, денсаулығы нашар Мұқан ілікпей қалады. Әріқарай соғыс басталады. Қанқұйлы жылдары майдандағы досына жазған хаттарында: «Айналайын-ай, аман болсаң екен!» – деп жалбырына тілесе, тағы бірде: «Сенің орныңа құдай мені алсын!» – деп әлденеден сезіктенгендей салын суға кетіріпті. 1944 жылы Баубек оққа ұшқанда, Мұқан жас баладай еңреп, етегін жасқа толтырады!..

Мұқандай асыл азамат өзгелерді хат жазып тәрбие-легенімен қатар, қойын дәптерлерін де тынымсыз толтыруға ыждағатпен қарапты. Оған оның соңында мұра боп қалған «Рига дәптері» мен «Қырым дәптері» куә. Жан сезімін түсіріп отырған. Дімкәс көңілінің оңалмайтын тұстарын да жалтақсыз, жабығып жазып кеткен. Ауру мендегенде: «Менің төсек тартып жатқаныма бір айдай уақыт болыпты... Шынын айтқанда, жыл басынан сау күнім жоқ. Құрысын бүйткен денсаулық!».– деп түңіледі Рига маңында емделіп жатқанда (13.04.1956 ж). Осы күні Әзілхан туралы ойын дәптеріне былайша түсіріпті: «Осы бір адал жанды, тамаша адамға мен тарапынан жеткілікті ілтифат болмай-ақ жүр. Ол мені жақсы көргендегідей мен оны жақсы көре алдым дей алмаймын, оның жүрегі менікінен әлдеқайда ыстық, әлдеқайда мазасыз екендігін әр хатынан, телеграммасынан айқын сеземін».

Ал Әзағаң да ұстаз алдындағы борыш-парызын ақырғы демі біткенше орындаудан жалықпаған ақадал жан еді. Ұстазының «Адамға көп жасау ғана мұрат емес, оның үстіне, көп білу, кейінгіге көп еңбек қалдыру мұрат»,– деген өсиетін бір сәт есінен шығармайтын ол, оған жазған жауап хаттарын былай қойғанда, мерейтойларынан басқа да кезде үнемі еске алу мақалаларын жариялап отырды. Маған да ескертіп, шығармашылықтағы уылжыған кезеңдерінен бастыққанға дейінгі қызыл тінді қызық та қауырт жазу-сызудың машақатты, шабытты, шалқымалы сәттерінен әңгімелеп қап, өнегелі, өрісті шақтарынан сыр түйіп отыратынын, жоғарыда келтірдім ғой. Әзағаңның М.Иманжановтың туғанына 50 жыл толуына арналған толғанысы қазақ әдебиетіндегі өзгеше өркешті жанр ретінде сақталып қалмақшы. Өмірден өтіп

кеткен кісіге арнау хат жолдап, кейінгі тірлікті баян ету тәсілі нақтылықтан сәл ауытқымауымен құнды болса керек. «...Біз Сіздің біреудің жақсылығын, жаңа бітірген еңбегін естігенде сүйсініп, қуанғандықтан нұр шашып бажырая қалар кездеріңізді сағындық. Біз Сіздің жүректі лүп еткізіп, баурап әкететін «бауырым» деген ересен ыстық сөзіңізді сағындық. Біз Сіздің өзіңізге шын берілген жүзге жуық досыңыз түгел сиып кететін даладай кең жүрегіңізді сағындық!»

Иә, ұстаздың жүрек жылуын сезінген шәкіртте не арман бар? Сексен тоғыз жасында дүниеден озған Әзағаң соңғы демі біткенше Мұқан ұстазын аузынан тастамай кетті. Небәрі қырық бір жыл жасаған дарынды жазушы соңына соқталы дүниелер қалдырғаны білгілі. Жоқшылықпен, меңдеген сырқатпен алысып жүріп, көркем шығармалар жазыпты. Ол кейде оңашада Әзағаңа ашылып сөйлеп, жан баласына тіс жармаған сырын тарқататын. 19 жасында әкесі өзі сүймейтін бір қызды келіншек етіп әпермек болып, бұл одан қанша азар да безер үріксе де, Алматыға оқуға жол қаражатынсыз кете алмайтынын біліп, амалсыз үйленеді. Үш күн «үйлі-баранды» болғанымен, қызға қылдай қиянат жасамай, әкесінен ақша алып, алыс сапарға аттанады. Содан үш жыл бойы елдің бетін көрмейді. Әкесіне хат жазып, «күнәсіз келінді еліне қайтар, сүйгенімен қосылып кетсін» деп өтінеді. Содан әке мен бала арасы алшақтап кетеді. Елден қаражат сап тиылады. Әбден тарыққан Мұқан оқуын ауыр еңбекке жегіліп жүріп жалғастырады да өкпе дертіне шалдығады. Осы ауруын одан әрмен өршіткен екінші бір көрген қорлығын да ашынып айтса керек. Жазушылар одағында жауапты қызмет атқарған бір жазушы романын сынап, кемшіліктерін әділ көрсеткені үшін соңына шам алып түсіп, кезегі келіп тұрған үйді бергізбей, далада тастайды. Сөйтіп ылғал, ауасы тар жеркепеді өмірін өткізіп, сырқаты асқынып, тұрмыстан бір рақат көрмей бақилық болады.

Шүкір, жүдеу тірлікті Мұқан соңғы сапарға «байып» аттанғандай болды. Халқы қарақұрым жиналып, аза тұтты. Шәкірті, жас ақын Тұманбай Молдағалиев қабір басында, төменде үңірейіп жатқан көрге, одан соң оның жиегіндегі жас топырақ үстіндегі ұзын қызыл табытқа қарап қойып: «Іздедім өлеңмен, тербедім, Дененді қияды жерге кім?!

Аяулы ұстазым, Өзінді, Кеудеме жерледім!» – деп сарнай жөнелген. Жазушының жетісі берілген күні Сәбит Мұқанов қарлығыңқы дауысын одан әрмен қатайтып, жан-дүниені қырғышпен қырғандай етіп: «Иманжанов бір Жазушылар одағының жұмысын бір өзі атқарды. Тіпті болмағанда, бүкіл одақтың тәрбиелік жұмысын жалғыз өзі атқарды дегенге дауласуға болмайды», – деп шегендеп сөйледі.

Жақсының өнегесі өлшеусіз екендігін уақыт безбендеп береді екен. М.Иманжановты еске алу кешінде Серік Қирабаев: «Мұқанның дұшпаны жоқ еді», Зейнолла Қабдолов: «Біз жанымыздың тазалығын көру үшін Мұқанға қарайтынбыз. Өйткені ол біздің айнамыз болатын», Өтебай Қанахин: «Мені әдебиетке алып келген Мұқан еді», Жақан Сыздықов: «Ол менің ғана емес, бүкіл ұрпақтың есінде қалады», – деп тамсанып та талғап айтуы тегіннен-тегін бе?! Ал Ә.Нұршайықов әдеттегідей жазып әкелген сөзін төс қалтасынан суырып алып, оқып берген-ді. Қойған тақырыбы да қызық: «Мұқанның қолынан келмейтін Он төрт іс» деп аталады. Осыншасын тізбелегенде, ұстазының ірілігі одан сайын айқындала түскен. Сәл үзінді: «Мұқанның қолынан жалынсыз шығарма жазу келмейтін»; «Жұртқа жақсылық жасамау қолынан келмейтін»; «Жағымпаздық қолынан келмейтін»; «Арақ ішу, шараппен шабыттану қолынан келмейтін»; «Көзінің қос қарашығы Махсұты мен Рүстемін, науқасымды жұқтырып алмайын деп жасқана отырып, күніне екі рет емірене сүймеу қолынан келмейтін», т.б. Ал қолынан келетін істері сансыз еді жарықтықтың...

Жақсылық жасау үшін жаратылған осындай періште пенденің өмірдегі өксігі өлшеусіз болатын. Денсаулығы шығармашылықта құшағын кең ашқызбай, құштарын тұшынтып қандырмай, ойлағанын орта жолда опырып тастап, опасыздық жасаумен тынысын өшірді. Мұңаймай тұрып, мұңаймай жата алмады. Әл-дәрменін жылдар бойы кеміріп, кемтардай күйге түсірген созылмалы сырқат қаламын қайырды, жігерін мұқалтты, сенімін селкеуледі. Шыбын жанына шипа іздеп Қырым курортына барғанда күнделігіне: «Үйім ғой мені оңалып, емделіп жатыр деп қуанады. Қайдан білсін, менің тағы күпшегі тозған ағаш арбадай қиралақтап

қалғанымды. Дегенмен бүгін жөтел азайған сияқты»,– деп түнілсе де сәл жөтел қыспағанына үміттеніп жазыпты.

Сол курортта бір әйелдің көзімен көзі түйісе кеткенін түртіп қойыпты. Мұндай секунд өте қауіпті деп мойындайды ол. Жүрекке от жағып кетуі ықтималдығынан сескенеді. Өйткені сүйкімді әйел көздерінде адамды еріксіз өзіне тартып алатын бір жұмбақ қасиеттер болады. Сен кейін өзіңе-өзің келіп, сабыр тапсаң да, жаңағы бір көзден жалт еткен ұшқын жүрекке қалып қоятынын саралай келген Мұқан былайша түйін жасайды: «Сондықтан мен... әйелдің жүзіне көп қадала бермеймін. Себебі – жүрегімді, семьямды сүйген жүрегімді босқа мазалағым келмейді. Сезімнен адам өлмейтінін, бөтен әйелмен сүйіспей-ақ өмір сүруге, көңілді дем алуға болатынын мен өмірімде көріп келемін». Мәңгілік махаббат, адал достық, арманшыл жастық жөнінде талай тамаша туындылар жазып қалдырған Мұқандай нәзік жүрек жазушының жаны таза, пейілі түзу, шынайы сүйіспеншілік сезіміне селкеулік жасамайтынының бастауы өзінің осындай жар алдындағы пәктігін мойындаудан, отбасы сыйластығы, бала тәрбиесі жауапкершілігін терең түйсінуден жібектей тарқатылатындығы ғанибет қой. Арлы, ұстамды, саналы, салиқалы, өнегелі жазушы ғана өмір шыншылдығын шеберлікпен, арына кір түсірмей суреттей алмақ. Мұқан ұстаз сондай кіршіксіз адамгершілігімен өзін де, жазуын да оқырмандар ықыласына бөлей берері анық. Оның жазғанына имандай сеніп, әсерленіп отырсыз. Себебі ол иманды жан!

Қысылғанда, қиналғанда дос қадірі түрлі ойға салады.. Мұқанның мына хаты (19.11.1956 ж.) соның айғағы: «... Ал, жүрекке ұялаған достық, о, атамаңыз, бұл ешбір заказсыз, ешбір есепсіз қиын күнде өзі жарып шығады! Биылғы басыма төнген қатерлі күндерімде өздеріңнен осыны әрбір минут сайын сезіндім. Сүйсінгендіктен, риза болғандықтан талай жылап та алдым. Тағы да айтам: көп-көп рақмет Әзілхан, Халима!»

Дос-ағаға дос-інісі де қарыздар боп қалмапты. Өзаң бір толғауында: «Сіз бір хатыңызда очерктің рамкасы саған тарлық етіп жүр, сен повесть, романға көш, батыл кіріс депсіз. Менің батылсыздығыма ренжіпсіз»,– дей келіп, « қаладағы, даладағы жас әдебиетшілер Жазушылар одағына барудың

орнына Сізге барушы едік қой топырлап» деп сағынышын көзінің жасына сығып қосыпты-ау!..

... Біз не дер едік, бұған қосып! Ұстаз бен шәкірт! Екеуі де қазақ әдебиетінің серпінді де қажырлы қос қанатындай жарқын тұлғалар. Мақсаттас, армандас асыл бейнелер. Хаттарымен бірін-бірі жебескен. Иелері кетеді екен, жазғандары қалады екен. Екеуі де сол хаттарымен ұрпақтар тәрбиесіне әркез араласа беретіндей, елгезек күйінде есте қалмақшы.

... Енді не тұрыс бар?! Мұқан - Әзілхан тақырыбының тыңына түрен дендеп түсе бастағандай ма?!.. Құйқалы, құнарлы тақырыптың түгін тартсаң, майы шығар-ау, сірә!



МӘРИЯМ МҰҢЫ

Қостанайдың облыстық газетінде табан аудармай жиырма екі жыл көз майын тауысып, қалам сорып, ащы терге малшынып қызмет еткен жалынды күндерім есіме түссе жүрек тұсым кәдімгідей ып-ыссы боп, сағыныш сезім тұлабойды шарпып кетеді. Бал арасынша ләззаттана жинаған рухани игілік, жылдар өте келе көзі бітелудің орнына, тұма бұлақтай асаулана бұлқынып көкірек көмбесінен молынан қарпуға ынтықтыра тартады екен...

Иә, сондай қазыналы қамбадан сәті түсіп, ақтарылған мына бір суыртпақ сыр, бәлі, ұзақ жылдар тербеліп, иі қанып, күні жеткендей боп, күмбірлей құйылған еді. Әттең, бірақ тұтастай құмарлы қызық емес екен, жүректе беріштеген түскен қайғы-мұңның қатпарлы қырғышының қылпа жүзіндегі шерналалы, шерменді запыраны іспетті-ау, сірә!..

...Сонымен, Қостанайдағы шығармашылық күндердің жылыстанып жатқан беймаза шағы – өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта шені болатын.

Ақ дастарқан басында Мәриям Хакімжановамен қатар отырамыз деп кім ойлаған? Сәті солай болыпты. Көрші-дос, белгілі дәрігер Есентемір Әбдікәрімовтің шаңырағындағы уызы меймілдеген осы жүздесу сәті «мен– тарих тегеріші» дегендей, сырт-сырт етіп, байқаусыз сырғып жатыр еді.

Үлкен ақыннан не сұрай қоясыз, жөппелдемеде. Сөзге қосылуға да жүрексініп, тағаланбаған аттай тайғанақтай бересің. Есен-саулықты кірме есіктің жақтауындағы сәкіде шаршаңқы, болдырыңқырап отырған Мәриям ападан сұрап-біліскенбіз. Қанша дегенмен, сексен сеңгірі селкілдетпей қоймайды екен-ау. Әлде жүрек тұсы, әлде толысқан дененің икемге көнбей, ауыртпалық салуы ма екен, бір шуыл, демікпе алқыныс, жиі керілген кеуде сырылы естіліп қалады. Бақсақ, әлгінде жеңіл көліктен түскенін ауырлап қалғаны байқалады эзіз жанның. «Өлең шаршатып, салдырағаны ма?» деген күдік серпілді. Сөйтсек, Өлеңді бұл кісі сүйреп жүрмепті, Өлең апамызды жетелеп келе жатқандай екен... Дәтке қуат! Мәриям апа өлеңінің құдіретін білеміз ғой. Оның өлең-моторы әлеуетті күшке ие. «Өзім өлмей отты өлеңім өлмейді», – деп шабытымен анттасқан ол өлеңімен өрге өрлеп келеді.

Қадірлі мейманымызды жоғарғы қабатқа бастап көтерілдік. Апай әр баспалдақты қиналып аттайды. Бір, екі, үш... тоқтап, сәл тыныс алады. Ентігін басады. Толық балтырының тамыры білеуленіп, кейбір тұсы шорланып, жарылардай боп көкбұжырланып тырсиып тұр. Сыздап, шыдатпайтындай. «Солқылдатып, әкетіп барады-ау!» – дейді де ернін қымқыра тістелеп, қайыра аттайды. Бір, екі, үш... Алдағы Есентемір апайдың оң қолынан тас қып ұстап алған. Бір жағы соған тартылып, екінші жағы сол қолымен басқыштың ернеу ағашын сырғыта, сығымдай саумалап әр қадамын санап, зорлана ұмтылады. Мен болсам, апайдың ауырлау денесінің салмағын сәл-пәл қалай жеңілдетем деп, біресе алға лақша секіріп, баспалдақты меззегендей боламын да, енді бірде соңында қалыңқырап, қай жерінен ұстап, демерімді білмей сасқалатқап, амалсыз ернеу ағашты мытып қысқан сол қолының білегінен көтере, итермелеймін. Мұныма қолайсызданып «шырағым, өзім-өзім», – дейді апай әлсіздеу үнмен. Міне, қалтасынан қол орамалын алып, жіпсіген маңдайына сырғытты. «Уһ, қанша қалды?» Қарасұрлау жүзінен моншақтап білінген терін алақанымен сыдырып тастаған Есентемір дым демейді. Шарасызданып, танауының желбезегі қусырылып, көзі аларыңқырап кеткен. Апай келесі басқышқа ұмсына беріп еді, Есентемір троспен тартқандай етіп, оң қолынан тағы жебеңкірей жылжыды.

Бұл жолы мен әлсіреген апай аяғы тайып, шалқалай құлап кетпесін дегендей сақтықпен иығымды қырындай қалқалап, артынан ілбіп келемін. Есентемір «барсың ба, ей!» деп қояды. Жауабым – жай ғана жөткіріну. «Қостанай горисполкомы казактарға не бірінші, не жоғарғы қабатты береді»,– дейді Есентемір әлдекімге шағымданғандай болып. «Апайдың сенің үйіңе қонаққа шақырылғанын білмеген ғой, әйтпесе, осы қаланың құрметті азаматы ретінде лифт орната қояр еді-ау»,– деп әзілдеген болам. Бұл сөзім апайдың құлағына жақты білем, жылжымай, қалт тұрып қалды. Шынында да лифт күтіп тұрғандай жайланып, ағыл-тегіл терін орамалымен сорғыштады. «Апа, енді келіп қалдық!»– деді үй иесі әлденеге үрейленіп. Нәті, апасы енді аяғын тіпті баспай қояма деп, зәре-құты қашқандай еді. Апай да елгезек кісі ғой, соңғы күшін кейінге сақтаған екен, ышқынысын білдірмесе де төргі басқышқа ендікпей, сәл сергектеу көтерілген сықылды. Бөлесі Есентемірді аяғанынан да болар, «ал, жетіп жығылдық па, соған да тәубә»,– деп дым болмағандай серпіле сөйледі. Есікті айқара ашып тұрған Есентемірдің жұбайы Наушаны қапсыра құшақтап, маңдайынан бірнеше қайтара сүйді... Ойхой, Есентемір екеуіміз жеңілейіп, қуанышымызды көз қиығымызбен шарпыса білдіріп, шаттанып бір кеттік десейші...

Апамыз шәйді құмарланып, сүйсініп ішті. Шөлін басқасын, әңгімеге де жазыла көсілді. Аракідік, маған қарата: «тілші бала, түйсігіңде жүрсін»,– деп алады да өткен-кеткенін, әсіресе бала кезгі, есейгендегі көрген қорлығын, пұшайман хал-зәбірін, жан қайғысын, жүрегін кемірген тағдыр тәлкегін суыртпақтап қояды. Жазық маңдайына көлденең түскен әжім сызықтары қасын кере сөйлегенде алмакезек жиырылып-жазылып, «менде тұнған сыр жатыр» дегендей, білмекке әуестікті еселейді. Ынтызар етеді. Ақ селеудей шашы тікесінен қақ жарыла жатқызылған. Қайратты шаштан тарақ ізі де анық көрінеді. Қою қасы боялып-сүргіленбесе де кең маңдайдың қос ноқатындай сұлулығын үстемелеген. Қысқалау кірпігі мен аялы жанары шебер үйлесіммен ақылдылық нышанын аңғартқандай. Ойлы да тұнық көзқарасынан өзгеше мейірімділік мейімдеп, өмірге іңкәрлік тамшылап тұрғандай еді. Түзу, тегісімен

түскен мұрынының етекті танауы сәнімен оймақталып, бет-ажарының келістілігін келбеттеп тұр. Толық, топ-томпақ бүрме ерні өзгенің көңілін ынтықтыра сыздататындай әсем сызбаланып, доғалша иегімен астасып, одан әрі бұғақтала түскен. Мойнына түйінсіз бос тастаған ақ шәлісі толық омырауын бүркемелей босаң көлегейлегенімен, баяғы тал-шыбық мүсіннің толықсыған шағын елестететіндей ме. Не керек, сексеннің дәл үстіне шыққан апамыз сынын беріп, сырын алғызбағандай, сергек қалпымен қуантып тастады. Манағы баспалдақ машақатынан құтылғанына өн бойы жайнап, жадыраңқы күйге түсіп, балбырап барады екен. Күткенім, ақын мінезінің алқаусыз, бағынусыз, желпініс, ағынды, асаулы сәті еді. Бекер дәмеленбеппін. Мәриям апай өз-өзінен қозғалақтап, құюлы шәйіне де қарамай, қол сөмкесінен абдырап бірдеме іздей бастады. Іліккен қағазын алып шыққанша тағатсызданып, қоңыр үнді уілімен шайқалақтанып қалады.

– Мен қазір Торғай жақтан қайтар жолда туған өлеңімнің осы Есентемір бөлемнің үйінде тұсауын кесіп тастсам қалай қарайсыздар?– деді де ақ қағаздың бүктемесін жазып, қалың шынылы көзәйнегін мұрнына қондырды. – Дауыс ырғағы тіпті өзгешеленіп кетті. – «Қасиетті қара шаңырақ Торғайым, Сағынып келіп, саяңда сенің толғайын. Егізіңнің сыңарымын ежелден, Сексенімді өз қойнында тойлайын...»

Алғашқы шумақ тарқатылды. Біз үнсізбіз. Дем беріп коштап, ақын арқасын қоздыра түсуге дағдыланбаған басымыз сөз сиқырынан шыға алмай, мүлги түсіппіз. Торғайымыз еске түсіп торығып, тұмшаланып қалыппыз. Апайда басқа есеп жоқ еді. Өзін-өзі қамшылап, ағындап барады. «Ата-бам мекендеген Торғайым, Өткенінді, өскенінді ойлаймын. Талдап қарап, тарихынды зерттесем, Елдігіне, ерлігіне тоймаймын».

Бізді өлең тындап отыр-ау, осылар деп көз қырына да алмаған Мәриям апай суыңқырап қалған шәйін бір ұртап, оқуын әрі жалғастырды: «Талай ұлың өткен кешіп өткелді, Талай ауыр күнді бастан өткерді. Ұлы-қызың бостандықтың жолында, Қиындықты, қуғынды да көп көрді». Осы тұсына недәуір кідіріп, жанары жасаурады ма, орамал ұшын көзіне жүгіртті... Иә, ақын жүрегіне сызат түскендей. Қуанып

отырып қайғыра салатын жұмбақ жанның терең күрсінісіне қабырғамыз қайысып, қамыққаннан басқаға, дәрменсіз едік.

Үлкен асты апай кешеуілдетуді өтініп, диванға жайғасып отырды да үнсіздік жайлаған аз мезетте мызғып алғандай болды. Тыңайып шыға келіп, қуақылына жымыды да «қабаған кәрілік осылай жан-жағыңнан тартқылайды» деп, маңайын күлдіртіп алды. Мұнысы, кенеулі әңгіменің беташары–жайлылық, ұзан арқау, кең тұсаулы сабатты кезеңіндей болып, бөлмеде еркіндік ахуал орнатуға себін тигізгендей еді. Апайдың ерекше көңілділігінен жайдарман көп әңгіме дәмектендей едік, бірақ бәрі басқаша реңкпен сұстылау өрбді. Оған апай кінәлі емес еді, сол бір сұрқия заманның зар-наласы еді, налытқан...

... Иә, қаршадай қыз Мәриям тез есейді. Оқи жүріп, өмір атты дастанның өрмегін үздіксіз тоқыды. Ақындық таланты да ерте ояныпты. Жыр жазу, оқырмандарына кітап сыйлау, «бөрі арығын білдірместің» кебімен қоғамдық іргелі жұмыстардың басы-қасында жүру, Мәскеу қаласында өткен КСРО Жазушылар одағы 1-съезіне қатысып, М. Горькийдің қолынан мүшелік билет алу секілді ұлы мұратын ұштаған қынулы жылдар, сәтімен жалғаса берер ме еді, әттең, сұрқия 1937 жылдың қынабынан қан тамшылаған қылыш суырылмағанда. Ері Серғали Бермұхамедов «халық жауы» атанып қамауға алынбаса... Қайратты ана бәріне көніп бақты. Он сегіз жыл жүрегін мұздатқан қайғы батпанын серпи жүріп таңқаларлық ақындығына бас игізді. Қазақ поэзия көгінің жарық жұлдызындай болып қалған «Мәншүк» поэмасын туғызды. Сөйтіп жолдасы Серғалидің нақақтан атылып кеткені заңмен анықталып, толықтай ақталған 1955 жылға дейін де белсенді өмірлік ұстанымын бәсеңсітпей, небәрі 23 жасында қыршын кеткен, өзінен үш жас ғана қалқыңқы, жалынды ақын Шолпан апасының тағдырлы жалғасындай болып, жыр әлемінде жарқыл қақты.

Осынша қыспақты жылдардың қатулығы апайдың қабағын жібітпестей етіп құрсаулап тастаса да бөлек бітімді бекзат жаратылыс кейінгі ұрпаққа үлгі болсын деген оймен қайғы мен қуанышты қатар өріп, әңгіме тізгінін қосақтап, жіберіп- тартып отырады екен. Апайдың сондай бір алақұйын көңілі сабасына түсе бастағанын аңғарып:

– Апай, осы сіз, Шолпан апаңызды көрдіңіз бе?– деп қыстырыла кеттік.

– Көре алмадым!– деді апай «әттең-айының» шеті түріліп қалғанына оқыс күйінгендей боп. – Бірақ қанаттасып, «Әйел теңдігі» журналына өлең шығарып тұратын едік. Біз одан көп үйрендік қой. Шіркін, ол уақыттағы сыйластықты айтсайшы. Бір өлеңі арқылы ақынмен немесе ұлт мүддесіне орай тауып айтқан бір ақылман сөзі үшін бейтаныс зиялымен сырттай туыстасып, рухтас боп кететінбіз. Қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды болған Нәзипа Құлжанованы да солай арқа тұтқанбыз. Міржақыптың зайыбы Ғайнижамалдың ақылын талай есіттік. Ал Гүлнәр Дулатова сіңіліміз қазақ қыздарының бойына алаш идеясын сіңіруден жалықпайтын күрескер жан екенін әрдайым мақтан етемін, былайғыларға да уағыздап келемін. Ондай тұлғалар сирексіп қалды ғой қазір. Бірақ, шүкір. Өнеге демекші, Шолпанға қатысты білгенімді айтайын. Оның жазғандары шашырап қалар ма еді. Көзі жұмылған соң бір жыл өткесін, кейін қоғам қайраткері боп танылған Сара Есова оның өлеңдерін жиыстырып, кітап етіп шығарды. Ұлт үшін де, Шолпан Иманбаева үшін де қажет қадам еді бұл... Кезінде Шолпан апам туралы: «Қазақтың қалаулысы ақын Шолпан, Өмірден өлең болды алған қолқаң. Сайрадың бостандықтың бұлбұлы боп, Болса да қара түнек өскен ортаң»,– деп жырлағанмын.

Ішкі ой шерленіп туласа, толқын сапырған ақ көбіктей бетке қалқып шығады екен. Апай жүзі күреңітіп, есіне түскен әлденені бұғалықтай алмай әлектенген сыңайлы. Нендей ой кемірді екен?.. Бізге тылсым қалды. Дегенмен уақыттың қай жұмбақты да шешпей қоймайтынына көз жеткен. Алға жүгіртіп айтсақ... былай. М.Хакімжанованың халқы сүйіп оқитын қаншама туындылар жазғанына ел куә. Өзі 60 жасқа толғанда солардың басын құрап, үш том етпекке үміттенген-тін. Дәнеңе өнбеді. Араға 20 жыл салып, 80-ге жеткенде белсенді бір баспагерге барып: «Шырағым, менің ғұмыр бойы жазғанымның таңдаулы дегендері 3 томнан аспайды, артымда тұтастау күйінде қалсын!»– деп өтініпті. Құлаққа қыстырылмапты. Сөйтіп Қазақстанның халық жазушысы, «Еңбек Қызыл Ту», екі мәрте «Құрмет Белгісі» ордендерінің, бірнеше медальдардың иегері, Қостанай, Арқалық, Форт-

Шевченко қалаларының құрметті азаматы атанған абзал ана, қазақ поэзиясы қыз-келіншектерінің абызы көзінің тірісінде томдықтарын шығара алмай арманда кеткен еді. Апайдың өз аузымен айтылмай қалған мұң-зарының бір түйткілі осы болса керек-ті.

Әрине, әділдік жеңбей қоймайды екен. Ақынның туғанына 100 жыл толуына орай, әйтеуір, мейірім-ықылас танытушылар табылып, 2006 жылы шығармаларының 2 кітабы «Ана тілі» баспасынан, соңғысы «Жазушыдан» жарық көріп, осылайша, өзі дйттеген тұтас 3 томдығы өсиетіндей боп оқырмандар қолына тигені, көңілге медет. Мұның біріншісіне – өлеңдері, екіншісіне – өлеңдері мен поэмалары және жазбалары, үшіншісіне – естеліктері мен мақалалары енгізілген. Әттең, әттең... Үш «балапанының» басынан сипай алмай кеткені өкінішті-ақ.

Жер қозғалмаса, қозғалмайтындай салмақты Мәриям апаның жүрегіне нендей салмақ түскенін кейін аңғарып жатқандаймыз ғой... Жыр-Анасымен соңғы рет қоштасуында талантты сіңілісі Фариза Оңғарсынова: «Қыздардың көшін бастаған, Орынсыз асып-таспаған, Өсек-аяң сөз айтпай, Қабағымен жасқаған, Тектілердің көзі едің, Шын асылдың өзі едің», – деп нағыз дегдарлық бағасын бере күңіреніпті.

... Сонымен, ас ішіліп болып, Есентемір апайды қонақ үйге жеткізіп салудың қамына кіріскенде, ол кісі тосындау қимылмен бізге ошарыла бұрылды:

– Сендер, Ыбырай Алтынсарин бабаларыңның басына жиі барып, зиярат етіп тұрыңдаршы! – деді де ішінен күмілжіп тынды.

– Барып жүрміз! Апа! – деді Есентемір нық сөйлеп. – Қаланың кең алқымынан жанай ағатын Тобыл өзенінің жағасынан онша алыс емес жерде мәңгілік тыныстап жатыр ғой, жарықтық бабамыз.

– Дұрыс! Дұ-р-ыс! Кеше өзім барып, дұға оқып қайтқам. Есімде ғой бәрі, есімде, 1921 жылы ұзатылғанымда Айғаным әжем Балғожа мен Қанқожа билердің он екі құлақты тамының қасында жатқан Ыбырай атамның да темір тормен қоршалған бейітін көрсетіп, жадында жүрсін дегендей, нығырлап көздеп, түсіндірген еді. Жасыратын не бар, сол ескі қорым Қостанай қаласының шеткі тұсында қалғанын ішім сезеді. Үстінен банк

ғимараты түсті деп естіп едім... – Мәриям апай ауыр күрсінді де сөзін жалғады. – Құдайға күнәһар болар жайым жоқ, бірақ көңілден секемшіл сезік кетпей қояды. Қазіргі ескерткіші тұрған жерге сүйегін қазып апарып қойды ма, әлде... Қойса, жақсы!.. Бұл жағы өзіммен көрге бірге кетер ащы мұным ғой, айналайындарым-ай!.. Ескертіп қояйын, енді бұған бола дүрлігудің өзі ерсі...

Ащы мұң!.. Апайдың жүзіне аянышпен қарадық. Ол мүсіркеуді ұнатпайтындай кейіппен өңіне жылы жымыс жүгіртіп, тұруға ыңғайлана бастап еді.

Мәриям апай төменге біршама жеңіл, сергек түсті. Есентемір екеуіміз бұл жолы алғы баспалдақтарды қосарлана аттап, жауырынымызды апайға икемдей қалқалап, қауіпсіздік шарасын аса мұқият сақтағандай боп «келдік, апа, келдік» деумен жерге табан тіредік-ау, әйтеуір... Бағана жоғары қабатқа көтерілуіміз ғарышқа самғағандай жан терімізді шығарса, енді төменге – құлдिलाп кеп жайлы қонған ғарышкерлердей боп, мәре-сәре күй кештік. Мәриям апаның «Қазы- қарта мен сары қымыздың қуаты-ай!»— деп, сыңғырлай күлгені жадымызды әлі күнге қоңыраулатып жіберетіні бар.

... Содан қайтіп апай Қостанай жаққа ат ізін салмады. Әйтсе де күллі қазақ оқырмандарының жүрегін жалынды жырымен арайландырған қайран апамызды аңсарлы жүректер ешқашан ұмытпайтынын көріп біліп, сезіп жүргеніміз дәтке қуат.

Кейін де апамыз жайлы талай әңгімелерге құлақ түріп жүріппіз. Сонда қазақ әйел ақындар көшін 70 жылдай бастаған мейірімді жүректің мұң-шерге бөккен лүпілін сезетіндей едік. Ешнәрсеге бей-жай қарамаған ғой, жарықтық. Ғабит Мүсіреповтің басы 4-5 жыл төңірегінде қарайтылмағанда, қаншама жерге дабыл ұрып, қалалық биліктің шаңын қаққан да осы кісі болатын. Сол классик жазушының үй-мұражайының қалыптасуына да мұрындық болғандай екен. Осының бәрі ойлы адамға мұң емей деп көріңізші.

Қазақтың небір боздақтарымен аралас-құралас жүрген Мәриям апай көркемдігі аса жоғары естеліктер жазып қалдырған. Бейімбеттен бастап құнды пікірлер айта білген шежіре-жүрек, әңгімешіл, әмбебап білімдар, көрген-білгені мол, жады мықты біртуар екен. Оның арнау өлеңдерінен

тарих бедерін тануға болады. Жоқтау жырларында да ауыз әдебиетінің түпсіз қайнарының үрдістері көзге ұрып, дәстүрлік жалғастықтың иірімдері шымырлата үйіреді. Ел арыстарының бақыты мен күйзелісін жүрек сүзгісінен өткізе білетін Мариям апайдың өлеңдерінен немесе былайғы жазбаларынан азамат бағасын айқын аңғарасыз. «Қайран Ілияс (І.Омаров–Қ.Ә.) қармақтай боп үйге кіргенін әйнектен көріп, еңіреп жылап отырып, осы өлеңді жазып, пошта жәшігіне салдым». Қазақтың марқасқа ұлының Мәскеуден қиын операция жасатып, қалжырап оралған беті екен. Өлең басы былай: «Келдің бе аман-есен, бауырласым, Жолыңа төктім талай көздің жасын. Ажалмен арпалысып сен жатқанда, Тіледі тілегіңді ауылдасың». Бір аптадан соң Ілияс жылқы сойып, аман келгеніне туған-туыстарын, көрші-көлемдерін, құда-жекжаттарын шақырады. Сол отырысты апай былайша суреттеп жазады: «Тамақтан кейін менің өлеңімді төс қалтасынан алып: «Апа! Өз үніңді сағындым. Мына маған арнаған сөзіңді өзің оқып берші», деді. Мен қатты тебіреніп оқып бердім. Ілияс өксіп-өксіп жылап, шаршап қалды. Аздан кейін қасыма келіп, бетімнен сүйіп алғыс айтқан еді. Аяулым!»

89 жасқа қараған шағында өмірден озған Мариям апа ғұмырының соңғы 4-5 жылында екі аяқтан қалып, көзі кетіп, құлақтан кемуі тағдырының кезекті аяусыз соққыларының бір болғандай екен. Сонау ерте шағында өмірден қорлық көріп күйінгенде: «Тырсылдаған көздің жасын, Тоқтататын не амал бар. Қор боп өткен қайран басым, Қашан ғана жоғалар...»– деп тотияйын жалағандай, тілін күйдіре жазғанымен, бақытты ақын болып ел көзінде қалған еді...

... Мұңның да өшіп-семетін кезегі келе ме?! Сабағы ше?!.. Ал адамдарға жасаған қамқорлықтың, ыстық тілектің, нұрлы ақылдың, жылы жүректің, жалынды қайраттың шарпысуынан шарболаттанған қуаныш-қызық ғұмырлы келеді екен!.. Мәриям апайдың шыжғырылған мұңынан гөрі, өлең сыйлаған асыл мұратты, мейзам шуақты, өшпес маздағы басым болғандығы да содан шығар...

2013 ж.



ТҮЙГЕНІ: «ТОҚТАМ!»

... 1974 жылдың 10 қыркүйегі. Шилі! Торғайдан 120 шақырымдай қияс жатқан кеңшар орталығы бұл. Қайнекейдің шараналы-кіндік жер жаннаты! Мәңгілік мияты! «Іңгәсін» алғаш сүйіншілеген сабатты жұмақ-жұрты. Осыдан оқу аңсап Алматыға аттанған. Енді осында халі нашарлап оралып, әлсіз күйде жатыр... Қыбырлауға әл-дәрмені жоқ. Танадай көзі бұл дүниеден сырғақси береді. Кенет жұмылып кетеді, іле ауырлап сығыраяды. Еріні аракідік жыбырлайды... Бірдеңе дегісі келе ме?..

Иә, дегісі келетін секілді. Өттең, байланған тіл іштей күмбірлегенімен, сыртқа күлдір-күлдір кісіней алмайды. Шақұр-шұқыр еткен тісі арасынан сызбақталып, әлдене бір уіл-қыжыл суырылады. Сонда сал боп қалған жарты денеге жеңіл діріл жүгіріп өткендей боп, әлде көз алдау, әлде нақ бір серпіліс нышанындай үміт шоғын үрлеп кетер. Бір сәттік алданыш ілкі жұбаныш боп жарымады. Бәрібір шерменді жүрек, елу алты жыл арқалаған батпан жүгін безбендеп, безірейе түскендей еді...

Тілден аракідік пәстенгенімен, ойы қырғидай іліп түскіш-ақ. Қызыл көргендей әрнені қиядан шалып құмарта, ләззаттана жұтынады. Уай, бәрі өткінші екен! Таусылмайтындай қызығы енді жан азабының табасында шыжғырылып жатқаны мынау. Осы мамырда Алматыдағы аурухана есігінен құдды Төлеген Айбергеновтей қою шашы қобыраған, түртүсі де ұқсас Жақсылық Жүнісұлы інісі жүрексіне сығалап, ішке кіргенде оған әй-шәй жоқ: «Ел аман ба?», – деп дүңк еткізген. Сыралғы інісі мөлтілдеген көз жасын тыйя алмай, басын шарасыздықпен изеген. «Кешегі бұлаңдаған асау ағам шынымен осы кісі ме?!», – дегендей аңтарыла, жәудірей қарағаны есінде. Содан оналмады ғой. Сырқаты меңдей түсті. Ауылына аңсары ауа берді. Жусанның жұпарымен көкірегің ыстатқысы бар. Торғай айтқыштарының әзіл-қалжыңы көңіл-сарайын тазалап тастайтындай құмарланады. Кесті-пішті. Еліне жиналды. «Апарыңдар ауылыма!» – деді көктен түскендей гүжілдеп.

Сөйтіп, Алматымен ғайыптан қоштасты. Өне, төменгі кабаттағы пәтерінің терезе тұсындағы алып қарағашқа айызы қанғандай боп, емірене көз салды. Сүйенген тірегі. Сүйкімді ағашы. Ақындығының ақылшысы. Өмірінің кейбір азапты тұсының азалы куәгері һәм елгезек қамқоршысы. Мұңлы үні сіңген түйетабан жапырақтары «қош,Қайнекей!» дегендей мұңая жайқалып, өкситіндей ме? Бірі Қаныш Сәтбаевтің туған күйеу баласының үйі деп келсе, бірі қазақтың дарабоз ақыны, әрі мемлекет және қоғам қайраткері Қайнекейдің өзін іздеп келеді. Оның энциклопедиялық ұшан-теңіз білімімен сусындауды аңсайтындар өзінше бір шоғыр. Дүние-ай десейші, бәрі-бәрі елес қазір. Артында Алматысы қалды, әлгі қарағашы күзеткен дулы-шулы шаңырағы, ондағы ешкімде жоқ бай кітапханасы жетімсіреді. Иә, оны әзірге аманаттаған... Ғұмырлық жиған-тергенін кешеуілдетпей Торғайына жеткізуді мықтап тапсырып кеткен. Шаһарда қимас зиялылары жетіп артылады. Өмір озған сайын селдірей береді екен. Біреулері абыроймен бақилық болса, кейбірі тұрмыс тауқыметімен тоз-тозы шығып түтеленіпті. Өзін қандай сарапқа салар еді, бәтір-ау!..

Қимылсыз, ғаріп боп қалған Қайнекейді алдымен Торғайға жеткізген. Ем-дом бәрібір қонбады. Бітпейтіндей көрінген дәм-тұзы түгесіле бастағандай ма...Мүмкін, бір дәруі жұғысты болар ма деп кіндік қаны тамған Шилісіне елеңдеді. Кезеріп, домбыққан ерніне: «Иә, Шилі! Өз Шилім! Шиліме жеткізіндерші!» – деген үлбіреген емеурін ілініп қалғанын сезіп, түсінгендер ақын тілегін бұлжытпай орындағанын. Шилідегі ендігі жатысы, мынау...Қызуы көтеріліп, қыстыққанда «уһлей» ашылған аузынан қызыл тілі қобарсып жылт ете қалады. Нәті, бірдеме дегісі келеді-ау...

Сыртқа шықпаса да, ойы түскір, былайша тулап, ма-засыздандырып жатыр еді: «Қай қиынға тікпедім ғазиз басты, Шарладым ғой шартарап, тау мен тасты. Етегімнен ұстаған елпекбайлар, Кісі болды, мүгедек менен қашты». Осыдан бір жыл шамасы бұрын, нақтылап айтқанда, 1973 жылдың 10 қазанында, қатты күйзеліс үстінде жатып жазған «Токтам» деген өлеңінің басы еді бұл. Небары төрт қана шумақ. Осының алғашқы жолдарын әрең есіне түсіріп, еңтігіп қалғандай болды... «Қай қиынға тікпедім ғазиз басты»

деуінде де зор мәніс жатыр. Қайнекей енжарлау күйде еңбек жолына көз жүгіртті... Нағыз адамның маңдайына бұйырар бақ, абырой, бедел жиналыпты. ҚазПИ-ді бітірген соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде нұсқаушы, Қазақстан ЛКСМ ОК-нде хатшы, ҚазПИ-де аға оқытушы, директордың орынбасары, «Жұлдыз», «Ара», «Шмель» журналдарының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жауапты хатшысы, әдеби кеңесшісі болды. Құдай-ау, Қайнекеймен енді кімдер санаспаушы еді, тіпті қарасынының өзін қалқан етушілер көбейген. «Көп болады екен ғой есепқойлар, Түнемеген байғұсқа кесек ойлар. Қулығы да олардың шалшық екен, Бақа сүңгіп, назданып есек бойлар». Көз алдына осы жолдардың кейіпкерлеріндей боп «кесек» бітімдер өре түрегелмесі бар ма? Бәрін бес саусағындай танып жатыр...

Қайнекей өзінің шығармашылығын ойша шолулап көріп еді, тұшынды ма, әлде... Жүзін шамырқаныс табы кіреукелеп, жүдеулетіп жіберді. «Көп бітірмедімге» салынған уайымы шығар. Әлгіндей мүйізі қарағайдай лауазымдар, пұрсат беруші ме еді, кеңколтық көсілуге. Әйтсе де әдебиеттің баллада жанрының хас шебері атанғаны көңілге медет. Пышақтың қырындай тұңғыш туындысы 27 жасында жарық көріп еді. Одан бертінде «Заман біздікі», «Адам туралы аңыз», «Балладалар», «Соңғы түн», «Дәурен», «Сырлы тал», «Шындағы шамшырақ» өлеңдер жинақтары оқырмандар талқысынан оң баға алған. Сондай-ақ Ә. Қашаубаевтың сиқырлы ән өнерін тамсандыра таңбалаған «Әнші азамат» повесі әр көкіректі лағыл гүлдей көркейтті. Ал аудармасы алшысынан түскен сақадай болды. И.Шиллер, А.Барто, Б.Ершов, т.б. шығармаларын қазақшалағанда төлтумасы сондай жұтынып, жарқырап кетті десеңізші. «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» (1949, 1958, 1960 ж.ж.), орта мектепке арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығы (1948-51 ж.ж.) авторларының бірі. Үш рет «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдермен марапатталған. Биік мәртебе, берекелі белес осындай-ақ болар.

Осындай оқ бойы озғанды етектен тартар бейәдеп қылық өршімей тұрмады. Көреалмаушылар түрлі айламен аяқтан шалды. Соның сүреңсіз сипатын сөзбен сүргілей келіп ол

былай опынған: «Көргеніңде соларды қорланасың, Сыр бермеуге сырт күліп, зорланасың. Ақ боранда жүргендей қой қайырып, Түнек түнге кіргендей торланасың».

Иә, күйінетін жөні де бар-тын. Ретсіз құрдымға сүйреушілерге тек кіршіксіз ар-ожданы төтеп беріп жүрді. Мына кеселдің, өрт өсектің түрін қараңыз. «Бір отырыста Қазақстанда қырылған малдың санын дәлдеп айтып қойды» деп кенедей жабысқаны бар. Одақта жауапты қызметте жүргенде ауыл шаруашылығының науқандық жұмыстарына кілең орыс жазушыларын ғана жіберіп, ұлтшылдық әуселесін көрсетіп қойды деп жөнсіз жазғырған. Тағы басқа «таңғажайып тап-тап берістері» жетерлік еді. Осындай лаңның біразынан республикалық деңгейдегі бірінші басшының алдына барып, эзер-мэзер құтылған. Есінде, иә, бәрі өшпейді екен. Ойша түңілгенде де түгелімен жаңғырады екен-ау: «Қиялменен төңіректі түгендеппін, Адамдыққа арамдық жібермеппін. Азап көрсе азамат ер болмай ма, Ашуымды ақылға жүгендеттім».

Өмірінде «Адамдыққа арамдық жібермегенін» Өзі біледі... Осы өлара шақта да соны айқын сезініп жатыр. «Тоқтам» өлеңінің (кейін оның авторлық қолтаңбасы белгілі каламгер Ж. Жүнісұлының ыждағаттылығымен қолымызға тиіп, баспасөзге тұңғыш жарияланған едік – Қ.Ә.) түп төркіні де, соңғы нүктесі де сол аярлықты әшкерелеп, адалдықты асқақтатуымен өзгеше қымбат! Әлгі өлеңі соңғы тұяқ серіппесіндей екен. Жылға тарта қолына қалам ұстай алмады. Ауызша айтып шығаруға тілі ырқына көнбеді. Сірә, кеуілі жүдә соқпаған да болар...

...Ерні кезерген Қайнекей ақын не айтқысы келді екен? Бәлкім, өз «Тоқтамын» дауыстап, ақырғы рет жеткізе алмағанына қамығып, тарыққан шығар?!

Немере ағасы Мүсілімді «тірі Абай ғой» деп ұлы адамға ұқсас кескінін келістіре, мадақ етуші еді Қайнекей. Өзіне төне түсіп, ет-жүрегі езілген сол ағасына ол жәудірей қарап, сүзіліпті...Кеудесі көрікше көтеріліп, басылады. «Көршіге жүгір, жеңілдік айтсыншы!» деп әйеліне ол сасқалақтап дауыстағаны сол еді, өз құлағына сенбей аңтарылып қалды. Қайнекей соңғы демін ышқына қарпып: «Әшһәду әл-лә иләһә

иллалаһ уә әшһәду әннә Мухаммадар расулуллаһ»-деп күбір аралас әлсіз сарынмен тілін кәлимаға келтіріп үлгеріпті.

«Жарықтық-ай, иманды бол!» деп Мүсілім ағасы аласы кеңейіп, аударылмай жарқырап қалған көзін алақанымен көлегейлеп, саусағымен тікірейген кірпігін жұмсақ бүгіп, жанарын жапты.

...Шиліде мәңгілікке торқа жамылған Қайнекей Жармағамбетовтің өзіне-өзі кәлима айтқанын естігенде, Ғабит Мүсірепов ағасы: «Ескі мен жаңаны қатар ұстаған ардақтым-ай!» деп бордай үгіліп, күңіреніп кетсе керек!.. Кеңес заманының қыспағынан кәлимамен құтылып кеткен секілді Қайнекей жарықтық жұмақта жатқандай боп елестейді де тұрады.

2013 ж.



КЕҢДІК ПЕН КЕМЕЛДІК

Есімі – табиғи болмысының кеңдігін, һәм поэзиядағы шетсіз-шексіз көкжиегін, ал, тегі – ана тіліне деген мырзалығын айқындап тұрғандай жалқы жаратылыс кім екен? Ол – Кеңшілік Мырзабеков! Бәлкім, Ұлы Жеңістен соңғы кеңшілік заманның бастауында туғасын солай ырымдап атаса керек. 1946 жылдың 6 шілдесі! Ақындық әлемнің айдынына торсық шеке бір ұлды құлағынан ұстап шығара салыпты... Пушкин де екі ғасыр бұрын дәл осы күні дүние есігін ашыпты. Сөз маржанының қазақы құнарына келсек, Мағжан жасаған азды-көпті қырықтан асыңқы ғұмыр Кеңшіліктің де маңдайына телініпті-ау! Ұқсастықтардың да ұңғысында алабөтен ұпайлы, өзгеше өрілген тағдыр тылсымдары тұнып жататын секілді... Салыстыруға негіз болған соң да сыпырмалықтан сытылып, сындарлы сезімге құрық салынады. Әйтпесе, дәнсіз, дәйексіз нәрседен не сығымдап аларсыз?

... Өмірдегі, өнердегі кең тынысты Кеңшіліктікі басқа жол! Поэзиядағы қасқа жол! Оның дүлдүл жыр пырағы кеңдік сипатымен, кемелдік тұрпатымен айқасқаланып, тұяқтарын өзгеше тарпып, таңдай қақтыра бастағанда... «Табаным

талай шоқ басып, Қып-қызыл отқа күйді ерін. Тарпаң ем, тағдыр ноқтасын, Салғызбай басқа сүйредім», – деп ернін шүйіре, керіле түсіп, кенет кердендеу күйге түсе қалатын, кеудесін асқақ ұстап, ұрынбайтын жерде «ұрына» салатын Кеңшіліктің жырларын заманның жалына жармасып жүріп оқу керек сияқты.

* * *

... Ару Алматыға барған сайын, табаным жерге тиісімен, алдымен асқақ Алатауға дауыстап сәлем беріп алам да, ыңғайы келіп жатса бірден тартып кететін, зауырқайыр қол тимей қалса шаруаның ара-арасында еңтігіп жетіп, елігіп те егіліп тұратын бір ыстық жерім бар. Ол – Абылай хан мен Абай даңғылының қиылысындағы (осы даңғылдың 43 А үйі) бұрын ақиық ақын Қайнекей Жармағанбетов тұрған үй еді. Осы үйдің тау беткейіндегі орта тұсында аспанға тік шаншылып, жуандығы өлшемге оңай келмейтін дәу де зәулім қарағаш панданып тұрар еді. Ұзындығының төрт қабат үйге жетелес буыны тықырланып, одан арғы көкке шаншылған ұшар басы кәрі кейуананың тарамыс саусақтарындай тарбиып, жүлгеленген бұтақтары салаланып кететін. Көз алмайсың – қайран қаласың, тамсанасың. Біздер оқу аңсап, Алматыға келген 1965 жылы алғаш көрген бұл алып ағаш әлі күнге сол сынынан ажырамағандай. Бір жолы Кеңшіліктің өзі әкеліп көрсеткен. «Бұл үйде Қайнекейдей әйдік ақын тұрады!»– деп, масаттанған. Сол кісінің бай кітапханасынан Мағжан деген «халық жауының» өлеңдерін (кейін бір ұлының атын Мағжан қойған – Қ.Ә.) жасырып оқитынын сау кезінде сыбырлап, қызып алғанда айғайлап айтып, ішіне бүккен әлдене сырды тырналап сыртқа шығарғысы келетін. Сол, қаншама кісі құшақтаса да қаусыра орай алмайтындай қарағашқа иығын сүйеп түскен Кеңшіліктің суреті кейін кітаптарына еніп, былайғы баспасөз беттерінде де жарияланып тұрады. Қайнекей сал ауруына ұшырап, Торғайына мәңгілік тыныстаған соң: «Бұл қарағаштың иесі енді мен болып қалдым!»,-деп құлазитын. Қайран Кеңшілік те дәм-тұзы таусылғанда Кеңсайға сыймай өзінің кең Торғайына жер жастанды... Екеуі де Торғайда туып, Алматыда қорғасындай жыр қалыптап құйып, туған өлкесінде тыншып жатыр... Ақындар

ауылда туып, астанада өледі деуші еді ғой. Соның сыңайына келетін шығар. Бірақ бұлар – қос дүлдүл өз ауылының жеңіл торқа топырағын жамылыпты-ау!.. Ақтаңгер ақындарды сағынышпен еске алып тұрып, олар талай сүйеніп шабытқа кенелген алып қарағашты бірнеше мәрте суретке басып алдым... Әне, Кеңшілік қарағашқа сүйеніп тұр... «Топырағы – негізі – Бағы, соры аралас. Табиғаттың егізі, Қайран Ақын – Қарағаш...» Соңғы шумағы? Иә, былай аяқталатын: «Құзар басын мұң шалып, Жырлайды да жылайды. Күн артына күн салып, Екеуі де құлайды!...»

* * *

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бас кезеңі еді. Қостанайдың «Турист» мейманханасында, аядай бөлмеде республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Байтұрсын Ілияс, Алматыдан келген ақын Кеңшілік Мырзабеков, үшеуміз отырмыз. Кеңшілік терісіне симайды. Темекісін саусақтарымен шерітіп, шиырып тартады. Қимылы өзгеріпті. Классик Ғабендей (Мүсірепов) баяу, сылбыр, еріншектеу. Паңданып сөйлейді. Торғай жақта оқып, етене біліскен екеуі бір-біріне еркін. Әзіл-қалжыңы жарасады. Жоқ жерден дауласа кетіп, қып-қызыл боп айтысады да лезде бір ауыз сөзбен табыса қояды. Мен сырттық адамша, қоңылтақсып отырмын. Қамысты ауданында оқып, туған елден жырақтау жүргенім сезіледі. Дегенмен Алматыдағы табысқан ыстық күндердің табы сезім үйіріп, сағынышымызды қоюлата түседі. Біраздан соң Кеңшіліктің бастапқы кеудемдеу, қытымырлау қалпы сейіліп, баяғы кеңкілдек сарыбалаға айналып жүре берді. Түсінеміз оны. Ақындардың жас перісі! Уыздай 26 жасында «Іңкәр дүние» атты тұңғыш өлеңдер кітапшасы шығып, осыдан бірер ай бұрын бізге қатынаушыдан беріп жіберген еді. Пышақтың қырындай ғана. Қолға ілігуі қиын, үлбіреп тұр. Небары 32 бет. Алғашында қорашсынып қалғанбыз. Оқи келе бас алмай құнықтық. Кейбір шумақтары көкейге қонып, жатталып қалды. Енді, міне, сөз ауаны тікелей осы кітапшаға ауып, сөз тамыршысындай сайрай жөнелдік.

– «Байқоңыр» өлеңің шымыр екен!– деді көпірме сөзден ада, мақтауға сараң Байтұрсын.– Кеңшілік, мына жері тым

тәуір түйінделген: «Жоқ... жоқ, далам, шыдағаның жөн болған, (Дала біздің шыдамды ғой таңданбан), Дала біздің мінезі ауыр болғанмен, Талай ғасыр ұшқысы кеп қомданған». Кульминациясын қарашы: «Ұя салған зымыран құсы заманның, Жаса дала! Қойдай жуас қоңыр қыр»,– дейсің. Қазақ даласының оянғанын, техникалық прогрессіз ел дамуының мүмкін еместігін айтқың келіпті.

Кеңшілік темекісін ұртын суалта сорып, үрлеп жіберген өз түтінінен өзі шашалып:

– Пафостық өлеңнің астарына үңілші, Баеке! Орыс бұғауындағы даланың бұлқына алмасын да күйректікке телігендеймін ғой! Амалсыз бұқпантайлағаным ғой. «Талай ғасыр ұшқысы кеп қомданған»,– дегеніммен, «шіркін-ай, Байқоңыр айлағын өзіміз игерсек...» деген үміт-арман тұтана алмай, тұншығып тұр-ау! Өзгенің өңмендеуінен әлі талай опық жерміз, түге...– деді де пәлсапасын соғып кетті. Зымыран бәсекесінде әлем үстемдігіне ұмтылған даңғайыр мемлекеттер әлі талай көз сұғын салады бізге. Аспанымыз амалсыз түтеленеді. Уланғанымызды білмей қаламыз. Бұған далиған даламызға атом энергиясын өндіремекке таптырмас база ретінде қараушылар табылатынына имандай сене беріңіз... Қазақ даласы кең! Ал кеңдікті тарылтуға құмар-қызғанымпаздар табылмай қалмайды. Кеңдік қасиетің алдымен өз қызығыңа жұмсалсын...

Баекең де өз ойынан шыққан мына түсіндірмеге разы кейіппен жеңіл жөткірініп алып:

– Дұрыс айттың, ақыным. Сенің талантың үнемі кең пішілгені дұрыс. «Теңіз бен дала тағдырын ойлап тұрдым мен, Қапшағай ГЭС-тен тараған қуат сәулеше»,– деп «Қапшағай әсері» өлеңінде тапқыр жырладың. Даланы судан қуратпай, теңізін қоңсы еткеніңнен ертеңгі гүлденген өмірдің болмысы аңғарылады. Ойлантпаса, несі өлең,– деді де Кеңшілік інісіне тоймастай боп сүйсіне қарады.

Кеңшілік бусана түсіп, желпініп қалды. Қайтадан тану-арап, жүйрік аттай тарпынып, маңайына мұрнын шүйіріп, астамшыл күйге түсті. Мұнысын ерсі көрген Байтұрсын осыған мақтау өтіп кетпесін дегендей, ширатып, кейде атойлап кететін әулекілеу мінезінен сақтандырып қою

мақсатымен кітапшаны парақтап, бір жеріне тесілді де оқи бастады: «Айналдық күлкілерден, Бақыт пен бал төгілген. Айналдық күлкілерден, Атқандай таң төріңнен». Осы шумақтың жеңіл ұяқастарына тұшынбайтынын, мазмұны да қарадүрсіндеу екендігін айта бастап еді, Кеңшілік шок басқандай ыршып түсті де:

– Баекесі, тоқтаңыз! Сәби күлкісінің құдіретін бергім келген!– деп орнынан тұрып кетті. – Маған сын айту үшін мықты ақын боп туу керек! Мұқағалилардың өзі екпініменнен ығыса бастағанда!..

– Ей, Кеңшілік! Сынды тыңдай білуге үйрен! Бірі жағып, бірі жақпаса да ұшқарылықпен дыз ете қалмашы! Сабаңа түсіп, саралай біл! Сабырлылықты жарты бағындай есепте, әйтпесе... – Байекең інісінің әдейі мысын баса тұқыртты. Жаны ашығаннан жалпақшешейлікті ысырып қойды. Сылап-сипай салуға болар еді. Ауыздығымен алысқан таланат тұлпарына қажетті жерінде тартына білуді меззегені ғой.

Ретсіз тарпынғанның тамыры тереңге кетпейтінін түсінетін Кеңшілікке ағасының бұл талаптары таңсық емес еді. Өзгелердің де талай құқайын байқап жүрген. Көбіне ретсізі басымдау келеді. Ал мына ескертпені лезде ой сүзгісінен өткізіп жібергенде, расында да шумақтарының шалағайлау шеті түріліп қалғандай болды. Соны түсінген ол аңқылдақтығына басып:

– Кешір аға! Түсіндім аға!– деді де інілік ізетпен кішірейе түсіп, ағасын құшақтап алды.

– Ал мына өлеңің ғажап құбылыс!– деп ағасы жаттап алғанын төкпелетіп жіберді: «Бар ма екен сенің есіңде, Балқаймақ күндер шайқаусыз. Бұлтиып бір зат төсіңде, Булығып өсті байқаусыз». Алысқа шабасың, бауырым! Мәстекше тыпырлама, сәйгүлікше құйғыт!

Кеңшілік әлдене ойға шым батып кетіпті... Не ойлады? Ал мына Баекесі дәл осы отырыстан 17 жылдан соң, қимас інісі өмірден өте салысымен «Лениншіл жасқа» «Кеңшілік жатыр» деп егіле қайғырып: «Уа, Кеңшілік, текті тентегім, Торғай жаққа барып қайтайықшы деуші едің. Асығушы едің көргенше ел шегін...»– деп көз жасын көлдей ғып, тыя алмаған-тын.

Ұлы Жеңістен соң туған Кеңшілік соғыс құбыжығын көрмесе де жүрегін сол сойқанның тырнағына осқылатып қойып, өкпесі қанталап, қабынып жүргені... Ес біле соғыстан қайтқан солдаттардың арасында өсті. Зінгіттей азаматтар екен, мүгедек боп оралғандары қанша ма? От пен оққа түсіп, шыңдалған жүрек жұтқандар шетінен. Еңселерін түсірмейді. Қыбырлап, тырбанып еңбекке араласады. Бейбіт өмірді көргендеріне шүкіршілік етеді. Отан үшін шәйіт болғандардың ерлігін айтқанда, тұла бойы қалш-қалш етіп, кара терге малшынады. Сәби көңіл безбені ел басына түскен осынау таксіреттің тауқыметін тарамдап тауыса алмайды. Періш боп қатқан түйткілден жүрегі шоршып, шошынғаны қаншама жылдар өткен соң өлеңнің шеріне байланды. Күштеп емес, күңіренге құйылды. Естігені– егілтті. Елемейін десе де еркінен тысқары еліктірді. Жүрекке әмір жоқ екен. Өлеңді де бұйрықпен бұйыртады-мыс. Ұйқас па? Оған бас қатырғысы жоқ. Осылайша «Бір шаңырақ туралы балладаның» түйіні былайша құйыла салды: «Біз мынау, Ұлы Жеңістің Жөргегінде өскен балғындар. Қау етіп қаптап жер үстін, Өртеңге өскен шалғындар, Бас иеміз саған, соғыстың Тауқыметін тартқан тағдырлар!» Дене түршігеді, жүрек локсиды. Бәрін Кеңшілік көрген. Міне, ол қабір басында құлазып тұр. «Шығырын салған шалменен, Диірменін тартқан кемпірдің. Қабіріне келіп таңменен, Топырақ салып мен тұрмын». Топырақ қай кезде салынады?! Ол рәсімді ақын білмейді емес, біледі. Қайтыс болған адамның қырқына немесе жылына келіп топырақ салынбайды. Өлшеулі ғұмырдың соңғы мезеттік, жалған өмірдің жылыстаған қас-қағым сәтіндегі тірілердің ақырғы парызы – бір уыс топырақ салу! Бұл жерде дәстүрден сәл ауытқуға шұқшию еске де келмейтіндей (бірақ дара ақын түйсігінде ештеңе бұрмаланбауы тиіс-ау – **Қ.Ә.**) ғой. Сезім сергелдеңі қыр басына еріксіз жетелеп, томпиған моланың жанына жеткізген екен. Салтпен санасар санада сабыр сарқылыпты, түге... Ақын бір шаңырақтың тып-типыл болғанына налиды. Бір ауылдың бір дәнегі желге ұшты, тұқымсыз қалды. Жалғызын соғыс жалмап тынған сорлылардың бір шаңырағы күйреп түсіп еді. «Қайғының

дерті қатты ұрған, Шайқалған бұл бір шаңырақ. Қазаны қаспақ, қақ тұрған, Қалды ғой, қалды-ау қаңырап».

– Сенің осы өлеңің (баллада екені оған бәрібір) кез келген қазақ ауылының соғыс өшіріп, иесіз қалған ошақтарына орнатылған ескерткіштей боп елестейді көзіме, – деп еді бір егде кісі Жеңіс мейрамында, қауға сақалына жылыстап сіңген мөлдір тамшыны сілкіп тастап. – Балам-ау, соғысты көргеннен бетер суреттейсің, былайғы өлеңдерінде де. Майдан даласының өлігі, оқ-дәрі күйігі көңірсиді... Сөздеріңнің киесі бары аңғарылады. Абай бол ақыным, аузыңдағы ардағыңа!

Бұл кісі қостанайлық майдангер әрі тыңгер еді. Атағы жер жарады. Еңбек Ері – Аманкелді Исақов өзінің «қос майданда» (бірінде – КСРО үшін қан төксе, екіншісінде – кіндігі байланған жусанды даласының жотасын әмірмен жыртқылап шер төккен – **Қ.Ә.**) көрсеткен қимыл-әркетін барша тыңгерлердің бойынан тамыршыдай дөп басып танып, Кеңшілік өлеңдеріне және сүйсініп жүретін. Сол себегі де іңкәрлігін кездескен жерде бүгіп қалмайтын. «Қарағым-ау, сенің «Боз биенді» оқыған сайын қылмыс жасап қойғандай, қара беттенемін. Сезесің бе жаным, өзіңе ғана жалынып айтам. Тіс жара көрме! Келесі өлеңіңе кірістірсең, өзің біл, – деп бір жолы жан күйзелісін жасырмаған. – Сондағы: «Есті мал қырға егіске барып түскен жоқ, Қыр жақты кетті көкпеңбек барқын түс меңдеп. Көз қырын қырға қадаған сайын биеде, Көдеге талғақ келе жатты бір күш меңдеп...» – дегенің, біздердің, тыңгерлердің, туған ел алдында әдейі жасаған күнәсіндей боп, қабырғамызды аяздай қариды!»

Оқырманын қинаған өлең Кеңшілікті қайткіп ондырсын! Жаны үнемі табада шығғырылып жүретін... Соғыс, тың тақырыбы дейсің бе, әр шығармасында – баллада, поэма, т.б. жанрларда шегеленіп қалған бір ақиқат бар. Ол – Шынайлық! Шындық! «Шындық – сұмдық қаталсың да қаттысың, Шындық – сұмдық ащысың да тәттісің», – деп әділдік тінін суыртпақтап тарқатты ақын. Енді бір ширығысты сәтінде: «Шындық іздеу, шындық табу – мәңгі арман, Адамзатқа мәңгі мұрат сол болған», – дейді де ұлы аңсауды ұлықтай түсіп, одан әрмен былайша шебер түйін жасайды: «Шындық күшін шама-күш жоқ өлшеуге, Оны жүрек соғуымен мөлшерле!»

Шындық – сәуле көре алмауың да мүмкін, Шындық үшін құрбан болып өлсең де!»

Иә, ол қысқа ғұмырында шындық іздеп өткен ақын. Тапты ма? Таппады ма? Уақыт төреші. Бүгінгі заманның тамыр бүлкілінде де бір ғажабы, ақын шындығының табы жатқандай. Мәселенки, жоғарыдағыдай соғыс, тың ардагерлері, жас өркеннің кейбір сөз қадірін түсінетін отансүйгіш бүгінгі оғландары Кеңшілік жырларын неге өксіп, өкініп оқиды екен?! Бір гәп бары анық-ау!

* * *

Күнді – күнге, түнді – түнге ұратын Кеңшілікте тыным болсашы. Жанын шарпи аласұрғызып, осындай аракидік ұйытқи тиетін соқпалы да сұрапыл дауыл сөлін сығып, тамырын қаңсытып тастағандай дел-сал күй кештіретін. Өзіне ғана аян... Сәл-пәл шыдаса, әбден жүрек өтінде, қалам ұшында күйгелектенген көңіл біртіндеп сабасына түсер. Не істеп қойғанын аңғармаған аңғал батырдай есін шындап жиып, маңайына алақ-жұлақ етіп, арсың-күрсің күпініп, тау қопарғандай қопандап кетті. Иә, дәтке – қуат! Оңды бір өлең туған-ау, нәті! Кеңшілік шаранасы әлі кеуіп үлгермеген сәбиін қолына алғандай алабұртып, балбырап барады...

« Қашан тумай жатыр менен оңды өлең! Туып жатыр, туа береді. Арнау өлеңдерін көбейтті деп мінгірлейді кейбіреулер. Ауызға қақпақ болмадым. Көки берсін. Арнауға тұрар адам болса, неге жазбаймын, ә? Айтшы, көнталақ, менің геройларымның кендесі, кемі бар ма? Сәтбаев пен Мүсіреповке, Есенберлин мен Хакімжановаға, Тілендиев пен Қайырбековке, Мақатаев пен сыншы Әшімбаевқа, т.б. жыр арнадым. Ішінде кесек-кесек балладаларым да бар. Оларсыз ұлтты көзге елестетуге бола ма? Керісінше де сондай мазмұнға ие. Кімге арнағанымды өлеңімнен біле қояды. Құлақ түр, қане. «Ғажаптан-ғажап сыйлайтын селеуін қырдың, Ғажаптан-ғажап келетін себебін білгім. Кейитін кейде «кебіннің керегі жоқ» деп, «Ақ селеуімді оранып өлемін бір күн». Бұл кім? Ақ шашты әзіз Ілияс Есенберлин! Тарихын өзі оятқан даласында ақ селеуге оранып қылжия қалғысы бар. Ал мына шумақтан Қаныш бейнесі белең алса

керек: «Бұл балға барлаушымен арып-ашып, Қарсақпай, Қаражалға жолы ұласып. Жезқазған, Жезді, Саяқ тастарының, Тап басып үлгірген кез бағын ашып». Келесісін зерделеші. «Меніңше, бұл адам, «Дың» еткен дыбыстан жаралған, «Дың» еткен дыбыстан – Туатын «үп» еткен самалдан. Тырс еткен тамшыдан – Тырс еткен жасыңнан жанардан. Сарт та сұрт найзағай жасылдан». Мұны – Тілендиев демей көрші, сен. Оған былай деп, ескерткішті мен ғана соғармын, бәлкім: «Ақынды құс демесе жала сөз ғой, Қорығы – Қарасаздар... Қарасаз ғой. Өлеңмен бірге туған біздің қазақ, Өлеңді түсінбейтін баласы аз ғой». Мұқағали! Дөп баспау мүмкін емес! Жә, енді бір арнауымнан үзінді, сосын жетеді: «Қазақта төкпе ақынның бірі – Ғафу, Түйіліп жыр жазарда түрі қату. Секілді сөзмергеннің – қолмергені, Білмейтін бұқпантайлап, бұғып ату». Осылар – жадағай мақтау ма? Қолтығына кіру ме? Жалпақшешейлік пе? Жырдың құнын түсіру ме? Даралар, даналар образы арқылы Ел бейнесін жасадым емес пе? Ел мен Ерлердің сом тұлғасын құйдым ғой! Тілім кесілгенше, кесек те көркем бітім жасаудан жаңылмаспын, сірә. Тіл демекші, менің кестелі тіліме Мұқағалилар тәнтілігін жасырмаған. Сырбай, Ғафу ағаларым «сары тайлағым» деп еркелететін. Мықтылар ғана мықтының жалынан сипалай алады. Өйту – күшеншектерге күнә іспетті. Ал мен кейбір мимырт жүрісті мәстек ақындарды тарпып тастап, маңайыма жуытпаймын. Өйткені, мен дарынды, таланатты жаратылыспын. Күлмендер, күндемендер! Бәрінің іштерің сезіп отыр емес пе? Шындықты ашық мойындау керек! Құдіретті ақын Кеңшілік Мырзабеков құдай берген ойға кең, құйыла салатын сөзге мырза! Айтшы, қане, осыным өтірік деп! Ескертемін, «Ақын» деген қасиетті атауды былғай көрмейікші! Киесі ұрады, айтпесе! «Неге дөңбекшіп, тулап шығамыз, Соның себебін айтсақ мына біз. Ақ пен Қараның, Шаттық, Қайғының – Тамырында бүлкілдеп, соғып тұрамыз!»– дегенмін мен ақын туралы. Ақындар, ойланыңдар!..»

... Кеңшіліктің біз түзген бұл монологынан түңілмеу керек, терең үңілу керек сияқты, асқақ та ақиқатшыл ойларының астарына!

Лениннің 100 жылдығын әспеттеген мәре-сәре әдеби кеш өтіп жатыр. Ағыл-тегіл марапат жырлар тау суынша сарқырайды. Мінбер босар емес.

– Мен! Мен!– деп Кеңшілік кеуделеп алға озды да, бо-сай берген мінберге атқырынып шықты. Манадан делебесі қызып, танаурап отырған. «Мыналардыкі не? Түкке тұрғысыз жасық өлеңдер. Ленин мәңгі жасай ма? Ол да «Өлдің Мамай қор болдыңның» кебін кимей қайда барады. Айтқанына, жазғанына қарап, бажайлауға болмай ма, түге. Дана? Данышпен? Күн көсем? Ендеше неге Қазақстан бейшара күй кешіп отыр, ә?! Алаш салған ұлттық ұраның қайда?! Әукесін қамыт қиған өгізден не артықтығың бар, әумесер Қазағым!»– деп Кеңшілік ойға кеміріліп, әрең шыдап отырған еді. Е, міне, сәті түсті-ау!..

Төралқада отырған Ғафу ақын «Қап, мынаның оскырынған түрі жаман, бүлдірмес пе екен?» деп, ернін тістелеп қойды.

Мінбердің қос жақтауын жұлып алардай, құшағын кере мытып ұстаған Кеңшілік, ырғалып, ыңыранып, гуілдеп сәл тұрды да гүрілдете жөнелді. Дауыл тұрып кеткендей шошынды залдағы тыңдармандар. Ақын арындап, арқырап тұр: «Нан турап жеп ап, ақырған ащы айранға, «Шаршадым» деді сабанға құлап Қайролла. «Нан бар ғой, тоба, нан бар ғой мынау» деп жатып, Қашпай қалған қашар жайлы ойлауда»... Ішкі астары, ым-жымы жыпқыл-жыпқыл-ау! Тәубашылдық! Тұйыққа тіреле бастаған өскелең өмір өксігі. Көсемшілеген алдамшыл көңіл?! Меңзеліп-ақ тұр бәрі-бәрі: ұлттық ұйпаланған ұстының да, ащы запыранды құсығың да, адымынды аштырмаған шынжырлы тұсауың да, жетесіз жетілмейтіндіктен көкірек аздырған құсаң да... құдай-ау, өлермен күйдегі өгіздей кейпінді көзіңе күйдіргідей қарытады. Алдың тұман! Жүз жылдық мерейтой ғасыр кәдесіне жарай алар ма, тәубашыл қазағым-ау? Бір күнгі нанына тобашыл тобырым-ай! Кеңшілікше қатты кетпегенде қайтпекпіз, енді... «Өк, өк!..» десе өгіз де өрге тырбанар... Тәуелсіздікке Кеңшілік сияқты болжампаз ақын керек! Жылауық емес, жасампаз!

Әбділда ақын абдыраңқы, бірақ құлақ құрышы қанғандай, аса сақ отыр. Ғафу күмбір-күмбір кісінеген тұлпарша,

ауыздығын қарш-қарш шайнағандай боп, күреңітіп кеткен. Өтежан өлеңнен өртеніп, өзін-өзі сөндіре алмай әлек. Кешті жүргізіп отырған Сұлтанғали Садырбаев: «Әй-әй, тентек сары»,— деп кекештене күмілжиді. Бәрінің жүзі сұстылау көрінгенімен, іштері жылынып, әлдене үміттен қылп-қылп етеді...

Кеңшілік өлеңдерінің кемелдікке бет бұрған кезеңін болжаммен ғана айта аламыз. Мүмкін, оның сапалық сырларын балауса жырларынан-ақ санамалауға болар. Талант тәңірі сыйы десек, бастапқы қадам мен бастыққан тұсындағы інжу-маржан үзіктерінен өршелене өсу үдерісін аңғарамыз. Қай өлеңін алмаңыз, заман, қоғам, адам астарларының тіні ажырамастай түзілген. Демек уақытпен қанаттасқан ұлт ақыны елдік мұраттарды еншілей білуімен дараланады. Тіпті кітаптарының атауларынан-ақ тақырып кеңдігі, кемелдік көкжиегі айқындалған. Айталық: «Іңкәр дүние», «Дүбірлі дәурен», «Көктем көкжиегі», «Сәруар», «Революция перзенттері», «Замандас сыры», «Ауыл мен астана», «Қасиетті қас қағым», «Балалық шақ балладалары», «Дәуір – дастан», т.б. кітаптарының осындай атаулы ұстын-ұлағаттарының ұлттық мінезбен, халықтық аңсар-үмітпен өрнектелуі кездейсоқтық емес қой. Кемел ойының пернелері әуелгіде түрілмей, таңсығын ішіне бүгіп, бұр жарған өрік ағашының алқызыл гүліндей тұр-түсімен де, жұпар иісімен де есті алып, ынтықтыра тартады. Миға салмақ түсіру керек: әуездік пен әуендік үндестігін тап басу; шындық пен ақиқатқа жүгіну; уақыт билігін бағамдау; ұлттық тілдің сиқырына тояттану; бояу қанықтығымен бедерленген тілдің тереңіне үңілу; образды ойлау жүйесінің көркемдікпен әдіптелгенін саралау; лирикалы сергектіктен серпінденген эпиктік даралығына ұмсыну; бәрін айт та бірін айт, ақындық құбылыстың өзіндік мінезбен суарылған тектілігін мойындау, т.б. талант қырларын түсіне де түйсіне білу шарт. Сонда ғана ақынның кеңдігі мен кемелдігінің көкжиегі сағымнан көрі, сағындырған сабатты көгалдай ынтықтыра тартары анық.

Иә, тағы не айтпақпыз? Поэзиясын былай қойғанда, прозасының өзі мық шегедей бекем, көркем дүниедей ғұмырлы, кейіпкерлері кесек-кесек бітімді боп келетіні, тағы рас. Мейлі ол суреттеме ме, көсемсөз бе, очерк пе,

кара мақала ма, бәрібір тұшына түсесіз. Құдіреті не? Ойлау, толғау, айту, жазу секілді табиғат берген тылсымдықтың таланға бұйыртқаны да.

Оның осындай ерекшеліктерін шөкімдей ғып біз айтқанша, кәнігі сыншылар неге кесек турап, көсілмейді десеңші. Дүркіреп шығып, дүрілдеп көрініп, найзағайдай тілгіленіп, жасындай ғұмырында жалт қаратқан дүрия-дәурені ағып түскен... Содан бергі ширек ғасыр ішінде Кеңшілік бірде еленіп, бірде көмескі тартып, кітаптары қайталанып шыға қалғанда ғана шоқтай қызарып, жарқырай жана түсіп, әттеген-ай, бәрібір әдебиеттану ғылымының нысанына берік айнала алмай, күйзеліске ұшырағандай еді.

Көзі тірісінде он бір өлең кітабы қалды. Өзі кеткен соң үш таңдамалысы жарық көрді. Жуырда төртіншісі шықты. Бұған бір аударма кітабын қосыңыз. Былайша айтқанда, есімі еленіп, шығармашылығы жаңғырығып жатқандай. Ал сыншылар неге самарқау?! Түйінді ойлар қайда? Төбені кимаса да төрге лайық емес пе Кеңшілік! Лайықты баға – енді Кеңшілік үшін емес, қазақ әдебиеті үшін әбден керек! Барымызды, жоғымызды түгендеп алу үшін қажет. Бағдарымызды айқындауға немқұрайды қарамағанымыз абзал-ау! Сонда бүгінгі поэзияның бағасы да байқалар еді.

Ендігі қайырылмағымыз не? Ұлы Аманкелдінің әкесі туралы терең мәнді жазбаларын жұртышылық сүзіп оқып жүр. Жарияланбаған өлеңдерін жары Зинура аялап, мәпелеп кітаптарына ендіруден жалықпайды. Серік пен Серікбай, Жұмат Әнесұлы ауық-ауық еске алуларын жазып қояды. Тағы біршама дос-замандастары да Кеңшілікті «тірілтіп» алып жатады. Бұған да шүкір! Анасы Мәркүл ұлын еске алу мерейтойларына қатысып, жаулығының ұшын тістелеп, көзінің жасын сарқып отырғаны бар...

... Кеңсайға сыймаған Кеңшілік далиған даладағы Торғайында мәңгі тыныстап жатыр. Ей, жолаушы! Қарт Торғайға Арқалық жақтан кіре бергеніңде сол қапталыңда көрінетін өлілер мекеніне көз салшы! Мүмкін болса көлігіңнен түсіп дұға қылшы! Сол зиратты Кеңшілік мекендеп жатыр. Қабірінің маңдайшасындағы өз шумақтарының бір үзiгi мынадай:

Туған жер, саған қаталап,
Кім қалай сүйсе, өз еркі.
Мендегі сендік махаббат –
Жанардың нұры – көз өрті,
Жүректің нұры – сөз өрті!

... Осы шумақ әр пенденің көкейіндегі сөзіндей ғой! Алып-қосарымыз жоқ, ақын дос! Кең екенсің, кемелдігің көрінеді! Өнге мәтін жазбаған сабазым-ай! Әйтпесе, бұл жүрек сөзі әуенге сұранып тұр ғой, құйқылжыр еді әуелеп!

... «Еркіндігіңде жақсы өмір,
Тағат та керек, тоқтам да!
Ырзамын тағдыр бәріне,
Жүрек пен махаббат барда!» –

Кеңшілік үні көңілдерде күмбірлей береді!..

2013 ж.



КӨЛБЕҢДЕГЕН КӨЛЕҢКЕЛЕР КІМДІКІ?

Көлеңке түспейтін, көлеңке баспайтын кеңістік бар ма, сірә? Көлеңкенің түр-түсін, бейімделгіш сиқырын да түгесе алмайтындаймыз. Кейде өз көлеңкеңнен де шошып кететінің есіңнен шықпас. Қыр соңыңнан қалмай, құдды, өзіңнің елесіңдей боп, жаның мен тәніңе жабысып алып, жанамалап жыбырлай жымысқыланып, басқан ізінді аңдитынын қайтерсің? Шіркіннің сұлбасы сұсты! Осы сағымдай сусымалы көлеңкенің кітап оқып еліте түскен оқырманның ойына кіріп алып, үрейін түртіп оятатын шайтандай шатағына қай жүйке жұқармас? Жемсауына жылжытып, жұтып жіберетіндей. Ақ пен қара тәрізді көлеңкенің де күнгеі мен күңгіртті жағы алмасып жататын тылысымы жоқ па екен, осы?! Әлде, көлеңке ұғымы өңкей салбыраңқы қараңғылықтан тұра ма? Пенденің қара құзғын қарақшысы һәм көрбілтенің күйелеш ысы шығар? Қайткенде де көлеңкеге ықылас түспей қойды-ау. Жүректі қанша жылытып, жібіткің келсе де көлеңкеден суық ызғар шашып тұрады. Әсіресе ой-

санаңды бүркемелеген көлеңкеден төбе құйқаң шымырлап кетеді.

Сонымен әдебиеттің де көлеңкесі салтанат құрып тұр екен-ау! Батыс прозасында көлеңкемен шайқастың не бір шытырман сюжетті шығармалары бар екенін қайда жасырарсың. Көлеңке де тіршілік иесі секілді... Әлдебір нысансыз оның салтанат құруы екіталай екен. Яғни, себепсіз салдар болмайды.

«Көлеңкелер патшалығы» – белгілі жазушы Тұрысбек Сәукетайдың хикаяттар мен әңгімелер жинағы. Оқырмандарын тапқан орайлы дүние. Ойлы перне, сыршыл сағақ. Дір еткізер сезімге бай. Қорқынышы мен үрейі қоламтасында мүлде өшіп болмағаны тағы сезіледі. Оқып отырып кейіпкер тағдырымен тамырласып кетесің, өрмекшідей өріп жүген көлеңкелерді байқап, мына өмірге келгеніңе өкінесің. Немесе кітапты оқи, тоқи отырып көлеңкелер кемесімен жүзіп жүргендей ойға кенелесің. Көлеңкелер патшалығындағы көмескі іздерден сыр түйіп, сыралғы бола бастағаныңды аңғармай да қаласың. Себебі мына өміріңнің жүзін жапқан көлеңкелерді бір деммен үрлеп, аршыған жұмыртқадай аппақ ете қою мүмкін болмаса да күнгейге жоныңды жылытып, әлсіреген әліңді жинап, көмескіленген пердені ысырып тастауға талпынатының заңды шығар. Сөйтп, кейіпкеріңмен жақтасып, көлеңкелермен шайқасып, өнетін де, өнбейтін де іске шатылып кете барасың. Бәрібір көлеңкесіз өмір сүруге болмайды екен... Көлеңкесіз дүние ғапыл екен. Көлеңкесіз ғұмырдан қашу үшін ғайып болғаның абзал. Қасіретті көлеңкенің айықпас лаңы да. Бұл фәни қымбат. Сосын да көлеңкенді амалсыз сүйретіп-ақ жүре тұрғың келеді...

Аталмыш кітапқа «Құзғын тойған қыс», «Мұң перделеген терезе», «Бесінші «Б»-дағы Бетховен», «Көне сурет» хикаяттары мен «Көк автобустағы кішкентай жолаушы», «Қаңтардағы жылымық» әңгімелері кіріпті. Бұлардың денінде қазақ елінің соңғы жарты ғасырдағы басынан өткерген қилы заман, қиын кезеңдері суреттеледі. 1930-жылдардағы ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін, атом бомбасының зардаптары, т.б. көкейкесті тақырыптар шығармалардың қызыл тініндей боп түзіледі. Жазушы сонымен бірге замандас бейнесін сомдауда қайғы мен қуаныш, арман мен үміт желілерін ажырамас

ұғыммен үндестіре баяндап, көлеңкелі өмірдің шаттықты, сәулелі тұстарын мән-мазмұнмен даралай білген. Қандай бір ұтылысты да ұтысты, қапылысты да ұрымтал детальдарды күнгейлі, көлеңкелі бірегей сүзгілерден сынапша сұрыптап өткізіп, сапаластыра алуымен алуан қырлы шеберлік танытады. Қос параллель – тоғышарлық пен дархандық, қысастық пен кеңдік, зұлымдық пен мейірімділік, аярлық пен адамгершілік, топастық пен елгезектік, т.б. қапталдас қарғыбаулы таңбалардың итжығысын көркемдік тезіне сала отырып, тіл сиқырымен бедерлейді. Бір жеңіліс, бір жеңіс. Тазарып, таңғажайып түрленіп қапысын таптым-ау дегенде, әттең, көлеңкелі сұлбаларға жан бітіп, ирелеңдей бастайды... Жазушы да жан иірімінің қақтығысына қапысыз түсіп кетіп, сөзбен паршаланып, жұлмаланып, жүдә, жауынгерлік әддімен, айла-тәсілмен жерден қиралаңдап, итініп тұра бергенде, уай, неткен ажырамас тіміскі «кескін» еді, көлеңке де бауырына кептеліп, кенет күш жиып, өзінің сүйеушісіне айналып, бар болмысын икемдеп, иектеп ала қойғанын қайтерсің. Бұл көлбеңдеген көлеңкелер кімдікі? Өзінікі ме? Өзгенікі ме? Мүмкін, түзуі өзінікі, қисығы басқаныкі шығар? Қалай ажыратпақ? Міне, түрегелді. Бәрекелді! Мінсіз-ақ! Оу, сонда ілесе ербиген көлеңкеден нендей кемшін сезіледі? Байқайды, әйтеуір өзіне жақпайтын қылығы бар. Жаңа ғана іштей теке-тіреспен қырық қабақ боп, шатысқаны қайда! Сол мерездігін кешірет ме көлеңкесінің?! Кешірмейді! Бітті, енді оны қосағына ешқашан алып, ерітпейді. Дара соқпақпен – ақ жолмен өзі ғана жалғыз жүріп өтуге құмбыл. Бірақ... көлеңкеден ойынды да, сезімінді де жасыра алармысың, түге! Қашан құтылады? Көлеңкенің демі бар ма? Жүрегі ше? Ол тіпті, жымдасып біткен нақпа-нақ өзі шығар... Өзін өремқаптырмай, ербеңдеуден бір талмайтын шығар-ау, мына жыммысқы түрімен?! Жазушы аңғарымпаздығы, түйсігі, сезгіштігі, көріпкелдігі, көнбістігі – осынша бесқаруымен сайма-сайланып «Көлеңкелер патшалығында» әрі-сәрі ойға кенелтеді. Құдай-ау, осы адамдарда не мін бар? Әлде көлеңкелері ғана кесірлі ме? Мына жалғанда адам болып қалудан асқан бақыт жоқтығын білсе де көлеңкелерсіз бірдеңесі жетіспей тұратындай елегзиді келіп. Бар кінә өзінен шығар, бәлкім, көлеңкесін дос еткен. Көлеңкесінен

ажыраудың амалын қалай табады? Ол жағын шаранасында шырмалып жатып ойлануы керек еді. Күнәсіз шағында... Енді кеш шығар... Сірә, аса мінсіз пенде ғана көлеңкесіз болуы бек мүмкін... Бәлкім, періштеде ғана көлеңке болмайтын шығар...

Қаптаған көлеңкенің жыбыры «Құзғын тойған қыс» хикаятында жон арқаны құмырысқаша шағып, көңілді пәс етеді. Ақсирақ аштық. Билік бұғалығына аяусыз буынған тұтастай ауылдың күйреуі. Қаншама отбасы қолдан жасалған зобалаңға жұтылып кетті. Алтын білезігін қап түбіндегі арпаға айырбастап, үйдегі бала-шағасының қамы үшін жанын шүберекке түйіп, бұрқасында жолға түскен бейбақ ананың ізін аңдушы қапылыста оның алқымын саусақтарымен аяусыз сығымдап жіберіп, жанын қиды... «О, сұм дүние, істетпеген нең қалды!!!»– деп әлгі қанішер көлеңке боранға сіңіп бара жатты. Автордың осы төте соққан зауалдан зәрезап болған көңіл-күй шеменін шерлі шертуінде де астарлы мән жатқандай: «Әлде өксік, әлде зар –күңіренген дауыстың тарғыл-тарғыл жаңғырығын соңына ертіп, қараң-құраң теңселген көлеңкені қара түн лезде қылғытып қойды...» Теңселген көлеңке! Тентіреп бір түйір дән іздеген көлеңке! Көлеңкенің иесі кім екен? «... жас келіншектің тарқатылған қолаң шашы аппақ қардың бетінде жайыла толқып, желбіреп жатыр». Марқұмның соңында қалған күйеуі мен баласын да қатыгез тағдыр аямады. Қаңғыбастар үйінің ауласына баласын тастап безген дәрменсіз әке көлеңкесі кешікпей айдаладағы шөмелені паналап, жығыла сүрінген еді. Ол бейбақ үсіп өліп, көлеңкесіз қалды... Үймелеген құзғындар көздерін ойып жеп, тояттанды. Қарқ-қарқ етіп қанаттарын ауыр қағып аспанға көтерілген құзғындардың қампиған қарындарының сұлбасы көлеңкесімен зорайып көрініп, зәре-құтты қашырды.

Ауыл басқармасының астына мінген атының жас тастаған тезегінен дән теріп жеп, әбден кенезесі кеуіп, құр сүйегі шодырайған бір топ адам кеңсеге кіріп, байбалам салды. «Тұнық суды лайлап отырған сендерсіңдер»,– деп таптап берісті бастыққа. Жоғарыдан түскен астықтың аштан қырылып жатқандарға бұйырмай, мініс атының мелдектеп жемделуін саясаттың кертартпа салқынына сыйдырған олар «Тұп-тура Сталин жолдастың өзіне жазамыз»,– деп

өрекпіп жатты. Сталин деп арқа тұта еңіреген, саудыраған тірі аруақтар ышқына шыға бастағанда сыртта әлдене көлеңкелер қараң-құраң етіп, жасырынып қалғандай болған... Кімнің көлеңкесі? Елеске оранған көсемнің көлеңкесі болып жүрмесін? Сондай көлеңкеден де әділдік, араша күткен байғұстар бастық атының ізімен тырбанып, аракідік тастаған жас тезектен дән шұқылап, ауыздарына салып жатты... Әне, маңайды аштық көлеңкелері бүріп, бүркемелеп, жалмап бара жатты.

Жазушы Тұрысбек Сәукетай психологиялық талдамалы туындылардың хас шебері ретінде танылып қалғандығын «Мұң перделеген терезе» хикаятында дара қолтаңбасымен дәйектеп беріпті. Бала Сұлтанның көзімен мына мұнды дүниеге зер сала қарап, өзіндік түйсігімен тұшынғысы келеді. Пердесіз терезеден өмір көлеңкесі онша аңғарыла бермейді екен-ау! Шаруашылық маманы неге қиырдағы шопан ауылына келгіштей береді?! Түнемелік жар жиегіндегі қаңтарылған арба әлдебір арсың-күрсің ендікпе қимылдан шатқалдан шоңқая құлағалы тұрғанынан сұмдық бір сыр түйген әкесінің жас келіншегі бар осы отбасынан күтпеген жерден ошарыла аттанып кетуінде нендей гәп бар? Басшының жымысқы, әдепсіз, әңгіртаяқ, ұябұзар оспадар кәззаптығына жүрегі шайлыққасын, көрсеткен наразылығы екен. Түннің қою тәніне де сондай күйелеш көлеңкелер өшпестей жара салып кететінін қайтерсің!

Бала Сұлтан кейбір адамдарды көлеңкелі мүсін, жасанды бейне ретінде қабылдай бастағанын аңғарады. Бауыры қатты сырқаттанып қалғанда ферма бастығының ауруханаға жеткізуге көлік бермей қоюын түсіне алмай әлек. Жап-жақсы, былайша жұртқа қадірлі басшының бұл мінезі бөтен біреудің көшірмесі сияқты боп көрініп, тіпті сол мейірімсіз кісіні сүлесоқ сүйретпе көлеңкеге теліп қойғаны есінде. Оны көре қалса сүйкімсіз біреумен – сезімсіз, селтеңбай көлеңкеге ұқсатып, жиіркеніп кетеді. Оның қатыгездігін өмірі ұмытпас... Әкесі мылтық кезеніп көндірмегенде, іс насырға шабар ма еді.

Аудың қонжығын асырап алып, оны Әйәш деп атап, үйретінді қылғалы бері Сұлтанның өмірге аңғарымпаздығы еселеніп кеткендей еді. Ой-пой, балалар алдындағы беделі

калай өсті десеңші. Суқаны сүймейтін кейбір сүмелектерді қонжығының маңайына жуытпай қояды. Әсіресе Жұмашты ыммен-ақ тұмсықтан ұрғандай етіп, тұқыртып тастайды. Өзіне қарсы шығатын текекөзден өшін солай алып жүр. Ол да мың айлалы қу. Қонжығын бір қап мейізге айырбастап алғысы келген амалынан түк шықпады. Өшіккені ме, тәтті орнына бұрыш жалатып, қонжығын қорсылдатып, ұтқа батырғанын қалай ұмытар? Жауырыны жерге тимейтін Жұмашқа ызасы өтіп, бір қулыққа басты. Өзімен ойнап, ұстаса кеткен адамға атылып, жығып салып үстіне қона кететін әдет үйретті қонжығына. Бір жолы Жұмашпен әдейі жұмарласып айқаса кетіп, астына түсіп қалған болып еді, әлгі Әйәштің жалма-жан шалт қимылмен қарсыласын қағып жіберіп, езіп тастардай қонжия кеткені. Содан Жұмаштың әкесі қаһарына мініп кеп, қонжықты қақ маңдайдан атып тастайды... «...қызара балқыған Күн Әйәштің тамшы қанындай көкжиекке тамып бара жатты». «... Бірақ, мен (Сұлтан сөзі –**Қ.Ә.**) қазір кішкентай құм төбенің басынан, өзімнің еңбектеп шыққан Биігімнен осынау өзгермеген дүниеге өзгерген көзбен, өзгеше көңіл-түйсікпен қарап тұрмын». Көлеңкелі бейне есейіп келе жатыр-ау!

Суреткер Тұрысбектің тұрлаулы талантының алмастай жаркылы қай шығармасынан да гауһартастай көз арбайды. Идея мен көркемдіктің қабысуы, сюжеттік сарабалдық, композициялық шымырлық, тілдік тереңдік қай тақырыпты да кестелі күйде алып шығуға көмектеседі. Жоқтан бар жасайтындай шеберлік қисынсыздан қиюлап ою-өрнек салады. Лағыл маржанға кім тамсанбайды. Көкірек көмбесіндегі білмекке бұлқынысты ширықтыратын әуестік шоғы отша маздап жөнеледі. Тәлім мен тәрбиенің, талап пен талғамның тепе-теңдігі бұзылса, сыңар ескекті қайықтай толқын жарып түзу жүзе алмайтын күйге түседі. Осындай күндіз-түні жүйкесін кеміретін күйкі тірлік уағыздарынан жас жүрегі шайлыққан мектеп оқушысы өмірге мәңгірттей икемделіп кеткенін жазушының «Бесінші «Б»-дағы Бетховен» хикаятынан оқып біліп, алғашында күйреуік сезімге малтығып қалатынымызды жасырып қайтейік. Мұрат баланың Бетховен аталып кеткеніне ешкім пысқырып қарамайды. Әке-шешесі пианиноға таңып қойып: «біздің бала атақты музыкант бо-

лады» деп желдей ызылдап насихаттауынан дәнеңе өнбейді. Атасы ашынып айтатындай, жеті атасында жоқ ән-күйдің бұған ғайыптан қона қалуы екіталай-ау, сірә. Бірақ болмайтынды болдыртқысы келеді ата-ана. Діңкелетеді баланы. Мұрат бұл өмірде Мұрат болудан қалып барады. Оның қыр соңынан желімделіп Бетховеннің көлеңкесі сырғып жүр. Үйіне келген қонақтар ас-суды ішіп отырып мақтағанда жерге түсірмейді желпінтіп. Мұрат сонда өз көлеңкесі – Бетховенге қарап масайрайды дейсің. Өзін шын «бетховенше» сезінеді. Тыңдармандары алдамайтын шығар... Көлеңкесі де екіжүзділік жасамас. Себебі алдымен жан-жүрегіне жақыны да көлеңкесі боп кетті емес пе?

Мұрат бара-бара жетексіз өмір сүре алмайтындай күй кешті. «Көрген жұрт, «Па, шіркін, мынау пәленше-екеңнің баласы ма!» деп, таңдай қағатындай азамат қып өсіргісі келер, көкем мен апам. Қысқасы, мен олардың қиялынан құйылып шығуым керек!..» Осылай ойлайтын жеткіншек көлеңкедей ілмиіп, қасынан қалмайтын Бетховеннен кейде ақыл сұрағысы келеді. Қалай ұлы музыкант болмақ? Көлеңке мылқау. «Өзіңе ғана байланысты ғой» дегендей ишара жасайды... Түсініп көр.

Амалсыз өгей атасының бауырына тығылып, маңынан шықпайды. Көп бөлменің құйтақандайы ғана атасыныкі. «Мал дауысын естімесем күнім қараң қалар», – деп кемпірінен айырылғасын қалаға зордың күшімен келген атасы алғашында «Түтін иіскемесем, өтім жарылып кетер» деп аулада от жағып отырыпты. Бірте-бірте көндіккендей. Бас жағында транзисторы қазақша самбырлап тұрады. Мұқабасы жұлым-жұлым «Батырлар жыры» – жан серігіне айналған. «... кереуеттің үстінде көзін бір ашып, бір жұмып бүрісіп жатқан атама қарсы қабырғадағы суреттегі әжем жаулығы ағараңдап мұңая қарайды». О, бескүндік өмір! Кезінде көлеңкесіндей ербиіп жанынан қалмаушы еді ғой кемпірі... Енді сол көлеңкеге зар болып қалды ғой... Көлеңкесінің өзінен мейірімі төгіліп тұратын жарықтық-ай десейші! «Ал әжеңнің артында ұмытылмайтындай несі қалды?» – деп Мұратқа сынай қарайтын атасы. – Қазан-ошақтың басында жыбырлаған бір қара кемпір өтті-кетті. Тек менің ғана есімде, тек менің ғана түсіме енеді. Ертең менің көзім жұмылса, еске алып, тым

болмаса, жұма күні бірауыз аятын бағыштар кім бар?..» Иә, ол тұс Құранды арапша тақпақ деп, маңызын кемітіп түсінетін теріс заман еді ғой. Атасының болмысынан ғана имандылық елесі сезіліп тұратындай еді-ау.

Ессіз сүюдің не екенін Ахметхан деген жігіттің Айжан апасына ғашық болуынан түйсінетін күйге жетті Мұрат. Солардың арасындағы махаббат хикаятына қанық бола жүріп, талай қызық оқиғаға тап болды. Қараңғы түнде түзге шыққан мұны апасы санап, қапшықпен тұмшалап әйелдікке алып қашқаны бар. Ахметханның комсомолға өтердегі өлермендігі өз алдына. Комиссия бастығы: «Кімді сүйесің?», «Кіммен біргесің?» деп сұрайды. Устав бойынша, «Отанымды сүйемін, халқыммен біргемін» деп жауап беру керек қой. Ал Ахметхан болса қос самайынан «бетім-айлап» тұра қашқан терді жеңімен бір сүйкеп алады да: «Мен... Мен Сәрсенбаева Айжанды сүйем!»— деп төбеден ұрғандай қойып қалады. Сол Ахметхан өзінің әскери борышын өтеп жүріп ерлікпен қаза тапқанын естігенде Айжан апасы есінен танып кетті. Сүймейтін секілді еді, сүйеді екен!.. Бұл қайғы Бетховен-Мұратты шерімен толқытты. Төргі бөлмеге кіре сала пианиноға жармасты... Көлеңкесі емес, дәп Өзі әлдебір мөп-мөлдір мұңды әуенді дірілдетіп қалықтата бастаған секілді!..

Туындының ғұмыры оның көкейкесті мәселені адам жанының не сан қатпарларын қамти отырып, шеккен моральдық азабының өтеуіне сай іс-қимыл полотносын жасауына қаншалықты байланысты екенін түйсінген абзал. Сыдырта баяндаумен бықсыған шала шоқ оқырманның жанын жылыта алмайтыны кәдік. Нақтылық көркемдіктің шарты болмағанымен, қасандықтан, сенімсіздіктен арашалап қалар фактілер жиынтығы ретінде жазушының өзгеше шешіміне жан бітіретін дәлдік синонимі. Осы реттен келгенде қаламгер Т. Сәукетай талантының өткір сәулесі «Көне сурет» хикаятында алмастай жарқырайды. Трагедиялық сюжет жүрекке салмақ салады. Екі баласын соғыс жұтып, енді кенжесі Ақжанды отыз жыл бойы күтіп жүрген Күлиман ананың ыстық мейірімі мен шексіз қажырына қайран қаласыз. Ана үміті үзілмейді екен. Үмітпен белін байлап өткізген осынша қаралы жылда ол жарықтық көрмеген өмір құқайы жоқ

шығар. Ауылдастарының «қара қағазды» жасырып келгенін өз құлағымен кейін есіткен бейбақ қапыда жантәсілім етті. Күні кеше ауылда жауынгерлерге орнатылған ескерткішті менің Мақсұтымның бейнесі деп, дәлелдемек болған шарасыз кейуананың соңғы үмітін әлдебір оспадардың тосыннан айтылған бүкпесіз шындығы қиып жіберіп еді... Енді жер басып неге жүреді, құдайым-ау?! Қозы-лағы мен мысық-күшігіне дейін кенжесі Ақжанның есімімен атап, өзін-өзі алдарқатқан опасыз тірлік, бір-ақ сәтте жалп етіп өшті... «Иесін жоқтап маңыраған «Ақжан» қозының, мөңіреген «Ақжан» бұзаудың, ұлыған «Ақжан» күшіктің зарлы үні күркіреп өткен сонау бір сұрапыл соғыстың жаңғырығындай өліараның қара түнін күңдірентіп тұр», – деп күрсініспен тәмамдалыпты хикаят. Соғыс көлеңкесін ғұмыр бойы серік еткен зарлы да шерлі ананың қайғысын ешкім көтере алмас еді... Нендей салмақты да Ана белі қайыспай көтеріп алады екен-ау!..

Балауса өмірдің қисынсыз қылықтары мен қауесетті қатерлерінің жас жанды жаншитын салмағы («Көк автобустағы кішкентай жолаушы»), ұстанымсыз күн кешудің келеңсіздіктері («Қаңтардағы жылымық») осы әңгімелерде шеберлікпен өрілген. Тәтті сағыныш, мұнарттты мұң, селкеусіз үміт-арман, келешекке талпыныс, өтпелі өкініш сананы қалай сарғайтатынын саралайсың. Соңғы әңгімедегі мына эпизодка қараңызшы: «Айтар сөздерін саптап, қабақтарына қайғының бұлтын ұялатып үйге таяп қалған кезде, алдарынан біреу шығып: «Ойбай, әкесі емес, бастықтың өзі өліпті!» дейді. «Е, ендеше несіне барамыз!» деп жұрт тарап кетіпті...» Неткен сұмдық! Ылғи бір жапырылған жалбақпай көлеңкелер көңілді құлазытып жібереді.

... Сонымен, «Көлеңкелер патшалығына» сырғытпа саяхатымыз аяқталып та қалыпты...

Қазақ прозасының тұншығып барып-барып, демін тереңнен алып, ауыр күрсініс, шадыман шаттықты төңкерісті кезеңінің – Тәуелсіздік тамырының тереңге салуының шоқтықты асқарындай болып «Айқараңғысы» романы қоғамымызды елең еткізгені бар. Бұл – сипаты ерен, табиғилығы басым, намыс найзағындай, жасындай жарқылды роман «соңғы жылдары соқталы дүние тумай кетті» де-

ген орынды алаңдаушылықты сабасына түсірген, мықты суреткерліктің жемісі боп саналатын көптомдықтардың бета-шары іспетті салиқалы дүние. Яғни, Тұрысбек Сәукетайдың қазақ әдебиетіндегі жаңашыл жазушы екендігін нақтылап, бастамашыл рөлін орнықтыра түсетін айғақты мысал осы туындысы еді. «Қилы тағдыр» романдар топтамасының бірінші кітабы болып есептелетін «Айқараңғысы» кең пішілген ойлы жобаның ерекше жаратылысты, торсық шеке тұңғышындай әсерге бөлейді. Оқырмандар пікіріне сүйенсек, шынында да бұл роман заманның ең ауыр қасіретнамасын қайғы жұта отырып, қан жылата жырлауымен, өрт шалған намыстың өртеңдегі өскіндей қайта тіріліп, желкілдей көктеп, жайқала көтерілуін, қасиетті де қаһарлы ар-ожданның ұлттық шарыққа алмастай боп қайта қайралуын көркемдік, азаматтық, еркіндік, жанкештілік пафоспен биік тұғырлы етіп, тарих тылсымының базисіне тұлғалы күйінде, болаттай берік қондырылған туынды. Бұл кітапты оқи отырып, Желтоқсан көтерілісіндегі әділдік пен бостандықты ту еткен қайсар мінез жастардың пассионарлық адуанының мұқалмасына, дйттегеніне жетпей қоймайтын жаужүрек, қопарылмалы қимыл-әрекетіне тәнті бола түсесіз.

Бұл роман туралы кезінде Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов тұшымды пікірін білдірген еді. «Айқараңғысын» қазақ әдебиетінің ХХІ ғасырдағы мол олжалы туындысы ретінде бағалады. «Айқараңғысы табиғаттың өз түзілуінде таңғажайып өзгеріске түсетін, тартылыс әлемінің әлеуеті одан бетер күшейіп, соны сипатқа – жаңа ай тууының сәулелі сатысының басталар тұсындағы өзгеше түлеп, түрленуге дайындық жүргізіліп жататын ауыспалы кезеңі ғой. Ендеше мына Тұрысбектің «Айқараңғысы» романы да қызыл биліктің эволюциялық бағынышты дамуының шынжырын бытырлата үзіп, еркіндікті аңсаған буынның төңкерісшілдікке саналы түрде баруын барынша көркем әрі шыншылдық тұрғысынан шежірелеп берген өте құнды туынды дер едім. Бұл романның ғұмыры ұзақ боларына сенемін. Және Тұрысбек Сәукетайды қазақ романистерінің беделді тұлғасына айналуымен шын жүректен құттықтаймын», – деген Ә.Нұршайықов пікірі біраз жайтты аңғартса керек. Естіген құлақта жазық жоқ, Әзағаңның: «Тұрысбек бауырым

осы романымен классикалық дүние жасады. Бұдан әрі жазбаса да осы «Айқараңғысымен» қазақ әдебиетінің тарихында қалар еді», – деп ағынан жарылғанының куәсі болған едік.

Сондай-ақ белгілі жазушы, ғалым Нұрдәулет Ақыштың берген бағасы да елеулі: «... Бір оқиғадан екіншісі салалап туындап жататын сюжеттік желілер, саяси мәселелерді өзек еткен әлеуметтік-имандылық тартыстары. Қанық суреттермен, соны детальдармен сырт келбеттері де, ішкі әлемдері де айқындалып қалатын толымды персонаждар. Ал осы көркемдік болмысты өрістетуге полигон рөлін атқарып отырған тақырып – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Осынау тарихи мәселенің төңірегінде топтастырылған көркемдік кешендер шоғыры аталған романды елеулі деңгейге көтеріп тұр».

Иә, бұлар субъективті пікір десек те, қалың оқырманның туындыны оң бағалап жатқанын ескермеуге тағы болмайды. Бұл роман тарих сахнасына шыққан нақты тұлғалар мен әдеби кейіпкерлердің жан-дүниесіндегі санқилы сапырылысқан сезім-күйлердің мейлінше шынайы бейнеленуімен құнды. Оқиға алаңы – әр оқырманның іс-қимыл аламаны дерліктей боп, баршасын рухани жымдастырып жібереді. Ертеңгі тәтті арман мен жарқын болашақ жолындағы егес пен күрестің бел ортасында өзіңіз жүргендей қаныңыз қайнап, жаныңызды ел мүддесі үшін шүберекке түйіп тастайсыз. Композициялық түзілім мен суреткерлік тәсілінің саналуандығы һәм серпінді тіл нақышы шығарманы дәстүрлі қазақ романдарынан оқшаулап, бағын асырып тұрғандығын және мойындауымыз керек. Ал бұл романда Желтоқсан көтерілісі көлеңкелерінің де қою, баттасып жағылған тұстарын аңармау еш мүмкін емес. Көлеңкелер сейілгенде, көп тұлғаны жыға танып, бетті басқан хал кештірді-ау!.. Сөз құдіреті осы болар! Жазушы шеберлігінің ұшқыны шымырлап бойға жайылады. Талантты, іске деген сүйіспеншілігі ересен жазушыға үлкен мұратты жолда ешнәрсе кедергі бола алмайтынына көз жете түседі. Солай болыпты. Ай қараңғысынан соң да маңайын сүттей сәулеге орап, қасиетті сұлу Ай өзіне назар аудартып, салтанат құрмайтын ба еді...

Балпанақтай ірі, іргелі туындылардың балапандай нәзік ізашарлары болуы заңды құбылыс. Тұрысбектің «Сүт-

кенже», «Айлы түн еді», «Қайыңдар, аппақ қайыңдар» прозалық кітаптары қалыптасу үстіндегі таланттың көркемдік әлеміне тыңнан түрен салған бақ-таланды туындылары. Одан бергі «Жанартаудың жалыны», «Шаңырақтан түскен күн» хикаяттары мен «Желқайық» сияқты кең тынысты романы байыпты прозаның сенімді сарбазын көзге елестетеді. Сондай-ақ талғампаз аудармашы көптеген шетел прозашыларының туындыларын иін қандыра тәржімалап, 200-ден астам көркем фильм сценарийлерін қазақшалады. Ал «Көне дүние кемеңгерлері» атты әпсана-эсселер кітабы індете дерек жинап, еркін баяндауымен қызықтырып, ынтықтыра тартады. Оның қаламының ұтырлы қуатынан шынайылықпен суарылған шығармалар туралы әр кезеңде Ғ. Қайырбеков пен М. Мағауин, Р. Тоқтаров, т.б. әдебиет білгірлері жылы лебіз айтып жүрді. Замандасы, қайнарлы ақын Қорғанбек Аманжолдың жазушы Тұрысбек Сәукетайдың суреткерлігі хақындағы ой-толғаныстары өз алдына өркештеніп тұрады. Мұндай жарияланымдардан оқырмандарының сүйіктісіне айналған жазушының әр қырын жетік танып-білуімізге көп мүмкіндік ашылады екен. Дегенмен, Тұрысбек шығармашылығы туралы кәсіби сыншыларымыздың кең толғап, көсіле айтар сөзі әлі алда екеніне бек үміттіміз.

... Құнды сөз құнарлы ойдан туады. Тұрысбек ойшыл жазушы. Оның шалқар ойын кестелі тілі өрнектеп байытып, келіскен көркемдікпен кемелдендіре түседі. Бұл, міне, даралық! Ой дархандығы! Асылы, қолтаңбасы бөлек суреткер уақыт сынына берік.

... Ал өмір бар жерде көлеңкелер өшпейді. Шамның жарығы түбіне түссе, қаламның көлеңкесі кеңістікке шашырап, ойды шиырып, шириқтырады!

2013 ж.



КӘУСАР

Әдебиет кәусары! Әлде кәусар әдебиет! (Кәусар бұлақ ше?) Құлаққа тосындау ма? Иә, бір сәттік қана созылыңқы секем бе? Есесіне үндестігі мен үйлесімділігі, мазмұн байлығы көңіл пернесін дөп басып, толғаныс тереңіне тарта түсер... Осылайша құлаққа жұғысты боп кетер-ақ! Сөз сұлбасына да сеніммен сіңіп, селкеусіз сыналанар. Асылы, рухани бұлақтың кәусарынан қанып сіміргенде ғана жан мерейленіп, тояттанбай ма? Қаталап кеп кәусар бұлақтан шөл басқаның көзіңді шырадай жанғызар бір сәт... Иә, бір сәттік кепкен аңқаны бір демде басар кәусар сусынның құдіреті де ...

Мейірім қандырмаса, судан да безеді. Рухани бір жұтымның жұғымы жан сарайының жақұтындай жарқырайтынын ойшылдар тіліне безеген.

... Ал біздің мына жазбақшы боп сайланған әдебиеттің әңгімесі бастапқыда қырын тартып, қыңырайған аттай тізгінге көне қоймағанын қайтерсіз. Оның кілтипаны жазушы Жақау Дәуренбековтің «қамшы салдырмаған» асаулығында емес, һәм тәубәшіл, сыпайылығында жатқан секілді еді...

Ол сыр суыртпаққа салқын қабақ танытты. Басы артық насихатқа кеуілі шаппайтын тәрізді. Жазуын ғана жазып, елеусіздеу жүргенді ұнатады. Анығы – дабырайтып, дараланғысы келмейді. Толықсыған Аралдың жағасында тұрып, толқынмен ой жарыстырып қалыптасқан балаң жазушы сол кезгі ішкі сыры мол асаулықтың, бүгіндері парасаттылық пен сарабалдыққа, салмақтылық пен саналылыққа, томағалыққа үдерістегендей, оңашаланып ой кеміргендіктен көнтерлілік кейпімен кер маралдай саяқтыққа бой ұрғаны байқалады. Оған мадақ керек емес. Дәметпейді. Қолындағы қалам қасиетіне адал болуға анттасқандай аптықпай, ырғақты ойдың жалына жармасқаны – тағдыры сыйлаған байлығы. Сонысымен құдіреттенеді. Тежеліс сыры осы екен... Әңгімеден әдейі жалтарғанына, әріптестің көңілін жыққанына пысықырып та қарамайтындай паң жазушыға енді

қайтіп ықылас, бейіл ояна қояр ма екен дейсің, миға шапқан бастапқы шамданыс пен шамырқанысқа булығып...

Бір қызығы, меселіміз қайтудың орнына Жақау замандастың сыртынан сыр түюге, оның ұсынбаған томдары мен кітаптарын тірнектеп былайша жиыстыруға немесе оқу залдарынан сүзгілеп, нәрін сіміруге машықтанып алдық.

Бізге керегі Жақаудың келісімінен гөрі, титімдейімізден тілшілік тірлігіміз сырттай табыстырған қаламның құйттай дәнінен өсіп-өнген тума таланттың шығармашылық қуаты еді. Соның жылдар бойы жүрек жылытқан шуағының шапағаты еді... Сонымен автордың ықыласынсыз, әдебиеттің әңгімесін бастап кеп жібердік! Жақау не десе, о десін. Жазуын жалықпай, алаңсыз жаза берсін...

Бұған дейін неге үнсіз келгеніме енді өзім таңырқап отырмын. Жазушы Жақау Дәуренбековтің шығармашылығы туралы бір ауыз жақ аспағаныма қайранмын. Шыққанын шыққанша жүйелі оқып келдім деуден де аулақпын. Дегенмен жалпы туындыларынан сыбызғы үніндей жан сазын сызылтатын, жүрек түкпіріндегі мұнды суырмалап сыпыратын, тарих пернесін дөп басып, елдік мінез бен ерлік сипаттарды дәлдікпен хәм көркемдікпен әрі сезімді қытықтайтын нәзік үілмен ләззатқа бөлейтін жазбаларын жүйелеп болмағанымен де бірсыдырғы аңсау ауанымен оқи жүргенім өзіме аян. Іңкәрлік деген осы. Ынтықтырады. Тауып оқытқызады. Келесісіне дейін тағат таптырмайды. Баяғы «Күн ұясы», «Саяқ» («Соғыс ойыны») повестері, одан бергі «Соңғы вагон», «Бір нәзік сәуле» хикаялары, жүзге тарта әңгімелер, толғамдық зерделеу сипатындағы «Сөз киесі», тірліктің сан тарабында көңілге түрткі болған түрлі пайымдар тізілісіндей «Ойдауа», оны қазақ балалар әдебиетінің қабырғалы, көрнекті тұлғасы екендігін мойындататын «Жағалау», «Шағала» кітаптарын әлдеқашан ыстық көкірегімізге басып, жұмсақ алақанымызбен күн сайын қысып-қысып қойғандай көтеріңкі күйге бөленетінімізді айтсайшы.

Жазушыны жақсы көріп, шығармаларын індетіп оқып, сырттай сыйластығыңды еселеу үшін көп нәрсе қажет емес екен. Ойлантып толғантқан, мұңайтып қуантқан, өмірдің өрт өзегінен күн шуағын себезгілететін серке сөзімен, сергек сезімімен, үзілердей үмітті қайта жалғайтын жүрек лүпілімен

сиқырлап алса, жетіп жатады. Сол жазушы – сенікі! Ол сөйтіп оқырманның ортақ байлығына айналады. Жалқыдан жалпылық мархабатқа ұласқан абырой-беделі мандай тердің өтеуіндей боп жазушыны тұлғаландыра түседі. Сөз тылсымы таңдандырады. Көркемдік көкжиегі кеңіп, әдеби кеңістігі тақырып алуандығымен, образ нақышын әрлендіруімен, сюжеттік мығымдығы композициялық терең түйінделуімен астасып, асқақ полотнолы өмір-сурет, адам-характер, заман-қоғам тұжырымындағы қайраткер-жазушылық қолтаңбасын қалыптастырады екен. Қалыптасу – ешқандай дабырасыз, байсалды, жүйелі әрі сұғынған көзге де белгісіздеу еңбекпен тұғырланбақ.

Жақауға бір сүйсінетініміз – көзге ұрмай жазады. Сөзге сараң, іске жомарт екендігін кезекті жазуына нүкте қойғанда да андағайлап сезілмейді. Кітабы оқырман қолына тигенде де көнтерлілік танытып, тасада қалатын елеусіздеу жазушының бірі екендігін байқатады. Бұл не? Аса сақтық сыры неде? Насихаттық жасанды тегеурінмен әдебиеттің қанжығасына телінуге теңеспейтін шәлкем-шалыс шығармасымақтарын талант тұғырына лезде қондырып-ақ тастайтын кеудемсоқтардың меселін қайтарудың салыстырмалы түрдегі соққы-әрекеті ме екен?! Өзінің жазу стилімен, тілдік талғампаздығымен, ой-дәруменінің құнарлылығымен, көркемдік қуатымен, тақырып сонылығымен, қорытып айтар болсақ, жазушылық ар-ісіне адалдығымен әлгіндей әдепсіздерге жасаған қоқан-лоққысы секілді. Оның мұндай қасиетін тек әдеби орта сезіп-біліп жүрген жоқ, ең әспеттерлігі сол, оқырмандары да аңысын аңдап, жасықпен жаңсақты дәлдікпен ажыратарлық дәрежеге көтерілген. Міне, Ж. Дәуренбековтің құмардан шығаратын өзіндік мәрт мінезі осы болса керек. Сапалық сатылары сәтті санамаланып, санаулы суреткерлердің қатарына қосыпты. Оның қолтаңбасын жазбай тану – тамыры бөлек туындыларының бағы ашылғандығының айшықты белгісіне лайық.

Бір шығармасымен-ақ тарихта қалған қаламгерлердің тағдыр-талайына таңдай қағатынымыз бар. Бағалау бәсін осымен асқақтатқымыз келгендіктен шығар. Асылы, пәлсәпалық негізден (әрине, санның сапаға ұласуы) алшақ кетудің ашынысқа ұрындырары мезгелгендіктен бұл тұжырымның

ұпайы ұдайы түгелдене бермесі тағы анық қой. Дегенмен де бессаусақтың бірдей болмайтыны секілді, жазушы бақытын жалғыз шығармасы-ақ шығандатып жіберетініне мысал көп. «Абай жолы» десек, Әуезов тұратыны ақиқат! «Біздің Ботакөз бен Сәбитті айтам» деп бастаушы еді әңгімесін бір әдебиетшіл қария. Не ерсілігі бар? Роман («Ботакөз») мен автордың (С.Мұқанов) тоғысқан тағдырлары мәңгілікке ажырағысыз боп кеткендей ғой. Сол сияқты...

Иә, бұл жолғы жаңалығымызға Жақау қалай қарар екен? Оның төл туындысы «Көктемір» хикаясын Дәуренбековтің бүгінгі беймаза, түбі дүбірлейтін дәуреніне теліп жіберсек, тұшыныс болар ма, сірә? Автормен қоса оқырмандардың да меймілдеген қуаныштан шекесі қызғалы тұр-ау! Мұндай пікір тегін айтылмасы хақ. Мыңдаған оқырманның ойы осындай арнаға құйылса, әділдік толқынын тулатқан тасқынға қарсы автордың қандай қарсы қауқары қалмақшы? Әлсіздігінен емес, әлділігінен-ақ мойын ұсынар еді-ау! Кітап жазылып біткенше автор ие, ал оқырман қолына тиген соң кесімді сөз соларда екені тағы аян! Демек Дәуренбеков «дәрменсіз» күйде қала бермекші... Бір мысалы – әдебиеттің осы әңгімесі ғой...

Әзірге төрт томдық таңдамалы шығармаларының бірінші кітабына енген «Көктемір» хикаясының соңғы бетін жапқан оқырман кеудесін керіп «Көктемір! Көктемір! Көктемір!»– дейді жауынгерлік айбатты рухтан айыға алмай алабұртып. Оқырманның шынайы отансүйгіштік сезіміне не жетеді! Елдік тұтастық жолында күрескен, жұртын жаудан қорғап, қол бастаған нәзік жан Сапура ханымның халық алдындағы бедел-абыройы теңдессіз асқақ! Сапура – Көктемір атанып, төтеннен тиген жойқын шабуылдың күйреткен соққысына төтеп беріп, айла-тәсілмен, ақ білектің күшімен, жүрекжұтқан кейпімен қарсыластарын зәрезап қып, орайлы тұсында құдіретті бір тылсыммен-ақ қимылдарын матап-байлап тастайды! Көріпкелдігі мен көнтерлілігі көктен сорғалаған жасыннан бетер жанын қақыратады жауының. Және де бүткіл ойранды іс-әрекетін жаутаңдаған халқының қасық қанын аз шығынмен, азапсыз аяқтауға мәжбүрленіп жүреді. Соған лайық ақыл, парасат, данагөйлік мінез танытып, кейбір тұста әдейі жаудан сырғақсып, түпкі мақсатын діттейді.

Қолбасылық – алды-артын шолусыз андағай шабысты, берекесіз, бірбеткей, көзсіз тасыр-тұсыр еместігін дәлелдеп-ақ бағады. Жеңістен соң жеңістің сыры сонда екен!.. Осындай елдік мұратты жолда Ол – Сапура аңыздық бейнеге де айналып кетеді. Әнекей, халқы қанағатпен есімін ардақтап, даралаған дарабоз тұлға – Сапура -Көктемір сол! Көксауытты, қынайбелі небір қақтығыста үзілмей, атпал азаматтай елін, жерін қорғауда ақылына қимылы сай бебеулеткен тосын бейнең сол – кекті келіншек- Көктемір! «Көктемірдің аруағы бар екен, күн күркірегенін қарасайшы! Алдыңнан күнің күркіресе, артыңнан елің дүркірер! Жолың оң болсын, Көктемір! Қолың мың болсын, Көктемір!»– деп ел бабасынан бата алып жорыққа аттанған Көктемірдің екпінінен дауыл тұрғандай екен. Үміт шоғы маздапты. Көксауытты қалқаны бар екенін медет еткен қалың елі бұған дейін қаншама қайғы жұтса да қорғанына айналар нәзік жаратылысты жанға ақ жол, оның қалың қолына қуат тіледі.

Тарих сұрлеуінен суыртпақтасақ, 1775 жылдың қаңтарында Пугачев өлтірілді. Бірақ Қазақстандағы көтеріліс одан соң да жалғаса берді. Қазақ даласында оның ең соңғы жаңғырығы «Көзге көрінбейтін адам» деген атауының бас көтеруі болған еді.

Алғаш рет «Көзге көрінбейтін адам» туралы хабар 1775 жылдың қыркүйегінде пайда болыпты. Қазақтардың арасында ешкім көрмесе де, бірақ оның дауысын естіген бір адам пайда болады. «Көзге көрінбейтін адам» халық арасынан шыққан қарапайым әйелдің үйінде тұрады екен деген аңыз тарап кетті. Патша тыңшыларының анықтағанындай, «Көзге көрінбейтін адам» ішінен сөйлей алатын қабілетке ие, осы әйелдің өзі болып шыққан. Бірақ қазақтардың ішінен осы әйелдің нағыз рөлі туралы ешкім де білмейтін еді. «Көзге көрінбейтін адам» орта жүзде бас көтерген болатын, бірақ ол құрған халықтық қозғалыс негізінен Кіші жүздің Тама мен Табын руларының арасында дамыды.

«Көзге көрінбейтін адам» халықтың қасіретін жеңілдете алатын «государьдің» (Пугачевтің) маңына топтасуға шақырады.

«Қазақ елінің тарихы» атты еңбекте (1943 жылғы басылым, Алматы, 2012 ж. 267 бет): «Көзге көрінбейтін адамның»

жүргізген үгіт жұмыстары халық бұқарасы арасында зор табысқа жетті. Оған сыйлықтар ағылып, оның қасына екі мыңдай жігіт топтасты. Толқулар Табын мен Тама руларымен шектеліп қана қойған жоқ. Сұлтандар, олардың ішінде Досәлі де бар, «Көзге көрінбейтін адамды» ұстап алу үшін қарулы отрядтар жіберді. Дегенмен ол әйел Ойыл өзенінің арғы жағына тығылып қалды. 1776 жылдан бастап ол әйел туралы мәліметтер тарауын тоқтатты». Міне, осы тарихи шындықтың аясында өрбіген халықтық толқулардың кейбір сәттерін «Көктемір» хикаясына өзге қырынан өре білген Ж. Дәуренбеков ғұмырлы шығарма жазып, мықты қарымын дәлелдеді. Кіші жүз қазақтарының Пугачев басқарған шаруалар соғысына қатысуы кең қанат жайғаны соншалық, Нұралы хан патша командованиесінен көмек сұрауға мәжбүр болған. Ал осындай қысталаңда Сапура - Көктемір қолының сойқан сілтесі таңырқатпай қоймайтын... Жазушы таланты да осындайда қылыш жүзіндей қылпып кетеді екен.

Сапура-Көктемірдің өміршеңдігін алдын-ала көрегендікпен пішкен жазушы бұл кейіпкерінің қимылын Францияның ұлттық батыр қызы, ағылшындарға қарсы азаттық күресін басқарған Жанна Д Арктің жанқиярлығымен шендестіргендей болады. Шаруа отбасында дүниеге келген ол бала кезінен діншіл болған, өзін құдай Францияны азат етуге жіберді деп сенді. Ол басқарған жасақ үлкен жеңістерге жетіп, 1429 жылғы мамырда ағылшындардың қолында болып келген Орлеан қаласын азат етті. Осы еңбегі үшін халық оны Орлеан қызы деп атады. Талай жеңістер оның есімін халық арасында аңызға айналдырғанымен, халықтық соғыстың өршуі король мен сарай ақсүйектерін қатты шошытты. Ағылшындардың одақтасы бургундардың тұтқынына түсіп, оны ағылшындарға сатады. Руандағы шіркеу соты оны құдайдан безген, сиқыршы деп айыптап, өртеп жібереді. 1456 жылы осы іс қайта қаралып, оның есімі салтанатпен ақталады. 1920 жылы католик шіркеуі оны әулиелер қатарына қосты. Құдды, оның күрескерлігі мен сиқыршылығы Сапура-Көктемірге де дарып-ақ баққан секілді...

Қарап отырсаңыз, «Көзге көрінбейтін адам» да, Жанна Д Арк те елінің азаттығы үшін жүрекжұтқандығымен таңдай қақтырады. Жақаудың Көктемірі де кез келген қақтығыста

көктен түйіле түскендей боп, жау шетіне ытырыла, ызбарлана, андыздап тиіп, үнемі үстемдік құрады. Үшеуінің бойында да болжағыштық, тіпті сиқырлық, диуаналық қасиеттер қабысып жатқандай.

Төтеннен жау шауып, жермен- жексен етілген ауылының үстінен қапыда шығудың қасіретін Сапурадан, оның інісінен, басқа да үзенгілестерінен артық кім аза тұтты десенізші! Қарақұрым киіздей иленіп, күл-қоқысқа айналған ауылда тірі пенде қалмаса, жүрек қақ айырылмай ма? Кек, намыс, ар-ождан бұрық-сарық қайнайды. Нар тәуекел! Қазақ қыздары қысылтаянда ертегіден өткен қасарыспа мінез танытып, атқа қонып, аңыздағыдай аңыратпа кикүумен жер-дүниені қақырата елін-жұртын қасық қаны қалғанша қорғамап па еді?! Сапура да сол найзағай жасынды апаларындай атқа қонып, қол бастап, тақым қысты... Нәзік жүрегі алаулады, ақ білегіне шоқпар іліп, үлбіреген саусақтарымен егеулі найзаны қыса ұстап, Қобыландыдан бетер қоқиланды. Жеті атасынан дарыған батырлығы талдырмаш бойын құрыштай қуаттандарып, әкесінің аңға шығарып шыңдағанынан құралайды көзге ататын мергендігі қалыптасқан, не нәрсеге де қырын шапса, жаужүректігі ұстай қалып, қарсыласын томардай ғып домалататын бұл сиқырлы Сапура қыз Көктемір атанып, кезіккен жауын тілерсектен қағып, қақырата беретін болды. Күйеуін қалмақтар өлтірді. Анасы ауылда шапқыншылар қолынан мерт болды. Несі қалды енді Сапураның? Жаннат жері күйген туырлықтай қан-сөлсіз тырысып, жиырылып жатыр. Көнталақ! Көтерді қолын Көктемір! «Бәріне аян береді екен!»– дегені елдің шын екен, Көктемір назарын қайда салмасын бел қайыстырған жауының ыңыршағын қапыда айналдыра салады. Уа, құдіретті Көктемір! Сендей де қыз жаратылады екен-ау, бұл жалғанда! Ел еңіреп тілесе – еңку-еңку жер шалған заты бөлек тұлға туылады екен-ау! Халық аңсары – алақұйын заманның алабөтен соққан құйынын терісінен оңға бұра қоятындай адуынды келеді екен. Соның кепілі – Көктемір!

Жазушының сомдауында Көктемір бейнесі бір сәт суда жүзген балықтай буынсыз боп көрінгенімен, кенет сарт-сұрт егесте күллі әлемнің техникалық тұмарындай жарқыл-жұрқылданып, тіпті атомға тән қырынды құйынның

нәубәтімен жұмырына жұғын қалдырмай жұтып, басқыншы әулекенің өзін әукесінен сипағандай етіп, момақан күйге түсіретін сиқырға суарылған ерен сипатты сайыпқыран. Күн күркіресе – Көктемір, сел тасыса – Көктемір, жауын жайпаса – Көктемір! Кекті шабуылда тоқым қағып, топырақ сүйіп, тосыннан таптап ала жөнелетін Көктемірдің рухты қимылын суреттеуде жазушы талант тегеурінін аямай, селкеусіз суреткерлігімен сүйсінтеді. Кестелі тіл, кең тынысты көрініс, кернеулі ой, нақты сюжет, шымыр композиция – өз-өзінен буырқана үйлесім тауып, Көктемірсіз өмір жоқтай иландырып, жеңіс жаңғырығымен бейбіт заманға уанта түседі.

Атаман Самановтың стратегиялық құбылмалы саясатының шырмауық торына түспей жалтарып, аңқауланған боп патша пиғылын пәтуасыздандырып, халық мұқтажын діттей білуімен және де жорықтан шығынсыз шығуды мұрат тұтып, үрей билеген жерде – ұйысу жоқтығын іс-қимылымен дәлелдейтін Көктемір, Нұралы ханның амалсыздан дағдаратын тұсында ақылмандық жолымен ел пайдасын шешерлік шеменді жүрегінің жұмсақтығымен һәм болаттай беріктігімен тамсандыратын сәттерін бейнелі беруде Ж. Дәуренбековтің шеберлік қыры жарқырай ашылады. Мысалы, Нұралы ханның патшалық елшілерді қабылдап, олардың айнымалы ойларын қақпақылдап парықтаудағы әккілік ролін жіті аңғарып суреттеген автор, оның әкесінің жиі айтатын мына бір нақылдай сөзін есінде тірілтуі өткеннің сабағынсыз бүгіннің тұл екендігінен сыр алғызады: «Қатты айтпа қабағы түйілер, асып сөйлеме алдыңнан тосар. Толқынды ойың шалымды болсын, ырғақты сөзің нанымды болсын. Жүзін жылыт, жүрегін еріт. Ішінді білсе де ісінді білмесін», – деуінде мәніс бар екендігін айбындатып емес, тұспалдап сыналайды. Сырғытпа, сырдаң емес, сыпайы аңғартады. Осы тоқтам арада апта салмай жатып бекіністерге қаптай шапқан қалың қолдың алдында жаңа патша соғыс бастаған көрінеді деген суық хабар селдей жайылғанда да елдік мүддеге сызат түсірмеуге себесін болғанын жазушының дәлдікпен ықтияттауынан айқын аңғарғандай боласыз. Сенімсіздікті сеніммен шарпуы, сезіктенгеннен серпіліс суыруы, шәлкес қадамнан шынайы талпыныс тудыруы қаламның қыбымен қуаттанатын нәзік құбылыс екендігін ескерсек, Жақаудың ой-иіріміндегі мол

элеуеттің сырына тамсана түсетініміз тағы аян. Және де суреткерлік-сыбызғы әуенінің тылсымына үйіріп әкетерлік қыл-перненің уілі бойды қалай еркелікпен, кейде ессіздікпен шарпыса, міне, бұл жазушы көтерілген көркемдік деңгейдің парасатты парқы дер едік.

Қалай десек те Көктемір бейнесі қазақ әдебиетіндегі көкмұнарлы кесек те кемел персонаждың халықтық мүдде тұрғысынан өніп-өскен, ел аузында ерлігімен дараланған тұлға екендігінде дау жоқ. Оның сенімді серіктерінің бірі Сейдәлі, Пугачев жорығына қатысуымен, ал тағы бірі Қасайтүрік жасағы орыс хуторларын талқандауымен ерекшеленеді. Сейдәлі сұлтанның патшаға келуі, башқұрттарға қарсы шабуылы, орыс-казак бекіністерін басып алуы сияқты еркін қимыл-текетірес Көктемір бастаған азаттық екпінінің маңызын үстемелей түсері анық. Сол себепті де Сапура-Көктемір туралы аңызға бергісіз шындықты бағалы хикаясына көркемдікпен арқау ете білген жазушының осы туындысымен-ақ әдебиетіміздің алтын қорына енеріне күмәнсіз сенеміз. Көктемірдің шайқасына тәнтілікпен бас ұрғандардың далада Жанна Д Арк пайда болғандай ғып әсірелеп емес, шынайылық тұрғысынан әспеттеп айта жүруін прозада келісті кескінделгенін оқырмандар да жоғары бағалап отыр.

Жалпы, Жақаудың тарихи тақырыптар талайына жазылған жазушы екендігін де осы індете зерттеу барысында аңғарғандай болдық. Иә, оның қазақ балалар әдебиетіндегі өзіндік сүрлеулі, айырықша елеулі, сәби жүрегінің лүпілін аңғарымпаздығы, кейінгі жылдардағы бірнеше көркем – кескіндемелік лағыл жырға ұқсас шағын әңгімелері оны «бала үшін туған қаламгер» дегізерліктей айбарландырып қойған еді баяғыдан. Әсіресе жаңа ғасыр ұрпақтарының ұлттық дүние-танымын түбірлей, ежіктей жазуымен олардың ата-баба дәстүріне лайық өсіп-өркендеуін уағыздайтын шығармалары, нақ бүгінгідей тәрбие-тәлім бағдары батыстық үлгіге емеурінденіп кеткен өткелекті тұста, кішкене оқырмандарына ауадай дәру екендігін сезінеміз. Тіпті Жақаудың қырағы көзінен ауыл баласының да, бұрынғы астаналықтың да елордаға келіп қоныстанып, ертеңгі нұрлы болашаққа қол соза бастауының түрлі тағылымды хикаялары

бір сәт қалыс қалмайды. Әсіресе, бала тақырыбының үлкен-кішісі жоқтығын ескерсек, жазушы өз миссиясын адалдықпен орындап жүргеніне дәйектеміз жетіп артылады.

Сөйтіп балалар жазушысы боп қалыптасқан Жақаудың талант таразысының бір басын тарихи-танымдық шығармалары ауырлатып тұрғанына енді көзіміз жетті. Мәселен, «Көкжалда» Хиуа хандығының сыр бойына қол салуына қарсы шықпақ болғандардың Батырға айлалы тор құруында тылсым мәніс жатыр. Бірақ Батыр алдынан ор қазыла береді. Сәйгүлігін алып кетіп, алдап қолға түсіріп, төбеде өз қандастарының жебесінен ажал құшуы – жау алдында рухы жығылмаған Батыр бейнесін көкжалдай етіп сенімді суреттеген жазушының шеберлігі сүйсінтеді. Немесе, майдан даласындағы қуғыншылардан қашқан арғымақтың иесінің денесі суға ысырылып, батып кеткенімен, асаудың ұстатпай құйындатуынан Ер рухының өшпейтіндігін сөз сырымен бөктірген қаламгерге ризашылығымызды жасырмаймыз әсте.

«Үзеңгі дос» хикаясын алсақ, Ақтан батыр мен Жанқожа батырдың Хиуаның өкпесін тіліп, елін езгіден құтқарған олардың енді орысты шаппақ ниетінің өршігенін, соның ыңғайында казактармен айқасын, тарихи шындықты бұрмалаусыз шыншыл суреттеуі – қаламгер табысы. Ақтан батырды жөңкілген ақшулан бұлттардың еске түсіре беруінде де авторлық шешімнің тылсымындай гәп жатыр...

Осы аталған тарихи туындылардың қай-қайсысында да автордың білімдарлығымен қоса сарапшылдығы негізінде арқауланған оқиға желісі жүйелене тарқатылуымен, тілдік, диапазондық байыпты қамтылуымен оқырманды қызықтыра елітіп отырады екен. Тарихтың мың қатпары алақандағыдай жазылып, стилдік өңмен әрленіп, түрлі-түсті оқиғалық сипатымен сындарлы ашылады. Міне, дәл осы қуатты қолтаңба жазушының әлеуетін одан әрмен әлдендіріп әкететіндей. Алдымен шығармасын ұнатып, иесін содан соң қадірлей бастайтын талғампаз оқырмандардың қағілез әлде қатқыл мінезін осы тұста андап, автордың кәдуілгідей тосын жаңашылдығына қайран қалғандаймыз. Расында да туындысы авторын сүйрелеп жүретін мысалдарды да әдебиет айдынынан ұшыратып қалмаймыз ба? Иә, солай. Тегеурінді туынды ғана сөйте алады, текті мінез танытады. Бұл жерде қалай

десек те Жақаудың танымалдығын тиянақтаған оның сүбелі шығармаларына сүйсінуіміз керек шығар... Суыртпақталған осы сырдың бір ұштығы өзіміздің де әдебиеттің осы әңгімесіне кіріскенде автордың рұқсатына соншалықты иіле қоймай, туындыларының өз туын жықпайтынына зәредей секемсіз құмбылдық танытып, қаламға жүгінгеніміз де сондықтан болар-ау! Ретті сәтінде осылайша ақталғанымыздың да еш сөкеттігі болмас. Әсілі, қаламымен шүмектеткен маңдай тері «Құрмет» орденімен, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығымен орынды әспеттелген жазушының өз-өзіне сенімділігі бек қайран қалдырып, зор үміттендіреді.

Бейтаныс адам мінезі жанына туа біткендей жақындасып кетсе, одан іргенді аулақ салуға пұрсатың, тіпті хақың болмаса – жазушы кейіпкерлерінің шынайылығы сол деңіз. Солармен етене өмір кешіп, тыныс алып, қанаттасып жүрсеңіз, жан ләззатындай кәусарлы бұлақ сусыны қаталаған тұста шөл басқызар. Сөзіміздің дәлелі – «Кілт» хикаятындағы образдар галереясы. Әл үстінде жатқан әкенің халін білмекке жиналған балалары іркіс-тіркіс жеткенімен, шаңырақ киесін ұстанып ешқайда жылжымай отырған қарттың ойын сансаққа жүгіртеді. Келді, көрді. Үдере жөнелмек енді. Балалық парыз осымен түгесілмек пе? «Бұлар мен өлсем де өстеді. Көме сап тұра жөнеледі ғой. Ит тірліктің ұстатпас қызығын қуып жүрген немелер емес пе. Бастарына келгенше әке көңілінің балада екенін қайдан білсін...» – деп өзімен-өзі болып жатқанда, жолға асығыс жиналған олар кәрі әкеге өздерімен бірге ала келген даруды, өздерімен бірге алып кетіп бара жатқандарын білген жоқ еді... «Көңілінің түкпірінде қасиетті тұмардай сақтап келген қарашаңырақтың қасиетті кілтінің ешкімге керексіздігін сезінген шал сазарып үнсіз қалды, кемпірі көзіне жас алып кемсең-кемсең етеді». Түсін, шырақ! Өлімнен де ауыр жан азабы бар екен-ау, қинайтын...

Жақаудың әрбір әңгімесі ынтықтыра тартады. Тылсымын бір сөзбен тап басып айту тағы қиын: әсерлер әлемі әрқилы; өмірден өткен әңгімешіл жоқ; сенің ойыңның күдігі мен күлкісі өзіңді шошытудан бастап, өзгенің жанын қари жөнеледі; немесе басқаның жүрегі тілімденіп жатқанда сен дым сезбегендей тымырайып қала алмайсың ғой; ең «қорқыныштысы» – жазушы қайбір шығармасында

да Сен туралы жазып отыр екен-ау!.. Демек, өзінді өзіннен артық танитын бұл қаламгерге бағынбай көр енді. Ырқынан шықпайсың енді оның!.. Қирамаса да сызат түскен шыныаяқ («Хрусталь»), демократияның үрейі билеген ауыл дүрлігісі («Ауыл көлеміндегі төтенше оқиға»), желтоқсаншылдардың мәрмәр тасына қойылған гүлдерді биліктің сыпырып әкете беруі («Имангүл»), арызқойлығын қоя алмайтын «жаналғыш» жан («Анау»), ауыл мінезіндей айнақатесіз жаратылған жігіт («Елекбай екінші»), оңашада дос болып, жұрт көзінше қорашсынатын лауазым иесі («Көңіл»), бастығының «керек адамының» шаруасымен жүріп, оны уақытында үлгерте алмаса да жүкті әйелді босандыруға себесін жасап, нағыз керек адамның дүние есігін ашуына қамқорлық еткен жүргізуші («Керек адам») т.б. әңгімелер Ж. Дәуренбековтің жазу байлығын еселеген татымды туындылар десек, орынды болар.

... Әдебиеттің әңгімесін әзірге тәмамдадық. Жақау не десе, о десін. Жазуын жалықпай, алаңсыз жаза берсін...

2013 ж.



ӘССЕЛЕР





СӘБЕҢ САРАЛАҒАН СӨЗДЕР

Көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романының үш кітабын қайыра бір оқып шыққанымызда, көнеден кестеленген ежелгі ел, жер атаулары көптеп кездесіп, санаға түрлі ой салды. Кейбірі қазір қолданыстан шығып қалса да қайтып қатарға тұрар қауқарлығымен қымбат секілді. Енді бірі ономастикалық комиссияның талабын әлі де өтеп жіберерлік мән-мағынасымен құнды екен. Бұрынғы орысша атаудың бұғауында қалған жалтақтығымыздан батыл арылуға да себесіні тимекші. Оған атамзаманғы қазақы атаулардың өміршеңдігін теліп берсе жетіп жатыр. Және де тілдік қорымызды байытарлықтай орышадан қазақшаға тәржімаланған сөздер – бүгіннің игілігіне айналса, несі айып? Сонымен Сәбең ден қойып, саралаған сөздердің түп-төркініне үңіліп көрелікші.

Ұлы жазушының өзінің туған жеріне қатысты баянында: «... біздің үй «Күрілдектің Күтірі» деген участкада отырды», – деп түсіндіретіні бар. Қазақшаға судай орыс байы Күрілдек аталып кетіпті. «Күтір» дегені – хутор, кішкене поселке екен. Сол маңда «Құтырлаған» атты казак-орыс станицасы, орысша атауы Екатериновка болыпты. Қазақ- орыс достығы дәуірлей бастаған кез ғой, Екатериновканы жергілікті халық қалжыңдап «Құрт ұрлаған» деп атап кетеді. Себебі – алғаш қазақ жеріне келген казак-орыстар сөреге жайған құртты таңсық көріп, қалталарына салып әкете беретін болған. Содан «Құтырлаған» атауы шыққан. Сол маңдағы орыс, қазақта алғаш «ірбіт» шапқан бай әлгі Күрілдек бай ғана болыпты. Мұны автор: «Ірбіт» (Ирбит) қазіргі Свердлов облысындағы орыс қаласы. Бұрын ол зор сауда орыны боп қазақтар да барған, ең ірі бай «Ірбіт шапқан» аталған», – деп зерделейді.

«... біздің аталарымыз Мәуліт маңына көшіп кеп...» дегенде, меңзегені Мамлютка станицасы екен. «Аты ырандап, адамы тыраңдап» деген мақалға түсінігі мынандай: «Ыраң» деген сөзді біздің ел мақалға қосқанмен, не екенін білмейді. Ол шөптің бір түрі екенін мен бертінде, Жетісу елінен ғана естідім»

«Бай адам Мәкәржада қылар сауда, Басыңды қарап жүріп салма дауға», дегенінен, білгеніміз – қазақтар ертеде Нижний Новгородты («Горький» боп та аталған) Мәкәржа дейді екен. Мәкәржаны көрмесе, ондай өлең қайдан шығады дей келіп, Есенеидің Мәкәржадан әкелген самауырына суды қалай құйып, отты қалай тұтатуын ешкім білмей дағдарғанда, жылқының бір құнанына жалданып келген орыс көрсетіп беріпті.

Жаманшұбарлықтардың ескі жұртына 1953 жылы Докучаев атындағы совхоз орнапты. «Сол жұрттың үстінен «Қорған – Пески (Есіл)» аталатын тың темір жол тұрды», дей келіп, әке-шешесінің қабырларының басына Мәскеу шеберлері жасаған құлпытас орнатып, қазақ оюлары түрінде әшекейлеген шарбақпен қоршатқанын жазыпты.

«Сендердің баратын жерлерің Сырымбет тауының аржағында, Саумалкөл деген орыс қаласы, орысша аты – Крибазорный болу керек. Атбасар базарына барғанда жолда көргенбіз» деуінен, Кривоозерноеның кейін Көкшетау облысындағы Айыртау ауданының орталығы болған Володаровка екенін аңғарамыз. Ал оның негізгі түпкі атауы – Саумалкөл болған ғой! Оны орыстар бекерге Кривоозерное демейді екен. Бұл көлдің түрі өгіздің имиген сыңар мүйізіне ұқсап бітіпті. Кейде Имек көл делінуі де сондықтан болса керек... Ақмола қаласын Қараөткел деп те атайтынын ескерте келіп, оның тұсынан ағатын Есіл, Нұра өзендерінің арасындағы он-он бес шақырымдай кезеңді тұрғын елдің «Қозы көш» деп атап кеткенін, атакты Ақан серінің өзінің лашын құсын осы жерде жоғалтқанын тәптіштеп жазады.

«... Марьевка дейтін қалада «Ылиын» атты базары боп жатыр екен», дегеннен не аңғарамыз? Бұл атаулардың төркіні былай екен. «Ылиын» – «Ильин» деген сөз екен де, ал Марьевканың орны 1969 жылы Есіл өзенін бөгеуден жасалған теңіз астында қалыпты. Жаманшұбардың батыс жағында,

отыз шақырым жерде қазақша «Жаркөл», орысша Анновка аталатын поселке барын да Сәбеңнен біліп отырмыз. Қазіргі жағдайы, күйі қалай ол жердің, беймәлім.

Спандияр Көбеевтің елге келгенін суреттей келіп С. Мұқанов: «Жасынан орысша оқыған бұл жігіт соңғы он жылдың ішінде, Тілес (Федоровка) дейтін орыс поселкесінде ашылған русско-киргизская школада учитель екен, қазір Қызылжар барып келеді екен», – деп жер атауынан да, ел қонағынан да мол мағлұмат береді. Қостанай облысында әлі күнге дейін Федоровка дейтін аудан бар. Сонда бұл қай өңірдегі атауға жатады екен? Қара қазақ баласы «Анастасьевканы» «Нәстәсіп» деп атай береді екен.

Жазушының өз мәнерінде орысша, басқаша кірме сөздерді қарабайыр түсіндіру жағы да белең алған сыңайлы. Мысалы, «Манифесті» – Мәнәпес, яғни жарлау, есіркеу деген ұғымға сыйдырып жібереді. «Германияны» – Ерманса дейді, «Түркияны» Тұртшина деп айдарлайды. Үй сыртындағы қаңтарулы «ходокты» үсті жалпақ тақтайлы тарантас деп, табиғатына сәйкестендіріп ұғындырады. «Енді Стапка барып орысша оқимын депті», дегенінде, Пресногорьковская станицасын ол жердегі қазақтардың осылай атайтынын меңзейді. «Уфаны» – Үпі деп, «Оралды» – Теке қаласы деп атап, жазады. «Явленко» елді мекені Мүсін боп түсіндіріледі. Бақырлған – «Петровка» боп кеткен. «Кпитан» – Пресновка!

«Кпитаннан шыға біз, «линия» аталатын қазақ-орыс станицалары: Болатнай (Новорыбинск), Кіләбін (Кладбинка), Саржан (Сенжарка), Добраунай (Дубровный) арқылы жүрдік», – деп станица атауларын қос ұғымда тізбелеуінен не ұғуға болады екен? Түпкі қазақшасы солай ма, әлде орысша айтылуын икемдей үндестіріп әкеткен түрі ме?

Сәбең Қызылжар қаласының Петропавл аталып кетуінің сырын былайша мәлім етеді. «Ерте кезде қазақ жері екен» дейді мұны. «Осы жарқабақта Дәулеткелді дейтін бай қыстайды екен» дейді, руы атығай. О заманда, біздің елдің ханы Абылай болған. Бурабайда отырған Абылайға Петр және Павел деген ағайынды екі жігіт барып, Дәулеткелді отырған қабақтан, бір өгіздің терісіндей жер сұраған. Абылай бұл сөзді қызық көрген де, «ал» деген. «Әлгі екі жігіт өгіз терісін шарық жіптей жіп-жіңішке қып тіліп әкелген

екен» дейді, соны жазып жібергенде, осы қаланың орнын түгел алып кеткен. Абылай уәдесін жұта алмай, сұраған жерін берген, соған екі жігіт қала салып, солардың атымен «Петропавл» боп кеткен», деп әлде аңыз, әлде шындығы мол қоспа сөз бе, әйтеуір, көңілді сендіре баяндайды. Тағы бір қисынды дерек – осы Қызылжар қаласында сол кезде «Бейнетқор», кейін «Совет» аталатын ауданның 1935 жылға дейін орталығы болыпты. Маңында Шолақ Досжан дейтін мекен тағы кездеседі екен.

Абылай ханның жүріп өткен жерлерін термелеп жазған автор: «Оның қайны: Бескөл (Бишкул), Дәнежін (Надежка), Кегерін (Ново- Николаевка), Мүсін (Явленко) Ақжар (Петровка) атты станциялар мен поселкелерді басып жүргенде, Қызылжардан сексен бес шақырым жерде екен», дейді. Осының өзінен-ақ қаншама атаулардың сырына қанығуға болады. Есілдің арғы жағындағы Пыласкеу, яғни Плосское қаласының болғанынан қазір екінің бірі хабардар ма? Немесе, автордың: «... мен бетімді қазақша «Жекекөл», орысша «Благовещенка» аталатын селоға туралап келем, ондағы ойым – Ғабит Мүсіреповке соғу», деп жазғанынан да қанға сіңген жер иісі жұпардай тұшындырмай ма!

... Иә, көрнекті жазушы С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романының үш кітабында келтірілген кейбір жер атаулары ойды әр саққа жетелейді. Бұрын құлаққа әбден сіңімді болған ғой. Қазір ше? Түрпідей тиетіні де бар шығар? Әлде, заман ықпалымен өңі солғынданып, сөлі құрғап, мазмұн-мәні де өзгеріске ұшыраған жер, елді-мекен, т.б. атауларды ресми сараптап, нақты тұрақтандыру жағы кемшін соғып отыр ма? Әрине, деректі шығарманың өн бойынан сүзіп алынған атаулы сөздердің сықпасы барлық шындықтың бет-пердесі бола қоймас. Айнытпай қолданысқа жарайтын орнықты үлгі деп те кесіп айтудан аулақпыз. Дегенмен де Сәбең тіркестерінде дән бар, атамзаманнан ілесе келіп, бүгінгінің де ажарын ашарлық мәнді, тарихи негізді балама жатқаны дау тудырмаса керек. Ендеше, дұрыс ден қойып, ой елегінен екшеп өткізіп, ұлттық пайыммен таңдау жасау – уақыт еншісіндегі мұратты іс болмақ. Жоғарыда келтірілген әртүрлі бағыттағы атаулардың өмір сүруге хақылысы да кездесіп қалар немесе саптан ысырылатындары да анықталар. Әйтеуір, салыстырмалылық

сара ойға жетелері анық қой. Сондай пайдалы ойға тамызық тастамақ ниетіміз болды.

... Сәбең саралаған сөздердің тылсымынан тұнық тіркестер сылып алып, тұрақтандыратын болсақ, қанеки.

2011 ж.



СЫРБАЙ – СЫРШЫЛ

I-тарау

ТОРҒАЙМЕН ҚОШТАСУ

Жүрек талмасын елемей

19.07.1992. Әуежайдағы ыстық қауышу. Халық ақыны Қонысбай Әбіл әзіл-қалжыңның тиегін ағытты: Сырағаң қалай суға кетіп қала жаздады?.. Түріктің «данышпан» сөзі қазақта «әкім» ұғымын береді. Кеншілер сарайында оқырмандармен жүздесу. Қ.Найманбаев той мәнісіне тоқталды. Бұл кеште Ғ.Қайырбеков «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атанды. Сырағаң: «Арқалық ауасынан жазылып кеттім!», – деді.

Сырбай Мәуленовтың 70 жылдығына байланысты тойға келгендерді Арқалық әуежайынан күтіп алдық. Қарсы алушылардың ішінде халық депутаттары Торғай облыстық Кеңесінің төрағасы Мұхамедғали Айсін, облыс әкімінің орынбасары Нұрхан Исләмиев, облыстық әділет басқармасының бастығы Николай Кайдин, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Жұмағали Өмірбеков, Арқалық қаласының әкімі Абай Мұсабаев және басқалар болды. Сондай-ақ, Сырағаңның жақсы көріп, аса қадірлейтін жерлес төл інілері Қонысбай Әбіл, Тоқберген Әбішев, Қуантай Шынтеміров, Салықбек Мусин, Жұмат Әнесұлы, бәрі-бәрі жүздесу сәтін тағатсыздана күтіп тұрды.

Сағат 17.25-те Алматыдан ұшақ келіп қонды. С.Мәуленов зайыбы Күлжамалмен, Ғ.Қайырбеков өзінің ақ Бәдешімен, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшы-

сы Қалдарбек Найманбаев және қаламгер Қоғабай Сәрсекеев әйелі Гүлбаршынмен келді.

Сырағаң бұған дейін екі рет жүрек талмасын алған, ұзақ төсек тартып жатып шыққан адам екен, солай бола тұра бұл жолы түрі жаман көрінбеді. Қолына таяқ ұстаған, аса көңілді еді. Қасына ерген Ғафаң да баяғы аңқылдақ қалпы... Ол бізге нағашым деп, елпектеп жатыр...

Осы ардақты ағаларды күтіп алып тұрып, әлгінде ғана Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілдің аузынан есіткен жылы да ойнақы әзілдерді есіме бір түрлі қызықтаған сезіммен ала беремін.

«... Осы, менің қолым ауыр», – деп өзіне-өзі көңілі толмағандай болып, терең күрсініп алған Қонысбай уақиғаның мәнісін былайша қысқаша баяндап берген еді. Оның Сырағаң осыдан төрт жыл бұрын, нақтыласақ – 1988 жылы берген уәдесі бар екен. Соның сәті енді түсіп, кешелі-бүгін орындапты.

«Сырағаң суға түскенде»... деген өлең жазыпты. Оның мәнісі мынадай – Аманкелді ауданының Өрпек деген жерінде елге қыдырыстап келген жазушылар суға түсіп жатады. Сонда Сырбай мың иірімнің қатты бір ағысына тап болып, малтуы қиындап, кереметтей сасса керек. Серік пен Серікбай жанұшыра құтқаруға ұмтылады, ағалары оларды суға ала кетуден қорқып, маңайына жуытпайды. Әйтеуір зор денелі Сырағаң толқынмен арыстанша айбаттана алысып, эзер дегенде жағаға құр сүлдері шығады ғой. «Өзім кетсем де өзгені қоса әкетпейін» дегені шығар... Осы өлеңін Қонысбай кейін, Кеншілер сарайындағы кеште нақышпен оқып берді. Жұртшылық аса ықыласпен қабылдады. Өлең: «Толқындары сұрап жатыр кешірім», – деп аяқталады.

Қонысбайдың әуежайда тұрып айтқан тағы бір тағылымды сөзін тірілтейін: түріктерде «советник» дегенді «данышпан» дейді екен. Осы сөздер тіркесіне байланысты әдемі әзіл өрбітілді... Алдында жазушы Әкім Тарази, сазгер Еркеғали Рахмадиев және ақын Қонысбай үшеуі Түркия сапарына шыққан екен. Көшеде Әкімге Еркеғали әлсін-әлі «тезірек жүрсенші» деп жанын алқымдай беріпті. Сонда Әкім маң-маң басуын тежемей-ақ: «данышпанның (түрікше өз атының осылайша баламасы бар екендігін әдейі ескерте сөйлеген ғой)

аяғы емес, басы асырайды», – депті... Бірде Әкім (баяғыда) Ғ.Мүсіреповпен көшеде бірге әңгімелесіп келе жатады.

Трамвай келіп қалып Әкім соған ілесе жөнеледі де, сыймай қалған Ғабеңе келесі аялдамадан түсіп қарсы жолығады ғой.

Сонда ол кісі:

– Неге асықтың, шырағым, бұл өзі соңғы трамвай емес шығар! – деп оған кекете қараса керек.

Күтіп алушылардың ішінде Нұрхан мен Абай түр-түсі бірдей көйлек киіп, егіз қозыға ұқсаңқырап тұрды. Айсин оларға мысқылдап: – бір жерден алдыңдар-ау, сірә, – деді. Сонда Қонысбай тек тұрмай, тағы бір жұлқыма әзілін ытқытып жібергені: – Баяғыда баздың бір директоры көп әріптестерімен моншаға түскен екен. Ол кезде қара көзілдірік кию әдет болса керек. Бірін-бірі тану қиын. Сонда директор екінші біреуді дөп басып тани кетеді. Анау сасқалақтап «мені қалай танып қойдың» деп, таңырқайды ғой баяғы. Сонда бұл айтыпты: «Е, мынандай трусы екеу ғана түскен базға, соның біреуін саған беріп едім ғой», – деп.

Кеш. Арқалықтың Кеншілер сарайы. Халық жексенбі күн болса да бау-бақшасын қараусыз тастап дегендей, жиынға көп келді. Төрде – С.Мәуленов пен әйелі Күлжамал отырды.

Оң жақтарында облыс әкімі Сергей Кулагин, сол жақтарына Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев жайғасты. Олармен қатарласып Ғафу Қайырбеков, облыстық Кеңестің төрағасы Мұхамедғали Айсин, Арқалық қаласының әкімі Абай Мұсабаев, енді бір бүйірдегі үстелде жазушылар Қоғабай Сәрсекеев, Сейіт Кенжеахметов, Қонысбай Әбіл және кешті жүргізуші облыс әкімінің орынбасары Нұрхан Исләмиев отырды.

Қуаныштан жандары жайсанданған шешендер бірінен соң бірі мінберге көтерілді.

– Бұл – елге, Қазақстанға керек той, – деді бірінші болып сөз алған Қалдарбек Найманбаев. – Той бұдан әрі біздің жо-спарымыз бойынша Қостанайда, Қызылордада, Алматыда жалғасады. Біреулер той жиілеп кетті деп ызындайды. Бұл күпірлік. Меніңше, әлі аздау секілді. Халқымыздың біртуар перзенттеріне қуана білмесек, елдігіміздің, еркіндігіміздің белгісі қайсы? Кім оны дөп басып, ажыратар? Қараңыздаршы,

міне, туған топыраққа аяғы тиісімен денсаулығы жақсарып кетті Сырағаңның. Сыршыл Сырағаң жасай берсін!

Мінберге жетпей, сөйлемей жатып-ақ қошемет дүркіріндей етіп қол соққан кім екен? Е, Күләндә Бөкішева апай екен ғой. Бәсе, осынша ықылас, құрмет сол кісіге ғана арналатындай еді-ау! Торғайдың топжарғаны, дүлдүл ақын Нұрхан Ахметбековтың «Күләндам» дастанындағы кейіпкер есімін шартты түрде иеленген апайымыз бірден ағындап кетті.

– 22-нің аштығы, 32-нің жұты, 41-дің соғысы! – Күләндә апай күрт кідіріп қалды. – Қиын кезеңдер ғой. Волхов майданы...

Соның бәрінен Сырбай аман қалды. Бүгін қазақтың күндей күркіреген ғажап ақыны. Қандай зұлматтардан да қазақтың бағы үшін есен-аман қалған ғой. Міне, еліне Дүйсен, Ғазез, Мұқаш балаларын ертіп келді. А, Ғафу, – деп апай ақынға ошарыла бұрылды да саңқ ете қалды. – Ағаңның тойы құтты болсын!

Ғафаң орнынан ұшып тұрып, қолын жүрек тұсына апарып, иіле тағзым еткендей болды.

Кеш соңында М.Айсин Сырағаңа халық депутаттары Торғай облыстық Кеңесінің Құрмет грамотасын тапсырды, С.Кулагин ақын иығына шапан жапты.

Осы жиында жұрт күтпеген тосын жаңалық болды. Сырағаңа арналған кеште оның өмірлік қыр додасындағы ажырамас інісі Ғафаң «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

– Өзі, маған осы атақ әлі бұйырмаған ба? – деп Ғафаң ду қол шапалақтау үстінде өзіне көрсетілген ықыласты онша елемегендей болып, Сырағаң туралы толғанып сөйлеп кетті:

– Сырағаңмен 47 жыл бойы жұбымыз жазылмай келеді, үзеңгілес жүрміз. Сырағаңның осы күнге дейін нені айтып, нені жырлағанын елі білер. Ол оқырманына құшақтасаң құшағың жетпейтін томдар берді. Елі елу, алпыс, жетпіс жылдығын қуана тойлап, ақтарыла атады. Әр тойда біргеміз Сырағаңмен! Бұл тағдырыма разымын!

Сатирик-жазушы С.Кенжеахметов былай деді: – Сырағаңмен әрқашан сапарласпын. Ау, халайық, мына қызықты қараңыз. Нұрханды 60-ында, Сырбайды 41-інде, Ғафуды 35-інде көрдім! Сырағаң екі рет инфаркт алғанына

карамай туған еліне келіп отыр. Міне, ерлік! Туған елдің марапаты тіптен ерекше.

Ақын Нағашыбай Мұқатов өлең оқыды.

Сырағаң қорытынды сөзін бастағанда зал ішіне жан біткендей болып, қозғалақтап жүре берді.

– Ахаң, Жақаң тойына бара алмай сырқаттанып жаттым былтыр. Көкшетаудағы Абылай хан тойына да қатыса алмадым. Самолеттердің салондарын аңсадым, поездардың вагондарын аңсадым! Мынаны қарашы, рахаттанып отырмын қазір. Арқалықтың ауасынан жазылып кеттім. Менің шыққан биігім – Қазақстан Жазушылар одағындағы мыңдаған сарбаздардың арқасы. Оның төрағасы Қалдарбекке рахмет айтамын. Мына Ғафуға құрмет көрсетілуі, оның қуанышының менің тойыма ұласып жатуы әбден заңды. Туған жер топырағының қасиеті бар, тегін емес. «Ауру патшадан денсаулығы мықты тақыр кедей әлдеқайда мықты-ау!» Сырағаңның бұл нақылды тегін айтпағаны кәміл.

Сырағаң сөйлегенде күндей күркіреп отырды. Көзінде қара көзілдірік. Сол көзі көрмей қалыпты. Сау көзінің өзі табан жолын ғана бұлдыратады. Қолында таяғы бар, соған қолын айқастырып қойып, иегін тіреп отырды.

Кеш соңында тамаша концерт болды. Талантты әнші Ғазиза Жұмакенова келістіріп ән салды. Сөзі Сырбайдікі...

Өмір жоқ қой, өмір жоқ қой мәңгілік,
Өте шығар өзегінді талдырып.
Қарайлаймын достарымның көзіне,
Алам ба деп, көңілдерін қалдырып...

Халық пен ақын мұңдас

20.07.92. Сырағаңның көзі де сыр беріпті. Сырағаңның өсиетке бергісіз тәлімді талаптары: шындықты жазу керек!

Мейірімділікті қалпына келтіру керек! Еңбекқорлық керек бізге! «Қазақ ауылдары жалаңаш, өзбек ауылдары ағашқа көмкеріліп, мүлгіп тұр», – дейді ақын мұнайып. Амантоғай, Аманкелді аудандарындағы ыстық қауышу. Сыңар қолмен күй күмбірлеткен өнерпаз!

Ертеңгілік «Арай» қонақ үйінің алдында Амантоғай, Аманкелді, Жанкелдин аудандары бағытына жолға жиналып жаттық. Журналист Жұмат Әнесұлы: «Сыраға, мынау Қайсар Әлім ғой, «Егеменді Қазақстанның» осындағы тілшісі», деуі мұң екен, ол алпамсадай құшағын ашып, бетімнен сүйді де:

– Ризамын, Қайсар саған, – деді сәл ентігін басып. – Былтыр Ахаң, Жақаң тойынан жазғандарыңды ауруханада жатқанымда оқып берген. Риза болдым өзіңе, айналайын!

Сол жерде кіреберістегі шалқайма орындыққа жайғасып, екеуіміз едәуір әңгімелестік. Көзінің былшығын Кұлжамал жеңгей әлгіәзірде сүртіп беріп еді. Жұқалап май жағып та берген. Сырағаң көзін жыпылықтатып әңгіме айтып отыр.

Мен үлгергенімше сусылдатып жазып алып жатырмын.

– Осы күзде «Ақшамның қызыл қанаты» деген жаңа өлеңдер жинағым шығады: Астық, Ахаң, Мағжан, 37 жыл жайлы. Халықтың қасіреті, қайғысы жырланады. Ауыртпалық азаптары айтылады. «Жазушыдан» – күзге қарай бір кітап, «Қайнардан» – «Ымырт» көсемсөз кітабым шығады. Адам тағдырлары қилы-қилы ғой. Көзіммен көргендерім, көңілге түйгендірм жайлы толғаныстар. Қазір жазу қиын, оны бастыру одан да қиын.

Бірақ ең ғажабы, шындықты жазатын кез осы. Бүркеншек атсыз, бүкпесіз, ешкімнің сілтеуінсіз, нұсқаусыз жазатын кез осы.

Әлі де шындықты қорғау керек. Окопта тығылып жатқан шындықты сөз зеңбіректерінің оқтарымен қорғау керек. Бұл – біздің міндетіміз. Осы кезді пайдаланып ұрпаққа бермесе болмайды. Қасіретті көргендер азайып бара жатыр.

Естігеніңнің бәрін жазып ала бер. Әбіқаев Ахметхан (Торғай еліндегі аса зиялы, айтқыш ақынның бірі – Қ.Ә.) сияқтылар сөзін. Билер сөзін, хандар сөзін түрте бер. Осылардан қорықтық қой кезінде. Сөзге енжар қарамаңыз. Әйтпесе сөз киесі әулиелердің кеудесінде кетеді, көрге иелерімен бірге түседі.

Ашаршылық, соғыс, түрме көргендерді жазып ал! Қаталдық, қатыгездік, үстемдік көргендерді жазып ал!

Қазір мейірбандық көмескі, адамдардың пейілі тарылған...

Адамдарды арқаладық соғыста. Аштықта адамдарды мұздан ойып алдық. Талқан бөліп жедік. Қазір ше... Мейірімділікті, қайырымдылықты қалпына келтіру керек!

Табиғатты табындырамыз деп, өзіміз оның табанының астында қалдық қой. Ауру көп, апаттар көп. Бұл – біздің салақтығымыз бен самарқаулығымызға көрсеткен табиғат китығы. Сынақ көп, күтімсіздік көп. Еңбекқорлық керек бізге. Өзбектер бір түйір жерге бәрін егеді. Бір жолы Сәбит Мұқанов бәріміз Самарқантқа бара жаттық. Қазақ ауылдары жалаңаш, өзбек ауылдары ағашқа тамылжып, мүлгіп тұр... Ал, керек болса!

Міне, Сырағаң осындай ғибратты сөздерді төгіп-төгіп тастаған еді...

Бұдан соң облыстық тарихи-өлкетану мұражайында болдық. Онда Сырбайға арналған мүйіс жабдықталыпты.

«Сарыарқаның арқалы ақыны» деген мүйісте Сырағаңның соғыстан жазған хаттары, Қостанай облыстық газетінде еңбек еткен жылдарынан деректер топтастырылыпты. Өзіне сыйлаған өзбек шапаны, тақиясы тұр!

Түске таман жеті-сегіз «Волга», біз мінген «РАФ» бар, бәрі МАИ-дың бастауымен Амантоғай ауданын бетке алып шықтық. Біз «РАФ»-та Сырбайдың үлкен баласы Дүйсен, журналист Жұмат Әнесұлы, облыстық теледидардың операторы Төлеш Әлмағамбетов және басқалар бірге отырдық.

Амантоғайға жиырма шақырым жетпей, бізді жол айырығында аудан әкімі Теміржан Төлеубаев, аудандық Кеңес төрағасы Базарбек Шыңғысов, жұртшылық өкілдері қарсы алды. Шашу шашып жатыр, сары қымыз ұсынды. Содан Жалдама өзенінің бойындағы әдемі қойнауға тігілген 4-5 үйге алып келді. Үшінші-күйшілер арқаланып, шабыттанып алыпты. Шағын қарсы алу салтанаты болып, онда Сырағаң сөйледі:

– Бұл аймақта батырлар Кейкі мен Аманкелді, ақындар Сәт пен Файзолла өмірге келген. Қасиетті жер ғой. Баяғыда осы жерден жиырма шақырымдағы Шақпақта егін салушы еді. Сол жөнінде өлең жазғанмын. Сын да жазғанмын.

Дастарқан басында Сәт ақынның інісі Токсейіт, аудандық «Қазақ тілі» ұйымының төрағасы ақсуаттық Әнуар Кеңбейілов отырды.

Бұл аудан Сырағаңа ат мінгізді, шапан жауып, бөрік кигізді.

Кешкі сағат 17-нің маңында Аманкелді ауданына ат басын тіредік. Мәдениет үйінде бір сағаттай халықпен жүздесу кеші болды. Аудан әкімі Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов Сырағаң тойына халықтың ыстық ықыласын білдіре келіп, ақиық ақынның шығармашылық тегеурінді үрдісіне өзінің сарапшылдық түйсігімен қысқа қайырыммен болса да терең де пайымды талдау жасады. Орал замандасымыз әкім ғана емес: ол кең дауысты әнші де; ол әдебиет, өнер, халықтық дәстүр-ғұрып саласының білгірі де; ол тарих тағылымын талғаммен таразылай алатын кәнігі зерттеушіге тән машық иесі де; ол ұлтжанды қасиетін әшейін дабырамен емес, ескерусіз, еленбейтін, сонысымен де ерекшеленетін еңбегімен әрдайым дәлелдеп жүр. Оралдың өзі айтпақшы, оның Мұхамеджан атасы дүйім елді әнімен тамсандырған арқалы әнші болыпты. Жарықтық бабына түсіп ән салғанда, дауысы алты қырды адақтап, тіпті он екі шақырымға дейін талып естіледі екен. Неткен әлеуетті, ғажап дауыс десеңізші! Ал, оның төл баласы Байғоныс атамызға да осы өнер дарыса керек. Ол кісі бүкіл Торғай, Қостанай өңірін әнмен әлдилеген, кезінде облыстық филармонияның тұма бастауында болған асқан дарын иесі ретінде ұрпақтар зердесінде әспеттеледі.

Осында сөз сөйлеген Қалдарбек:

– Торғай топырағына келіп, кету керек деп, барамын бұдан былай қарай, қазақтың әр азаматына! – деді. Өзі бұл облысқа 1972 жылы атүсті соққан екен.

Ғафаң сөз сөйледі:

– Қазақ әдебиетінің тойы – бұл той. Біздің осы тойшыл тобымызды қазақтың барлық жеріне апарса да осылайша ыстық құшақ ашып қабылдайды, жатсынбайды.

Жазушы Қоғабай Сәрсекеев сөз алды:

– Сырағаңның елге тараған қанатты сөздері көп. Ол – ақын болумен қатар, көсемсөзшіл. Мен ол кісінің сондай жағын үйренуге құмармын. Қазір Әбдіғапар мен Кейкінің көркем бейнесін жасау үстіндемін.

Сахнаға жергілікті аңыз күйші, бір қолы жоқ ғажап тағдырлы адам Айтбай Мұздаханов көтеріліп, өзінің «Аманкелді дүбірі» күйін тартты. Сол-ақ екен разы болған Ғафаң орнынан ұшып тұрып:

– «Тілі» жоқ адам ән айтты, қолы жоқ адам күй тартты, «аяғы» жоқ адам биледі, – деді.

Сырағаң да толқындай толқып, шыдамай кетті білем:

– Қыс пен жаздың үндесуі секілді, залдағы халық пен бізді өлең үндестірді. Өмір, қарттар жайлы жазуға ден қойдым. Адамның күні еңкейгенде осылай еткісі келетін болар. Осы Аманкелді ауданының өмірінен де бұрын мақала, фельетондар жазғанмын, тірлік болса ойланып жүрген тұстарым да жетерлік, – деп сыр ұштығын шығарды. – Мына Айтбай мені қатты таңғалдырып отыр. Шексіз шеберлік иесі ғой, айналайын! Оның басқа күйлерін де ұйып тыңдайтын едім. Айтбай, сенің «Сейітқұл аңызы», «Ақ қайың», «37 жыл», «Қызыл керуен» күйлерің көкейімде әлі күмбірлеп жүр. Айналайын, сол!

Кешке салым А.Иманов кеңшарының Байдәулет қыстағындағы сауықтыру кешенінде демалдық, сауық-сайран одан әрмен жалғасты. Қабырға өзеніне түсіп салқындадық.

Армысың, Торғай қаласы!

21.07.92. Сырағаңның басқан ізін аудитын қос дәрігер. Ақындардың жерлестерімен бірге суретке түсуі. Қ.Сәрсекеев:

«Сырбайды мақтау керек емес, онымен мақтану керек!» Мұнды жүзді жеңгелерін көріп ақын жабырқады. Күрес, атжарыс жеңімпаздарына Сырағаң жүлде тапсырды.

Біз, атакты оташы Асқар Байжұманұлы, дәрігер Токберген Әбішев үшеуміз, бір бөлмеде жатқан едік, ертерек тұрсақ, есік алдында Сырағаң мен Сейіт отыр екен. Әлгі қос дәрігердің тікелей міндеті – Сырағаңның денсаулығын әлсін-әлі бақылап, қадағалап отыру еді. Бұл міндеттеріне аса жауапкершілікпен қарап жүрген олар әзірге тосын жайттан аулақ екендіктеріне іштей тәубә десетіндей.

– Түнімен тыншымай шықтым, – деді Сырағаң оларды көргеннен соң, бір түрлі мұңын шағып. Екеуі елпілдеп, ақынды ортаға ала бастады. Қан қысымын өлшеді, жүрек соғысын тыңдап көрді. Дәрігерлер бір-біріне көз қиығын

салып қойып, өз сырларын іштей ұғысқандай ма?..

Бір кезде Сырағаң олардың айналдыруынан босаған соң, маған бұрылып еңбекақымның қанша екендігін сұрады. Қысқа жауабым ол кісіні тұшынтпады білем, мені аяғандай кейіппен басын шайқады...

Былай шыққан соң дәрігерлер Асқар мен Токберген ашық әңгімелесе бастады. Мен жандарында келе жатып, жай ғана құлағымды түрем.

– Сырағаң дімкәс адам ғой, – деді әлденеге қауіптенген Асқар.

– Жүрегі сыр бере бастағандай... Алдағы ауыр жолды көтере алар ма екен? – деді Токберген де мазасызданып.

– Кешегідей, тағы айтып көрсек қайтеді? – Асқар болмайтын шаруаның шылауына жармасқанын білсе де, шарасыздық таныта сөйледі. «Кешегідей» деп тұрғанын мен де бажайлаймын. Күннің ыссылығын, жолдың шалғайлығын ескеріп, осы сапардың кең пішілген бағдарламасын қысқарту жағын Сырағаңмен ақылдасып көргенде, ол кісінің шамданғаны сондай, мұны көзімен ата қарап, теріс айналып кеткен-тін. Содан біразға дейін бұртиып сөйлеспей қойды. Асекең сондай қарсылық боларын сезсе де, ақын ағасының денсаулығын бәрінен де қымбат санап, тағы да ескертпе жасауға әзір екендігін сездіртіп отыр. Осы ыңғайда Токбергеннің пікірін де біліп, ескермек сыңайы бар.

Токберген де жеңіл сөйлей салмайтын кардиолог. Жүрек талмасының тосын құпиясы қандай қорқынышты болса, Сырағаңның қайсарлығы да бір өзіне аян еді. Алған беттен қайтпайтынын біледі оның. Және де жеке басының бап талғаған жай бір қыдырысы емес, мерейтойының қошеметшілері – соңына ерткен үлкен тобы бар. Соларды өз денсаулығына сілтей салып, орта жолдан қайырып жіберетін босаң, болбырың – Сырағаң емес! Не де болсын, той шеруін жалғастыруға пейілді екендігін бұған шекті сөзімен де, көзімен де әлденеше рет сездіріп үлгерген. Осының бәрін жіліктей келіп, Токберген өзі жасаған сараптаудың түйінін шешіп айтты.

– Асеке, Сырағаңды енді денсаулығының нашарлығымен шошындыра бермейік. Бәрібір болмайды. Елге, жерге деген құлшынысы оны Алматы аруханасының төсегінен жұлқып

көтергенін білеміз. Болмайды енді! Орта жолынан қайырып жіберсек, нағыз инфаркты сонда күтерміз! – деп Токберген тікесінен салды.

Бұл пікір Асекеңнің өз шешіміне дөп келгесін, ол ләм-мим деместен, басын изей берді.

Аманкелді селосына келе жатып жолай суретке түстік. Түсейік деп түспеген секілдіміз суретке, Сырағандар мінген «Волганың» дөңгелегі жарылып, амалсыздан аялдауға мәжбүр болған едік. Күн желкемдеу. Жол жиегіне әрұдай топталып әңгіме-дүкен құрып дегендей, арқа-жарқа күйде болатынбыз. Қасымда еріп жүрген суретке түсіруші жігіт қашанғы елгезек қалпымен, аппаратын ыңғайлай бастады. Біз де өзімізше икемделе бердік. Бір топ адам Сырағанды ортаға алдық.

Ол ықыластыздау, керенау қалпымен ортамызға келіп тұрды. Оң қолында басы имек, ұшқары тұсында екі қарыстай ою-өрнек бедерленген таяныш таяғы бар. Әстінде костюм, айқарылған омырауынан дәл кеуде қағарында қос жолағы бар ақ күртешесі көрінеді. Басына сәл умажалданған кепке киген. Көзін күнге сығырайтып, бетін тыжырайтыңқырап, аузын әнтек ашып, еңкейіңкіреп қалған оның оң жағында ақ жаулықты бәйбішесі қос қолын айқастырып тұр. Онымен иықтаса Жаңылдық (кеңшар төрағасы Ж.Ғайсиннің зайыбы) пен немересі Тұрсын (жазушы С.Кенжеахметовтың зайыбы) көрінеді. Ал Сырағанның сол шынтағын өзіміне қаусыра ұстап, разы кейіппен жайдарыланып бейнеленген аманкелділік айтыскер ақын Әлфия Орманшина еді. Айтпақшы, еркетотай Әлфияның екінші қолы таяқ ұстаған Ғафаңның оң білегінен асылғанда, мен де екеуінің арасынан сығалап қалғандай екем...

Ғафаң үсті: көйлегі де, костюмі де шымқай аппак. Торсық шекеден әрі шегініп, ай маңдаймен астасқан селдір шашын жел ұйпаландырып, жүзін үрпитіп жіберген. Қара көзілдіріктен жанары бұлыңғырлау аңғарылады. Сұқ саусағы арасына шылым ілінген, ерні жымқырылған, нәті күлдіргі бірдеңе айтып тұрғанда суретке басылып қалған-ау. Ғафаңның сол иығына иегі тиер-тиместей болып жарты денесімен жанысып тұрған ақ Бәдеш қой, ол желден қобыраған шашын бір қолымен жиыстырып, суретке сәнденіп түскісі келгендей.

Одан былайғылар – Аманкелді ауданы әкімінің орынбасары Дыбыс Қабжамалова және осы аудандық газеттің редакторы Хамитбек Мұсабаев.

Міне, Сырағаң мен Ғафанды қаумалап түскендердің кескін-кейпі осындай. Болмысы бөлек сурет болған соң ба-рынша ежіктеп, егжей-тегжей түсіндіріп жатқаным ғой баяғы.

Мен Ғафаңмен жеке түстім. Мәшине даяр болғанша шаршаңқырап қалған Сырағанды суретке түсуге бір қолқалаған едік, тағы оңаша жетектеуге батылым жетпей, қағылез Ғафанды лайық көрдім білем, ол кісі де менің ыңғайымды сезгендей топтан суырылып, жекелене берді... Тұра қалыппыз екеуміз иығымызды түйістіріп. Және де Ғафаң менің кеудеме қатты сүйеніп тұрғандай әсер қалдырады. Оң қолындағы таяғын әдейі жасырғысы келгендей артына тартыңқырай ұстаған ол менің бұл өтінішімді «е, шаруаң білсін» деп орындай салған секілді.

Ғажап бір қос тұлғаның ортамыздағы осы бір ерекше тұрыстары-ай, десейші!

Абай атындағы кеңшардан әрі асарда киіз үй тігіп, қолпаштаушы жұрт Торғай жаққа шығарып салды бізді.

– Тоқанайдан Торғай асқандағы Тойтөбе ғой бұл! Күллі тойдың өзегі, өртеңі ғой бұл! – деді Ғафаң шалқи түсіп.

Қарт Торғайдамыз. Мәдениет үйінің төрінде отырмыз. Ғафу ұзақ сөз сөйледі:

– Сырағаң қазақ әдебиетінің сирек құбылысы, – деп бастады ол. – Оның өзім білетін төрт қасиетіне тоқталайын.

Алдымен Сырағаң – лирик ақын. Осы сөзді осынша жылда бәріміз болып көп айтып келеміз. Кейде өлеңінің бәрі лирика деп таласып қаламыз. Егер лирикаға берген талай білгірдің бағасы, ойлап тапқан шын анықтамасы болса, соларға тұтас тұлғасымен сәйкес келетін осы Сырағаң творчествосы.

Сырағаң творчествосынан өзім байқайтын екінші нәрсем – табиғат. Ол салған суреттің жалпысы да бар, дарасы да бар, бірақ әйтеуір, табиғат, жылдың төрт мезгілі еш өлеңінде қалған емес. Сайып келгенде, Сырағаң – табиғаттың әрі шебер, әрі айнымас жыршысы. Үшінші байқайтын нәрсем – ол оның ақындық тіл байлығы, сөздерінің музыкалығы, үнділігі, сыңғыр әуенділігі. Сырағаң өлеңінің әуелгі табиғатына ән араласқан бір жері бар секілді.

Сырағаң, төртіншіден, өз заманының азамат жыршысы. Оның творчествосында дүниенің толғақты мәселелері, еліміздің ерлік майданы, бейбіт өмір тынысы, егінді далалар, заводты, өндірісті қалалар, мыңдаған малды өлке, атақты адамдар – бәрі-бәрісі бар, бәрі оның назарында. Елдің үлкен жыршысы, шын мәнісінде тұлғалы ақыны дейтініміз сондықтан.

Ғафаң осы тұста залдағыларға қарап, сәл кідірді де, өзіне баршаның пейілі ауғанын байқады білем, бір жөткірініп алып, әрмен қарай күркірей жөнелді:

– Міне, биыл аттай 47 жыл. Қырық жеті жыл жай туғаның да, жолдасың да бірге жасай бермейді. Ал, ақындық қызметте, өнерде былай «ийша» деспей іні болса құрметпен, аға болса ақ тілекпен жалғасып, намысқа бірге шабысып, қиын жерде табысып, тізелесіп кеткенде абыройды бірге алысып, арамызға жаққан оттан күймей аман қалысып, қырық жеті жыл бірге өмір сүріп келе жатқан қосарлықты, егіздікті – Сырағаң екеуміздің еншілес, құдай берген сыбағамыз, бақытымыз демеске болмайды. Бұл бір – аяулы да қимас сезімге толы шындық. Мұны мен айтпағанда кім айтады, қатты тебіреніп айтуға толық хақым бар.

...Сол кезде ол 23 жаста ғана болатын. Мені таныстырғанда аз да болса, естігені барын білдіргендей басын изей салды...

Кешкі самалда киіз үй көлеңкесінде жұрт қымыз ішіп, әр түрлі әңгімеге басып жатты. Сырбай көрпе үстінде, ақ жастықты жастанып, өзімен өзі уілдеп, басын қисаңдатып, бақайын жыбырлатып, аспанға, бұлттарға қарап жатыр. Ешкіммен жұмысы жоқ, мен босағада оны қызықтап қарап тұрмын. Бір кезде маған көзі түсіп кетіп: «Әй, бері кел!» – деді. Жетіп бардым. «Жат қасыма!» – деді. Жата кетіп едім, мойынымды сау қолымен орап алып, кеудесіне қысып, жапсырып, біраз жібермей тұрды да «жүр, екеуіміз өзен жағалап келейік!», – деді.

Ағынды Ғафаң осылай деп сөзін тәмамдады да мінберден сол қарқындаған, ауыздығымен алысқан қызулы күйінде түсіп кетті. Маған ол өзін-өзі тоқтата алмай, шабытын әрең тежеп бара жатқандай болып көрінді сол сәт.

Аудандық газеттің редакторы Әмірхан Абдуллин баяндама жасады. Баспасөз ардагері Т.Сапарғалиева естелік айтты.

Қ.Сәрсекеев осы жолы З.Қабдоловтың сөзін қайталады: «Сырбайды мақтау керек емес, онымен мақтану керек!». Сырағаң кезекті сөзін алды:

– Сәлем сіздерге! Мына отырған мұңлы жүзді жеңгелерім жабырқатты-ау, мені! Олардың жүдеу жанарларынан біраз сыр аңғарғандаймын. Бұл кісілер көңілденбейінше қоғамның да берекесі бола қоймас-ау, сірә. Дәрігер көп сөйлеме десе де, сөйлеп қоямын. Былтырғы тойға қатыса алмай Ахаң, Жақаң деп күңірендім. Шынымды айтсам, осында дәрігерден қашып келдім. Жас күніме асықтым, туған жеріме асықтым. Айығып кетермін деп, ойлаймын. Жылы жаз, ашық қабақ, ыстық жүрек, қызулы құшақ – осы үшін рахмет сіздерге!

Соңынан үлкен концерт болды.

Кешкісін Бестөбеде «Албарбөгет» кеңшары, Жанкелдин, Қошалақ, Бесқопа, Торғай қауымдастықтары ұйымдастырған тойды тамашаладық. Күрес, атжарыс жеңімпаздарына Сырағаң жүлде тапсырды. Табиғаты тамылжыған жер екен: жусан иісі қандай! Киіз үйге Сейіт, Жұмат, Сағындық төртеуміз қонып шықтық. Түнімен масаға таландық.

Ахаңның Ақкөлі!

22.07.92. Ахаң шомылған Ақкөлдің айдынында... Кендірлі түбегіндегі керім кеш. Су жыландары сирақтан сипап өтеді. Ғ.Қайырбековты баласы Бақыт деректі фильмге түсіріп жүр. Таяққа иегін сүйеген Сырағаң қандай ойға шомды екен? Ақкөлдің жаудай масасы-ай!

«Ақкөл» кеңшарына келдік кешкісін. Ақкөл көлін тұңғыш көруім. Кендірлі түбегіне – көлге сұғына ентелетіп үш киіз үй тігіпті. Суға түстік! Ахаң шомылған Ақкөл! Айдынға қарап, алабұртып тұрған менің тіліме Сырағаңның Ақкөл туралы өлеңінің мына шумағы орала берді:

Аққудың мамығындай,
Күннің жарығындай,
Ақ қайың жардан қарайды.
Жапырақтарын аш толқын,
Ақ көбікпен жалайды...

Ал Ақкөлдің «Ғафулық сипаттамасы» қандай еді? Ол шумақ та ішімде «аптығын» баса алмай тұр екен:

Сен аппақ, саған төнген аспан да аппақ,
Ағартқан дүниені қос қабаттап.
Ол аздай аққуың мен ақ шағалаң,
Ойнаған суды сызып, көл сабаттап.
Ақкөлде қандай арман бар десейші!..

Сейіт көл асты қиыршық тастарының қасиетіне талдау жасайды өзінше. Бұл көл әлдебір метеориттің жарылысынан жасалған дейді. Сұп-суық су жыланы бар екен. Қайқандап сирағымыздан сипап өткенде жүрек мұздап қоя береді. Көлдің асты қайраң, ағын-ағынмен түпкі толқыны тастай суық болады екен.

Үй арасында Ғафанды киноға түсіріп алды баласы Бақыт. Қонысбай арнау өлең айтып тұрғанда Ғафаң қолындағы таяғын сілтеп, кинодағы бітімі бөлек актерше ортамызға орғытып шыға берді. Үстіне оюлы шапан, алқалы бөрік киген. Арқаланып бірдеме деп қояды. Осылайша репетиция жасап, үш қайтара шықты. Көл екеш, көл де ерекше мінезді ақынның табиғатын тамашалағандай болып, майда толқындарын жыбырлатып жатты.

Ғафаң қарап, балаша маз болып отырған Сейіт бір кезде көлге айтқандай болып: «Мына бір қаңбақ шал әлсін-әлі кутындап, үйден шыға бергені несі?», – деп күлдірді жұртты.

Біз суға түсіп жүргенде Сыраған иегін таяғына сүйеп қойып, киіз үйдің көлеңкесінде жабыраңқы күйде отырды. «Ер арыса – аруақ» деген осы, деп әлдекім аяушылық білдірді оған.

Түнемелік маса жаудай болып, «Ақкөл» кеңшарының орталығына келіп қондық.

Соңғы рет қоштасыппыз!..

23.07.92. Сыраған төсегінен сырқаттанып тұрды. Ақын Торғай өзенінің жағасында тілшіге қандай ақыл айтты? Ғафаңның суға шомылғаны да ерекше екен. Таланттардың аузынан шыққан әр сөз тәлім-тәрбие.

Меймандар Қ.Жармағамбетовтың ауылына – Шиліге аттанды. Бестаудағы берекесіз түн... Соңғы рет қоштасқан екенбіз Сырағаңмен!..

Ертелетіп Жұмат екеуміз ауыл көшесін аралап, қыдырдық. Тоқберген Сырағаңмен бірге болған екен, ол кісінің шаршаңқырап ояңғанын қынжыла айтты. Шамасы, ақын ауыр жолда сыр бере бастаған секілді ме?

Торғай қаласына келдік. Торғай өзенінің жағасына аю руының әлділері киіз үй тігіп, Сырағаңа құрмет көрсетті.

Осы күні қонақтар Шиліге жүріп кетті де, біз Арқалыққа жетіп жығылдық...

...Жолай аз күнде туған ағалардан артық бауыр басып кеткен аса мейірбанды меймандардан осы сапарлас болған күндерде естігендерім есіме тізбеленіп түсе берді. Оның біразы бір қарағанда жай бір елеусіздеу дүние болып та көрінуі мүмкін. Әйтсе де, айтқыш ағалар не нәрсені де ретсіз, себепсіз ақтара салмаған ғой. Олардың ғұмыр бойғы аңсап, армандағаны – әр жүректің безбенін дірілдетерлік тылсымдар. Құлағыңды тос, талғамыңды даралай біл. Дәл қазіргі менің күйім нақ осындай... Сезім пернелерін жел үрлесе тыз еткелі шертіп-ақ тұр, сыр-пайымға сыздап-ақ тұр. Ішкі толғанысымның сипатына үңіле көр, қимас оқырманым! Артық-ауысы кездесе оны да кешіргін...

... Жазғы кештердің бірінде меймандарға қызмет еткен ауыл күтушілері қолдары қалт етпей жатса да, Сырағаң мен Ғафаңның жанына үйіріліп, әңгіме-дүкенге аңсарлары ауып, көздерінен аса бір құмарлық отын маздатып, киіз үй маңын ынта-шынтасымен торауылдайды да жүреді. Сондай көңілді, думанды дүрмекті көргенде ақындар да шыдамай кетеді.

Қандай әзіл-қалжыңға да араласып, көппен бірге мәз болысады. Нәті, ел-жұртының өз топырағында туған дарынды перзенттерін жыл сайын алыс жолдан шыдамсыздана күтіп жүруінің бір мәнісі де осындай жан жылытар жүздесулердің болатынына ерте бастан елти елегізуден шығар, бәлкім!

Қайткенде де, мұндай қауышулардың жөні тіптен бөлек. Өне, бір киіз үйге жапсарлас тігілген жұпыны қостың тасасында қараң-күрең еткен бозбалалардың қолындағы қырлы ыдыстардың сақұр-сұқыр дыбысын естіп қалды білем, Сырағаң қуақылана күліп:

– Айсаның айғыр стаканы-ай, Қызылбайдың қызыл стаканы-ай! – деді әлдебір жастық күндерін аңсаған сыңаймен...

Әрине, оның нені мезгегенін сыралғы замандастары тап басып түсінген еді.

...Тал-дарақтың көлеңкесімен баяу ілбіп келе жатқан Сырағаң таяғына әлсін-әлі сүйеніп тұрып қалғанда жүрек-моторының дүрсілі шуылдай естіліп, көзінен жас сорасы жылыстаңқырап көрінеді. Қасында келе жатқам. Тұяғынан қиылған тұлпардай шойнаң-шойнаң етеді. Мүсіркегеніңді білдіргің-ақ келмесе де, сезімтал қарас бәрін қағыс жібермей, ішкі дүниенің қатпарын қырғышпен қырғандай тазалап-ақ тастар.

– Қайсар, мен сенімен газеттеспін ғой, білемісің? – деді

Сырағаң таяғына сүйеніп, әл жиып болған соң, бойын қайыра тіктеп.

– Білемін, жақсы білемін, Сыраға!

– Е, ол жағын, Қостанайдың «Большевиктік жол» газетінде істеген жылдарымды, Алматыда үйге келіп, сұрастырып алып жазған едің-ау, осы.

– Жазғам, Сыраға, 60 жылдығыңызға орайластырып әңгімелеп бергенмін.

– Қостанайдағы қайран тілшілік өмір! – деді Сырағаң сағымды жылдарын сығалай тінткендей болып, сонау ну ағашты жанарымен жапыра түсіп. – Жаяулап-жалпылап сапарларға шығушы едік. Бір жолы Федоров ауданын қыстың көзі қырауда ат-шанамен аралап, апталап боранмен алысқанмын. Сөйте жүріп қаншама қойын дәптерлер толтырылды. Қызық өзі, қауіп-қатерді сезінбейсің. Көрсем, білсем дейсің. Жазсам дейсің! Қаламсабым – автоматтан бетер айбарлы секілді. Пәле-жала үркіп тұратындай. Тіпті қасқырдың өзі қағынып, жоламай қойды қасыма...

– Қызық екен-ау, өзі...

– Иә, қазір қызық секілді ғой. Мен «Қостанай» астық сохозынан Пешковтың аудан орталығына талай жаяу барып жүрдім. Ол екі орта кемінде қырық шақырым жер. Ымырт үйіріліп қараңғылық түсе, ботинқанды шешіп, иығыңа салып алып, жалаң аяқ зырлап жүгіресің. Ол кезде байланыс шамалы. Көп жерде телефон жоқ. Ал редакцияға қалай да

материалды үлгертіп, жеткізуім керек. Қарталы, Троицк, Тоғызак секілді станцияларға барғанда материал жөнелту үшін Қостанайға баратын пойызды тосасың.

– Сыраға, газетте істемей-ақ ақын болған болар ма едіңіз? Уақытыңызды кейін газет жеп қойған жоқ па?

Сырағаң басын шайқады.

– Өз басым газеттен көп нәрсе үйрендім. Өлеңдерімдегі нақтылық, қысқалық – сол газеттің берген жемісі. Сонымен қатар газет фактіні жинақтап, қорытындылап, соның төңірегінде күрделі ой түюге жаттықтырады. Мақала жазудағы шапшаңдық, оралымдылық – газет сіңірген қасиеттер. Мен газет перзентімін! – деп Сырағаң өзінің асыл пейілін тіптен аспандатып, газетке шаң түгілі, тозаң жуытпай тастады. Сырағаңның «газеттеспін» деп отырғаны түсінікті. Бүгінгі «Қостанай таңының» ізашарының бірі «Большевиктік жолдан» таратқан түрі болса керек. Осылай сабақтастыра келіп, жақын тартып, алып жүрегінің жарқын нұрына малып-малып алған екен-ау мені. Осындай бір оңашада Сырағаң өзімсініп: «Қалам дегеннің киесі, құдіреті болады. Осыны жадында тұт!» – деп арқамнан қаққан еді. Сол жұмсақ алақан жауырын тұсымды әлі күнге жылытып тұрғандай!..

Нұрға бөккен адам әсершіл келеді... Бестөбе жазығындағы киіз үйде қарсы алу рәсімі ғой деймін. Дастарқанды жағалай алқа-қотан отырғанбыз. Құстың сүтінен басқаның бәрі бар алдымызда. Мен шеткері сырылыңқырап, үнсіздеу, бұйығыңқы күйде қалсам керек. Сырағаң біздің жақты бір шолып өтіп: «Ана шеттегілер алып отыр ма? Алсаңшы, ашылып отырсаңшы, Қайсар! Әлде, еркін көсілуге тілшілік ірілік жібермей ме?» – деді менің қожыраған көңіл-күйімді нақпа-нақ, өзімнен бетер дәл болжамдап. Ақын сиқыры десеңізші, мұны – асқан сезімталдығын!

Енді Ғафаң төңірегінде бірер сөз. Ол кісі Сырағаң тойында балаша мәз-мейрам болып аса ақжарқын жүрді. Суға шомылғанының өзі қызық, Торғай өзенінің жағасындағы ыстық басып, салқындаған рақат сәттер еске түскенде, осы қазір көліктен түсе қалып, кері жүгіргің келеді... Мөлдір суға қойып кетіп, армансыз жүзгің келеді... Әне, өзеннің камыс-қоғалы қалың тұсын қақ жара, суаттай дөңгеленген алаңқайда алаңсыз суға түсушілердің ішінен Ғафаңды тауып алу оп-

онай! Миығына баса киген алабажақ күнқағарының етегі қара көзілдірігін тасалап көрсетеді. Кеуде жүні ұйпаланып, кәрі төсінің күмістей көркіне айналған. Ал, ұзынша қара станнан төменгі қара сирақты (осында келгелі балтырын күн қарыған) айтсаңшы. Кәдімгі өзеннен шықпайтын ауыл балаларының кейпінен аумайды. Тек жасамыстығын салбыраңқы қарны мен қолына ұстаған сүйеніш таяғы ғана айғақтап тұрғандай.

Осы жартылай жалаңаш күйіндегі Ғафаңды біз қоршалай тұрғанбыз. Ол әлдене айтып күлдіртеді. Бір құрдасы Ғафаңнан «суға түссек қайтеді» дегендей рұқсат өтініп еді, оған жайбарақат қана «е, шаруаң білсін» дей салды. Тобыр ду күлді. Тағы бір орта жастағы біреу «күн бұлттанды, болған шығармыз осы» деп мәйкесін кигелі жатыр еді, оған да «е, шаруаң білсін» деп езуіндегі шылым тұқылын түкіріп тастады. Тағы ду күлкі.

– Неге күлесіндер, жын қақты ма сендерді! – деп Ғафаң түрін әдейі сыздатып маңайына ошарыла қарайды. – «Е, шаруаң білсін» дегенім менің мәңгі бақиғы мақалым емес пе?

– Ой-пай-ау, солай екен ғой! – десіп одан әрі күлісіп жатыр бәрі. – Мән бермеген нәрсесіне сөйдей салады біздің Ғафаң.

Ғафаңның «өзіме де сол керек!» дейтін «мақалы» барын білетіндердің бірі оның қолданыс мәнісін айтып жіберуге әдейі мезгеді. Ондайды жұрт көңілін аулау үшін қалт жібермейтін ақын шағын бір әңгімесін айтып салды. Осы сапарында басынан өткерген жайт екен. Елге аса сыйлы Ғазез Әмірханов ағамыз Ғафудың, Қоғабайдың мешітке уақытылы келе қоймай көп күттіргенін, келгенімен де ишара, ырым қылып тәбәрік, садақа тастамағанын сыпайылап ескерткенде Қоғабай ақталғандай болып шамданып, ыршып түссе керек.

Соған ыңғайсызданған Ғафаң іле: «Өзіме де сол керек!» деп аға назын бас изеп, мақұлдап, жұртты қыран-топан күлдіріпті.

Бұл «мақалы» біреудің ерсі қылығына жаны шыдамай кеткенде, бар кінәні өзіне аударып алу мақсатымен риясыз айтылатын.

Екінші бірі мұндай «аударыспаққа» үйір болмайтыны белгілі ғой. «Волгада» келе жатқан менің көз алдыма осы сөздер, суреттер көлбеңдейді... Ғафаң әне, «жағажайлық» түр-сипатымен дараланып, жүріңкіреді де суға аяғын са-

лып, таяғымен тереңдігін әрірек бойлатыңқырап көріп сәл тітіркеніп, есіненкіреп тұрды. Бір кезде таяғын судан суырып алып, жағадағы жігіттің қолына ұстата салды. Әуілдек дауыспен «әуп» деуі мұң екен, қос қолы жұп ескекке айналғандай суды қақ айырып, тып-тынықтан толқын тудырып, одан батпайтын жауырыны күжірейіп көрініп, бекіре балықтай еркін жосытып жөнелді... Содан... біршама барлығыңқырап оралды... Жағаға су кернеген қара станын сүйретіп шығып жатып, алдымен таяғын, сосын «бір жұтым нәр» сұрады... Осы сурет көзден қалай тасаланар! Тым ыстық-ақ! Есіңе түсіргеннің өзінде еріксіз жымитады. Тағы да жадыңды жани түсесің... «Шақшақ Жәнібек туралы жазуымыз керек!» деп еді Ғафаң ағасы Сыраған екеуінің құрметіне әспеттеп аталған Торғайдағы екі көшеге ныспылары жазылған тақталарды бекітуге арналған салтанатта. Осындай сөздерді де бұған дейін Сырағанның аузынан талай мәрте естіген болатынбыз. Көресіз бе, қазақ поэзиясының қос алыбы ақындық арман-мұратымен де ойлау жүйесіне қосақталып қалғандай. Олар ақындық бір деммен тыныстап, елдік ұлы мүддеге жүректерін бірге тосатындай.

Қоштасқандары да қызық екен ол кісілердің. Сәске түстің кезінде жолға жиналып, жүргелі жатқандықтан ағаларымыздың Қостанайды бетке алған сапарына сәттілік тілейік деп, олар түскен киіз үйге бардық. Төрде, қаға берісте Сырағанды теріс қаратып қойып, жейдесін түріп, жауырынның жүрек тұсынан құралымен тың-тындап жатқан Тоқберген дәрігер «тыныш!» дегендей бізге алая қарады. Қасындағы Асқар да әріптесінің көзқарасын бағып қалыпты. Екеуінің көзі түйісіп кеткенде ұрлық істеген адамдай іштей қуыстанғаны айқын сезіледі. Не демек екен мұнысымен олар. Гиппократтың сертіне берік жандар дымын білдірер ме? Тағы бір рет Сырағанды айналдырып көріп, білегін матап, қан қысымын өлшеді де, екеуара күбірлесіп кетті.

Ал, «тұтқыннан» босаған Сыраған бізді жаңа көріп, іс мәнісін түсінген соң, алдағы өмірімізге саулық, бақыт тілеп, өзімен сапарлас болған осынау күндеріне аса ризашылығын білдіріп, ерекше бір еміреніспен қол беріп қоштасып, құшағына ораңқырап сәл жіберіңкіремей, сонда да көңілі босағандай болып бей-жай күйде мұңайып қала берді...

Ғафанды сыртта жолықтырдық. Жолға жиналғанымызды білген соң бетімізге сәл қарап тұрып: «Е, шаруаң білсін» деді де құшағын ашып жіберді...

... Арқалыққа келіп, шала-шарпы ес жинап алғаннан кейін де есіл-дертіміз сол бір Сырағаң сапарының жалғасқан шеруіне еріксіз ауа берді. Жатсақ-тұрсақ та аңсайтынымыз – керуендеткен мерейтойдың өзіміз куә болған тұстары еді; ойлайтынымыз – сол тойдың Қостанайға асқан қоңыраулы дүбірі еді! Ие, біз бастаған сәтті жүздесулер жалғасын қалай тауып жатыр екен ол жақта? Сабырсыздана құлақ түруіміздің себебі де сол!

... Бір жеткен жаңалықтан білгеніміз: меймандар сол Торғайдан аттанған 23 шілде күні Шиліге құлап, қоныпты.

Екінші хабардан білгеніміз: ертесіне оларды Торғай облысының әкімі С.Кулагин салтанатты жағдайда Қостанай облысының әкімі К.Укинге аманаттап, табыс етсе керек. Сөйтіп, Сырағаңның мерейтой керуені ежелгі көршілес, отандас облыстардың шекарасын әспеттеп аттап Бестауға тіреліпті. Бестау Сырағаңның ата қонысы дерлік оты шүйгін, малы мыңғырған, егісі түсімді берекелі де қасиетті аймақ. Сырағаң Бестау туралы 1959 жылы жазған өлеңінде:

«Жан-жағында кәрі адыр,
Арыстандай аш белі.
Бестау бейне қарауыл,
Айнала тау – әскері», –

деп бұл өңірді бір шумақпен-ақ көркем бейнелеп, келістіріп таныстырған еді. Міне, сол Бестауына Сырағаң кең кеудесін ашып, сәбидей арсалаңдап жеткен екен... Халық ықыласында шек жоқ. Ақын ұлына қошеметтерін көрсетуге аса пейілді.

Оның сөзіне тоймайды. Үлкен-кіші қолын алуға құштар. Сырағаң шамасы келгенше ешкімнің де бетінен қақпайды. Бәріне де үлкен жүрегінің жылуын тең шашқысы келеді. ... Бестауға ат шалдырып, тыныққан соң, ауыл басшылары Сырағаңа: «жаз жайлауда түнеңіз», деп келісімін алған соң қырда қонақтарға арнайы тігілген киіз үйлерге ұбап-шұбап тартып кетеді...

... Тағы бір хабар жетті! Жаманат хабар! Сырағаң қырда жүрегінен сескеніп қонамалыққа қалғысы келмей, Бестауға

түн ортасы ауа оралып келе жатады... Онымен ілесіп бәрі шығады. Тастай қараңғы, сонысымен де қорқыныштылау түн. Жүйіткіген жеңіл мәшинелер. Бір кезде Сырағаң мен Күлжамал мінген «Волга» әлденемен сатыр-күтір етіседі. Не болды? Бұлардың мәшинесі трактордың шөп тиеген тіркемесіне кептеліп қалыпты. Әйтеуір, құдай сақтап, аман қалған. Бірақ ішіндегілер қатты жараланыпты... Бұлардың алдындағы Ғафаң мінген көлік абырой болғанда шөп ұрлап келе жатқан тракторға соқтықпай өте шыққан екен. Оған да тәубе десейші!

Бұдан әрі ұйқы-күлкіні қойып Бестау жаққа елендедік. Мәшиненің алдында отырған Сырағаң маңдайынан, басқа да жерлерінен жарақат алыпты, Күлжамалға да жеңіл тимепті. Сәтін салғанда, араларында Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты, айтулы оташы Ысқақ Есіргепов пен Қоғабайдың зайыбы дәрігер Гүлбаршын бар екен, олар табанда жанұшырып жүріп, жедел жәрдемін жасап бағыпты... Ерлі-зайыптылардың қас-қабақтарының зақымданған тұстарын амалдары құрығаны соншалық, наркозсыз-ақ тігіп, жамап-жасқап дегендей, бірыңғайлап беріпті. Жарақаттанғандарды Бестаудан тікұшақпен Қостанайға жеткізеді. Сырағаңды сондағы ауруханада алғашқы ем-домнан өткізгеннен кейін Алматыға жөнелтеді... Осы көлік апатынан соң Сырағаң оңала қоймады, әлсірей берді... Арада 7 ай өткенде Сырағаңнан біржола айырылып қалдық...

II-тарау

СЫР-САҒЫНЫШ

Сыршыл да сырбаз ақын Сырбайға елу екі жыл өмірлік жар болған Күлжамал Әмірованы сыралғы апа ретінде жақсы танып, білгенімізге де біраз жылдың жүзі ауған еді. Қашан көрсек те сабырлы қалпынан таймайтын, үлкен жүректі, сергек көңіл, бетінен үнемі нұры тамып жүретін елгезек кісінің қазақ әйелдеріне тән ибалылығы мен тәрбиелілігі әманда онымен жанасып кеткендерді өзінің нұр-шапағатына бөлегендей әсер қалдыратын. Иә, Сырбайдай жақсы ағаның қасында жүру, қос жүректің бірігіп, ақыр соңында бір

адамға айналып кетуі, әрине, жаратылысынан табиғаты бөлек дара тұлғаларға тән ерекше құбылыс секілді-ау. Кейде осы қос тұлға туралы еріксіз ойға батып, әрлі-бергіні шолулап өткенде, жайсаңдарға ғана жарасатын сыйластық пен татулықтың, сүйіспеншілік пен іңкәрліктің, өмірге ғашықтық пен ақберен адалдықтың небір мысалдарын бойға дарытқандай болатының бар.

Мағыналы қос ғұмыр – қос тұмармен өрілген өмір өмілдірігіндей болып өрелі асуларға ынтазар етеді, оның шәрбаты мен шарабына шөлінді баса алмай, тіпті сиқырлы болмысын қайтерсіз, одан сайын өлердей шөліккеп кезенең кебіп, таңдайың құрғай түсетіні не ғажап бұл. Әлде, ақын жырының тұңғық терең тылсымы ма, өзіне магниттей тартып, матап-байлап тастайтын. Немесе, ақынды баладай әлдилеген жыр мүшәйрасының мінсіз бапкері Күлжамалдай перизаттың сиқыр-күштің буына ысталған ғажап жүрегінің жылуы ма, әйтеуір, осы қос өрім-телқозыға деген ынтық пейіл, ыстық ықылас бір суымайтынына қайран қаласың. Елу екі жыл бойына суынбақ түгілі, жалынын әсте әлсіретіп көрмеген осынау өнегелі қос ғұмырға тәнтіленіп аһ ұра беруіміздің сырына терең мәніспен үңіле алдық па, жарқыным? Қайдам.

Өмір толқыны қақпақылдап, қайраңына лақтырып тастағандай етіп, мұрша келтірді деймісің. Сөйтіп, темірді қызған кезінде соға алмай, уақыт жіберіп алып, тілімізді қыршып тістейтіндігіміздің тағы да кебін киіп отырмыз-ау.

Қос тұлғаның кезіндегі құрыштай құйылымын көңіл айнасына бұлжытпай сәулелеп салып алғанымызбен, қап, әттеген-ай дегізерлік те тұстарының жеткілікті екендігін бүгін сезіп отырғандаймыз. Бейне бір Сырбай ақынды мәңгілікке жаратылғандай түсініп, келте қайырған ойымыздың шалағайлығынан бармақ тістеу – бейқамдықтың белгісі екендігін мойындау ғана ғой. Әйтпесе, оның әр басқан ізін аңдып жүріп тағылым бұлағына мейір қандырғанша бас қоюды екінің бірі ұлағатты іс деп түсінер еді-ау. Енді қайтпек керек, қайран жоқ.

Қос тұғырдың сыңарының құлағанына да биыл тоғыз жылдың қаралы жүзі толыпты. Еңіреп, еңсені жер қаптыра бергеннен шарасыздық бұлты сейілмейді, енді ақын жары Күлжамалдың жан-жүрегі аялап, ақын иісі қалған оның

күллі болмысына исініп, еміреніп, тәнтіленіп, тебіреніп тоят шақыратын осынау уақытқа да тәуба дегеннің өзі не тұрушы еді.

Иә, тағдырды таңдамайды, талғамайды. Бірақ та оның таңғажайыбына мүлде ессіз ерік беру де ерсілік екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Осы тұрғыдан келгенде, тағдыр талайына жазған – сыңарынан айырылу қасіретін бастан өткерген Ана жүрегінің әжімденбеген иірім-бұлтарысынан Сырбайдай ұлы ақынды іздеп көріп, үнемі дидарласып отыру бақытын бұйыртып жүрген Күлжамал апайымызға деген іңкәрлігіміз күн өткен сайын сары даланың келбетіне шымылдық болып тұтылған самал-сағымдай санамызды арайландырып жүргенінің өзін соншалықты медет тұтамыз. «Е, күлім қаққан, Күлжамал апа, бар бол дейміз», сосын. Сырағанды жанарыңызға ілестіріп, жұлдызды күндеріңізді байыта беріңіз дейміз. Ақынға мінсіз Жар бола білген Сіздей махаббат періштесін қайдан іздеп табамыз деп, көңілді қанағатқа тояттандырамыз. Тоят көңілімізді тербеп, тебіреніп беріңізші, айналайын Апа! Сізді көрсек әлі күнге, Сырағаңмен жүздескендей күй кешеміз. Сізбен сөйлессек, Сырағаң сырын бөліскендей самал желпиді. Ал, Сырағаңның мінезі – табиғат мінезі екендігін ескерсек, табиғатта тұрыс бар ма, өмірмен өзектесіп, өбектесіп, жылғадан аққан суша тулап бара жатыр... Табиғат демімен бірге Сіз де шыркөбелек айналасыз. Мәңгілік шеңберге шығып алғандайсыз, о тоба, шебер Күдайдан айналдым.

* * *

Сырағаңның сыңары Күлжамал апамыз да тегін адам емес. Тұлпардың тұяғы, алтынның сынығы тектес тұтас құйылымнан сомдалғанын сөзінен де, ісінен де аңғартып жүреді. Оған от басы, ошақ қасында жүргенімен қоғамдық күрделі өзгерістер бағдарын дөп басып танып, ғаламдық ой-пікірлердің астарын терең бажайлау міндеті жүктелген сыңайлы. Себебі, ол жай адам емес, Сырбайдай арқалы ақынның жары болғандықтан да әрдайым уақыт тынысын сезіне білуі керек еді. Күлжамалдың Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлының інісі Қалидың баласы Әмірден туғанын

айтсақ та, біраз сыр аңғарылып қалмақ. Тектіліктің қайдан бастау алғанына көз жеткен сайын оның тұлғасы да көрер көзге биіктей түседі.

Күлжамал апамыздың «Жесір болсам да жетім болмадым» деген мағыналы сөзі жүректен кетпейді. Расында да солай.

Сырағанның соңында өз қолдары өз ауыздарына жеткен балалары қалды. Бәрі де елінің сайлы азаматтары болды. Немере-шөберелер өмір қызығын еселейді. Солардың амандығын тілеп, қасиетті шаңырақтың түтінін түзу ұшырып жүріп жатқан жайы бар. Бұл үйге ақын рухына тағзым етіп келушілер де көп. Олардың қай-қайсысы да қазақ поэзиясын жақұт жырларымен шырқау биікке мәңгілік қонақтатқан Сырағана қарыздар екендіктерін жасырмай айтады. Бір жолы аты дардай ақынның өзі көзі жасаурап отырып: Сырағандай табиғат сыйлай салған ақындар сиреп қалған секілді. Өресі мен өрісі келіскен ондай тумаларға сусап жүрміз. Қазіргі заман ақындарының біразы уақталып кеткендей. Сырағандай ірі тұлғаларды аңсаймын» дегені бар мұнайған күймен. Лепірме жас ақынның да өкініші бар екен. Соны Күлжамал апасына айтуға келіпті. «Сырбай атамның өлеңдерін жастанып өскеніммен, өзімен кездесіп сөйлесе алмадым. Мұныма ғұмыр бойы қиналамын, азаптанамын. Сол үшін де үлкен ақын алдындағы айыбымды ақтау мақсатымен өзгеге ұқсамайтын жыр жазғым келеді. Күндердің бір күнінде Сырбай атамды түсімде көрсем деп Аллаға жалбарынамын.

Сонда өлеңдерімді сынатып алар едім. Жырым жерге қаратпас үшін өрттей лаулап жанып жүруді ұнатамын. Өйткені ерте ме, кеш пе мен әйтеуір Сырбайдай дүлдүл ақынның тезіне түсетін адаммын ғой», – деп жас перідей жалын атқан, үні дірілдеп, денесі қалтыраған ол дегбір таба алмай қиналысқа түскені бар.

Мұндайда не айтар Күлжамал. «Түбі, мықты ақын болады екенсің. Сырбай атаң да кейбір түндері түсінде әлдебір шайыр бабаларымен кәдімгідей сөйлесіп, тыншымай шығатын», – деп, оның алабұртқан көңілін сабасына түсіреді.

Бұл Күлжамал Сырағанмен қатар жүргенде қазақтың да, былайғы халықтың да не бір жайсаңдарымен жүздесіп, кейбіреулерімен бір дастарқаннан дәм татысып, етене араласып кеткен күндерін бүгіндері сағынышпен еске алады.

Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Сейітжан Омаров, Ғали Орманов сынды қазақ әдебиетінің марқасқаларының отбастарымен сыйласа білген тағдырына дән разы. Ұлы Мұханның ақыл-кеңесін естіп, тәрбиесін сезінген тәлімді шақтар санасынан өшер ме? Бәрі де өткен түстей болғанымен, бүгінге шекті өміріне араласып, бағыт-бағдар беретін рухани күшке айналғаны қандай ғанибет.

Әрқалай жағдайда ол кісілерді есіне алса болды, тынысы ашылып, арқасы кеңейіп сала береді. Бейне бір жанынан қалмайтын жебеушілері іспеттес. Кезінде сол отағасылардың бәріне сүйікті келін бола біліпті, сол отаналарға абысын-ажындай біте қайнасқаны да қандай жарастық еді. Қимас кезеңдердің елесі де тәтті екенін бүгінде ғажаптанып ойлайды, сонда өмірдің мәнін одан сайын түйсіге түсетіні бар. Және де осындай үлгілі тұстарды ұрпақтарына жаймалап айтып, олардың санасын да арайландырып отыруды өз міндетіне алғандай.

Осы күнге дейін Сәбиттің жан жары Мәрияммен араласып-құраласып тұратын Күлжамал бір күні өзін көптен бері мазалап жүрген бір ойдың ұштығын шығарды.

– Апай, айып етпеңіз, қаттылау шығатын мына сөзіме, – деп Күлжамал алдымен ғафу өтініп алды да сөзін жалғады. – «Жесірлер шайын» ұйымдастырайын деп едім. Өмірден ертелі-кеш озған боздақтардың соңында қалған жесірлерінің басын қосып өз үйімде шай бергім келеді. Бұған қалай қарайсыз?

Мәриям апай әдеттегі сырбаз қалпымен сабыр сақтап отырыңқырап қалды да :

– Есіме түсіп отырғаны, екеуіміз туралы жұрт арасында айтылатын «Мәкең генерал, Күлекең оның көмекшісі» деген қолданыстағы әзіл-қалжыңды ескіртіп алдық па деп, қынжылатынымын кейде. Соны сабақтасақ деген пікірің қандай оңды, шырағым. Және де аруақтарды еске түсіріп, жандарының жанната болуын тілеп, тірілік парызымызды өтеп жатқанымыз да жарасымды-ау, – деп Мәриям апай әріден қозғап, берік түйін жасады. Сосын сәл ойланыңқырап отырып, жымиған қалпы былай деді. – «Жесірлер шайы» дегеннің қатқылдау естілетін дәнеңесі жоқ. Атам-қазақтың «жесір» сөзін әдіптеп, әдемілеп жатудың не қажеті бар.

Кешегі алыптардың жесірлері емеспіз бе? Мақтанайық қайта, бұл атауға... Баршаның бірде олай, бірде былай пешенесіне жазылатын атау ғой. Одан ешкім қашып құтыла алмайды.

Жесірлер шайын беруге дайындал, көмекшім. Мәриям апай айтса, бітті. Күні жетіп, дастарқан да жайылған. Несін айтасыз, көңілді бір отырыс болды. Көз жасына ерік беріп, көңілдерін босатып алғандар да кезікті. Мәкең бастаған келіндер легі кешегі бақытты күндердің өшпес белгісіндей болып тамаша дәстүрдің баяғы отын қайта маздатты. Ғафудың жары Бәдеш, Ыдырыстың Бәдіші, Шәмілдің Мәриямы, сондай-ақ Тәкеннің, Сағидың, Тахауидің, Сабырханның келіншектері, тағы басқалар қай-қайдағы әңгімені қоздатып, Сырбай үйін базарға айналдырып жіберді. Ара-арасында бір күліп, бір жыласып алады. Әрқайсысы әңгіме тиегін өз ғашығына тартып, терең қаузап кеткен тұста, Мәриям апай: «Байқап қойыңдар, кімнің үйінде отырғандарыңды» деп, Сырбай туралы баса сөз болуын сездіріп қояды. Ондайда еркіндік алған Күлжамал тізгінді босатып кеп жібереді. Әйтсе де бойына біткен биязылық пен мейірбандықтан аттап ұзап кете алмайды. «Өзім көсіле беріп қайтемін, былайғылар да мейірден шықсыншы. Сыңарларын аңсайтын бұл бейбақтардың жайы белгілі ғой өзіме, сыр бөлісіп, құмарларын тарқатсын» деп, ішкі ойына бекініп, көргендік жасайды. Күлжамалдың мұндай кеңдігін, сезім байлығын былайғылар құрмет тұтып, кең пейілге арқаланып қалады. Сыпайылық сақтап үйренгендер:

– Апай айта түссін, – деп Күлжамалға елендеп қарайды.

Бірін-бірі ерте бастан түсінген қайран қағылез жесірлер десейші, сол.

Күлжамал әңгіме тиегін ағытса, әріге кетер... Ықылас танытып отырғанда, үнсіз қалу тағы жараспайды. Амалсыз ойындағыларды жаңғыртады. Сырбай жампозымен ойша қауышып, шат кезеңдердің орамына қалтқысыз еніп кетеді...

Ақынның, әсіресе Сырбайдай сыршыл ақынның жары болу бақытын тайқы мандайдан сырғытып жібермей ұстап тұру оңай емес екендігіне назар аударады Күлжамал. Жыр біткен алақұйын сезім шарпуынан, лапылдаған өрт махаббаттан, шынайы сүйіспеншілік сезімнен, өмір тылсымдарын сүзгі- жүректен себезгілеп өткізе білуден жанартау-

ша атқыланып, жаратылып жатады ғой. Сондай моншак тізбелеріне сәл нұқсан келді ме, ақынның кежегесі кейін тартып, тауы шағылғанын зайыбынан бұрын ешкім сезбейді. Сондықтан сезімтал жүрексіз ақын жанында жүру – бос уақыт өткізгенмен пара-пар. Ақын жарын Алла ақынжүректі етіп жаратқан десе, біреу-міреу күлер де. Ал, мына отырған жесірлер күле алмайды, құптап, бірауыздан қол қояды. Сырбайы өзін әманда қалқан тұтты. Тау суындай арқырап, шабыты ағындап кеткенде алғашқы соққы тиетін нәзік қамал осы Күлжамал болатын.

Шабыт тасқынын ақынның жары ғана сезіне алады. Оның ғаламат екпініне, дүниені дүр сілкіндіретін дауылына кеуде тосып, табиғаттың адуын мінезінен жыр саудалап алатын Сырбайдай ақынның зайыбы атану Күлжамалға оңай болды дейсіз бе? Айта көрмеңіз! Өлеңнің әрбір жолы, шумағы алпыс екі тамырды иітіп ағатын өмір шырыны ғой. Шырын ләззаты шыбын жанға оңайлықпен бұйырмайды. Өз бойының қан-сөлін сығып бергенде ғана, өзгенің өзегіне ұялар жыр мәйегі тамшыдай мөлдіреп үзіліп түсер. Жыр туатын кез-қияметтің қыл көпірінен өтетін кез екенін тұспалдайды Күлжамал.

Жесірліктің қамытын ертерек киген келіндеріне аяныш білдіргенімен, Күлжамал ондай ошарылған көңіл-күйін көбіне осындай көп ортасында сездіре бермейді. Бірақ та жүрегіндегі аяулы сезіммен мына қорғанышты аңсаған алаң көңілді келіндерін қызғыштай өбектеуден әсте жалықпайды. Шүкір, Кеңшілік, Жарасқан үйіндегі келіндері көштен қалмай, ұрпақтарын өсіріп тәрбиелеп, азаматтары аманаттап кеткен парыздарын хал-қадерінше атқарып келеді. Соған сүйініп жүреміз. Балалары әкелерінің атына кір келтірмейді. Тәуба дегің келеді.

Қасым мен Сырбайдың тағылымы мұндай отырыстарда әңгіме болмай қалмайды. Ондайда Күлжамал түсінік беріп, болған жайттардың әркімнің жадында нақты өріліп, өрбітілгенін қалайды. Әйтпесе, ұлылар жайлы әрқалай әңгімелер айтылып қала береді. Содан сақтандыра сөйлейді... Қасым мен Сырбай ағалы-інілі бауырдай болыпты. Қасым дүниеден өткен соң олардың балалары қосылып отау құрып, екеуін құда етіпті.

Сырбай бір ұлының атын Қасым, бір қызының атын Сақыпжамал деп қояды. Аз күн тіршіліктегі қос ақын арасындағы дәмділік, рухани достық азан шақырыла қойылған ат арқылы бүгінгі күнге ұласты. Сырбайдың Қасымы бизнесті, ақшалы жердегі қызметін тастап, ғылым жолына түсіп, докторлық қорғапты... Аманатқа деген адалдық осы шығар.

Күлжамал Сырағаға 17 жасында тұрмысқа шығып, Дүйсен, Қасым, Жеңіс, Бейбіт, Ғазиз, Бақытжамал, Сақыпжамал секілді құдай берген жеті бала сүйген бақытты ана. Бұл орайда белгілі ақын Серікбай Оспанов былайша жырлағаны бар.

Берілген жоқ бағасы,
Әлі талай жырланар.
Жеті бала анасы –
Ардақты Ана – Күлжамал!
Көзінде күн тұрғандай,
Өшпесе екен бұл жанар.
Асыл, ардақ, Сырбайдай,
Ақын жары – Күлжамал!
Шуағы өпсін әр күннің,
Өзен болсын жылғалар.
Ахметтің – алтынның,
Сынығы бұл Күлжамал!
Бүкіл ақын жарлары,
Болса Сізден үлгі алар.
Орындалып арманы,
Өмір жолы нұрланар!
Қара бұлтсыз бүгін көк,
Атсын күліп құба таң.
Аман жүрсін күлімдеп,
Ақын жары – Гүл-апам!

Міне, ақын шәкіртінің ақын зайыбына жырдан шашқан осынау шашуы қандай әсерлі еді. Манадан бері біздің айтып жатқанымыздың жырмен түйінделуі іспетті ғой.

Ел арасында Сырағаңның таусылмайтын оқуы тұрғысында аңызға бергісіз шындық сөз тараған. Ол кісі Қызылорда пединститутында қырқыншы жылдардың ортасында оқып, кейін ҚазПИ-ге ауысып, оны жетпісінші жылдардың басында

бітірген көрінеді. Қырық тоғыз жасында Серік Қирабаевтың қолынан диплом алыпты. Сөйтіп «заочник ақын» атанған Сырағаң бәрібір талантының арқасында көп дипломдыларды шаң қаптырып кеткен ғой. Кезінде диплом алмай тұрғанның өзінде оның еңбегінен қаншама студент диплом қорғаған, тіпті кейін ақын шығармашылығы туралы кандидаттық, докторлық диссертациялар ғылыми бекемделді. Тіпті өз елімізде ақын есімі кенжелеу аталып жатқанда Американың Мичиган қаласындағы колледжде оның атына арнаулы стипендия тағайындалған. Оның алғашқы иегері – ақын немересі, Қасымның қызы Ботагөз болғаны қандай жарасты десейші.

Сәбеңнің зайыбы Мәриям апай жесірлер шайының соңына таман сөз алып, бүгінгі отырысты қысқаша қорытқандай болды:

– Өзбектің үлкен ақыны Шұхрат біздің Сырбайды-Жырбай деп атап кеткен екен, – деп апай сәл ойланyp тұрды да көзінің жасаурағанын ешкімге сездіргісі келмегендей әзілге бұрды. – Қазақтың бір келіні босанып, Жырбай атты әйгілі сыршыл ақын ер жете келе Сырбай атасының жолын қуар ма екен деп, түн ұйқымды төрт бөлемін!

Келіндері бұл сөзге мархабаттана күлісті...

* * *

«Кеудесі жақсылардың алтын сандық» демекші, көкірек көзі ояу, арғы-бергіні бүгінгідей сайратып айтып отыратын, шежіреге салсаң, тайпалған жорғадай бауырын жаза түсетін көмбе-зерделі білгіш адамдар болады. Және олар небір жақұт, гауһар тастардың теңіз тереңінде жататыны секілді екінің бірі болып аяғыңа оратыла бермейді. Ауыл түгілі, аудан аралатып кезіге қалса жақсы-ау. Сиректік те табиғаттың ұзақ толғатып ұсынатын сыйлары болса керек. Сонысымен де өзіне ала бөтен қызықтырып тарта түспей ме? Егер, сіз әлдебір көп білетін адамды іздестіріп, онымен арнайы жолығуды көксеп жүретін бәзбіреулерді танитын болсаңыз, ол танысыңыздың қылығына онша таңырқай қоймаңыз. Қашанда, білімге құштарлық, көрсем-білсем деген ынтазарлық адамның күнкөрістегі шыңын үнемі биіктетіп

отыратын, сонысымен де байлықтан жеріндіріп, орташа тұрмысына қанағат сезімін орнықтыра түсетін, былайша айтқанда өмір ажарын ашатын, ғаламдық көкжиекке көңіл желкенін желбірете жаятын ерекше жаратылысты адамдар болады. Олар әлбетте Мұхаммед пайғамбардың ғадистерінде жазылған мына тәртіпке жан-жүрегімен бағынышты болып өмір сүретіндей әсер қалдырады.

Онда былай делінген: «О, адамның перзенттері! Егер, сен әр таңды тәнің сау, жаның жайлы, өзіңе жетерлік дәулетің бар жағдайда қарсы алсаң, саған одан артық не керек?!» Байқайсыз ба, адам перзенттеріне көп нәрсе керек емес екен. Соны өкінішке орай біреу түсінеді, біреу түсінбейді. Түсінгісі келмейді десек, жөн болар, бәлкім. Мен білетін бір адам үнемі көкірегі сөз-шежіреге бай, рухани соқталы, осы абзал қасиеттеріне мейірбандығы қосылғанда бар бітім-болмысымен асқақтай түсетін әлдекімдерді іздеп тауып, әлектеніп жүретін еді. Осы «із кесушілігінен» өзі ләззат табады, құмарын қандырады. Әлгі құмарпаздың Арқалықтағы белгілі ғалым, бұрынғы кеңес, партия қызметкері Әмірғали Жәмәлиевті алыстан ат арытып іздеп келгені бар.

Сол кісіге жолықтыр деп, маған жата жабысты. Көңілін кимай, алып барғанмын. Талай сыр ашылды, көмбеден шежіре тартылды. Сонда байқағаным, әлгі әпенде Сырбай ақынның шынайы жансүйері, шырт ұйқыдан оятсаң оның өлендерін – «манасша» жырлаудан жалықпайтын жырға ғашық, өмірге асық адам болып шықты. Сол жолы Әмірғали аға аузынан мынадай бір әңгіме есіткенімізде, екеуміздің де ерекше бір тағылымға таңдай қаққандай болғанымыз бар еді. Соны айтып берейін...

...Бұл кездесуге – халқымыздың аяулы жазушысы Сәбит Мұқановпен ыстық қауышуға Сырбай Мәуленов себепкер болған екен. Әмірғали 1958 жылдың 6-тамызында облыстық Білім қоғамының пленумына қатысу үшін Қостанайға келеді.

Сол жолы Алматыда студенттік жылдары кездесіп танысқан торғайлық Жайлыбай Саржақовты көшеде көріп, қолқалап болмаған соң оның үйіне барады. Ашаң жүзді, ақкөңіл жігіт әңгімешіл еді. Өткен-кеткеннен әңгіме қозғалады. Жайлыбай өзінің Молдабай атасының батырлығын айтқанда жанығып, әсерленіп кетеді екен. Сөз

арасында өзінің Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» (кейіннен – «Мөлдір махаббат») романының басты кейіпкері Бүркіттің (нақты есімі – Сұлтанбек Әбеуов) аталас туысы болып келетінін зор мақтанышпен айтып отырады. Кешке салым, сағат он маңайында, бұл үйге Сырбай келіп кіреді. Асығыс, әлденеге абыржулы екендігі қимылы мен сөзінен байқалып тұрады. Сәлемдескеннен соң бұларға:

– Не отырыс, жарандарым-ау! Қостанайға кім келіп жатқанын білесіңдер ме? – деп өз сұрағына өзі аптығып жауап береді. – Сәбит аға келіп жатыр ғой. Кәдімгі Сәбит Мұқанов осында жүр. Сөзінің сынайынан байқадым, қала қазақтарына өкпесі қара қазандай секілді ме-ау. Қонақ үйде жатқанын олқысынып, қазақы дастарқанның шайына шөліркеген түрі бар. Сөзі – тарпаңдау, мінезі – шалыстау, әйтеуір, көңіл-күйі келіңкіремей шамырқаныс үстінде екен. Мен барғанда, көзінің аласымен атып, бүркіттей бұре жаздады. Уысынан әрең құтылғандай болып, саған келіп тұрмын, Жайлыбай.

Сырбайдың сол кездегі жасы небары отыз алтыда ғана екен. Тұла бойы бұла күшпен бұлқынғандай атырылып тұр. Күркіреген жуан дауысы демінді басатындай. Өніндегі екпін қимылына серпін беріп, оң-жүзін айбынды, тұлғасын айдынды етіп көрсетеді екен. Сырбаймен сыралғы Жайлыбай:

– Бәтір-ау, Сырекесі, бізден не қайыр болмақ. Айтсаңшы, қолдан келер іс болса жұмылып кетелік, – деп, мәселенің мәнісін білмек болды.

– Айтсам, дәл қазір Сәбеңді осында әкелемін, асқа дайындалыңдар, – деп Сырбай жүре сөйлеп, сыртқа шыға берді.

– Күп болады, қонақ күткеннен атам қазақтың ештеңесі кетпеген. Және де, құдайым-ау, қандай қонақ! Сәбиттей жазушыны тік тұрып күтеміз, – деп Жайлыбай ас бөлмедегі шешесі Зура кейуанаға қарай ығыса береді.

Ол кісі де мән-жайға қанық болған соң, етегіне сүріне-қабына ас қамына кірісіп кетті. Баласы мен Әмірғалиға бәктегі суды төктіріп тастап, жаңалатып тасытқызды. Үйді көзашымда қағып-сіліккізіп, ауасын жаңғыртты. Қолдыаяқтай екі жігітке мұның бәрі түкке тұрмайтын жұмыс еді, қонақ күтуге бәрі сайлы болды-ау дегенде, сырттан дуылдасқан меймандардың дауысы естілді.

– Үйдің жайы нашар, жұпыны. Менсінбей, түспей жүрмей ме? – деп, Зура апай есікке қарай лып беріп, шарасыздық кейіппен пұшайман күйге енді. Жок, бекер абдырапты. Кең пішілген денелі, дөңгелек жүзінен нұр тамғандай әдемі өңді атақты жазушы салған беттен төрге озып:

– Қайран қазағымның жер үйіне не жетуші еді, – деді де төргі төсек үстіне тасталған дөңкиген құс жастыққа қолын тірей қонжия берді.

Бұл сөз самаурынын тағы бір демдей түскен Зура апайдың құлағына шалынып, жан-жүрегі елжіреп кетті. «Осындай үлкен жазушы да кішіпейіл болады екен-ау» дегендей, көңілі тасып, мына күйкентай үйі кең сарайға бергісіз көрінгенін қарашы. Қонақтың қасындағы Сырбайды жыға таниды.

Соған қарап:

– Қолға су құйсын да, – деп өтінгендей болды. Дастарқанға не түрлі тағам төгілді. Ыстық қуырдақтың буы бұрқырап, иісі танау қытықтайды. Жент, балқаймақ, құрт-ірімшік, егжей, құдай-ау, бәрі қайдан табылғанына Жайлыбай іштей қайран қалып, мәз болғаннан ыржың-ыржың етеді.

Сырбай да дастарқан мәзіріне разы қалыппен «алып отырыңыз, Сәбе» деп қонағына үйіріле қызмет жасап жатыр.

Сәбең де сезімтал кісі ғой, жұпыны үйдің жаны қалмай жайған мол дастарқанына разылығын бүгіп отыра алмай:

– Торғайдың қазақтары екендіктерің көрініп тұр, – деп кеңкілдеп күліп алды да қарлығыңқы дауысымен сөзін әрмен жалғады. – Әйтпесе, шаһарға мұндай дәм қайдан бұйырған? Біздің қазақ осы жұғымы ересен дәмнің арқасында жүз жасаған. Сексенбай, Тоқсанбайлардың шілдеханасында да болғанбыз. Мың жасасын қазағым.

Осылай көкірегі сәл шуылдаңқырап сөйлеген Сәбең алдындағы женттен қасығымен мол қарпып алып, аузына ытырып жіберді. Сырбай болса, дана жазушының бала мінезіне шалқып қуанып, мұрынына жеткен жас еттің иісіне балбырағандай қалыппен масайраңқырап отырды.

Қаймақ қатып, қалампырмен булаған хош иісті күрең шай білінбей ішіліп жатыр. Әңгіме де әлдебір қыспағынан босағандай желпініп жүре берді. Көп нәрсе айтылды.

Негізінен Сәбең сөйлейді. Батылы барып ешкім де араласа алмайды. Әнсіз, бейіл қойып ынтыға тыңдау – әңгіменің

ажарын ашады екен. Осындай құптағандықты сезінген Сәбең еркін көсіледі. Қыза-қыза өзінің осы жолғы сапарының жайынан да мәлім етті. Астана Қызылордаға көшкеннен кейін отбасын сонда алып кету үшін Пресновқа ат басын тірейді. Бұл киелі жерде ата-анасының мәйіті жатыр. Және бір жүрек буып, қинайтыны – бастары көтерілмеген, уақыт мұрша бермей әрі жағдай тапшылығынан осындай еш кешіргісіз сөлекеттікке жол беріп алыпты. Бір қол ұзарғанда ұрымтал етіп жақсы белгі орнатармын деген мақсатпен сол жолы бейіт басына жылқының домалаш жілігінің сүйегін қадап кетеді.

Мұнысы кейін табуға оңай болсын деген тілек қой. Сол домалаш жілік әжетке жарап, Отан соғысы аяқталғаннан кейін әдейі келгенде ата-ана бейітін дәл көздемеlep беріпті...

Бұл жолғы арнайы келісінің мәнісі – сол қорымды қаумалап қоршатып, әке-шеше басына құлпытас орнату екен. (Кейін белгілі болғанындай, Сәбең ата-ана алдындағы перзенттік соңғы парызын орындапты).

Бір кездесудің осындай тағылымды тұстарын көркем етіп, нақышпен әңгімелеп берген Әмірғали Жәмәлиев өткен күндердің сағымына оранғандай болып, сәл мұңайыспен үнсіз қалды. Әлден уақытта серпіліп, серги сөйледі:

– Мына ғажапты қараңыз, – деді ол айтып үлгермеген сөзіне өзі бірінші болып таңданып. – Осы кездесуден соң араға отыз жыл түскенде Сырбай ағамен жүздесудің сәті түсті. Жан досым Ғафу Қайырбековтың Алматыда өткен 60 жылдық мерейтойына қатысып едім. Сол жолы тойға келген біраз қонақтарды Сырағаң үйіне шақырып, дәм татқызды. Сол үйде Сырағаң мені шырамытып отырғанын айтып, баяғы Сәбеңмен болған кездесуді көз алдыма үйірілтіп, зердесінің ғажаптығымен таң қалдырды.

– Сендер сонда Жайлыбай екеуің зыр жүгіріп, Зура шешейдің қолын ұзартып едіңдер-ау. Сәбең де біраз уақытқа дейін сол отырысты айтып жүретін. Сол бір Қостанайдағы ыстық қауышулар менің де әлсін-әлі оймен орала беретін аңсарлы сәтіме айналғаны қашан! – деп, Сырағаң кең құшағына Әбекеңді орап алыпты.

Сырағаңдай жақсы адамдар өнегесі осылайша өміршен келеді екен. Сырағаң өмірден озғанша Торғайдағы ақындық мектептің, оның өркендеу сатыларына қатысты

дерекнамалардың сырын бір кісідей терең пайымдайтын зерттеушілігімен де дараланып тұратын еді. Мәселен, ол шығармашылық қауырт жұмыстарының ара-арасында елімізге Құбаша ақын аталып кеткен Шалбайұлы жайлы тірнектеп мәліметтер жинап, біраз мұра қалдырды. Оның өлеңдерін әр жерден жарғақ құлағы жастыққа тимей жинастырып, азаматтық жасады. Қызылордада тұратын ақынның қызына хат жазып, дерек іздестірудің көздерін пысықтады. Сол жақтың журналистерін де осы іске жұмылдыра білуінің нәтижесінде Құбаша ақынның біраз дүниелері тыныс ашты. Бірақ, немкеттілікті қойсаңызшы, Сырағаңның сондай тірнектеп жинаған азды-көпті бұйымтайлары әлі күнге баспасөз бетін көрмей келе жатуы қынжылтады. Не бір кітап жинақтарына кіргізілмеген, радиодан оқылмаған екен. Құбашаның сондай жыр топтамаларының бір сарасын Сырағаң кейініректе торғайлық төкпе ақын Назарбек Бектемісовке аманаттап тапсырыпты. Ол өз кезегінде ақын мұрасын «Ахмет ұшқан алтын ұя» деп аталатын зерттеу циклді мақалаларында орынды пайдалана білген еді. Назарбек өмірден өткен соң оның белбаласы, әке шығармашылығының баянды қамқоршысы, бүгінде Астанада табысты еңбек етіп жүрген Асқарбек өз қаржысына әкесінің мұраларын жеке кітап етіп бастырып шығарды. Сол еңбектің ішінде әлгі Құбаша ақын туралы да тың деректер молынан ұшырасады.

«Құбаша, қолыңа алып қаламыңды,
Сөйлеп көр бастан кешкен заманыңды.
Жабырқап, жамандарша күн өткізбей,
Көрсетші замандасқа қадамыңды», –

деп жырлай білген Құбаша ақынның өлеңдері ұзақ ғұмырлы боларына күмәнсіз сенеміз. Сырағаңдай жыр жанашырының назары ауғандықтан да ел арасында елеусіз қалып жүрген Құбаша сынды ақындардың біразы қайта тіріліп, екінші тынысын ашқандай болғаны белгілі. Сырағаңдай үлкен жүректі ақындардың шапағаты десек те сыйымды болар мұны.

* * *

Сырағаң ата-мекен, жер-су тарихын бір кісідей жетік білуші

еді. Сәті түскенде сол байлығын там-тұмдап сыртқа шығарып отыратын. Және қалай айтады. Саз айтады. Жетене жеткізіп сорғалатады. Кеуілің исініп, кеудеңе сол ғибрат әлемінің жібек самалы жұпар шашқандай болады. Сырағаңның уақыт ыңғайына қарай үзіп-жұлып айтқандарының өзінен білім-сарайың байиды, өмірге басқаша көзбен сынай қарайды екенсің. Сыншылдық – жай бір әуестік емес, сарапшылдық пен салиқалылықтың белгісі. Ендеше, дуалы ауызды үлкен ақынның жүрегін жарып шыққан әрбір сөз бәтуалы келеді екен, өмір бесігіңді әлдилеп, ойландырады екен.

Опық жеген тұстарың болса, екіншілей от баспауға сақтандырады, адам керемдігі мен мерездігінің уы жайылған келеңсіздіктерден бойы-басыңды аластап ұстауға үйретеді. Халықтың Сырағаңның әрбір айтқанына елеңдеп, егіліп тұратынының бір сыры осындай сөз киелілігінен болса керек.

Сырағаңның Торғай өңірінде дүркірей аталып өткен 70 жылдық тойы барысында (1992 жылдың шілдесі) оның қасында атқосшы болып жүрген біздер де қаншама сиқырлы сөз мәйегіне құлақ құрышын қандырдық десейші... Атақты Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұовтың) Ақкөлінің жағасы. Күн ұясына жалқы нұрын әлсірете шашып батып бара жатқан кез.

Кендірлі түбегінің иініне төндіре тігілген киіз үйдің ығында Сырағаң таяғына иегін сүйеп қойып, әлдебір ойға шым батып отыр. Көлде балықша шоршып, су рақатына батқан мына той қызықтаушыларының алаңсыз, баладай аппақ көңіл-хошына сүйсініп, мейірленетіндей.

– Түбектің Кендірлі аталуы неліктен екен? – дейміз Сырағаңнан сыр тартып.

– Кендір өсетін болғандықтан солай аталған, – деп Сырағаң қара көзілдірігін түзетіп қойды. – Баяғыда, бала кезімізде бұл тұста ит тұмсығы сұғылмастай кендір өсетін. Ұйысып өсетін. Қалың шашқа тарақ қалай өтпесе, кендірдің сондай ұйыса өскеніне таңқалушы едік. Сөйтсек, ол да бір нәсіп, береке көзі екен-ау. Табиғат өз ұрпағы қиналған сәтте, онысын жеңілдетпек ыңғаймен осындай нәпақасымен бөлісетін болса керек. Елдің ырыздығын айтамын-ау. Тар заманда кендірден арқан есіп, түрлі тұрмыстық қажетті заттар өндіріп, азық айырыпты. Кендірден есілген арқан қандай мықты болады. Дүлей күшті өгіздерің жүк толы арбаны шірене тартқанда

үзілмейтін. Үзілмек түгілі, бір тіні сетінемейтін. Кендір арқанмен талай асау тайларды тыпырлатпай тастайтынбыз. – Сырағаң тақымын абайсызда қысыңқырап қалғандай болды. Бейне бір қолындағы кендір арқанды асаудың мойнына лақтырып іліп жіберіп, енді шалқая тартқысы келгендей тас-түйін отыр. – Бір алапат ала тайдың қылығы есіме түсіп кеткені. Кендір баулы құрықты қылша мойнын дәл көздеп салып кеп қалып едім, әлгі шодыр шошаң етіп мұрттай ұшты. Тұрғызбай үстіне қона кетейін. Жұлқа тартсын аңыратып. Бір кезде айласын асырып, кілт тоқтап, мөңкігенде турлықтай боп жерге жалп еттім. Бірақ қолымда кендір арқанның бір ұшы қалып еді. Содан кенедей жабысып айырылмадым. Манағы манағы ма, тай құйындай ұшып жөнелді. Мен арқаннан айырылмай көк майсаның үстінде шанадай жеңіл сырғып келемін. Алдымыздан жылқышылар шығып, тайдың екпінін баспағанда, қандай халге ұшырарымды кім білсін? Тай тоқтамаса, арқан үзілмесе, мен сүйретіле берсем, не болмақшы? Иә, бәрі кендірден шығып кетіп жатыр. Талай қызық болды ғой. Сол кендір үгіндісінен, тұнбасынан есірткі жасап алып, лаң салғандарды да көргенбіз...

Ақкөлдің жағасында жүргенде, оның сыңарындай болып аталатын Ахаң туралы еске алмау әбден қиянат іспеттес еді. Иә, Ахаң осы көлден қашық емес жерде Сарытүбекте туған. Бұл ауыл Жыланшық өзенінің Ақкөл көліне доғаша иіліп, көркем келбетімен иірленіп кірігетін тұсы. Ахаңның жастық шағының бір белгісіндей болып мұнда балықтың не сан атасы өсіп, өнген. Бала Ахметтің қармағына қапқан шабақтан бастап, алабұға, ақ балық, тағы басқалары әлі күнге көл сәні.

Торда тулайтын ақ сазаны ше. Осы көлдің жағасында отырып, Ахмет бала әуелетіп ән салған, домбырасын үйден ұрлап ала шығып күйге басқан. Осы тұста Сырағаң әйгілі Ахаңның он екі күйі бар екендігінен хабардар етті.

Ақкөлдің тарихына байланысты сөз қозғағанда Сырағаң оның тереңдігі 6 метрге жететіндігін, оның алқабында Қарасор, Ұзынсор, Алақамыс, Басшөмішкөл, Орташөмішкөл, тағы басқа да ойдым-ойдым орташа көлшіктер бас құрай келе Ақкөл айдынын асқақтата түсетінін баян етті. Бұл көлдер тізбегі құрғақшылық жылдары бір-бірінен тостағандай болып бөлініп, тіпті суы тартылуға тақаса да қарлы, жауынды

жылдары кемерлері қайта лықсып, екпін ала жосылып Ақкөл жарықтықты жойқын сумен тойындырып тастайды екен. Ал, көлдің малта тастарының сырын сұрағанымызда, Сырағаң оған да мүдірмеді. Тасқын сумен шайылып осында жететін Ұлытаудың қиыршық тастары осыншама жерден құртша езіліп, малталанып қалады екен. «Су тасты теседі» дегеннің кебі секілді.

Сөзіне нені арқау етсе де Сырағаң алдымен Ақкөл мен Ахаңнан бастайды.

– Ақкөлдің Ызбан жақ бетінде Байтөт деп аталатын жарлауыт тұсы бар, – деді ол қара көзілдірігімен арғы бетке шұқшиып қадалғандай болып. – Оның тура арғы тұсы Кәйдек жары аталады. Осының бәрі Әмбетей балаларының, Ахметтің аға-аталарының есімдерімен айтылады. Демек, Ақкөл мен Ахмет егіз ұғым, оны құдай айырмаса, ешкім ажырата алмайды.

Мінез аңғалдығы қашан да ұлы адамдарға жарасқан. Олардың келісімпаздығы қызықты әнімелердің арқауына айналуы да сондықтан болса керек. 2001 жылы Ел тәуелсіздігінің он жылдығы құрметіне құрылып, мемлекетіміздің төрт құбыласын түгел аралап өткен «Менің Қазақстаным» пойызының ішінде болған осы тектес бір әңгімені жаңғыртқалы отырмын. Оны Жастар одағы сыйлығының лауреаты, ақын Қайрат Әлімбек айтып беріп еді.

«Алматы ақшамында» істеп жүрген ол редакцияға келе қалған Сырағаңа көркем прозалық дүниелер, өлеңдер беріп тұруын өтінеді. Бір апта өтпей Сырағаң 40-50 беттік қолжазбасын әкеледі.

Оқып көрсе, керемет бір детектив екен. Оқиғасы қызық, бірақ сенімсіздеу тұстары да бар сияқты. Сырағаң бұл еңбегінде Қызылордада қызметте жүрген кезінде естігенін жаңғыртып баяндап берсе керек. Әңгіменің желісі мынандай... Пойыздағы бір жөлік екінші біреуіне көрші купеде қойны-қонышы алтынға толған бір бай адам келе жатыр, соның «қазыналы» бір аяғын тұтастай кесіп алып жерге қарғы дейді. Өзіміз тосып аламыз дейді. Орындамасаң – өлім жазасы кесіледі дейді. Амал жоқ бұл іске кіріседі. Айтқандарын бұлжытпай, байдың бір аяғын кесіп алып, пойыздан қарғып кетеді.

– Аяқты кесу оңай ма? – дейді қолжазбаны оқып отырған Қайрат бастығына үрейі ұшып келіп. – Жеңілдетсек қайтеді осы тұсын.

– Сөйту керек, қалай жөндесек екен?

– Аяғын кескізбей, қонышын кескізейік!

– Жарайды, табылған ақыл!

Детектив 20 нөмірге жарияланады.

– Сыреке, кей тұсын жымдастырып жібердік, – деп ақталады бұлар кейін.

– Е, өздерің біліңдер. Детектив жаз деген де өздеріңсіңдер. Мейлі, солай-ақ болсын! – дейді Сыраған.

Міне, ақын жүректің баладай бір көңгіштігі мен сенгіштігінің бір мысалы осындай еді. Осының өзі езу тартқызғанымен, оның арғы жағында жүрек жайсаңдығы жан жадыратады, керісінше бірдемеден секем алып, беделім ойсырап қалады-ау деген ызалы намысшылдықтан ада көңілдің дарқандығы, ниеттің түзулігі сезіледі. Аспандаған ақын едім, сөзімді бұзып, мәтінді жонатын сендер кімсіңдер, деп тітіркенбейді, айбат шекпейді. Гүжілдеген дауысын жұмсартып бәсең үнмен «мейлі, солай-ақ болсын» дей салады.

Бірақ кейде осындай аңғал мінез, адал жүрек ақынның білдіртпей аяғынан шалу, дүркіреп жайылған атағына кір келтіру, биікке самғауға ғана жаратылған қаламының қанатын қыркуға күш салу секілді қара ниет ойлардың оған адым аттаған сайын ор қазғаны тағы аян еді. Ақын ондай мерез ойлыларға қанша мән бергісі келмегенімен де күншілдіктің түтіні бықси түскенінен кейде аракідік болса да кідік алып, сескенетін. Сол кеңес билеген тұста ақылдыны мәңгірт ету, қара қарғаны сұңқар ету, дарынсыздан талант жасау дегенің түкке де тұрмайтын. Орынсыз жала жауып, жоғары билік орындарына үстіңнен арыз түсірткізіп, партиялық мәселенді қарайды да, қайқайтып жіберу түк емес ұяттан безінгендерге.

Ретсіз тықсырудың қара бұлты Сырағанды да айналып өтпеген кезінде. Соны, кейінгілерге жиреніп жүрерлік сабақ болсын деп мәлімдей кеткелі отырмыз. Және де сол бір жайтты әлдекімдердің қайта қоздатып есіне салғанда, Сырағанның еріні күбірлеп, бас шайқағанын көрген інісі ретінде де үнсіз қалуды жөнсіз санадым.

...Шенеуніктік шекпеннің біразын ауыстырып киген жазушы Бекежан Тілегеновтің «Қас пен көздің арасында» деп аталатын кітабынан осы үзіндіні келтіру керек пе еді, жоқ па еді, дегенмен өмір шындығынан өзгеше мағынада кір іздеу ниеті айқын байқалып тұрғандықтан және де сол ерсі пайымдауларды жоққа шығаратын дәлеліміз болғандықтан да мәтіннің кейбір тұстарын дәлме-дәл келтіруге бекіндік.

«1977 жылы «Литературная газета» Алматыда «Социализм және ұлттық мәдениеттердің өркендеуі» деген тақырыпта «Дөңгелек үстел» мәжілісін өткізді. Мәжіліске орыстың белгілі ақындары С. Наровчатов, Е. Евтушенко келді.

Біз Наровчатовпен қоштасып жатып, ертең сағат 10-да Орталық Комитетте республиканың басшысы Қонаев қабылдайтынын, таңертеңге дейін тынығып, демалу керек екенін есіне салдық. Басын шұлғып, изегендей болды.

Ертең 10-ға жарты сағат қалғанда бәріміз тегіс қонақ үйдің алдына жиналды. Наровчатов көрінбеді. Іздемеген жеріміз қалмады. Екі қатарлы кішігірім қонақ үйінің түкпір-түкпірін тінтіп шықтық. Қас қылғандай Наровчатов зым-зия жоқ. Қонаевтың қабылдауына 15 минуттай қалды.

Іле-шала мән-жай белгілі болды. Наровчатовтың жоғалып кетуінің сыры да ашылды. Сол күні таңертең ақын Сырбай Мәуленов майдандас досы Наровчатовты үйіне алып кетіп, қонақ етіпті. Азырақ ішіп алған соң аяғы ауырлаған Наровчатов кездесуге бармай-ақ қояйын, Қонаевтан ұят болар деп, сол үйде қалып қойыпты.

Ақыры, Сырбайдың бұл қонақжайлылығы жайсыздықпен, даумен бітіпті. Жазушылар одағының басшысы Әлімжанов осының бәрін әдейі жасады деп, Мәуленов жөнінде Орталық Комитеттің алдына мәселе қойды. Орталық Комитеттің бөлімдері оның ұсынысымен келіскендей болды. Сырбай ауырып, ауруханаға түсті. Әнуар газеттің хатшысы Ә.Жәмішевті ауруханаға жіберіп, Мәуленов арыз беріп, редакторлықтан өз еркімен кетсін деген тапсырма берген екен. Сырбай көп ойланбай, сол бойда арызын жазып, жұмысынан босады. Бірақ бұл оқиғаның бір қызығы, Наровчатов аман-есен Москваға жетіп, қызметін істеп жатты. Барған бойда Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атаққа ие болды. «Бірге ішеміз деп біреуі

жұмыстан босап, екіншісі батыр атанды» деген жазушылар арасындағы әзіл осы кезде тарады. Міне, бұл біздегі жайды, бір мәселеге екі ресми мекеменің әр тұрғыдан қарап, әр түрлі баға беретінін көрсетті».

Иә, автор дұрыс түйін жасайды. Бір мәселеге екі ресми мекеменің әр тұрғыдан баға беруінің мысалдары ол тұста ешкімді таңырқатпайтын. Наровчатов ішсе, ауыз өзінікі. Майдандас досын қонақ етсе, ол Сырағанның адамгершілігінің белгісі. Мақсат – жай бір желеумен редакторды орнынан сырғыту болғаны түсінікті. Кейін осы жайтке Сырағанның үйіндегі апайымыз Күлжамалдың назарын аударғанымыз бар.

Сонда ол кісі кеңкілдеп күліп алып: «Мәскеуден бір қонақтар келген кезде, халық жауы деп қараланған бір орыс жазушысын біздің шал тұрып алып мақтаған ғой, онысымен қоймай өлеңдерін де оқыпты. Соны мәскеулік қонақтардың бірі шағым қылса керек. ЦК-дан бұйрық түсіп, редакторлықтан өз еркімен кеткені бар,»– деп істің шынайы көрінісінен хабардар еткен еді.

– Сол жазушы сіздің үйде қонақта болып, ішіп алғаннан соң Қонаевтың қабылдауына бармай қойыпты ғой. Сырағанның кінәсі осы болса керек, – деп біз Бекежан келтірген әлгі бір тұсты пысықтай түстік.

– Жала сөз, – деп Күлжамал апай ышқынып кетті. – Жала сөз. Қонақ еткеніміз рас. Бірақ басшы қабылдауынан бір күн бұрын қонақ еткенбіз. Үйімізден есен-сау кеткен болатын. Жала дейтінім де сондықтан. Әлдекімдерге Сырбайды тайдыру керек болған да...

Сондай бір қапалы тұсында былайша күңіренгені бар еді:

Дариға айта алмаймын, айта алмаймын,

Май айы болып кетті-ау, қаңтардайын.

«Шынымен жыр жұлдызы сөне ме?» – деп,

Ұрланып көп көздерге жауаңдаймын.

Міне, Сырағаң осындай құқайларды да бастан өткерген.

Таланттар әдейі атылған тастан да тайсақтамаған. Тілін кеспесе болды, халқының тілегі ешбір жауға алдырмайтын камалы ғой. «Халқыңа жағам десең, әділ бол» деген асыл сөз бар. Сырағаң өмірде сол әділдік қалқанын қолынан шығармаған сөз батыры еді.

* * *

«Қазақ әдебиеті» газетінде (20.10.2000 ж.) «Кәдімгі Сырбай болып...» деген пародия жарияланды. Оның негізіне С.Мәуленовтің «Қазақ поэзиясы антологиясында» («Жазушы», 1977 ж.) жарық көрген Мәлік Ғабдуллинге қатысты арнауы алыныпты.

Ол жыр «Жүреді ол бізбен бірге, Батыр жүректі. Қыз мінезді, Кәдімгі Мәлік болып», деп аяқталады. Енді пародия мәтінінің түйініне назар аударып көрелік:

Шабыты бұрқанған,
Нар тұлға, жап-жарық
Нұрдай болып.
Қалды ол мәңгі,
Кәдімгі Сырбай болып...

...Кәдімгі Мәлік болып. Кәдімгі Сырбай болып. Бірі – мәңгілік Батыр-тұлға! Бірі – мәңгілік жыр-тұлға! Халқы бұл асыл ұлдарын бір-бірінен ажыратып қарамайды. Жырдың қос шумағындай, егіздің сыңарындай жұпты күйінде көзге елестетеді. Ел зердесінде соғыстағы батырлық пен жырдағы батырлықтың теңдестіріліп, шендестіріліп қаралуы да мән-мазмұны жағынан үндесіп тұр. Батырлық пен ақындықты қатар қойып, елдік мүддені алғы кезекте әспеттеп көздейтін халықтың дана көңілінің көгінде мәңгі жарқырап жанып тұратын осынау қос жұлдыз араға жылдар түскен сайын өз жарығын еселеп өткірлей бермек... Ендеше, осы жолдар авторы мен Сырбай ақын арасында Алматы қаласында 1982 жылдың 2 қыркүйегінде өрбітілген мына бір сырға құлақ түріңізші.

...Көрнекті қазақ ақыны, Абай атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, лириканың танымал шебері Сырбай Мәуленовтың алпыс жасқа толуын күллі республика жұртшылығы, одан қалды Одақ оқырмандары ыстық ілтипатпен, ізгі тілектестік сезіммен атап өтіп жатыр.

Ақын тойы бүкілхалықтық сипат алды. Ақын жырлары ел аузында. Тарлан талант теңізінің кемерінен асып, дөңбекши тулап, жұрт назарын өзінің ғажап сарынына, адуын мінезіне, бірегей бітіміне аударған сәті бұл. Бүгінде әркім Сыраған

поэзиясының лағыл жыр бағында кең тыныстап, оның көңілді гашық етер көркем сұлулығына мейірі қанғанша тояттауда.

Күздің мынау мамыражай әсем шағы Сырағанмен жүздесуге келе жатқан мені ақын бақыты туралы небір жүлгелі де арналы ой толғамдарына бойлай енгізе берді... Ақын жырларындағы қарапайымдылық пен бейнелілік, әуенділік пен шынайы тазалық оқырмандардың шексіз ықыласына ие болды. Оның өлеңдері мен поэмаларында біздің замандастарымыз – еліміз құрылысшыларының бай да күрделі жан дүниесі айшықты суреттеледі. Интернационалист ақын Чехословакияның халық батыры Юлиус Футчик туралы және Торғай даласында елінің ертеңі жолында күрескен батырлар, қазіргі ауыл өмірі жайлы балладалары әрқайсымызға етене таныс. Ал жапырақтың сыбдыры мен бұлақтың сыңғырын құлаққа айқын естіретін, жауынның «көз жасымен» омырауды жуғызып, ақ терекке «ән» салғызатын, ақша бұлтқа «қол беріп» сәлемдесіп, аспандағы аққуға сызылтып үн қосатын сырбаз ақынның лирикалары ше?

Осындай ойдың жетегіне жегіліп, Сыраған үйінің қоңырауын басқанымда, алпамсадай денесін алға ұстап, есікті өзі ашты. Қостанайдың хал-күйін, есен-саулығын, егін шығымын, өзі жеті жыл қызмет істеген облыстық газет жайын екпіндете сұрап алды. Мен күні бұрын әзірлеп әкелген сұрақтарымды қойдым.

– Алғашқы балапан жырларыңызды қашан, қайда жаздыңыз?

– Қызылорда ауылшаруашылық техникумының нолевой группасында, онда үш жыл оқып барып қана негізгі бөліміне түсетін, сонда жүріп, он үш жасымда «Пионер» деген өлең жаздым. Оның өзі қабырға газетінде басылды. Одан әрі аудандық, облыстық газеттерге шыға бастадым.

– Соғыс лирикасы тұрғысында не айтар едіңіз?

– Қан майданға аттанып бара жатқанда көрген-білгенімді атүсті бұрқыратып жазатынымын да эшелон тоқтаған жерде үш бұрышты хатты тастай беретінмін. Көбін «Большевиктік жолдың» сол кездегі редакторы Қайыржан Бекхожиннің атына жіберетінмін. Ол кісіні мен біразға дейін ақын Қалижан деп жүріппін ғой. Бақсам ол, ақынның ағасы екен. Сол

өлеңдердің шыққаны бар, жетпей жоғалғандары тіптен көп. Қолыма табақтай есеп кітапшасы түскен еді, сол толды ғой өлеңге. Солардың бәрін соғыс лирикаларының бастауы деп білемін. Ал соғыс өтіндегі өлеңдер оқырмандарға таныс. «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Ақ қайың», «Құлын» осылай кете барады. Соғыс лирикаларына қайырылып соға беремін. Оны көзбен көрген біз жазбағанда кім жазады? Ол – адам жанын тербейтін, қанын қозғайтын тақырып, ерлік пен елдік тақырыбы.

– Нұрхан Ахметбеков поэзиясының творчествоңызға әсері?

– Нұрхан тілге жүйрік, лексиконы бай ақын. Эпикалық шығармаларымен, өзінің оқиға құру шеберлігімен, табиғат суреттерін әсем, қаз-қалпында беруімен, көңіл-күйлерінің шектерін шертуімен адам жанын қозғайтын. Қазір Омар Шипин жайлы сұрайтыныңды біліп отырмын. Ол кісімен көп жолдас болдым. Омар оқымағанмен, тоқығаны мол еді, қазақ тарихының тірі шежіресі болатын. Аманкелді өмірі туралы көп оқиға айтатын. Поэма жазды. Адам ретінде де жақсы, аңқылдаған, арқаның желіндей еспе кісі еді.

– Сізді алымды публицист ретінде де қалың оқырман жақсы біледі. Сол жайлы айтсаңыз.

– Публицистикалар мен мақалалардан тұратын төрт жинақ шығардым. Публицистика жазу үшін мынадай алғы шарттар қажет. Өмірді жақсы білу, алған тақырыпты кең зерттеп, терең игеру, яғни түйсіну, сосын шешен тіл керек.

«Большевиктік жол» газетінде істеген жылдарым мені журналист ретінде жан-жақты қалыптастырды. Облыстың көп жерін араладым, адамдармен таныстым, сан қилы оқиғалардың куәсі болдым. Очерк, фельетон жаздым, кішкене хабардан бас мақалаға дейін қызыға қалам тербедім. Соның бәрі шеберлігімді ұштады. Нені, қалай жазу керектігін үйретті.

Қостанайдың И.Павлов, Л.Беда, И.Сьянов, С.Баймағамбетов секілді абзал ұлдарын жырладым. Бұл шығармалардың біразы орыс тілінде де жарияланды. Ауылшаруашылық қызметкерлері туралы да өз толғауымды айттым. Қостанай, Рудныйды да жырға қостым.

Көшелері кең емес,
Көлемі онша көп емес.
Бірақ та сол Қостанай,
Еш қалаңнан кем емес, – дегенім бар.

– Жуырда туған жерді аралап келдіңіз, алған әсерлеріңіз қандай?

– Жас кадрлардың өскеніне қуандым. Олардың білім, мәдениет дәрежесінің әлдеқайда биіктігі шаттандырды. Бұрынғылар мөрге мәз болса, бұлар іске мәз екен. Ал көкейкесті проблемалары да бар екен елдің. Жол мәселесі, құрылыс, ауыз су... Творчестволық жоспар туралы ма? Айттайын. Республиканың өндіріс ошақтарын, өр адамдарын жырлай бермекпін. Ол үшін үйде отырып қалмай, қалың бұқарамен бірге болғым келеді, ел араласам деймін. Қиялдан күшті адамдар бар! Солармен кездесудің өзі бір ғанибет. Мен тың шапағаты туралы көп жазған адаммын. Жансұлтан Демеев пен Аманкелді Исақов орны бір бөлек. Тыңгерлерді әлі жырлай беремін.

– Аударма саласындағы еңбектеріңіз, оның тағылымы жайлы айтсаңыз екен?

– Бұл ауқымды әңгіме. М.Лермонтов пен Н.Некрасовты, А.Пушкин мен В.Маяковскийді қазақша сөйлеттім. Шиллердің балладаларын, Байронның поэма, өлеңдерін аудардым.

Аударманың берері көп, тағылым аласың, үйренесің. Аударма әдебиетті байытады, жақындастырады, творчество өрісін кеңейтеді.

– Таяу арада шығатын өзіңіздің үш томдық шығармалар жинағыңызға қысқаша түсінік берсеңіз екен?

– Осы күнге дейін қырыққа жуық кітап беріппін оқырманға, соның оншақтысы орыс тіліне аударылды. Ал, мына үш томдық қырық жылдан астам творчествомды қамтиды, ел алдындағы есебім. Солардың ішінде тақырыптық жағынан көп нәрсе сұрыпталған, географиясына назар аудардым. Кей өлеңдер қайта қаралған, бұрын кірмей қалғандары қайсыбір жеңіл жөндеумен енгізілді.

– Қостанайлық оқырмандарға нендей тілегіңіз бар?

– Қазақ кітаптары дүкендерде көп жатып қалады дейді,

соған жол берілмесе екен. Әдебиетті насихаттай білу керек. Кітап деген халықтың ең асыл мүлкі. Жақсы кітапты Россияда кезекке тұрып алады. Қоңсылас, көршілес Россиядан осы дәстүр Қостанайға жұқса екен. Сосынғы айтарым, Қостанай үлкен қазына, Қазақстан астығының үлкен ордасы. Соңғы кезде Қостанай астықпен бірге ірі өнеркәсіп ошағына айналды. Оның болашағы зор. Қостанай десе бүкіл Одақ құлақ түреді. Сондықтан қостанайлықтар өз беделдеріне сай тамшылатып тер төгіп, еңбек етеді, ел үмітін ақтайды деп сенемін.

...Күзгі күннің алау жалыны асқар Алатаудың ең биік шыңын жалқы түске бояпты. Сол сұлу көрініске сүйсіне қарадым да әлгі әзірде Сырағаң сыйлаған «Шуақ» кітабын бауырыма қыса түстім. Сонау өр кеуделі құзар шыңды Сырағаң поэзиясына ұқсаттым. Қазақ өлеңінің қиялдай ғажайып биігі ғой, ол!

Міне, осыдан жиырма жыл бұрын екеуара болған әңгімені оқырманға ұсынып отыруымның да өзіндік себебі бар. Ақын жанын ұғына білу үшін уақыт өлшемі еш кедергі бола алмайтынына көз жеткізу еді. Уақыт шексіздігі қайта, ақын мен оқырман байланысын нығайта, берік тінді етіп, жымдастырып жеберетіндей ғой. Тарих қойнауына терең жылжыған уақыт Сырағаңды бізге әсіре жылдамдықпен жақындата түседі екен-ау! Бұл ненің күші? Ақындықтың күші!

Сырағаңмен кейінгі бір кездескенімде ол Қостанай облыстық «Большевиктік жол» газетінде жеті жылға жуық қызмет істегенін, сол кезеңнің тамаша тағылымдарын әңгімелеп беріп еді. Соғыста ауыр жарақаттанғаннан кейін алты ай госпитальда жатып, 1943 жылдың жазында ауылға оралады. Пешков кентінде тұратын үйінде госпитальда танысып, бірге емделген Чеховтың жерлесі Таганрог жігіті Виктор Комаровты жарты ай демалдырып, Троицк стансасына аттандырып салғаннан кейін ол сол жерден Челябинь-Қостанай пойызына отырып, облыс орталығына тартады. Ағайындарын аралап, демалу мақсатымен келген Сырбай бозбала сол жолы көшеде кездесе қалған «Большевиктік жол» газеті редакторының орынбасары Арзымбет Есімовтің ақылымен редактор Қайыржан Бекхожиннің алдынан бір-ақ шығады.

– Мына жігіт сізді Қалижанмен шатастырып, атыңызға майданнан өлеңін қаптатып жіберіп жататын жас ақын

Мәуленов, – деп Арзымбет Сырбайды редактор Қайыржанмен таныстырады.

Сөйтіп, ойда жоқ жерде Сырбай ақын газеттің Федоров, Пешков, Қарабалық аудандары бойынша меншікті тілшісі болып жұмысқа қабылданды.

Газетке мақала ұйымдастыру алғашқы кезде оған қиынға түседі. «Тәжірибемнің аздығының үстіне ауылшаруашылық жұмысының жағдайын мүлде білмейтін едім», – деп Сырағанның өзі мойындағанындай, ол бір репортажында тек қара бидай орыла бастаған кезде тамыздың ортасында орақ түсетін бидайды орғызып қойыпты. Сөйтіп, меншікті тілші күлкіге қалғаны бар.

Бірақ алғыр ақын осының бәрін жедел түзеп, аз уақытта қаламы жүрдек тілші атанып кетті. Оған зор сенім артылып, ұзамай бөлім бастығы, редактордың орынбасары болды. Жеті жылға жуық сол газетте тер төкті. Сол тілшілік өміріне ойша оралатын Сырағаң:

«Кез келген адам журналист бола алмайды. Сірескен цифрлар, қаптаған фактілер, тізілген адам аттары мақалаға қан жүгірте алмайды. Кейбір газеттердің оқылмайтыны да, талғамға татымайтыны да сондықтан болса керек», – деп айтып отырушы еді. Осылайша толғана келіп, ол газеттің кадрлар дүкені мен тәрбие мектебі екендігін, көптеген қайраткерлер, жазушы-ақындар газеттің босағасында өсіп, соның төрінен шығармашылық ұзақ жолға қанат қаққанын небір мысалдармен иланымды жеткізетін. Газет редакциясында шығармашылық ауа райы, өзара түсіністік жағдайы болғанын қалайтын. «Газет – ізденістер алаңы, жаңа тапқырлық жолдары», – деуден сірә жалықпайтын. Барға қанағат етіп, бұрынғы шиырды айналсоқтап таптай беруді газеттің көтермейтінін меңзейтін.

Газет болған істі тіркеуші емес, ұшқыр оймен алдағыны көре білуге де, соған жұртты жұмылдыруға да міндетті екенін тәжірибелі ұстаз ретінде сабақ қылып өсиеттейтін.

Сұлу сөз сиқыр екен, қарап тұрсаң. Иә, Сырағаң өмірінің соңғы демі таусылғанша «Өлеңім – менің маңдай терім, жүрек дүрсілім» деп, ғұмырлық берік ұстанымынан айнымай өткен халқының асыл перзенті. Туған жеріне қатысты алай-пұлай, алып-қашты орнықсыз әңгімелерге тыйым салу

мақсатымен өз қолынан былай тәптіштеп жазып кеткені бар: «Қара бұлттардың көз жасындай қара жаңбыр құйып тұрған күз таңында дүниеге келіпін. Әкем өлеңқұмар, ескіше хат танитын адам. Сол мен туған күнді «1922 жыл, 17 сентябрь» деп көкірегіне түйіпті. Сол жылы жоқшылық айдап, біздің үй Торғайдан толқындай төңкеріліп, Торғай уезіне қарайтын Қызыл жыңғыл басына құлаған екен. Қызыл жыңғыл болса Торғайдан гөрі, Сырдарияға жақын. Атымды – Сыр бойында туды деп Сырбай қойыпты». (Бір көңіл қоярлығы – Сырағаң өзінің өмірбаянында үнемі «Торғай облысының Жанкелдин ауданындағы Торғай поселкесінде тудым» деп жазып қалдырған).

Осыдан артық не түсініктілік керек!? Сырағаңның Қыр мен Сырды тең тізгінмен ұстайтынының мәнісі ашылып тұрған жоқ па? Сократ айтқан екен «Адамға бүкіл әлемнің азаматы болу – мұрат» деп. Сол дана, ойшыл айтпақшы, Сырағаң үшін кең-байтақ қазақ елінің алалайтын бұрышы жоқ, қай тұсында да ақын қадірлі, қошеметті. Әрине, туған жер ұғымының жөні басқа. Оның бала қиялын тербеген бесігі, табиғаттың таза ауасын, жазық даласын, өзен-суын алдына тосқан, алғаш өмір есігін ашқызған, білім босағасын аттатқан, бүкіл жаратылысымен қанына құйылып, жанында ойнаған қасиетті шаңырағы, ата қонысы – Торғай бойы, Тосын тоғайы екендігінде дүдәмалдық бола қоймас. Осы ортада ол табиғаттың сан түрлі құстарынан бастап, жергілікті ақын-әншілердің жырларын тыңдап өсті. Жасынан дастандар жаттады... 1932 жылы Сырбай отбасы тағы да Сырға көшіп келеді. Оның балалық балғын кезі, жасөспірімдік шағы Қызылорда құшағында өтеді. Алғашқы өлең жолдары да Сыр бойында пайда бола бастайды. Сонымен, Қыр мен Сырды қатар өбектеген арқалы ақын жырдың бесігіне де қатар бөленіп, талғампаз жұртымызды мәңгілік өлеңімен сусындатып, шексіз іңкәрлігімен әлдилеп өткен екен-ау! Жыр-ғұмырдың жеті қап көктен сорғалаған жасыны деген осы болар!

Кезінде Мұхтар Әуезов: «Лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе, қысқа қайырылған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде, бабына жетіп, балқып-толқыған күйшінің ше-

бер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді», – деп үш дара-дарынға сүйсініп баға берген екен. Ал, Илияс Омаров болса: «Табиғат заңындай, ақын да ой елегіне салып тек керектісін ғана дарын таразысына салады. Сырбай өлеңдері сол іріктелген көріністерден құралған алқабы кең, күмбезі биік поэзия», – деп Сырағанның ақындық ғажап болмысының ішкі құлпырған көркін көз алдыға жайып салады. Шабыттың салар кестесі де мың өрнекті, қазақы айшықты шығады.

Масатыдай құлпырған жыр-көктемге жалаңаш жауырыныңды тигізіп аунай кеткің келеді... Ай-хай, жыр жайлауының таңғы шықтан құрғап үлгерген саф таза ауасы қандай! Басың айналып, жұлын-жүйкең балбырап сала береді, ақ үлпекке айналып Сырағаң тілдесетін ақша бұлттарға жеткің келіп, қол созасың... Дәурен-ай!

* * *

Сырбай Мәуленовтің сырт мемлекеттердің өзінде аға-інілі, апа-қарындасты дегендей дос-жарандары көп болған. Онымен хаттасып, ақылдасуға, кеңес алмасуға құштарлар жетіп жатыр екен. Олар қысылғанда хат жазыпты, қуаныштарымен бөліскен. Немесе, елдік мүдде шешілер тұста сан-саққа жүгірген ойларын сарапқа салып, сапаластырып алу үшін Сырағаңа жүгінген. Баршасының «Сырбай не дер екен?» деп тағатсыздана хабар күткені байқалады. Өз күдігін мейімдетіп ақ қағазға түсіріп, шер тарқатып алатын алақұйын мінезді жолдаулар да жетіп артылады. Проблема көтеріп, соның шешілуіне алаңдаған жазбалар да Сырағаң мұрағатынан көптеп табылады. Сондай бір хат 1972 жылдың 5 наурызында Уфада тұратын ақын һәм жазушы, қазақ әдебиетінің айнымас жоқтаушысы, қадірменді азамат Сайфи Құдаштан Сырбайға жолданыпты.

«Бауырым Сырбай! – деп басталады хат. – Газетің үшін де, хатың үшін де рахмет. Біз, жеңгең екеуміз қысты өте ауыр өткіздік. Енді ынтызарлықпен көктемді күтіп отырмыз.

Қартайдық. Тоздық.

50 жасқа толу тойыңа шақырғаның үшін рахмет. Бұдан кейін маған Алматыны көру нәсіп бола қоймас. Себебі, мәлім.

80 жасқа жеткен ақ басымды иіп Қазақстан ЦК-сына хат жаздым. Ол хаттың оригиналы 103 беттен тұрады. (Бұл хат Мағжан Жұмабаевты ақтау туралы – Қ.Ә.)

Әйтсе де бұл хатты ЦК оқымады. Оқыса жауап жазған болар еді. Мұны қалай аңларға? Бұл – бір.

Екінші, Алматыға барып, онда өзімді сенімсіз бір адам халіне қойып, Алматы КГБ-сының жасырын агенттері артыман қалмай іздеулері қорлығына ұшырағым келмейді...

Абай тойына шақырып, Имашев жолдастан хат алсам да, өздері осындай саяси ауыр халге қойған соң, бара алмадым...

Аз сөзге құлағың сал, ақын інім,
Ой, фікір, рухымыз жақын, інім.
Ағалық правосын қолыма ұстап,
Келемін айтайын деп ақыл інім.
Өзімді ағамын деп үлкейтемін,
Онымды көрермісің мақұл, інім?
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете көр деп ғафу, інім!
Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,
Күресте кім кетпейді ғапыл, інім?
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылға біздер жарлы, фақыр, інім.
Доңыздай талғамай жеп семіргендер,
Саналып ақылдыға жатыр, інім...

.....
Сыйласын десең жұртың қадір тұтып,
Айғырсып момындарға ақыр, інім.
«Білімді» ел ішінде болам десең,
Шешенсіп, жоқты сөйлеп лапыр, інім.
Қолыңнан мұның бәрі келе алмаса,
Кісімсіп, ең болмаса қақыр, інім!

Мені дұрыс аңлаған, аға көретін, дос тұтатын барлық казак бауырларыма сәлем айт.

Келінге, өзіңе ықыласты сәлеммен:
Сайфи Құдаш».

«Мағжанды ақтау туралы хатты ЦК оқыған жоқ...» деп жанайқайына басқан башқұрт жазушысының сөзінде шындық бар еді. 103 беттік сол хатқа іле мән берілсе, араға 16 жыл са-

лып ақталған Мағжан ақын осынша уақыт «халық жауының» тізбесінде қара жамылып жата бермей, халқымен ерте қауышқан болар ма еді, бәлкім? Бірақ «Ештен, кеш жақсыға» тоқтаған қазақпыз ғой, Мағжанымыздың әйтеуір, ортамызға оралғанына шүкірлік етеміз. Мағжанның жазықсыз құрдымға кеткен қаралы тағдыры үшін жанын табаға шыжғырғандай азапты күй кешкен Сайфи Құдаштың ниеті түзу екен, ұлтымыздың ұлы ақыны өз ұрпақтарымен қайта қауышты. Мағжанға өз қазағынан бұрын туысқан башқұрт ұлты өкілінің ара түсіп, шырылдауында қандай жарасты сыр жатыр десеңізші! Кезінде, қазақ елінде ағартушылық жұмыспен айналысып, бала оқытқан Сайфи Құдаштың өзінен бір жас үлкен Мағжанмен де кездесіп, пікірлескеніне тарих куә. Мағжанды ақтау туралы ЦК-ға хат жазуының бір себебі осында жатуы да кәдік.

Сырағаңа жолданған осы хаттың соңына қосылған өлең шумақтары хақында тереңірек тоқталғымыз бар. Бір қызығы, таңғалдыратыны – осы өлең әп деп басталғаннан «Мен Ахаңның (Ахмет Байтұрсыновтың) жүрегінен шыққан жырмын» дегендей, екіұдай сезімге бөлеп, сөреден ұлы Алашының кітабын алып парақтауға мәжбүрледі. «Ахмет Байтұрсынов» (шығармалары) деп аталатын бұл еңбек 1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Сондағы «Ақын ініме» деген өлеңді Сайфи қарттың хатында келтірілген шумақтармен салыстырып көргенімізде, бір ғажап қалғанымыз – сол мәтіні түпнұсқаның өзі болып шықты. Ал, енді Сайфидің сәл «өңдеген» тұстарын Ахаң түпнұсқасымен салыстырып көрелік. Бірінші шумақта, Ахаңда: «Азырақ құлағың сал, ақын інім, Ойымыз, рухымыз жақын інім. Ағалық правосын қолыма алып», – делінеді.

Сайфиде: «Аз сөзге құлағың сал, ақын інім, Ой, фікір, рухымыз жақын, інім. Ағалық правосын қолыма ұстап...» деп, біз астын сызған сөздермен өзгертілген. Келесі екінші, үшінші шумақ айна-қатесіз көшірілген. Сайфидің төртінші шумағының алғашқы екі жолынан кейінгі Ахаңның мәтініндегі: «Сүйікті милләтіңе болам десең, Нашардың көбірек же хақын, інім», – деген екі жол түсіп қалған. Нәті, Сырбай інісіне ақыл айтып отырғанда бұл насихатты жөнсіздеу санаса керек. Алтыншы шумақтың Ахаң

нұсқасындағы соңғы екі жолы: «Сөзінді тыңдатайын десең жұртқа, Ет асып табақ-табақ шақыр, інім», – деген мәтіні де жоқ. Ал, Ахаңның осы өлеңінің жетінші – соңғы алты жолдық шумағы тұтастай Сайфи хатында көрініс таппаған.

Соны толық келтірейік.
Аузымен орақ орып, бәрін де етер,
Қымызды шара-шара сапыр, інім.
Етпенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім.
Ақылың Аплатондай болса-дағы,
Қымыз бен еті жоқ құр татыр, білім.

Сайфи Ахаң мәтіндерінің кейбір тұстарын неліктен өзгертіңкіреп алды немесе соңғы алты жолын мүлде бермей қойды? Әрине, оның себебін дөп басып айту қиын. Осы өлеңді таңдағаны – Сырбай інісіне сәлем жолдағанда Ахаңның ой-пікірінің өзінікімен ұқсастығы басым рөл атқарды ма екен, әлде. Әлде сөз түсінетін Сырбайға Ахаңның есімі атала қоймаған кезде «өлеңнің кімдікі екендігін өзі табар» дегендей болжам сұрақ тастап, сынап көрмек ойы ма? Ахаңның атынан үріккен, тіпті аталуы ұмытылған сұрқия заманның бедерінде тым болмаса өлеңдері құлақтан-құлаққа көше берсін деген ішкі әлем сілкінісі ме, әйтеуір, Сайфи Сырбай інісіне жазған хатында осы «Ақын інімені» бекер кірістірмегені аян. Сондай қысалаң шақтың өзінде (кеңестік қызыл империя орыстан өзге ұлттардың рухын өлімші, көмескі етіп, сананы мәңгүрттеуге құлшынып-ақ бақты емес пе) Ахаң өлеңін қағазға жазып, шер таратқысы келгендіктен болар, Сайфи Құдаштың бұл қадамын азаматтық ерлікпен пара-пар десек, қателесе қоймаспыз. Ізгі тілек, іштей ширыққан мақсат-мүдде түптің-түбінде діттеген ойдың орындалуына себесін болады екен. Сайфидің ақ тілегі, кіршіксіз ниеті ізгілік пен пәктікті армандаған өзге де ой иірімдеріне жөңкіген қарғын судай қосылып, ақырында Ахаңдардың ақ сөзі мәңгілікке ақталып, халқының игілігіне айналды емес пе. Осы хатты оқығанда Сыраған да осындай ойда болған шығар...

Сырағана арналған жыр-шашулардың өзі тарам-тарам әлем. Жай емес, көз тұндырар, көңіл сүйсінтер ғажап әлем! Ақынды жыға тану үшін, оның жан сырына тереңірек үңілу үшін жыр-арнауларға да аракідік көз сүзгісін салған дұрыс... Арнау көп, дегенмен, Қасым Аманжоловтың 1948 жылы жазған «Сырбайға» өлеңін оқып көрелік.

Сырбаз досым сен едің ғой, Сырбайым,
Сырғытайын, сырымды мен жырлайын,
Сендей серік серуен құрып бір жүрсе,
Мен өмірде қалай мәңгі тұрмайын.
Жаным құмар жан едім бір достыққа,
Болдық серік, жүрегіміз қостық та.
Қайран достық – дүниенің тұлғасы,
Жанымызды жолында біз тостық та.
Серігімсің, Сырбайымсың, ақынım,
Жақсылықпен күтші достық ақырын.
Жалқы жанмын жалғандағы мен жүрген,
Болшы досым, болшы құрбым, жақыным.

Бұған қосып-алар түсініктің қажеті бола қояр ма екен? Қасым мен Сырбай – тағдырдың қазаққа тартқан ғажап сыйы! Қазақ поэзиясы бұл екеуінсіз – жүдеу, солғын, көріксіз болып көрінетін секілді...

Қасымнан шығады... Сыраған Қостанай облыстық газетінде редактордың орынбасары болып қызмет істеп жүрген 1947 жылдың аласапыран көктемінде бір үйде қонақта отырғанда, сөзден-сөз шығып, редакцияда бір орынның бос тұрғанын айтады. Араларында Қостанай қалалық комсомол комитетінің сол кездегі екінші хатшысы Төленді Оразбаев деген қызылшырайлы жігіт отыр еді:

– Сырбай, басқа адамды алып қоймаңдар. Ғаббас деген жігіт бар, соны алыңдар, – деп жата-жабысады. – Меңдіғара педучилищесінде бірге оқыдық. Кішкентайынан әдебиетке құмар. Ауылдағы орталау мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді деп естігенбіз. Ол газетке курьер болып кел десеңдер де қуана-қуана келеді.

Ертеңіне Сыраған Меңдіғара аудандық оқу бөлімінің

менгерушісіне қатынас қағаз жөнелтеді. Бір жеті өтпей, кеңсеге жалпақ бет, қалың ерін қара бала жетіп келеді. Басында көнетоз әскери құлақшын, үстінде ауылда тігілген, иі қанбаған сары тон, аяғында керзі етік, галифе шалбары бар. Анкетаның басқа жағын қоя тұрып, Сырағаң ең алдымен оның өлеңдерімен танысады. Ұйқас, ырғақтары қолмен қойғандай... Газетке жұмысқа қабылдайды Ғаббасты.

1948 жылы Ғаббастың Алматыға баратын жұмысы болып, Сырағаң оған Қасым Аманжоловқа тапсыр деп хат береді. Қайтып келген соң Ғаббас: «Апыр-ай, Сыреке, нағыз ақын Қасекең ғой, «Дауылын» оқығанмен өзінің қандай адам екенін білмеуші едім. Шиыршық атқан күш пен бұлқынып тұрған жүрек екен», – деп тамсанады. Аманжол Рақымжанның Қасымымен дидарласу Ғаббастың жүрегінде өмір бақи өшпес із қалдырады.

Осы Ғаббас ақынның Алматыдағы «Жазушы» баспасынан 1984 жылы «Жыр ғұмыры» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы жарық көреді. Сол кітаптан «Ақынның тууы» деген балладаны оқырмандар назарына ұсынуымыздың себебі – онда автордың өз ұстазы Сырбай Мәуленовке деген шәкірттік ыстық ықыласы қалтқысыз өрілген. Сонысымен қымбат бұл баллада.

АҚЫННЫҢ ТУУЫ

Сырбай Мәуленовке

I

Ару бір әйел аһ ұрып,
Ұйқысыз қарсы ап таң жүзін,
Аруақтарды шақырып,
Тілеген екен жалғыз ұл.
Жерік бопты сол ана
Самалына желдердің,
Сағымына белдердің,
Сыңғырына бұлақтың,
Сәулесіне шырақтың,
Сайрауына бұлбұлдың,

Самғауына дүлдүлдің,
Дүниеге шаттық сыйлаған
Әуеніне әншінің,
Дүниенің нұрын жинаған
Мөлдіріне тамшының.
Имандай бұл бір ақиқат –
Сол ана бақыт көріпті.
Қызғанбай одан табиғат
Қызыққанын беріпті.
Торғайдан бастап толғатып,
Тобылда біраз тынықты.
Сыр бойына түн қатып,
Сазандай бір ұл туыпты.
Кең болсын деп анасы
Ел-жұртын түгел жинапты.
Ер болсын, деп атасы
Сәбиге қанжар сыйлапты.
Балалық шақтан алшақтап,
Ананың балапаны да,
Қыздарға кетті қашқақтап
Атаның алақанынан.
Қызылын аңсап гүлдердің,
Қызуын аңсап құшақтың.
Бастады өнер бір керім,
Жыр болып жаны ұшатын.
Жыр болып жаны тұратын,
Туған жер, туған аспанда.
Осылай туды бір ақын,
Дүниені бөлеп дастанға.

II

Үзілді кенет бар қызық,
Шалынды өртке шартарап.
Жорыққа тартты жалғыз ұл,
Жол дорбасын арқалап.
Зарыға күтті анасы,
Құлыным қашан келер деп.
Атар таңмен таласып,
Қарады жолға елеңдеп.

Сақтады дәмнің дәмдісін,
Құлыным келсе жесін деп.
Өсірді гүлдің әр түсін,
Жалғызым келсе көрсін деп.
Дастарқан жайса, бір кесе,
Жалғзын күтіп тұратын.
Машина кенет гүр етсе,
Жүгіріп үйден шығатын.
Түйсіктің бары шыны ма,
Сезеді ана ішінен.
Оқ тиген күні ұлына
Оянды шошып түсінен.
Ақсарбас айтып жылады,
Төбеде күтті телміріп.
Ағылды жастың бұлағы,
Ақылын зарға жеңдіріп.
Ажалды бұлтпен торлаған,
Жалғзының басын
Арашалап қорғаған
Ананың көз жасы ма?..
Әйтеуір аман қалды ол,
Туған жердің бағына.
Аяқталып қанды жол,
Қауышты елмен сағына.
Жүрегі жыр боп соғатын,
Туған жер, туған аспанда.
Ортаңда отыр сол ақын
Елуден жасы асқанда.
Шіркін-ай, ару ананың,
Бүгінгі орны төрде еді.
Әлпештеген баланың
Қызығын да көрмеді...
Анасыз тумас әр адам,
Демендер бұл сөз жалпылау.
Ақынды тапқан анадан
Айналсандаршы, халқым-ау!

Иә, Сырағандай ақынды тапқан анадан сәт сайын айналсаң
артық етер ме?!

Сырағанды жыға танитындар оның көп білетінін және есте түйгенін келістіріп айтып, әңгімеге қандыра отырып-ақ суатқандай әсер қалдыратын қасиетін ақынның табиғи жаратылысындағы артықшылықты аңғартатын ерекшелікті мойындау іспетті еді. Ол кезінде халық ақыны Омар Шипиннен естіген Кенесары, Наурызбай батырлардың, атакты Балуан Шолақтың өмірін жақсы білетін. Әсіресе, Балуан Шолақтың ғашық болған Ғалиясын соғыстан кейінгі жылдары Ақмола қаласының бір ауданында әдейі іздеп барып, көргенін жыр қылып айтатын. Нұрхан Ахметбековты сонау Қызылжарға апарып, ақындармен айтысқа түсіргенін ұрпақтарының есіне салатын. Ал, туған жерді аралау барысында жолай Аманкелді ауданына соғып өтіп, замандастарымен армансыз әңгімелесіп, мауқын басып қалатын. «Байдақ, сен әңгімені жақсы айтасың» деп, алдымен құрдасы ақын, шежіреші, бүгінде марқұм болған Байдақ Молдашевті таптыртып алып, сонымен арқа-жарқа болып, армансыз демалып қалатын. Екеуі кейде кезек тоспай жосылтып жібергенде, ауыздықтарымен алысқан тұлпарлардай тым алысқа шығандап кететін. Сондай-ақ осындағы өзінің жақсы көретін ағалары – Мәулен Әбішевпен, Молдағазы Ермағамбетовпен, Жаңбыршы Жаңғабыловпен, Байқоныс Мұхамеджановпен, Тайжан Батырбековпен, тағы басқалармен сәлемдесіп кездеспей, әңгімелеспей бір кетпейтін. Сырағанның осындай әдептілікке суарылған кең мінезін халқы да ұнатып, соңынан «Сырбай не айтып кетті екен» десіп елендесіп отыратын.

Оның ел мен жер тағдыры, ауылды өркендетудің проблемалары мен кейбір орын алып жүрген кемшіліктері хақында жанашырлықпен айтқан сөздері жұрт көкейіне қонатын. Және кейіндері ауыз су тапшылығы, радио желісі, телефон байланысы секілді ауылдастарына арман боп қалған көлеңкелі мәселелер Сырағанның аудан не облыс басшыларына айтқан бірер ауыз сөзінен соң іле шешіліп, елдегілер жарылқанып қалатын. Ақын-жазушымын деп күпсініп келіп, көзіне ел шаруасының біреуін ілмей, өзінің атақ-даңқына бөсіп, қалтасына бірдене түсіп, арқасына шапан жабылмағанына ел ішін сыбап кететін талай тәртіпсіз «дарындар» да кезігуші

еді. Сырағанды солармен салыстырып, «бос сөзбен қақ-соғы жоқ, азамат қой, ел үшін күйіп-піседі, пендешлік мінезден ада кісі» десіп оған разы болысатын.

Сөйткен салиқалы сөзіне, сабырлы мінезіне, тұрлаулы бітім-болмысына қызыға қарайтын ел іші енді Сырағаң өмірден өткен соң ол туралы да жақсы лебізді әңгімелер айтып, «жақсылығыңызға қайтарған жақсылығымыз осы дегендей, оның өзі жөнінде де әдепті әңгімелер шоғырын жүйелендіріп дестелей түскендей. Жақсының аты өлмейтінін халқымыз шегелеп айтып кеткен. Ал, жақсы ақынның ша-рапаты оның өлең-жырымен таныс әр пенденің маңдайын самал желдей желпіп шырайландыратынын екiнiң-бiрi түсiнедi. Жақсы ақынмен күнде тiлдесiп жүргендей жанын жылылыққа бөлейдi.

Сырағаң өмірден озған соң бұрынғы-бұрынғы ма, ол туралы әсерлі әңгіме тіптен қоздай түскен... Солардың бір маңыздылығы – Сырағаңның бұрын айтылмай жүрген өнегелі, тағылымды жақтарының мол қамтылғандығында екен.

...Көкірегі шежіреге бай, ауызекі сөздің жорғалаған шешені, кезінде Ұлттық ғылым академиясында мінсіз қызмет атқарған Сейітбек Нұрханов жүрген жерінде Сырағаң туралы әңгімелеуді парыз санайды... 1957 жылдың күзі еді деп еске алады Секең. Мұхтар Әуезовтің 60 жылдығын тойлау Алматыда үш күнге созылады. Абай атындағы опера-балет театрында мерейгер туралы баяндаманы Сәбит Мұқанов жасапты. Сөзінің соңында ол өз сыйлығын Мұхаңа табыс етіпті. Екеуінің құшақтасып тұрған сәті Секеңнің көз алдында мәңгілікке қалып қойғандай екен. Алқалы жиында Мәскеу мен Ленинградтан, өзге де ұлт республикаларынан келген өкілдер арнау өлеңдерін оқып, құттықтау сөздерін қарша боратса керек. Бір кезде мінберге Константин Симонов шығып, «Рука» деген өлеңін келістіріп оқып беріпті. Зал іші араның гуіліндей жанданып кетіпті. Арқалы ақын осындайда қарап тұра ма? Сырағаңның да делебесі қозып, халық алдына қалай шығып кеткенін байқамаса керек. «Мен де қол туралы өлеңімді оқимын» депті де майданнан жараланып қайтқан солдаттың өр кейпін суреттеген өлеңін күңіреніп оқып жіберіпті. Зал іші манағы-манағы ма, қозғалақтап кеткен-

дей болады. Секең Сырағанды сол жолы алғаш рет көрген екен. Содан оны бауырына тіптен жақын тартып кеткендей болады. Бірақ Секеңнің өкініңкіреп өзі мойындағанындай, Сырағана тым жақын жуыса алмай, сыртынан ғана тілекшісі болып, араға отыз жылдай уақыт түсіріп алыпты. Бұл кісілер кейін Ахмет Байтұрсынов ақталып ортамызға оралғаннан соң ұлы адамның еңбектерін насихаттауға бірігіп атсалысады. Секең Қазақ КСР Ғылым академиясында жұмыс істеп жүрген 60-жылдары Есім Байболов деген кісінің көмегімен «Труды Общества изучения Киргизского края» (Оренбург, 1922, вып.3) дейтін кітапты (ол кезде бұл қолға берілмейтін) алып ішінен Міржақып Дулатовтың «Ахмед Байтурсунович Байтурсунов» (Библиографический очерк)», Елдес Омаровтың «Ученая деятельность А.Б.Байтурсунова» дейтін мақалаларын көшіріп алған екен. Осы еңбекті екеулеп жүріп кейін баспасөз бетінде жариялауға күш салғандары бар. Олар Ахаң туралы бір жылы жаңалық ести қалса бір-бірімен бөлісіп, сырласып жүріпті.

Ой-пікірлерін бұқаралық ақпарат құралдарында бастырмай тұрып, өздері ой қорытып, пісіріп алады. Әйтпесе, бұл тақырып көлденеңнің қанжығасына байлана беретін жеңіл тақырып емес. Оны тоқсан толғап таразылау керек. Жаңылыс кетуге, ағат басуға мүлде болмайды. Сондай жауапкершілікпен ақылдасып жүрді екеуі.

Сейітбек аға Ахаң туралы сондай бір әңгімені халқымыздың ардагер перзенттерінің бірі Әлімхан Ермековтан естігенін еске алды. Ұмытпаса, 1965-1966 жылдардың бірі болса керек, Әлімхан Ермеков Академияның Тіл білімі институтында істейтін Сәйділ аға Талжановқа келіп екеуі бір-екі сағаттан артық әңгіме-дүкен құрады. Сонда Сәйділмен бір бөлмеде отыратын Секең әңгімеге құлағын түріп ұстап қалғандарын кейін жаңғыртып айтып берген болатын... Әлекең керемет шешен кісі екен, сөздің бір иіні келгенде Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов туралы: «Әлекең Әлекең болсын, қалайда анау қозғалыстың басында тұрды. Ахаңның жазығы не? Ол кісіні жұрт «совесть народа» деуші еді ғой» – деді. Алаш қозғалысының қос көсемі туралы осынау пікірді кейін Сырағана айтқанында ол кісі «Сен мұны бір жерде жариялауың керек қой» деп ақыл-кеңесін беріпті.

Ахандардың ақталған мерзімінен ширек ғасырға жуық бұрын айтылған осынау сөзді сол тұста тіс жарып сыртқа шығарудың қаншалықты қауіпті екендігін бүгін ғана саралап, пайымдағанын түсінеді Секең.

Сырағаң халқының аяулы ұлдары Ахаң мен Жақаң бастаған алаш азаматтары ақталғаннан кейін бес жылдай ғана өмір сүрді. Өкінішті-ақ. Ол өмірден озарын сезгендей, алаш арыстары туралы асыға, аптыға жазды. Бейнебір, ойындағысын айтып үлгере алмайтындай сырқаты меңдеген уақытын аямай жұмсады. Тәңірі қолдап, айтарын жырларында батыл айтып кетті. Соларының біразын Секеңе телефонмен оқып, пікірін сұрайтын көрінеді. Жақаңа арналған бір өлеңіне «Міржақып» деп ат қойған екен. Секең өз пікірін былайша білдіріпті. Ол кісінің есімі мәтін ішінде айтылғандықтан, қайталай бермей, өлеңді ағамыздың қабірін 57 жыл бойы қастерлеп сақтап, естен шығармаған елдің атымен «Рақмет, Карель халқына» деп атаған жөн шығар деп ой тастайды. Бұл ойды Сырағаң құп көреді. Міржақыпқа соғылған мәңгі ескерткіш өлең осылай аталып, оқырмандарынан жоғары баға алды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, ақын Сырбай Мәуленов дүниеден өткеннен кейін оның есімін мәңгі есте қалдыру жөнінен бірнеше шаралар қабылданып, жүзеге асырылды. Атап айтқанда, «Халық жазушысы, ақын Сырбай Мәуленовті мәңгі есте қалдыру туралы» Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті 1993 жылғы қарашаның 22-сінде қаулы қабылдады. Онда Сырағаңның өмірі мен шығармашылығына қатысы мол Қостанай, Торғай, Қызылорда облыстары әкімшіліктерінің, Қазақстан Жазушылар одағының ұсыныстарын қолдай және бұған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Алматы қаласы әкімшіліктерін қатыстыра отырып, Қостанай облысы әкімшілігінің қаржысымен ақын қабірінің басына ескерткіш-белгі, ал, Алматы қаласының Интернационал көшесіндегі ол тұрған 129-үйге мемориалдық тақта орнатылсын делінген болатын. Қаулының екінші тармағында Алматы қаласының Интернационал көшесіне, Қызылорда, Арқалық қалаларындағы бір-бір көшеге, сондай-ақ ақынның туған жері

Торғай облысының Жанкелдин ауданындағы мектепке оның есімін беру туралы көрсетілді. Бұл шешім мерзімді баспасөз беттерінде Қазақстан Республикасының сол кездегі Премьер-министрі С.Терещенконың қол қоюымен жарық көрді.

Өкінішке орай, бұл қаулының орындалуына бас-көз болатын адам табыла қоймауы ақынның отбасын біраз әбігерге салғанын айта кетуіміз керек. Қолдың қысқалығына, қаржының тапшылығына қармастан Сырағанның отбасы намыс үшін бел шешіп күресті. Жоқтан барды өздері жасап, асқар таудай отағасының аруағы алдында жанкештілікпен парыздарын өтеп шықты. Біз олардың осынау іс-қимылын өнеге ретінде көрсетіп отырғанымызды жасырмаймыз.

Сонымен, Алматы қаласы маңындағы Кеңсай қорымында Сырағанның қабірі басына ескерткіш белгі ашылды. Оның авторы Қадырхан Кәкімов. Сондай-ақ өзі тұрған үй қабырғасына орнатылатын мемориалдық тақтаға да өздері тапсырыс беріп, үлгертті. Күлжамал апайдың айтқанындай, жоғарыдағы қаулының екінші тармағында көрсетілген – көше, мектепке ақын есімін беруге келіп тірелетін шаралар созылып бара жатқан соң, оны жеделдетуді өтініп жоғары инстанцияларға өтініш-арыздар жолданыпты. Іздеушісі бардың жоғы табылады екен. Сырағанның артын ала қайтыс болған үлкен ұлы Дүйсеннің қазасы жандарына батқан қаралы отбасының еңсе көтеруіне себеп болған жақсы хабар бірінен соң бірі жете бастады. Осыған да шүкірлік еткен отбасы қайғыдан бас көтеріп Сырбай Мәуленов есімінің Арқалық қаласының бұрынғы Комсомол көшесіне, Торғай облысы Жанкелдин ауданындағы Милісай қауымдастығындағы бұрынғы Юбилейная мектебіне, Қызылорда қаласындағы Калинин көшесіне берілгендігіне жүрегі жарыла қуанған еді. Кейін Сыраған есімі Қостанай, Астана қалаларындағы мектептерге де берілді. Сөйтіп, ақынның мәңгілік өмірі осылайша жалғасып ұрпақтарымен қатар, оқырмандарының да абыройын асырып тастады... Осынша құрметтің баршасын жүрек сүзгісінен өткізе келе Сырағанда арман жоқ екен дегендей ойға қаласың.

2002 ж.



ҒАФУ-ҒАЙЫП

I - тарау

РУХТЫ АЛТЫ КҮН

Бірінші күн: «Ана тілің – ұяң, ордаң!»

12.XII.1991. Арқалық. Сағат 14.00-де «Қазақ тілі» қоғамы Торғай облыстық ұйымының пленумы ашылды. Сонда отырғанбыз. Пленумның соңына таман оның қатысушыларын дүр сілкіндіріп, елең еткізген бір тосын жаңалық болды. Белгілі жыр дүлдүлі Шәміл Мұхамеджановтың 60 жылдық мерейтойына Алматыдан келе жатқан Ғафу Қайырбеков (зайыбы Бәдешпен), ақын Жеңіс Қашқынов, Шәмілдің әйелі Мәрия, ұлы Самұрат ұшақтан түскен екен. Жерге табаны тиісімен Ғафаң: «Ел аман ба, не жаңалық бар?» – дейді ғой тағатсызданып. Қарсы алушылардың бірі дәл қазір алкалы жиында тіл тағдыры сөз етіліп жатқанын айтып қалса керек. Ғафаң «а, не дейді?» – деп орнында тыпыршып тұра алмай, «әйдә, соған тарттық» дейді жанындағыларға. Сөйтіп қос ақын Ғафу мен Жеңіс жиналыс төрінен бірақ шығыпты. Баршамыз мәре-сәре болып қалдық.

Осы жолы Ғафаң келістіріп сөз сөйледі.

– Миндеттерің тіл үйрету ғана емес, қазақ тілінің бүкіл тарихын үйрету. Қазақ мемлекетінің тарихын үйрету. Байтақ еліміздің әнін, мұражайын, салт-дәстүрін... бәрін қамту. Жерімнің, суымның аппақ тарихы қайда? – деді Ғафаң шалки түсіп? – Біле-білсеңіз, «Қазақ тілі» ұйымы – ұяң, ордаң!

Ағындап кеткен ақын сонымен бірге облыстық ұйымның әлі күнге газеті жоқ екендігін сынағанда, тіл жанашырларының беттері ұяттан ду ете түскендей болды.

Осы отырыста кезінде КСРО-ны қолынан күйреткен Горбачевтың Қазақстанның бес облысы жөніндегі (тыңдағы облыстарды Ресейге қосу тұрғысындағы) бопса сөзіне орай наразылық мәлімдемесі жасалды.

– Әй, Қайсар, – деп Ғафаң төрден санқ етті. – Осыны, мына айтып жатқан талабымызды «Егемен Қазақстанға» жаз!

Сонау алғы тұстан оның өзіме елжірей қарап қалғанын сездім. Атым аталған соң отыра беруді ретсіз көріп, амалсыздан орнымнан сәл көтеріліп, әлгі тапсырмасын құптағандай болып жатырмын.

Жиналыс соңында «Торғай таңы» газеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ақын Әбжан Әбілтаев екеуміз Ғафаң сәлем бердік. Зал іші «үф» десең демің көрінердей ызғарлау еді. Соған қарамастан Ғафаңның қолы жып-жылы екен. Бойымызға әлдебір дәру күш тарап, қуаттанып кеткендей болдық. Бұдан соң олар – жазушы Сейіт Кенжеахметов, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Нұрхан Исләмиев, Жеңіс Қашқынов бәрі қаладағы Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-интернат оқушыларымен кездесуге кетті.

Күн шаңғытып тұрған. Оң қолына сүйеніш таяқ ұстаған Ғафаңды қолтығынан демеп мәшинеге отырғызып салдым.

– Мынандай айна мұзында таяқ итің де жай нәрсе! – деп Ғафаң кәбеңкеге қорбандап әрең мініп, жайғасты.

... Осы жазда Ғафаң мына түріне қарамай Торғайға бір келіп кеткен. Қос алып – Ахаң мен Жақаңның республикалық ұлан-асыр тойына қатынасқан-тын. Онда халі тіптен мүшкіл еді.

Қос балдақпен әрең жүрген. Оның қасынан Бәдеш жеңгей бір елі қалмайтын. «Таянышым, тіренішім – осы сұлу Бәдешім» деп күлдірткені бар. Торғайда дүбірлеп той өтіп жатқанда асау жүйрік үйде тақым қысып отыра алсын ба? Тартып кеткен ғой... Бұл жолғы келуінің де аса зор маңызы бар. «Шәміл тойы атқарусыз қалатын болған соң, мына күйіме қарамастан, қыстың көзі қырауда тағы келіп тұрғаным», – деп Ғафаң бізге ақталғандай болып жатыр... Иә, моншаның жоғары жайдақтау сөресінен абайсызда домалап кетіп, ыссы буға қақталып қалған ақынның көрешегі бар екен, әйтеуір. Аурухана азабын айлап тартса да, Алла жар болып, бәріне шыдас беріп, енді аяғына ілігіп тағы келіп тұрғаны ғой... Беу, Ғафаң ғана жарасатын мәрт мінез ғой бұл!..

Екінші күн: «Туған жерге еркеледім...»

13.XII.91. Таңертеңгілік қонақтар түнеп шыққан «Арай» мейманханасынан шай ішіп жүргелі жатыр едік, Жанкелдин ауданының «Албарбөгет» кеңшарынан келген той иелерінің бітпеген бір шаруасы болды да аттанысты түс мезетіне

қалдырды. Оған дейін Ғафаң жанына С.Кенжеахметовті ертіп алып, облыстық мұражайды аралап, «Ел мен жер» деген жуырда ғана шыққан кітабын сатып алып және бұған Сейіттен пұл алғанын, өзінің қалтасына ақша салмайтынын айтып, жұртты күлдіре кірді ішке.

Мейманхана ішінде отырып бізге – журналист Сағындық Мырқалиевқа, облыстық мәдениет жөніндегі комитеттің төрағасы Жұмағали Өмірбековке және маған әлгі кітабына қолтаңба жазып берді. Маған былай деп жазыпты:

Қалқам Қайсар!
Сен менің өз сүйегім, нағашымсың,
Қазақсың, қара шаңырақ алашымсың.
Өтейден өрт боп туған бауырым едің,
Сол отың жүзге дейін жана тұрсын!

Ағаң Ғафу. 13.XII.91. Арқалық.

Алдында коньяктан сәл-пәл тастап алғаны бар, үшеуімізге де желпініп отырып, лезде жазды.

Тапа-тал түсте Жанкелдин ауданының «Албарбөгет» кеңшарын бетке алып шықтық. Күн жалтаң, жаяу борасын сусып жатыр. Қаладан былай шыға бере Ғафаң мінген «Ниваның» доңғалағы жарылып, біраз тұрып қалдық. Суықтан қорынған Ғафаң басқа мәшинеге отыра тұрды. Ол кісінің қасына Жұмағали мен Бәдеш жеңгей жайғасқан еді. Екеуі де кәдімгі «ақылшылық» міндетін атқаруға ойша келіскендей ме дерсің. Жолай көліктері жиі-жиі тоқтаумен болды. Кейін жігіттердің айтуынша, ондай «кідірістердің» сырын да естіп-біліп, қайран ағамыздың тізгінге онша көнбегендігіне таңқалғанымыз бар.

Құмкешудің маңында, Айтбай елді мекенін қапталдай өте бере Жанкелдин ауданының шекарасында көлік керуені лықсып барып тежелді. Сол-ақ екен Ғафаң кәбеңкеден буы бұрқырап түсе берді. Сақылдаған сары аяздан, алмастай өткір желден қорынатын түрі жоқ. Мойын шалмасының бір ұшы босай қобырап, алқымы жартылай жалаңаштанып қалыпты. Маңдайына баса киген құндыз құлақшынның етегінен көрінген желке шашы желмен жұлқынып ойнап, желбірейді. Тіпті ақынның барлық мүшесі қуана ойнақ салып, табиғаттың мына қатыгез мінезімен астасып кеткендей ме дерсің.

– Құдай-ау, туған жерді басып тұрмын! – деп тебіренген Ғафаң құр сөзбен емес, мұнысын коньякпен де әсерлеп, әрлендіріп жіберген.

Осы тұста ортамыздағы біреу Ғафаңды сөзден жығып қалмақ ойнақы ниетпен:

– Осындай лебізді Арқалық әуежайында да айтып едіңіз, – деді.

Ғафаңнан сөз артылған ба?

– Е, мен Қазақстанның қай түпкіріне табан тіресем де баршасын осылайша еміреніп, құшағыма ораймын! – Ғафаң сәтте тапқыр бірдеңе айтар әдетімен өзгеше өркештене түскен сыңайлы. – Бірақ, мына жер Қайырбеков туған аймақтың шекаралық пұшпағы болғандықтан ба, ой пәлі-ай, тым-тым ыстық!

Оның мәшинеге мініп, түсуі едәуір қиындық туғызып жүрді. Ондайда мен көмектесе қоямын. Оң қолында таяғы бар, оң аяғы бастырмай ауырсынады.

«Албарбөгетке» кешкі 7.30-да келдік. Директор Жаңбырбай Досбаевтың үйіне түстік. Бізді ауатком төрағасының орынбасарлары Ғалым Жүзбаев пен Ұлтан Оспанов жолдан күтіп алды.

Келе Ғафаңның жүрегі қысылып ауырып қалды. Әйтеуір, дәрі беріп, дем салып, массаж жасап, ұйықтатып әлдендіріп алдық. Ол кісі демалып жатқанда дастарқан басындағы бізге жергілікті таланттар өнер көрсетті.

Әсіресе өнерпаз Нағашыбай Алпысовтың келістіріп төккен термесі көңіл өсіріп, бой ширықтырды. Оның айтқан мына жыры қандай ғажап! Ол – халық ақыны Нұрхан Ахметбековтікі еді. 51 жасында қазақша күрестен Орта Азия чемпионы болған, кезінде көк шулан қасқырды құдықтан жалғыз қолмен суырып алған атақты палуан, теңдессіз күш иесі Таңатқан Дүйсекеев туралы асыл жыр еді ол. Сол жырдың «мерт болып бие сауым» деген тұсында Сейіт жыршыны былайша түзеді: «Мерт болса өлгені ғой, мертігіп шығар» деп.

Кейін Ғафаң қатарға қосылды. Бір қор ете түсіп оянған соң Бәдеш жеңгей ыссы шай беріп еді маңдайы жіпсіп, сүт сұраған қозыдай зайыбына жаутаңдап қарай берді...

Төртегі дөкей жаны ашығансып:

– Мәшинедә ішкен шығарсыздар? – деп еді.

– Ағып келе жатқан мәшинедә сау кісі арақ іше ме? – деді
Ғафаң анаған алая қарап.

Маңайын күлкіге, әзілге бөктіріп отырған Ғафаң дастарқан
басында Нұрханның еш кітапқа түспеген мына бір сөзін
айтты:

«Арғындар «ахау» десе, кетер ұзап,

Бейнебір былтыр кетіп, биыл келген...»

Бұдан соң жұрт тіпті көңілденіп, кеңкілдей күлісіп, ақынға
жатырқамай, өзімсіне қарап, арқа-басын кең ұстап отырды.
Сәл тыныштық орнағанда ауыл мәдениетінің жанашыры
боп танылатын шикіл сары жігіт Ғафу ағасына жәудірей
қарағыштап тосылып қалды да:

– Аға-ау, аға! – деп үздігіңкіреп, ұялған сыңайда күмілжи
берді. – Бірдеме сұрайын деп едім, аға!

– Е, денің сау ма өзіңнің? Сұрасайшы енді, – деп Ғафаң
езуіне күлкі үйіре, әдейі жекіп ұрысқандай рай танытты.

– Сұрасам, аға, былай!

– Е, пәтшағар, қалай?

Шикіл сары жігіт қымсынуды қойып, тікесінен салды.

– Аға-ау, аға! Шәміл сізден үш жас кіші дейді ғой. Сол
кісіні көзге қалай елестетуге болады?

Ғафаңа да керегі осы секілді ме, кетті дерсіз, ауыздығымен
алысып:

– Шәміл аса бір таза, бейкүнә, момақан, жанап кетсең,
жаныңа майда жел есетін, ешкімге қабақ түймеген, қатты
сөзді сүймеген, жеп-жеңіл, жарасымды әзілкеш, тұтқиылдан
сөз тапқыш, кісіге салығы, ауыртпалығы жоқ ерекше ақкөңіл
жігіт еді, – деді де әлгі шикіл сарыға, «қалай, тұшынасың
ба?» сыңайында иек қақты.

– Аға, аға-ау, аға! Тамаша-тамаша! – деді ол бас шұлғып.

– Тамаша болса, тағы тамсан, ал! – деп Ғафаң әрі жөнелді.

– Шәміл барынша қанағатшыл, өз ризығы өзімен, соған, сол
тағдырына уайымдап, күйініп, шаршап әуре болмайтын,
«Құдайға салдының» кісісі еді, айналайын. Қолымда өсті,
қызметте қарауымда істеді, жалғыз ауыз ауыр сөз айтып,
маған да өзге де суық қараған кезін көргем жоқ. Әулие ақын
болып-ақ қой, бірақ адамдық, кісілік сүйкімділік керек қой.
Жұрт өлген соң да, тірліктегі мінезің, қадіріңмен сыйлайды

ғой. Мәселе – тірі күйінде қадірлі болуыңда! Шәміл бауырым нақ сондай асылдан еді-ау!

Шикіл сарының сол сәттегі ұшқын атқан жанарын көрсеніз, өзіңіз де жалындап, жанып кетуге шақ қалар едіңіз...

Үшінші күн: «Шәмілдің жырымен жылындым»

14.XII.91. Ғафаңның отырған жері, айналасы әзіл-қалжың, думан, даңғаза. Ол Шәмілдің анасы Бибі жайында есінде қалған қызық жайттарды айтып берді.

– Бірде үйіне барсам, ол кісі алжи бастағанын айтып, мұңаяды. Бір күні нанның үгіндісі деп ойлап, кәдімгі гупканы (жуынғанда дене ысатын жұмсақ ысқыш) аузына тастап жіберіп, қақалып қалыпты. Енді бірде немерелерін ұйқатпақ болып, ежелгі әдетімен оларды май құйрықтарынан қағып жатса, пәтшағарлар көз іле қоймайды. Сөйтсе, «бетім-ау, өз құйрығымды соққылап жатыппын-ау!» – депті.

Бибі жарықтық аса айтқыр, шешен, ылғи да бейнелеп сөйлейтін әрі сынықшы, емші адам болыпты. Күл боп кеткен сүйегінді жинастырып, қаластырып, бүтіндеп бергенде, кейін дәрігерлер жағаларын ұстап: «мына аяғың, не қолың еш сынбаған ғой» деп, иланбайды екен. Ғафаң өзінің шыққан иығын қалай салып бергенін былай әңгімеледі:

– Қолымды ебедейсіз тарбитып тұрдым, жайлап бұрады. Орамал салып, көтеріп қойды. Ауыратын шығар деп тұр едім, бірдене сырт ете қалды. Байқамай қалдым... Ертесіне иығымды батыл қиқандататын болдым. Асыл адам еді ғой, Бибі марқұм!

Сәл үнсіздік орнаған тұста тапқыр да ақылды әңгімелерімен көзге түскен Жұмағали өзінің қатты әзілдесетін құрбысы Сейіттің бір жүргізушілік «тәжірибесін» кекетіп, оған әдейі тиісе сөйледі.

– Мәшиненің артқы орындығында отырып әңгіме айтсам, ол мойнын бұрып, ошарыла қарайды. Көзіне қарасайшы, құрып кетерміз деймін мен.

– Е, қарсыдағы мәшинедегілер менің мұныма үйренген, алдымнан талай өтіп жүр ғой, – дейді ол көзін желкесінде жайғасқан менен айырмай.

Орта мектепте мұғалім Қазымбек Нұрбековтің жетекшілігімен 11-сынып оқушылары әзірлеген Шәмілге арналған әдеби сценарийді тамашаладық.

– Мен Шәмілмен 1948-49 оқу жылында Торғай орта мектебінде бірге оқыдым, – деді Қазымбек. – 8-9 сыныпта бір партада отырдық. Онымен 1953 жылы Алматыда кездестім. Кейін 1973-те Алматыда арнайы кездестік, сүйісіп кездестік. Қасымда республикаға белгілі ұстаз Ғазез Әмірханов бар еді. Екеуміз Сәкен, Ілиястың 90 жылдығына барған едік. Сонда жолыққанмын Шәмілге. Онымен ең соңғы кездесуім сол болды.

Мектептің бала ақындарына Ғафаң ерекше риза кейіпте отырды. Әйелі мен екеуі сынып бөлмесінің алғы жағына жайғасқан еді. Сырттарынан қарап отырдым. Ғафаң көзілдірік киген, оң қолындағы таяғына сүйеніпкіреп, салмағын сала сәл жантайған. Басындағы құндыз құлақшыны өзіне ерекше жарасып тұр. Құндыз жағалы сұр пальтосы да бойына сән бергендей. Бурыл шашы бөрік астынан толқынданып көрінеді. Ал, Бәдеш жеңгейдің қара шашы өзіндік талғаммен таралғаны сондай, аса көріктілігімен көз арбайды. Бұл жарасқан ерлі-зайыптыларға былайғылар да тоймай қарайтынын байқадым.

Иә, дәп солай. Оларға баршасы құмартып, қызыға қарайды. Отбасының ұйытқысы Бәдеш Хамзақызының қазақ келініне тән жұмсақ мінезі мен ақыл-парасаты маңайындағыларға нұр шашып, аймағын арайландырғандай. Өмірге Бақыт, Әлима, Ғафура сынды ақын, философ, тарихшы әкелген жан-жарының қадір-қасиетін Ғафаң:

Сен болған соң жалғанда –
Қалдым ұзақ тұрақтап.
Сен жеткіздің арманға,
Босағамнан бір аттап, –

деген бір шумақ өлеңімен-ақ ашып, ажарландырып берген еді. Қырық жылдан астам уақыт бойы өмір айдынында жұптарын жазбай келе жатқан қос аққудай – бақытты қосақтар осы отырыста өзгеше құлпырып, тілеулестерінің көз қуанышына айналған-тын.

Ғафаңның өз әзіліне салсақ, «үш тиын төлеп трамваймен алып қашқан» бір кездегі «қызыл» дипломды Бәдеш қыз осы!

Оқушылар алдында Ғафаң сөз сөйледі. Бағана осы мектепке кіргенде күн бұрқасын еді, енді біртіндеп ашыла бастады. Бейне тереңнен лықсып келіп тұрған ақын шабытындай,

кабағы ашылып, шырайлана түскендей еді. Кішкене үстелге сүйеніңкіреп тұрған ол әңгімесін бір түрлі қобалжыңқы дауыспен бастады:

– Бұл – қарт мектеп! Осында Мәриям Хакімжанованың 80 жылдығына ол кісімен бірге келген едім. Осы мектеп атақты балуандарды өсірді. Ұрпаққа дене саулығы керек. Жаңа, спортшы балалардың өнерін тамашаладық қой. Міне, енді жан саулығының куәсі болып тұрмыз. Пәлі, Шәміл тірілді! Балалық шағы жүгіріп жүр, эне. Иә, ол тірілді. Ақынды тану үшін оның еліне бар. Ауылын, ұрпағын таныдық, туыстарын көрдік. Ол Торғай даласында қыдырып жүр. Әйелімен, баласымен қыдырып жүр. Рахмет, Шәміл дос!

Сендер, Шәмілді тек құрғақ жаттамағансыңдар, соған қуанып отырмын, оны әйдік жақсы көреді екенсіңдер. Ол үлкен ақын. Туған ауылыңа рахмет! Жасаған-ай, осында келгелі мына қатты аязда Шәмілдің жырымен жылынып жүрмін. Халқымның көңілімен жылындым. Ақын азаматтығының қос тұтқасы бар: бірі – ана, екіншісі – ананы туғызған қасиетті топырақ. Шәмілдің тойы үйінен, мына мектептен басталады. Бұл мектепте айта берсеңіз Мұхамеджан Түзенов, Қойшығара Салғарин, Қоғабай Сәрсекеев сынды жазушылар оқыған, – деп Ғафаң әріден оралтып, тамаша сыр түйіндеді.

Түстен кейін «Туған ауыл тарихы» деп аталатын жаңа мұражайдың ашылуының куәсі болдық. Алты бөлмелі екен. Кіре берісте ауыл мұғалімі Ғалымжан Бекетов қысқаша сөз сөйледі. Ғафаң да сөйледі. Далада жапалақтап қар жауып тұр, шытымыр аяз. Ғафаңның сөзі де шымыр шығып жатыр:

– Сіздердің бақытты күн кешіп отыруларыңыз қандай тамаша. Мына басталып жатқан нарық жағдайында қазақ сәл қиналғанмен, онша жүнжи қоймас деп білемін. Бетін аулақ қылсын, аштыққа ұрынбас. Өмірімізде ылғи жаңалық бастаулары болсын. Шәміл тойын республика бастауы керек еді. Өттен... Шәміл қайтқанда бейітінің басында сөйлеген едім, оның ақындығына ел-жұрты адал болатынына сендірген едім. Шүкір, солай болып та жүр. Ендігі міндет – елдің қасиетін көздің қарашығындай сақтау керек. Елді, жерді сақтау керек. Шәміл үлкен жүректі адам еді. Осының бәрін өлендерінде бізге өсиет қылып айтып кетті емес пе? Боз жусан, боз шаңда халық оты жана берсінші!

Кешкісін мейрамханада «Көгілдір от» болды. Онда кеңшар өндірісінің белгілі ұйымдастырушыларының бірі Манаш Сүйінов лебіз білдірді:

– Мен Шәмілмен бір сыныпта оқыдым. Ол көп ойнай қоймайтын. Бала кезінің өзінде көп ойлайтын. Шәмілдің бұл тойы – келешек ұрпаққа үлгі етерлік той дәрежесінде өтіп жатқаны қандай ғажап.

...Таң қараңғысында ауылдағы шағын қонақ үйге келіп жайғастық. Ақындар Серікбай Оспанов пен Серік Тұрғынбеков күндізгі салтанат үстіне Қостанай жақтан кешігіңкіреп жеткен еді, кейінгі – түнгі отырыстарда да бізбен бірге болды. Қашанғы қанаттастар Шәміл тойының шашбауын көтеріп жіберді... Екеуінің манағы қылығы еске түскенде езуімізге еріксіз күлкі үйіріледі... Салтанатты жиналыс басталып кеткен соң төрге озған олар кешіккен себептерін айтып, ақталғылары келгендей, қипақтап, ыңғайсыздана берді. Бір кезде Серікбай орнынан тұрып: «Мына Серіктің «кешігіп тудым, кешігіп оқыдым, кешігіп пәтер алдым, кешігіп үйлендім, үнемі кешігіп жүремін, енді, бәлкім, өлімім де кешігіп келер», – деген бір өлеңі бар еді, міне, жолға сол Серікпен бірге шыққан соң кешікпегенде қайтеміз, кешігіп қалдық, кешірім өтінеміз! – дегенде, жиналғандар ду күлкіге кенеліп, серпіліп қалды.

Осының алдында ғана Серікбай мен Серік Қостанай облысындағы Ұзынкөл жақты аралаған екен. Сонда екеуі өз іс-мүдделеріне орай екі айырылып, енді міне, қайта табысып отырған жайы бар. Бөлмеге қол сөмкесін қоя салған Серік сыртқа тұра зытты. Өңі құп-қу. Манағы үйде де оңдытып тамақ іше алмай, түрі сұп-сұр болып, ауық-ауық «ауа жетпей бара жатыр» деп далаға жүгіре берген-тін. Былайша, оның ішкілікке де онша әуестігі шамалы. «Не болды екен?» – деп іштей мүсіркеп қана қоятынбыз.

Серік сыртқа ытқып шыққан бетте Серікбай құрдастығына басып:

- Мұның ауруының сыры маған мәлім, – деді көзін қысып.
- Қазір өзі келген соң айтып беремін бәріңе.

Серік келгенше айт деп, жалындық. Болмайды. «Сырқат» мәнісін білмек болып, ішіміз кеуіп барады. Тағы жалынамыз.

Болмайды. Бір кезде Серік те келді. Серікбай әй-шайға қарамай ал кетсін...

...Баксақ, былай болған екен. Бұлар Қостанай жақты аралап жүріп Ұзынкөл ауданының әкімі Рақым Жұмағұловқа соғады. Торғайда бірге өскен тетелес құрбылар еді бәрі. Сағынысып көріседі. Ауданның пілдей басшысы емес пе, ақындарды көңілі шапқан жерге апарып қыдыртады. Қызық-думан қуалай жүріп, олар алтай бұғысы бағылып жатқан қотанға келеді. Торғай қазақтары бұғы көріп пе? Тамсанады! Қос ақынның осы осалдығын сезетін Рақым оларды бір келекелеп қалғысы келіп, құрдастығына басады. Бір, екі бұғының мүйізін әдейі кескізіп, Серік пен Серікбайды жып-жылы дәрі «қанға» тойғызады. Тостағандап тартып алған ақындар қызара бөртіп, бойлары жайлана түседі. Қызық кешікпей басталады. Екеуі де байыз таппай күйгелектеніп бір пәлеге ұшырайды. Қуықтан төмен тұстары сыздап, берекелерін алады. Әйде отырып оңдытпай, далаға жүгіре береді... Әсіресе Серіктің аузынан қыз-қырқын түспей қояды. «Жігітшілігі» еселеніп, көзі қанталап кетеді...

Аттанарда құрдастарына Рақым «мынаны абайлап, ретімен ішіндер», – деп дәрінің бірер орамын ұсынады. Оның «Пантокрин» екенін және ескертпейді. Серікбай дәріні бабымен ішеді. Ал жөнсіз, қомағайлана қарбытып ішкен Серіктің түрі болса, мынау! Жайшылықта, сау кезінде-ақ көшедегі бейтаныс қызды тоқтатып қойып, соған алданып, өзге шаруасын тарс ұмытып тұра беретін Серікке, мына дәріден соң не жорық десеңізші. Оның осында келгелі бергі «сырқатының» түп-төркінін Серікбайдан естіп, білген біз де арқа-жарқа, мээ-мейрам болдық. Қайран, құрдастар-ай!

Серік бәрін алаңсыз тыңдап болған соң, «е, бұл дұрыс айтады» дегендей досына кеңкілдей күле қарап:

– Мына жұрт, менің жайымды енді білді-ау! Рахмет, саған, Секеш! Тым жақсы, сенімді жеткіздің. Бұған шекті, тіпті қарадай қысылып бітіп едім. Жарадың! – деді де шабыт бұғандай, ырғалып, тамағын кенеп, қызара бөртіп орнынан тұрып кетті.

Серікбай да сері мінезіне басып, бұрындары «достар қалжыңы» делініп, құлағымызға шашырап жеткен, Серікке өзінің арнаған әзіл өлеңінің әр тұсынан термелеп айта бастады:

Не деген ғажап жан еді,
Тап басып елді таниды.
Аңқаулығы да бар ептеп,
«Ақымақ» десем, «ә» дейді.
Көзіндей кейде ескінің,
Құлақ түр жыр мен әніне.
«Ешкімге айтпа», – деп сырын,
Өзі-ақ жаяды бәріне.
Қыз көрсе болды құтырып,
Көзінде бір от ойнақтар.
Жүретін небір жұтынып,
Жайына қалар бойдақтар.

– Қойсайшы, Секеш! – деді жұмсақ үнмен Серік ыржиып.
– Менде де өзіне арналған талай өлең барын білесің ғой...

Мұнысын «жалғастыра берсеңші» деп естігендей,
Серікбай әрі созды:

Біреудің сөзін үзіп ап,
Күлімдеп сөзін сөйлейді.
Амандығы да қызық-ақ,
«Көрінбей кеттің ғой», – дейді.
Секілді кейде қарт адам,
Ақырын сөйлеп, самғайды.
Ақшасын салған қалтадан,
Қолын бір сәт алмайды!
Қызыл пальто алып кигенде,
Мазаққа да аздап шатылған,
«Өрт сөндіретін» машина,
Сондықтан бір кез атанған...

– Ал қойдым, Серік! – деп осы түйінмен өз әзілдерін
тәмамдады Серікбай.

Сөйтіп, осы кеште Серік пен Серікбайдың құрдастық
сырларына дендеп қаныға түскендей болдық.

...Ертеңінде бұлардың арасындағы осынау дәрілік «қан»
әңгімесін естігенде, Ғафаң: «Шіркін, жастық дәурен-ай!

Бұлары қандай дұрыс болған! Жастыққа бәрі жарасады,
бәріне де үлгеріп қалу – жігіттің жігітіне ғана сын», – деп
ақындардың мына жарасты іс-әрекеттеріне мәз болды.

Төртінші күн» «Әккісің-ау, әкімім»

15.XII.91. Торғай қаласына сағат 14 шамасында келдік. Күн боран. Сол себепті халықты кездесуге ертең жинайтын болды. Шәмілдің інісі Сапарғалидың үйінен дәм таттық. Сонда отырғанда Ғафаң аудан басшысына «осы тойдан ат мінбей бара жатырмын» деп, өкпе айтты. Онысын және өлеңмен айтты. Бағана, жолай бір көлікте келе жатып көргенмін, ішінен әлденені ыңылдап, артта отырған Бәдеш жеңгейден бір жапырақ қағаз сұрап алып, қарындашпен сүйектеткен. Және де шыдамай бізге онысын жатқа айтып берген. Назды өлеңнің ұзын-ырғасы мынандай болып келеді: «Мені келген сайын көлгір «қошаметіңмен» сирағымнан тартып құлатуға шеберсің-ау! Және ондай қулығыңды өзге жұрт білмейтіндей етіп, өзің ғана, өзім ғана сезетіндей етіп жасайсың. Әккісің-ау, сен әкім! Мен сезбейтін мына өмірде пәле жоғын білсең етті, добайым!» – деген сипатта қатты айтылады.

Осы қажылын Ғафаң жол бойында айтып, арнасынан сәл төгіліп, төмен түспегенде, кім біледі, бәлкім, мына дастарқан басында арындап, адуындап кетер ме еді?! Масқараның көкесі сонда болар еді-ау! Құдай сақтап, жолайғы Бәдеш жеңгеміздің тежеуімен, Сейіт Кенжеахметовтің сабаға түсіруімен реніші сәл жібіңкіреп шықты. Сонда да шағып алуға молынан жарап жатты. Әкім тулады, билік тулатады ғой. Бірақ онысын Ғафаң шыбын шаққан құрлы көрмеді, ерекше масаттанған күйде балбырап отырды. Ақын мінезі-ай десеңші! Мірдің оғындай қылып бір сөзін айтады да, мәңгілікке көз жұмып кетуге әзір.

Кешкісін Ғафаңның құрметіне арнап мейманханада дастарқан жайылды. Оның басы-қасында манағы әкіміміз дөкейлерін ертіп өзі жүрді.

...Көңілге келеңсіздік кірбіңі бір енген соң ойды пендешіліктің көлеңкелі тұстары тұмшалап, мендеп алатын секілді ме? Мұны Ғафаңның «Албарбөгеттегі» кешегі бір қынжылысына орайластырып айтып отырмын... Кеңшар басшылары салтанатты жиналыстан соң Алматыдан келген ақындарға ғана сый-сыяпат көрсетіп, Торғайдың өз таланты Сейітті ескерусіз қалдырды. Бұған назаланған Ғафаң ожан руының ақсақалдары мен басшыларына ренішін білдіргенде,

осы өңірге күйеу болып келетін Сейіт шыдамай кетіп, ақын ағасының ашуын баспақ ниетпен былай деген еді:

Ақын көңілі шайдай ашық аспан екен,
Сол көңілді ожандар басқан екен.
Күйеуін Пайғамбар да сыйлар деуші еді,
Пайғамбардан «бақа жеген» асқан екен!

Күйеу Сейіттің күйдіргі сөзі қайын-жұртының жанды жерін шоқтай қарыған еді. Елдегі әзілкештер ожан руын «бақа жеген» деп қағытып, кейде осы тіркесті алға салумен-ақ ұпайларын түгендеп алатын. Бұл жолы да солай болды...

Әкімнің әккілігі жүрегімізге қанша сызат салғанымен, ақын сапарының әдемі тұстары мен айшықты кезеңдері, тіпті пенде қиын түсінерлік жұмбақтау сәттері еске түскенде көңілдің сол пәстігін шайдай ашып жібереді екен. Иә, иә, дәл манағы жол үстінде көзбен көргенімізді айтайыншы...

...Шұбалаң қоныс орнының тұсынан өте бергенімізде Гафаң жүргізушіге оқыс бұрылып:

– Тоқташы, қалқам, осы жерге! – деп күж ете қалды.

Мәшине есігін өзі шапшаң ашып, таяғын қар сырғыған асфальтқа тіреп, түсуге ыңғайлана бастағанда біз қолтығынан демесіп жібердік.

– Пах, шіркін! Боран түтегелі тұр-ау! – Гафаң осылай таңырқады да, жолды кесіп өтіп, сон-о-оу алажонданып, бозамықтанған алқапқа көзін сүзіп сілтідей тұрып қалды. «Мұнысы несі? Жаңа ғана әкіммен ойша жұлқысып, буырқанып келе жатқан ақынға не болды сонша мұнды күйге түсетін?» – деп біз ішімізден тындық. Гафаң құтырылған бұрқасыннан аракідік қарауыта нобайланып қалатын Шұбалаң қопасы жақты иегімен мегзеп, әлдекіммен сөйлескендей басын шайқап-шайқап жіберді. «Тәйір алғыр, бұл не болды, ә?! Мына боран, жолымды қиды-ау!.. Тәйір алғыр!..» Ішкі қыжылы ақынның ту сыртынан білініп-ақ тұрғандай. Бүкшінің жауырыны кең қолтықтау пальтосынан сөмпейіңкіреп байқалып, қатты жан шымырқанысына шыдас бермегендей жиі-жиі қиқаң ете қалады. Бір кезде ақын жалт бұрылып көлікке беттеді. Қара көзілдіріктің арғы жағында нендей сыр тұнып жатқанын кім білсін, әйтеуір, ақын жүзі

өте сұсты екен. «Мініңдер!» деп қатқыл үнмен әмір етіп, өзі де кәбеңкеге икемделе берді. Оның мына тосын да, шалт кимылы онсыз да үргедек сезімнің бұлтын қоюлатып, «не жазып қалдық» дегендей, еңсемізді түсіріп жіберді.

– Сонау ойпатта анам жатыр еді, жарықтыққа оппа қардан бұрылып бара алмадым-ау! – деді Ғафаң түрі өрт сөндіргендей түтігіп.

Істің мәнісін енді түсініп, ағамызға елжірей қарап, жыршы жүректің ұлы Анасына деген соншалықты іңкәр сезіміне тәнті болғандай едік.

Содан Ғафаң аузына құм құйылғандай үнсіз отырды. Біз де ол кісінің ауанына жығылып, амалсыз ішімізден «Ана туралы жырдың» нәзік те назды, мәнді де нәрлі шуақтарын іштей тоятсыз қайталап, тербетіліп отырдық.

Еріксіз ойға берілемін. Ғафаңның көңіл-күйі секөнтіне сан құбылатын құйындай ғой, сонысымен де қасындағылардың қабағына сан мәрте кіреуке түсіріп, бір қыздырып, бір қарып әуре-сарсаңға түсіреді. Дәл қазір де Ғафаңның демалысымен, күрсінісімен түсіміз күреңітіп, қылдың үстіндегідей қыпп-қыпп етеміз. Уа, десейші, ақындық дем, үшкірік жан біткеннің әміршісіндей өзіне ғана еліте табындырып, ерітіп барады.

Бақсыдан бетер, Ғафам-ай!

Бесінші күн: «Міне, нағыз Тәуелсіздік!»

16.XII.91. Аудандық Мәдениет үйінде күндізгі сағат 11.00-де жыр салтанаты басталды. Аудандық газеттің редакторы Әмірхан Абдуллин баяндама жасады. Бұдан соң сөз алған Шәмілдің бала күнгі досы, ауыл мұғалімі Р.Жарманов өткен күндерден естелік айтып, жиналғандарды бір тұшындырды да, ақынның ерте кезде өзіне арнаған «Жас ұстазға» деген өлеңінен үзінді тақпақтап берді:

Естілді қоңыраудың алғашқы үні,
Ол сені жас өмірмен жалғастырды.
Сол бір үн өн бойыңды жылытты да,
Байыппен аяғыңды жай бастырды.
Шәкірттің құлақ түріп тынысына,
Келесің тәтті қиял уысында.

Бір тентек сонау кезгі өзіне ұқсап,
Тығылып тұр есіктің қуысында.

– И-ий, қимастар-ай! Дұрыс қой мұнысы, досының өлеңін оқығаны, – деп жұртшылық разы болып жатыр.

Түскі сағат 16.00-де аудан іргесіндегі шаруашылықта тұратын Шәмілдің апасы Қадиша үйінен ас ішіп, кештетіп Аманкелді ауданының «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы кеңшарына келіп қондық. Бөлмедегі теледидарды қосып қалып едік, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің сессиясынан есеп беріліп жатыр екен. Депутаттардың Қазақстанның тәуелсіздігін жариялағандықтары туралы заңды бір ауыздан мақұлдап, дауыс бергеніне куә болдық. Зал іші олардың қуана соққан шапалақ тарсылынан жарылып кетердей, сірә.

– Міне, шынайы бостандық! Міне, нағыз Тәуелсіздік! – деп Ғафаң қолын созып іле берген құлақшынын ұясынан жұлып алып, ерекше құлшыныспен жігерлене көкке көтерді! Сол сәтте ақынның мына күллі болмысы тәуелсіздік шаттығынан тұтанған өзгеше алау нұрға малынып, мәңгілік Қазақ – тұлғаға айналғандай-тын... Иә, осы сәт барша қазақ пендесінің осындай құрыштай берік тұтастыққа бет бұрғанын ойлаудың өзі бір ғанибет еді. Бәрін де Тәуелсіздік ұғымынан, Ғафаңның әлгі бір ауыз сөзінен таратып, айтып жатқанымыз ғой сол.

Ғафаң кешкі қонақасыда өзгеше салмақты, ойлы, толғанысты қалыппен, сонысымен де бізге басқа бір әлемнен келген адамдай болып отырды. Алдына қойған коньякқа да ерін тигізбеді. Баяғы әзіл-қалжыңы, қағытпа сөздері де сап тыйылған. Бірақ оның жүзіне қарап, ішкі дүниесінің элемтапырақтанып, өзгеше құбылғанын аңғару қиын емес еді. Қарасұр, бұжырлау беті одан әрі қан-сөлсізденіп, томағасы енді-енді сыпырылар қырандай қомдана бастағаны байқалады. Бейне бір Тәуелсіздіктің сонау көз талдырар мұнарына қанатын қағып-қағып жіберіп қас-қағымда ытырылып шыққысы келетіндей ме? Бұған дейін сол ұшар басына көтерілу арман болған шың құздың тайғанақ төсіне табан тіреп, көкірек кере саф ауа жұтса, бұл ғұмырында одан арғысын тілемес еді-ау! Сонда ғана Тәуелсіздіктің мәнін халқымен бірге жетік сезінер... Ғафаң іштей осылайша аласұрып, тебіреніп отырған.

Сол жолғы аса ширекқан толғаныстың ғажап шертпелі күйі – кейін атойлаған жүрек тойына ұласып, жыр жақұтын жұпарша шашқызғандай-тын. Сондай сұңқар санқылындай дабылды өлең-дастандары ақынның жыр топтамалары арқылы еркіндік аңсаған халқының еңсесін көтере түскен еді. Ие, ол Тәуелсіздік жырлары асқақ та арынды, арманды, Абылайдың ақ туындай рухты еді!

Алтыншы күн: «Кездескенше, Арқалық!»

17.XII.91. Сағат 15.00-де Арқалыққа келдік. Сейіттің үйінде жолаушылар біраз тынығып арқа-бастары кеңіп қалды. Қыста ұзақ жол жүру оңай болып па, қатты қалжырап қалса керек бәрі. Жылы үйге жайғасқан соң бойлары жылып, өңдері кіргендей. Өзіл, жұлынып әлде бір әңгімелер айтыла бастады. Қай жағына да үлгеретін Ғафаң әдеттегідей онды отырыстың сәні болды. Бәдеш жеңгей шалына: «Туу, дамылдасайшы бір» дегендей оқыс бұрылып қарап еді, соған жауап ретінде:

– Дана Мұқан әйгілі Әлікейге көп сөйлейсің деп ренжісе, ол: «е, білеміз, білгеннен соң айтамыз ғой депті», – деп шебер жалтарып кетеді.

Жұрт күліп тынды. Жеңгеміз де жымыып отыр. Осы сапарда талай ауылды басып өткенбіз. Сондай бір шоғырлы, ұлтанды елдің шырайын шығарып ұядай қылып ұстап отырған басшының бірі Раул Ахметжанов болатын. Бізді қуана қарсы алып, азаматтық жолынан жаңылмай жақсы шығарып салған болатын. Сол жігіттің мәрт, кесек қимылы есіне түсіп кетті ме екен, Ғафаң өзінен-өзі ыңылдап отырды да:

– Біздің Раул -

Бір өзі – бір ауыл, – деп маңайындағыларды қыран-топан күлдірді.

Жергілікті әдебиетші, жиені Жұмат Өнестің үйінде де Ғафаңның небір салиқалы да салмақты әңгімелерін есту бақытына ие болдық. Түнгі ұшақпен Алматыға аттанатын сәті тақаған сайын әңгіме желісін Шәмілге, оның отбасына бұра берді. Білгенімді айтып қалайын, құлақтарыңда қалсын деп, үлкендік парызын өтеген екен-ау сол жолы.

– Шәмілдің анасы Бибі туралы айттым. Оны білесіңдер, – деп Ғафаң алдымен өзі лекітіп күліп алды. – Шәмілдің зайыбы мына Мәриямен де жақсы таныстыңдар. Бірақ осы Мәкеңнің Қостанай облысының Жітіқара ауданында туғанын, тіпті Торғайдағы Ыбырай мектебін 54-55 жылдары бітіргенін, кейін менің ҚазПИ-імнің физика-математика факультетін тәмамдағанын қайсың қане, жіктеп айтып бере аласыңдар? Ешкім тіс жара қоймаған соң Ғафаң әрі кетті. – Қайран Шәмілге қатысты нәрсенің бәрін құлағынан тізіп біліп алған жөн. Оның кіндігінен жеті бала өнген ғой... Тұңғышы Алматы Алматы қуыршақ театрында істейді. Алуа – Мәскеуде. Ләйла менің ҚазПИ-імді бітіріп пе еді? – Ғафаң Мәрияға бас изеткізіп алған соң, қайта жалғастырды. – Ал, жіктей түсейін. Самұрат – Қазкинода тігінші, ісмер. Дастан!? Бұл – менің кіндік балам, атын өзім қойғанмын. Дариға – Ломоносов университетін бітірген, математик. Шәмілдің кенжесі Қазыбек болса Мәскеуде Ломоносов университетінің бесінші курсында оқиды. Осының бәрін әдейі айтып жатырмын, түге.

Ғафаң сөзін аяқтады.

– Шәміл ағамыз мәуелі бәйтерек екен ғой, – деді отырғандардың бірі разы үнмен.

– Дұрыс айтасың! – деді Ғафаң. Сәл ойланыңқырап барып көкейіндегі бір ойына ерік берді. – Шындығы керек, көзі тірісінде Шәміл ақын да халқына жасаған қызметі мен адал еңбегіне орай бағасын алған жоқ еді. Жүрегі ел деп сокқан азаматтың адамгершілік абзал қасиеттерін, қойдай қоңыр мінезін, асып-тасымайтын кішіктігін енді біліп, тәнті болғандаймыз. Әйтеуір, «ештен кеш жақсыны» медет қыламыз көңілге. Қандай бір кездесулер болсын Шәмілдің асқақ та, өршіл шығармашылығы халықтық сипатқа ие екендігіне көз жете түсті. Соңын қалдырған асыл мұра – «Ана құшағы», «Қошалақ», «Ақ жалын», «Туысқан», «Назқоңыр», «Күн төбеде тұрғанда», тағы басқа жыр кітаптарының әрқайсысы кәусар бұлақ суындай бас алдырмай оқытады. Жыр мәпелеген халқы барда ақын сөзі өлмейтіндігінің куәсі болдық.

Осылай төкпелетіп алған Ғафаң «сенің не айтарың бар?» дегендей Шәмілдің жары Мәрияға, одан әрі отырған Самұратқа көз қиығын салды. Бұл көзқарастан бәрін

айтқызбай ұққан Мәрия бір ауыз сөздің аясына біраз мағына сыйғызып:

– Өз перзентін аялаған халқымнан айналайын! Оның өлеңінің мәңгілік екендігіне көзім міне, осы күндері тағы да айқын жетті! Разымын халқыма! – деді де орнынан тұрып отырғандарға иіліп сәлем жасады. Бұл ізеттілік осы жолы айтылмаған, біраз тілек, лебіздің есесін қайтарғандай еді.

Қонақтар жиналып сыртқа шыға бергенде ақынның ұлы Самұратқа жеңгелер жағы: «келінді ауылдан алып береміз, келесі келгенде қазақша сөйлейтін бол» деп базына білдіріп жатты.

...Әуежайда Ғафаң бастаған алматылық қонақтарды шығарып салып тұрмыз. Ақын өзін талай рет күтіп алып, қошеметтеп қайта ұшырған мекеннің ішіне барлай қарап тұр.

Бір сәт әлдене есіне түсті білемін. Бізге ошарыла бұрылып:

– «Арқалық мұңын» жазғанымда осы жабылып қалған әуежай тағдырын да қосып едім, оны өздерің білесіңдер, – деді өзі де мұңға батқандай болып.

Бұл сөзімен не айтпақ болды екен? Иә, Торғай облысы жабылып қалған 1988 жылдың шілдесінен кейінгі (облыс қайта қалпына келтірілген 1990 жылдың тамызына дейін) халық мұңын өткір тілдің жүзімен өрнектеп айдай әлемге паш еткен сол көсемсөздің «Арқалық мұңы» деген айдармен әр жүректе желбіреуі де табиғи заңдылық болатын. Осыдан соң-ақ облысты қайта қалпына келтіру жөніндегі бастамашыл топ құрылды. Торғай облысы қайта қатарға қосылды! Сөйтіп «Арқалық мұңы» өз миссиясын орындады.

...Бірақ қайран Ғафаң осы тұрған сәтінен бес жарым жылдан соң тағы да туған Торғай облысының туы жығылғанынан әрине хабарсыз еді...

Әлгіндегі Ғафаң көңіліндегі болмашы бір кірбің ойды сейілтпек болғысы келген жазушы жігіт:

– Енді, Ғафа, Арқалықтың жарқын жүзін жиі жазатын болыңыз, – деп көңілдене тіл қатты.

– Жазамын, жазам, әрине! – деп Ғафаң дәл қазір үстелге отыра қалатындай дабдырлай түсті.

...Ұшақ сатысының басқышымен көтеріле берген Ғафаң біздерге сәл бұрылып:

– Кездескенше, Арқалық! – деп қимастықпен тіл қатты.

Біз ол кісімен жапырлай қол бұлғап қоштастық...

Қаралы күн: Ғафаңның өзін жоқтау!

(немесе 2 жыл 10 ай 17 күн өткен соң)

3.XI.1994. Арқалық. Түнімен төккен жауын талтүске дейін толассыз құйып, күннің бетін бұлт торлап, ауық-ауық күн күркіреп, найзағай ойнап қоя берді. Бәтір-ау, табиғаттың бұл тосын мінезі, тылсым қылығы неге сонша сөкеттеу еді! «Күн күркүрейтін мезгіл ме еді» деп ойланамын терезеден қарашаның қара желіне солқылдай түсіп иілген, жапырағы шулап, жаныңды шапақтаған табиғаттың әлдебір тосын да, оғаш мінезіне тәнтіленіп... Артынша Алматыдан суық хабар жетіп, «Ғафаңнан айырылдық дегенге» көңіл сенбей, делсал отырып қалдым. Бірақ ажалға қайтіп араша тұрарсың, ардақты ақын ағаның бұл қазасы күллі Торғай халқын есеңгіретіп кетті.

Табиғат та көз жасын бұлап, қоштасып тұрғандай ма?

Бір сәт жүрек сыздап, көңіл өксіп, жастайымнан қадір тұтқан аса ақкөңіл, ғажайып білімпаз, елі сүйген көпшіл, көрнекті халық жазушысын о дүниелікке қимаймын. Қайран, Ғафаңның ағаға аласарып, ініге зорайып көрінетін ыстық тұлғасы енді сол жарқын елесімен де еңсемізді көтере түсер. Сырбай қайтқанда қабырғаңыз қайысып, егіле сөйлегеніңіз есімізде, Ғафа. Кейін бір оңашада: «онымен егіздің сыңарындай едім ғой, енді мен жүре тұрсамшы...» деп тағдырға жалбарынғандай болып едіңіз. Амал не, араға бір жыл сегіз ай салып соңынан өзіңіз де аттаныпсыз. Торғайда өскен, қазақтың шұрайлы жыр әлемінде қанат қатайтып, талантымен халқына қалтқысыз қызмет еткен адуын ақын, шежіреші, тайпалған шешен, қарапайым азаматтан көз жазып қалғанымыз жанға батады.

Торғай деп өмірден шырылдап өткен асыл, Ғафа! Сіздің Ел мен Жер, адам тағдыры, бүгінгі жаңа реформаның беталысы туралы толғаған жырларыңыз бен прозалық шығармаларыңыз ешқашан да жадымыздан шықпақ емес. «Торғайды ашық аспан астындағы мұражай қаласы қылайық!» деп, Сіз бастап, ел қостап дегендей, батыл қимыл жасалып еді. Сол мақсатыңыздан шығып кеткеніңізге шүкір, дейміз бүгін. Торғай қаласының құлпырып өскеніне балаша мәз болатынсыз. Оның екі көшесін Сырағаң мен екеуіңіз иемденіп, өз есімдеріңіз жазылған тақтайшаны орнатысқандарыңыз

да көз алдымызда қалыпты. Биыл отбасыңызбен келіп, туған жеріңіздің әр шалғайында деректі фильмге (кейін «Мен саған сәбимін...» деген бұл фильмді көрермендер республикалық теледидар арқылы тамашалауда) түсіп, халықпен қауышып, болашақ ой-жоспарыңызды бөліскен қуанышты күндеріңізді де ұмыта қойғанымыз жоқ. «Арқалық қаласының құрметті азаматы» ретінде мәдени орындар мен өнеркәсіп кәсіпорындарында жүздесулер өткізіп, бір жасап қалып едіңіз. Қайта оралмайтын сол кезең сіздің елмен қоштасқандай, бой жазғандай, соңғы бақылдасу сәттеріңіз екенін білсек-ші...

Торғай еліндегі тарихи тұлғаларды қайта тірілтіп, небір жайсандарға ас беріп, әруақтарға дұға оқытқан халықтық жиындардан қалмай, аталы сөз сөйлеп, асқан зеректігіңізбен тамсандыратынсыз.

Облыс бір ашылып, бір жабылып жатқанда, жүрегіңізді мұң шалып, қалам-қайратына мініп, тереңнен толғап, өткір мақалалар циклін жаздыңыз. Соның шапағаты тиген шығар, қайта қалпына келген облыс бүгінде өзінің әлеуметтік-экономикалық көшін түзеу үстінде, қалыпты дамып, өсіп, өркендеуде. «Жақсыдан – шарапат» деген осы да.

Сұм ажал құдіретті ақынның халық аузында жатталатын екінші жыр-өміріне қанды қолын сұға алмайды, шеңгелін бүріп құрықтамайды. Оған әлі жетпейді, өйткені ақын рухы енді ешкімге де тәуелді емес, қайта мүшәйра күйінде өлшеусіз ғұмырымен астасып, жымдасып кетті ғой.

Қайран, Ғафа! Сіздің тұңғыш кітабыңыз «Құрдастардан» (1954 ж.) бастау алған былайғы жыр жинақтарыңыз – «Дала қоңырауы», «Жер астындағы жұлдыздар», «Қанатты жылдар», «Жұлдызды тағдырлар», тағы басқалары оқырмандарын тұшындырған бітімі бөлек дүниелер екенін екінші бірі біледі. Ал «Елтіңжал», «Ақ желкен», «Әш қиян» хикаяттарыңыз көркем сөздің қас шебері екендігіңізді алғы ғасырларға дәлелдей берері анық. Сіздің керемет аудармаларыңыз арқылы Рудаки, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Шевченко, Мақтымқұлы, Л.Толстой, Куприн, Короленко, Бунин, Есенин, Гамзатов «қазақша» сөйлеп, рухани нәрге тояттандырды.

Ел ықыласы, батасы Сіздің көсегеңізді көгертті: Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атануыңыз халықтың сондай ақжарылқап көңілінің көл-көсір тілек, сенімінен болар!

Беу, ақын аға! Өзіңізбен бірге жүрген небір Торғай сапарлары есімізден кетпес. Халық сүйген Сері едіңіз, бұл пәниден бақытты болып, таза ғұмыр кешіп аттанып барасыз. Ғафу десе, бір қалқанымыз тұратындай еді ненің де болсын өтінде... Сол рухани қалқаныңызбен, аруағыңызбен желеп-жебей жүріңіз ұрпақтарыңызды!

Торғайда бүгін күн тұтылғандай, табиғат аза тұтып жатқандай, Ғафу аға! Хош, топырағыңыз торқа болсын!

...Торғайға келген бір сапарыңыздан соң араға 2 жыл 10 ай 17 күн түскенде осындай қаралы сөз, азалы жоқтау айтамыз деген ой қаперімізге кіріп пе еді, жалған дүние-ай!?

II-тарау Жыр-ғұмыр

Сәулет өнерінің танымал білгірі, еліміздегі бірегей ғажайып ғимараттардың авторлық тұсауын кескен және де ондай ескірмейтін тумаларын аталарының кәдімгі қонысқыстауларының ғасырлық ерекшеліктерінен таратып мүсіндейтін хас шебер, тарихқа, мәдениет пен әдебиетке жаны құмар, сонысымен де суырыла сөйлейтін шешендігімен өзі де тауып айтқыштар қатарына жататын Әбдісағит Тәтіғұлов әманда Ғафу Қайырбеков ағасы туралы кезінде естіп-білгендерін, көңілге түйгендерін орайы келгенде келістіріп әңгімелеп отырады. Әсіресе ол Ғафаңның:

Әлі күнге бір сұрақ – мен аңғарман,
Сұрап келем ақылды адамдардан,
Өзге жұрттың хандары керемет боп,
Біздің хандар қалайша жаман болған? –

деген кеңестік заман туғызған ұлы сұраққа толы өлең шумағын жиі қайталауды ұнатады. Бұл шындығында сол сұрқай замандарда халқымыздың өзегін өртеп, қанын қайнатып, ашық айта алмай жүрген баршамыздың сауалымыз еді. Осы ақ ниетті, айбарлы ақынның адал жүрегінен

оқтай атылған ой жаңғырығы сол кездегі талай лауазымды басшылардың құлағын шулатқаны мәлім. Әрине, мұндай байыбына бармай «ағат» айтылған сөздерді қызыл көз партия назарынан қалт жібермеуші еді. Ғафаң осы өлеңінен соң іле Орталық комитетке шақырылып, сазайын тартады. Есінен кетпейтін ескерту алады.

Өлеңінде Абылай ханды меңзеп, оның рухын жаңғыртпақшы болған астамшылық, өткенді көксеу пиғылы жатқанын ОК-тегілер иісшіл күшіктен бетер сезініп, аса патриоттық қырағылық танытқан ғой. Бүгінде ақын ерлігіне саналатын осынау пікір-өлеңді, тұңғыш айтылған өжет ойды кейбір азаматтардың білместіктен басқа ақындарға теліп жүргені әрине, қисынсыз. Әйтеуір, кейінгі кезде авторға жасалған осындай қысастық жойылып, әділдік арнасын тапты. Бұған алғаш қуанушылардың бірі Әбекең болды. Кейде адамға түрлі ой келіп, осы Әбдісағит Тәтіғұловтың сәулетшілік саладағы талантты қолтаңбасының сыры неде деген сауалға жауап іздегенімізде, оның Ғафудай ақындардың өлеңін жатқа айтып, кәсіптік білімін жыр сезіміне шымқай орай білетін нәзік жүректігінен бе екен деп ойлаймыз. Асылы, жастайынан Торғайдағы жыр бесігіне тербетіліп өскен Әбекеңдер өмірде де жалқы кәсіппен ғана шектеліп қалмайтын өз мамандығының тума таланттары ғой. Нәті, ақындар өлеңдерін осындай елгезек оқырмандары үшін жазатын секілді... Ал, Ғафаң мен Әбекең достығы өзінше бір әлем. Сәулеткер мен суреткер сезімімен жалғасқан сырлы әлем.

Жыр әлемі демекші, Ғафаңның өлең-саз аспанындағы алмағайып сезім кемпірқосағын әр жүрекке сергек сезімталдықпен ұғындырып, жықпылсыз кең түсіндіретін қазақ поэзиясындағы дарынды інісі, бауырына алып түлеткен таланатты мұзбалақ қыраны Нұрлан Оразалин пікіріне құлақ аспау қиянатпен тең. Көрнекті ақын Нұрлан былай деп толғанады: «Ғафу ақын жастықтың жалыны мен ыстық буына мас болса да, туған даласы мен туырлығы биік туған тауларына ынтыға құмартып, перзенттік болмысымен тебіренсе де, дүниелік құбылыстардың мәңгілігін тануға ұмтылса да мәдениетті поэзияның ұлттық топырағымызға ұлы Абай әкелген үрдісі мен мектебіне беріктігін бір кез есінен екі елі шығармайды. Бұл үрдіс, бұл үлгі ақынның жыр жазу ғана

емес, күллі өміртану, әлемтану принципіне айналып, біте қайнасып кеткендей әсерге бөлейді».

Ақын жанын, болмысын ақын терең түсінеді деген қағидаға құлақ түрер болсақ, ұстазы Ғафаң туралы мұндай орнықты пікір айту Нұрланның ақын-жүрегінен де сыр байытып тұрғандай емес пе?

Бір сүйсінерлігі сол, бүгіндері қазақ жазушыларының басшылық тізгінін ұзақ жылдар бойы байыпты ұстап, шығармашылық ұжымның қисая бастаған түтінін түзу ұшыруға ақыл-қайратын, күш-жігерін аямай жұмсап, соның нәтижесінде күткендегідей оң өзгерістерге қол жеткізу үстіндегі жетекші-қайраткер Нұрлан Оразалин өзінің жыр-ұстазы Ғ.Қайырбековтің әсем әлемі туралы үнемі жалықпай, ою салған зергердей талапшылдықпен жария етіп, үн қосып жүр. Бірін-бірі батыр дескен осынау қос тұлға қазақ поэзиясының телқозысы секілді көз қызықтыратынын қайтерсіз.

Жалпы алғанда, Н.Оразалиннің өзге де ақын-жазушылардың шығармашылығы туралы, жазған еңбектері терең талдауымен, көркем баяндалуымен құнды болып шығады. Оларды оқығанда ойға қаласың, тағдыр талайына тәнті боласың. Тұлғаның қалыптасуы, жиғылып сүрінуі мен өсіп өркендеуі шынайылықпен өрілгендіктен де болар, өмір мектебінде есейте түседі... Осының бәрі Нұрландай озық ойлы, қаламы жүйрік, не жазса да біліп, сезініп жазатын сырбаз суреткердің шеберлігінің жемісі болса керек.

Ғафаңның өр мінезі, алғыр ойы, қызу қаны кей-кейде шығармашылық ортадағы хал-ахуалға оң әсер етіп, әлдекімдерге тың серпін беріп, тым қызығы – ғажайып кітаптардың жазылуына ұйытқы болып жатады. Ғафаңның сондай бір асыл қасиетін жыға таныған жазушының бірі – әр қазақтың етене досы Әзілхан Нұршайықов болатын. Әзаға өзінің 2000 жылы «Өлке» баспасынан шыққан «Өмір өрнектері» деген кітабының 403-404 беттерінде былай деп жазды: «Ең алғашында менің де жазам деп, жазсам деп жүрген үш кітабым болатын. Олар: өзім Ұлы Отан соғысында құрамында болған, соғыс кезінде Қазақстанда құрылған 25 құраманың бірі – 100-ұлттық бригада туралы; тың жерлердің игерілуі туралы; студенттік өмір туралы еді.

Шынымды айтсам менің атымды, атағымды шығаратын тың туралы кітап болар деп есептеп, соны ең алдымен жазармын, одан кейін 100-ші бригада материалдарын қолыма алармын деп жүрдім. Сөйтіп жүргенде «Махаббат, қызық мол жылдар» бұрын жазылып, ол екі дүркін басылып та үлгерді. Ал, «Махаббат, қызық мол жылдардың» ана екі кітаптан бұрын жазылуына ақын Ғафу Қайырбековтың бір-ақ ауыз сөзі себеп болды. Талай жыл ойда сақтап жетілдірген тақырыбымды одан қызғанғандықтан тез арада жазып шығуға тиіс болдым». Міне, ағынан жарылған, қай нәрсеге де мәтқақам Әзағаң кітапқа енгізілген бұл оқиғаның мерзімін «1975 жылғы топтамаға» жатқызыпты.

Осы жолдарды оқып отырғаныңда, түрлі ойларға беріліп, қиялданатының рас. Тез тұтанғыш Ғафаңның әлгі әңгіме желісін Әзағаңнан ести салысымен, өлең кестесіне сүйкей салуы да ғажап емес қой. Ғафаңның шапшаң, құйындай етіп құйғытып жазатынынан сезіктеніп, қорынғанын Әзағаң бүкпей, жасырмай қағазға түсірген. Бұл да – ерлік. Шығармашылыққа үлгі боларлық өнеге екен.

Сол Әзағаң осы кітабының 453-454 беттерінде ақын інісіне деген көңіл ілтипатын былайша жеткізеді. Әлгі тұтарлық жағын ескеріп, толықтай келтіруді жөн көрдік. «Бүгін (26.08.1978 ж.) Ғафу Қайырбековке мынадай құттықтау хат жібердім:

Қымбатты інім Ғафу!

Ақындық деген ат бәйгесіндей толассыз жарыс қой... Сол үздіксіз жарыста келе жатқан сенің елу жылдық тойың дүниені дүбірлетіп өтті. Сен ең жақсы ақынымыз, ең үлкен азаматымыз екенсің. Тусаң ту, бауырым!

Сенің тойың қазақтардың әр үйінің төл тойы тәріздес болған шығар деймін. Қуанбаған, құдіреттенбеген оқушың қалмаған болар...

Мен қазір ауруханада жатырмын ғой. Бір күні аурухананың қабырғасы қозғалып, едені шайқалғандай болды. Жер сілкінді ме деп едім. Сөйтсем, ол сенің «Алматы» ресторанында өткізген тойыңның тоғыз балдық күші екен ғой (әзіл). Оны ертеңінде сонау – Торғайдан сенің тойыңа шақырылған азамат ауруханаға келіп айтты (бірі ақын, аудандық газет редакторы, екіншісі кең танау келген шойман қара кісі).

Ал, қарағым, ұлы тойың құтты болсын. Сенің тойың кезінде жұртпен бірге залда отырып, шабытты жүзіңді көріп, еңбекшіл, өнерпаз қолыңды қыса алмағаныма өкінемін.

Бұрын бәйгеге қосылар сәйгүліктерді атбегілер жаратып, қосады екен. Осы күнгі ақын деген тұлпарды баптап, бәйгеден келтіретін өзінің сүйген жарлары ғой. Бапкердің бәрі бірдей болмайды, сондықтан жүйріктің бәрі бірдей бәйгеден келмейді.

Ғафудай поэзия тұлпарының ең білікті бапкері (Тайбурылды баққан Құртқа тәрізді) Бәдеш деген сыршыл, сыпайы шеберге басымды иіп, ағалық ізет білдіремін. Тойларың тойға ұласа берсін деймін.»

Осынау жүрекжарды лебіздерден-ақ Әзағаң мен Ғафаң арасындағы сыйластықты байқауға болады. Әсілі, сыйласып ғұмыр кешкенге не жетісін. Әсіресе, ақын-жазушылардың бір-біріне деген ықыласты жарастығы оқырмандарына жұғысатын жақсы ырым секілді ғой. Сондай қымбат байлыққа жандары кенелген осы екі тұлға– халқының біртуар ұлдарынан өзгелер үйренетін үрдіс көп. Сол жағы қуантады.

...Торғайда Ғазез қажы Әмірханов әйгілі Ғафаңның өмір тарихын бір адамдай жақсы білетіндігімен де жұртты өзіне тарта түседі. Ол кісінің бір әңгімесіне куә болғанымыз бар. Торғайға еңбегі сіңген дәрігер Шынберген Әбдіғалиевтің алғаш мектеп табалдырығынан аттауы туралы сөз басталып кетті де Ғазез қажы әлгі дәрігердің атасы Таласбай молдаға қатыстырып мынадай бір қызықты әңгіме суыртпақтады:

– Қарақоға бойында елуінші жылдары VI Пленум деген колхоз болды, -деді ол әлденені есіне түсіргендей болып. – Басқарма Қошанның Білкені еді. Мен бастауыш мектепте мұғаліммін. Ұзын қаба сақалды, таудай Таласбай молда кішкентай Шынтайын мектепке жетектеп келді... Немересін оқуға әкеліп тұрған Таласбай молданы да, Шөкен шешемізді де бұрыннан білетінмін. Әйде ерке өскен Шынберген алғашқы кезде баландық мінез танытты да...

Осылай аздап әңгімеге кіріспе жасап алған ол бір мәнді нәрсе айтуға оқталғандай болып, баршамызды ынтықтыра түсті. Тағы да Таласбай молда туралы біразырақ камти келіп оның Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде ақтангер ақын Ғафудың әкесі Сәрсенбаймен бірге оқығанын мәлім етсін.

Біз елең етістік. Ғазез қажы маңайындағыларды осылайша сөзбен өзінің аузына үйірілтіп қаратып:

– Енді мына қызықты қараңыз. Сәрсенбайдың «Ғалия» медресесін бітіргендігі туралы құжат кейін Таласбай молданың кітаптары арасынан шығады да, оны Ғафуға біз манадан бері құлағын шулатып отырған Шынберген дәрігер табыс етеді, – деді де алдындағы қымыз толы сапар кесені колына ала берді.

Сосын сәл шөлін басқаннан соң Торғайда мешіт ұстаған Кәтен моллаға қатысты сөз өрбітті. Кейінгілерге өнеге болсын дегені шығар, өз білгенін мардымды етіп баяндады. 2001 жылы өзі бас болып, Шынберген дәрігер, Қарсақбай жолшы коштап дегендей, молланың көне зиратын қайта жаңғыртып, күмбез көтерді. Кәтен молла Таласбай молдамен бірге оқыған екен. Кәтеннен Ғазез қажының ағалары Мұхамбетуәли мен Қапыш оқыған. Таласбай өзінің баласы Әбдіғалиды да Кәтен моллаға оқуға берген. Көрдіңіз бе, бір-бірімен тамырлас, жалғас тағдырлар өнегесі қандай әсерлі десеңізші. Осы әңгімелерге Ғазез қажы аузынан қанық болған Ғафаң қатты әсерленіп, ой құшағынан босай алмапты. Кейін тамаша бір дастан туғанын жалпақ жұрт жақсы біледі. Тұшынып оқып, құмарларын басқан екен...

Барлық нәрсенің бастауында бір құдіреті күшті жаратылыстың икемдеуі мен иландыруы тектес тартылыс құбылысы салтанат құратындай. Ғафаңның әкесі Сәрсенбайдың Уфада Таласбайдай молдамен бірге оқуында да көп мәніс пен себеп жатқандай ғой.

Сол кездің өзінде алдыңғы қатарлы дін қайраткерлерімен терезесін тең ұстаған әкенің ұлағаты бала жанына да өшпес із қалдырғаны анық. Бала Ғафудың бойына тараған ақындықтың ағындаған асау мінезі тегіне тартқан тектіліктің қасиеті емес деп кім айтады? Небір алқалы жиындарда мінберге көтеріліп бара жатып «не деуім керек?» деген робот тетігін басып қалғандай әсерден айырылмай, сөзге ерік бергенде, қалай көсіліп, қалай толғап тұрғанын өзі білмесе де, бір құдайға тапсырып, шабысының қарқынын үдемелете түсетін қайран Ғафаңның дем салған молдадай ыссы аһылайтыны әкесі Сәрсенбайдан жұқты десе, кім сенбес? Немесе, адуын ақын Есенжол Жанұзақұлының жиенімін деп, он төрт жасының

өзінде төкпе ақынның мұрасына қаныққан соң разылығын былай білдіруі жас періні әлдебір күштің дүлейі ұршықша үйіргенінен бастау алған шығар.

...Болмаса жалғыз сөзі қуанатын,
Дүниеге не бітіре туады ақын.
Жатпаса жыр бұлағы еркін құлап,
Жаныңның жапырағын суаратын, —

деген ағынды сөз, құйма ұйқастарды бозбала аузына құдай салмаса, құйын салмайтын шығар?! Ғафаңның он төрт жасында айтқан осы бір ауыз сөзі Есенжолдай атақты ақынның мұрасын аспандатып-ақ тұрған жоқ па? Аталастар ғана емес, жырдың ақ алмастарының өзі осындай бір деммен біте қайнасып кетеді екен-ау!

* * *

1988 жылдың жаз ортасында Торғай облысы жабылып қалып, халық жүзін мұң кіреукеледі. Арыз-наласын кімге айтарын білмеген қалың жұрт бастапқыда жол бастайтын серке таппай қиналғаннан күйзелді. «Қатардағы түтін түтетіп отырған облыс еді, не көрініпті бүйтетін» деп, шыңғырған дауысы зынданнан шыққандай әлсіреп, талып естілді. Өстіп, салы суға кете бастаған елдің еңсесін ойламаған жерден көтерген бір тегеурінді құбылыс пайда бола кеткені бар. Ол — елім деп еңіреп жүретін ыстық қайрат иесі, туған жерінің һәм жоқтаушысы Ғафу Қайырбековтың «Егеменді Қазақстан» газетінде «Арқалық мұны» деп аталған мақаласының жарқ етіп, жариялануы еді. Сол-ақ екен, іркіліп қалған пікір-ойлар, ұсыныстар легі тасқын селдей қарқынмен жөңкіліп берсін. Айтқандарының бәрі бір арнаға тоғысады: облыс қайта қалпына келтірілуі керек! Жедеғабыл бастамашыл топ құрылып, іске кірісіп кетті. Оның мүшелері ештеңеден тайынатын түрі жоқ, Орталық комитеттегілердің өзіне Ғафаңның әлгі мақаласын жалаулатып ұстап барып, батыл талап қойып сөйлейді. Тек, бір қызығы, кезінде облыс басшылығының маңында болған кейбір шенеуніктер ғана жасқана сөйлеп, жалтарып, бұл мәселеге онша араласа қоймайды. Сөйтсе, кейін белгілі болғандай ол қорқау бүгежектер астана маңынан лауазымы жоғарылау қызмет табылып қалар ма

екен деп, өз қамы үшін халқын сатып кетіп жүргендер екен ғой. Осы оқиғаның алдына озыңқырап ой толғайтын болсақ, облыс қайта ашылғаннан кейін әлгі бұқпантайлар баяғы майлы шелпек Торғайына қайта сұранып келіп, беделді орынтақтарға лып етіп жайғаса қойды... Олардың осындай сорақылықтарын естігенде Ғафаң «Елімнің неге тоз-тоз болғанын енді ұқтым» деп, қатты налыпты. Мұны оның осы күйзелісін көрген белгілі журналист Жақсылық Жүнісов айтып берген еді. Ақынның Алматыдағы пәтерінде сөйлесіп отырғанда:

– Ғафа, «Арқалық мұңы» арқылы тарап кеткен облыстың мұңын шағып, жоғары жақтың назарын аударуыңыз керемет ерлік үлгісіндей болды ғой, – деп разылығын білдірген журналистке Ғафаң көп ойланбастан былай дейді.

– Ерлік сөзін оңды-солды бұлаңдата бермендер, түге, – деп ақын әдеттегідей ытырла түсіп, жосылғалы қалып танытқанымен, іле сабасына түсіп, мәселенің ресмилігіне тән жауап қайтарыпты. – Ерлік – бас редактор Шерхан досымдыкі. Ол жалтақтап баспаса, бәрі адыра қалар еді. Халықшыл Шерхандар көп болар ма еді.

Ғафаң осылай деп, едәуір ойланып қалса керек. Сосын сол қиын кезеңдердің суретін көргендей әсерленіп шыға келіпті.

– Менің пәтерім бастамашыл топтың штабы секілді болды ғой. Күн демей, түн демей бас қосамыз. Өтініш, шағым арқалаған хаттар легі бір толастамайды. Қысылғанда нағыз демеушілер солар болады екен. Бір танысым хатында: «Ғафу-ау, басың екеу емес қой, абайласаңшы» деп сақтандырады. Мұнысы – жоғары жақтың қолайына жақпай қалсаң, жағдайың не болар дегендей жаны ашығандығы. Мен оған: «Басым біреу екенін білесің, соған орай пікірім де, ойым да, шындығым да, халқым да біреу» деп жауап жазып жібердім, – деген Ғафаң шалқалап бір күліп алыпты.

...1988 жылы тамыз айында Алматының Абай атындағы опера және балет театрында Ғафу Қайырбековтің 60 жасқа толуына байланысты салтанатты жиналыс өтіп жатады. Соған қатысқан ақынның етбауыр, жақын туыстары мен аудан жұртшылығы атынан барған өкілдер қатарында әдебиетші, мұғалім Қабылахат Сейдахмет те болады. Ол салтанатты сәттен алған әсерімен бөлісіп, Кеңшілік Мырзабековтің сол

жиында оқыған «Ғафуша сілтеу» деген өлеңінің қолжазбасын көрсеткен еді. Өлеңнің жазылу мәнісі де қызық. Талай аймаңдай ақындар мінберге көтеріліп, Ғафаңа жыр шашу жасап жатады. Өзіне сөз тимейтінін сезген Кеңшілік алаңсыз отырады. Бір кезде оған өлең оқып қалуың мүмкін деген хабар жетеді. Ал, жанталас! Тізесіне қағаз қойып сүйкекке басқан Кеңшілік мына кең дүниені ұмытқандай өзімен-өзі болып кетеді. Кезегі келгенде сол экспромт өлеңін оқиды-ай келіп.

Тыңдаушылар жапырылып қалғандай. Ғафаң орнынан тұрып Кеңшілікті құшағына орап бетінен сүйеді. «Шабысыңа ризамын» деп, арқасынан қағады. Сол өлеңін Кеңшілік жиналыс басқармасының үстеліне қалдырып кетеді. Қабылахат та өлең-жырға құмар жан. Қолжазбаны Ғафаңа бермек болып қалтасына сала салады. Содан ұмытылып Торғайға кете барған. Елге бір келгенінде Ғафу ағасына осы жайтты айтып, қолжазбаны береді ғой. Ғафаң табанда өлеңді мәшеңкеге бастырып алады да:

– Қарғам, Кеңшілік, ағаң дәуірден озып туған жан еді ғой. Мынаны өзің ыждағаттап алған екенсің, өзің сақта. Ағаңнан тәбәрік болсын, менде Кеңшіліктің басқа да қолтаңбасы бар, – деп қолжазбаны қайтарып береді.

Ешбір жерде жарияланбаған сол өлеңді назарға ұсынудың жөні енді келген секілді.

Ә, Ғафеке, келдіңіз бе – алпысқа,
Олай-бұлай қарайсыз ғой әр тұсқа.
Ақын жаны түскенімен тартысқа,
Ақын жаны айналмайды жыртысқа.

Ақын жаны тола-тола қыртысқа,
Ақылманға айналады бір тұста.
Ақын жаны – ақылманы халқының,
Ар алдында арқандалар тым қысқа.

Ақын жаны алабұртып күн кешер,
Теперішті төзе алмайды тұрмысқа.
Ақын жаны алтын сынды бір мысқал,
Аунатқанмен, былғанбайды қылмысқа.

Ақын жанын қайта-қайта, қайтадан,
Қайта құрап жасаған ғой тумыста.
Қайта-қайта ақын туар қазақта,
Қайырбеков туылмайтын бір нұсқа!

Иә, Ғафеке, Сіз ақынсыз біртуар,
Ілгеріге ілес туған тұрқы бар.
Кейінгімен тұтас өскен бір мүше,
Қабырғаңыз қақырап бір жыртылар.

Соңыңа еріп, сүмелек боп мен тусам,
Менің емес, сенің мүйізін сырқырар.
Қазақ жері – тұлпар туар шын туса,
Африка емес қой ол, піл туар.

Тұлпарларды тұлпарлар кеп тықсырса,
Алдыңғысы ышқынар да ұмтылар.
Ытырынып, ышқынғанмен, құр жаяу -
Жабылардың таңы бекер жыртылар.

Құтырынып, құйқылжитса хас тұлпар,
«Тәубә» айтқызар шыбын жаны шырқырар.
Алпыс жасқа ағып жеттің ағажан,
Менің сізде қасиетім сол – пір тұтар.

«Ойбай, Ғафа!» Ата болдың демесек»,
Серілікті Серікпенен бір жүріп,
Шөмішбаймен бірігіп,
Әлі талай түріңіз бар сыңғытар...

Иә, Ғафеке! Ақыны көп заманда,
Ақынына зақымы көп заманда,
Алтын шашқан Адам көрем мен Сізден,
Мынау біздің нұрлы жарқын қоғамға.

Талантыңа тамадалық тап келіп,
Ағыл-тегіл шашылғаның содан ба?!
Гамзатовтан айтқаныңыз кем бе еді?
Кулиевтен кем түстің бе сонарға...

Олар сынды талантыңыз болғанмен,
Одақ жақта аз кездестік оларға.
Өз жанынан жібермейтін халқыңның,
Тұспалдары тұсау болған саған да.

Біздің халық ішкі ұйқасым сияқты,
Махаббаты сөзінде емес, жанарда.
Жанарына көз тігемін халқыңның,
Бір шикілік, бір қитұрқы жоқ онда!

Қостанайда той өткіздің – қостырып,
Әлкен Торғай облысың тарарда.
Иә, осындай бақыт берсін Ақынға,
Иә, осындай талап берсін Адамға!

Иә, Ғафеке! Айтар сөзім көп менің,
Уақыт тығыз шектелдім де, шектедім.
Талантыңды тағдыр берген шығар-ау,
Ақ Бәдештің арқасы ғой жеткенің.

Талантыңа тәнті қазақ ретінде,
Мен де бүгін
Бір сүйейін теп-тегін.

Кеңшілік Мырзабеков.

Алматы, 19 тамыз, 1988 жыл.

Қайран Кеңшіліктің арнау өлеңі жөппелдемеде жазылса да осындай мән-мазмұнымен ерекшеленіп тұратын. Өлеңнің бойындағы ыстық қан леки ағып, адам жанын алмағайып сезімге бөлейді. Інісінің бұл жыр-шашуына ағасы да аса риза болса керек. Сол Кеңшілікпен бір сөйлескенімде, оның Ғафаң туралы былайша қызық сюжет айтқаны бар еді. Ақынның өз аузынан моншада отырғанда естіпті. Қасым Брянск ормандарында соғыс үстінде жүріп те өлең жазуын тоқтатпаған деп бастапты әңгімесін Ғафаң, тоқтатпағаны – өлеңдерін алау өрттің жалынында солдат достар алдында жазып, көзбе-көз оқып беріп отыратын болыпты. «Тіпті, жұрт түгел түсінбеген соң, ызаланып, өлеңді орысша жазып кеттім» деп сырын ашқан екен бір жолы Ғафаң. Оның орысша бірнеше өлеңдері

сақтаулы екен. Ғафаңның айтуынша, бір ғажабы – сол орысша жазған өлендерінің өзінен Қасымның Қасым екені танылып тұрады-мыс.

Міне, осылайша Ғафаң қайда жүрсе де, қайда отырса да інілеріне, замандас-құрбыларына, тіпті бейтаныстарына да өнегелі сөздер айтып, кім-кімнің де өрісін кеңейтуге көңіл бөлген сыңайлы. Жазғанынан ғибрат өзінше, ауызекі айтқыштығымен де рухани көмек қолын күй талғамай ұсынып жүріпті-ау. Ал, мұндай айтқыштықтың өз кезегінде жеке арнамен жылыстап ағып, шөліркеген шөлейттің мейірін қандыратыны тағы мәлім. Соның бір мысалы мынау.

Есенғали Раушановтың талантын шынайы сезініп қадірлеген бір ақын болса, соның бірегейі Ғафаң екен. Сол Есенғали «Қазақ әдебиеті» газетінде (5.11.1999 ж.) жарияланған «Ауылға кетсек пе, әлде эмиграцияға ма?» деген мақаласында былай деп жазған:

«Жаңа қазақ» деген кім? Бұған жауапты дәл берген кісінің бірі – марқұм Ғафекең – ақиық ақын Ғафу Қайырбеков еді. Бірде көшеде жанына ерткен жас жігіті бар Ғафекең келе жатты. Амандық-саулықтан соң «Сен мына жігітті танысың ба?» – деп сұрады. Сұрады да жауабымызды күтпестен «Танымасаң танып қой. Бұл інішек – дыңдай бастық. Іскер азамат. Сосын, айналайын, сендер айтып жүретін анау бір Ел, Жер, ұлттық мүдде дейсіндер ме – бір нәрселерің бар тегі – ондайыңда мұның шаруасы жоқ, бұл – таза жігіт,» дегені, анау иығын қикаңдатып «Да, зачем мне все это» деп қоразданып қалды. «Мақтаудың мұндай да түрі болады екен-ау» деп біз қалдық. Ғафекең айтпақшы, «таза жігіттер» жыл санап өсіп келеді.»

Ғафаңның Есенғалиға айтқан сол сөзі әлі маңызын жоймағаны белгілі. Өміршең сөз айта білу де үлкен ақындарға жарасқан ғой.

Немесе, Ғафаңның не бір айтулы жиындарға қатысып оралғаннан соңғы айтқан ұлағатты сөздерінің өзі қандай қымбат еді. Жақсысына сүйініп, кемшілігіне күйініп айтатын еді. Кейде әлдебір көрген сорақылықтарды баяндар алдында бір тал шашын ағартқандай етіп назаланып, шылымын сорғыштап, күйгелектене түсетін. Бір жолы 1992 жылдың күзі болса керек, Ғафаң қырғыздың ұлы манасшысы Сағымбай Оразбақұлының туғанына 125 жыл толуына арналған

тойға қатысып қайтады. Сол сапарында бауырмал қырғыз елінің салт-дәстүрінен түйген ойларын бертінге дейін, көзі жұмылғанша айтып жүргені мәлім. Қырғыз бауырлардың туыстығында күмән жоқ болғанымен, біз қазақтар, олардың халықтық, ұлттық салт-дәстүр, мінез-құлқы дегендерін біле бермейді екенбіз. Мемлекеттік тұрғыдағы жаңа қатынаста, өмір араласында біз осы жағына енді баса назар аударуымыз керек.

Білген үстіне білу – қадірлестіктің белгісі, шын сыйластықтың негізі болмақ. «Тойды тойлай білу – халықтық қасиет болумен қатар, уақытша емес, ұзақ сабақ болатын, ұйымдастырғыш, бірлікшіл қызметімен де ұлы маңызға ие. Топырлатып той жасау – жоспарлық, науқандық іс емес, ел бірлігінің, ұлт туыстығының айнасы болғаны абзал», – деп ойын түйіндер еді Ғафаң.

Ғафаң әдебиет майданында соңымыздан кімдер еріп келе жатыр деген сауалға да жауап іздеп жүретін, осы орайда жылт еткен жақсы жаңалыққа көзі түсіп, көңілі тұшынса пікірін бүкпей айтатын асыл аға еді. Сондай мейірімді сөзін өз аузынан көп естіген едік. Торғайға бір келгенінде Ғафаң:

– Осы сендердің Жанаттарың, «Егемендегі» жауапты хатшыларың Елшібековті айтамын, жүйрік журналистігімен қатар кәдімгі төселген жазушы да екен ғой, – деп менің «Қазақстан пионері» газеті дәуренінен бергі қаламды бірге сілтесіп келе жатқан досым әрі әріптесім туралы жылы лебізін білдірді.

– Ол сондай қос қанатты қаламгер, – деп мен өзімді мақтағаннан бетер мәз болдым. – Жаңалықты кеш ашқан екенсіз, Ғафа.

– Сының орынды, бала. Біз әдетте ауызды құр шөппен сүртуге бейілміз. Жастарды көп оқи бермейміз, іздемейміз. Өйткені ол – артық жұмыс. Оқымасақ, әрине, білмейміз ғой. Жанаттың екі бірдей шығармасы – «Қош бол, теңіз!» бен «Жынды кемпір» повестері жуырда қолыма түсіп оқи бастап, басымды кітаптың аяғынан шыққанша көтере алсамшы. Екі бірдей шығармасына мынау қиын заманның екі бірдей толғақты мәселесін – экология, адамгершілік, қиын тағдыр сабақтарын өзек етіпті. Содан түйген қорытындымы мынадай: Жанат балалар әдебиетіне нағыз суреткер, талантты, профес-

сионал жазушының келіп қалыптасқанын осы еңбектерімен дәлелдеп беріп отыр. Мен соған қуанып жүрмін.

Беу, өзгенің қуанышынан өзіне қуаныш жасап алып жүретін жомарт жүрек, кең пейіл, аңқылдақ асыл ағам-ай, десеңші сол!

* * *

...Қарт Торғайдың алпыс екі тамыры иіп жатыр. Еліміздің төрт құбыласынан Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың күндеріне қатысуға алаөкпе боп жеткендер ежелгі тарихи жердің қалай күпініп қуанғанына, гүлдей ажарланып жасарғанына куә болды. Торғайдың кірпігінде – қуаныш жасы мөлтілдейді! Қос арысы қайта тіріліп келіп, далиған төсінен рухани нәр-уызға тояттай алмай жатқандай...

Сонымен, 1991 жылдың 8 маусымы. Тойдың басталған күні. Қаладағы Н.Ахметбеков атындағы Мәдениет үйінде республикалық ғылыми-теориялық конференция ашылды. Шешендер кезекпе-кезек мінберге көтерілуде... Әне, маңдайы жарқырап Ғафу Қайырбеков тұр! Лағыл сөздер ақтарылып, жұпардай шашылды дейсің!..

Мінбердегі Ғафаң – сөз тасқыны секілді! Қаталаған сананың шөлін қандыруға пейілденіп селдете түседі. Ақын сөйлеп тұрмағандай, ақын аузынан сөз-жалын атқыланып жатыр еді. Иә, сөз-жалын! Соған куә болыңыз...

«Қадірлі той иелері – Торғай топырағының перзенттері, туыстар, (Ғафаң сөзінің бұл толық мәтінін конференциядан соң өзіне жолығып қолқалағанда, ол қолындағысын жиналыс хатшысына беріп қойғандықтан, қарындасының үйіне мені жіберіп сондағы қара портфельден «Сақара сабаздары» деп аталатын ақ Бәдеш мәшіңкеге басқан 9 беттік мәтінді алуыма келісім берген-тін. Бұған дейін еш жерде жарияланбаған бұл мақала-сөзді толық күйінде оқырман назарына ұсынып отырмыз) бауырлар және қазақ өлкесінің түкпір-түкпірінен, Астанадан келген құрметті қонақтар!

Бүгін біздің ұлттық, халықтық мақтаныш сезімімізді, елдік намысымызды осы ғасырдың басынан бастап оятқан, ақыл-санамызға, жүрек-жанымызға сәуле, нұр, қуат берген, сөйтіп қазақ халқын Адамзат мәдениетінің асқар биігіне шақырған данышпандарымыз – ұлттың рухани көсемдері – Ахмет

Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың Торғайдағы еске алу күндерінің бақытты алғашқы сағаттарын бастан кешіп отырған Сіздерді осынау ұлы тоймен құттықтаймын.

Торғайдың шағын да болса шапағатты қарт өзеніне бүгін бір кезде өзінен туып, бүкіл қазақ даласына жайылып кеткен екі бірдей дария қайтып келіп, құйылып жатыр, құшақтасып, табысып жатыр. Дариялардың сағыныштарын кім көрген, сағыныштан жылағандарын кім көрген?! Міне, біз көріп отырмыз. Қашанда жер көркемі жақсы шығар, бірақ мынадай қуаң жазық даладан, шаңы аспанмен араласқан, жауын тілеп көкке арыз айтқан мекеннен ғұлама ойлы данышпандар, көн садақты батырлар, таңдайы жезбен қапталған шешендер, бал көмейлі әншілер, аруақты да арқалы ақындар шығып жатса – ол жерді жұмаққа теңемеске болар ма?!

Ел, жер ажары – ерімен, адамымен деген сол. Торғайды күні бүгінге дейін алғашқы көрген адамдар әжептәуір қарны ашып, көздері жетімсіреп, көңілсізденіп қалатыны рас.

Торғайдың өзінен өзі туралы аңызы өсіп кеткен өлке, даңқы озып кеткен дала. Торғай туралы толғау ұзаққа кетеді.

Торғай қаласы өзінің жүз елу жылдығының алдында тұр. Осынау бір жарым ғасыр ішінде оның көрмегені жоқ, қазір 75 жыл толып отырған ұлт-азаттық қозғалысының дауылы мен өртін, Азамат соғысының аласапыраны мен жиырма бірінші, жиырма екінші жылғы мешін-тауық ашаршылық жұтын, кіші конфеске, ұлы конфеске жылдарымен, зорлықпен жасалған коллективтендіру, қазақ халқының маңдайына біткен дәулеті мен бақыты, ұлттық тұрмыстық қорегі – малын жаппай тартып алған Голощекиннің «кіші октябрь», 37-жылдың адамдарға әкелген сұмдық апаты, одан Ұлы Отан соғысының ер-азаматтарды жаппай жайпауы – жиырма-масыншы ғасырдың ұлы оқиғаларының бәрін қалдырмастан көрген Торғай қаласы бұл. Кейде қала деген есімді алу үшін жүз мыңдаған, миллиондаған халқы болу шарт есептелгенмен, біздің ұғымымыздағы қала басынан кешкен тарихи ұлы оқиғалармен өлшенетін Торғай секілді қала. Торғай маған әр көрген сайын қазақтың өзі секілді болып елестейді. Оның аз уақыт өркендеп, көп уақыт тозғындық, жүдеулік көрген кескінінен халқыңның бүкіл тарихы оқылып тұрғандай. Осыдан қырық жыл бұрын жазған өлеңімде:

Көшелер құрғақ өзен арнасындай,
Қала едің кәрі шуда, нар басындай.
Ішіне оқиғаны тиеп-сықап.
Тарихтың қойып кеткен арбасындай –

деп жазған едім. Әрине, Торғай соңғы жылдарда аздап өзгерді, жаңарды, дұрысталып келеді. Неше түрлі сұмдық, сорақы, аянышты тұрмысты бастан кешкен ол – осы күніне, қазіргі жағдайына шүкіршілік айтады.

Әңгімені Торғайдан бастау себебімнің өзі – сайып келгенде оның қос данасы – Ахаң мен Жақаңның тойының Торғайдан басталуында жатыр. Бүгін Торғай мақтанышы мен қуанышында шек жоқ. Бұл бүкіл қазақ даласының тойы ғой, оны өзге өлкенің қалай тойлауы – осы тойға байланысты болмақ.

Қазақ той қадірін білетін халық. Дегенмен біз ұзақ жылдар бойына әбден үйреншікті, стандарт, үлгі-пішімге айналған, жаттанды сөздер мен жалықтырғыш ұрандарды жамылған тойларды тойлап келдік. Өзіңе тән ой ойлап, өзіңе тән той тойламаған халықтан бақытсыз халық болмас.

Аллаға шүкір – деп айтайық, көп сағындырып келген рухани бостандық таңы сақараның күні секілді болған Ахаң – Жақандарды маңдайымызға қайта әкеп орнатты. Қазір олардың рухы төбемізде қалықтап жүр. Бұл сабаздарды уақыт қолымен біреу «атты», «құртты» дегенімізбен, ол рас болғанымен, біз: «олар қазақ халқының ұлттық, елдік намысы үшін болған ғаламат майданда ерлікпен қаза тапты» – деп айтуымыз керек.

Әдетте, адам қолынан өлді – дегеннен гөрі, оның арғы үлкен мағынасынан алып, ел үшін өлді – дегенді қосқан әлдеқайда артық.

Жолдастар! Мына тойға бүкіл ғылым академиясының тайлы-таяғына дейін келіп отыруы тегін емес. Ахмет Байтұрсынов бір кезде бір өзі университет, бір академия болған адам. Ол данышпан философ, теңдесі жоқ тіл атаулы ғылымның жалғыз құрылысшы (строитель) тұңғыш иесі, ол шұғыла терең тарихшы, этнограф, ол психолог, ол ұлы педагог, ұстаз, ол тамаша әдебиет ғалымы, ол керемет музыка, өнер білгіші – ол ұйымдастырғыш, саясаткер,

кажымас журналист – осынау ұзақ санды білім, ғылым – Академия болмағанда не болады? Иә, ол ресми түрде де қазақ мемлекетінің тұңғыш академигі, тұңғыш халық ағарту комиссары еді.

Сондықтан бүгін мынау келген қазақ оқымыстыларын Ахаңның тікелей мұрагерлері – деп, Торғай топырағында құттықтауға рұқсат етіңіздер! Ғылым болмаған жерде адамзаттық өркениет (цивилизация), оны тұтынған мемлекет те, мемлекет қараған қоғам да болуы мүмкін емес екенін, қайран Ахаң жақсы білген.

Ахаң, Жақаң, Шәкәрім, Жүсіпбек, Мағжандарды сағынып қалған қазақ зиялылары ғылым академиясының – Ахмет, Мұхтар атындағы қос институтты бастап, Қазақстан Жазушылар одағы, барлық баспа орындары олардың мұраларын шапшаң жинағыштап, аз мерзімде жарыққа шығарып, үлгеріп жатыр.

Алайда бұлардың бәрі әлі ғылыми сүзгіден, сараптан өткен басылымдар емес. Бұлардың көбінде текстологиялық қателер мен алақұлалықтар көп. Ең басты себеп – тұтқиылдан дайындау үстінде бұрынғы Ахаңның араб алфавитінен осы күнгі орыс алфавитіне көшіріп алудың өзі бір қиянат жұмыс болғаны белгілі. Бұл оқымыстылар дұрыс айтады – ең алдымен бұлардың азаматтық, қоғамдық, жеке бастық өмірбаянын нақтылап, тиянақтап алып, содан соң олардың творчестволық баянын, шығармаларын жүйелеуге, негіздеуге көшу керек. Өмірбаянға, шығармашылыққа қатысты көптеген жаңа материалдар табылып, жарияланып жатыр. Соларды жинап, тақталау, жіктеу, топтау керек. Мәселен, текстологиялық дәлсіздікке кішкене ғана мысал – Ахаң мен Жақаңның бүкіл шығармаларына негізгі қазық болатын өлеңнің бір-бір шумағы:

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара, көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізден шарпылмаған –

деген жолдардағы «көл» – дұрыс емес, яғни «көлге қонған емес», «сазға қонып». Бұл үндестігі жағынан жақсылығы

өзіне басқа, дұрыс та дәл – өйткені қаз салқындау үшін сазға, көлдің балағына қонады. Жазда көлден де гөрі саз салқын.

Оған дәлел:

Халық поэмасы «Қыз Жібекте» Төлегеннің:

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Атайын десем оғым аз,
Қонар болсаң жануар
Міне майдан, міне саз – дегені

немесе:

Сар Торғайды жайлаған
Сазына бие байлаған –

дегендерден көрініп тұрған жоқ па? «Майдан» – жазықтық, кеңістік – деген сөз.

Жақанның: «Міржақып төмендердің аласасы» – дегендегі «төмендердің» не деген сөз, бәлкім, оның орнында басқа сөз болуы ықтимал – деген ой келеді. Осы Торғай табанындағы біз көзін көріп үлгерген әрідегі адамдар бұл екеуінің сөздерін түгел жатқа білуші еді. Олардың аузында әлгілер басқаша болушы еді. Сол кезде әлде кітап оқуға құмарлық па, жалпы өлең, жақсы сөзге құмарлық па – солардың бәрі маған ылғи оқымысты, ғұламалар секілді көрінетін. Қалай десең де, қазақ әлі түгел кітап оқымай келе жатыр. Оқығанының өзі бір-ақ рет оқиды. Сосын сол алғашқы көрген, ұққанымен өмір бойы жүре береді. Әлгі текстология мәселесіне мұқият қарау осыдан шығады. Әңгіме басы – Ахаң болғандықтан да айтарымыз – ол қазақ маңдайына бітуін біткенімен, ұзақ симай кеткен адам.

Адамзат данышпаны Ленин Аханды көргенде қатты таңырқаған. Сонау тағы немесе жартылай тағы даладан осындай тұлғалар туады екен – деп, сосын ендігі бүкіл дала шаруасын соған тапсырған. Аханды дүние даналарының ортасына қоя беріп, алаңсыз отыруға болады. Содан ол жарқырап көрінер болар.

Оны бүкіл заманындағы түркі халықтарының зиялылары өзінің қолбасшысы санады. Оған дәлел белгілі 1926 жылғы

Бакудегі түркологтар мәжілісінде Ахаңның төраға (председатель) болып сайлануы.

Қазақта: «Аққу жалғыз оттамас» – деген мәтел бар. Ахаңның егіз сыңарындай – олардың басын асқақ арман, биік идеал – «елім, халқым» – деген аят, ант қосумен қатар, қан мен топырақ та қосқаны сөзсіз. Асқан талантты Міржақып Дулатов Аханды ғажап сыйлаған, құдіретіндей тұтынған. Бұлай құлай беріліп, иманымен жақсы көрмесе, санасымен ұқпаса – ол Ахана ермес еді де, бір-біріне серік боп жүрмес еді. Бұлардың осындай сирек махаббат, сүйінулері, бір-бірінің жолында бас байлаулары – сонау Исатай мен Махамбетті еске түсіреді.

Жақаң:

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, тізген маржан, меруерттей – дейді.

Жақаң Аханды үнемі толықтырып, жалғастырып отырған.

Оның халқын сүйгеніне айғақ атақты:
«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш,
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш» деген өлеңі.

Осынау бір шумақта Міржақыптың бүкіл өмірі, идеалы, арманы, сыр-сипаты тұр.

Ахаңның: «штрафқа ақша жоқ, түрмесіне мен-ақ жатып шығайын, газет тоқтамасын, сен жүргізе бер» – деуінде Жақаңа деген сенім мен екеуінің күрес жолындағы егіздігін білдіретін қаншама мағына жатыр. Қазақтың тұңғыш романшысы, журналисі, ақыны, Жақаң Ахаң тапсырмасымен мектеп оқулықтарын да жазған кісі ғой. Сайып келгенде барлық ғұмыр-хикаясымен, тұрмыс үлгісімен Ахаң мен Жақанды ажыратып болмайтын кісілер.

Осы тұста бір айта кететін нәрсе – Торғай өзінің талантты ұлдарын қашанда егіз жарататын секілді. Оған дәлел – осы екеуі, Аманкелді мен Әліби. Енді осыған қоғамдық, әдеби, мәдени қайраткерлерді, қосақтап айтсақ, мысал көп. Оны көңілдеріңізден іздеп көріңіздер. Бұл бір ғажап құбылыс.

Бұл, бәлкім, жалғыз Торғай емес, жалпы қазақта бар құбылыс болуы да мүмкін.

Ахаң мен Жақаң бір уақыт қазақтың ән, күйін, домбырасын ардақтаған, қызықтаған кісілер. Оған дәлел – Аханьның өзі сүйіп айтқан, бәлкім, шығарған десіп жүрген «Аққұм», «Екі жирен», «Ақ бидай» әндері, Жақаңның «Гүлнар-ай» әні. Осы әнді мен бала кезімде бір ағамнан естіп едім. Оны жарықтық Жақаң осы қазіргі көзі тірі, өзі тойға келіп отырған Гүлнар апайды кішкентай кезінде алдына алып отырып айтатын дейтін әлгі кісі.

Немене, көрген қызық көрмегендей,
Жас дәурен жауар бұлт өрлегендей, Гүлнар-ай!
Жігіттік алмас, қанжар жүзі емес пе,
Қайрап ап қалың жауға сермегендей, Гүлнар-ай!
Гүлнар-ай, ахау, гүл-бақ шашқан,
Меруерт тастан,
Не пайда өнері жоқ шіркін, жастан, Гүлнар-ай!

Тойдағы сөзім осымен тәмамдалды. Алда Ахаң мен Жақаңды исі қазақ жұртына, оның болашақ ұрпағына таныстыру, сөйтіп қайтадан рухани даму жолына түсу жұмыстары тұр. Сол жолда барлығыңызға ауызбірлік, абырой-намыс, азаматтық, кісілік, ірілік тілеймін.

«Ел болса Ер туғызбай тұра алмайды,
Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды» –

деп Иса ақын айтқандай, Торғай елі бар болса, әмме қазақ жұрты аман болса, әлі болашақта Ахаң мен Жақаңдарды тағы туғызады – деп үміттенеміз. Мен сөзімді өлеңмен аяқтайын.

Ахаң туралы аңыз

Алламен атың ұқсас Арыстаным,
Шыққанда Лаухил Махфуз – ғарыштан үн –
Тіл қатқан сол тәңірге Адамзаттан
Сен едің, құлақта әлі дауыстарың.

«Ахмет құдайменен сөйлесіпті» –
Дегенді жер құлағы сан естіпті.
Құдай да қазақшаға жүйрік екен –
Екеуі рахат-сая хәл кешіпті.

«Қазақты қандай оған ел қыл – депті,
Еншіңе ен даланы бердім – депті.
Сондағы елшім сенсің – саған сенем –
Беделім, сен боласың белгім – депті.

Ал содан бастады Ахаң тілден бәрін, –
Алғандай Айдан қуат, Күннен жалын.
Тазартты лас сөзден, кір-қоңыстан,
Нәр құйды, тіл емдеудің білген заңын.

Көтерді шын өнерге дейін оны,
Мағынасы бәрі жаңа, бәрі соны.
Содан соң ашты ғылым қақпасын ол –
Адамзат дамуының сара жолы.

«Сен түгіл құдайыңның өзі білген,
Тіліңнің қасиетін сезіп, үйрен!» –
Деді ол қазағына, бауырына –
Жоқ және осы жолда көзін ілген.

Не керек, сор ма біздің мандайдағы,
Айыпты үйіп-төгіп қай-қайдағы –
Көпсініп алтын басын пақыр елге
Қамады, қырға айдады, ойға айдады.

Ойлаған жеткізбеді мың ісіне, –
Тағдырдың дегенінше «мұнысы не?» –
Кезінде көк тәңірісі ұйықтап қалған
Атты оны жер құдайы түн ішінде!» –

Естідім осы аңызды – бала шағым,
Кезімде ой аласа, сана шағын.
Көз қиып Аханды ату неткен сұмдық –
Қазақтың атқаны ғой болашағын.

Бәрі бар халық айтқан осы аңызда,
Жақсыға жасық сөзді қосамыз ба?
Халық бар, халық болса Ахаң да бар,
Әнекей, отыр қазір ортамызда».

Осылай ағындап сөйлеген Ғафаң мінберден түсе берді. Маңдайы жарқырап, қозған делебесі басылмаған күйі, ауыздығын қарш-қарш тістелеген тұлпардай, жанары жарқылдай ойнақшып, жер тарпып бара жатты... Жандарынан жанай өткенде ақынға разылығын білдіргісі келгендер: «Уа-а, Ғафа! Сілтесің қандай еді!» десіп, орындарынан дүр етіп көтеріліп, қошемет көрсетіп қалады. Ғафаң басын изейді. Жүзі сұсты, бұжырлау беті алабұртып, қаракүреңденіп кетіпті.

Бәйгеден бас бермей келген жүйріктей жуыр маңда оның суый қоятын түрі байқалмайды... Пәлі, шашаңа шаң жұқпаған, тұлпарым-ай!

* * *

Арынды ағынды, терең иірімді, мөлдір сезіммен өрілген талай жыр жинақтарының авторы, еліміз оқырмандарына есімі кеңінен мәшһүр көрнекті ақын, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғафу Қайырбековтің «Толассыз толқын» («Қайнар» баспасы, Алматы, 1981 ж.) кітабын қолымызға зор аңсаумен алдық. Бұл жолы жинақ өзге жанрлық сипатымен көңілді елең еткізді. Рас, бұған дейін біз ақын жүрегінен төгілген жыр жақұттарынан басқа өткен күндердің астарына қиял еліктіретін естеліктер мен әдеби портреттерді, көркем тілдің айшықты бояуы қанық көрінген жолжазбаларды, деректі әңгімелер мен повестерді тұшына қабылдаған болатынбыз. Және бұған қоса ақиық ақынның мерзімді баспасөзде ізін суытпай жарияланып тұратын қара сөзбен жырланған қысқа да нұсқа көңіл тебіреністері шабытты қаламгердің шығармашылығын үнемі көз алдымызға ұстауға кең мүмкіндік беруші еді. Осындай оймен кітапты құмарта оқып шыққанымызда, алған әсеріміз шексіздік әлеміне қанат қақты. Әр кезде жазылған очерктер мен публицистикалық мақалалары, толғаулары көкейдегіні дөп

басқандай, көңіл сарайын өзгеше бір мәнді әуенмен, сиқыры сұлу әуезбен түрлендіріп, құлпыртып жібергендей. Өрелі ой, философиялық талдау, ағылып жатқан ақ өлең ұйқас кісіні бейжай қалдырмай, қайта кітапты бір деммен оқып шығуға ынталандыра түседі.

Автордың ғажайып ой сұңқары самғаған кеңістігі ұлан-ғайырлығымен ерекшеленеді. Ол туған республикасының тынысын бала жүрегін тыңдаған мейірімді дәрігерше, бар жан-тәнімен бақылайды. Алтайдан Атырауға, Жайықтан Жетісуға дейінгі аралықта болып жатқан еңбек әуенін ауа райын болжаушыларша ұдайы елгезектікпен назарында ұстайды.

Ақынның жебедей ұшқыр қиялы Қазақстанның күллі экономикалық және әлеуметтік өзгерістерін бір сәтке қалт жібермейді, жүрек синтезінен қас-қағымда өткізіліп, жыр арқауына айналады немесе мына кітапқа енгендегідей әр жолы өлеңмен өрілген деректі толғаулар тұлғаланады. Еңбек адамының жан-дүниесі, биік мұраты, мәдени немесе жалпы өмір саласындағы өрелі табыстары тілге тиек болған. Және қандай десеңізші!

Бір ғана «Дән сабағы – ән сабағы» деп аталатын алғысөз орнына берілген толғауда қаншама ұтқыр ойлар шақпақ тастарша жарқылдап, ұшқын шашады, сонысымен де оқырмандарын түпсіз толғанысқа түсіреді.

Ғ.Қайырбеков қостанайлық алғашқы тыңгер Амангелді Исақов туралы бұған дейінгі еңбектерінде де сан мәрте жырлап та, әңгімелеп те берген-тін. Енді оның көреген көңілі мен адуынды қиялы торғайлық тың қаһарманы Амангелді Еңкебаевты іздеп тапты. Жол қиындығына алаң болмастан, жардан асып Есіл тасып жатқанда кейіпкерімен іңкәрлікпен ұшырасты. Сөйтіп оның шынайы да қарапайым тұлғасын сомдап, «Ер мен Есіл» деп атады ол очеркін. Халық батыры Амангелді Имановтың ат тұяғы дүбірлеткен сахараға Исақовтың тракторы түрен тартса, Еңкебаев ерлікке тән еңбек етіп тыңның қиын астығын жинап жүр. Ылғи амангелділіктер (соңғы екеуі Социалистік Еңбек Ерлері) туралы қалам тербеу бақытына ие болғанына ақын балаша қуанады.

Кітаптың «Сапар саздары» тарауы масштабтық жағынан кең ауқымды. Ақынның қасиетті мекені – Қарқаралы мен

Елтіңжалда болуы, Аққұм мен Сайрамды аралауы, Ұлытауды көріп «егіліп», Қарсақбайдың қара қазанында қайнауы ізсіз қалмайды, кешегі жез қазғандар арқылы ғұлама ғалым, шалқар ой иесі Қ.Сәтбаев өмірінен сыр ашып, бүгінгі Жезқазған өлкесінің жетістіктерін тамсана әңгімелеп береді.

Ордада туған ойларын жіктеп, Жайық жағасының жайсаңдарымен таныстырады. Іле-Балқаш бойымен өткен ақын сапары інжу-маржан сезімдерімен жүрек қылын шертіп, қызықтыра түседі. «Толғауларда» тоғысқан жер мен ел, ер тұрғысындағы көркем дүниелер ше? «Миллиард даусында» қазақ елінің Отанды мол астықпен қуантқандағы көл-көсір қуанышы, «Дала бақытында» тағы да миллиард атты «баласын» тудырған дала бақыты, «Жасай бер, туған жерде» жаңарған өлкенің келбеті айшықты суреттеледі. «Егін туралы эссені» тебіренбей қалай оқырсыз?

Жинақта сәтті де тәтті теңеулер, мақал-мәтелдік дәрежеге көтерілген қанатты қайырымдар көп кездеседі. «Іскерлік – ақылдың шаруасы, жігердің жемісі», «Иә, мұхит егінді мұхиттай зор еңбек қана жеңіп алмақ», «Миллиард – дала бақыты», «Айдың күміс жолы әрқайсымыздың иығымызға асылады, денемізге төселеді», «Әуелде оның кіндігін байлаған жіп – оны мәңгі туған жерге байлаған...»

Жинақтың соңғы беттерін жапқанда төл әдебиетіміз бен көркем өнерінің шыққан шыңы, алынар асулары жайлы зерделі проблемаларға да кенелдік. Бұл автордың бүгінгі дикан немесе жұмысшы бейнесін жасағанда олардың әлеуметтік өсіп-жетілуіне, өркендеуіне, ой-өрісінің кеңдігіне айрықша мән бергендігінен де болса керек.

Жайқалған егін... Жел тұрып еді, алып теңізде толассыз толқын ойнады. Иә, үлкен ақынның жүрегінде де жақұт қырлардың толассыз толқыны бас көтеріп, буырқанып кетті.

Бейнебір саржағал егін толқыны немесе адуын ақындықтың шабытты толқыны тоғыса тулады-ау дерсіз!.. (1982 ж.)

* * *

Бұл аса қызық хаттың сарғайған түпнұсқасын 1995 жылғы 5 мамырда Арқалықтағы ағам Өзбек Қазиханұлынан қолқалап сұрап, көшіріп алған едім. «Қолқалап» дейтінім, ол кісі өзінің

жеке мұрағатындағы сирек кездесетін құжаттарды екіншісіне біріне жомарттықпен үлестіре бермейтін. Өйткені оның бай, жеке кітапханасынан әр түрлі басылымдар сұраушылар «қалап» алғандарын уақытылы қайтармай, дымын құртушы еді.

Содан сақтанатын. Ел тарихына, әдебиетіне, салт-дәстүріне жетік, білімпаз, көзі ашық, көкірегі ояу Өзекеңде талай шежіренің бумасы қатталып жиналып жатыр. Сол қасиетін мен де мақтанышпен айта жүремін.

Қоңқас деген атамыздың атамзаманда Жайлаубай ағамызға арнап жолдаған бұл хатын Өзекең бүгінде Торғайда тұратын Мәрияштан (Жайлаубайдың қызы) алыпты. Бір қызығы, бұл хатты атамыздың ауызба-ауыз айтуымен сол тұста 9-ауылда мұғалім болып жүрген бала ақын Ғафу Қайырбеков қағазға түсіріп берген екен. Осы бертінде Өзекең Арқалықта, белгілі ұстаз Әмірғали Жәмәлиевтің үйінде хатты Ғафаңа көрсеткенде ақиық ақынның көзінде жас мөлтілдеп, өткен күндерін есіне алып, бір сәт тұнжырап отырып қалса керек. Содан әлден уақытта өзінің куақы мінезімен көңілдене түсіп: «Әй, дәурен-ай десейші, сол кезде-ақ ақын екенмін ғой» деп, отырғандарды ду күлдіріпті.

Хатты көшіруін көшіргеніммен, оның түпнұсқасына тоймай қарағаным, біртүрлі кимай қарағаным әлі есімде. Кәдімгі қиғаш торлы оқушы дәптеріне қаламұшпен, күлгін сиямен жазылған екен. Әр әрпі сырын жоғалтпай, ап-айқын көрініп тұр. Бозбала Ғафаңның бозбала жазуының көркем сипаты жанар қызықтыратындай...

... Ғафаңа ауызба-ауыз айтып хат жаздырған Қоңқас деген кісі кім еді? Бір рулы елдің басы болған, дана қартты Ғафаңнан артық ешкім жетік таныстыра алмас деген оймен ақынның өз сөзіне жүгінгенді жөн көрдік. Оның Сәбит Мұқанов туралы «Әкеден қалған әсерлер» деген естелігінде мынандай тәтті суреттер кездеседі: «... 1947 жылдың жазында «Қызбел» тауының «Шеңбер» деген жайлауында отырған, кезінде батыр атанған, қазір тоқсанға жасы тақап қалған нағашы атам Қоңқас деген қарияның үйінде демалыста жаттым.

Көп әңгіменің бір тұсында ол маған: «Алматыда болып, оқып қайтыпсың, көп не білдің? Сен Сәбенді көрдің бе?»

деді. Әуелі не дерімді білмей қалдым. «Көрдім» дедім сосын, «көрмек түгіл, қолын да алдым». Әрине, көргенім рас, қолын алдым дегенім өтірік еді. Бір шын бір өтірікті жетектеп кетті.

– Онда жарадың, күшік. Өзі қандай, мына мендей бар ма екен бітімі? – деді ол жиеніне риза болғандай көтеріліп қойып. Арқалы еді және батыр десе батыр, денесі шөккен нардай, алпамса, басы үлкен, «құлағы тебінгідей» дейтін тым зор, мұрыны жай адамның жұдырығындай өте бір өрескел ірі, мөлдір де шегір көзді адам еді.

Осы Қоңқас атамыз тоқсан үш жасында дүниеден өтті. Кезінде ауыл мұғалімі болып жүрген Ғафу Қайырбековтің келешегінен үміт күтіп, оны Алматыға «ақындық» оқуға аттандырып салған көріпкел қария, шіркін-ай, титтей де кателеспепті-ау!

Ал, Қоңқас атамыз сағынышпен хат жазған Жайлаубай деген кісі кім? Ол да Өтей руынан, Саржақов Жайлаубай десе, дүйім ел жазбай таниды. Кезінде әр түрлі басшылық қызметтерде болып, туған жерінің гүлденуі үшін аямай тер төккен. Жәкең ағамыз сол тұстағы біраз мемлекет қайраткерлерімен табақтас болғанын жыр ғып айтқанда, үлкен-кіші аузын ашып тыңдайтын. Өмірден өзі өткенімен, артында тәрбиелі ұрпақтары қалды. Бұл хат Жәкеңнің сондай бір сырт өлкеде қызметте жүрген кезінде жазылса керек...

... «Амандық хаттың» маңызын ескере келіп, онымен оқырмандарды тұтастай таныстыруды жөн көрдік:

«Ардақты балам, Жайлаубай, хатыңды алып қарт көңілім қуанып, жан-жүйемді жібіткен, әсерлі, сағынышты сөздеріңе шамадан тыс разы болып қалдым. Аман-есен Алла мен Ата аруағының желеп-жебеуімен бұйырған жердің дәмін татып, тіршілік қауымында жүргендеріңе тәңірге мың мәртебе шүкіршілік етіп, қанатымның әлі де барлығына қуанамын.

Мен де аман, кәрілік шіркіннің кемесіне мініп, туып-өскен атамекен Сарықопаның іргесінде, Қоңыраулы жағасында өмір өткізіп жатқан жайы бар атаңның! Мұндағы бізге қараған ағайындар: Қазихан, Әмірхан, Төңтер, Әлімнің баласы, Ахмет, т.б. тегіс аман, дендері сау Аллаға сиынып дәурен сүруде. Ондағы туыстардың да амандық хабарын өзіңнен естіп, едәуір жасап қалдық.

Мұндағы заманның қартына байланысты өзгерістер бірталай. Кешегі ауыр соғыс талай қыршынның жер-суын көрмей, мезгілсіз дүниеден кетуіне себепші болды ғой. Елмен, жермен қоштасып, ата шаңырағынан алыс кеткен азаматтардың елге қайтып қауышқандары бар, әлі күнге дейін хабарсыз кеткендері бар. Соның бірі біздің Қаракөз... Соғысқа аттанғаннан кейін әлі де дерек жоқ. Алланың рахматынан ақырын күтіп жатқан жай бар, қалқам!

Қаракөз еске түскенде,
Қайысады қабырғам.
Сақалымнан сорғалап,
Көзімнен жасым ағылған.
Қайғыға пенде болмасқа,
Белімді бекем байладым.
Алладан тілек жалғыз-ақ,
Қалмасын тақыр аймағым.
Қартқа басқан шағымда,
Қайғы берме, құдірет!
Ер тарықпай, толықпас,
Сабырлы жеткен мұратқа,
Ақырын беріп, рахым ет!.. –

деп тілеп отыр атаң».

Хатты осы орта тұсында үзіңкіреп, оған сәл түсінік бергелі отырмыз. Қаракөз деген кім? Ол – Қоңқас атамыздың жалғыз ұлы. Соғысқа аттанып, содан хабарсыз кеткен. Ең болмағанда көңілді демерлік, сайтаналғыр «қара қағаз» да келмей, діңкелеткен ғой. Атамыз ғұмыр бойы жалғыз ұлын күтумен арманда үзіліпті. Ал Отаны үшін қасық қаны қалғанша күрескен Қаракөз керемет өнерлі болса керек. Бармағы майысқан суретші деседі оны көріп-білгендер. Мектепте жаратылыстану, өсімдіктану пәндерін құмарта оқыған ол небір аң-құстарды сүмірейтіп салады екен. Көз қиығы бір түскен табиғат тылсымдарын дөп басып, шеберлікпен бейнелей қоятын болыпты. Қаракөз салды деген суреттердің жұрнағы бертінге дейін сақталып келгені есімде. Біздің өзіміз оның шет жағын көріп қалдық. Бұғының, жайынның, арғымақтың келісті суреттері шынайылығымен көз арбайтын, тамсандыратын.

Осы Қаракөз туралы соңғы дерек, әрине жерлестерін – Торғай өңіріндегі Сарықопа атырабын жайлаған дүйім елді қуанышқа кенелтіп тастады. Алматы баспасынан 1995 жылы «Боздақтар» деген кітап шықты, соның 62-бетінде былай жазылған: «Қойқасұлы» (Қоңқасұлы деген әкесінің аты қате жазылған. – Қ.Ә.) Қаракөз, 1922 ж.т. қазақ. Торғай ауд. әскери комиссариатынан шақырылған, 09.02.1943 жылы ұрыста қаза тапқан. Курск обл. Лобовский двор деревнясында жерленген».

Міне, Қоңқас атамның жалғыз ұлы – Қаракөз туралы соңғы дерек осындай. Көңілді орнықтыратын да, суытатын да қиын хабар. Дегенмен, көңілдің күптілігін басқандай. Қайран, сабазың Отан алдындағы борышын мәрттікпен орындап, сырт жерде көз жұмыпты. Сол ерлігі үшін оны ел-жұрты мақтан етеді. Қоңқас атам да ұлының ержүректігіне имандай сеніп өткен еді өмірден. Сұңғыла қария алданбапты...

Енді, оқырман, басталған хатты түгелімен аяқтап тасталық:

«... Ел жағдайы жақсыға беттеді, арзаншылық, молшылық қайта келді. Тұрмыс, жағдайымыз жақсы. Сен сұраған ата-мекен жайлаулар: Тасқұдық, Шарабас, Андағұл, Соркөл, Өзенді, Теке, Шұбарлы, Сарықопа, Арал, Шығанақ сағынған жүректен саған, сен сияқты атаның шет жердегі үрім-бұтағына сәлем жолдауда. Сарықопаның алтын бунаққамысы, Тасқұдықтың балды қаймақ шәрбаты, Шұбардыңкең жазира жайылымы, Қызбелдің тамашалы таулары әлікүнге қалпында, елі қойнында, малы өрісте, құлпыра түсуде. Қош иісті жапырақты Соркөлді әлі қаптай қонған ауылы еш уақыт ол қоныстан іргесін көтеріп көрген емес.

Салқын самал Сарықопаның даласы,
 Жұпар иіс жан дертінің дауасы.
 Мекен еткен саясында мал бағып,
 Әлікүнге Өтей атаң баласы.
 Шұбар жайлау, шербет сулы Тасқұдық,
 Құмартады адам жанын қош қылып.
 Күміс көктем күндерінде, дүние-ай,
 Көңіліңді көтереді-ау, мас қылып.
 Қош бол, қалқам, хат салып тұр, Жайлаубай,

Сағынды атаң жүздеріңді көре алмай.
Қауыштырып шетте жүрген бауырды,
Көрсететін күнің бар ма, бір Алла-ай!
Өткен күнді сағынады жүрегім,
Аттарыңды атап әркез жүремін.
Қайда жүрсең аман болып, ғұмыр сүр,
Өлгенімше тірліктерің тіледім.
Қош, қош, қалқам!
Жазушы – сағынған атаң Қоңқас.

8.02.1947 ж. »

Міне, Қоңқас атам ауызба-ауыз айтып, бала ақын Ғафу Қайырбековке жаздыртқан хат та тәмамдалды. Онда ата жүрегiнiң ұрпағына деген сағынышты лүпiлi, соғыстан соңғы туған жер мен ел-жұрттың жай-жапсары көңiл әуенiмен бiрсыдырғы көрiнiс тапқан екен. Көптi көрген көнекөз атаның салмақты да шымыр желiлi сөздерiн бозбала ақын Ғафу алақашпа жыраулық мiнезiмен үшкiрлеп, ажарландырып, кей тұсында тiптi сикырландырып жiбергендей ме? Не де болса, айтушы Ата болғанымен, жазушы Ғафанның өзi екендiгiн оның қолтаңбасына қарап емес, тiптi сөз саптауының ыңғайынан да аңғаруға болар, бәлкiм.

Ғафаң қолжазбасының бiр сыры осындай мол тағылымды, аса әсерлi едi. Соның жалынын ұшқын етiп, әр жүрекке жеткiзген болдық. Ата мен Ақын алдындағы бiр парызды өтесек болды да...

* * *

Әмiрғали Жәмәлиұлы – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттiк сыйлықтың иегерi Ғафу Қайырбековтiң ежелгi сырласы, керемет досы. Ол екеуi ҚазПИ-де тұстас оқыған. Бiрi – физика-математика пәнiнiң, екiншiсi – қазақ тiлi және әдебиетi пәнiнiң мұғалiмi мамандығын алып шықты. Кейiн екi дос өз соқпақтарымен жүрiп, халқына адал қызмет еттi.

Ғафанның есiмi жалпақ елге мәшһүр. Ал Ә.Жәмәлиұлы болса танымал ұстаз атанды. Қостанай облысы Аманкелдi, Қима аупарткомының хатшысы ретiнде де ұйымдастырушылық қызметiмен көзге түстi. Біраз жыл Арқалық педагогика ин-

ститутында ұстаздық етті. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, алты медальмен марапатталған. Бүгінде Әбекең Қазақ тұтыну одағы Қарағанды экономика университеті Астана қаласындағы филиалының кафедрa меңгерушісі.

«Егемен Қазақстан» газетінің редакциясына мені іздеп келген Әбекең өзіне Ғафаңның жазған хатын (1952 жылдың 25 желтоқсанында қолына тиген) беріп жатып, мынадай бір кішкене ішкі сырын ашты.

– Екеумізді институт қабырғасында табыстырып айырылмастай достастырып жіберген құдіретті бір күшке әлі күнге тәнтімін, – деп ойға шомды Әбекең. Көбіне-көп мен ондай ізгі қасиетті Ғафудың бойынан көргендей боламын. Оның маған арнаған бір өлеңінде былай шалқығаны бар.

Сен менің ең аяулы жас шағымсың,
Алғашқы дос туралы дастанымсың.
Мен көрмек дүниедегі мен қуанбақ,
Байтақ бір бақыттардың бас жағысың, –

деп келеді де, қолтаңбасында: «Достық туралы жақсы өлең жазсам, дос бола білген сенің арқаң!» – деп ізгі тілегін білдіреді.

Әбекең сәл ойланыңқырап отырды да:

– Ғафудың мына бір хаты да шынайы досына ашқан жан сыры іспеттес. Жастарға үлгі болатын тұстары мол-ау деп, ұсынып отырмын. Ақын сезімінің бал-шырыны сезілердей етіп, жариялауларыңызды өтінемін, – деді.

«ӘМІРЕШ!

Аса қатты сағынышпен жазып отырмын бұл хатымды. Үй ішіне сәлем.

Неге осынша сирек жазасың хатты. Саған деген, Сен деген көкірегімнің бай сезімін мен айта алмаймын. Оны айтсам бір перо емес, әлденешеулер тозар, бірақ айтып бітпеспін. Бәдеш (Ғафаңның зайыбы – Қ.Ә.) хат жаздым дейді, ұсақ-түйек амандықты содан естірсің. Мен өз даусымды, өз айқайымды естірту үшін жаздым. Мен де аман жүріп жатырмын, семьям да бақытты. Менің де қайығым өмір атты теңіздің бетінде қалқып, алға тартып барады. Қайық үстінде екі адамбыз – мен

және Бәдеш. Алғашқы бір тұрмыс толқындары жас балғын қайықты өршелене соғады, біз қайыспай есіп келеміз...

О, жаман неме, шылымыңды сорып, танауыңды сәл шүйіріңкіреп, бір қырын таяна бере қасқиған отырысың көз алдымда. Осылай бір көзің күле жымиғанда шалқып алысқа, сонау қияға ой жүгірткендей болушы ең Сен. Соныңды тек мен байқаушы ем.

Айналып, үйіріліп келгенде, айтарым біреу. Мен сені сағындым! Менің төңірегімде студент те, басқа жігіт те отыр. Туысқан да бар, дос та, дұшпан да бар. Мен бұрынғыша шалқып сөйлеймін, сөйлеп отырмын. Бірақ, өзімде батылдық, тыңдаушыма тану, сезу, аса мықтылық жоқ.

Мен сөйлесем өз шабытыма мәз болушы ем. Менен туып жатқан сөздің жақсы екенін мен көріп отыратынмын. Дұшпан ортасында да мен тақымымды босатпай, айылымды жимай сөйлеуші ем. Оң тіземде Сен отырушы ең, мен саған керемет арқа сүйейді екем ғой, сонда. Мен күш жағын айтып отырғам жоқ, просто адамдық мықты тұлға жөнінде сөз қозғап отырмын. Мен сенің сол моральдық биік тұлғаңа, ішкі сарайыңның көз тұндырғандай әдемілігіне құмартушы ем. Және сені мендей, мені сендей түсінер ешкім де жоқ еді. Жоқ, жоқ, жоқ!

Бұл менің сені жақсы көруім шығар, бұл ерекше жақсы көру. Бұл ананың балаға, я достың досқа немесе жардың жарды жақсы көруі емес. Бірақ, солардың әрқайсысынан да үлесі бар өзінше өзгеше жақсы көру. Сен бұған не таңданасың, не құптап бас изейсің – екеуі де заңды және дұрыс та. Осынша ортада (Бәдештен өзге) мені қуантатын және аңсататын бір-ақ адам бар. Мен соны көрсем, жоғалып кеткендей көзден таса болған әлдебір қымбаттымды көре қойғандай мәз болам, іштей балаша қуанамын. Ол сенің жарың (бұл жерде осы хат жазылғаннан бір жыл өткен соң Әмірғалиға тұрмысқа шыққан ЖенПИ-дің студенткасы Тәрбие апайды меңзеп отыр – Қ.Ә.), аз күн боп жуықтасаң да иісің қалғандай, соныңды жоғалтпай жеті сайын маған әкеп ұсынатын бір-ақ адам. Оны мен айтпаймын, көңіліңде отыр. Мен оны көрем, өзіне кейде естіртіп, кейде естіртпей айналып, толғанам...

Ех, мен сені сағындым. Алсайшы, алдындағы рюмкеңді, жуа алып жібер азырақ! Қазір Жаңа жыл жақындап келеді,

мен сені әрбір мейрам сайын іздеймін, жоқсың. Мен Асаудан (Ғафаң студенттік жылдарды бірге өткізген, бұл кезде Торғайда мұғалім болып жүрген Асау Түрекешовты айтып отыр. Қазір ол Қостанай облысының Әулиекөл ауданында тұрады – Қ.Ә.) хат алмаймын, я оған өкпе де жоқ. Жақсы, мен хатты осымен аяқтаймын. Екі күн болды сырқатпын, шаршап отырмын.

Басым айналады...

Қош, жаным Әміреш! Ағаң Ғафу».

* * *

23.XII.1994. Алматыға «Егемен Қазақстанның» 75 жылдығына барғанмын.

...Түстен кейін досым Мереке Нәбиев екеуміз Ғафу Қайырбековтің орнына кіріп, дұға оқып шықтық. Ақ Бәдештің ажары солғын, жүзін кіреуке шалған... Қайран өмір, тұрлауы жоқ дүние, кешегі Ғафаң мәпелеп, еркелеткен асыл жар сыңары көктен құлаған аққудай жарымжан күйде түңіліп кеткендей... «Әлгі әзірде Жазушылар одағына барып, Ғафудың соңғы зейнетақысын алып едім, барлық тізімнен сызып тастайды екен...» деп езілгенде, ақ Бәдештің көзінен бұршақ жауады... Дауысы қаттырақ шығып, солқылдайды. Иегі кемседеп, сөзі айқын естілмейді: «Қыркын бердік. Торғайдан ешкім көрінбеді... Жазда мінгізген атын, әйтеуір, Мақсұт Шәйкемелов – Ғафудың жақын інісі үлгертіп беріп жіберіпті-ау. Қайтейін сол! Көкшетаудан адамдар келді! Торғайдан жоқ! – Ақ Бәдеш ағыл-тегіл жылап отыр. Ғафаң үйінің төрінде ілінген ақынның үлкен суретіне еріксіз қарай беремін. Ақ Бәдештің көз жасын көргім келмей Ғафаңа қараймын іштей буырқанып. Суреттегі Ғафаң: «Ей, ақ Бәдешім, осыншама неге шаршайсың, түге! Теже өзіңді, түңілме өмірден. Өмірде бәрі болады. Тәтті емес қой өмір дегенің. Екеуміз егіз қозыдай дәурен кешкенде осылай түбі сыңар қаларынды, әлдебір безбүйректердің немесе тіршілікте бәкісін қайрап қалтасына тығып жүргендердің, ақ алмастай тіліме тікен қадай алмай аһ ұрған бастық, әкім-әлекейлердің енді ұпай қайыруға өре түрегелетінін ойлап па едің! Солар ғой енді «шоқ-шоқ» десіп қара қарғаша миды шұқып

жатқаны... Ондай тайыз, сасық пиғылды, өресі тар, өресіз биіктігін елге жүргізген билігінің пошымымен өлшейтін, халық деп сайрап, халықты ақ тақырға өз құлқыны үшін ойланбастан отырғызып кететін бүгінгінің «ояз, болыстары», сұлтандарынан адамгершілікті дәметпе!

Дәметпе! Дәметпе! Олардың әлгіндей опасыз қылықтарын айтып егілгенше, елден, құйтақандай Торғайымнан сәлем әкеліп, менің мынау төрімде, қазақтың алып ақынының аядай, кішкентай төрінде сенің қайғыңды бөліскен, іштей мүжіліп, мұң торлаған жүзін өзіңе тіке бұра алмай отырған кішкене азаматқа, менің нағашыма, менің өтейіме, тоқта, ақ Бәдешім!

Қазақ баспасөзінің бір өкіліне, өзімнің сүйікті «Егеменімнің» («Егемен Қазақстан») бір уығы іспеттес осы қара жігітке, туған жер сапарында қасымыздан бір елі қалмайтын біздің Қайсар балаға рахмет айт та, көзіндегі жастан тыйылшы! Өтінем сенен осыны өмір бойы жырлап өткен, асыл жарым! Демім үзілгенше дәрменім болған махаббатым! «Бақыт құшағындағыны» өзің білесің, бақыттылар үшін жазғам! Сенің көз жасыңды көрмеп едім ол фәниде, бұл бақида да сезбегенім жақсы... Көрсетпе жасыңды ақ Бәдеш! Көрсетпе, көрсетпе... көрсетпе... Қайтесің сол, бүгін ел билеп, ертең елі қарғысқа қиятын мес қарын, қысық көз, бүйрек бет, бауырсақ мұрын бәтуасыздарды...

Қайтесің... Қайтесің. Тіктеп қарашы маған, көзіме қарашы, тіктеп!» – Ақ Бәдеш те суретке қарап безірейіп отыр екен... жыламайды, сөйлемейді. Қатып қалыпты. Осылайша іштей булығып, сабасына түсіңкіреп болған соң қасында біздің барымызды жаңа сезгендей: «Шай әкелейін, ас салайын, – деді әлдебір шириғыспен. – Жақанға (облыс әкімі) айта барасың ба, деп едім ғой әлгі өкпемді... Бірақ, қойшы сол, қайтесің... – Ақ Бәдеш орнынан тұрып, біз Мереке екеуіміз үстел жаймасын жазысып, нан ауыз тиіп, қазы-қартаның бір кесегін алып, шай ұртадық та, дұға қылдық, батаның ырымын жасадық. Ақ Бәдеш елдің амандығын сыпайы сұрастырып, кіріп шыққанымызға рахмет айтты. – Айналайындар, елге сәлем айтыңдар! Манағы соңғы зейнетақы алғанымда тізімнен Ғафудың сызылып қалғанын көріп, үйге келгенше босаған көңілімді тежей алсамшы. Содан

сендерді көріп... қайтесің, сол, Қайсар, әлгі сөз аузыңнан шыға көрмесін. Қайтесің, қайтесің...

Біз ақ Бәдешпен қоштасып, үлкен ақынның аядай бөлмесінен қуықтай дәлізге шығып, аяғы ауырланған ақынға бесінші қабатта алдамшы тұрақ болған мекеннен тыпырлап төмен түсіп бара жаттық... «Осы үй он қабат болса, соның оныншысында тұрар ма еді, ақын» деп ішімнен әлдебіреулерге наразылық білдірдім.

Құлағымда бір ызың... «Қайтесің, сол, қайтесің, қайтесің!..»

* * *

...Қырық екі жыл бір шаңырақтың астында түтін түтетіп, бұл өмірдің қызығы мен шыжығын бірге татқан адал ері Ғафаң туралы Бәдеш жеңгей таңды таңға қосып әңгіме шертуге бар. Екеуі түйедей құрдас еді, бір өңірдің төлі боп жаратылып, студенттік шақтарын Алматыда қатар өткізді. Бәдеш қыздар институтында, Ғафаң ҚазПИ-де оқыды. Бәдештің ағынан жарылып сыр ашқанына қарағанда, екеуінің арасында, әсіресе өз тарапынан анау айтқандай керемет лапыл сүйіспеншілік бола қоймағанға ұқсайды. Мүмкін, бұл баяғы балаң қыздың әдеп сақтағыш сыпайы мінезі мен ибалылығының, биязылығы мен ұяндығының әлі күнге ішкі сырды сыртқа жая бермейтін қазақы тәрбие жемісі болар-ау. Әйтпесе, бұл қос жүректердің қатар лүпілдеген сезім бұлқыныстары сыңарының бірі көз жұмғанша іңкәрлікпен соққанына былайғылар куә еді. Осы қос жұп – аққудың көгілдіріндей болып көз қызықтыратын. Бәдешті құлай сүймесе, сүйген жарын ғұмыр бойына қыр дестесіне бөлеп өтпес еді-ау. Замандастарын, оқырмандарын тамсандырған махаббат жырлары туар ма еді. Иә, біздің Бәдеш жеңгей баяғы көргенді тәрбиенің жетегімен «сүйдік, өртендік» деген сөзі тілінің ұшында тұрса да қысылып-қымтырылып айта алмай отырған секілді. Махаббат – сүйіскен екі ғаріптің ішкі жан сыры десек, дабылдатпай-ақ сырттай сүйсіндіретін ғажап тартылғыш күш емес пе. Біз соны сеземіз. Әйтпесе, бозбала Ғафаң өз жанында жүріп, олардың сырларына қанық болған достары Әмірғали мен Асауды жұмсап, Бәдештің сурет-

тер салған альбомын сұраттырып алар ма еді. Және де сол альбомға әр жолының бастапқы әріптерінен «Ғафу» деген сөз оқылатын мынандай аңсарлы өлең шумағын жазар ма еді.

Қасіреттен аулақ. Бақыт, Күнге дос,
Алшы қабыл, жүрегінді бірге тос.
Фонтаны ма достық мұнарасының,
Уа, құрдасым, осы, әйтеуір, бар шыным, –

деген өрттей сезім тұтанар ма? «Жүрегінді бірге тос», деп жүрек саусағын созып, жалбарынар ма? Әлгі достары Бәдешті қызық көріп, әуре-сарсаңға салады екен. «Ғафудың қызуы көтеріліп жатыр» деп алдап әкеліп, қыз көрмекке үздігіп жатқан бозбаланың сауабын алатын болса керек. Келсе, сырқат Ғафу төсегінен атып тұрып өзіне шай қойып, сыйлап шала бүлінеді.

Кетерінде екі досы «Қазір сен кеткен соң тағы қызуы көтеріліп ауырып қалады-ау» деп қатты қауіп қылатын көрінеді.

Мыналардың алдап жүргенін сонда түсінеді екен Бәдеш. Бірақ өзін құдай сүйетін ақын жігіттің күннен-күнге өзіне ыстық тартып бара жатқанын қыз жүрегі сезінеді, сезінеді де тұла бойы ысынады. Әлденеден елендеп, өзі де ақын жігітті ойламаса көңілін мұң торлап, мына өмірдің мәнісі не дегендей қамығатын болды. Сөйтіп жүргенде екеуі де оқуды үздік тәмамдап, қолдарына қызыл диплом алды. Бұл – 1952 жылдың жазы болатын. Махаббаттың да белден бір басып бекем сөзін айтатын мәрт мінезі болады екен ғой. Бұрын жаралы жүрегін емге тосатын Ғафу бір күні әй-шай жоқ «сенсіз енді өмір сүре алмасымды білемін» деп қолын ұсынып, онысына көніп үн-түнсіз соңынан еріп жүре берген ақ Бәдешін мықтап жетектеп Алматыдағы пәтеріне әкеп оң аяғынан аттатқызды. Сол қосылған ыстық жүректер, серт-тескендей уәдемен алысқан жұмсақ қолдар бірін-бірі аялап қырық екі жыл бойына пейіш-өмір сүріпті.

Пейіш-өмір деп айтамыз ғой, ақынның жырда тулаған жүрегі мен алдаспандай мінезі, әрине, шындық жолын іздеу барысында жасындай сорғалап, шенеунік атаулыға жайсыз тиіп жататындықтан, Ғафаңның тұрмыстық жайына келеңсіз кеселін тигізетіні тағы бар еді. Олжастың қолынан

кілтін алайын деп тұрғанда төрт бөлмелі пәтер басқа біреуге бұйырып кетті. Ғафаңның көңілшектігін білетін әлдебіреулер тізімдегі оның кезегіне майдангерді іліктіріп қойған ғой. «Алсын, майдангерім, – дейді сонда Ғафаң саңқ етіп. – Соғыста сорлағандар бейбіт өмірде сорламасын. Кешегі үйсіз-күйсіз өткен Қасым ақынның аруағы үшін де мына қартқа жолымды қидым. Ақынды құдайым ақындық артықшылықпен жарылқаған. Оның өмір қызығынан гөрі өлең қызығы басым түсіп жатады. Әй, шалым, андағы ордерің мен кілтінді жасқанбай ал». Мана әзірде Олжастан ордер әкеле қояйын деп балаша жүгіріп кеткен Ғафаң ақ Бәдешенің алдында мұңайып, дауысы бәсеңсіп болған жайды баяндап береді. «Бәдеш, сен ренжімеші, ыңғайсыз болды. Далада отырған жоқпыз ғой, үш бөлмелі үйіміз бар, кеңейтудің реті бола жатар» деп аңғал ақын өз мінін жуып-шаяды.

– Несіне ренжітін едім мен, – деп сол күндерді есіне алған Бәдеш жеңгей шалының қылығын көз алдына әкелгендей жымып, күлімсіреп алды да сөзін жалғады. – Болар іс болған. Деннің саулығын тілейік, жағдайымызды түсінетін ер-азаматтар бар шығар дегенімде, айналып-толғанып бетімнен сүйіп алғаны...

Ақ жүректі ерлі-зайыптылардың үміті ақталыпты. Осы күнгі отырған бесінші қабаттағы төрт бөлмелі үйді қалалық кеңес ескеріп, оның ішінде Заманбек Нұрқаділов баса қолдап, алып берген екен.

Жас мамандар сол жылы бірі «Жазушы» баспасына кіші редактор, екіншісі Ғылым академиясына кіші ғылыми қызметкер болып орналасады. Шүкір, отбасылық бақытына дән разы болды екеуі. Тұңғышы Бақыт әке жолын қуып ақын атанды, Әлима маман философ, Ғафура тарих ғылымында табысты болып жүр.

Тағдыр әкесінің жолын бұйыртқан Бақыт поэзияда өзіндік үнімен дараланған, қолтаңбасы айқындалып үлгерген ақын. Орысша жазғанымен қазақы менталитетке суарылған өлеңдеріне оқырмандары сусап отырады. Бекерден-бекер оны орыс сыншысы Виктор Бадиков «жанның стенографиясы» деп атамаған ғой. Туылысынан ақын болып жаратылған Бақыттың көз аша салысымен көргені әкесі Ғафудың жыр мектебі болды.

Одан әрі Әдебиет институтындағы Лев Озеровтың тағылымды семинары, КСРО Мемлекеттік кино жанындағы сценаристер мен режиссерлердің жоғары курсындағы шындалу кезеңі ізсіз кеткен жоқ. Бәрін айт та, бірін айт, бәрібір оның өміріндегі ең жемісті, өнікті шығармашылық лаборатория әкесінікі болатын.

Жырдағы бозөкпені жыр қапасына қамап қойып терін аяусыз алып қанаттандырғаны өз алдына, бұғаудай қинайтын оқырмандар талабын алдыға тартып, бұлтартпай баулыды.

Сондайда ұқты Бақыт, әке үміті мен оқырмандар үмітінің тоқайласып жататынын. Қос үміт қосағына алғанда поэзия жолымен түзу жүрмеуге еш амал қалмайтындай... Бақыт соны нақты жыр-қадамымен дәлелдеп келе жатыр. Әкесін соңғы сапарға жөнелтіп тұрып «Әке, «Есейіп кетсем де, Мен саған сәбимін» деп өзіңіз айтқандай, алдымда Алатаудай боп өзіңіз жүргенде балалығымнан қол үзбеп едім, сіз өмірден өткенде бір-ақ күнде есейдім» деп күңіренген Бақыт бүгінде әке намысы үшін солғын өлең жазбауға тырысады. Оның кино саласындағы еңбектері де бір төбе, сан қырлы. Әкесінің соңғы сапарлары туралы, балалық шағының белгілерін фон етіп ала отырып туған жерінде түсірген фильмі өте көркем туынды ретінде бағаланып жүр. Фильмнің соңғы көріністері Жанкелдин ауданы әкімінің орынбасары Сұлташ Оспановтың дастарқаны басында түсірілген еді. Ғафаң домбырасын күйге келтіріп алып «Қасымның «Дариға, сол қызын» менен артық айтатын қазақта ешкім жоқ « деп ақ Бәдешіне бір бұрылып алып, шырқаған сәті, дәурен-ай, қайтып айналып келмейді ғой. Жанды суретке басылып қалғаны да көңілге бір демеу. Бақыттың деректі фильм жасаудағы тағы бір табысын айтпай кетуге болмайды. Ол Астанада Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университетте өткен «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның жұмысын алуан қырынан көрсеткен «Ұлы далаға оралған ұлы рух» деген фильмнің авторы. Тарихи дәлдікті өзек етіп алған бұл шығарманың маңыздылығы туралы баспасөзде құптарлық пікірлер айтылып жатуы автордың табысын байқатса керек.

Ғафаңның жоғары оқу орнына түсуі тұрғысында кейбір беймәлім деректерге қатысты Бәдеш жеңгейден анықтап

алмақ болғанымызда, ол кісі былайша түсіндіріп берген еді. Ғафаң 1946 жылы жоғары оқуға қабылданып, отбасы жағдайына байланысты, түсіп тұрған оқуын тастап, Қызбел ауылына келіп мұғалімдік қызмет атқарады. 17 жастағы бозбала ақын сол кезде «Қызбел суреттері» деген дастан жазады. Кейін бұл шығармасы алғашқы кітабына еніп, ақындықтың шалымды бастауындай екпін бергенге ұқсайды. Кейін осы дастаны оның Алматыға қайыра келіп оқуға түсуіне де себеп болған секілді екен.

Осы дастанға қатысты бір отырыста әңгіме өрбіді. Ғафаңның студенттік жылдардан бергі досы, Бәдеш екеуінің арасына «жеңгетайлыққа» жараған Әмірғали Жәмәлиевтің Астанадағы үйінде омырытқаға шақырылып, арқа-жарқа әңгіме құрып отырғанбыз. Бір қызығы, қонақтардың бәрі дерлік қызбелдіктер екен. Осы ауылда мектеп бітіріп, Алматыда бірге оқыған, кейін тарам-тарам салада еліне қалтқысыз еңбек еткен азаматтар, тіпті солар қиюластырған абысын-ажындардың өзі әлгіндей соқпақтан өткен, шеттерінен білімді, ақылды, өнегелі кісілер, енді құдай айдап жаңа елорданың төсінде тағдырлары тоғысып, мәре-сәре күн кешіп жүрген еді.

Алматыдан қоныс аударған атақты ғалым Сайлау Байзақов, Арқалықтан көшіп келген Кәрім Әлмағамбетов пен Өзбек Қазиханов, Торғайдан – Диханбай Байғазин, Сәруар Жүнісов, Жұман Жанділдин, тағы басқалар қай-қайдағыны қозғап, мәре-сәре.

Бір тұста әңгіме Ғафаңның Қызбелде мұғалім болған шағына ауысып, соның қай жылдар екендігін әркім әрқалай болжамдап, өз тұжырымын дәлелдеп айтысып қалғандары да бар. Мұндайда әр қисаптың ұсақ-түйегіне дейін, тіпті студенттік кезде дүкендегі киімнің, азық-түліктің бағасын тиынына шекті дөп басып ескертіп отыратын, сондай жадында ұстағыштығымен көбіне-көп мәнді-мәнсіз көтеріле салатын дау-дамайдың отын бір ауыз сөзімен су құйып сөндіретін Сәруардан жұрт мәміле күтетін. Соны сезген Сәруар Ғафу жиеніне байланысты нақты сөйледі :

– Мен Қызбелдегі Ақсуат мектебінің 2-сыныбында 1947-48 оқу жылында оқыдым, – деді ол қашанғы сандық дәлелімен айтпағын негіздеп алатын әдетімен. – Бір мерекенің қарсаңы

ғой деймін, Ғафу мұғаліміміз шекесіне «Сәруар» деп жазылған бір парақты қолыма ұстатты да тез жаттап алуың керек, жұрт алдында тақпақтап айтасың деді. Қарасам, әлгі параққа өлеңнің қос шумағын өз қолымен мәнерлеп жазып қойыпты. Мен өлеңді қолыма ұстап тұрған бойда өз-өзімнен қыстығып жылап жіберейін. Сол жылағаным әлі есімнен кетпейді. Ғафу аға маңдайымнан сипап, «буыны көп болғанымен тез жатталатын өлең, қорықпа» деп әлденге батылдандырды.

– Ал, есте қалып па, айтып жібер, – деп Кәрім ақсақал ынталылық танытты.

– Айтсам, бұл өлең шумақтары Ғафанның «Қызбел суреттері» циклына кірмеген. Неліктен екенін білмеймін. Кірсе де артық етпес, еш солғындығы жоқ қорытпалар секілді еді, – деп Сәруар түсіндірмеге кетіп қалып еді, Сайлау мен Өзбек шыдамсызданып: «Жаз айында қоңыраулатып ағатын» деп басталатын қос шумағы ма деп, бұлар да сол тұста Ғафу алдынан дәріс алғанын сездірді. Бірақ Сәруар қалай айтар екен, қате басса кірісіп көрерміз дегендей, кілт тыйылды.

Сәруар мана алып жіберетін тос рюмкесін өз сөзімен алдарқанып әлі қолына ұстап отырғанын байқап, оған ернін тигізді де даусын кенеп жадындағы өлеңді жаңғыртты.

Жаз айында қоңыраулатып ағатын,
Әр толқыны күйдің шегін қағатын.
Орап жатқан Қоңыраулының өзені-ай,
Жалғыз жұтсаң сусыныңа қанатын.

– О, пәлі, – деп Диханбай көтермелеп қойды.

Төретүскен, Қатынқазған, Шарабас, – деген тұста Сайлау мен Өзбек шоқ басқандай ыршып түсіп, қосарлана килігіп, қызынып алған Сәруарды әрең тоқтатты.

– Сен бұл жерін Ғафу нұсқасымен айт, – десті олар саяси қате көрген газет редакторынша шошынып.

– Дұрыс айтып отырмын ғой.

– Жоқ, сәл қияс кеттің. Қатынқазғанды алғы планға шығар, – десті олар.

Сәруар сәл ойланып, осыдан 53-54 жыл бұрын Ғафум-мұғалімінің қолынан алған параққа дәл қазір үрке көз салған баладай күйге түсіп, құмыға ойланып, сол жолы пионерлік

саптүзеуде қасында томпиған Сайлау мен Диханбайдың, Өзбектің тұрғандарын жаңа сезініп көргендей әсермен:

– Е, сендер де сонда өлеңге құлақтарыңды салып тұрған екенсіңдер-ау, – деп рахаттана күліп, өлеңді олардың айтқан түзетуін мақұлдай жалғастырды.

Қатынқазған, Төретүскен, Шарабас,
Қыземшектің найза тасы жалаңаш.
Теке діңі терістікте теңбіл көк,
Сипатына кім қызығып қарамас, –

деп аяғынан шықты өлеңнің.

– Енді осы қос шумақтың «Қызбел суреттеріне» кірмей қалған себебін білгендерің бар ма? – деп Кәкең әңгімені әрі қарай ұңғи түсті.

– Кім білсін? – деп былайғылары шарасыздық танытқанда, Сәруар:

– Оны Алматыда Ғафаңмен мидай араласып жүрген Сайлау пысықтап алуы керек еді кезінде, – деп бірер жасүлкендігі бар ағасына қарап наз қылды.

– Ескереміз бе сондайды уақытында. Бәріне кеш өкінеміз үнемі, – деп Сәкең бар кінәні қабылдағандай жүзін төмен салды. Ғафу ағасынан кешірім сұрағандай ибалы қалып. Әлде, ноқай редактордың бір сызығымен кітаптан ғайыптанған қос шумаққа жасаған сезім құрметіндей ілтипаты ма екен?

Қызбелдің қараған адамға қырық құбылатын қилы кескінін Ғафу ақынның әсем өрнекті өлең-жырларынсыз елестету мүмкін емес ғой. Ол өзінің «Қызбел суреттері» деп аталатын балауса балладасын он тоғыз жасында бір демде ат үстінде жазып тастапты. Онда ол Ақсуат бастауыш мектебінде мұғалім болып жүрсе керек, бір күні директор Батырхан Шалғымбековқа «Аға, Қызбел бойын аралатып, көрсетші» – деп жата жабысады ғой. «Онда не істемексің?» дейді бастығы. «Өлең жазайын деп едім» деп күбірлейді торсық шеке бозбала қос жанарынан от шашып. Бәкең сол жанардан сыр ұқты білем, ертелеп өзінен өзге ешкімнің тақымы тимеген сылаң жорға, желдей жүйрік Қызгер атына Ғафуды отырғызып, өзі басқа күрең торыға мініп Қызбелге тартып кетеді. Бұл сапар марқұм Бәкеңнің айтуынша, үш күнге созылса керек.

Өмірінің бүкіл саналы бөлігін Қостанай жақта өткеріп, ұстаздық мамандығының шапағына бөленіп дүниеден озған Бәкең соңына көп тағылымды сөз қалдырған адам. «Қызгер десе, Қызгер еді-ау жануар. – Бәкең өле-өлгенше үздігіп отырып есіне алатын жан серігі болған сәйгүлігін әрдайым. – Қызгерге күміс ерді салып, Ғафуды қонжиттым да күллі Өтей жайлауын аралатып шықтым. Міне,мынау Тасқұдық деймін, Ғафу аттан секіріп түсе қалып, тізесіне қағазын жайып жіберіп сүйкектете жөнеледі. Өне – алдымызда Құттыбай бұлағы деймін күні бұрын ескертіп.

Төңірекке сүзіле қарап, өңі өзгеріп кетеді де жын бұғандай екі иығын қиқаңдатып, іштей күбірлей жөнеледі. Дауыстап атын атасам да естімейді, бақсыдай алаң-бұлаң қарай салады, керең дерсің түге. Құттыбай бұлағына әудем жер қалғанда Қызгер ден секіріп түсіп, жетелеп, тіпті жанығып кетсін. Сол жолы жазған»Құттыбай бұлағы» деген өлеңінің алғашқы шумағын жер-жапанды күңіреніте айтқанының куәсі болғанмын:

Бала кезден бар едің сен, бір бұлақ,
Жолаушының арманындай бұлдырап.
Қызбел таудың белін орап ағушы ең,
Жібек белбеу секілденіп судырап, –

деп әсем теңеумен басталатын ол жыр. Не керек, үш күнде Ғафуды апармаған жерім жоқ. Сол сапардан соң оның атақты»Қызбел суреттері» деген балладасы туды ғой... Сол жырдың шапағаты былайғы өмірін де, өлеңін де нұрландырса керек.

Оны өзі айтып отырады. ҚазПИ-ге түсу, түспеуі екі талай болып тұрғанда ректордың алдында сол «Қызбел суреттерін» сарната жөнелмей ме? «Дайын ақын екенсің, бала. Біздің институтқа да ақын керек» деп ректор жымиыпты» Қайран Ғафаң Қызгерге мініп аралаған сол Қызбел өңірінің сұлулығын, жанға жайлы жаннаты атырабын үнемі тамсанып айтып отыратын. Сондай жан іңкәрлігін бертінде жазған «Қызбел» деген өлеңінде де аңсарлы көңілмен былайша білдірген.

Дариға, «Қызгер» қайда, жастық қайда?
Тасалап, ат байлаған астырт қайда?
Қырықтың қырға тіккен боз үйіне,
Он сегіз тағы да бір бас сұқпай ма? –

деген көңіл аңсауы қандай нәзік ырғақты. Қызыққа кенелткен Қызгер қайда? Қызгер атсыз «Қызбел суреттері» тумаған да болар, бәлкім.

* * *

...1994 жылдың 3 қарашасы. Арқалық аспаны тесіліп кеткеннен бетер түнде басталып бозала таңнан бері үдей түскен жаңбыр құйып тұр. Сағат 11-дің шамасында шелек-теп жауған нөсерден екінші қабаттағы пәтеріміздің бүйір бұрышы тұсындағы жапсырма қағаздан дым білініп, артынан суланып, лезде жылыстап су көрінді. Бұрын мұндай байқалмаған. Қатты нөсерден көреміз бе, әлде, қос бұрышты олақ қиюластырған құрылысшылардың әлжуаз қаракетіне жатқыза саламыз ба, әйтеуір, тым сорақы, солпы көрініс... Осыған басымыз әңкі-тәңкі болып тұрғанда, Алматыдан «Егемен Қазақстан» газетінен қоңырау шалынды. Қаралы хабар!.. Ғафу Қайырбеков – жоқ, жоқ, жоқ!!!

Үйімнің қабырғасынан жылыстап аққан жаңбыр суы еденді сулап тастапты... Терезеден сыртқа көз тастап едім, ақ тозаңға ұқсас тұтасқан бозамықтан ақ дүние сұрқайланып, нөсер өршелене пергілеп-ақ тұр екен... Төменге қарап едім, о ғажап, Арқалық Ақ теңізге шым батып кеткелі тұрғандай зәрем ұшты... Айнала ағындап, көпіршіген аппақ су! «Табиғат та Ғафанды жоқтап жатыр!» деп, еңіреп жібергенім есімде...

Ғафаңның туған Торғайымен хабарластым. Ол жақта да элемет жауын!.. Есіме халқымыздың данагөй жазушысы Мұхтар Мағауиннің бөлектеп қиып сақтай салған бір жазбасы түсе кетті. Үстел тартпасын қопарып тауып алдым да қағазға асығыс көз жүгірттім: «Зұлымдық қорғасыны асау жүрегін қажайып, Адамзат бұрын-соңды туғызған ең ұлы перзенттердің бірінің (Лермонтов) өмірі үзілген шақта аспан айырыла күн күркіреді, бұршақтай селдетіп нөсер құйды, емен ағаштарын солқылдатып дауыл соқты, қисынсыз

дойырға куә болған ержүрек, әскери офицерлер естері шығып аулаққа қашты – құдайдың өзі күңіренген осы сәтте әлемдік көркем ой ешқашан орны толмас қазаға ұшырапты...» – деп Мұхаң адамды ұлы жоқтаушы табиғат мінезін сол сәттегі аласапыран дүниеге өзі куә болып тұрғандай боямасыз суреттейді.

Ғафаң өмірден ұзар соңғы сәтте: «Таң атты ма?» деп сұрапты да таң шапағына кірпігін сулай малып, қуана елжіреген көңілмен ақтық демін үзіп жүре беріпті... Айтпай кетпеуге болмайтын бір ғажап жайт болыпты. Бәдеш жеңгейдің өз сөзі.

Ғафаң қайтқан күні қырық жылдай өзі бұрап жүргізген кабырға сағаты қыбырсыз қалыпты. Төсегінің жанындағы торшер мен төбедегі аспалы шам сәуле шашпай, істен шығады... Ішін ашып көрсе, сымы күйіп балқып кеткен екен.

Бұған біреу сенер, біреу сенбес, ақиқат сөз айтылмай қалмайды.

...Ғафаң өмірі жалғасып жатыр. Жырлары жыл өткен сайын жаныңды егілтіп, алдағы асқақ асуларға еліктіре тартады. Оның жырын сүйген халқы енді өзін мәңгілік ұмытпастай етіп өшпес белгі қалдыруда. Туған Торғайында көшесі бар Ғафудың... Астана мен Қостанайда ақын есімі байланған қос мектеп бар, солардағы мұражайлар да келер ұрпаққа рухани қызмет ете бермекші.

Бәріне көңіл көншімес,
Іздеймін жаңа серпінді.
Керемет өлең көршілес,
Қасымда жүрген секілді, –

деп Ғафаңның өзі қолынан қаламы сырғыр сәтті сезініп жырлағандай, күнде қасымыздан ақын өлеңдері табылатынына шүкірлік етеміз! Кеңсайда қатар жатқан Ғафу мен Шәмшінің «Ана туралы жыры» талай қазақтың ән-гимніне айналар, бесігімізді түзеп әлдилер, тербетер!

III – тарау

Жаңа таңмен қауышу

Ақын және қазақ еліндегі ұлы оқиға! Аңсау мен табысу. Құмарту мен қауышу. Дәмелену мен дәріптелу. Үміт пен күдік. Елес пен егес. Шамырқану мен ширығу... Шаттан, Қазақстан! Жеңіс келді! Тәуелсіздік күні туды! Егемендік таңы атты, Елім! Сондай қайталанбас тарихи сәттің бір куәсі – Ғафу Қайырбеков еді! Жаны жайсаң, тілегі ақ, пейілі кең, ниеті түзу, Алланың алғысынан жаралғандай дара тума Ғафаң Тәуелсіздік таңын Торғай даласында жүріп қарсы алды!

Бұл қандай күн еді, Тәуелсіздіктің нұры шашылған?! Иә, 1991 жылдың 16 желтоқсаны! Ғафаңның қасына ерген, атқосшысы болған 12-18 желтоқсан аралығындағы күндердің қайсысына осынау ұлы оқиғаның – Тәуелсіздік тәбәрігі бұйырырын кім болжап білген? Баламасыз Бақыттың Басымызға қонған күні – 16 желтоқсан!

Тарихта тосын құбылыстар аз ба? Сондай бір қас-қағым мезет еді. Бәлкім, бұл күнді ол ғұмыр бойы армандап келген шығар? Кеңестік тар қапастың ұжымастыру атты әпербақан желеуімен ел тәнін теспей сорған кенелі науқанында дүние есігін ашып, бүткіл өмірі «қызылдатқан» әлем-жәлеммен астарланып, қыл бұраулы бұғалықпен жаны шырқырап өткені жасырын емес. Бодандықтан босу, тәуелділіктен тебіну, егемендікке елегізу – ақын қанын қыздырған арман-мақсат тізгіні болған шығар-ау! Кім білсін, мұндай аңсаулы бостандық ойларына ол қашан бөгіпті? Жарайды, Торғайда туды, бозбала шағы өтті, Қызбел ауылының мектебінде мұғалім болды. Осы тұста ол Тәуелсіздікті түйсініп пе? Қайдам? Күпірлік болар. Отан біреу еді – КСРО! Отан дегенде алдымен осы елестер. Қазақстан, Алматысы, ауылы сосын барып көз алдына көлбеңдер. Құйт бағын, бағынба, темір құрсау осы! Шеңгелді жезтырнақ осы! Түбіт мұрты жаңа тебіндеген он сегіз жасында жазған «Отан» атты өлеңінде ол: «Отан десем – оттан ыстық жүрегім, Отан десем – өрге шығар тілегім. Отан мені бесігінде тербетіп, Өсіргенін ардақтаймын, білемін. Отан десем – өр жүрегім өрлейді, Отан десем – ой

өрісі тербейді. Отан десем – қиял көкке шарықтап, Бір сезім күш тасқын селдей тербейді...»,– депті тебіреніп. Елдің қиыр түкпіріндегі ауылдан осылай оскырынып, ода төкпелеген бала ақынның шыншылдығынан көрі, ауыздықпен алысқан, отты сөздермен табысқан, асау шабытымен жарысқан алақұйын сәті басымдау боп көрінерін тағы бүгіп қалуға болмас! Осылайша жер тарпыған ол ауылынан Алматыға оқу іздеп келіп, сонда көзі жұмылғанша тұрақтап қалды... Шынымен, Ақындар ауылда туып, Бас қалада өлетін болғаны ма, бәтір-ау!

Ал Ғафаңның, алдыға жүгіріңкіреп айтсақ, Тәуелсіздік таңы атқаннан соң жазған мына уыз лебізін жаңғы «Отан» өлеңімен салыстыруға мүлде болмас. Бастапқысы көпекөрінеу жүрек «жамауымен» көңілді піскілесе, бұл жолғысы: «Жаса, біздің бостандық, Жаса, Қазақстаным! О, басқыншы – қастандық, Осынша ұзақ ұстадың!» – деп қос қолын кеудесіне қойып атойлап сүйіншілеуімен қатар, осынша уақыт бастырылыққан жүрегінің кіжінісі мен кеюін, ашуызасы мен кегін, булыққан демін аңғаруға болар...

Жә, Ғафаң сонымен Торғайын аралап жүр еді. Осы биылғы жазда А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың ақталуына байланысты күндеріне қатысып, жалындап сөз сөйлеген болатын. Қос балдақпен келген. Ара-тұра жан қосағы ақ Бәдешіне сүйеніп, қос арыстың тойында жанға батқан аяқ, жамбас, бел сырқырын елемей, еңсесін тік ұстауға тырысқан еді. Монша басқышынан ысырылып, құлап түскен ақынның көрешегі бар екен, ыстық будың өтінен әлдекім арашалап алыпты. Сүйретіп сыртқа шығарып, лезде дәрігерлік көмекті жұмылдырған. Сол бейнетке қарамай, сылтып басып келіп, тағылымды сөздерін төкпелетіп кеткен. «Алдымен күйік жаман, соны емдейміз, Үмітпен емдегенге көнер – дейміз. Жүрегі аман екен бір жақсысы, Сынықты содан кейін шегендейміз»,– деп дәрігерлер емге жаппай кірісіп кеткенін қайғылы жырына арқау еткен Ғафаң «Барып қайту, яки емхана элегиясында» өлім аузынан қалғанын ұтырлы суреттеп, тиісінше өз сөзінен өзі дәрумен тауып, жазылып кеткендей әсерге бөленіпті. Әйтеуір, шойнаңдап тойға келгеніне де шүкір десті қуанысқан жұрт.

Содан қыстың көзі қырауда, желтоқсанның ортасында қайтадан соғып тұрғаны осы. Бұл жолғы келісі ақын інісі Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 60 жыл толуына орай өткізілетін іс-шараларға қатысуды мақсат тұтқан. Шәмілдің жары Мәрия, ұлы Самұрат, ақын Жеңіс Қашқынов, өзінің ақ Бәдеші бәрі-бәрі қызылшұнақ аязда, кейде ұйытқи соққан боранда шалғайдағы елді аралап, оқырмандармен кездесіп, жас қауымға рухани нәр, ләззат сыйлап, әркімді жан жылуына орады. «Ақындармен кездескен қызық екен ғой», – деп мектеп оқушылары мээ-мәйрам болысты. Сәті түскенде іштерінде булыққан өлеңдерін Ғафу атасына сынатып алады. Сонда көрсеңіз, ақын-атаның балбұл жанған жүзін. Күміс қоңыраудың үнін есіткендей көзі жайнап, үмітті пейіл танытады. Баяғы балалығының иісі аңқитындай...

Әр қауышудың қымбатты сәттері молынан шиырланып, тарих көмбесіне жөнелтіліп жатқандай еді. Мәселен, Аркалық әуежайына табандары тиген 12 желтоқсаннан бастап, қонақтарда бір тыным болмады десек, жұртшылықпен әрбір жүздесу мол тағылымымен қуантты. Ғафаң күй талғамайды ғой. Ұшақтан түскен бетте «Қазақ тілі» қоғамы Торғай облыстық ұйымының пленумына қатысып, кемелді сөз сөйлеп, «Ана тілің – ұяң, ордаң!» – деп әр жүрекке ұшқын шашыратып кетті. Сонымен қоса Тәуелсіздік келмей, тілдің жаны кірмейтінін де шебер сыналап жібереді. Тәуелсіздік сөзінің құлаққа онша үйірсектігі жоқ, алда заман қалай құбылары белгісіз қылпылдаған кезең емес пе? Бәрібір Ғафаң әлдебір ұлы өзгерістерді сезетіндей боп, Тәуелсіздік ұғымын тіліне үйіре беретін болды-ау! Сапардың екінші күні Аманкелдіні басып, ат шалдырмай, бұған қайыра оралып «отығатынын» мәлімдеген тойшылар керуені Жанкелдин ауданының жолайғы бір шаруашылығы «Албарбөгетке» қоналқыға ілігіп, елдің поэзияға деген іңкәрлігін басты. Үшінші, төртінші күндердің әрқалай ауылдарда өткен қызығы да алабөтен болды. Естелік айтушылардың сөздерімен қабаттасып, Ғафаңнан білмек болғандарын сұрастырушылар залда иінтіресіп тұрады да, кезектесіп, жауаптаса бастайды. Бұндайға тосылатын Ғафаң ба? Әбден ысылғаны байқалады. Балалатып сөз өріп, көркемдігімен әдіптеп, кей тұстарын шытырман оқиғалармен нақыштап, әйтеуір әр жадқа қашап

бекемдеп кеткісі келгендей шегелеп тастайды. Бір ғажабы, тағы сол Тәуелсіздік тақырыбын тамсана тамырлаудан жаңылсайшы. Кешегі мен бүгінгіні иін қандыра баяндай отырып, ертеңіге ауысқанда, «жалтақ адамнан жалынды іс шықпайды, боданды елдің еңсесі төмен», – деген секілді аңдатпалы сөздері көңілге түрлі ой салмай қоймайтыны тағы бар... Ғафаңның болжағыш ақын екендігін сезетін оқырмандары «Осы кісі астанадан бір жаңалықтың ұшқынын ерте сезіп келгеннен сау ма?» – дегендей аң-таң қалысады. Сыбырласып, бас изесіп, ұғынысқандай болады...

Осы мерейтойлық сапарластар бесінші күні, яғни 16 желтоқсанның таң елең-алаңында Торғай қаласынан Арқалық бағытына аттанып, түске салым жолайғы Аманкелді селосына атбасын тіреді. Бірден ұбап-шұбап келіп, аудандық мәдениет үйінде күтіп отырған жұртшылық өкілдерімен кездесуді бастап кеп жіберді. Ауыл-село тұрғындарына бәрі таңсық. Саңқылдаған ақын дауысын естіп, құмардан шығады. Буырқанған түрін көріп, ынтызарын басады. Кеуде керіліп, көріктей гүпілдегенде, шыдамай сатыр-тұсыр шапалақ соғып жібереді. Сүйеу таяғын үстел жиегіне іліндіріп қойып, қос қолын көтере айбаттана ақырғандай боп сөз-айқайға басқаны қандай қызық! «... Қаныма кіріп қасиет, Уылжып таңдай тіл жатты. «Туған жер шіркін – осы!» деп, Миымда біреу үн қатты» Паһ, шіркін десті жырмен сиқырлана бастаған қошеметші жұрт. Асау тұлпардай ағындаған ақын бір сәт өзін ерең тежеп, баяулап барып, қызған қанын суытты...

Иә, бостандықты аңсаған қазақ хандары... Бірқ сол дара тұлғаларды лайықты ұлықтап, ұрпақ ұранына кәделі етіп, дәріптей алып жүр ме екенбіз? Осы күдік көкейінен кетпейтін Ғафаңның есіне өзінің Тәуелсіздік таңы атпай тұрып, өжеттікпен айтқан өз шумағы орала кетті: «Бір сұрақ – әлі күнге мен аңғарман, Сұрап келем ақылды адамдардан. Өзге жұрттың хандары жақсы болып, Біздің хандар қалайша жаман болған?» Ал керек болса! Алдаспан жыр кеңестік алмас кездіктің өзін қақ айырып тастаған сияқты ғой!

Ертесіне, желтоқсанның 17-сінде Арқалыққа бет алдық. Жеткенше – 160 шақырымдай жер. Түскі аспен әлденіп алған жолаушылар бөлек көліктерге жайғаса отырып, қос қапталда қар көмкерген жазық далаға телміре қарайды. Таспа жолды

жылан бауырлап кесе-көлденең сусылдай, ирелеңдей қиып өтіп жатқан көшкін қар кей тұсында оппыланып, жүрісті қиындатып жібереді. Амалсыздан жылдамдық тежеледі. Сондай бір сәтте Ғафаң, сыртқа сүзілген көзін көлік ішіне аударып:

– Пай-пай, менің бала кезгі боранды күндерімді еске салғанын қарашы, мына жаяу борасын!– деді де әлдене ойға беріліп, сап тиылды.

Иә, ақын ойы қалай суыртпақталып жатыр екен? Балалық шағындағы боранды неге есіне алды? Қазақтың елдігіне төнген нешеме жылдарғы «қызыл» кесепаттың зардабын ұйытқыған боранға теңеп, сырттағы жан қуырған сарышұнақ аязды еркіндікті тежеген темір құрсауға балап, іштей булыққан қажыңқы түрін сездіргісі келмей, үнсіз қалып отыр ма?

Неге екенін қайдам, көз алдымызға бүгінгі таңғы Ғафаңның келбеті тұра қалғаны... Тәуелсіздік кешін көңілді отырыспен ұзартып, түннің жуан ортасын оздырып барып, ауыл қонақ үйінің шағын бөлмелеріне бірлі-екіден жайғасқан меймандар жолқакты болып, әбден қалжыраса керек, ұйқыға бірден бас қойғандай. Түннің бір уағында әлдебір тықырдан оянып кетіп, дәлізден қуықталып жалғасқан ас бөлмеге су ішкелі кіріп едім, алдына жайып тастаған бір парақ қағазға шұқшия төніп, Ғафу ағам отыр. Мені байқамады. Кейде белін жазып керіліп, іле уілдей тұқшиып қалам ұшымен шапшаң түрткілейді. Жазу сырылының екпінінен үстелдің бір бүйірінде үйіріле қалған оймақтай хрусталь рөмкелер сылдырлай жөнеледі. Бір мезет тына қалып, соларға көзін сүзіп кеп жіберді...

Таңертеңгілік ерте тұру дағдысымен далаға шыққам. Таң қараңғылығынан аспан жұлдыздары жап-жақын төбеден асылған шамдарша өте ап-анық, жарқырап көрінеді екен. Ақырған аяз күшіне мінген. Қонақ үй ақ сүңгіге малынып тұр. Бір кезде сонадай бұрыштан біреудің сұлбасы көрініп, бері жақындағанда Ғафаңды анық таныдым. Жолға шығардай боп жылы киініп алған.

– Тәуелсіздіктің нағыз алтын таңы қазір атады!– Ғафаңның саңқ еткен даусы алысқа жаңғырыға жайылды.

– Бірге қарсы лайық! Бұл таңды көрген де бар, көрмеген де бар! Жеңіл шығыпсың. Бар, жылы киініп кел!

Сүт пісірімдей уақыттан соң шығыс жақ арайланып, қызыл шапақ сәт санап түрілді де оттай жарық шар сопақшаланып көрініп, бірте-бірте жанар қадатпайтындай өткір жалынға оранып, көкке дөңгелене тіктелді. Бейнебір жер астынан суырыла көтерілгендей шоқша жанған алып шар әбден балқып, көз қарықтыра бастады. Маңай ашық түстеніп, шарбы бұлттар козы қарнындай шелдене, селдірлене, іри түтіліп, бастапқы тұтастығы ыдырап, әлдеқайда сіңіп кетті. Бір мезет бар болмысымен көтеріліп үлгерген Күн-сұлу өзіндік тарпаң мінезімен салтанат құрып жүре берді...

Ғафаң Аллаға жалбырынып дұға оқығандай, қос қолын күнқағарына апарған күйі жанарын Күнге тіктеп қадап, тапжылмай қалды да кенет әлдене бір күш селт еткізгендей боп:

–Жар бола көр, Жасаған, Тәуелсіздік таңын көрсеткеніңе! Елімнің мәңгілік маздағындай кіреукесіз жақсы, жасанып, жалындап ата берші, Тәуелсіздік күні!– деді де бетін сипады.

Біз де Ғафаң қимылын айнытпай қайталадық.

Жолай, Арқалыққа жеткенше Ғафаң, тым-тырыс отырды десе болғандай... Оның мұндай бұйығы, мұнды күйі бізге таңсық. Не ойлап келеді екен? Мүмкін, шығармашылығын Тәуелсіздікке дейінгі, Тәуелсіздіктен кейінгі шартты ұғым безбеніне салып, осы ақындық ғұмырындағы тындырған ісін елеп-екшеп отырған болар... Уақыттың құлы болғандықтан заманның бұлбұлы боп кім сайрамады?! Қоғам дамуына да сондай бодандық көзқарас қалыптасқаны және шындық. Егемендіктің заты түгілі, елесін сезінбейтіндей ұлттық мәңгүрттік белең алғанын қайтіп жасырады. Беймағұлым өткір де өжет сәуленің санасын тікендей шарпи бастағаны да бертінде ғана-тын. А. Байтұрсынұлының «Масасы» мен М. Дулатовтың «Оян, қазағын» жасырып оқып, жадын арайландырғанымен, еркін ойы шідерленіп, жан-жүрегінің сыздаған жарасы бітеу күйінде қалған. Демі шығып, өзегі алынбаған жараның жанды қинап, азаптайтыны тағы аян... Бірақ, бірақ ақын жүрегі тосын алқынады, күтпеген жерден бұлқынады... Сезім түйсігі саңылау іздеген сынаптай сырғы-сырғы келе көз тауып, көк айдынды теңізге буырқана сарылдайтындай, сірә. Күтеді, елеңдейді, еміренеді сондай бір

ыстық қайратты қимылға бөккен Жаңалықты, сарғая аңсап!... Көмей бүлкілі жұтқыншағын ойнатып, өз ықтиярынсыз: «Қашанда қасиеттеп қазақ тұтқан, Артық жоқ дүниеде Азаттықтан. Сол үшін, соны қолдан бермеймін деп, Тарихта талай ерлер басын жұтқан!»,- деген айбынды да арынды сөз лағыл гүлдей шашылып кетеді.

... Осы күні кешкілік Ғафаң бастаған қонақтарды Аркалық әуежайынан Алматыға шығарып салған едік. «Еліме келген бұл сапарымда үлкен олжалы болдым. Тәуелсіздігімді арқалап Алматыға алып бара жатырмын!» – деген қазақтың үлкен ақынының ақжарылқап сөзі құлағымызда күнде күңгірлейтіндей... Бұл – Тәуелсіздіктің екінші күні болатын.

... Сол кеткеннен Ғафаң келесі – 1992 жылдың жазында Сырбай Мәуленовтің 70 жасқа толу тойына келді. Мерейтой дүрілдеп өтті. Әттең, Сырағаңның Қостанайға Бестау ауылы арқылы ұласқан жолында көлік апатына ұшырап, бұрыннан мезі еткен сырқатын меңдетіп алғаны жанға батып еді. Сол тосын күйзелісінен айықпастан қайран сыршыл ақын 1993 жылдың ақпанында дүние салды... Ал Сырағаң тойынан елге тағы бірер рет келген Ғафаң ақын ағасының қазасынан 1 жыл 9 ай өткенде өзі де мәңгілік сапарға аттанып еді... Жырдың қос тұлпары Тәуелсіздіктің 2-3 жылын бастарынан өткеріп, көркем сөзбен қасиетін дәріптеп, бағасын арттырып, мауықтарын басқандай болыпты-ау! Жақұт жырлары ұрпақтар зердесінде ұялап, ұлыстың бірлігі мен беріктігіне дем беріп жатса әрдайым, сол бақыт!

Ғафаң өз өмірінің соңына дейін Тәуелсіздікті талмай жырлап өтті. Солардың ішіндегі шоқтығы биігі «Азаттық перзенттері» поэмасы. «Азаттықтың алғашқы ұлдары», «Азаттықтың ақырғы ұлдары» деп аталатын екі бөлімде Тәуелсіздіктің терең тамырларын молынан қамти баяндаған. Жалынды күрескерлердің елдік мінезін, ұлтты сақтап қалудағы көзсіз ерлігін, ұрпаққа аманатталған Тәуелсіздіктің құнын біліп, мәңгілік баянды етудің маңызын өте дәлдікпен дәріптей алған.

«Мемлекетім менің» деген өлеңінде ақын: « ... Сені әлдилеп келем мен, Аузымдағы таусылмайтын өлеңмен. Кеудемдегі жүрегім мен қаныммен, Қан арқылы қайрат жиған денеммен!» – деп сезім ширығысымен жүрегін суырып бер-

гендей болады. Ал «Көк байрақ» жырында: «Шарықта, шарла көкті, көк байрағым, Арманым, Азаттығым, көпке айғағым. Мен сенің салтанатты сағатыңа, Өлеңнен алтын шашақ шоқ байладым»,– деп шалқымалы шаттықпен оқырманын әсерге бөлейді.

Тәуелсіздік тағдырына алаңдаған ақын: «...Осыған жанығады жаным күнде, Қорқамын жетпейтіндей әлім мүлде. Бір кезде миллиард пұт астық алсақ, Сен бүгін миллиард қытай алып жүрме!» – деп «Неден қорқам?...» өлеңінде бүгінгінің көкейкесті мәселесін аса сақтықпен сыналай білген. Ой тастайды, абай болуға үндейді...

Сол жолы, Тәуелсіздік таңын қарсы алғаннан кейінгі бір оңаша тілдескенімізде Ғафу ағам: «Ел ішінде жүргенде менің айтатын басты сөзім – татулық, бірлік, еңбек, адал әрекет, асқақ арман – ел бақыты туралы еді. Оны мен әр айтқан сайын құбылтып, сөз қайталамай, кейде тура, кейде топшылап дегендей, жалықтырмай айтуға тырысамын. Оған да өнер керек!»– деп ағынан жарылған. Тағы есіме түсіп отыр. Бір жолы былай дегені бар. «Осы мен кейде мінберге көтеріліп бара жатып не туралы айту керектігін білгеніммен, түскенде не айтқанымды болжамдай алмай қалатыным бар,– деп күлдірген.– Жұрт әлгі сөзімді таңдай қағып тыңдағандарын мақұлдағандай, дуылдатып шапалақ соғып жатады...» Шынында да Ғафаң сөйлеп тұрғанда ауыздығымен алысқан асаудай тежеліссіз, түйдектете, ағындап, өз сөзімен өзі арпалысып кеткендей әсерлендіретін еді. Артық емес, жатық сөйлейді. Қара сөзінің өзі ақ өлеңдей құйылып түседі. Арғы жағынан лақылдатып келіп қалған оқша бораған сөздерін сақылдаған автоматтай әрең үлгертіп тұрғандай-ау! Осындай тегеурінмен тұяқ тарпып тұрып Тәуелсіздіктің талай тылсымдарын тамсандыра баяндап бергенінің куәсі болғанбыз.

Ақынның соңында қалған мол мұрасын ел қажетіне жаратуда зайыбы Бәдеш Хамзақызы ұлан-асыр еңбек сіңіріп жүргенін айтуымыз керек. Бірнеше поэзиялық, прозалық кітаптарын құрастырып шығарғанын айтпағанда, бес томдық жинағын оқырмандар қолына тигізуге мұрындық болды. Басқа да баспалардан сұраныстар түсіп жатқаны мерей өсіреді.

Ғафаң ағындап келіп, тынысын былай кең алған екен: «Мен келіппін дүниеге, бұл жарыққа, Жер бетімен жүгіріп қайтайын деп. Тастамаймын қолымнан қаламымды, Тағы бір сөз жұртыма айтайын деп. Үміт деген босатпай жібек арқан, Жаңа таңның нұрына иек артам!»

...Жаңа таңның нұрына малынған, Тәуелсіздік! Күндей мәңгілік жарқырай берші!

... Ақындар-ай, сағымнан да елдік Арман-Мақсат елесін сезімталдықпен сүзіп ала қоятын!.. Сондай теңдессіз шебердің бірегейі, боямасыз болжағыштай дара дарын Ғафаң еді!.. Тәуелсіздік туын желбіреткен жалынды жырлары жылдар еншісінде. Ғұмыры халық жадымен жымдасып кеткен ақын бақыты, осы шығар!

2002-2012 жылдар



ӨЗІЗ ЖҮРЕК ӨЗАҒА

Өмірден өткен бір жайсаң! Таудай тұлға, қимас жан. Халқының бір панасындай һәм данасындай сирек жаратылыс. Өзімен ілесіп кеткендей бар асыл іс. Ол – өзіз жүрек Өзілхан Нұршайықов еді... Кәдімгі біздің Өзағаң!

... Бәрі есте, жадта қашалған. Сол қаралы шақтан бері қырық күн қалай жылыстап кеткен? Табанының ізі қалған өз ауласында Өзағаңның жаназасы шығарылып, зембілді Астанадан барған жазушы Кеңес Юсуп екеуміз де демей, көтерісе түсіп, көлік қорабына қойыстық... Бедерлі де берекесіз тірліктен ажыраған алғашқы – бақилық қадам басталды... Алда Әуезов театры. Қаралы жиын. Қабырға сөгіліп, аза тұтылды. Соңғы бекет – Кеңсай еді...

... Мәңгілік махаббат маздағының белгісіндей етіп, өзі соқтырған Халима зайыбының күмбезіне – өлшеулі қара жерге Өзағаңның жамбасы тиген!

Тәуелсіздікке тұшыну

Тәуелсіздікті бойтұмардай қастерлеген бірегей жазушы осы – Өзағаң еді. Қай шығармасын алмаңыз, баршасы Тәуелсіздік идеясына қызмет еткендей ғой. Көркем очерктері мен әңгімелерін былай қойғанда, «Ақиқат пен аңыздағы», «Махаббат, қызық мол жылдардағы» өзекті пікірлер бүгінгі егемендіктің аңсарлы ойларын қаузауымен іште тынып жатқан жанартау сынды жанға дәрумен болып, әсерге бөлеп, ертеңгі күннен көп үміттендіретін. «Тәуелсіздік тәтті арман еді, соның бал-шырынын сородамыз ғой. Бізден өткен бақытты ұлт болмас, сірә. Тек соның ертеңгі ұрпаққа жұғысты болуы үшін күш салайық!», – деп Өзағаң үнемі алаңкөңіл жүретінін сезетінбіз.

Бір жолы әңгіме Тәуелсіздік тақырыбына ойысты да Өзағаң шешіле, көсіле сөйледі. Ауызша әңгіменің хас шебері деп, классик Ғабит Мүсірепов бағалаған ғой. Көркем әңгіме ауызша баянда түгі жылтырай құлпырып, әуестік, тіпті әуегей құмарынды еселейді. Ал саяси сарын-сараптама сақтықсыз жүлгеленбейді. Тұлпар-сөзіннің өзін тұсаулап тастайды. Сонда да бұғалыққа басын енді ұсынғысы келмейтіндей, өр мінезбен Өзағаң: «1986 жылы Қазақстанда болған Желтоқсан оқиғасы ХХ ғасырдағы ең қуатты идеологиялық жарылыс болды. Ол екі күнге ғана созылған, ең қысқа мерзімде өткен, құр қол революция еді. Бұл қарусыз революция дүниежүзілік социализмнің шаңырағын шайқалтты. Оған қазақ халқының ұлттық рухы қуат берді», – деп тегеурін ойымен Тәуелсіздіктің түп-төркінін тереңнен таратып, тәлім қыла сөйлеген-тін. Әр ұлы істің басталуына оның кейінгі ұлы қосталуы демесін болуы керектігін және бір шегелеп тастайтын. Өзағаның дауысы ашық, сыңырлап шығып, шымырлап сіңетін еді ғой құлаққа. Сол жолғы Тәуелсіздік толғауында үні қандай ғажап еді, қоңыраудай күмбірледі. Тәуелсіздіктің 20 жылдық тойымен елім аман-есен қауышса деп, армандайтын. Ақ батасын беретін. Тоқсанға таянған жасында Ел тілегін жүрек хошымен еселеп, қара сөзімен жырлаудан әсте тежелген жоқ.

Өзағаң Алматыда отырып-ақ әр қадамын, сапарын дегендей, Астанадағы бізге құлаққағыс қылып отыратын. 2010 жылдың 14 желтоқсанында ұшып келіп, ертесіне – өзінің 88

жасқа толған күні Республиканың Тәуелсіздік күніне арналған салтантты жиналысқа қатысты. Сөйтіп Тәуелсіздіктің 19 жылының мерекесіне куә болды. Түс ауа Елбасының қолынан «Отан» орденін алды. Марапатқа бөленіп тұрып, жалындап сөз сөйледі. Бір кезде оң қолын төс қалтасына сүңгітіп жіберді... Осы сәт Елбасы да ықыластанып, Әзағаң ұсынған әлдене шап-шағын қорапшаны алып, қос білегін өзімсініп қысып-қысып қойды. Әзағаң Елбасына қаратып сөз бастаған секілді еді, телекөрініс шорт үзіліп қалды...

Кейін сұрадым ғой, сол жолғы әңгімесінің сыңайын. «Мәңгілік махаббат жырын» шырпы қорапшасынан сәл асыңқы көлемде, қос томша етіп шығарғаны мәлім. Соны Тәуелсіздік тойына тарту етіпті. « Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Өзіңіз оқыған кітапты осылайша жүрегім тұсынан суырып алып сыйлап тұрмын! Өзіңізге деген халық махаббаты мәңгілік болсын!» – депті ғой қайран Әзағам. Кейін: «Өзгелер кітабын Елбасыға қолма-қол тапсыра алмай әуреленсе, мен қулығымды осылай асырып жібердім», – деп әзілдесе де той атаулыға құр қол бармайтын дарқан көңілді жазушы бұл жолы да Тәуелсіздік тойына өзіндік соңғы шашуын шаша білген екен-ау! Және қандай жарасымды шашу! Елбасы жүзін нұрландырған тосын сый! Кеуілін көтерген керемет кәде!

Елбасы сол қос томшаның бастапқы басылымын оқып, кезінде Әзағаңа: «... Тәлім-тағылымы мол, керемет шығарма екен. Дәл қазіргі заманда жастар көбірек оқитын хикая. Сіздің шығармаларыңыз, ойларыңыз – ел қазынасы. Өміріңіз – үлгі!», – деп пікір білдіріп, хат жазған еді...

Әзағаң Елбасымен жүрекпен табысып, шынайы достаса білген ғазиз жан еді. Әсіресе Тәуелсіздік таңы атқаннан бергі кезеңде, Елбасы саясатын қолдап, халқының тағдырына қатысты терең пайыммен кең толғап, келісті көсемсөздер жазды. Елі мен Ерінің мерейін асырған мұндай өрелі сөздерін соңғы демі таусылғанша айтып кетті...

Өмір үнемі қызығымен әлпештей беріп пе? Бір сәтте-ақ қаралы сұсымен аударылып түскен. Бұрын шығармаларына сүйсініп, ыстық ықыласын білдіріп жүрген Елбасы Ә. Нұршайықовтай сөз шебері бақиға аттанғанда: «... Мен оның өзіме берген батасын, жазған хаттарын, арамызда

болған әңгімелерді ұмытпаймын. Әзағаның өнегелі өмірін, жарқын бейнесін, ғибраты мол шығармаларын халқымыздың да ұмытпасына сенемін», – деп көңіл айту жеделхатын жолдаған.

Әзағаң жауһар жазуымен қоса, бақытқа бөленген бата-лы қарт еді. Менің екі түрлі батам бар дейтін ол кісі. Бірі үлкен бата, екіншісі кіші бата. Үлкен батам : «Қазақстан картасындағы Жер аман болсын!» деп басталады. Ол батаны үлкен, салтанатты жиындарда беремін.

Ал кіші батаңыз қандай?

– Кіші батам: «Ел тыныш, экономика күшті болсын!» деген екі ауыз сөз ғана. Бұл – дастарқан басында беретін батам.

Осы сөздері есімізге түскенде, тағы бірі кимелеген. Қазақстанның алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосылсын деген ұранға қатысты ойын өрбіткен Әзағаң: «Оның үстіне мен Қазақстан махаббат елі болса екен деп тілеймін!» – деп жайдары жымыған.

...Тәуменді жұртқа тәуекел берген Тәуелсіздігімізге тұшынумен бірге, оның мәңгілік тұғырлы болуына алаңдап, ақыл қосқан абыз ақсақалымыз еді ғой, жарықтық Әзілхан ағамыз!

... Өзі аса сүйіп, мақтаныш тұтатын Астанаға деген Әзағаңның көзқарасы ерекше еді. Бір жолы Астанаға келгенде, қастер тұтатын ағамды шаһармен армансыз таныстырғандай боп, аралатқан едім. Сонда арамызда мынадай пікірлесу болғаны жадыма және оралып отырғандай.

– Әзаға, бүгін 2007 жылдың 1 тамызында «Бәйтерекке» көтеріліп барады екенбіз. Сізбен бірге жаңа Астананы биіктен тамашалау неткен ғажап, мұның мен үшін қандай бақыт екенін тілмен жеткізе алмаспын-ау, сірә!

– Сезім – сырлы әлем, қалқам. Менің де қарт жүрегім атойлап барады. Тың кезінде, Целиноград тұсында бірер рет болғам мұнда. Сосын Астана атанғасын үлкен салтанатқа арнайы шақырылғанмын. Содан кейінгі келіс – осы, шырағым. «Бәйтерекке» тұңғыш шығуым ғой, бәлі, ұшқан құстың зуылындай шапшаң жеттік-ау, өзі.

– Құзар шыңның басында қиялыңыз тізгін тарттырмас-ау.

– Толқып кеттім. Бас айналатындай биіктіктен. Көкжиек кең екен. Далиып дала жатыр. Төмендегі шаһардың шырайынан шұғыла шашылады. Елбасының елорда орнатқан бұл

ерлігін айтып та , жазып та жүрмін ғой. Халыққа жаққан іс Аллаға да жағады. Мына Астананы Нүрекен ұрпақ болашағын ойлап салды емес пе!

– Қала сыртындағы Қабанбай батырдың күмбезіне Сізбен осы бірінші келіп тұрғаным, өзіме қатысты ғып айтсам, енжарлықтың көкесі шығар деймін. Ұялып тұрмын...

– Қолдағының қадірін кейде бәріміздің де уақытылы ескеріп, біле бермейтінімізді жасырмайық. Ал біздің тәуелсіз елімізде жасалған қаншама қадірлі істер бар. Соларды ардақтап, аялай білгенге не жетсін. Алдымен бейбіт өмірімізді қастерлейік. Кешегі алапат соғыстан берменгі тыныш өмір мәңгілік болсын. Халықтар достығы жасай берсін. Қазақстанның әлемдік беделіне қылаудай кінәрат түспесінші. Тәуелсіздігімізді сақтай білейік дегім келеді осынау Қабанбай атамның қабіріне тәу етіп тұрып.

– Әзаға, зиярат етуші мына жиылған жұрт Сізді шырақшының үйіне жайылған құрбандық асына шақырып тұр (біразы осындай өтінішпен қолқалап, маңайымызға үйіріле бастады).

– Е, астан үлкен емеспіз, барғанымыз жөн...

– Сіздің ас қайырарда берген батаңызды тілші бала толығымен жазып алсам дейді, Әзаға.

– Жазсын сыртқа шыққан соң, айтайын. «... Мемлекеттің ішкі, сыртқы Саясатын сараптап, Ұрысқа ұрындырмай, Соғысқа соқтықтырмай, Халықты бейбіт өркендеу жолымен, Алға бастап келе жатқан, Құрметті Президентіміз Нұрсұлтан аман болсын!»

– Қанжығалы Бөгенбай атамыздың ат үстіндегі тұрқы осындай екен, Әзаға .

– Тамаша сомдалыпты. Ұнап тұр. Менің Бауыржаным да бір ескерткіш Астана төрінен керек. Абай бар, Жамбыл жоқ. Әлия мен Мәншүк те ұмытылмаса, қандай ғажап болар еді... (Әзағанның көрегендігі бар ма дерсің. Осы әңгімеден соңғы бір жыл ішінде, Астананың он жылдық тойында Мәншүктен басқасына ескерткіш қойылған болатын).

– Есіңізге күнібұрын салып едім ғой, «Фолиант» баспасының ұжымы Сізбен бүкпесіз әңгімелескісі келеді, соның уақыты болып қалыпты.

– Елімізге Елбасының бастамасымен «Мәдени мұра» жо-

басы бойынша жүз томдық «Бабалар сөзін» сыйлап жатқан қасиетті мекенге қуана-қуана барамын, әрине.

– Қолтығыңыз «Бабалар сөзіне» толды. Қандай жарасады!

– Менен бай адам жоқ қазір... Астананы аралаттың, арманым жоқтай. Мен елімнің бақытынан жаралған адаммын ғой, имандай шыным, осы!

– Астананың жиі қонағы болыңыз, Өзаға!

Өзаға жүзінен нұры тамып, жымыып басын изеді.

«Егеменге» елегзитін

Өзағаң талай жоғары лауазымды қызметтерді белі қайыспай көтере білген ерен ұйымдастырғыш әрі табанды да талап қойғыш, өлшеусіз өнегесін жазуымен шегелеп, бекемдеуге бейім жанкешті, жылы жүрек жан. Соның бәрін жіпке тізу міндет емес. Бізге оны етене жақын етіп, рухани жымдастырып жіберетіні – «Егемен Қазақстан» («Социалистік Қазақстан») газеті бас редакторының орынбасары болғандығы. Жазушылық қастерлілігін былай қойғанда, осы қызметтестік жағынан жанымызға жақын тартамыз, әу бастан.

Өзі де «Егемен» десе, елпек қағып, елеңдеп, елгезектеніп тұрады. Мақалалары мен эсселері, көсемсөздері мен естеліктері жиі жарияланады. Әгәркі, басшылар тарапынан өтініш түсе қалды ма, тауанын қайырмай, табанда жазып жібереді. Әр нәрсеге мәтқақам ғой, Өзағаң. Өзіне тапсырма беріп, жақсы дүниенің жарық көруіне себепкер болған газет басшылары С. Абдрахманов пен Ж. Аупбаевтың ізгілікке ұмтылыстарына разылығын үш томдық «Өмір өрнектері» кітабында әлденеше рет білдіріпті-ау (Өзі «Өмір өрнектерінің» ғұмырлы боларына шүбәланбайтын. Т. Ахтановтың «артымда оқылатын бір шығармам қалса, ол – «Махаббат мұңы» повесім болар» дегенін алға тартып, осылай үміттенгені есімде).

Сөзіміздің тігісін одан әрі жатқыза түссек, былайша тиянақтауға болар еді. «Егемен Қазақстанның» былтырғы жылғы 22 маусымдағы санында Ә. Нұршайықовтың «Замандасқа хат» деген тұтас бетті қамтыған мақаласы шықты. Негізінен онда Елбасының халқына қалтқысыз

қызметінің алуан қыры ашылып, сараланады. Соған орай дара тұлғаны ләйім, ұлықтай білудің нәзік иірімі тарқатылады. Замандаспен сырласа отырып, Ел мен Ердің арасына дәнекерліктің батпан жүгін әр қазақстандықтың иығына артқандай болады. Бұл мақала оқырмандардан зор қолдау тауып, пікірлер тасқыны толассыз ағылды. Бұндайда автор жай жата ма? Редакцияға алғыс хатын жолдап үлгерді. Жарияланымды оқыған Нұрсұлтан Әбішұлының өзімен тікелей телефон арқылы сөйлескенін айта келіп, былай түйіндейді: «Мені осындай зор қуанышқа жеткізгені үшін «Егемен Қазақстанға» рахмет айтып, сізге алғыс жолдап отырмын, Сауытбек інім. Олай дейтінім – маған осы мақаланы жазуға тапсырысты өзіңіз берген едіңіз ғой». Елбасы екінің біріне қоңырау шала ма? Газет ықпалына бас исе, Әзағанның кішіктігі де. «Айналайын Сауытбекжан терең білімді әрі мәдениетті азамат қой. Ондай басшы баспасөздің бағы», - деп сүйсінгенін де естігенбіз. Асылы, ол кісі асыра мадаққа сараң еді ғой...

Еліміздің әр жақсылығына сүйініп, кемшілігіне күйініп жүретін еді тарланбоз. Жүректегісін «Егемен» арқылы жеткізіп жататын. Былтыр су тасқынының апатына ұшыраған қызылағаштықтарға рухани дем беріп: «Берік болыңдар, бекем болыңдар, бауырлар!» – деп араша түсті. Көктемнің қызыл суына мелдектеген шығысқазақстандықтарды да қайратқа шақырып, облыс әкімі Б.Сапарбаевтың халықпен етенелігін өзгелерге үлгі ете білгені бар. Жайсаң жүрек әлдекімге жағынып сөйлемейтін, жақсылық еткен екен, нұры тасысын деп бәйек қағатын.

Еркінсіп сөйлесетін дәрежеге жеткен соң, сөз шіркін, кейде бұғалықсыз кетеді екен. Сұрамайтынды сұрап қаласың. Дұрысына – іле жауап беріледі де, бұрысына – тежеліп қалады, тіпті үнсіз құтылады. Ұзақ жасауының сыры меңзелгенде, қалам мен еңбектің тыншымай қабысуын, адам баласына қылаудай жамандық ойламайтынын, ретті жерінде кемшілікті бетке басатынын, жөнсізінде тосылатынын, жалтақ мінезден ада екендігін жанамалап сездіретін. Оқырмандармен байланыс – жазушының ғұмырын жетелеген сыңайлы. Мысалы, өз сөзімен айтсақ, әйелдер мерекесімен отыз ана, келін-кепшікті құттықтаса, мың жасағандай күй

кешеді екен... Ал «Егеменге» мақаласы шыққан күні жүрегі той жасайды-мыс... Естігенімізді айтамыз да.

Көргеніміз ше? Көз сүйсініп, көңіл тоғаяды. 2009 жылдың 22-25 желтоқсанында «Егемен Қазақстанның» 90 жылдығы Астанада тойланды. Әзағанның күтуші қолбалалығына бекітіліппіз. Қасынан бір елі қалмаймыз. Қаншама жыл хаттасып-біліскендігімізден бе, сырласпыз деуден гөрі, доспыз дегеніміз жарасар. Елбасы өзінің тапсырмасымен салдырған «Егеменнің» редакция-үйіне келетін болып, Әзағаң сол сәтте сөйлейтін сөзін қағазға түсіріпті. Қонақ үйде маған дауыстап оқиды да, менің ескертуімсіз-ақ өзі қырнайды әр жерін. Шындайды. Қайыра оқығанда әуезі мен сөзі бұлбұл көмейінен шыққандай боп жүректі шымырлата жөнеледі. «Қатырған екенсіз» деймін. Шынымен бе дегендей Әзағаң қара көзілдірігін алып, жасаураған көзін қол орамалымен сүртіп, тағы оқи жөнеледі... Қыран дауыс саңқылдайды. Ертең Елбасының еститінін күнібұрын елестетіп, жүрегім қуанып кетеді... Әттең-ай, уақыт тапшылығынан Елбасы ол шалқыманы ести алмады. Есесіне, салтанатты жиын төрінде Әзағаң: «... Қазақ халқының рухани мәңгілік азығы, қазақстандықтардың бірлігі мен ынтымағының мызғымас қазығы – «Егемен Қазақстан!..», деп өз сөзіне өзі ілесіп ұшып кететіндей, қанаттанып, шабыттанып сөйлеп тұрды.

Тойға шашусыз жүрмейтін Әзағаң «Егеменнің» әр жасына балап 90 кітап әкелмек екен, шамасы 60 кітапқа жетіпті. Редакцияда тарату маған жүктелді. Қайсысына жеткізем. Алматы бөлімшесінің тойшылары да түгел қамтылмай қалды. Соған өкініш білдіріп едім, кешкі шәйін асықпай ұрттап отырған Әзағаң «ой, пәлі-ай» деп орнынан тұрып кетті де алматылық қонақтарға іле қоңырау шалып, сол жақтан кітап жеткізіп беретінін хабарлауымды өтінді. Олардың кешкі пойызға мінгенін білуші едім. Әзағаңның көңілін қимай жазғыш қызымыз Айнаш Есалиге шығып, Бақыт, Гүлзейнеп, т.б. қызметкерлерімізге айтарсың деп, әлгіндей сәлемін жеткіздім... Келеңсіз кішкене сызатқа да саңылау қалдырмайтын неткен тәртіпті жүрек еді...

... Әзағаң демі үзілгенде, «Егемені» де егілді!

Махаббат мұраты

2010 жылдың 15 желтоқсанында «Хабар» арнасынан «Махаббат, қызық мол жылдар» романының жарыққа шыққанына 40 жыл толуына орай арнаулы қойылым көрсетілді. Оны Әзағаң қызықтай алмады. Тәуелсіздік күнінің салтанатына қатысты, «Отан» орденін алды дегендей. Туған күнімен, жоғары марапатымен әрең құттықтап үлгергенмін. Кешкі бір жиналғанымызда біз телехабар жөнінде айтып бердік. «Көгермендерге ой тастаса, кәдеге жарады», – деп мұңдылау күйінде бірауық үнсіз отырды да реті келсе бейнетаспаға жаздыртып қоюымды өтінді. Құп дегем. Бірақ... тек наурыздың басында ғана жаздырта алдым. Әзағаң көре алмай кетті...

Сол жолғы «Сонымен, солай дейік...» хабарын қайталап көріп отырмын. Япыр-ау, шынымен өмір өтпелі ме екен? Бүгінгі бар, ертең жоқ бола ма? Өлді деуге қалай ғана қиямыз Әзағаңды! Қараңызшы. Тіп-тірі! Қорытынды сөзіне құлақ түріңізші. Тайпалтып жөнелді дейсіз: «Республикамызда тұңғыш рет өтіп отырған кітап тойының – «Махаббат, қызық мол жылдар» романының 40 жылдық тойының өтуіне ұйытқы болған Премьер-Министр Мәсімов мырзаға, министрлер Құлмұхаммед, Жұмағұлов, Жұмағалиев мырзаларға және «Хабар» телеарнасының қызметкерлеріне шын жүректен алғыс айтамын. Осы хабарға қатысып отырған бәрлеріңізге алғыс айтам, алғыс айтам... Осы тойдың тәбәрігі болсын деп, сіздерге шашуды өзім шашайын, Алматыдан 40 кітап арқалап әкеліп едім...» Студиядағылар қозғалақтап, көңілденіп қалды. Әзағаң кітаптарын қолтаңбасымен үлестіре бастады. Сол шаттаныс күйінде мәңгілікке кітап сыйлай беретіндей...

Ербол мен Меңтайды кім білмейді! Роман аталса болды-ақ, осы екеуінің мөлдір махаббаты санада салтанат құрады. Осы хабарда Кентауда тұратын Нұрғамиланың (Меңтай) өз курстасы Әзілханға ыстық тілегі ақтарылды. «Әзілханым-ау! Жақсы шығармалар жазып, халқынды қуанта бер!» – деп демігіп сөйледі. Бастапқы бір сөзінде денсаулығының сыр беріп жүргенін аңғартып қалған. «Сен аман бол!» деген жүрек сөзі кеуде сырылынан да сезілетіндей. Беу, Меңтайдың махаббаты! Ерболдың ғашық жүрегі! Талай ұрпақ өнеге етер өздерінді! Абайша айтқандай: «Ғашықтық келсе, жеңер

бойынды алып, Жүдетер безгек ауру сықылданып. Тұла бой тонар, суыр үміт үзсе, Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып»– дегенді басынан дәп қазір өткеріп жүрген кім бар екен? Айтшы? Ұялмашы! Жасырмашы! Сендердің түбі, махаббатта жұлдыздарың жанады. Өзағам әр жүрекке сүйіспеншілік шырағын жағу үшін өмірге келген. Кетсе де сол өшпес алауын әр жүректе махаббат маздасын деп, тамызыққа тастаған... Өшіріп ала көрмеші!

Өзағаның ХХ ғасырдағы екі ерлігін айтсақ, оның қандай тұлға екендігі айқындала түседі. Бірі – Отан соғысындағы жауынгерлік ерлігі, екіншісі – әдебиет майданындағы батырлық пен махаббатты қалтқысыз жырлаған ерлігі. Осы екеуі-ақ классик жазушыны алғы ғасырларға жетелей берері анық. Тек Өзіне, қос қанаты – еңбегі мен ақылына сенгені: Алла берген таусылмас ырыздығы екен!

Махаббат тірексіз болмайтындай. Оның мәнінің жалқылықтан жалпылыққа ауысуы – адамның, қоғамның, заманның маңызын еселемек. 2005 жылы «Махаббат жыршысы» эпистолярлық хикаятым жарық көргенде, Өзағаң мейірімінің шуағына өзгені де бөлегенімізді аңғармағандаймыз-ау. Солай болыпты. Махаббатпен махаббат есендесіп, құшақтасқандай екен, ыстық табысқандай екен. Бәрі-бәрі Өзағаңнан тараған шуақ, шапағат. Осы еңбекке кіріскелі жүргенімде Өзағаңнан келген хаттың мына үзiгiн келтiрейiншi: «Сiздiң 14 қазанда (2002 ж.) маған жолдаған көлемдi хатыңызды алдым. Ауруханада жатып оқып, жан тебiрентер хатыңыздан күштi қуат алдым. Мен туралы шығармашылық ниетiңiзге шексiз ризамын. Сұраған мәлiметтерiңiздiң бәрiн жiберемiн. Ауруханадан есеңгiреп шықтым. Есiмдi жiғаннан кейiн ол өтiнiшiңiздi орындауға кiрiсемiн... Менiң өмiр жолым ешкiмге керексiз шығар деп ойлаушы едiм. Сiздiң хатыңыздан кейiн менiң де бастан кешкендерiм бiреу болмаса, бiреуге керек екен-ау деп үмiттенiп қалдым». Үлкеннiң иiлгенiнен нұр тамшылайды екен.

Махаббатқа таңдай қағып өткен Өзағаңнан талай нәрлi сөздер қалды. Тiрiсiнде асыл жары Халимадай – махаббат мұратына жетiп, өлiсiнде сол аяулысының қасына жамбастай жығылған таза жүректi жан өзiнiң: «Қасиеттеп, құрметтеп,

Сенің махаббатыңды. Ұрпаққа үлгі болсын деп, Алашқа жай-дым атынды» деген өмірлік антына ақтық демі таусылғанша адал бола білді.

«Көзбен көз «тілдессе» – құмарлық; жанмен жан «сөйлессе» – ғашықтық. Ғашықтықтың екінші аты – махаббат! Адамға бақыт беретін ең зор талант – махаббат!»– дегенде, Өзағанның тілінен бал сорғалағанын көрдік-ау!

Соңғы серпін

Соңғы дерлік бір жазбасына Өзаған: «Желмаяға мініп желе жорытқан Асан қайғы бабамыз сияқты, машина мініп, Қазақстанды араласам, жас ұрпаққа Тәуелсіздік жырын жырлап, ақыл-кеңес айтып, халыққа кітаптарымды таратсам, сөйтіп, қалған өмірімді жол үстінде өткізсем деймін. Үйде жатып өлгім келмейді...»,– деп түртіп қойыпты.

Алла аузына салғандай екен осы сөздерді. Бақиға үйінде жатып аттанбады. Елбасы қолынан биылғы 7 ақпанда мемлекеттік стипендия алысымен іле сол жерден ауруханаға түсті. Ажалмен алты тәулік арпалысып, жан берді. Соңында Жаннат, Жанна, Арнұр, Жаннұр балалары, «аталаған» немерелері мен «бабалаған» шөберелері қалды шырылдап. Ондаған кітаптары – елдің рухани байлығына айналды. Үйінде шөмееледей үйіліп (өз қаражатына шығарған) жатқандары қанша ма?

Соңғы 5-6 жылдан бері Өзағана әдеби хатшы ретінде болысып, барлық шығармаларын компьютерге басып, көмектесіп жүрген Гүлсара Иманова деген азаматшаның айтқанындай, жазушы әманда таңғы серуенін Абай атасының ескерткішінен бастауды әдетке айналдырыпты. Соңғы рет, 6 ақпан күні ескерткішті сипалап тұрып: «Абеке, Алматының үстінен қарап тұрсың ба? Ел-жұрт аман, мен ертең Президенттің қолынан стипендия аламын. Аруағыңыз қолдай жүрсін!»– депті. Осыны естігенде 2009 жылдың аяғында Өзағанның Астананы аралай жүріп, Қабанбай, Бөгенбай батырлардың, Кенесары, Жамбыл, Бауыржан, Әлия ескерткіштерін құшақтап суретке түскені есіме оралды. Кейде көзіне жас іркілетін... Бауыржанға «сәлем» бергенде, жасаураған жанарын жасырып сұрткенін байқап қалғам.

Балалары айтып отырды, облыс әкімінің шақыртуымен Өскеменге Азида жеңімпаздарын құрметтеуге арналған салтанатқа бармақ болып, жол сөмкесін есік көзіне дайындап қойыпты. Сол екі ортада Елбасы стипендия тапсырады деген хабар жетіп, тұсалып қалған екен. Жыл аяғында ғана Өскеменде Азида алауын 200 метрге алып жүгіріп, ентікпей, жиналғандар алдында сөз сөйлеген. Бұл алау елімнің, менің жүрегімнің алауы. Спортшы достарым, сол алауды сендердің жүректеріңе тұтаттым. Алаулы жүрек – жалаулы да жеңісті боларына сенемін дегендей мәністе аппақ қарда аппақ азиадалық киімге шымқай оранып алған Әзағаң бейне бір Олимпиада чемпионындай, несі бар жазушылықтың чемпионы ғой, ағынан ақтарылып бата берген. «Алаугердің» батасы қабыл болғанын жұртшылық және біледі.

Өткен жыл сапарлы жыл болды Әзағаң үшін. Бармаған жері, баспаған тауы жоқтай. Расы сол, еліміздің төрт бұрышын түгел аралады. Туған өңіріне әлсін-әлі барды. Нақ бір бой жазып жүргендей-ақ...

Өмірінің өтіп бара жатқанын сезгендей, соңғы кезде асығып, қатты алаңдайтын болыпты. Былтыр он кітап шығарып, екеуін баспаға тапсырып қойса да «қолжазбаларымды үлгерте алмай жатырмын», – деп бармақ ұшынан жанын сорғандай жиі күйгелектенетін күй кешкен.

Елдік мүдде әркез есінен шықпайтын еді. Елбасына жолдаған өтінішінде: «Астанада – Сәкеннің, Талдықорғанда – Ілиястың жеке мұражайлары бар. Бұл өте жақсы – халықтың рухани байлығына қосылған лайықты қазына. Ал Қостанайда Бейімбеттің мұражайы болмауын қалай ұғуға болады? Халық қалай түсінеді?...» – деп осындай жоқты жоқтаушы жазушы-ғалым Т. Бейісқұлов көтерген мәселеге шындап араласқаны бар. Немесе, М. Қасымбековке: «Түптің түбінде Тәуелсіз Республикамыздың тұңғыш Президенті туралы деректі де, көркем, жаңа да, жақсы кітап жазу Сіздің ғана қолыңыздан келеді деп ойлаймын», – деп ыстық ықыласын білдіруі, үміттендіруі – ағалық қамқорлығы емес пе! Қазақтың айтулы зиялылары И. Тасмағамбетовке, Н. Сабильянов пен Б. Тұрғараевқа деген ілтипаты дара өнегеге татырлық еді. Қайсыбірін тізбелейміз, төбе бидей төл сөзін арнаудан жалықпаған жайсаң жаратылыс еді ғой Әзағамыз!

«Мен өлерде аузыма қандай сөздер түсер екен» деп ойладым бүгін, – деп жазғаны бар Әзағаңның (15.06.2009 жыл). – Ақырғы сөзім мынадай болса екен деп тіледім: қош болындар, адамдар. Араздаспаңдар, төбелеспендер, соғыспаңдар, тату болындар! Бірақ кім білсін соңғы сөздің қандай боларын. Әлде, Халима сияқты, үнсіз өтіп кетуім де мүмкін ғой».

... Өзі сезгендей, үнсіз өтіп кетіп еді!

... Білгені, жоқтап, аза тұтқаны – бас аяғы бір жарым ай ішінде Хадишадан, Розадан, Қадырдан, Жұмағалидан, Өтежаннан, Нематтан, Құдайбергеннен, Дүйсенбектен айырылып қалғаны еді! Келместің кемесінің кезегі өзіне тіреліп тұрыпты-ау!

... Аза тұттық. Жүрек жылады. Сол қаралы күнде былайша егіліппін: – Ақ қағаз, саған, не жазам! Халқым өзіңе не деймін?! Боздаған көңіліңді қайтіп жұбатам! Қаламсабым канжардай тілгілейді жүрегімді...

Әзағаң өтті дүниеден! 89 жасқа қараған шағында әзіз өмір үзілді. Соғыста отқа күймеген, 6 рет жүрек талмасынан аман қалған болаттай берік ғұмыр тыншыды. Ал рухы оқырмандарының мәңгілік әлдиіне бөленді. Әзағаңнан қандай мұра қалды десейші. Отансүйгіштік қасиет, ұлтын асқақтатқан өр мінез, ел болашағын ұлықтаған парасатты сөз қалды. Ақтарылып берген ақ батасы жас ұрпақтың шамшырағына айналды.

Өмірден өзіңіз баз кешкенмен, дүниені махаббат бесігіне бөлеп кеттіңіз, Әзаға! Отанды сүю, әдебиетті әспеттеу, Халима апамызға шексіз ғашықтық, жалпы адамзат баласын ардақтау, жас жүрекке іңкәрлік сезімін тұтату – бәрі-бәрі ұлы махаббаттың мәңгілік ұраны десек, Сіз, ұлық та, кішік те бола білдіңіз. Сол себепті де Сізді халқыңыз «махаббаттың маршалына» теңеді.

Махаббат та жетімсірейді екен! Сізді егіліп жоқтайды. Аймалап сүйеді, «Әзағам!» деп шыбын жаны шырқырап, қаза күйігіне күйеді! Жүрегіне жалынымен түйеді! Бір тұшынарлығы, ақ көбелектің қанатына ілескен Сіздің уылжыған махаббатыңыздың мархабаты дүние тұрғанша салтанат құрады! Сол – көңілге медет! 36 жыл бойы өзіңізбен хат жазысып, оны «Махаббат жыршысы» деп атап, тұтас

кітап күйінде шығарғаныма шүкірлік деймін.

2010 жылы, дәл 88 жасқа толған күні, Елбасы қолынан «Отан» орденін алған Әзағанды, ертесіне әуежайдан Алматыға аттандырып салып едім. Астанамен соңғы рет қоштасыпты-ау!. Асыл бейненің ыстық құшағына ақырғы рет енгенімді сезіппін бе, сол сәт!

Әзағам-ау! Естимісіз! «Қош!» деуге аузым бармайды. Жан-Аға! Жоқтан сақтасын – Бар-Аға!

2010 ж.

Әдеби көмекші

Автобустан түскен бойда Гулия зыр жүгіріп келеді. Баяғы совминнің ауруханасына. Өкпесін қолына алып, ұшып келеді. Әзағаңа! Жансақтау бөліміне түсіп қалыпты. Осы таңертең Алматыда Елбасының қолынан біраз зиялылар жылдық стипендияларын алған болатын. Шыққасын хабараласамын деген. Қоңырауын зарығып күткен. Тағаты таусылып балаларынан білген. Инсульт! Алты рет жүрек талмасына ұшырған зәрезап ағзаны бұл жолы миынан қысып жіберіпті... Ішке кіру оңай болмады. Жазушылар одағынан Әзағанның алып берген: «Гулия Иманова – Ә. Нұршайықовтың көмекші-хатшысы», - деген куәлігін көрсетіп, жалынып-жалпайып, 3 минутке әзер сұранып кірді-ау, әйтеуір.

Есік айқара ашылғанда Гулия шатқаяқтанып, денесін ұстай алмай тәлтіректеп кетіп еді, дәрігер қолтығынан демеп, тіктеп қалды. Бұл не өзі? Қайда келіп тұр? Мына жатқан кім? Әзағаңа ұқсай ма? Бет-аузын түрлі түтіктермен айқұштап таңып тастағаны несі? Көзі жұмулы. Ақылды көзінен нұр шашырамайды... Кең маңдайы жарқырап жатыр. Шапшаң, шалт қимылмен қолымен сипап еді, жұп-жұмсақ, жып-жылы екен. Ернін тигізбекке еңкейді білем, дәрігер тежеп қалды. Алып жүрегі соғып тұр ма екен? Кеудесінен тың тындаса ше? Тағы тосқауыл. Мониторға көзі түсіп еді, ондағы ойнақшыған сансыз ирек: «әлсіз, әлсіз», - дегендей, шапшыған шимайларымен үрейін ұшырып жіберді. Еңіреп қоя берді. Мұндайда жылауға болмайды ғой. Жылауды сұрап алып па? Жылады...

Сыртқа шыққан соң қарағай бауырына тығылып отырып, ағыл-тегіл еңіреді... Мұның көз жасы аға жүрегінің қылын тербеп, әлсіз тамырларына қан жүгіртсе екен-ау...

Әзағаң ешнәрсеге де оңайлықпен берілмейтін. Бүкіл ғұмыры қиындықты жеңуге арналғандай еді. Аштық жылдарының зобалаңына бала жүрегі шыдап бағыпты. Тұткиылдан соққан соғыс алапаты. Айдаһар аранына жұтылмай аман оралды. Курстағы отыз қыздың қара нанын кезек бөліп жеп жүріп, білім алды. Лауазымды қызметтер атқарған тұстағы етектен тартқан мысықтілеулердің мысын әділдікпен баса біліпті. Махаббат жыршысы атанды. Халқының сүйікті жазушысы болды. Халимасынан 80 жасқа енді сүйенерде көз жазып қалды. Кәрі жүректің сыңарынан айырылғандағы сыңсығанынан бетер жанды қарыр нендей үскірік-үн кездесер екен? Жо-жоқ, кездеспес...

Қайғы қақпақылына мазақ болып қалыпты. Балаларының қанша мамық әлдиіне үйренгенімен де жетім көңілденіп, бойы-басынан әл-қуат ысырылып, салы суға кеткендей салдырай бастағанын өзі сезеді. Қалам ұстайды, жазылмайды. Ойы көп, іске тамызық жоқ. Басылатын, қаралатын қолжазбалар шаш-етектен. Бұрын Халима екеуінен ештеңе артылмаушы еді. Бәрінің қиюы қашқандай. Оның үстіне Халиманы ойлаумен ошарылып, опырылатын түрі бар. Бәтірау, қалай серпіледі? Ісі қалай өнеді? Жан күйзелісінің бір емі – ойға алған шаруасының желдіртіп жүріп беруі емес пе еді. Бір жөні болар ма? Қисыны келер ме? Халимасындай кім қолын ұзартар... Жәрдемші болар, жүйкесін жегідей жейтін жұмысын кім жүйелеп, жетелей түсер...

Сөйтіп ойы-бойын мұң торлап, қарадай шөге бастаған тұста, 2005 жылы Ақтөбеден қоңырау шалынды. Әйел бала екен. Көп оқырмандарының бірі. Гулия Имановамын деп таныстырды. «Мәңгілік махаббат жырын» оқып, жылы лебізін білдіріп жатыр. Дауысы ашық. Телефонның арғы жағынан жүрегі көрініп тұрғандай: бүкпесіз жан екені сезіледі. Өз халін сұрағанда, неге екені белгісіз Әзағаң бірден жан сырын жайып салды. Халима былайғы тіршілігін айтпағанда, әдеби өмірінің шамшырағы екен-ау. Ерінің толассыз жазуының етек-жеңін қымтап, халқының кәдесіне үлгертіп жататын сүйіктісінің жанкештілігін енді жете ұғына бастағандай ма?

Қазір жапанда жалғыз жорытқан құландай екен. Елеңдейді. Ерінбегенімен де елең еткізерліктей шығармалар тумай қойды. Қайда, қайда, баяғы тұлпар-ағын? Қайда екен, жанқалқасы – Халима-сағым?! Өнбей тұр, бар жұмысы. Күйзелгендей бар тұрмысы. Осы қиналысы Гулияға салмақ салғанын сезгендей еді. Оның дауысы барлығып шығып, әлде көмейге тығылған өксік пе, үні үзіліп-үзіліп әлсіреп, бәсеңдене өше түсіп, қайта серпілгендей қуатпен Алматыға бір барғанда әдейілеп ағасына сәлем беретінін сыздықтап жеткізді білем. «Компьютерге жақсы басамын», дегені жазушының көкейінде әлсіз шоқты үрлеп, маздатқандай болды.

Сол Гулия Әзағаның кабинетінде отыр еді. Жағалай кітап. Мұнша мол байлықты сирек ұшыратыпты. Ертегі әлеміне енгендей. Көркем үлкейтіліп, төрге ілінген Халима апасының суретіне көзі түсіп кеткенде, өн бойы шым ете қалды. «Қызым-ау, менің Әзілханыма қолғабыс етші», – деп үкілі үмітпен жымиятындай. Дәл осы тұста әңгіме ауаны да өрби келе, бір шешімнің шетін аңғартып тұрғандайтын. Не істемегін ойша саралап отырған Гулия, әлгі көзқарастан берік байламға тірелгенін, енді шегінерге жол екенін аңғарды. Сырттай тымырайып отырғанымен, «иә, иә, Халима апатайым, көмектесемін, көмектесемін», – деп, іштей Әзағаң өтінішін қанағаттандырып тастағанын байқамағандай. Үлкен жазушының үлкен жүрегі аңғарымпаз ғой: «сөйткенің жөн, еңбегіңді жемеспін», – дегендей, өзіне дәл қазір ықыласты сөз арналарын ой түйсігімен екшеген Әзағаң қарлығаштай қағылез өңді Гулияның жауабын тездетіп естуге құмарланғандай елгезек қалып танытты. Енді не шыдас бар? «Сізге жәрдемім тиіп жатса, бақыттымын, аға!», – деп Гулия жазушының қошеметшіл көңілін аспандатып жіберді.

Содан, Гулия балаларын ерітіп, Ақтөбеден Алматыға көшіп келген. Ендігі өмірін Ә. Нұршайықовтың көмекші-хатшысы болуға арнап, халық жазушысына дем беру, қолжазбасын басып, кітап қып шығару. Әйтеуір, зыр жүгіріп, түгесілмейтін әдеби шаруасын түгендеуді мұрат етті. Әзағаң ыстық ықыласпен қарындасының қолын қысып ұстап, бұл шешіміне мейіріммен алғысын айтып тұрғанда: «Мойныңа қандай қамыт кидің, Гулия!» – деп өзін-өзі нық қадамға

қақпақылдағыны да есінен кетпес. Жебедей суырылған уақытқа не шара? Араға алты жыл түсіпті. Гулияның еңбегіне Әзағаң еміреніп жүрді. Айтқанын екі етпейтін, еңбекшіл көмекшісіне әманда ризашылығын білдіреді. Ісі де өнді. Баршасын тізбелеп жатпай-ақ, 2010 жылдың өзінде ғана 12 кітабы баспалардан шыққанын айтсақ, бәрі ұғынықты болар. Гулия көмектеспесе, бұлай болмасы анық. Онысына бұлданбайды да. Жазушы мен оқырман арасына дәнекер болса, дйттегені сол ғой. Мемлекеттік тапсырыстан тыс шыққан кітаптарды таратып, сатудың машақатын айтпаңыз. Шынашақтай Гулия бәріне үлгереді. Ақшасын есепшотқа құйдыртады немесе қолма-қол алып, иесіне табыстайды. Сондай бір кірісті кеште:

– Байып кететін болдым ғой, Гулияжан!– деп Әзағаң жазуын доғарып, компьютерде отырған көмекшісін де сәл тыныстауға шақырып, әзіліне басты.– Байып кетсем, саған балаларыңмен бірге кең орнығатын пәтер әперсем деймін...

– Қиын соғады Сізге. Жүрегіңізге күш түседі!– деп Гулия азар да безер болды.– Күнімді көрермін. Балаларым өссе, теңеліп кетермін. Жазуыңыздан басқаға еш алаңдамаңызшы.

– Сонда да бір жөнін қарастыруым керек шығар,–деп Әзағаң жалдаулы пәтерде тұрып жатқан көмекшісіне жаны аши қарап қойды. Кейде еңбегіне дұрыс төлей алып жүрмін бе деп те күманданатын. Ақысын жемеуге тырысады. Пәтер демекші, Үкімет басшысына жолданатын өтінішінің сұлбасы да көкейінде жүр. Белгілі жазушыларға ақылы әдеби көмекшілерді бекітіп беру мемлекет тәжірибесінде бар ғой. Ұлы Жамбылға, бергінде Қасым Қайсеновке дегендей. Жасамыс біздерге де мүмкін етілер деген ойы оянған. Солай бола қалған күнде осы Гулияны көмекші-хатшылыққа заңдастырып, бекітіп алар еді. Бұл сырын әзірге Гулияға айта қойған жоқ. Көмекші етіп ұстауды ауырсынып жүргендей болмайын деп, тежелген түрі. Бірақ көкейкестілік бұғып қалмайды екен. Күндердің күнінде әлгіндей өтініш-хатты Гулияның өз қолымен тергізіп, жоғары жаққа салып жіберген. Ресми емес хатшысының аздаған қарсылығына қарамастан, әрине. Жауапты алаңкөңілмен күткен. Әлі де күте түскісі келеді. Күдер үзбейді. Дәмелі. Сабырлы қалпынан ішіндегі тылсым сырын аңғару қиын. Тұлғалар бұл жағына тұрлаулы

болады екен ғой. Ішін өртесе де өр кеудесін ұшқалақтыққа басқызбайды.

Ауруханадан қайтып келе жатып, жуан қарағайдың бауырында солығын басқан Гулия ширақ қимылдайды. Жылағаннан дәнеңе өнбесін ойлап, Әзағаңның тезірек айғып кетуін Жаратқаннан жалбырына сұрады. Жүрекке түскен салмақтың талай құқайын көрген еді, тұрып кетеріне сенді. Соғыс қақтаған тарамыстай болмысы қайыспайтын шығар. Жо-жоқ, ессіз жата беруі мүмкін емес. Ессіз жатқанын сезсе, екілене түсіп, атып тұрып кетер еді. Өз күйі өзіне беймәлім-ау, сірә. Әйтпесе... Әзағаң рухы мықты адам ғой, майыспас еді тағдыр тәлкегіне. Әттең-ай, әттең, insult алғанын білмей жатыр-ау! Осындай күдікті де сезікті, тентек те тәккаппар ойлар Гулияны дедектетіп келеді. Үйіне жетіп әл жинап, ертең аурухана алдында таң атыруы керек...

Таң елең-алаң кез. Дәрігерлер ауысымы. Ақ желеңділерден-аппақ елес тарап жатқандай. Зыр жүгірген оларға қарап отырып, Гулияның басы айналсын. Өмір арашашылары ғой, тыным таппайды. Қайсыбірі жан сақтау бөліміндегі Әзағаң да барып, дәйек болып жатқан шығар. Өзі де кіргісі келген. Жолатпайды бірақ. «Әзаға, тұрмыс күнделіктеріңіздің ара тісіндей қайшыланған мына тұсын баса берейін бе?» – деп құлағына сыбырлатса ғой маған, ести қалса, ұшып тұрар еді-ау. Ой шіркін желікпе ғой, кей сәтте. Өткен жолы күнделік қолжазбаларын басып отырып, Гулия: «Бұл жерін жұмсартсақ қайтеді? Аты-жөнімен бадырайтып, бетіне басып айтыпсыз. Кейін бәлесіне қаларсыз. Ол аттан түскенімен, әлі күнгі әлдінің бірі емес пе?» деп, сақтық жасаған. Әзағаң қара көзілдірігін алып, жаңа көргендей өзіне жанарын тіктесін. Үнсіз. Абдырап қалған Гулия жер шұқып отыр. Ағаттық жасады-ау. Не түртті, жазғанын түзетбек боп. Кейде сөзге, сөйлемге қатысты пікірін ашық айтқызып, «е, келістік» деп, еркіндік беріп қоятын кеңдігі болушы еді, соған дандайсығаны ма? Бұл жолғы белсенділігін белден сызып тастағандай етіп: «Жазыңыз! Жазыңыз!»- деді. Көзілдірігін қайта киді. Мәтін сол күйінше басылған. Батыл ойлары батпан жүгімен кете барған.

Әзағаңның азаматтық көзқарасын өзгерту мүлде мүмкін емес еді. Дұрыс деп бекінді ме, қылдай қиянат жасатпай-

тын. Жұрт көңілін аулағыш еді. Артық сөзбен жүрегін сыздатпайтын. Қатты бекемденіп, іштей тұрысқанымен де лезде жібіп, кірі кеткен жібек орамалдай тап-таза боп, желбіреп шыға келетін. Бірде өзінің жазғанын ауызша айтып тергізіп болған соң, үстел үстіне тілдей қағазды елеусіздеу қалдырып, тыныстауға шығып кеткен екен. Гулия өзіне арналғанын біліп, оқып көрді. «Созсам – қолымсың, Жүрсем – аяғымсың, Сүйенсем – таяғымсың, Гулия! Бұрын осының бәрі – Халима еді. Айырылып одан: Қасірет жұтып, Қайғы жедім. Сен маған, Оның орнына, Көктен түскен Халима ма дедім?!» Мәтіннің аяғына жетпей-ақ бетінің ұшы нарттай боп қызарды. «Ұят-ай! Мені Халима апайға теңейтіндей сонша нендей еңбегім сіңіпті. Ұят-ай!»- деп қалған сөздерді қомағайлана оқып шықты: «Сен менің: Халимамдай, Қызмет етіп келесің. Бойдағы күш-қуатыңды, Аямай маған бересің. Қаншама кітаптарымды компьютерге бастың, олардың корректурасын оқыдың. Шыққан кітаптардың сатылуын, таратылуын, Тегіс ұйымдастырдың. Жарық көрмей жатқан дүниелерімді, Ретке келтірсем деп және талпынасың. Сенің осы жақсылықтарыңды, Қашан, қалай өтесем екен, Гулия?!» Соңғы сөздерді қомағайланып жұтып қойғанда, есіктен Әзағаң көрінді... Күтпеген бағаға кеуілі көтерілмек орнына, пәстеніп қалған қарындасының мына түрінен көп сыр аңғарған сезімтал жазушы жылы жанарын аударып, «сен адал еңбек иесісің, разымын көмегіңе» деген лебізін төтесінен аңғартып өтіп еді...

Бір сәт Гулия осындай шытырман ойларынан селт етіп: «Есін жиды ма екен, асыл ағам!»- деп босаған көңілін әрең тежеді. Ұшып тұрып, қарсы беттен көрінген таныс дәрігерден хал-жайын біліп еді, ол сөзге зауықсыз, пәс көңіл, жауапсыз жүре берді...

Сыраттың көңілін сұрамаққа келгендердің қарасы лезде көбейіп кетті. Ірі оқымыстылар, белгілі ақын-жазушылар, қатардағы оқырмандар... Ұл-қыздары Арнұр мен Жаннұр, Жаннат пен Жанар томсыраңқы күйде. Келіндері мен немерелерінің де ұнжырғалары түсіп жүр. Бәрін бір тілек біріктіріп, үмітті көздерінен шарасыздық табы сезіледі. «Жазылып кетсе екен...»- деп үнсіз егіле түседі. Ет жақындарының бір-екеуі ғана ішке сұранып кіре

алды. Басқаларын маңайлатпайды. Осындай дүрбелеңмен бесінші түн жылыстап өте шығыпты... Әзағаң жүрегі ұлы шайқасқа кіргендей, майдан даласынан малтығып шыға алмай жатқандай... Жүзінен беті бері қарағандық нышаны байқалмайды. Күйзелтетіні де осы...

Алтыншы күні Гулия түске дейін Әзағаң жатқан аурухананың маңында көппен бірге теңселіп, жүрді де қойды. Таңнан бері нәр сызған жоқ. Тәбеті тартпайды. Есіл-дерті ішке еніп, Әзағаңның жүзін бір көру. Қайдан жолатсын. Сонда да дәмеленеді. Амалсыздан «Көмекші-хатшы» деген куәлігін көрсетеді. Бұл сөздің мәнісіне кейбіреуі таңырқайды. Енді бірі түсіністікпен басын шайқайды. Кіргізсе ғой, әлдебір аманатын алып қалар ма еді... «Сөйлемесе де не демегін түсінем! Жіберіндерші, дәрігерлер! Ұлы жүректің ишарасыз өшуі мүмкін емес, аясаңдаршы мені!»- деп жан айқайын сыртқа шығарғысы келеді. Әдеп сақтайды. Ибалы кейіппен, көз шарасын мөлдір жасымен жуады... Әлдене бір кезде өз ойымен әлдиленіп кетеді. Елбасының қабылдауына барудан бір күн бұрын, алтыншы ақпанда Әзағаң екеуі таңғы серуен жасаған. Абай ескерткішіне барып, тағзым еткені көз алдынан кетсейші бір. Ыстық бейнесі кірпігін қақтырмай, көлбеңдейді. Өне, ұлы баба ескерткішінің мәрмәр тасын сипалап, ұзақ тұрды. Басын сүйейді. Құлағын қабырғасына тосты. Бейнебір ақын жүрегінің дүрсілін тыңдағандай, сілтідей тынып қалыпты. Бір кезде саусақтарымен ағасының сауырын жеңіл, еркелей қаққыштағандай болып: «Абеке, Алматының үстінен қарап тұрсың ба? Ел-жұрт аман, мен ертең Президенттің қолынан стипендия аламын. Аруағыңыз қолдай жүрсін!»- деп жан сырын ашқандай елгезектене сөйледі. Сосын, неге екені белгісіз қара көзілдірігін сұқ саусағымен сәл жоғары ысырыңқырап, нәті, мөлт ете қалған тамшысын білдіртпей сүрткісі келді ме екен, басын кілт кегжитіп, Алатауға бұрып алды. Дәп бір Абай мен Алатаудың өрлігін салыстырғандай, тәтті мұңға батып еді. Сол тұрысында Гулияға, Әзағаң Көктөбеге, одан асыңқы баурайдағы Кеңсай сілемдеріне жанарын сипай қамшылап, ойша өлшем өрнегін салып, сиқырлы әуен тыңдағандай, бақ пен баптың тамырын басқандай, өмірдің мәнін құныға құптағандай, тіпті бір жұтым ауаның

маңызын безбендегендей, беймәлім күйде балқып па, әлде өткіншіліктің әуезінде қалқып па, әйтеуір, адам-ғұмыр елесіндей боп, бейкүнә күйде сәл мызғығандай-тын... Мына кейпі таңқалдырды. Гулияның санасын сан өрімді шыбыртқы осып-осып жібергендей болды.

Сөйткен Әзағаң ерте күні, Елбасының қолынан стипендия алысымен, сүт пісірім уақыт өткен соң, оқыстан шалқалақтап құлай берген. Ұлтымыздың біртуар азаматы, иманды жан, жылы жүрек, ыстық қайрат иесі Мұхтар Құл-Мұхаммед сүйей қалған қолтығынан... Қысылғандағы тірегі қандай мықты еді!

Жыл бойына, саяхатшыдай сергек күймен үйінде отыра алмапты-ау! 2010 жылды айтады. Ел-жұртын аралаудан шаршамады. Тыным жоқ. Желдіртіп жүргісі келіп тұратынын Гулиядан жасырмайды. Байтақ Отанының төрт бұрышын адақтаған шығар. Азиада Алауын алып, жастан бетер жүгіріп, шабытқа бөленіп, сақылдаған сарышұнақ аязда саңқылдап сөйлеп тұрғанына қызыға қараған қалың елі. Өскеменге екінші қайтара бармаққа жиналып, қол сөмкесін босағаға сүйеп қойғанын да біледі. Бой жазып жүр екен-ау! Бірге жүрейік дейтін Гулияға. Жанынан тастағысы жоқ. Бұл сылтау айтады. Сырт көз не дейді? Сөзден аулақ. Көмекші-хатшыңыз болып, үйде іс тындырсам болар. Селтең жүріс сезік тудырмай қоймас... Сондағысы Әзағаңның абыройы үшін де. Халима апасының рухына берілгендік серті де. Таза, пәк көңілдің қаусарын тұнық күйінде ұстауға деген ықыласы шығар өзін сақтыққа жетелейтін. Иә, Гулияның мұндай кіршіксіз табиғатын Әзағаң айрықша бағалайтын. Сондықтан да болар, «бұл менің көмекші-хатшым» ғой деп, қасына сүйсіне ертіп, анығында қолтықтап, сүйеніш етіп, түрлі той-жиындарға барғысы келгенде, Гулияның ақылмен тартынған көңілін сыйлап, бөкекетеп жалғыз жорытып, кете баратын.

... Бесінші тәулікте, намаздыгер шақта Әзағаңның тамыр бүлкілі тоқтады. Бұл қаралы күн – 2011 жылдың 12 ақпаны болатын.

... Биылғы қазан айының ортасында, көмекші-хатшылық міндетін әлі бір сәт тоқтатпаған Гулия Иманова маған қоңырау шалды.

– Аға, жиенді болдым! Өзағанды жоқтатпайын деп, өзіңізден сүйінші сұрап жатқаным ғой! – деп үні бебеуленгенде, ата-бабам салтымен әсерленіп айтқаным: «сүйіншің болады!».

... Өзағаң бір аунап түскен шығар!

2011 ж.

Ең соңғы: Ұшақ. Орден. Аурухана

Ең соңғы...соңғы... ауыр да болса ауыздан жырылып түскен сөз – осы. Әзілхан Нұршайықовқа қатысты айтылмақ. Соңғылар туралы ойланудың өзі жүрек сыздатады, өзгесін қойғанда – жай тұрмақ. Бәрі-бәрі өткінші. Тамсандырып та, тарықтырып та тарқатылып келіп-келіп, тосыннан тұйықталады екен. «Токсанға жетіп жығылармын-ау!» деп жүрген Өзағаң межелі мерейтойына 1 жыл, 10 ай қалғанда үзіліп түсті!.. Ең соңғы рет Астанада алған «Отан» орденін сипалап қызықтағанбыз... Ең соңғы рет әуежайдан қоштасып, шығарып салғанбыз... Ең соңғы рет Алматыдағы ауруханада жатқанын естігенбіз...

ҰШАҚ. Қайдан білейік?!.. Басқаша боларын... Астана әуежайынан Өзағанды Алматыға шығарып салып жүргенімізді ғана білеміз. Қалғаны жұмбақ. Жалғыз біз бе, осындағы адамдардың бәрі-бәрісі бірін-бірі қимай құшақтасып, ыстық қоштасып, жылт-жылт еткен жанарларын жасқаншақтай көлегейлеп, қол бұлғап қалып бара жатқан жоқ па, эне. Біз де сондай кезекті шығарып салуға келген едік...

Бұл жолы Өзағаң «Махаббат қызық, мол жылдар» романының басты кейіпкерлерінің бірі Меңтайдың–Нұрғамиланың баласы Тұрар мен келіні Тамараның отауына тұрақтаған болатын. Солар еліп-еліп етіп Өзағанды әуежайға алып келген-тін. Өздері бір аса мейірімді жандар. Өзағаңның арқасында отбасымыздан алма-кезек дәм татысып, жылы шүйіркелесіп қалып едік. Көліктен қауқылдаса түсіп, сәлемдесіп жатыр. Өзағанды қолтықтан демеп, жер бастырдық.

– Өзім-ақ, өзім,– деп ол кісі орнынан бұлқынып түзеліп, «осы, шіркіндер мені қаусаған біреу дей ме екен?» дегендей ішкі ойымен арпалыса бұталаққа басып еді, біз шыдатпай қағып алғандай болдық қой. Ширақ, шымыр, жеңіл қимылдайтынын білсек те, жер тайғақ. Содан қорындық. Жазатайым тайып түспесін деп, безек қағамыз. Желтоқсан ортасында тас үсті қанша сыпырып-тазалағанмен мұзданып, жалтырланып жатады.

– Қайта, қара жерден гөрі мұз үстінде буынымды бекітіп, бекем жүретінім бар, – деп ақиық жазушы қолтықтаған біздерге баса сенді ме, дедектей жөнелді.

– Бұл шабыспен 90-ға желдіртіп жетіп, 100-ге зу ете түсерсіз,– деп әзілдеген едік, «солай боларына сенемін-ау» дегендей, миығынан жымыып, тіптен тіктеліп, шалт қимылмен қутың-қутың етеді. Қартайғанда бір бала дегенің осы шығар... Бір ауыз сөзге балаша иланып, жанары әлдене бір аңсау, аңсардан боталанып қоя береді.

Әуежай есігіне жетер-жетпесте алдымызда баяу кетіп бара жатқан таныс бейнелерді ту сыртынан ажыратқандаймыз. Дәу де болса, Тұманбай Молдағалиев пен Нұрғожа Ораз екенін тұспалдадық. Дәл өздері екен. Текті тұлғалар жылдап көріспегендей, бас салып құшақтасып, беттерінен аймаласып жатыр. Тумысы бөлек, нәзік жүрек, болмыстары елден ерек байсалдыларым-ай, бірін-бірі көргенде дегбірсізденіп кетеді екен. Кеше ғана екеуі Елбасының қолынан орден алып, сапта жайрандап қатар тұрып еді. Марапат сыңғырымен сүйісіп те алған, қайта ажырамастай қатты-қатты құшақ алмасқан... Енді тағы... Жайбір адамдар бүйте алар ма? Ол үшін жүректе махаббат шоғы маздап жатуы тиіс шығар... Шынайы, риясыз, көлгірсіз, көнтерлі көңіл-күйге малынып, шарболаттай суарылуы тиіс пе әлде? Бұл атпалдардан бәрі табылады... Мейірім, мөлдірлік, саф тазалық, қылаусыз іңкәрлік жанарларынан мөлт-мөлт тамып тұр. Бірін-бірі арқаларынан өзімсініп қағып-қағысып қояды. Мәңгілікке қапталдасып, қанаттасып кетіп бара жатқандай...

Аязды сәскеде осы бір жалқы жүрек жандардан шашыраған шуақтан бойымыз жылынып, бусана марқайып, ішке ендік.

«Құдай-ау, осы біздер, кімдерді шығарып салып жүрміз?» деген сусымалы ой сананы осқылап өткендей еді. Әрине,

мақтаныш, мархабатты ой еді. Кімді кім шығарып салмайды. Тағдырдың жазуымен ғой бәрі де. Дертіне дауа іздеген алтын құрсақ ананы шетелге аттандырып, көз жастарын көлдетіп, сәттілік тілеген бүкіл бір ұрпақтың мұнды сәтін де көргенбіз. Артынан білдік, оралмапты сол кейуана! Соңғы рет қоштасып, ұшақпен көтерілген көгінен түспей қалғандай, сірә! Әзағаң мен Тұмағаң да қазір аспанға шарықтап кетер... Есен-сау, Алматысына қалқып бір жайлы қонса екен. Осындай Тәуелсіздік мерекесі тұсындағы қауышулар қайталана берсе екен. Жайдарман күйде мәре-сәре күтіп алып, сәлпәл көңіл пәстеніп, сезім ширығып, кимастықпен шығарып салғаннан артық бұл дүниенің қызығы еселенер ме, түге. Қоштасулар жалғасып, қайталанғаннан артық бақытты кезең болар ма?! «Таныс та, бейтаныс жолаушыларым-ау, біздер кімдерді шығарып салып тұрмыз! Қараңдаршы!..»

Иә, бәрі біздің шоғырдан көз алмайтындай. Біз қаумалаған қос арыстың бойынан сезім ширығысы буланып ұшып жатқандай. Жырға қақталып та, қара сөзбен баптталып та махаббат, елдік мұрат, бостан тірлік, т.б. ұлттық мақтаныш мейманасы тасып атойлап, таралып кетіп жатыр еді. Оқырман деген үйірілгіш күдірет иелері бірте-бірте Нұршайықов пен Молдағалиевті махаббат тінімен құрсаулап, босатпайтындай күйге лықси тірелді. Несін жасырамыз, «ұшатын кезде босатпай қойса, қайтеміз?» деген үрей бойды билей жөнелгені. Тіпті әлдеқалай кітаптарын ұсынып, қолтаңба өтінгендері де табылады. Қос таланттың бастары ғана қылтиып көрінетін күйге ендік. Халық жазушыларын халықтан қорып, үргедектеніп біз тұрмыз. Халық үшін жаралғандарды халық жазбай танып, мың мәрте тағзыммен иілуінің куәсі болдық. Қандай сүйіспеншілік сәт! Соңғы рет болмасыншы!..

– Әзілхан аға! Кеше теледидардан орден алғаныңызды көрдік. Қуанышымызда шек жоқ!– деп бір егде кісі қарлығыңқы дауыспен өзгелерді жалт қаратты. – Сұрайын дегенім бар еді. Мінберде сөз сөйлеп болып, қойныңыздан бірдеңе алып, Елбасына ұсындыңыз. Сол не нәрсе?

– «Мәңгілік махаббат жыры» деген кітабымның кішкентай қалыппен шыққан қос томшасы ғой,– деп Әзағаң іле жауап берді.

– Ту-у, қалтаға салып жүріп, жаттап алар ма еді!– деп өкініш білдірді әлгі қария.

Әзағаң маған ым қақты. Мен сөмкесін ашып жіберіп, әлгі қос томшаны суырып алып, ұстаттым. Ол тұрған бойда қолтаңбасын қалдырып берді.

– Бізге де, бізге де!..– деген дауыстар шыға бастап еді, жазушы оң қолын жоғары көтеріп:

– Ең соңғысы еді!– деді де кіналы адамдай қос алақанын жайып, кешірім мезіретін жасады.

Шетте тұрған бұйығы қыз әлдебір мұнданыспен:

– Сіздің кітаптардың соңғысы болмайды, ұрпақтар жүрегінде жалғаса береді, Әзілхан аға! Қайталап басыла береді!– деп, кітап жетпей қалғанына өкінді ме, жанарынан ыршып түскен моншақ жасты жазушы көрсін дегендей ірікпей, тамшылатып тұрып алды...

Қызды аяп кеткен Әзағаң:

– Біз әлі кездесімз, айналайын! Тіпті осы әуежайда да!– деп кеуілдене күлімсіреді.

– Жоқ, Сіз ұшып кетесіз ғой!– деген қыз тілін қыршып алғандай кілт мүдірді де жазушының бетінен шөп еткізіп сүйіп алды. – Биік ұшыңыз! Әр жүрекке аман-сау қоныңыз әрдайым...

Осы бір сөздерден секем алды ма, қайдам, ақын Нұрғожа Ораз ағамыз мені жеңімнен түртіп, сыңғырлай күліп, былайғылардың назарын әдейі аударғандай болып:

– Осы сен, қиырдағы Торғайдан қия Семдейдегі Әзағанды қайдан тауып алып жүрсің? – деді өзімсініп еркелеткендей кейіппен.

Мен үнсіз қалдым. «Тағдыр табыстырған» дегім келіп еді, ұшу кестесі хабарланып, әңгімені созып алармын деп тиылдым.

Тіркеуден өтіп, доғаша иілген тексеру құрылғысынан әрі аттай беріп, қолын кеудесіне қоймақ боп, сәл еңкейгенде Әзағаңның басындағы құндыз құлақшын сыпырылып жерге түсіп кетті... Мен түрлі тосқауылға қарамай-ақ лып етіп жанына жетіп бардым да құлақшынды көтеріп, сілкіп-сілкіп Әзағаңның басына қондыра қойдым...

– Қош болыңыз, Әзаға!

– Әкелші маңдайынды, айналайын!

ОРДЕН. Алматы. 2011 жылдың 7 ақпаны. Елбасы бүгін шығармашылықтың шыңына шығып, шуағына бөленген бір топ зиялыларға жыл сайынғы өзінің стипендиясын тапсырмақ. Мұндай ерекше салтанатқа ерте келгеннің бірі Ә. Нұршайықов еді. Қашанғы әдеті осы. Асығыс-үсігіс кешігіп жету жанына жат. Оны айтасыз, таң елең-алаңда Абай атасының ескерткішіне барып, тәу етіп қайтқаны бар. Көңілі көтеріңкі. Сыпайы сәлемдесіп, мейірімін төгіп жүр. Жан мөлдірлігінен маңайына алтын шапақ ұшқындары шашырап жатқандай. Әйтеуір, Әзағаңа адамдар тартылып-ақ тұрады. Қолын алып сәлемдескен сәттен бастап, бойларына жылылық, қуат-күш дарып, өзгеше шаттаныс күйге түсетіндіктерін сезетіндей бәрі. Ал онымен тілге келіп, әңгіме бастау – басқаша құбылыс күйін шертеді.

Бұл жерде елге танымал әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлерінің біразы жүр екен. Сайдың тасындай етіп, іріктелгендер ғой. Бәрі мәре-сәре. Елеулі іс-шараны ұйымдастыру қамымен келген Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед, оның сенімді серігі, жалынды көсемсөзші Бауыржан Омаров, т.б. лауазым иелері шақырылғандармен қоян-қолтық араласып, ілтисат, ізет көрсетіп, «ұлық болсаң, кішік болдың» өнегесін көрсетіп жүр. Әзағаң да сол іні-қарындастарына разы кейіппен көз қырын салып қояды. «Елімнің ертеңгі үміт артқан ұрпақтары сендерсіңдер», – дегендей, іштей марқайып, масаттанады.

Әзағаң жайлы диванға жайғасып, біразырақ ойға шомды. Жан қалтасына қолын жүгіртіп, томпиған қорапшаны сырттай сипалап қойды. Елбасы өткен желтоқсанда – Тәуелсіздік күні тапсырған «Отан» ордені болатын. Үйден шығарда да: «тақсам ба, тақпасам ба?» деп, екі-ұшты ойланған. Әлі сол илеуден шыға алмай отыр. Өзіне салса су жаңа ордені ғой, өңіріне құлпыртып қадап алғысы бар. Басқа марапаттарын үйіне тастап кеткен. Тек осы соңғысын көңілі қалайды. Елбасының өз қолының табы қалғанымен де ыстық тартады. Содан бері бұл орденді қызықтаушылардың легінде шек жоқтай. Астана әуежайынан аттанарда өзіне жақын тарта-тын бір тілші, қаламгер орденін сипалап көріп: «орденіңіз бақытты қарттығыңызға әйдік жарасып тұр екен», – деп қуанып, байғазысын ұсынған. Сол байғазы басы «байлыққа»

ұласқандай ма, өзі. Өзілімен әрлегені ғой. Жә, ойды қусаң, бетімен жайылып кететіні бар, лықсыған екпінін тежеді де, нақты шешімге бекінбек сыңаймен жан-жағына қарғыштап алды. Мұндайда біреудің ақылына жүгінгеннің еш артықтығы жоқ. Сол-ақ екен анадайдан талантты ақын қарындасы Марфуға Айтхожина сәндене басып келіп, сәлем берді де қасына жайғасты.

– Марфуға айналайын!– деді Өзағаң ойнақшыған ойын сап тыймақ болып.– Ақыл қосшы, мына су жаңа орденімді тағып алғанымның сөкеттігі болмас па екен? – Марфуға ағасының қолындағы ашық қорапшадан жалтырап көрінген сәулелі орденге еліге қарап қалды да бұлталақсыз шешімін айтты. – Е, мына шаттанысты сәтте өңіріңізді арайландырып жіберетін бұл орденді бүгін тақпағанда, қашан көрсетесіз? Қане, әкеліңіз, өзім...

Орденін ұсынып, оң жақ иығын икемдей бастағаны сол еді, Өзағаңның бойы лезде әлсізденіп, жүзі күреңітіп кетті. Ерні сумен шыланды. Көзі нұрсызданып, шапшыңқы қысым миын шымырлатып бара жатқандай. Өзіне бесенеден белгілі жайт қой. Сақтығына басып, кеуде кере ауа қармағысы келгенімен, қауқары қалмағандай... Кеудесіне Мафуға қадаған орден жарқырап көз жауын алғанымен, иесінің жайсыздығына титімдей де сеп бола алмады...

Министр М. Құл-Мұхаммед жағдайдың насырға шаба бастағанын сезгендей, Б. Омаровты шақырып алып, «Сен ағаңның жанында бол!» деп тапсырды. Сөйтіп инсульт алған Өзағаңның былайғы тауқыметі Бауыржанның иығына түскен еді. Жөппелдемеде «жедел жәрдем» Президент Іс басқармасы ауруханасынан емес, қалалық бөлімшеден шақырылған екен, келген екі қыз дәрігерге Нұршайықовтың халқына қандай қадірлі екенін түсіндірудің өзі мұң болса керек. Әрине, қай адамның да өмірі қыл үстінде тұрғанда мұндай салыстырмалық артықтау болып көрінер. Бірақ шапшаң қарап, дәрігерлік көмек көрсетілсе екен деген сасқалақтық не істетпейді. Сол кезде Алматыда Қысқы Азиада ойындары жүріп жатқан. Әлгі қалалық дәрігерлерге соған қатыстыларға ғана бірінші кезекте жедел жәрдем көрсетілсін деген бұйрық түссе керек. Соның ауанынан жаңылмаған түрлері екен. Бауыржан да тапқыр жігіт қой: «Бұл кісі Қысқы Азия

ойындарының алаугері еді»,– деп шорт кескенде, аналар Өзағанның Өскеменде алау ұстап қақаған қыста жастардан қалыспай жүгіргенін қайдан білсін, шалт қимылдап, зыр жүгіріп ем-дом қамын қарастырып, лезде ауруханаға жеткізіп салады...

Өзаған сол салтанатта сөйлеуі керек екен... Қағазға түсірілген соңғы сөзі сөйленбей қалды... Сөз мәтінін, стипендиялық қаражатын, қол сағатын, ұялы телефонын, сыртқы киімдерін буып-түйген Бауыржан абдырап жеткен ұлы Арнұр мен жиені Сәкенге табыс етіпті. Содан бері менің көңіл әйнегімнен Бауыржан інімнің әлгі заттарды қысып ұстаған абыржыңқы күйі елестеп, кетпейтін болды. Ең соңғы көмек соныкі болыпты. Ең соңғы сөздерін сол естіпті. Дәрігерлер ақыл-есінің деңгейін білмек боп «қасыңыздағы мынау кім?» деп сұрағанда: «Менің Бауыржан інім ғой» деген ең соңғы биязы дауысты сөзі құлағында қалыпты. Иә, иә, жансақтау бөліміне зембілмен әкетіп бара жатқанға дейінгі соңғы сөздері еді...

... Қазір Өзағанды ойласам, Бауыржан қабаттасып елестейтіні несі екен?! Мен Сені бұрынғыдан да етене досіні деп танып, ғажап жақсы көріп жүрмін, Бауыржан! Қос бүйрегімнің бірі Өзаған деп бүлкілдейтін... Екіншісі...

АУРУХАНА. Доңғалақты зембілмен зырылдатып, әлдеқайда әкетіп бара жатқанын еміс-еміс сезеді. Санасы селкеулі, бұлынғырлау. Жадына не болған? Әлгі әзірде кімдермен тілдесіп еді? Не жөнінде? Сол аяқ-қолы сұлық жатыр. Қозғамақ болған әміріне бағынар емес. Қос шекесі зеңгіп, көзі алды әлсін-әлі қарауытып кетеді. «Бауыржан балам мың болғыр екен... Әкесіндей өбектеп, зыр жүгіріп жүрау...» Әріқарай ойы тұманданды. Ақ желеңділер шүпірлесіп жатыр. Маңайында ақ көбелектер ұшып жүргендей... Нәті, басқа бірдеңеге ауыстырып салып жатқандай ма?

Оң жамбасы, іле оң қары шым етіп, бүріп кетті. Сол ақ екен бастырылығып оянғандай болып, демі жеңілдеп, кеуде кере жұтынды. «Е, мана жан сақтау бөліміне деп еді ғой...» Талай көрген құқайы. Жеңілдігі болар деп дәмеленді. Жүрегі алты-жеті рет тілім-тілім болған. Құдай сақтап қалды. Көрешегі бар екен. Бұл жолғысының да сондай үміті таусылмас. Не бопты?! Бірден өле қалатын. Жүрек шанышты екен

деп, мына өмірді қия салмақ па? Жазуын қайтеді? Қаламсабы ше? Компьютері қаңтарылып қалмақ па? Фотоаппаратын алып шығып еді, қайда тастады екен, осы? Алас-күлесте манағы ордені түсіп қалмаса болды. Қолына тиген стипендиясына күнделік-кітабын шығарып алар-ау. Осыдан бір тұрып кетсе, алдымен Абай атасының ескерткішіне барып: «Абеке, айығып келдім, Сізді қимағандықтан»,– деп сәлем берер еді. Сосын бірден Кеңсайға тартар. Халиманың ақ күмбезіне кіріп, дұға орнына оқитын: «Сенен артық жан тумас, Туса туар артылмас...»,– деп сарнай жөнелер... Халима: «Қашан жаныма келесін?»– десе не демек, бәтір-ау! Кәдімгідей киналып, демі ауырлап, бетін тер жуып кеткендей...

Тағы бірдеңелер қоң етін шым-шым еткізгендей. Дызылы, дуылы аралас уытты нәрсе. Бет-аузы әлденемен шандылып, тыпыр еткізбестей таңылып қалғаннан сау ма, өзі? Тағы да еміс-еміс әлдене ойлар орала бастады. Не көрмеп еді, төрт жыл соғыста. Қол зембілмен талай рет госпитальға түскен. Соның бәріне шыдас берген жүрек шіркін бейбіт заманда сыр алдырды ғой. Өкпе жоқ оған. Талай талмаурап, үзіліп барып-барып түзеліп кеткен. Бұл жолы да өкіндірмес. Сенеді жүрегіне! Халқы үшін қалып бара жатқан қаншама шаруалары тұр. Мүмкін емес қой, халқының үмітін қиып кету. Мүмкін емес... Дәрігерлердің бәрі жыға таниды өзін. Үнемі сауықтырып жіберген. Бұл жолы да аянып қалмас... Екінші үйіндей боп кеткен аурухана төсегінен сытылып шығып, қара шаңырағына қақырайып кіріп барар, сәтін салса.

Мана: «Балаларға хабар берейін бе?»– деген Бауыржанды тежеп тастаған. Қорқып кетер деп, бәрін аяған, жайсыздықтан жасқанған. Соларға білдірмей, тәуірленіп жетіп барса ғой, төбеден түскендей етіп.

Шүкір, Халима екеуінің бауырынан өрген балалары жақсы өсті, қалаған білімін алды, ата-баба өсиеттеріне адалдық танытып жүр. Шетінен елгезек. Өзгенің мүддесіне елеңдеп, қабырғалары сөгіліп тұрады. «Жанар, Жаннат, Арнұр, Жаннұр бөбектерім-ай! Өмір бойы өбектедім-ай! Ең бастысы – ар-намыстарыңа, абыройларыңа кір келтірмеңдерші! Біз өтсек те бәленшенің ұрпақтары деп жүреді ғой! Айналайындарым, асылдарым, кішкене кездерінен шүберекке түйіп өсіріп, мейірімге орап ересек еткен тайлақтарым! Боталарым,

боздап қалар ма екенсіңдер!.. Алдымен Халима шешелеріңді, сосын мені еске алып жүрерсіңдер!..»

Бұл кезде келін-балалары, немере-жиендері, көрші-көлемдері, ет жақын туыстары ауруханаға жинала бастап еді... Ішінде белгілі жазушы Сәбит Досанов та бар...

Балаларын ойлағандықтан ба екен, біртүрлі бойы балбырап, тыңайып жатыр. Санасы да сергек секілді. Бірақ барлық ықыласын салып күтіп, жанынан бір елі кетпей қойған медбикеге тіл қатуға дәрмені жоқ. Жәудіреп қарап қалады да, қабағы ырықсыз жабылып кетеді. Көзі жұмулы болса да, ойы ашық... Астанада, қыста орден алардан бұрын, күзге салым арнайы барып, «Махаббат, қызық мол жылдар» романының жарық көргеніне 40 жыл толуына байланысты «Хабар» арнасының бағдарламасына түсіп қайтқан еді. Өте тағылымды болған секілді. Өз мерейтойларын құнттамай келгенімен, кітабының үлкен белесі аталып өтіпті. Бұл – бақыт! Хабар жүріп жатқанда үлкен экраннан сырқаттығына қарамастан Меңтайы – Нұрғамиласы көрініп, ұзақ ғұмыр тіледі. Лебізін кемесендеп бітірді... Сол эпизод есіне түскенде жазушы шалдың өзі де толқып, сәл қыбырлады: «О, өткінші дүние! Уа, Меңтайым! Ей, махаббат падишасы! Уыз шағыңды жырлаған мен осы күйінді көрем деп пе едім!.. Бірақ, бірақ сен, халқыңның есінде мәңгі жас, құлпырған сұлу түріңмен қаласың ғой!..»

Махаббатан жаратылған жазушы ғой Өзағаң! Махаббат – бал! Махаббат – жар! Махаббат– отбасың! Махаббат–туған жерің, Елің! Махаббатың – қос қанатың сенің! Міне, талмай әуелетіп, тоқсан жастың биігіне көтеріп келе жатыр еді, әттең-ай, кенет әлсірей бастағаны несі екен?! «Қуаттан, құмарт! Алдында өмірің – Жұмақ!» – Өзағаң осылайша бойына әл-күш жинағысы келіп, ішей ширықты... Қос қанаты бұрынғыдай серіппелі күймен қатар жайылмайды. Сол жақ қанаты – сол жақ денесінде діріл де байқалмайды... Пістелер ме еді інemen...

Ауық-ауық балалары есіне түсе береді. Бірде кітаптары көз алдына тізіле қалады. Құйынданып, аласапыран алмасып кетеді бәрі: балалары мен кітаптарының түр-түсін ажырата алмай қалады. «Аманаттадым сендерді!»– деді ойша күбірлеп...

... Бес жарым тәулік ажалмен арыстанша арпалысқан нәзік те нәрлі, қажырлы да қайратты, алдаспандай айбатты Жүрек соғуын тоқтатты! Әзағаң сөнді! Екінші өмірінің білтесі тұтанды!

... Сыртта Алатау басын бұлт кіреукеледі!

... Сыртта үрім-бұтағы сендей соғылысып, сансырап кетті!

... Екінші үйіндей болған аурухана қара жамылды!

«Емен-дағы құласа, бетеге екен, Дара туған тұлға да өтеді екен!..»

2012 ж.



АҚМОЛАНЫҢ ЖАҒАЛАУЫ ҚАНДАЙ-ДЫ...

*«Көшпенділер» трилогиясындағы таңырқарлық
тылсымдар хақында*

Ақмола өңірінің көркем шежіресі, нақты дерегі, мөлдіреген сурет-кескіні, тұрмыс-салты мен жер-суының бедерлері, тіпті аң-құстары мен өзге де табиғи тылсым сырлары әр жылдары жарық көрген әралуан еңбектерде тайға таңба басқандай етіп кестеленгені мәлім. Әрине ғылыми-танымдық еңбектердегі жарияланым бір басқа да, ал көркем әдебиеттің жемсауындағы жақұттар жүрекке тым жақын тартатыны айтпаса да түсінікті. Ал кез келген шығармадан Ақмола аймағын қаймақтай қалқып алып, тамсана жырлауға тағы мүмкіндік жоқ. Өйтудің қажеті да шамалы ғой. Бізді аңсатқаны – Ақмоланың көне заманғы тұрпатынан, тіршілік иірімінен, табиғи флорасынан, ұлы көтеріліс кезіндегі (Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісі) тарихи таңбалы қым-қуыт сәттерінен, т.б. алмағайып заман құстырған запыранды жылдардың уайым-қайғысынан өзек жарып өте білген тұтастай осы өңірдің өмір сүруге қақылы бүкіл болмысынан мол дерек беріп, қанағат сезімін тудыратын, сөйтіп бүгінгі Астана атырабының арғы атасындай болып ту-уу арыдан елестеніп, бертінге берекелі үмітпен ертегідей боп жеткен нулы да дулы, сұсты да сұлу өлкенің арғы-бергі нышандарын көз алдымызға дөңгеленте қоятын

күдіретті сөз кестесі тоқылған «Көшпенділер» трилогиясын (авторы – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты І. Есенберлин) санамен саралап өткенде жад жаңғырып, сезім сергектене түсетіндей.

Осы күнгі Қараөткел маңының ХІХ ғасырдың орта шеніндегі табиғи қалапына көз жүгіртіп көрелікші. «Әлі ыстығы толарси қоймаған Жазтоқсанның аяқ кезі еді. Қызғалдақ, сарғалдақ, бақбақ, лала, жаушымылдықтар гүлденіп бітіп, бетеге, көкпек сарғылт тартып, итмұрын, жуа, қарабауыр, жалбыз, қара қарақат, қызыл қарақаттар ката бастаған. Арқа жерінде сирек кездесетін түйе тікеннің жапырақтары түсіп, сабы серейіп, басы домалана ербиіп, шытыр, қарабауыр, шырғанақ тарамыстана түскен». Иә, Жазтоқсанның аяқ кезі – өз атымен меңзеп тұрғандай, тамыздың соңы болғаны-ау. Яғни, жаздың жайдарман кейпі кейінге лықсыған, сонда да сұлулық сылдырмағын қолынан тастамай, маңайын көңілді әуенге бөлеген, ажарының қайта бастағанына қынжылмай есесін үстемеленген гүл-бәйшешекті гүлзарымен толықтырып, хас сұлудың сыланғанындай қайталанбас елес-хошымен бой балбыратып, марқайтып та маужыратқан, әне-міне, қызығы тарқағалы жатқан қимас шағы екен ғой! Қашан да кетер қызық қимастық шоғын қоздатады. Қимастық, өз кезегінде өмір мәнін ұғыну болса керек. Қанша қимасаң да өмір үзілері даусыз. Ал көкірек көмбесінде қатталған табиғаттың сұлу да паң, кербез де кермиық, кермек те керімсал, бәгір-ау, тіпті ойқы-шойқы, шұбалаңқы дерліктей, бірақ бірегей жанға жағымдылығымен-ақ тіршіліктің қуат көзіндей лағыл тылсымдарымен жүректі жылытып жіберетініне тәнті болмасқа шараң жоқ.

Енді «есенберлинше» еске түскеніне елегзи тояттап, бүгіннің бүктемесіндегі бұрынғы Ақмоланың берекелі аймағын бағамдап көрсек ше? Негізінен бетегелі –селеулі және жусанды – далалық өсімдік жамылғысымен көмкерілген екен. Өзен аңғарлары мен көл қазан шұңқырларының төңірегінде шалғындық өсімдік басым тарапты. Өрлеу тұсында қарағай, қайың, көктерек, түрлі бұталар өседі. Қазір қарасаңыз, бүгінгі Астананың сыртқы аймағын белдеулей орап 55 мың гектардан астам жасыл орман жайқалып өсіп келеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев осы жазда әдейі сол алқапты

аралап көріп, саясында самалдап, өз қолынан түрлі құс пен жануарларды еркін бағымға жіберіп, орман көлемін тағы да еселей түсу керектігін болашақ міндет ретінде қойды. Мерейлі міндет. Жаңа астананың жасыл желегін желкілдетуге ғашық та машық жандардың қолынан әбден келетін мархабатты іс. Қысқаша айтқанда, Елбасының қуаттап, қолдаған «Жасыл ел» бағдарламасының қайтарымы. Бір қуанарлығы сол, мамандардың айтуынша, бүгіндері бұрын тек Есіл, Нұра өзендерінің бойын ыстық жазда сағалап демалушылар, енді әлгі жасыл тоғайды паналап, оның саф ауасымен тыныстап, емін-еркін сайрандай алса керек. Бір мықтап ескерерлігі, тосын қауіп – оттан сақ болған абзал. Бетін аулақ қылсын, түйнектен тамырлатып түбір жайдырған әр талдың бойлап өскенін салақсып тастаған бір темекі ұшқынымен өртке жалмату қас-қағымдағы қайғы ғой. Соған абай болайық!

Тағы да «есенберлинше» електен өткізіп көрсек: «Есіл өзенінің жағасында ойдым-ойдым боп бітетін тал, шетен, сарыағаш, қайың, аршалардың жазғытұрымғы жасыл жапырақтары сарғылттанып, ал кейбіреулері үнемі соққан желдің екпініне шыдай алмай сыйдия қалған». Міне, шұбатылған мол белдеулі бүгінгі жасыл аймақтың да күзгі көрінісі сол бедерлі кезеңнің елесін көз алдынан көлбетіп өткізетіндей...

Әрірек дендеп оқысақ: «... Есіл өзені жазғұтырым тасығанда кіші-гірім көл болып қалатын қамысты қарасулардың беті мен жағасы құсқа толы». Еріксіз ойға жүгінесіз. Көңіл дүрбісі бүгінгі аспалы көпір доғаша иіліп түскен Сарыарқа даңғылының сол иінін тінткілеп кетеді. Есілдің сан тарам сағасы суыртпақталған тұсында бүгін осы заманғы талаппен көрікті жағалау безендірілген. Әрегідік шо-шок қамыс басы сыбдырлап, бауырында жарыса жүзген балапанды құстар көз құртына айналған. Демек бұрынғының бүгінгіге үзілмей жеткен құс-бунағының өзі өмір құйысқанындай жараса кеткеніне тамсанбай тұра алмайсыз. Енді кезектестіріп, өткеннің өмілдірігін өрбітелік: «Бұл арада кішкентай көкторғай, бөдене, көксерке, жағалтай кекілік, балтатұмсық, шілден бастап, үлкендігі анау-мынау қозы-лактан кем емес, қарақаз, бірқазан, дуадақ, қарабай, қырғауыл мол болатын.» Неткен, байлық! Құс базарының нарқын байытқан ғажап

несібе, көзге құмарлық үйіріп, маңайына сұлулықтың соны пердесін ысырған, ынта суырған көкжиек. Қазір қалай екен? Сол күйінде кәдемізге жарап жүр ме екен? Әй, қайдам?! Есілдің әрірек жетеленіп жұтылатын қуықтай сілемдеріндегі болар-болмас құс қаңқылы сол өткен дәуреннің дәнегіндей түйірімен жарылқаса жарар еді-ау! Жасыратын несі бар, қу таяқ ұстап қалғандаймыз ғой...

«Көшпенділердің» әр жолынан көрімдік сұрарлықтай көркемдік легі түзіле береді: «... қазақ даласының өзге жерінде сирек кездесетін жайра, тағанақ, сақалта, алақұмай, көк қарға, қодас қоңылтырды да іздеген адам табатын. Көлдерінде қаз-үйрек, аққу, қарақу тыным алмай сынсып ән салатын». Бірсыпырасының түрін көрмек түгілі, атын естімегенімізді мойындауға тура келер. Сол себепті Есіл жағалауындағы бұрынғы құс-базараның орнын сипап қалғанымызға өкінгеннен басқа шарамыз жоқ, әрине.

Енді трилогиядағы аңдар галереясына назар аударалықшы: «... қазақ даласында жайшылықта мол кездесетін қоян, қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, суыр, ақтиін, күзендерден басқа, бұл арада ақкіс, қарағанның қара түлкісі, қырдың қызыл түлкісі: көл, өзендерінің жағасында сусар, құндыз, бұлғын да ұшырайды. Кейде әлдеқалай жем іздеп келген сілеусін мен шиебөрі де кездеседі...»

Бұған қарап, бұрынғы Ақмоланың аймағын Есіл жағалап аң қаптап кеткен екен деген жеңіл көзқарас және қалыптаспағаны жөн шығар. Аң атаулы қазіргі жаңа астана түскен сол жағалаудың Хан шатыры орын тепкен арғы ойдым-ойдым көлдердің саясында өріп жүргенін өзге де жазбалардан оқығанымыз бар. Бәлкім, ерте заманғы Бозақтың өрлеу-қыратындағы сыңсыған жынысында ақбөкен, елік, арқар, сілеусін, қасқыр, түлкі, қарсақ, суыр, борсық, қоян, ақкіс, құндыз, ақтиін, су егеуқұйрығы бүгінде қонысын улы-шулы шаһардан сайын даланың терең түкпіріне аударғанына таңғалып, түңілгеніміз жүдә жараспас. Уақыт тезі де. Дүние жаратылысы бәз-баяғы күйінде тұра бермейтіні тағы ақиқат ғой. Десек те кешегісіз бүгін жоқ. Сол кезеңнің тұнған берекесін алақанға қайыра салуға деген құмарлық тежелмейді-ақ. Тежеліс болмаған жерде тегеурінді іс тетігі қозғалысқа енеді...

... Осыдан екі ғасырға жуық уақыт бедерінде Ақмола жағалауындағы өсімдік атаулы құлпырып, аң-құстың базары бар нақышымен жайнап жатқан тұсты «Көшпенділерден» оқып, көзге елестеткенімізде қуаныш билеген көкірегіміз қыз-қыз қайнаған. Табиғат байлығының көкжиегі тарыл-масыншы. Мүмкін, сол береке-құт қазіргі елорда аймағын орап белдеуленген жасыл аймақта өзгеше қырынан көркейіп, жалғасын табар? Елбасы жуырда сонда – он үш жылғы жас орманшыққа құс ұшырып, аң жіберді емес пе еркіндікке. Қиялдан жүйрік не бар? Енді он үш ғасырдан соң мың сан мақамдағы сол орманның сыңсыған үніне құлақ түретін ұрпақтар неткен бақытты еді!..

2011 ж.



ТӘШІБАЙ ТӘЛІМІ

Әзіз жүрек Әзағаңмен енді мұрағаттық құжаттар арқылы сырласатын болып алыпсыз-ау! Сағынышты сәл басатын болғасын, сөйтеміз де. Жүрек лүпілдейді. Аңсайды. Үзіліп ойлағанда, жаның кеміріледі. Бір көргің келеді. Майда дауысы енді құлаққа шалынар ма? Бәрі өткінші... Қалатыны – жазушының хаты екен...

Біз Әзағаңмен 34 жыл бойы хат жазысқанбыз. Дені «Махаббат жыршысы» атты кітабыма кірді. Кірмегендері де жетіп жатыр. Міне, 2004 жылғы 10 сәуірде Астанадан Ә. Нұршайықовқа жазған мына хатымда былай делініпті (Кейін осы мақаламның жазылуына себеп болған сол хаттың біраз жерін ойып алып беріп отырмын): «... Туған жер демекші, былтыр (2-9.XI.2003 ж.) Торғай өңіріне іссапарға барғанымда бір үлкен қазынаға жолығып, қатты әсерленіп қайттым. Қостанай облысы Жанкелдин ауданының Речной ауылында бұрынғы ұстазымыз, марқұм Ғабдыжауат Елкеевтің ұлы Нұрланның үйінде облыстық «Қостанай таңы» газетінің меншікті тілшісі Жаксылық Жүнісұлы екеуміз қоналқыда отырып, қызық бір дерекке қаныққанымыз бар. Кітап сөресіне үңіліп тұрған менің көзіме латынша жазылған

«Тарту» деген көлемді кітап ілікті. Алып қарасам, ақын-жазушылар шығармаларының жинағы екен. Алматыдағы Қазақ көркем әдебиет баспасынан 1940 жылы жарық көріпті. Мазмұнын сүзіп өткенімде Тәшібай Әлмұхамбетов деген таныс фамилияға кезігіп, жүрегім тулап қоя берді. «Құдай-ау, мына кісі Әзағанның ұстазы емес пе?» деп, қасымдағы Жақсылықтан сүйінші сұрап жатырмын. Ол да әдебиет тарихын біршама жетік білетін журналист еді:

– Иә, Тәшібай атамыз осы шаңырақтың марқұм болған иесі Ғабдыжауат ағайдың етбауыр жақындары болады. – Жақсылық төрде ілулі тұрған шыныланған суретті меңзеп сөйледі. – Қарашы, Ғабдыжауат ағай қандай көрікті адам болған. Бір білсем, Тәшібай атамыздың өңі де осы кісіге келіңкірейді. Суреті осы үйде болуға тиісті. – Жақсылық Күлайым келінді шақырды. – Атамыздың суреті бар шығар, қайда еді, әкелші, көрейік.

Суреттегі Тәшібай шынында да Ғабдыжауат ұстазымыздан айнымайтын болып шықты. Осы кісілерге жақын болып келетін Жақсылық манағы менің сөзіме қатысты ойын жалғастыра келе Әлмұхамбетов туралы Әзағанның «Жас Алаш» газетінде көлдей мақала бастырғанын еске салды.

– Ұмытпасам, онда Әзаған өзінің ұстазы жайлы тамаша пікір білдірген еді, – деп менің хабарсыз дүниемді қаперіме сала сөйледі.

Екеуіміздің қызықты әңгімемізге құлақ түріп отырған мектеп мұғалімі, келініміз Күлайым тағы бір кітап әкеп ұсынды. Ол да Әлмұхамбетовтыкі екен. «Мен өмірге ғашықпын» деп аталады: повесть, әңгімелер, өлеңдер жинағы. Сөйткенше болған жоқ, келін қарыны томпиған қара сөмкені алдына өңгеріп әкеліп, ішін ақтара бастады. Қаншама қағаз! Біраз шежіре бар екен. Қызыл көргендей қунандап кеткен біз соның бәрін жеделдете ақтарыстырып көрдік те бір-бірімізге үнсіз қарасып қалдық. Әрине, қабағымыздың сыры белгілі. Қолқаны алдымен етене келініне Жақсылықтың өзі салсын деп, мен тымырайып отырдым. Соны сезгендей ол:

–Қарағым, осы қағаздарыңды ана екі кітаппен қосып Қайсар ағана бере тұрсаң қайтеді,– деп өтініш салды. – Бұл жігіт өзі қағазға мәтқақам, жоғалтпайды. Астанаға ала кетіп, танысып болған соң өзім тұтас күйінде табыстайтын бола-

мын. – Үнсіз қалған келініне «жәрай ма» деп басын изеткізіп, құпнатқан соң маған қарап, көңілдене сөйледі. – Келін келісіп отыр ғой, жиыстырып ала ғой қағаздарды. Мына екі кітапты да сөмкеңе сал. Түбі, екеуіңнің араңдағы делдал өзім болып отырғанымды білесің ғой. Енді маған тәуелдісің.

Мен Жаксылық нендей шарт қойса да әзір екендігімді разылық жымисыммен сездіргендей болдым.

Торғайдан оралған бір сапарым жайлы Өзағаңмен осылайша ой бөлісіппін ғой. Әрине, бұл хатқа сыймай қалған жақтары да молынан бар болатын. Мысалы, ұстазымыз Ғабдыжауат ағамыздың сонау алпсыншы жылдардың басында Бестау орта мектебінде физика, математикадан сабақ беріп тұрып, бір сәт қатты ойға беріліп қалатынының сырын кездейсоқ аша қойғанымыз бар еді. «Біз есеп ойлап отырмыз, ал сіз не ойлап тұрсыз?» – деп төбеден түскендей сұрақ қойып қалсын Мырзағұл деген батыл оқушы ағайға. «Шынымды айтайын ба?» деді ағай көзілдірігін сұқ саусағымен жоғары түрткіреп қойып. Біз оның мына жұмсақ жауабына аңтарылып қалдық. Мырзағұлдың сазайын береді ғой деп, үрейленген басымыз, мәре-сәре боп жайлана түстік. Не айтар екен? Қандай шындық ол! Тақтадан көз алмаған күйі ағай: «Тәшібай Әлмұхамбетов деген ақын, жазушы ағаларың болған, сол кісі ойыма түсіп кеткені. Жақын ағайым еді. Соғыстан оралмады. Ғұмыры қысқа болды, небары 33 жас! Соңында ұрпақ қалмады, есесіне жазғандары қалды. Ол мұрамен кейін, есейгенде таныса жатарсыңдар...» – деп жан қалтасына қолын салып, теріс қарап, бүгежіктей берді. Осы кезде қоңырау безілдей жөнелді. Біз селт етпей, тым-тырыс қалыппыз.

– Балалар, мені түсінгендеріңе рахмет! Мен сендерге Тәшібай аталарыңның өлендерінен ойымда қалған бір үзiгiн айтып бергiм келiп тұр,– дегенде шаттанып, шу ете түскен бiздердi мына жолдармен сап тыйған едi ол.

Жiгiттiң жақсы болғаны,
Адал болса халқына,
Батыр болса қырандай,
Жау тiсе ел шетiне,
Жалтақтамай артына,

Алға ұмтылса ұрандай!
Өзінің сырлас, мұңдасы,
Жарына тәтті, сүйкімді,
Шырайналса шынардай,
Әлпештеген, өсірген,
Ата менен анаға,
Ысқырмаса жыландай.
Жанындай жақсы досына,
Жәрдем беріп тар жерде,
Жалт бермесе құландай,
Халқымен болса тілегі.
Елі үшін соқса жүрегі,
Еңбегі сіңіп ұландай.

Ғабдыжауат ағайдың аузынан тек есеп формулаларын ғана естіп көндіккен, біздер, өзгеше сусынға шөліміз қанғандай болып, мәз-майрам күйге еніп бара жаттық. Тәшібай ақынның сөз құдіреті екен ғой ол! Сол өлең сөзіне елітіп, жақсы жігіт болып өсуге деген құлшынысымыз жандүниемізді арайландырып жіберді. Білімді болу үшін есеп те керек шығар, бірақ өлеңнің жөні бір бөлек екенін сол жолы ұғынғандай болғанбыз.

Кейін, есейе келгенде білгеніміз – Тәшібай атамыз сондай-ақ ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Қайнекей Жармағамбетовтің жақын туысы болып келеді екен. Жалпы, бұл Тұрлығыл әулетін халық небір өнер сұңғылалары өніп, тараған күмбір кеуделі таланттарға бай екендігімен ерекше ілтипатпен еске алып, әңгімелеп отырады.

Енді Әзағаңның менің жоғарыдағы хатыма жазған жауабының кезегі келіп қалғандай екен. Соған сөз берелік (19.ІҮ.2004 ж. Алматы.): «Менің ұстазым Әлмұхамбетов Тәшібай туралы хабарыңыз жүрегімді толқытты. 1939 жылы алғашқы махаббаттың алтын арқаны сүйреп, Алматыдан Семейге барғанда мен Семей педучилищесінде (қазір М. Әуезов атындағы педагогикалық колледж, былтыр оның 100 жылдық тойы болып, соған қатысып қайттым) ол кісі менің ең сүйікті оқытушым болды ғой. Алғашында училищеге түсу үшін қазақ тілі мен әдебиетінен емтиханды сол кісіге тапсырғанмын. Маған тиген емтихан билетіндегі бір сұрақта көп баяндауышты сөйлем құрастыруым талап етілген екен.

Мен: «Шулайды, ағады Гвадалкивир», – деп Пушкин өлеңінің бір жолын айтқанмын. Оны естігенде мұғалім ағайдың көзі шырадай жайнап кетті. «Бұл кімнің өлеңі?»– деді ол кісі маған. «Пушкиндікі». «Оны қайдан білесің?». «Менде Пушкиннің 1937 жылы Москвада шыққан қалыңдығы төрт елі томы бар». «Басқа қандай кітаптарың бар?». «Абай мен Сұлтанмахмұттың толық жинақтары».

Мұғалім разылықпен басын шайқады.

– Өлең жазасың ба?

– Жазамын.

– Басылған өлеңдерің бар ма?

– Бар. Жарма аудандық «Социалистік еңбек» газетінде және Семей облыстық «Екпінді» газетінде.

– Біреуін жатқа айта аласың ба?

Мен «Жамбылға» деген өлеңімді айттым.

– Бұл өлеңді қашан шығардың?

– Жамбылдың ақындығына 75 жыл толғанда. Онда жетінші класта оқып жүргенмін.

Мұғалім қасыма келіп, басымнан сипады. Содан кейін:

– Жарайсың!– деп, емтихан қағазыма «өте жақсы» деген баға қойып берді.

Тәшібай мұғалім мені жанына жақын тартты. Оның себебі менің өлең жазатындығымнан деп ойладым. Облыстық газетте өлеңдерім шыққанда мені құттықтап жүрді. Өзімнің ол кездегі қимас үш кітабымның бірін – Сұлтанмахмұттың қалың томын сүйікті ұстазым Тәшібайға сыйладым.

Тәшібай туралы газетте жазғаным рас. Оны журналист досыңыз Жақсылық Жүнісұлы оқыған екен. Ол ініме де алғысымды жолдаймын (менің мақаламды оқығаны және менің ұстазым Тәшібайдың кітап-қағаздарын келінінен сұрап, Сізге алып бергені үшін). Бірақ менің мақалам «Жас Алашта» емес, «Тас тізім» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінің бірнеше нөмірінде басылған болатын. Жазушылар одағына кіре бергенде, төменгі қабатта, оң жақтағы қабырғада тасқа қашалған тізім бар. Ол Ұлы Отан соғысында опат болған қазақ ақын-жазушыларының тізімі. Сол тас тізімдегі өзім білетін қаламгерлер туралы естелік-эссе жазғанмын. Ол кезде газеттің бас редакторы Оралхан Бөкеев жарықтық еді. Менің «Тас тізімді» қатты ұнатып, газеттің бірнеше нөміріне тұтас бір беттен беріп отырды. Ол мақала менің

көп папкаларымның бірінің ішінде жатыр. Таба алсам Сізге Тәшібай ұстазым туралы бөлігін жіберермін.

Тәшібай ағаның Сіз Күләйім келіннен алған «Мен өмірге гашықпын» деген кітабы менде де бар. (Мұқабаның ішкі бетінде кітапқа пікір жазған Х. Әдібаев екеуіміздің атымыз тұр. Бәлкім «Лениншіл жасқа» («Жас Алаш» емес) жарияланған менің сол баспаға берген пікірім болар. Ол «Қазақ әдебиетінде» шыққаннан басқа мақала. Бәлкім, Жақсылық жаңылыс айтқан болар».

Асылы, Әзағаң уәдеге берік, құнтты жан еді ғой. Айтқандайын, сөзінде тұрып, «Тас тізім» мақаласындағы Тәшібай ұстазына қатысты бөлегін әдейі салып жіберіпті. Оны оқығанда ұстаздың алуан қырлары ашыла түскендей болды. Ақындық, жазушылық ізденістерінің көңілге орнықты нәтижелері атойлап тұрды.

Тәшібай Әлмұхамбетов өткен ғасырдың отызыншы жылдарында әдебиет көкжиегінде көрінген талантты жазушыларының бірі еді. Оның шығармалары салиқалы жинақтарда басылып, «Әдебиет майданы» журналында, «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттерінде шығып жүрді. Ал қырықыншы жылдың бас жағында Тәшібай әңгімелері мен өлеңдері Семей облыстық «Екпінді» газетінің бетінде жиі жарияланыпты. Осы газетте жарық көрген «Шляпа» деген әңгімесі мен «Доктордың қызы» деген көлемді повесінің аяғына жетемін деп желпінген оқырманның бірі жас Әзілхан бірде боран, бірде аязда дірдектеп, киоскіге қарай бірнеше күн жүгіргенін есіне алады.

Мұғалім Тәшібай оқытатын қазақ әдебиеті сабағы өте қызықты болып өтеді екен. Жұмсақ, биязы үнмен тақау отырған баланың басынан бір сипап өтіп, жымия тұрып оқитын лекциялары ерекше сүйсініс тудыратын. Оның суырыла сөйлейтін шешендігінің өзі тамсандыратын. Әр сабағының соңын адалдық, әділдік, азаматтыққа әкеліп тірейтін болған. Отан қорау жайын көп айтып, ұлдарды Ер Тарғындай ер, Қобыландыдай қаһарман болуға шақыратын. Қыздар ер тұлпары Тайбурылды баптаған Құртқадай, қолына найза ұстап, жауға еркектермен қатар шапқан Қарлыға іспеттес болсын дейтін.

Училищенің әдебиет үйірмесін Тәшібай мұғалімнің өзі

басқарып, Алматыда, ҚазПИ-дің жұмысшы факультетінде оқып жүрген кезінде қабырға газетін қалай шығарғандарын айтатын. Редакторы өзі болыпты. Үнемі жүлде алып жүріпті. Тіпті безендіруін жасаған, кейін атақты суретші болған Әбілхан Қастеев екеуі шығарған қабырға газеті олқы болсын ба, жоғарғы билікке дейін жетіп, бұлар ерекше қамқорлыққа алынады. Сөйтіп, Тәшібай, Әбілхан және Мәриям Хакімжанова үшеуі «Екпінді» атты әдеби-көркем қолжазба журнал шығара бастайды. Мұндай бастама ынталандырылып, ғайыптан 25 мың сом ақша алып, рабфак аяқ астынан байып қалады. Сол жылы жазда осы ақшаға студенттер өз күшімен асхана салады. Рабфакта 250 ұл, 250 қыз оқиды екен. Ұлдар қамыстан асхананың қабырғасын көтеріп, қыздар сылақ жұмысын жүргізіп, бітіріп алыпты.

«Біз педучилищенің ақырғы курсында оқып жүрген кезімізде ұстазымыздың қос бұрымы тобығына түскен сымбатты, сұлу бойжеткенді қолтықтап, Совет көшесімен серуен жасайтынына көзіміз түсетін еді, – деп еске алған болатын бір кездескенімде Әзағаң. – Қыздар: ол біздің мұғалім үйленгелі жүрген Күлән деген қыз, басқа қаладан келіпті десетін. Тәшібай мұғалім сол сүйген қызына қосылды ма, қосылса артында қалған ұрпақ бар ма, оны да білмеймін...

Осы жерде Ғабдыжауат ағайдың баласы Нұрланның зайыбы Күлайым берген деректер жәрдемге келгелі тұр. Білетіндер айтады екен, Тәшібайдың Күлән есімді сүйген жары болыпты. Ол соғыстан кейін Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында ұстаздық еткен. Ерінен майдан хаттарын алып тұрыпты. Соның бірінде Тәшібай (12.03.1943 ж) зайыбына «Қанжар» деген өлеңдер жинағын баспаға әзірлеп жүргенін жазыпты. Сол боздақ 33 жасында Отан үшін қыршынынан қиылды. 1942 жылы майданға аттанған ол Дон өзені бойындағы кескілескен ұрыстардың бірінде ауыр жараланып, Қазан госпиталінде көз жұмады. Соңында ұрпақ қалмады. Соғыс өтінде жазған өлеңдері де өзімен бірге өлді.

Қолымыздағы тағы бір негіздемеге жүгінсек, Тәшібайдың ата-анасы ерте қайтыс болып, немере ағасы Таутабайұлы Әубәкірдің (жұрт Әйеке деп атаған) қолында тәрбиеленіп өседі. Таутабайдан Әлмұхамбет пен Әубәкір туады. Әлмұхамбеттің азан шақырып қойған аты Әлмағамбет екен. Кейбір анықтамалықтарда осылай жазылып та жүр.

Қалай дегенде де Тәшібай Әлмұхамбетовтің артында қалған мол шығармашылық мұрасын толық күйінде оқырмандарға ұсынатын мезгіл жеткен секілді. Ол мұра өте бай. Бірнешеуін атап кетелік. «Жастар дауысы» (Алматы, 1938 ж.) атты жинаққа «Мен сүйемін», «Құрбылар» әңгімелері, ұлт-азаттық көтерілісіне арналған «Он алтыншы жыл» (Алматы, 1940 ж.) жинағына «Тау құлатқан дауылда» дастаны, «Тарту» (Алматы, 1940 ж.) жинағына «Доктордың қызы» деп аталатын повесі басылғанын көзі көріп кеткен. Кейіннен, 1978 жылы Алматыдан шыққан «Жыр аманаты» жинағына оның бір топ өлеңдері енген. Рас, 1989 жылы «Жазушы» баспасынан Тәшібайдың шәкірті болған ақын Әбулақап Райымбеков ұстазының шығармаларын жинап, «Мен өмірге ғашықпын» атты өлең, әңгімелерін құрастырып бастырды. Бірақ ол кітапқа да қаламгердің барлық жазғандары толығымен басы біріктіріліп, берілген жоқ.

Торғай өңірінің Бестау деген жерінде (қазір Қостанай облысының Қамысты ауданы) 1910 жылы дүниеге келген Тәшібай Әлмұхамбетов балалық шағын Ұлытау, Қарсақбай, Жезқазған атырабында өткізіп, сол аймақта және Семей қаласында педагогтік қызметтер атқарғанын білеміз. Демек, осы өңірлерден оның шығармашылығының, азаматтығының беймәлім де өнегелі тұстарын әлі де іздестіре түссе абзал болмақ. Мысалы, Тәшібайдың ұстаздық, тәрбиешілік, шығармашылық жұмыстармен бірге қоғамдық тапсырмаларды да зор жауапкершілікпен белсене атқарғанын білеміз. Осы сөзіміздің бір дәлелі – 1942 жылдың 6 шілдесінде Жезқазған аудандық атқару комитеті Тәшібайды аудан бойынша халық ауыз әдебиетін жинау және тарихи ескерткіштерді есепке алу жөніндегі экспедицияға жауапты қызметкер етіп жіберген екен. Әттең, қызу басталған осы жұмыс мол қайтарымды болар ма еді бәлкім, енді дендеп зерттеу жұмыстарына кірісіп, аз уақытта тарихымыздың мол мұрасын зерделеп үлгерген талапты жастың мұратты ісі соғыс кесапатына кезігіп, өшіп тынды. Осы жерде сан қырлы талант иесінің 1938 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтын бітірген соң Том мемлекеттік педагогика институтының аспирантурасына түсуінің өзі оның ғылыми жұмысқа ден қоймақ ойының ұшқынын айқын аңғартпай ма? Әйткенмен де, Тәшібайдың әлгі біз шетін суыртпақтаған зерттеулерінің

нәтижелері әлі күнге күңгірттеніп жатуы ойландырады. Бұл әрине ұрпақтар мойнындағы парыз екені белгілі. Ендеше, селқостықтан сілкінген жөн.

Қысқа ғұмырында халқы үшін рухани мол мұра қалдырған Т. Әлмұхамбетовтың 100 жылдығын Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ұжымы Жеңістің 65 жылдығымен орайластырып, республикалық ғылыми-практикалық конференция негізінде атап өткені көңіл марқайтатын өнегелі іс болды. Ұстаз, ақын, жазушы, азамат туралы әсерлі әңгіме өрбіді. Лайым, осы басталған әңгіме жалғаса берсінші...

... Әзағаңның ұстазы Тәшібай аға осылайша әдебиеттегі орнықты орнымен, педагогтық жаңашылдығымен, ғылымға деген іңкәрлігімен ерекшеленген тұлға болып шықты. Ұстазына қарап шәкірті бой түзейді екен-ау! Соның бір жарқын мысалын әңгіме еттік емес пе! Мұндай өнеге өрісті келеді. Келер күндерден келісті әңгіме күтіңізші...

2011 ж.



ШЕРХАН ШУАҒЫ

... Шерхан Мұртаза! Мемлекет және қоғам қайраткерлігін, көрнекті жазушылығын былай қойғанда, алдымен ол ақмылтық жорналшы. Қаншама қазақ баспасөзін басқарса да соншама өжеттігі мен өрелігі, тектілігі мен тегеурінділігі, ұлтжандылығы мен ұлағаттылығы жүрегінен үзіліп, сөзімен түзіліп, тәуелсіз мемлекетіміздің нығаюына өлшеусіз қызмет еткені мәлім. Етіп те келеді. Өйткені Шерағаң шекпенінен шыққандар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай болып, бүгінгі баспасөздің қадау-қадау тұлғаларына айналғанына куәгерміз. Әр жорналшының жүрегін Шерағаң шуағы жылытатындай. Сондай бір мезеттер біздің де мейманамызды тасытып еді...

«СҚ» -ға қабылдады. Торғай облысы 1990 жылдың тамызында қайта ашылды. Осыған орай республикалық “Социалистік Қазақстан” газетінің жаңа облыстағы меншікті

тілші қызметіне мені шақыртты. 28 тамыз күні 22 жыл табан аудармай жұмыс істеген аяулы да құтты, қимас мекенім “Коммунизм таңының” ұжымымен қоштастым. Әріптестерім суретімді газетке басып, қайырлы сапар тіледі. Мың да бір рақмет әрқайсысына.

...Ертесіне Алматыға ұшып келіп, “СК” редакциясында болдым. Бұрыннан да біраз қыз-жігіттермен таныстығым бар еді. Бәрі қауқылдап қарсы алды... Міне, меншікті тілшілер бөлімінің меңгерушісі Кеңесхан Зәкенов мені газеттің бас редакторы Шерхан Мұртазаның кабинетіне алып келді.

Кеңкең мақтауымды асырып жатыр. Шерағаң қолындағы менің анкеталық дерек-құжаттарыма ықылассыз көз тастап отырғандай болып көрінді. Марғаулау. Көзін сығырайтып бір, ашып бір қарайды. Мін тауып, іске жаратпай тастай ма деп ішім қыпылдайды.

– Ие-е, Торғайыңның қайта ашылуымен дейміз бе?

Мен ыржиыңқырап басымды изедім.

– 1947 жылғы ма? – Кеңесханға көзәйнегінің үстінен одырайды. Сосын маған мойнын бұрды. – Кәрілеу емес пе?

Кеңкең жымыды. Мен сазарыңқырадым білем. Кеңкең “үніңді шығарып қалма” дегендей бір көзін қысып қойды.

Шерағаң шамадан тыс айбарланып кеткенін аңғарғандай болып, бір сәт мұнысын артықтау көрді ме, дауысын жұмсартып сөйледі.

– Ал, Қайсар батыр, қызметің құтты болсын! – Ол кісінің ұсынған қолын шапшаң көтеріліп алдым. – Барған соң нендей проблема көтермек ойыңда бар? Шаруа жайын дабырайта бермей, алдымен анау Торғаймен бірге жабылған театры бар емес пе, соның жай-күйін жаз. Театрды Жезқазғаннан қайта көшіріп алу мәселесін дендетіп, міндеттеп жаз. Жарай ма?

– Жарайды! – дедім мына тапсырманың қызметке тұрған қуанышымды су сепкендей етіп басып тастағанына ұнжырғам түсіңкіреп кетіп. Ойымды сол сәтте “Шерағаң айтқандай мақала жаза алар ма екенмін?” деген дүдәмалдық билеп, баяғы “Коммунизм таңының” табалдырығынан жаңа аттаған кезім елестеп кетті. Сол ыстық жанашырым “Коммунизм таңы”: “Тіктел, серпіл, сенің қолыңнан бәрі келеді” деп арқамнан қаққандай болғанда, орнымнан тұрып:

– Шераға, Сіздің мына талабыңыз менің тілшілік қағидамның мәңгілік өлшемі болады! – дедім де “тездет, тездет” деп көзімен бұйырған Кеңесханға ілесіп сыртқа беттедім...

...3 қыркүйек күні Арқалықтағы тілшілік қызметімді Торғай обкомының бірінші хатшысы Кенжебек Укиннің қабылдауында болудан бастадым.

Мен театрды оралту жайынан мақала жазатынымды айттым оған.

–Орақ туралы жазыңыз. Науқан қызып тұрғанда театры несі! –деп таңданды Укин.

– Шерағаң берген тапсырма еді...

– А, онда келістік! – деп Кенжекең райынан тез қайтып, театр проблемасын таратып айта бастады.

...Шіркін, “Социалистік Қазақстан” мен Шерағандар бірін-бірі толықтырып, жандандырып тұратын заман-ай, десейші!

Ескеріпті. Өзімді “Социалистік Қазақстанға” қызметке алған Шерхан аға туралы соңғы кезде жиі ойлайтын болдым. Кейде ол мұрты ширатылған қаһарлы күйде түсіме де кіреді. “Жаз, жаз!” деп әмір ететіндей ме? Әлі есімде 1992 жылдың 22 қазанында Шерхан Мұртазаны Қазақстан Республикасының халық жазушысы атағын алуымен және де 60 жасқа толуымен үйіне қоңырау шалып құттықтаған едім. Ол кісі бір жағынан таңырқап, екінші жағынан қуанып қалғандай. Сонау қиырдағы Торғай жақтан – Арқалықтан да өзін елеп жатқан журналистің бар екендігіне аса разы болса керек, сөзінің аяғын: “Құдай, аруақ қолдап жүрсін өзіңді. Сау бол, рақмет!” деп екпіндетіп аяқтады. Сол қажырлы сөзі құлағымнан кетер емес.

...Тағы бір есіме түскені мынау. 1992 жылдың 1-7 қарашасы аралығында Алматыдағы газет редакциясында облыстағы меншікті тілшілерді шақырып, жылдық-лездеме жиналыс өткізілді. Сол жолы Шерағаң 60 жылдығына байланысты дастарқан жайды. 19 тілшінің ішінен маңғыстаулық Темірхан Медетбеков пен мені ғана қуанышына ортақтасуға шақырыпты. Неге бұлай, екеу-ақпыз? Әріптестеріміз аң-таң. Газет шолушысы Әмірхан Меңдеке маған шақыру билетін беріп жатып: “Шерханмен қандай жақындығың бар еді?” демесін бе. Мен сасып қалып “Не дегеніңіз, аға тұтқаннан

басқа дәнеңем жоқ” дедім. Қағазда мынандай жазу бар еді. “Құрметті Қайсар мырза! Сізді 1992 жылы 6 қарашада сағат 19.00-ге шайға шақырамыз. “Қаламгер” кафесі, Абылай хан даңғылы, 105. Жазушылар одағы. Шерхан Мұртаза”.

Сыртына тағы да өз қолымен “Қайсар Әлімге” деп қара сиямен жазыпты.

Кештің алдында Жазушылар одағының мәжіліс залында Шерағанның 60 жылдығына арналған жиналыс болды. Маған Фариза Оңғарсынованың жанынан орын тиіпті. Кешті Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев жүргізіп отырды. Төралқада Шерағанмен бірге Әбіш Кекілбаев, Камал Смайылов және басқалар жайғасты. М.Әлімбаев, Д.Досжанов, А.Токпанов, Қ.Сәрсекеев сөйлеп, Т.Медетбеков өлең оқыды. Ақын Т.Әбдірахмановаға жуық маңда сөз кезегі тие қоймап еді, ол әй-шайға қарамай сахнаға көтеріліп, Шерағана гүл ұсынды. Және де “мына өлеңімді оқыттыратын түрлері жоқ қой, өзіңіз үйде оқыңыз”, – деді естірте.

Ән-жырдан шашу шашылды. Шераған қақ төрде маңғаз отырды. Қорытынды сөзін қысқа қайырды. Шамамен былай деді: “Мен не айта қояйын. Аз-мұз тындырғаным – өздеріңіздің алдарыңызда. Мына көңілдеріңізге рақмет. Құдайдан қайтсын. Ел болайық, бірігейік. Біріккенді жау алмайды. Ең қадірлісі – мына жас тәуелсіздігімізді сақтап қалу деп білемін.”

Осыдан соң “Қаламгер” кафесіне беттедік. Кешті атақты әртіс Райымбек Сейтімбетов жүргізді. Бұл да бір дәурен екен-ау.

Сарыағаштамыз. Иә, сол 1996 жылдың қыркүйек айы менің есімде ұмытылмастай сақталып қалуының жөні бартын... Сағат – 16.00. Түні бойы тісім ауырып, үстіңгі ерінім ісіңкіреп, мазам кетіп душқа түскелі сыртқа шығып едім, бювет (минералды су үлестіретін үй) алдынан Шерағаны (Шерхан Мұртаза) көріп, сәлем бердім.

– Сәлеметсіз бе, Шераға!

– А, кімсің?

– Қайсармын, Торғайдан.

Еңкіштеніп кеткен Шераған еңсесін тіктеп, бетіме тура қарады да:

– Ұмытып қалғанмын ба, қалай? – деп мұртының астынан мінгірледі.

Бір жыл төңірегінде әйелі қайтыс болған еді, көңіл айттым. Сол кезде “Е, көңіл айтқан телеграмманды алғанмын”, – деді.

– Базарға бара жатыр едім, – деді қолындағы сөмкесін көрсетіп.

Мен сәл бірге жүре түстім. Азды-көпті хал-жай сұралды.

– Кездесеміз ғой, – деді Шераға маған қолын беріп.

Мен душ жаққа беттедім.

* * *

Кешкі тамақтан шығып 1-корпустың алдына тақап келдік. Арқалы скамейкада Шерағаң шалқайыңқырап отыр екен.

– Тынығып отырсыз ба, Шераға! – деп қасына жайғастым.

– Шүкір, иә-ә!

Біраздан соң:

– Өзің қалайсың? – деді ыңыранып.

– Демалыс қой, Шераға!

Едәуір үнсіздік. Шерағаң Сарыағаштың кешкі аспанына мұртын тікірейтіп, сұстана шаншылып отыр. Мұндайда қайтіп бірдене дерсің?!

Өзі сөйледі:

– Торғайда егін қалай?

– Тәп-тәуір Шераға!

– Ауыл қалай?

– Тоз-тозы шықты. Көшіп жатыр. Біздің Қызбел де жетімсіреп қалды.

– Е, Қызбелді білемін ғой. Міржақыптың ауылы.

– Менің де ауылым.

– Гүлнәр апайды көріп тұрасыз ба?

– Көремін. Соңғы рет қашан осы, Серіктің (Тұрғынбеков) тойында ма, әйтеуір бірге болдық. Аман, жақсы!

– Кеңшіліктің тойында сіздерді бірге болды деп естіп едік.

– Әп, бәрекелді, иә сонда. Бір коммерсант жігіт өткізіп еді.

– Ерболат Төлегенов қой.

– Сол.

– Гүлнәр маған жеңге болып келеді. Күйеуі – Әбен Сатыбалдиев ағайынымыз еді.

Тағы тыныштық.

– Шераға, Торғайда қашан болып едіңіз?

– 1961-де!

Бұл сапарын қандай оқиғамен сабақтастырарымды білмей, сұрайын ба деп отырғанымда, Шерағаңмен әлдебір тобыр арсаландай келіп, шүпірлей сәлемдесіп, әңгіме желісін үзіп жіберді. Мен қасымдағы жігітке ым қақтым да, былай оңашаланып кете бардық.

* * *

Кешкі сағат 19.10. Асханаға кіре бергенде Шерағаңды кезіктіріп:

– Ассалаумағалейкум! – деп сәлем бердім.

– Ер Торғай, амансыз, – деп Шерағаң қолын екпіндете ұсынып сәлемдесті. Көңілді екендігі сезіліп тұр. Қасындағы арықша келген сары кісіге таныстырып жатыр мені. – Ер Торғайдан – Қайсар Әлім деген жігіт. – “Егемен Қазақстанның” тілшісі.

Мен ішке ене бердім. Артымнан Шерағаңның: “Ер Торғай” деген саңқыл дауысы тағы айқын естілді.

“Ей, аруақты, Торғайым!” деп күбірледім ішімнен.

Дастарқан басында есіме қайран Ғафаңның сөзіне жазылған әннің қайырмасы түсті:

“Ер Торғай, еркін Торғай, көркем Торғай,

Қадірлі, қасиетті өлкем Торғай!

Арқада әсем атқан, ақ таң Торғай,

Тарихын қайта жасап жатқан Торғай!”

* * *

Таңғы сағат 7.45. Бювет (“Минераль суаты” десе қайтеді?) алдында ақтөбелік Сәлімжан Баймағамбетовпен сөйлесіп тұрғанмын.

– Қатыным кіре береді түсіме, – деп Сәкең айналаның бәріне естірткендей дабылдатын.

Ту сырттан Шерағаң шүйлігіп келеді екен, “әлгі сөзді естіп қалды ма?” деп жаным шығып кетті. Сәкең де былай жылыстай берді. Мен Шерағаңа ілесіп бюветке ендім.

Шерағаңның қолында бүйірі қабысқан, шүмегі аққу мойы-

нындай иілген фарфор құманша бар екен, соған зәмзәм суын толтырып, сыздықтата сорып іше бастады.

Қатарлас шүмектен стаканыма су ағызып алып жатқан мен Шерағаңа суын ішіп бола бергенде:

– Шай іше алып жүрсіз бе, Шераға, – дедім өзімше камқорсып.

– Қандай шай?! – деп одырая қарады ол.

Мен сасқан тек тұрмастың кебімен:

– Менің қызметім керек емес пе? – деп қалдым.

Ол кісі “а-а!” деді де су жүгіртіп тамақ, мұрын, кеңсірік шаятын арнаулы бөлмеге еніп кетті.

Былай шыға бере өзіме-өзім “қандай шай?” дегеннің нендей мәнісі бар екен деп, сұрақ қойып ойланып, жауабын сан-саққа жүгіртейін... Мүмкін, “қазақы қою шай ма; әлде коньяк-шай ма?; тіпті келіншек-шай болып кетуі де ғажап емес-ау, тәйір алғырдың!

* * *

Сағат 12.50. Сарыағаш бюветінің алдындағы орынбаспайда Шерағаң отыр. Осының алдында ғана екеуміз бір шөлмектен су ішкенбіз.

– Сізге шай бере алмай жүрмін, – дедім ақталып. – Келініңіз Торғайда!

– Осында да көп қой, эне, сақыр-сұқыр етіп жүр ғой – деді Шерағаң жымыып.

Мен Шерағаң қасына келіп жайғастым. Сөз реті келгенде Міржақып Дулатұлы туралы кітап жазып, баспаға табыстағанымды білдірдім.

– Жақсы тірлік екен! – деді Шерағаң маған қолындағы бүйірі қабысқан кішкене құманшасын көрсетіп. – Осындайдың екеуі болып қалар... Ана жылдары Дүкенбаймен (жазушы Досжанов) бірге дем алғаным бар. Бес стакан ішемін дейді. Неге десем, тегін су ғой, аға, дейді.

Кешкі сағат 20.00. Бірінші корпустың алдында Шерағаңмен бірге суретке түстім.

– Бізді әңгіме ыңғайында түсір, – деді Шерағаң суретшіге.

Мен арғы күні Алматыға қайтатынымды, бұл суретті

Шерағаң алып “Егемен Қазақстан” газетінің редакциясында сақтап қоюын өтініп жатырмын.

Осы сәтте шырт еткізді.

– Суретті сіз аласыз ғой, – дедім тағы да.

– Е, оның жанын шағарамын ғой, – деді Шерағаң аса бір кеуілденіп. – Сосын, анау тілшілердің бастығына беремін ғой...

Кітап сатпақшы. “Егемен Қазақстан” газетінен Шерағаңның баспадан шығып, үйінде жиналып қалған кітаптарын сатуға оқталып жүргені тұрғысындағы мақаласын оқыдым. “Атасына нәлет, сөйтемін!” дейді. “Самопал” сатқан кемпірлердің қатарына тұрамын дейді. Несіне ұяламын, енбегім ғой дейді. Бірақ сатып алушылар араққа бұрылып кетеме деп қорқатынын да жасырмайды...

«Егеменді» Астанамен табыстырды. 1999 жылдың 20 ақпаны. Таңғы 6.30-да тұрдым. Түнде жөндеп ұйықтай алмадым. “Егеменнің” қамшысы тиді-ау” деп ойладым. “ЕҚ”-ның тілшісі С.Шайынғазиннің көлігімен халық ақыны Қ.Әбіл, өлкетанушы К.Әмірқызы бәріміз Астана темір жол бекетіне бардық.

Адам нөпірі қалың. Таң аязы кейбірін бүрсектете бастапты. Сонда да бас газетті қарсы алу рәсімінің сыртқы қызығы мен ішкі жылуы көңілділік отын еселеп үрлегендей әсерге бөлейді.

...Қарсы алудың қарбаласы басталды. “Астаналық” жүрдек пойыздың бұл жолғы жүгі тым ауыр-ақ! Мыңдаған оқырмандардың тілек-мақсатын арқалап, аманатын жеткізіп тұр-ау ол. Мәңгілік аманаттай сезіледі ол. Сол оқырмандардың от-сенімі бастапқы Орынбордан, ортаңғы Қызылордадан, кейінгі Алматыдан, мына жаңа – Астанаға “Егемен Қазақстанды” бағытынан жаңылдырмай, шабытты шағын ойсыратпай жеткізіп отыр.

№12 вагонның алды ығы-жығы. “Егемен Қазақстан” – ел газеті” деген ұрандар ұсталған. Көзіме түскен әріптестерімді суретке басып аламын да, қолым босаған сәтте құшағыма қысамын оларды. Міне, Мамадияр Жақып, Әділ Дүйсенбек, Шерхан Мұртаза... Жанат Елшібекті көріп қауқылдастым да,

оның жұбайы Зинаға ауыстым. Бас редактор Ераған, Ержұман Смайыл қайда? Е, таптым! Сәлемдесіп алып, суретке бастым.

Салтанатты митингіні Астана қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Назарбаев ашты. Халық ақыны Қонысбай Әбіл жырдан шашу шашты.

Шерағаңа сөз берілді. Ол кісінің иығына әкімнің орынбасары зерлі шапан жаба беріп еді, “алдымен сөйлеп алайыншы” деп Шерағаң иығын қиқаңдатып, аздап бұлданды да, шапанын қымтаңқырап алып сөз бастады:

– Бұл жай көш емес, – деді ол қырандай саңқ етіп. – Ел газеті – “Егеменнің” көші. Демек халық көші. Ол көш Орынбордан басталған, Қызылордада жалғасты. Ол көш Алматыда 70-жылға жуық тұрақтаған екен. Енді міне, Астанаға ат басын тіреп тұр. Астанадағы мекенің баянды болсын, “Егемен!” Бұл газетпен бірге осында біз кезінде басылымның басшылары болған С.Сейфуллин, С.Садуақасов, Т.Рысқұлов, О.Жандосов секілді алыптардың аруақтарына табынып келіп тұрмыз. Сол кісілермен бүгінгі ұрпақ үндесіп, тілдесіп жатыр. Ең кереметі осы да! Бұл көштің қадірлі де қастерлі болатыны да сондықтан деймін! Ендеше нашар газет шығаруға хақымыз жоқ!

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі департаментінің директоры А.Гурский сөз сөйледі. Ол маңайын таңқалдырып қазақша тартты. Әп-әдемі айтты. Қазақ теміржолының басшысы жолаушы-қонақтарға жасаған өз демеушіліктерін тізбелеп жатты. Олардың жүк-мүліктерін тегін тасымалдап беріпті.

...Ломоносов көшесінің 45-үйіндегі “Егеменнің” екі қабатты редакциясына ұбап-шұбап келдік. Ғимарат бөлмелерін аралап көрдік. Ұнады. Мол дастарқан жайылыпты. Фуршетке қатыстық.

Осында көп сөз сөйленді. Астанаға келгеніне 1,5 жылдай болғандар: “мұнда тұруға болады, ауасы таза” деп уағыз айтты. Президент әкімшілігінің өкілі, жазушы Төлен Әбдік сөз сөйледі. Ол төрде Шерағаң, М.Жақыппен, жергілікті өлкетанушы Клара Әмірқызымен бірге отырған. Бастапқыда ол жерге Шерағаң бас редактор Ержұман Смайылды шақырып еді, ол басын шайқап, тартыншақтап төменгі жақта тұрып алды. Қызық қой біздің Ерағаң! Қарапайымның

қарапайымы! Әдеттегідей галстуксыз, өзі қол баладай қызмет етісіп, жүгіріп жүр. Қуанғаны – едірейген мұртынан білінеді.

Әндер шырқалып, күйлер тартылды. Торғайлық күйші Анар Мұздаханованың тартысына разы болған Шерағаң: “Мына қызды қырық жасымда болсам, алып-ақ қашар едім” деп бөлмені күлкіге бөктірді.

Ұлы көш келді! Ұзағынан болғай бұл той! Ұрпақтар үлесіндегі керемет несібе, береке ғой!

«Хат жазыспаймын...» Мемлекет қайраткері, көрнекті журналист-публицист Камал Смайл дүниеден өтті. Оның жан досы Ш. Мұртаза телеарнадан егіліп былай деді: “Енді кіммен хат жазысарымды білмеймін. Хат жазыспаймын да. Камал досым жоқ!”

Шерағаң “Егемен Қазақстандағы” жоқтауында (27.06.2003.) да былайша күңіренеді: “... Қайран Камал! Біз екеуміз бір-бірімізбен хат жазысып, бір-бірімізге ұдайы да жақсылық тілеуші едік. Елдің, қазақ деген халықтың арманы мен аңсарын айтып, ол хаттар “Егемен Қазақстан” атты аға газетте жарияланып жатушы еді.

Енді не болды?.. Заманның дидары мен кепіеті туралы сырларымды енді кіммен бөлісемін? ... Екеуміз бір-бірімізге жазған осы хаттар кейін “Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда” деген атпен кітап болып шығып, сол кітап осы көктемде ғана халықаралық абыройлы сыйлыққа ие болып еді.

Енді мен жалғыз қалдым... Кім енді менімен сыр бөлісіп, армандар, тілектер айтысып, кім енді маған хат жазар?..”

... Күннің шуағы жер-дүниені жайнатып, мейіріміне бөлейді!

... Шерағаң шуағы әлі күнге әр жорналшы жүрегін жылытып, баспасөзді нұрландырып, өмірді құлпыртып жата-тындай! Тап солай! Бар болыңыз дейік, сол үшін, Шерағаңа! Шуағыңыздың шұғыласы шашыла берсінші!..

2010 ж.



АЛАШ ҚЫЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ

Орынборда Міржақып Дулатов өмірінің қызулы да қынулы кезеңдері өтті. Елінің қамы үшін неге де болсын жас арыстанша атылған Міржақып адуынына қарсы тұрар тосқауыл жоқ секілді. Тау жығардай екпіні бар. Білімге білігі сай, төңкерісшіл рухы өршелене ұйытқып, ақылмен суарылған іс-қимылы халық мүддесінің иірімдеріне атойлай бас қойған алпауыт төс, орда жығардай отты шағы еді. Былтыр, 1914 жылы Қазанда өзіне «қазақтың тұңғыш романшысы» деген өшпес атақ сыйлаған «Бақытсыз Жамалы» қайта басылып, ұлы ақынның қайтыс болуының он жылдығына арнап, «Абай» атты толғамды мақала жазып, А.Н. Веселовскийді еске алуға арнап 1914 жылы шығарылған «Шығыс жинағына» қазақ ақындарынан тек Абай мен өзінің туындылары ғана енгізілгеніне көңілі сәл-пәл марқайыңқырап жүргенде осы, 1915 жылы Орынбордан «Терме» жинағы жарық көрісімен іле-шала 4 қарашада қызылшақа Гүлнәрі дүние есігін ашып, Ғайнижамал екеуінің бақыттан басы айналып тұрған сәті еді... Ей, дүние, ата-аналық арсаландаған асыл бір ғажап шақ екен ғой... Ақыры не болды?!

... Алдымен ату жазасын кесті, сосын он жылға абақтыға сүңгітті. Әділдік қалмас ақтаусыз! Ақталды Міржақып! 1988 жылдың 4 қарашасында Республика Жоғарғы сотының коллегиясы қылмыс құрамы болмағандықтан М. Дулатовты біржол ақтап, шешім шығарды. Дәл Гүлнәр қызының туған күні ақталды әкесі! О, құдірет-ай! Алматыда сол күні құйып тұрып қар аралас жаңбыр жауды. «Халық жауы» қызының алпыс жыл бойғы қасіреті көз жасындай боп төгілді. Жаңбырмен жуылды.

... Сол емендей илікпеген, не бір сұрапыл дауылдарда сынбаған шынар қыз – қазақтың мәрт мінезді асыл қызы Гүлнәр апай, осы қарашада 95 жасқа шаршап-шалдықпай, алқынып-аптықпай, сүрініп-сүрлікпей, шүкір дерлік саламат

күйінде жетіп отыр! Тұлпардың алмас тұяғының кетілмегеніне керемет қуанып, бірер сөзін естігелі барғанбыз...

– Айналайын, Гүлнәр апа-ау! 95 жас екінің біріне бұйырып па! Кешегі, көзін өзіңіз де көріп қалған алаш арыстарының аманатындай боп, ортамызда отыра беріңіз. Бұл да маңдайға бұйырған бақ қой! Өзіңізге қарасақ, осыдан бес жыл бұрынғы тойыңыздағыдан қылаудай өзгермеген сыңайлысыз. Күллі алаштың бетке қалқыған қаймағындай боп, осы тұғырыңыздан тая көрмеңізші, жан апа!

– Алдымен «Егеменіме» рақмет! Көптің сүйікті газеті ғой. 90 жылдығымды да жақсылап жазған. Бұл газеттің бір буын бастауында – «Еңбекші қазаққа» әкемнің маңдай тері сіңген. Редактордың стилистика жөніндегі көмекшісі болған. Қызылордада шығып тұрған осы газеттің табалдырығында 1928 жылдың 29 желтоқсанында ұсталып кетті ғой. Карелияның Сосновец стансасындағы қабірден әкемнің мүрдесі алынып, туған жеріне қайта табысталатын тұста, 1992 жылғы 1-18 қыркүйек аралығындағы тәуелсіз еліміздің ірі оқиғаларының бірі болып саналатын бұл жайды осы «Егеменім» халқыма қаралы сапардың әр қадамын тәптіштеп жазып, құлаққағыс қылып отырғанын қалай ғана ұмытайын. Мың алғыс! Өзі мен «Егеменнен» төрт жас қалқыңқы болып шыққаным ба? Ең байырғы оқырманы екенмін-ау! Газетім әкемнің көзі, сөзі, өзі болғандықтан да маған тым ыстық, жаныма жақын, елдің үні, кешегі сауатсыздықтың күні болды деп есептеймін. Бәрекемді, осы беттеріңнен жарылқасын!

– Өз әулетіңіз туралы таратсаңыз?

– Біздің тұқым Байжұмырдан – Сансызбай, одан туған Ниязбек, Дулат (1849- 1897), Өтеулі болып тарайды. Дулат пен Дәмештен Асқар (1865-1938), Қонысбай (Қошай), Зылиха, Қанипа, Міржақып (1885-1935), Ақыжан туған.

Дулат атамыз ескіше сауатты, көзі ашық, көңілі ояу, карапайым адам екен. Байлық-дәулет бітпеген, орта шаруалы, әр кәсіпке икемді, етік тігіп, ер-тұрман шабатын өнерімен аты шыққан ұста. Қолына біз кіріп, ушығып қайтқан. Атамыздың зайыбы Дәмеш әжеміз – Қараман еліндегі атақты байдың қызы. Ақылына көркі сай, ажарлы кісі дейді. Жиын – тойларда домбыра тартып, ән салатын, айтыстарға қатысып бақ сынаған, мәнерлеп сөйлейтін келісті де өнерпаз кісі болыпты.

– Білетіндер анаңыз туралы аңыз қылып айтады екен.

– Анашым-ай, асылым-ай! 45 жасында Ташкенде көз жұмды ғой. Перизат еді. Аққұба жүзді, күлімсіреген аялы көздері ұшқын шашатын. Мейірімді еді. Әкеме қосыларда алдан қандай қиындық туарын сезе, біліп тұрып, мойнын қылыштың жүзіне төсеген ғой. Әнді қалай салатын сызылтып. Киім киісінен бүгінгі модельдерің шаң қабатындай, аса талғампаз, сәнқой болған. Сәбит Мұқанов айтады екен: «Коммунизмді көргілерің келсе, Дулатовтың үйіне барындар, Ғайнижамал жеңгейдің дастарқанын көріңдер» , – деп. Мінезге бай, жаны сұлу бөлек жаратылыс еді, анашым! Сағынышыма орап қойып отырам мың мәрте! Ананы аңсауға қай жасың да кедергі емес екен, айналайындарым.

– Үйлену тойы сәнімен, мәнімен өтіпті ғой, шіркін.

– Қонақтардың көптігінен Омбы түбіндегі Куломзино стансасынан екі қабат үй жалдап, тойлаған екен. Кімдер қатысты дейсің ғой, арасында М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Қ. Кемеңгеров болғанын ескерсек, мәртебенің биігі емес пе! Бүгінгі той иелері несімен мақатана алар екен деп ойлаймын кейде... Дастарқанның байлығы – өтпелі де өшпелі нәрсе ғой.

– Әлеке, Ақаң, Жақаң десе, күллі қазақ жазбай танып, елең етиседі ...

– Ұлтын сүйген ерекше жаратылыстар ғой, бұлар. Көксегені – бүгінгі тәуелсіздік емес пе еді. Олар бірінбірі осылайша атап, сыйластық тінін үзбейтін. Кейде қанша пікір алуандығы туындап қалған да да көңілдеріне кірбің түсіріп алмай-ақ, мәселенің мәніне сызат салмай оң шешім қабылдайтын. Сондай көп сәттеріне куә болып, сезгендіктен де батыл бағалап отырған жайым бар. Халық сүйіспеншілігі шығар, әлгіндей атау-құрметпен еркелететін еді ардақтыларымды. Арғы жағы – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов екендіктері бесенеден-белгілі. Әкемнің ең алғашқы сәтті сапары 1904 жылы Омбыға түсіпті. Сонда Әлихан, Ахмет ағаларымен танысыпты. Бұрын көрмекке ынтық жүрек жарыла жаздап, қуанады ғой. Ол кісілердің саяси көзқарастары, ұстанған бағытының орыс революционерлерімен үндесіп, патша үкіметінің отаршылық саясатын әшкерелеуі, елді ұлт-азаттық көтеріліске үндеуі, жасырын ұйымдарға белсене қатысулары Міржақып әкемнің санасын оятып, зор ықпал еткені аян.

– «Қазақ» газетінсіз осы алыптардың толық саяси-ұлттық кескіндемесін айғақтау мүмкін емес қой...

– Осыған орайлас әкемнің елге жазған бір хаты еске түсіп отыр. Онда: «1913 жылдың бас кезінде мен Орынборға келдім, сондағы ғалым, жазушы, өзімнің ұстазым Ахмет Байтұрсыновқа барып сәлем бердім. Ұзақ кеңесіп, қазақ халқына арнап газет шығармақ болдық. Бұл пікірімізді Әлихан Бөкейханов ағамыз толық қолдады... Редакция құрамын, оның мүшелерін белгіледік. Шығарушы бас редакторы Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы мен болып, газетімізді «Қазақ» деп атап шығара бастадық»,– деп үлкен жаңалығымен бөліскен болатын.

– Ахмет атаның басқа бір өзгеше қырын байқағаныңыз бар ма, апа?

– Неге байқамайын. Бірнеше рет қабырғалас үйде көрші тұрғанымыз да бар. Ол кісі жұмыс жасап жатқанда, шешеміз аяғымызды санап басқызып қоятын. Әлдебір істен тыныстаған сәтте бөлмесінде әрлі-берлі жүргені еденнің сықырынан, баяулатып салған әнінен сезілетін. Домбырасын шертіп, қоңыр даусымен жайлап қана «Елім-ай», «Екі жирен», «Қаракөз» әндерін сызылтатын. Біреу білер, біреу білмес, қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қаракөз» ариясы – Ахмет Байтұрсыновтың шығармасы ғой. Атам пианинода да, скрипкада да көсіліп ойнайтын. Жаратылыс дара бітімділерді осылайша жомарт жарылқайтын секілді.

– Әкеңіз өз ортасында асқан сыйлы болған кісі. Шет жағасын сол бір сәбилік кезде-ақ сезген шығарсыз.

– Бала көңілінен ешнәрсе тасаланбайды. Бір білетінім – қазақтың небір марқасқа азаматтары әкемді сағалап жүретін, ақыл-кеңес сұрайтын. Астанамыз Қызылордаға көшкенде жазушылардың көбі біздің үйге түсіп, аттанатын. Шымкенттен Жүсіпбек Аймауытов, Тәшкенттен Мұхтар Әуезов пен Мағжан Жұмабаев келіп, өздерінің жаңа шығармаларын талқыға салатын. «Жақаңның сынынан өтеміз, пікірін білгіміз келеді» деп әкемді көтеріп тастап отыратын. Сондай зиялылар бас қосқанда, шай ішіліп, дәм жасалатын қастерлі дөңгелек үстел әлі күнге біздің қолданысымыздан қалған

жоқ. Ескінің көзі ғана емес, жаңаның үлгісіндей етіп, қадірлеп ұстаймыз оны.

– Апа, жақында ғана телеарнадан әкеңіздің сүйеніш қол таяғын ұстап отырып, өткеннен сыр суыртпақтадыңыз. Аппақ шашыңыз, мейірімді жүзіңіз, тарих тұңғиығынан жылтырағандай ақылды көзіңіз, тіпті азап пен қатыгездіктен қаймықпаған бар болмысыңыз – қазақ қызының қанына біткен қасиетін аңғартады... Имек сапты қол таяқ – әке аманаттаған бүгінгі тәуелсіздіктің тірегі, сүйеніші, негізі іспетті елестеп кеткенін қараңызшы!

– Жаным, бұл сөзіңе не қосайын! Менің жүрек сәулемнің себезгісі бүгінгі ұрпақтың жан-сарайын нұрландыра алса, осы ғұмырымды текке сүрмегендей сезінер едім-ау!

– Сіздің ғұмырыңыз өлшеусіз өнеге. Тағдыр Сізді өнегемен өрліген рухты адамдармен жақындастырып, араластырды. Солардың бірі сыйлы қайнағаңыз – Бауыржан Момышұлы емес пе?

– Біз, ерім Әбен екеуміз, Баукеңмен 1958-70 жылдар арасында үзбей араласып тұрдық. Мені «Төре келінім», «профессор келінім» деп атайтын. Бұрын басқа қайнағаларыма қазақша сәлем беріп көрмеген басым, Баукеңнің алдында әрқашан қолымды қусырып, иіліп тағзым ететін едім. Мүмкін ол кісінің әкеме деген ыстық пейлін сезгендіктен бе екен, әйтеуір ықыласым ерекше болды. Өзі де «ескінің көзісің, асылдың сынығысың, Міржақып ағамның қызысың» – деп, үзіліп отыратын, жарықтық. «Ал, қарағым, қарап жүруге болмайды, қолыңнан келгенше әкеңнің мұрасын толтыр, суреттерін, кітаптарын іздестір. Бәрі әлі керек болатынын ұмытпа», – деп, көрегендікпен бағыт сілтейтін. Ақылды кісі ғой, айтқанын білдіртпей орындап жүр едім, әкем ақталғанда бай мұрасын мен жайып салмағанда, төрт құбыласы ашылмай, кемшін соғып жатар еді. Ақ тілеулі Баукем-ай! Міржақыпқа ыстық ықыласымен бір жығылған адам сондай-ақ болар. Ұлтқа деген сүйінішті ұлы жүрек тұлғаларды бөле-жара қаратқызбайтынын енді түсіндім. Жүз жылдық тойын да ел-жұрты сән-салтанатымен атап өткенін көріп-біліп отырмын. Елдік сынынан мүдірмеудің белгісі де бұл. Тәуелсіздіктің зор мүмкіндігі деп, бағалаған жөн.

– Тағдырдың талай қиямет-қайымынан құрдымға кеткендей құр сұлдері қалса да рухы өшпей, өлшеулі ғұмырын

өзгенің сәулелі жолына арнаған мәрт мінезділер сирек те болса ұшырасып қалады. Сондайлардың қатарына кімдерді жатқызар едіңіз?

– Зылиқа апайдың бейнесі санамды осқылап өткендей болды. Мағжанның зайыбын айтам. Апайды 1970 жылдардан танитын едім, 1989 жылдың ақпан айында қайтадан табысып, етене бола бастадым. Жазықсыз саяси қуғын-сүргінде жазаланғандардың жақындары мен ұрпақтарын «Жалын» журналының редакциясында жинады. Бізді соған Мардан Бәйділдаев басымызды қосып алып барған еді. Көлік үстінде Зылиқа апаммен көрістім, «Сен Гүлнәрсің ғой» деп, бетімнен сүйді. Жасы 96-дағы кісінің ұмытпағанына сүйсініп, қуанып қалдым. Әлі ширақ, көзі көріп, құлағы естиді, алжудан аман екен. Мағжандай жан жарын іздеп, сонау Карелияны шарлап, орманының аң-құсынан қорынбай, терең өзенін тесік қайықпен жүзіп өтіп, аңсарымен табысқан қайран, қажырлы ананың алған бетінен қайтпайтын мақсаткерлігі кімге болсын өнеге. Мағжанды орысша оқытқан сенің әкең деп отырар еді марқұм. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағының алғашқы данасын зайыбына табыстауға мені де қатыстырып, сол жолы апаймен мәре-сәре қауышқанымызды қалай ұмытайын.

– Алыптардан да ағаттық кетеді дейді. Мүмкін ондай «ағаттықтардың» өзі тұтас халықтың мүддесін көздегендіктен жасалатын шығар, бәлкім. Ондайға кешірімді бола алдыңыз ба?

– Не көрмедік, бұл пәниде! Не бір түсінбестік халге де душар болдық. Кімді жазғырарыңды білмейсің. Кінәлі өзің бе, өзге ме? Ажыратып көр. Бірақ әділдік – төреші бәріне. Мынандай жанымды қарыған жайтты айтып берсем, ұрпақ дұрыс түсінер. Бұл мысалда ешкімді де тұқыртуға болмас... заман ызғырығы да. Бас сауғалау емес, ұлтының келешек ырыздығы үшін жасалған «шартты» да шарасыз қадам деп ұғыңыздар...

Алматы паркінің бірінде күзгі жапырақты аяғыммен үйгіштеп, соның қызығына батып тұрғанымда, ту сыртымнан естілген «Гүлнәр, сенбісің?» деген дауысқа жалт қарасам, алдымда Мұхтар Әуезов тұр екен. Ағаның ұсынған қолын алып сәлемдестім. Мұхтар аға баяғы бала кезімдегідей бетімнен сүймеді, оны көңіліме алғаным жоқ, бойжеткендерді

сүймейтін болар деп ойладым. Көрмегеніме 5-6 жылдай уақыт өтіпті. Отызыншы жылдары ұсталып, түрмеде отырғанын білетін едім, босап шыққанын естіген емеспін. Өзінің сұрауы бойынша хал-жайымды аңқылдап айтып келемін. Бір кезде ол менің бетіме тура қарамастан қарлығыңқы, булыққан дауыспен жайлап қана: «Қарағым Гүлнәр, енді келешекте кездескенімізде бір-бірімізбен танитын кісілерше амандасып, сөйлеспейтін болайық», – дегенін естігенімде, денеме суық су құйғандай, өне бойым мұздап, қалшылдап, шошып кетсем керек...

– Сол сөз жүрегіңізде өмір бойы шемен боп қатып қалды ма, әлде, жібіді ме екен?..

– Жібіген! Өттең, бірақ, ұлы жазушы дүниеден аттанып кеткен соң... Тірісінде өзі жібіткісі келген! Ұлының ұлылығы да иіле білінуінен көрінсе керек. Иә, есімде, қалай ұмытайын, 1947 жылдың жазы еді. Көше бойында бетпе-бет ұшырасып қалған Мұхтар ағамды елемегенсіп кетпек боп едім, сұңғыла кісі өзі тоқтатты. «Аз ғана кідір, кешір жаным! – деді ол үні дірілдеп. – Кезінде басқа түскен пендешілік адамға не істетпейді, ауыздан шыққан сөз ұшқан құс тәрізді ұстай алмайсың. Өткенге салауат, сені көрмегелі талай жылдар өтті. Жақаңның, Гая (шешесі Ғайнижамал), Әлтайдың (інісі) арты қайырлы болсын, өзің аман бол, сондарында қалған жалғыз көзісің ғой», – деп көңіл айтты. Именіңкіреп, көздеріне қарасам, жас іркіліп қалыпты... Тағы да ескертемін, ұлы Мұхтар ағаны да түсінуге болады. Басына нақақтан үйірілген қара бұлттан қорғақтауы табиғилық! Әбден жүнжіп, зэрзап болған бір байғұстың «Мені қашан қамауға аласыңдар?» – деп «үш қаріпке» қоңырау шалғанын да естігенбіз. Сол залым саясатпен сипатталатын заманнан не күтуге болар еді-ау!

– Қыстың долы желі соқса, тілім-тілім жүрегіңіз әлі күнге қақ айырылардай болатынын бір күңіреністі әңгімеңізде сыздықтатып жіберіп едіңіз.

– Иә, қысты күні дауылды жел соқса болғаны, есімнен кетпейтін бір қайғылы оқиға көз алдыма келе қалады. 1928 жылдың 29- желтоқсанында Қызылорда түні аласұрған адуынды желмен түндігін желпінтіп тұрды. Шырт ұйқыда жатқанбыз, есік-терезелерді қақырата соғып, «ашыңдар» деген айқайдан шошып ояндық. Есікті түнеп жатқан қонағымыз

Мұртаза Рафиков (Халел Ғаббасовтың інісі) ашты. Үйге ОГПУ-дің қарулы кісілері сау етіп кіріп келді, шам жағылып бәрімізді орнымыздан тұрғызды. «Киініңіз, сізді тұтқынға аламыз», - деген қаһарлы дауысты естігенде он үштегі менің жүрегім езіліп кеткендей еді. Сұстиып, қалшиып тұрған папам бір мезетте некелі алтын балдағын қолынан суырып алып, мамамның саусағына кигізді. Басына төнген қауіпті елең қылмай аса сабырлы, байсалды қалпымен мұнайып жылап тұрған бізді жұбатып: «жыламаңдар, тағдырдың тәлкегі адамды әлі талай қиын белестерден өткізеді, шыдап, берік болыңдар. Ал, Гүлнәрім, оқуды үзбе, маманды ренжітпе, жақсы адам бол!» - деді де бәрімізді сүйіп, өзін айнала қоршаған алты адамның ортасында кете барды... Есік ашылғанда түнгі жел долданып, суырып тұр еді. Содан бері түнгі желден зәре-құтым қалмай дірілдеймін!

– Қаншама азапты жылдарыңыз әке туралы айтылмай келген ақиқатпен шерленіп, шөктірді десейші, апа!

– Біздің Сатыбалдиевтер отбасында өз басым төрт баланың анасы болғаннан бері өткен аумалы-төкпелі заманның ыңғайына қарап, іштегі сырды ашық шығара алмадым. Қырағы саясатқа тура келмейтін, атынан бүкіл қазақ баласы шошитын «Алаш» партиясы туралы, оның басты лидерлері кімдер болғаны, өз әкем М. Дулатов жайлы балаларыма да соңғы жылдарға дейін үй-ішінде жақ ашпай келдім. Ең басты себебі олардың ержетіп, сана-сезімінің толысып өсуін күттім.

Жасыратыны жоқ, он үшке толғанымда «халық жауының» қызы атандым, жазықсыз басыма кінә тағып қудалау басталды. Таза көңіліме, адал пиғылыма, іс-әрекетіме сенімсіздікпен күдік туғызды. Басқан ізім мен сөйлеген сөзімді аңдып, бақылауға ілінгенімді сезіп, көңілім бейжай болатын еді. Осындай қыр соңымнан қалмаған қырсықтар жаныма қатты бататын еді, еңсемді жаншып, опық жеген, булыға өксіген капалы сәттерім жас жанымды жегідей жейтін.

Есейгенде де еңсемді езгілемеді ме! Жұрт қатарлы сүйікті әкемнің атын атап, еске алып, ашық айту деген шаттық сезім менің пешенеме жазылмапты. Сайрап кететін қызыл тіл күрмеулі, алдым қазылған ордай боп жаным түршігетін. Көңілде сақталған қорғасындай зілді ойлар, қамыққан күндерім мазамды кетіретін. Кейбір кездерде өз-өзімнен

шошып, сабама түсе алмайтынмын. Бұл сұмдық Сталин заманынан қалыптасып қалған, миымызға әбден сіңген дерт іспетті қорқыныш болып осы мезгілге дейін сол құқайдан арыла алмай келеміз.

Сөйтіп кеңестік кезең тұсында мәңгүрт болудан аз-ақ қалдық қой. Енді іске сәт, тәуекел деп, әлі есім барда, ұмытшақтық меңдемей тұрғанда балаларым көрмеген, тек сақталып қалған суреттерінен ғана аталары мен әжесінің қандай кісілер екенін таныстырып жазып кетуді парыз көрген едім. Сол ойларымның үдесінен шықтым деп те ойлаймын. «Шындық шырағы» атты екі томдық кітабым оқырмандар қолында. Алаш арыстары туралы еңбегім де аяқталып қалды. Осылайша ұрпаққа ұлғатты өнеге тастауға кәрі басымды иіп, еңбек етіп жүрген жайым бар.

– Әкеңіздің мінез-құлқы кейінгілерге таңсық секілді... Бүге-шігесін білгісі келеді.

– Әкем барынша ақкөңіл, ашық-жарқын, жайдары мінезді, өте балажан, көңілшек те болатын. Сонымен қатар бірбеткей, басынан ретсіз сөз асырмайтын қатаң мінезді, ашу қысқанда түсі бозарып, қабағы түйіліп, рай бермей қоятын. Бірақ оғаш сөзге бармайтын, ашуы тез тарқайтын. Менмендігі жоқ, өзін өте қарапайым ұстайтын, көңілді отырып әңгімелесетін, кісілерді шыдаммен үнсіз тыңдай алатын. Талғаммен сәнді киінетін. Тазалықты қатты ұстанатын. Ал саяткерлігі өз алдына қызғылықты әңгіме дер едім.

– Әкеңіздің ақталуы да оңайлыққа соқпағаны–мәлім. Алдыңғы лектен ысырылып, оқшауланып, шегіріле берді. Өзіңіздің тегеурінді ықпалыңыздың әсері байқалмай қалмады, әрине.

– Әкем Міржақыптың көзімнің тірісінде ақталғанын көруді Алладан жалбырына тілеп, мақсат еттім. Сол тілекпен уақытты зая жібермей, нақты ізденіп бақтым. Тәуекелге бел буып, 1988 жылдың наурызында СОКП – (Орталық Комитетінің) жанындағы саяси қуғын –сүргінге ұшырағандардың ісін қарайтын комиссияға М. Дулатовтың қызы боламын деп арыз жаздым. Мәскеу бұл арызымды Қазақстанның қарауына жіберіпті. Қазан айында Қазақстан Республикасының Прокуратурасынан хат алдым. Онда

әкеңіздің ісі қайтадан қарап, тексеру үшін Жоғарғы Сотқа жіберілді делінген.

– Одан әрі қанша күттіңіз?

– Зарықтырған шешімнің шыққанын 6- қарашада естідім. Қонақта отыр едім, құлағымға сыбырлап ғалым інім Сейітбек Нұрханов айтты. Күйеу баласы Жоғарғы Сотта істейтін еді, естігенін жасырын сездірткен түрі ғой. Әлі жария болмаған құжатты айғақтаудан сескенген түрі де. Отыра алсамшы орынды. Тынысым тарылып, миым шаққандай әбігерге түстім де, атақты ғалым Мекемтас Мырзахметов қайныма «үйге апарып салшы» деп өтініш айттым. 9 қабаттан лифтімен түсу – бір жылға созылғандай болған шығар. Аяғым сыртқа тиген бетте-ақ дауыс салып, жылағанымды еміс-еміс білем. Мекемтас аң-таң. «4- қарашада әкем ақталыпты!», – дегенімде ол да жаны қалмай қуанып, еңкілдеп құшағына басты. Көшеге шықсақ, қар аралас жаңбыр құйып тұр екен. Елемеппін, табиғаттың меніменен қоса жылағанын: «Әке-ау! Дәл қызыңның туған күнінде аппақ та кіршіксіз атыңды мәңгілікке әйгіледің-ау!» – деп әйдә келіп өкірейін, ботадай боздайын...

– Міржақыптың елімен қауышуы қандай қуанышты болса, Карелия жерінде жатқан мүрдесінің туған жері Торғайға қайта табысталуы да тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтарды толтырудың нақты мысалы ретінде қарастырылып жүр ғой қазір.

– Дұрыс айтасың, жаным! Өзің де, анау Марат Әбсемет балам да басы-қасында болдыңдар. Бабаларыңның рухына жасаған еңбектеріңе разымын. Басына кесене тұрғызылды, мұражайы бар. Бірақ елді мекеннің құты қашып, ыдырап, азын-аулақ отбасы қалған екен. Сонда да Міржақып кесенесінің қарақшысындай болып, сол жерден табан аудармай отырған ауыл тұрғындарына ақ басымды иіп, алғыс айтамын. Жанкелдин ауданының орталығында Ақаң мен Жақаңның әдеби-мемориалдық мұражайы бар, республика бойынша бірнеше мектептер мен көшелерге аттары берілді. Шүкір, қос арыс атаусыз қалып отырған жоқ. Әкемнің 125 жылдығы да хал-қадерінше мерекеленіп жатыр.

– Міржақып ақталғаннан кейін шығармаларын жинастырып, бастыруға белсене кіріскеніңізді білеміз. Нәтижелі

жұмыс жасалды. Бес томдығының өзі рухани қайнар бұлақ іспетті. Тағы қандай ойыңыз бар?

– Қазір әкемнің еңбектерінің біразы жинақталып, жүйеленіп, оқырмандарына жол тартты. Әйтсе де өз елімізден тысқары ірі шаһарлардағы мұрағаттарда Дулатовқа қатысты, өмірі мен қызметі, шығармашылығы турасында айтам, әлі де тың деректер жатқанына имандай сенем. Сол жағы бір бүйрегімнен кетпейді. Шіркін-ай, арнаулы экспедиция құрып жіберіп, іздестіру, нақтылау, жинастыру жұмыстарын қолға алса ғой.

Ал ақталғаннан кейін іле өзім іздестіріп тапқан дүниелерінің өзі бір төбе еді. «Болат жүрек» өлеңі, Сұлтанбек Әбеуұлына (С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романының кейіпкері) арналып 1927 жылы жазылған үш шумақ өлеңі, Қараш Жүсіпбекұлына арнап 1931-1932 жылдары Соловкиде жазған өлеңі, 1922-23 жылдары Орынборда жастарды құттықтау жыры, т.б. еңбектері сондай сапалы санатқа жатады. Жаңа ескерттім ғой, әкемнің мол мұрасы түгелімен жиыстырылып біткен жоқ. Келешек еншісіндегі міндеттер екені түсінікті. Жастарға сенім артам!

– Тарих тылсымынан жеткен әкеңіздің шығармаларына деген қызығушылық әр жүректі кернеп тұрғанда, жасыратын несі бар, ақталу «науқанына» үлес қосып қалуға ынтығушылардың жарыса шыққанын білеміз. Ауыс-түйіс пікірлердің айтылып қалғанынан да хабардармыз. Сізге де жеңіл тимеген шығар?

– Әр қаламгердің немесе қатардағы тілшінің ақталуға атойлаған көңіл-күйін түсінемін, әрине. Бұрыс ойдан ада, дұрыс жазғысы келеді. Дегенмен тарихи жәдігерлер аса сақтықты қажет етеді. Соған біреудің сабыры жетсе, екеншісін «жаңашылдық» буы бөстіріп жібереді. Қалайда, Дулатов туралы шапшаң айтып қалғысы келеді. Әсіре пайым сондай өзеуреуден шығады. Еліміздің көптеген баспасөзін індете оқып, әкеме қатысты әрбір сөйлемді сүзгіден өткізіп отырған маған, солардың кейбірі көңіліме қылау түсіріп, кәдімгідей түңілдіріп тастайтын. Асқынған аптықпаның алдын алғым келіп, «Жазғандарымызға жауапты қарайық, ағайындар!» деп мақала жазуыма тура келді. Фактіге сүйеніп сынадым. Мүкіс кеткендердің аты-жөнін дардай жазушылығы мен

ғалымдығына қарамай, беттерін қайырып тастадым. Дәл қазір олар туралы дапқырттап қайтемін. Әлі де болсын ескертерім, Дулатов хақында жазылған, жазыла береді, тың соқпақтар ашылады, айналайындарым, айтқандарың мен жазғандарың айна-қатесіз айбынданып жатсыншы!

– Бүгінгілердің кейбірі әлгіндей ретсіз бүгежіктеп жатса, асыл бабамыз Міржақып келешектегіні дәл өлшеммен болжай білгеніне енді таңданбасқа шарамыз жоқ. Басқасын былай қойғанда, бір ғана тұжырымына – ұлы Абай туралы көрегендікпен жазғанына тәнтіміз.

– Иә, оқиыншы мына «Абай» атты екінші мақаласынан бір үзінді: «... Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...»

Көріпкел сөз осы емес пе? Ұлы Абайдың биыл 165 жылдығы Семей өңірінде тойланды. Әкемнің сөзінің құпталғанының жарқын айғағын сол жиын тағы дәлелдеп берді емес пе? Ойшылды ойшыл тап басып тануының анық мысалы шығар?

– Апа, жан жарыңыз Әбен Сатыбалдиевті қазақ халқы жақсы біліп, қадірлейді. Өз аузыңыздан лебіз естігіміз келеді.

– Әбенім қырық жылдан артық мерзім аралығында қаламымен туған халқының бақытына, мәдениетіне қызметін аямаған азамат. Журналистік салаға 1939 жылы келген ол «Оңтүстік Қазақстан», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Ара» журналында жауапты қызметтер атқарған. Әбен көркем әдебиетпен айналысып, бірнеше шығармалар жазып қалдырды. «Ақмарал» повесі және басқа әңгімелері қазақ прозасына қосқан үлесі дерлік.

Ғылыми еңбегін қорыта келіп, «Рухани қазына» монографиясына айналдырып, ол «Жазушы» баспасынан екі рет жарық көрді. Оның Міржақыптың күйеу баласы болуы себепті нақақтан айып тағылып, қуғын-сүргінді басынан кешіргені жұртқа мәлім. Сондықтан Әбен прозадан көркем аудармашылық өнеріне ауысуға амалсыз мәжбүр болды. Ше-

бер тәржімеші орыс классиктерінің талай романын қазақша сөйлетті. Атап айтсам, Б. Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», Е. Мальцевтің «Шын жүректен», Ф. Гладковтың «Балалық шақ туралы повесть» туындылары мен Марк Твен әңгімелері, т.б. И. Гончаровтың «Жар» романының өзі неге тұрады!

Әбен өмірінің алты жылында халқымыздың тарихында тұңғыш шыға бастаған Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакторының бірінші орынбасары болуымен қатар, бас редакция жанындағы терминологиялық комиссияның төрағасы ретінде терең білімдарлығын көрсете білді. Шүкір, Әбеннің тағылымды өмірі бүгінгі тәрбиелі немере, шөберелерімен жалғасын тауып жатқандай.

– Мирзоянға хат жазып, қабылдауында болуыңыздың өзі қайрттанып кетсе, әділдік туын қолдан бермейтін қазақ қызының қасиетін айқындайтын күшті рухтыға тән бірбеткей мінез ғой, апа!

– Ширыққан жанға тосқауыл жоқ шығар. Шамырқанып, шытырлап-ақ кетесің. Және де «халық жауының қызы» деген қара бұлт төбеңнен үйіріліп тұрып алса, өксік өмірдің құны бес-ақ тиын боп кететінін несіне жасырайын. 1933 жылдың қоңыр күзі болатын. Әулиеатадан Алматыға келіп, Крайкомның бірінші хатшысы Л. Мирзоянға арыз жазып, өз басымның күйбең жағдайын шешіп алуға көмектесуін өтіндім. Жазған арызымда аты-жөнімді, туған жылымды, кімнің қызы екендігімді, өз елімде оқуға мүмкіндік берілмеуі, жұмысқа орналсам фамилиямнан кім екенімді біліп шығарылатынымды айта келе, «әділдік деген бола ма? Қашанғы қудалауда жүремін? Менің қандай жазығым бар?» деп, өзінің тиісті көмек көрсетуін өтіндім. Күтпеп едім, қабылдауына шақыртыпты...

Мирзоян орнынан тұрып, кабинетінде ерсілі-қарсылы үндемей, аз ғана жүрді. Мен де көз айырмай қарап отырмын. Бір кезде: «Ну, девочка!» деп сөйлеп кетті. «Арызыңмен таныстым, әрине сенің ешқандай жазығың жоқ, әкең үшін сені қаралаудың жөні келмейді. Енді оқығың келсе жол ашық, қазір барып қалаған институтыңа документтеріңді өткіз, өзім жолдама беремін», – дегенін естігенде, бетім ду етіп, булығы

жылап жіберіппін. Осылайша жолымның ашылғаны бар... Бәрібір тағдыр қамыты аяусыз сығып, ғұмыр бойы демімді өшірердей болғанда, өршелене түстім өмірге! Өршелену – өртке тастағанда да жандырмайды екен! Әлі күнге жанбай келем, міне, жаным! Өмір мені ызғырығымен қақтап келді. Енді ғана ғой, мейірімімен елеп-ескере бастағаны... Мүмкін, жұмақта мәңгілікке жылынармын!.. Мен марапат, сөлкебайлардан ада да таза адаммын. Дәметпеймін де. Әкем мен анам рухы алдында пендешілікпен төмендемей, өр күйімде өткім келеді...

– Сосновец стансасындағы лазаретте 1935 жылдың 5 қазанында, таңғы сағат 5-те демі үзілген Міржақып Дулатовтың өлім актісімен қоса тұтынған заттарын, киім-кешегін НКВД-нің Алматыдағы сіздің атыңызға салып жіберуі әлі күнге таңданыс туғызады. Елу жасқа бір ай, жиырма күн жетпей халқым деп өмірін қиған асыл боздаққа деген бұл құрметтің тегін жасалмағаны кейін белгілі болды ғой.

– Әкемді арулап көмген. Кез келген тұтқынға көрсетілмейтін құрмет. Сүйегі белгісіз сайда қалғандары қанша ма? Сосновецте бірге жазасын өтеген алаш қайраткерлерінің бірі Мырзағазы Есполовтың хатынан білгеніміз: «Жақаңды жерлеу үшін үлкен қызмет көрсеткен өзімен жұмыс жасаған лазареттің дәрігерлері мен Жақаңның қолынан емделген жергілікті тұрғындар поселкенің зиратына кою үшін НКВД-дан рұқсат алыпты. Сөйтіп белгілі жерге қолымыздан арулап қойдық. Зират басында құран қайырған белгілі татар жазушысы Махмұд Бұдайли еді».

Таңқаларлық ғажап нәрсе – қайсы тұтқынның нәрселерін үйіне, туыстарына жібергенін кім естіп, кім көрген? Менің әкемнің ұрпақтарына сондай мүмкіндік жасалды. Көп кешікпей қолымызға тиді. Тұтынған, иісі сіңген киім-кешегін алғанымызда көңіл шіркін босап, жылағанымызды ұмытқаным жоқ.

Біздің қолымызға тиген бір дәптердің жөні бөлек еді. Халқына рухани байлық болардай, ғылымға қосқан үлесі, ол – үш тілде бірдей қатырып жазып кеткен түрік-қазақ-орыс сөздігі. Дәптер беттерінде көк сия қаламмен толтырған әріптер өрнегі көз тартарлықтай әдемі, бұл қолтаңбасын

архивімнен әлі шығарғаным жоқ. Басқа заттарды мамам өз еркімен ағайындарға үлестірген еді, менің ондай шаруаға кірісе бермейтін кезім.

– Жан апа, жүрегіңізге артық салмақ сала беріп қайтемін. Болар іс болды. Дулатов салтанат құрды. Қазір сізден асқан бақытты ана жоқтай көрінеді маған!

– Бауырым-ау! Бақыт деген ұлы ұғым барша қазақ еліне жұғысты болса екен! Тәуелсіздіктің өзі – бақыт! Әкем армандаған бақыт! Баянды болсын бағымыз! Тағы бір сөз қосайыншы. Әкем : «Қай елдің баспасөзі мықты, сол елдің болашағы зор», – деп ұрандатқан екен. «Егеменіме» қарап, елімнің ертеңіне ұйып отырамын, жаным!»

... Алатаудың басында алажаздай қар жатпай ма! Бауыры сыңсыған ну ағаш. Гүлнәр апамның аппақ шашына қараймын да сүйсінемін. Ақылды, тұңғиық көзіне үңілсем – жас бостандықтың жанартауы атқылағандай керемет әсерге бөленіп кетем! 95-тің шыңындағы, Апа, маңайызға көрік боп, құт- береке, үміт шашып жүре беріңізші!

2010 ж.



ЖАЙСАҢДАР ЖАНАСЫП ЖҮРЕТІН

Ой қайда тартпайды! Жалт қаратты ма, алған бетінен қайтпайды... Әгәркі, 97 жастағы Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова апамды ойлай қалдым ба, егіліп кетем. Өңімде түгесілмеген ойлар тізбегіне, о, ғажап, кейде түсімде жетем. Соның өзі қызық! Апаммен сырласып жүрем. Алаш арыстарының ортасында отырып алып, Гүлнәр апам жосылтып әңгіме тиегін ағытып кеп жібереді... Ояна келсем, апам жоқ! Бір құдіреті, әңгімелері жып-жинақы күйінде есімде таңбаланып қалыпты. Кітаптарын ақтарыстырып, түсінде айтқандарын салыстырып көрсем, сенесіз бе, сенбейсіз бе, құдды, кейбір тұстарын өңіндегідей етіп, дәлме-дәл, дөппедөп жан сырын жалтақсыз ақтарыпты ғой, менің дара туған, ақылгөй апам! Ой асылына, сөз маржанына, жады беріктігіне, жан нәзіктігіне, сүйек мықтылығына – кім тамсанбас! Апам

сондай ерен жаратылған қазақ қызы! У-ай, соған мақтанам! Қос ғасырдың (XX, XXI) тетелесі! Міне, кәусар бұлақтан тартылған әңгімесі!

– Апа, 97 жас қалай екен?

– Шүкір, Аллаға! Алаш арыстарының жасамаған жасын маған аманаттаған шығар...

– Көкейімді дөп бастыңыз. Бүгінгі әңгіме тек, Міржақып екеңіздің жақын араласып-құраласқан, және де өзіңіз көріп-білген алаш арыстарының тағдыр талайына қатысты болса деп едім. Төтесі – Міржақыптың жанына жанасып жүрген жайсандар туралы ғой... Үйіңізде әлі күнге сақталған саржағал дөңгелек үстел басында қазақтың 130-ға жуық ұлтжанды арыстары дәм татқанын айтып қалып едіңіз бірде...

– Онда тым тереңдеп кетпейміз бе? Газеттік нұсқаң қаншалықты көтере алады?

– Әңгіменің айтылып қалғаны жақсы ғой, апа!

– Кімнен бастаймыз?

– Екеулеп, жетектесіп, жадыңызға жүгініс жасап, жалпыламалық тұрғыда алып шықсақ. Уақыт тұрғысынан қатаң реттемей-ақ, еркін, ашық, жұп-жұмыр шықса айналасы.

– Бәрі-бәрі көз алдымда. Еске алсам, сол арыстарды, көкірегім қарс айырылады. Сәби жүрегіме ұялаған ұлтжандылар еді шетінен. Енді бір ғасырдай жаңылыссыз соққан жүрегіме жүгінсем, жаным егіліп, байыз таппай кетемін... Айдаудан арып-ашып, құр сүлделері оралған Ахмет атекем (А. Байтұрсыновты осылай атайды –**Қ.Ә.**) мен Бәдрисафа әжекем біздің үйдегі күтпеген екі бірдей қайғылы қазаға тап болып, қасірттен әрең-мәрең тәлтіректеп келгенді. Атекем сөйлеуге дәрмені әрең жетіп, мамамның жанына барып бір тізерлеп отырып басынан сипап: «Қалқам Гая, жыламай басыңды көтер, осыдан бес ай бұрын Әлібегің дүние салғанда, Міржақыбымыз келеді деп, үміт, сенім туғызып, тоқтау салып едім ғой, енді мейрімсіз ажал қымбатты Міржақыпты арамыздан алып кеткен соң менің күнім қараң қалды ғой... арты қайырлы болсын!..»– деген дірілі аралас қайратты дауысы әлі құлағымнан кетпейді.

– Алашорда көсемі Әлихан Бөкейхан туралы ше?

– Кішкене күнімнен бастап, есейгенімше бауыр басып, бұл кісілердің ортасында өстім. Әкелеріміздің қарым-қатынасы

өле-өлгенше бірде-бір үзілген емес. Бес жасымнан жақсы білемін. Екі үйіміз Семейдің Комиссар көшесіндегі мекенжайда тұрдық. Әлихан атам ұзын бойлы, сом денелі, иықты келген, өңі қоңыр еді, ашық үлкен көздерімен жұртқа қадала қарайтын. Көрмекке сұсты болғанымен, жаны нәзік, балажан, жалпыға жанашырлық көрсететін қолы ашық мырза кісі болатын. Үйдегілермен көбіне орысшылайтын. Жұбайы орыс – Елена Яковлевна Севостьяноваға Омбыда 1903 жылы үйленген. Тұңғышы Елизавета – Лиза, ұлы Сергей – Үгідей (Үгітай дейтін) 1905 жылғы. Менің әкеммен бірге Семей түрмесіне қамалғанда, бір көруге зар болдық...

Орысша, қазақша жазып қалдырған еңбектері аса мол болатын. Жас ғалым Сұлтанхан Жүсіп бүгінге шекті бес томын шығарыпты деп естимін. Одан әрі тоқтап қалмаса жарады.

– Міржақыптың ауылдасы, түйедей құрдасы, еліміз заңгерлік қызметінің басында тұрған Сейдәзім Қадырбаев лайықты айтылмай жүр ғой.

– Осыған жаным ауырады. Заң саласының білгірі. Мықты аудармашы. Заң сөздіктерінің іскерлік тұрғыдан қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген. Белгілі заңгер Ахмет Бірімжановпен үзеңгілес, серіктес болып, Әділет халық комиссариатында тер төкті. Өмірден тұқымсыз өтсе де халық есінде жасаған еңбегімен қалуға тиісті тұлға еді. Нақақтан атылып кеткенімен, Алаш деп атқарған ісіне сызат түспеуі тиіс. Ұрпақтары Воронеждегі жерленген жеріне құлпытас қойғанын естідім. Көзімнің жасын бір сығып алдым-ау. Өте көрікті, өжет те өткір кісі еді. Жаңыл әжеміз қандай еді. Менің шешеммен қосылып ән салғанда, таңдай қағып тыңдаушы едік...

– Күш атасы – Қажымұқанмен де әке-шешеніз араласқұралас болыпты ғой.

– Болғанда қандай! Қажымұқан ағама үйірсек болдым. Жолыққанда жатырқамай, өзімді еркін ұстайтынмын. Ол кісі Орынбор, Қызылорда цирктеріне күресуге келген сайын біздің үйге соғатын. Мамамды : «Гая қарындасым екеуіміз омбылықпыз», – деп еркелетіп, қолынан дәм татып отыратын. Бала болсам да аңғарғаным: аға тамақты жапыра, мөлшерден артық көп жемейді екен. Арақ ішкенін көрмеппін. Бір қызығы – сөзінің арасында орысшасын қосып айтатын: «Күреске

түсетін борцы обязаны следить за внешностью. Денені күтіп, семірмеу керек, сондықтан күнде денемді шынықтыру үшін, үзбей жаттығу жасап жүремін», – дегенін естіп, бір күні қалай жаттығатынын аңдығаным бар. Құдай сақтасын! Сом темірлерді доғаша иіп, мойнына байлағанда үрейім ұшып, үйіме зыта жөнелгем. Алаш арыстары – ой атасы болса, бәрі де күш атасы – Қажымұқан ағамды айрықша сыйлап, төбелеріне көтеретін еді. Дәсердей қылып, мақтап отыратын. Бірін-бірі қабақтан түсінетін. Қайран сол бір сыйластық! Бүгінгі қазақтың бойында сұйылып бара жатқан жоқ па екен?

– Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевқа қатысты айтарыңыз мол екенін де білеміз, апа.

– Әрине, қалқам. Етене білгесін, жанашырлығын көргесін айтпай қалай отырам. Басымызға «халық жауының» қара бұлты үйірілгенде бізбен, яғни Дулатовтың отбасымен, қарым-қатынасын, келіп-кетуден қол үзбеген жалғыз – Қаныш ағам болғанын еске алсам, кеудемді өксік буады. Қаныш аға Қарсақпайдан келген сайын біздің хал-жағдайымызды сұрастырып, дер кезінде материалдық көмегін беруден аянбайтын, маған ақыл-кеңес беретін.

Бір жолы қандай мамандықты қалайтынымды сұрап біліп, дәрігерге зауқым соғатынын сездіргенімде, еш ойланбастан: «Ендеше, Томск университетінің медицина факультетіне арызың мен құжаттарыңды жібере бер. Өмірбаяныңа папаңның қазіргі кезде Мәскеудің Бутыркасында отырғанын жасырмай жаза бер. Өйткені сібірліктер ондайға үйренген, мән бере бермейтін халық», – деп ескертіп, менің тағыдырымды бір сәтте шешіп беріп еді-ау, айналайын ағатайым! Ұлылық дегеніңіз, қарапайым ғана қадамдармен жымдасып жататынын сонда түсіндім ғой.

– Алаш қозғалысының белсенді бір қатысушысы Әбубәкір Алдияров өмірінің бізге жетпей қалған қалтарысты жақтары көп екен...

– Иә, солай. Бұл олқылықтың біраз бөлігін өзім іздене жүріп толықтырғандаймын. Әйтпесе аз уақыт болса да Алашорданың Қостанай уездік комитетінің төрағасы болған Ә.Алдияровтың емші-дәрігерлік пайдасының халқына қалай тигендігін айтудың өзі ғанибетті іс. 1917 жылдың ақпан айында Торғай әскери губернаторы М. Дулатов пен Ә. Алдияровты

Минскінің маңындағы Барановичтегі тыл жұмысында жүрген (окоп қазу) қазақтарға жәрдем беруге жібереді. Орынбордан шыққан екі дос Минскіге наурыз айының басында жеткен екен.

Окоп қазуға алынған қазақ жастарының ішінде ауру-сырқау көп болған. Сол уақытта «Қазақ» газеті: «Доктор Әбубәкір Алдияров жақсы қарап, көп пайдасы тиіп тұр, ерінбей еткен қызметі үшін тәңір жарылқасын айтамыз», – деп жазды. Осы ретте Ә.Алдияровтың Торғай – Қостанай–Орал өңірлерінен шыққан өзінің жақын, бірге қызметтес болғандарды атап өткім келеді. Себебі соларға қатысты құжаттар арқылы Әбубәкір өмірі мен қызметінің ақтаңдақ тұстарын айқындап алуға мүмкіндік туар еді. Сонымен ол достары – Мұхамеджан Қарабаев, Халел Досмұхамедов, Сан-жар Асфендияров, Дәулетше Күсепғалиев, Иса Қашқынбаев, Әмір-Шота Айтбакин, Аққағаз Досжанова, ағайынды Асылбек, Мұратбек Сейітовтар, Әлжан Байгурин, т.б.

– Сейдалы Оразалин туралы да білгіміз келеді.

– Байтұрсынов, Дулатовтармен араласқан Алаш зиялыларының бірі – Сейдалы Оразалин. Ол – «Қазақ» газетінің Батыс өңіріндегі тілшісі болған. Өзі сол Ақтөбе өңірінің тумасы. Ауқатты отбасынан шыққан ол Орынборда, Қазанда оқыған, сауатты адам болған. Сонымен бірге Алаш Орданың Батыс бөлімшесінің Ақтөбе уезіндегі өкілі ретінде жұмыстар атқарған. Мектептер ашқан, кейін жала жабылып, әрі Алаш Орда үкіметімен байланысы бар деген желеумен 1929 жылы сотталып кетеді. Владимир қаласында үш жыл айдауда жүріп, мерзімін өтеген соң осында тағы осынша уақыт амалсыз қалып қояды. Сонда кіші қызы Сафура туады. Сафура – белгілі жазушы Балғабек Қыдырбекұлының зайыбы. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған аяулы ана.

– 1920 жылы Жымпитының жерінде азамат соғысының қызу жүріп жатқан кезінде адам айтқысыз ерлік жасаған бір дәрігердің есімін ұмытып отырғаным, апа. Сіздің аузыңыздан естіп едім.

– Е, ол Дәулетшах Жүсіпұлы Күсепғалиев қой. Алаш көсемдерімен бас қосып, халқына аянбай қызмет атқарған абзал азамат еді. Ол 1896 жылы Мәскеу университетінің медицина факультетіне түсіп, оны 1900 жылы бітіріп, уездный Лекарь мамандығын алып шыққан.

Енді өзің сұраған ерлігіне тоқталайын. Емханасына түскен екі жақтың (қызылдар мен ақтар) жаралылары мен ауруларының әрі жергілікті тұрғындардың жанын сақтап қалу үшін ойына мынадай айла келіпті: аурухананың шатырының үстіне оба ауруының белгісі – Қара жалау ілгізіп қойдырыпты. Өзі ақ халатымен есігінің алдында күтіп тұрып алыпты. Мұны көрген әскерлердің зәрулері ұшып, бұл маңға тоқтамастан қаша жөнелген екен. Сөйтіп ауруларымен қоса бүкіл елді мекен адамдарын жау теперішінен сақтап қалыпты. Ол 1917 жылы Орынборда өткен жалпы қазақ съезіне қатысқан.

– Карелия лагерінде Міржақыппен бірге болғандардың бірі Мырзағзы Есболов тағдыры кейін қалай қалыптасты екен?

– Алашордашылар төңкерісіне белсене қатысқан Мырзағазы Есболов Торғай әскери бөлімінің құрамындағы күрескерлердің қатарында болған. Ағаны 1925 жылы Қызылордада өзіміздің үйде көргенім бар, ол Ташкентке кетіп, кейін сонда қызметте болғанын білетін едім. 1929 жылы қазақ зиялылары тұтқындала бастағанда қосақ арасында Мырзағазы ағам да кетіпті. Әкеммен Карелияда тұтқындықтың азапты күндерін бірге өткізген қайран ер туралы да онша насихат жоқ. Кейбір мәліметтерді мен Мырзағазының қарындасы Ұрқиядан естіп білген едім.

Ұрқия апайдың айтқанындай, Ақтөбеде тұрғанда Мырзағазы Есболов Карелиядағы жаза мерзімін өтеген тұста, қызмет бабымен босатылған ауруды үйіне жеткізуге рұқсатпен шыққан екен. Қайтарында, жолай соққан беті екен. Баласы Жанатайды ілестіре кетіп, бір жыл өткесін кері қайтарып жіберіпті. Заман құбылмалығын сезгендіктен, баласының обалына қалғысы келмеген ғой. Ол 1938 жылы қайтадан тұтқындалып, кейін атылып кетті.

Әкем туралы ойласам, Мырзағазы ағам еріксіз есіме түседі. Тұтқындықтың қара ботқасын бөліп жескен ұлт қаһармандары емес пе, олар! Әлі де ол туралы деректерді іздестіруден танбауымыз керек.

– Әке-шешеңіздің үйлену тойына қатысқан бір алаш арысы болыпты ғой, соның қызы айтқан әңгімеңізді тағы бір жаңғыртсаңыз екен, апа.

– Е, ол кісінің аты-жөні де ұзақтау, тым қызық болып келеді. Нақтысы – Асфендияр Әмір-Темір (Әмір) Шорма-

нов. Бойы ортадан жоғары, ашаң денелі, көрікті болған. Семейдің мұғалімдер семинариясын бітірген соң, Омбыдағы ауылшаруашылық мектебін тәмамдаған агроном. 1935-1940 жылдары кеңестің «қызыл террор» қуғын-сүргінінен құр қалмаған Асфендияр жазықсыз айыпталып, сот үкімімен Красноярск лагеріне айдалған.

Енді сол Асфендиярдың қызы Мағмура айтқан әңгімеге оралайын. Әкемнен естігенім мынандай еді деп сырын ашқан еді бір жолы Мағмура. «1914 жылдың майында, Ғайнижамал Баймұратқызы Досымбекова құрбым ақын-жазушы Міржақып Дулатовқа тұрмысқа шыққанда, Люблинода өтетін тойларына қатысуға, Сәдуақас ағам зайыбымен және өзіме арналған шақыру қағазын жіберген Гая болатын, – деп еске алады екен әкесі. – Бізден басқа Омбының қазақ, орыс зиялылары, оқушылардан: Мағжан, Сәкен, Біркей (Айбасов) Қошкеш әулеттері (құдалары), ағайынды Сейітовтер, адвокат Айдархан әйелімен, т.б. көп кісілер қатысқан болатын». Одан әрі тойдың өте жақсы өткенін қызымырлап, сипаттап кетеді екен...

– Ғайнижамал анаңыз Омбыдағы араласып жүрген таныстарының ішінен айрықша бөліп алып әңгімелейтін, жақын тартып достасқан ағайынды Сейітовтердің бірі – Асылбек әкеңіздің қасындағы айнымас серігі, жан досы болыпты...

– Ол жылдары кішкене баламын ғой, ауылда бірге тұрған шақтағы еміс-еміс көріністер болмаса, бәрін біле бермеймін. Асылбек ағаның келбетін көз алдыма келтіре алмаймын. Есейгенімде ағамен жолығуға нәсіп жазбағанына өкінемін. Былайша естіп-білуімше, Асылбек Жұманұлы Сейітов ағамыз 1917-18 жылдары Дулатов құрған атты әскер құрамында дәрігер болып қызмет атқарған. Әлихан, Ахмет, Міржақыптардың айнымас жолдасы, әр кезде бірге жүрген азамат. Ол оба, сүзек, шешек сияқты жұқпалы аурулар ел ішіне жайылған эпидемия кезінде өз өміріне төнген қауіпті ұмытып, кеселден адамдарды арашалай білген. «Тән саулығын сақтау» тақырыбына орыс, қазақ тілдерінде мақалалар жазып, бастырып тұрған. Асылбекті түрмеге қаматуға себепкер болған ағайын арасынан шыққандардың жапқан жаласы болыпты. Оны Асылбектің қыздары

әкелерінің ақталған құжаттарынан білген... Қандай өкінішті тағдыр десеңші! Ағайынның алауыздығынан сақтай гөр! Әр қазақ жете мән беретін жағдай осы қасірет пе деп қамығам, қарағым.

– Алаштың Айдархан Тұрлыбаевы жайында өзіңіз көз көргендерден сұрастырып, жазып жүр дегенді естіген едік.

– Иә, бертін келе 1995-98 жылдары Айдарханның жақын туыстарымен кездесіп, біраз деректерге қанығып қалғаным рас еді. Ол бұрынғы Көкшетау уезінің қазағы. Омбы гимназиясын алтын медальмен бітірген ол Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1902 жылы үздік бітіреді. Адвокаттық қызметі 1902-1937 аралығында Омбыда өтеді. Ол Орынборда өткен жалпы қазақ съезіне Ақмола облысынан Садуақас Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, тағы басқалармен бірге делегат боп қатысады.

Жалпы алғанда А. Тұрлыбаевтың қазақ зиялыларының арасында орны бөлек. Біздің Дулатовтар отбасында Айдархан аға жайлы көп айтылатын. Бірақ атын естігенім болмаса, өзін көрмеппін. Міржақып пен Айдарханның достасуы, тізе қоса еңбек еткені Омбы, Ақмола, Орынбор кездесулерінен басталғанын топшылаймын.

– Әкеңізге жақын жанасып жүрген жайсаңдар жайлы кейінгі ұрпаққа ұлағатты сөз қалдырудың өзі, әрине, қиын екендігін сеземіз ғой. Дегенмен өте парасатты, салиқалы іс екендігін мойындауымыз керек қой, апа!

– Әкеме тікелей байланысты, бірге жұмыс атқарған, пікірлес зиялы достары туралы естелік жазуға кірісер алдында көп толғандым. Толық, шынайы мәлімет алу үшін, сол кісілердің балаларын не ағайындарын қарастыра бастадым. Бұл әрекетім қиынға соқпады. Бұдан отыз-қырық жыл бұрын, Құдайға шүкір, «халық жауларының» ұрпақтарының төрт көзі түгел еді. Олармен жолыққанымда: байғұстар, іштегі шерін таркатып, сырларын ақтарып, әке-шешелерінің тағдырын жасырмай бар білгендерін айтып берген. Алған деректерді ерінбей-жалықпай қағазға түсіре беруші едім. Солардың бәрі жасырын түрде жазылатын. Себебі Алаш арыстарының толық ақтала қоймаған кезі еді. Қазір ойласам, еңбегім еш кетпепті.

– Гүлнәр апа, сондай-ақ анаңыз өсиеттеп тапсырып кеткен баға жеткізгісіз хаттардың да қисапсыз көмегі болғанын енді түсініп отырғандаймыз ғой.

– Иә, айналайын, анам менің көркіне ақылы сай ғажап адам еді. 1940 жылы 15 қыркүйекте дүние салар күні өсиетін айтып кетті: «Гүлнәр, сені аяп, сөз қозғауды кейінге қалдыра беруші едім, көріп отырсың ауру мені жеңді, халім бітті, айтқан сөздерімді ұмытпай жадында сақта, соңымда жалғыз қалып барасың, күнім. Сүйенер кісің қалмады, енді берік бол, қолың аузыңа жетті, сенің дәрігер болғаныңды армандаушы едім ғой, оны да көрдім. Дулатовтың үй-жайынан қалған аздаған нәрселеріне бас-көз бол, папаңның киімдерін, құжаттарды, суреттерді қолыңнан шығарып алмай сақта, әсіресе мына хаттарды,– деген өсиет-аманатын айтты да, деміккен өкпесін басып, қолыма өзінің сақинасын салды да: – Енді, жатқыз мені»,– деуге шамасы келіп, бойын созып барып көзін жұмып, мәңгі ұйқыға біржолата кетті де қалды...

... Иә, тарих шежіресі сол хаттар сөйлеп жатыр, ішкі сырын ақтара да бермекші!

97 жастың ақ қыраулы басын сәл төмен салған Гүлнәр апам осыдан 72 жыл бұрын 45 жасында дүниеден өткен қасиетті анасы Ғайнижамалдың өсиетін қайыра бір есіне түсіріп, көкірегі қарс айырылғанымен, лезде еңсесін тіктеп, ойын ұштап ұшқындатқандай, бойын бекітіп ала қойды!

2012 ж.



ЖҮСІПБЕКТИҢ ТҰЯҒЫ

Саяси қуғын-сүргіннің сыздауығы жарылып бітіп, жарасының орны жазылған да болар дейтін уақыт емшінің дәмесінен жүрек қанша медет күткенімен, талмаусыраған күйінен әлі айығар емес. Тіпті де сейілмейтіндей қара бұлтының жаңбыр емес, қан себезгілеп тұрғанынан көңіл біткен шерменде. Сабасына түспей сарсылатындай, қалыбына

келмей зар-налаға булығып, мұң бүркетіндей. Жә, осының бәрін – бір тағдырға теліп түйіндей салуға да болар еді... Амал не, түйінін шешпей дем тұтықтыра берер тарпаң тағдырдың жалынында жазықсыз қақталған қаншама өмір иесі қауқарсыз жұтылып кетті-ау! Сол еске түскенде қуғын-сүргіннің тас шеңгеліне мытырылған әке мен ананың бейкүнәлігі былай ысырылып, олардың бауырынан өрген балаларының күнәсіздігін – отанға деген қаскүнемдікке қасақана балаған, сөйтіп, тұтастай шаңырақтың үрім-бұтағына зауал төнген қаралы кезең, шындық алдында ұяттан әлікүнге бетін басып жүргенінің куәсіміз ғой!

Сондай атадан – бала, анадан – қыз ажырап қалған нәумет жылдардың бір қайғылы оқиғасына тоқталғалы отырмыз. Ол – әдебиетіміздің асқақ та жарқын тұлғасы, жазықсыз жаладан нақақтан атылып кеткен классик жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың тұла бойы тұңғышы Бектұрдың азапты өмірінің азатталғанда да қайғыдан қабырғасы сөгіліп, сүреңсіз тірлік кешкенінен тарқатылған кіреукелі кірбің-күйзеліс баяны еді...

Әкесі Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылы 10 сәуірде Қызылордада «халық жауы» жаласымен ұсталғанда, Бектұр он үш жаста ғана болатын. Жазушының бірінші әйелі Вера Волковадан, анасы Виктор атап кеткен осы Бектұр мен өзінен төрт жас кіші Евгений (Жанақ) туған екен. Ал екінші зайыбынан Муза есімді қыз өмірге келген. Мәскеуде 1930 жылдың жазында бір оқтық боп сұлаған Жүсіпбектің соңында қалған осы балаларының тағдыры көпке дейін белгісіз болып, тірлігі қандай екендігі, оларды біліп-білмейтіндердің көңілін алаңдатып қойған-тын.

Жүрегі сыздап, сұрау салғандардың санатында алдымен Гүлнәр Міржақыпқызы болғанын айтуымыз абзал. Апай Бектұрдан бір жас қалқыңқы, екеуі Орынборда бір мектепте оқыған. Әкелері дос-жар болғасын ба, балалары да бір үйдің қозысындай тел өсті. Бектұрды Міржақып жазға салым Торғай, Қостанай өңірін қыдырыстағанда, Гүлнәрімен бірге ілестіріп ала жүретін. Балалықтың бал қаймағын қалқысқан сол Бектұрды енді Гүлнәр апай іздемегенде кім іздесін? Әрдайым жазған кітабы мен мақаласында, сөйлеген сөзінде

Бектұр тағдырына алаңдаушылық білдіргенінен қалың жұрт хабардар.

Мына қызықты қараңыз, белгілі қазақ ақыны Мұзафар Әлімбаевқа бір жолы көршісі Таскира Бақыткерейқызы «Вечерняя Алма-Ата» газетінің 1990 жылғы 15 қаңтардағы санын ұстап, сүйіншілеп жүгіріп келеді. Ондағы Ж. Аймауытовтың өмір жолы туралы мақаланы оқығанда, есіне оның баласы Виктор түсе кетпей ме. Башқұртстаннан Шымкентке туған әпкесіне қонақтап жатып, еліне ораларда әкесі атылып кеткен осы жетімек Викторды Жүсіпбекпен көршілес болған отағасы қызына айтып, сырт жерге ертіп жібереді. Сөйтіп Виктор Нижний Троицк қаласында әлгілермен бір жыл тұрады. Сол қаладағы ФЗУ -де оқып, мамандық алады. Қамқор болып жүргендер 1933 жылы басқа жерге қоныс аударып, одан көз жазып қалады. Таскираның Викторды еске алып айтқан осындай әңгімесінен кейін көмескі деректің үмітті көзі ашылғандай болыпты...

Бірте-бірте жылдар қыртысындағы қайғылы қатпар сыры ашыла бастағандай еді. Кемерово облысының Прокопьевск қаласынан Бектұр, Бішкек жақтан Жанак, Ақтөбеден Муза табылып, алаш арысы Жүсіпбектің кіндігінен тараған балалары тағдыр айдауымен Алматыда бас қосып қалып жүрді. Өрқайсысының әрқалай тағдыры бауырларды жүнжітіп те, тізе бүктіріп, қайыра қайраттандырып та, әке намысымен шыңдап, шыңға өрмелетіп те, құздан құлдыратып та сынағына аяусыз алған екен. Не құқайдың да тезінен қанға біткен қамықпас мінездің берекетімен бебеулеп шыға біліпті-ау!

Бектұр басқа салғанын көрді, көнді де. Көңерлі екен. 1937 жылы Қазан қаласында «халық жауының» баласы деп, он жылға сотталып кетті. Жаны сірі екен. Айдаудан аман шықты. Шахтада істеді, электр монтері болды. Кейін ол 1994 жылы 25 қарашада Татарстан республикасы прокуратурасының қаулысымен дәлелсіз қудаланған ретінде ақталды.

Бұл кезде Бектұрдың әкесі Жүсіпбектің ақталғанына да алты жылдың жүзі болып қалған еді. Санасына сергектік ұялай бастады. Жабылған жаладан жүзі жылып жылтырап, жүрегі қуанышқа еліккендей. Атылған әкесінің де, Сібірге айдалған өзінің де кінасы болмай шықты. Сталиндик қуғын-

сүргіннің жан түршігерлік аюандық саясаты әке мен баланы бір табада осылайша шыжғырыпты. Кеудесі бірте-бірте күйленген Бектұр ояна бастапты. Түсіне туған Баянауылы жиі кіретін болған. 1994 жылы ботадай боздап, кіндік қаны тамған жерге тартып отырсын. Құндағында мұрнына жұпар иісі сіңген, топырағына аунаған, балалығының кінәратсыз кезеңі шапқыланған қасиетті жеріне ықыласы ауып, темір жол вокзалына әлсін-әлі келе берген екен. Бірде қазақы қандасына жолығып, Жүсіпбек Аймауытовтың ұлы екендігін айтып, Алматыға ілесіп бірге жөнелмей ме. Әке-шешесін іздегендей болып, бауырларын көрмекке құмартып, ыссы аңсармен аңқасы кеуіп Алматыға алқына кеп тоқтапты. Жетісудың жанныатынан жаны жарылқаныпты. Алатауына ізетпен сәлем беріп иіліп, еңкіш тартқан бойын іле тіктеп ала қойыпты. Қала әкімі кемпірімен екеуіне бір бөлмелі пәтер берген екен, орыс кейуана елін аңсап, күңкілдеп, кемсеңдей берген соң Прокопьевскіге қайыра кетіп қалған екен. Ал Баянауылдағы кіндік қаны тамған жерге барып, ата-баба қорымына өзі дұға бағыштағаны, бәрі-бәрі жадында қалған.

Алматы іші гу-гу. Жүсіпбектің ұлы Бектұр қайыра кетіп қалыпты деген хабар желдей есіпті. Неге кетті екен? Туған жерінен жерінгені несі, бәтір-ау! Орыс қатынының азғырындысына ергені де. Жерсінүші ме еді ол. Біреудің жерін біреу қайтеді? Ұлтан болам деп келген Бектұрдың өзі қайқайып кетті емес пе. Масқара! Әке рухын сыйламағанын карашы, дегендей реніш, өкпе, наз, тілек жамырап жайылғанын. Тілін, ділін дарытқан құдіреті күшті жаратылыс аймағына демі таусылғанша адал бола алмағаны ма сонда? Жә, артық-кемісі болса, кешірер, әйтеуір Бектұрдың бір кем пішкені бары сезіледі де тұрады. Аңқасын орыс суы басып, Сібір ауасы кеңсірігін ашқан мүдделілік қойсын ба, еш қисынын келтірместен апай-топай дөңгеленте жөнелген апшсын қуырып.

Сонымен Бектұр сол жақта жүре тұрсын. Қазақтар бірақ оның тағдырына алаңдауын бір сәтке ысырып тастамаған еді. Жаны ашиды. Әкесі де, өзі де қара таңбадан арылды. Еліне келуін келіп қалып, бұл бұлталағына жол болсын деп, ашу-ыза шашудан да жасқанбайды кейбірі. Түсінікті-ау! Бірақ Бектұр осы жағын онша түсінбегенге ұқсайды. Әлде

сыртты паналап, саяқсып кеткен дағдысынан арылу оған оңай тимеген де шығар. Сұрқай саясаттың шыбыртқысынан сау-тамтығы қалмаған жамау-жамау жүрегі, үргедек көңілі, үркек сезімі сетінеп, сенімін алдамшы әуенге жеңдіріп, байыз таптырмады ма екен. Бәрі болады. Өмір болған соң адам оның тағдыр таттырған дәмінен ұшынып кетпейді. Татады. Бойына сіңу-сіңбеуі басқа әңгіме.

Бектұрдың осылайша сыртта жүрген кез ғой деймін, нақтырақ айтсам, 1999 жылдың шілде айының басында Қостанай облыстық газеті оқырмандарының Жүсіпбекұлының тағдырына алаңдаушылық білдіріп сұрау салған өтінішін қанағаттандыру мақсатымен Гүлнәр Міржақыпқызына хат жөнелттім. Ондағы ойым – апамыз Бектұрдың қазіргі халінен хабардар ма екен деген үмітті сұраққа жауап іздеу болатын. Апам да хат-хабарға қашаннан қағылез әдегімен шілденің 31-інде іле жаза қойыпты. Ал кеп ықыластана оқийн: «... Өзім, әзірше күнделікті күйбеңмен өмір сүрудемін. Қолымнан қалам түсер емес. Жарық көрмеген зиялы ағаларымызды еске алып, көрген-білгендерімді қағазға түсірудемін. Оның арасында журнал-газет қызметкерлері мазамды алуда. Сөйлесудің өзі екі сағаттан артық қымбат уақытымды алып шаршатады. Қалайда төтеп беру керек шығар, деп өзімді жұбатамын».

Хаттың арғы жағын жүгіртіп оқи алмай, шідерленген аттай шоқақтап, кібіртіктей бердім. Дауыстап оқып отыр едім, мақамым пәстеніп, ырғағымнан жаңылдым. Жүрегім аузыма тығылды. Бір оқып аяғына шықтым, екі оқып, үш оқып дегендей... Енді сабама түсіп, ойланып көрсем, Гүлнәр апам Бектұрға қатысты жаны егіліп айтқан осы сөздерін, ащы пікірге толы өмір шындығын көпке жария етудің қажеті жоқтығын қадау-қадау ескертіп өтіпті. Тұтастай орта бунағын аттап кетіп, апамның соңғы түйініне қайыра зер салдым. Онда: «... Қайсар! Бектұрды жазуыңның реті келмес. Менің естелігім де жетіп жатыр. Көңілімнің баяғыдай болып қалмағанына өкінемін. Сондықтан жылы жауып қойғаннан артығы жоқ. Жаным ауырады, аяймын, амал жоқ, қайтейін. Хатты кідірткенім соның әлегі».

Иә, апамның қос томдық естеліктер кітабында Бектұр туралы ішінара жазылған. Бірге өткізген балдәурен шақтың

мөлтек сығындылары ғана. Қысқа қайырылған сол ләззатты кезеңнің одан да қысқа суреттері моншақтай тізілген еді. Балалықтан болашақтың өне бойын сомдай білу көрегендігі оңай емес шығар. Ол кезде жылдар өте Бектұрдың тағдыры қалай қалыптасатынын кім бал ашып білді дейсіз. Құлдыраңдаған кішкене Гүлнәр да алда нендей тауқымет күтіп тұрғанын сезбегені рас. Бірақ мына хаттан апамның сол титтей, бейкүнә жүрегінің Бектұр құрдасына деген нәзік лүпілінің, аппақ сезімінің жылдар құрсауымен қатуланып, сұстылана бастағанын сезіну өзгеге де ауыр салмақ саларын байқап отырмыз. Апамша айтқанда, Бектұр сол пәк, тап-таза, іңкәрлі күйінде көңіл төрінде қалуы тиіс еді. Бірақ қатыгез тағдырдың өксігі өкінтпей қоймайды екен-ау! Бектұрға не өкпе бар? Сынын берсе де сынаптай жұтылып кетпей, бүгіннің жалына жармасып жүргенінің өзі медет қой.

Не істесем екен? Амалым қайсы? Жауап хаттың әлгі апам тиым салған тұстарын оқырманға жеткізгенім қалай болады? Онсыз да осы хат қолыма тигелі он екі жыл өте шығыпты. Апам тілегімен сол жазбаларды тұқыртып келіппін. Көңіліне келермін деп, тежелдім. Енді Бектұрға қатысты қоспасыз шындық айтылар тұста, көзі көрген қарияның жанашырлық тұрғыдағы шынайы пікірін іркіп қала берудің жөні болар ма екен? Мұны Гүлнәр апам да түсінуі тиіс. Ұрыспауы тиіс маған. Білемін ғой, апам ішіндегіні сезе қояды. Менің қазір жүрексіне, толқи отырып өз хатынан үзіндіні жария еткеніме де кешіріммен қарауы тиіс. Сөйтеді. Түсінеді мені. Оқырман үшін жүрегін жұмсарта алады. Ендеше, не тұрыс бар? Тәуекел деп, газетке шығарып жіберейін: «... Сенің Бектұр туралы білгің келетіні түсінікті, ал соңғы жылдары, ол туралы сөз қозғаудың керегі шамалы. Біліп-түйгенім, байғұс ауру, ана інісі Жанак (Евгений) секілді – қияли (шизофрения). Бұл қалада (Алматыда) жұрттың алдында бәрімізді ұятқа қалдырған толып жатқан қылықтарын несін жазайын. Өкініш, аяу, одан басқа ешнәрсе қалмады. Оны мүсіркеген жандарды, ол оңдырған жоқ, Қартқожа Тоғанбаевтың – Төлеші, т.б. (Қартқожа – Ж. Аймауытовтың басты кейіпкері. Қ.Ә.). Айтуға аузым бармайды. Қайран, Жүсіпбек ағам-ай, екі ұлының мүшкіл халін білмей кетті-ау! Бектұрға бір бөлмелі пәтер берген Алматының Весновка, 2 көшесінен, аз уақыт тұрып,

маған айтпастан, баяғы Ресейіне тартып отырған. Ол пәтерін Римма деген қызын Қарағандыдан көшіріп, үш немересіне қалдырып кеткен. Бектұрдың Виктор деген ұлы бар, ол да Прокопьевскіде».

Гүлнәр апам жанын қуырып, көргенін жазыпты. Егіліпті. Аянышын, көрген-білгенін бүгіп қалғысы келген. Жалпақ жұртқа жария етпеуге бекінген. Жазғаны хатта ғана қалады деп, шыдамай сырын ашқан екен. Кешіріңіз, Гүлнәр апа, Сізде кінә жоқ, өмір шындығымен құнды болса керек деп, біз осындай қадамға бардық. Бектұрға да өкпе артпаймыз. Алға сырғытып айтсақ, ол жасы 82-ге келіп, күллі құсалы өмірінің өксігінен әлдеқашан қақалып, омақасып, демі тұншығып, ерте үзіліп кетпегеніне шүкіршілік етеміз! Тағдыр теперішіне қалай шыдағанына таңбыз! Әкесінің қанына тартқан да, тарланбозың! Бертінгі қажып-солған кейпін айтсақ, оның да еш сөкеттігі жоқтай. Шын бейнесін елестеттік. Бірақ дараланған дарактың алыстан көрінетіні секілді, ол бейне сәл кедір-бұдырына қарамастан қайсымызға да қайыспайтын қара емендей боп, ыстық тартып тұра берер... Сонысымен қымбат, қимаймыз оны – асылдың тұяғы, Бектұр атаны!

Бектұр ақсақал екінші қайтара Алматыға 2006 жылы келіп, қоныстаныпты. Кемпірі кіндігі байланған жерде мәңгілік тұрағын тапқан. Сүйретпесі жоқ шалы сүйегін салдыратып еліне тартқан. Тағдыр таңдауы осы. Туған жер тартылысы осы! Келсе, баяғы бір бөлмелі пәтерін қалдырған қызы мен күйеу баласы үйді сатып, табандарын жалтыратып үлгерген. Жер сипап, далада қалды. Содан қаладағы «Ардагерлер» қарттар үйінде ғұмырының соңғы екі жылын өткізген Бектұр Жүсіпбекұлы тоқсан жасқа екі аттап, тұрмастай боп құлады...

Қайран, ғапыл дүние-ай! Қанша қимаса да жылт етіп, жалын сипатып үлгермей-ақ, жалт береді екен. Таусылмай-тындай көрініп, сәтте талмауратып, аунатып кетеді екен. Бектұрдың күнін кейінгі ұрпақ көрмесінші!

2011 ж.



«ГАУҺАРТАСТЫҢ» ТЫЛСЫМЫ

Уақыт бәріне де билік айтады. Сондықтан да ол әлемнің әміршісіндей әсер етеді. Уақыт өз тезіне салмайтын жаратылыс жоқ. Демек уақыттан тысқары өмір жоқ, ештеңе өріс жаймайды.

Өнерге де уақыт төрешілік айтады. Елеп, екшейді. Жасығы кебектей ұшып кетеді, жауһары халық жадында мәңгілікке жатталады. Негізі мықты рухани әлемнің уақытпен бірге қанаттасып алға жылжитыны содан болса керек-ті. Сол сияқты нағыз өмірлік сұрыптаудан өткен халықшыл өнер туындылары да уақытпен бірге марқайып, уақытпен бірге ұдайы жасару үдерістерін бастан кешеді. Сондай ұлттық киноөнеріміздің алтын бір тірегі «Гауһартас» фильмі екендігі дау туғызбаса керек.

«Гауһартас» 1975 жылы экранға шығып, өзінің миллиондаған көрерменін, жанашырын жинаған тамаша туынды. Қазақ елінің шеңберінен әрі асып, сол кездегі кеңестік дәуірдің келелі де келісті талдауынан өркештеніп тұлғаланған, айтулы қазақ киносын тұшынып қабылдаған аудиторияны жақсы білеміз. Өйткені біздің жігіттік кезеңіміздің тұрғыластарының талғамынан шыққан бірден бір кинокартина осы «Гауһартас» болатын. Тамсанып көретінбіз, шым-шытырық ойға берілетінбіз. Салтанат–Қуанышеваны жанымызға жақын тартатынбыз. Ал Тастан – Боранбаевты жыға түсіне алмай дал болатынбыз. Осының өзі актерлардың таланат-күдіретінің күшінен тарап жатқан нағыз шеберлік нышаны екен-ау! Қас шеберліксіз нанымдылық қайдан болсын?

Дәлірек айтсақ, осы «Гауһартас» («Храни свою звезду») экранға шығысымен кеңес одағы бойынша өзінің кең танымалдығымен «Қыз Жібектен» кейінгі екінші картина болғанын да білеміз. Ауызға әрине, алдымен Қыз Жібек

пен Төлеген түсетін де, содан соңғы тамсаныс Салтанат пен Тастанға тиетін. Қазақ әдебиетінің классиктері Ғ. Мүсірепов пен Д. Исабековтың жүрек сүзбесінен өткен туындылар сөйтіп көрермендер жүрегін жаулап алған болатын.

Киноөнері тағдыры әралуан, тіпті кейде қиын соқпақты. Әділетсіздік атаулы оның басынан айналып та өтпеуі мүмкін. Сондай кереғарлық «Гауһартасқа» да шүйліккен. Шидесін батырған. Деміктіргісі келген. Бұл фильмді тіпті еліміздің телеканалдарының өзі өгейсітіп, назарына ілмей қойды. Қабырға қатты қайысты. Сондағы уәждері: Қазақстанда фильмнің оңды бір нұсқасының көшірмесі де болмай қалған екен. Яғни, уақыт фильм сапасын әлсіреткен, тіпті жойып жіберілуге шақ қалған.

Бұл нені аңғартады? Рухани байлығымызға деген сел-соқтықтың салқыны емес пе? Иә, одан да өткені дер едік. Енжарлықтың көкесі. Ұлтсыздандудың төтесі. Жаһандандудың жайынына жұтылғандық. Ертеңнің буынына балта шабушылық. Осы тектес қаншама түңіліс сөзін айтсақ та артық болмастай. Өйткені, болар ел, болашағына қамкөңіл ел, мәдени өміріндегі елеулі туындылардың тағдырына, тікесін айтса, сақталуына дәл осылай жүрдім-бардым ниет танытпаса керек-ау. Бармақты қайтіп шайнарыз, бізде осындай да өрескелдік болған...

Қашаннан бергі тұнжырап, еңсені басқан бұлтты жарып Күн шығары сөзсіз ғой бір кезде. Күн шықты. Бұлт ыдырады. «Гауһартас» көзімізге өзінің бастапқы жарқыраған кескінкелбетімен қайта шалынды. Бір сөзбен айтқанда, отыз жылдан соңғы картина ажары қайтадан жаңғыртудан өткізіліп, сапасы жақсарып, көрермендерге жадырап жол тартты. Яғни, қазіргі түсінікті тілмен айтсақ, «Гауһартас» жаңғыртудан соң DVD форматына көшірілді. Енді көрермендер өздерінің сүйікті киносын орыс тілінде осы DVD арқылы да, және бейнетаспа арқылы да көре алатын мүмкіндікке ие болды.

Мұндай мүмкіндікті көрермендер үшін жасаған кім десек, олар – Боранбаевтар әулеті дер едік. «Гауһартастағы» Тастан рөлін өте нанымды, шебер бейнелеген белгілі актер Әнуар

Боранбаевтың бауырлары болатын. Сөйтіп олар азаматтық танытып, «Гауһартастың» батып бара жатқан күнін атырды, халыққа танымал фильмге екінші өмір сыйлады. Сол үшін де бұл Боранбаевтар әулетіне елі дән разы. Әулеттік ғана емес, елдік мінезбен, үлкен жанашырлықпен ұлтқа қажет шаруа тындырды.

Иә, Әнуар өмірден өткен соң алты жылдан кейін «Гауһартас» қайта жаңғыртылып, екінші тынысын ашқан еді. «Гауһартастың» көрермендер назарынан біртіндеп ысырылып бара жатқаны Әнуардың қабырғасына да қатты бататын. Киноны жаңғыртуды да ойластырып қоятын. Бірақ кеңес одағы ыдырап, ию-қию заман туып, егемендік елең алғанымен, әлі де белең ала алмай тұрғанда, тоқсаныншы жылдар тұтастай өз тағдыры үшін тозақ отындай жаны мен тәнін қарыған топалаң кезеңде Әнуар ол ойын жүзеге асыра алмайтын еді. Асыра да алмай кетті...

Әнуардың тағы бір арманы болатын. «Гауһартастың» түсіру тобын түгелімен жинап алып, еске алу кешін өткізсем деген ойы да орындалмай қалды.

Бірақ оның арманы аяқсыз қалмады. Әнуардың жанашыр туыстары көзі тірісінде орындалмаған арманды жүзеге асырған еді. 2006 жылы сапалық жағынан қайта жаңғыртылған «Гауһартас» фильмінің қазақ тіліндегі нұсқасының тұсаукесері өткізіліп, оны жасаушылардың шығармашылық кеші ұйымдастырылды. Бұл бір айта жүрерліктей жүздесу болған еді.

Бұл бір кезекті мерейтойлық іс-шара емес еді. Бұл отандық кинематографиядағы үлкен оқиға ретінде бағалануда. Дұрысы солай еді. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін бұрын мемлекет қаржысына түсірілген фильмдер Мәскеу мұражайларында сақталып қалған болатын. «Гауһартастың» да бастапқы материалы да дәстүр бойынша бұрынғы барлық кеңестік республикалардың мәдени қоймасы болып есептелетін «Ақ бағандарда» сақталған болатын. Міне, кинофильмді сондай тоғыз кілттің астындағы қатпардан алып, өңдеудің қиындығы енді түсінікті болса керек. Сондай кедергілердің бәріне Әнуар

мұрасына жаны ашитын Боранбаевтар әулетінің қажыр-қайраты төтеп бергендей еді. Қойманың құлпы ашылды. Ішіндегі інжу-маржан шашылды. Бір қарағанда, соның бәрі өз бауырлары Әнуар үшін дегенімен, кеңірек алып безбендегенде, жалпы қазақ киноөнерінің болашақ тағдырына жаны ашығандық деп түсінуге болары анық. Міне, Боранбаевтар қандай ізгілікті іс тындырған десеңізші.

Қайта жаңғыртудың машақаты көп екен. Таспаны ең алдымен қалпына келтіру үшін бес айдай уақыт кетті. Қаншама қаржы төгілді. Ең үздік мамандар қатыстырылды. Нәтижесі ойдағыдай болды. Актерлардың сөзіне қарағанда, фильм бұрынғы сапасынан да алға кеткен секілді екен. Енді көңілі қалағандар бұл туындыны жоғарыда айтып өткеніміздей, DVD форматы немесе бейнетаспа арқылы қалағанынша көре алатын болады. Міне, өнерге деген жанашырлықтың жарқын мысалы осындай-ақ болар.

Кешті ұйымдастырушылардың тығырыққа тірелген тұсы да болды. Ең қиыны – кино түсіру тобын толық құрамда жинаудың мүмкіндігі шектеулі болғандығы еді. Өмір өз дегенін істеп бағады ғой. Біреу бар, біреу жоқ дегендей. Мысалы, Әмина Өмірзақова сырқаттанып қалуына байланысты кездесуге келе алмады. Ал белгілі оператор Асхат Ашрапов пен айтулы актриса, «қыз-жігіт» атанған Лола Әбдікәрімова (ол парторгтың рөлін ойнады) бүгіндері ту-у алыста Қырымда тұрады. Шақыруға келе алмайтындықтарын айтып, дұғай-дұғай сәлем айтып жіберіпті. Қысқа хабарларында Әнуардың отбасының амандығын тілеп, жағдайларын сұрастыруды да ұмытпаған екен. «Біз болмасақ та басты рөлді сомдаған Әнуардың ол кездесуде болмағаны қандай өкінішті», – деп, алаңкөңіл екендіктерін де сездіріпті.

Фильмде Тастанның інісі Қайыркеннің рөлін ойнаған Сапарғали Жәкішевтің де тұрағын табу қиын болды. Ол нағыз найзағайдай жарқыл қаққан шағында кинодан кетіп қалыпты. «Гауһартастан» соң да бірнеше картинаға түсіп, сонысымен қанағат тұтқан ғой. Жолы болмады ма, әлде талантты тілерсектен қаққыштар көбейіп кетті ме, әйтеуір,

батқан күндей көрінбей кетіпті. Ол кәнігі құрылысшы екен, сол кәсібіне бүйрегі бұрған да тұрған ғой.

Тағы бір өкініштісі сол, өзінің іштен шыққан баласындай «Гауһартасының» мерейтойы межесіне режиссер Шәріп Бейсембаев та жетпей жығылыпты... Жазмыш солай болған...

Фильмнің шыққанына 30 жыл толу құрметіне арналған еске алу кеші болғандықтан да өткенді шолып, әңгіме-дүкен құрмай кездесу сәні келер ме? Бұл жолы да солай болды. Түсіру алаңынан басталып, картинаның өн бойғы бітпейтін қам-қарекетінің кейбір тосын да беймәлім тұстары мұндайда әзіл аралас әдемі күлкіге де шым батырып жіберетіні заңды ғой.

Әрбір актер өз ойларында қалған сондай сәттерді айтып беруге асық. Мысалы, картинаның түсірілу барысында бір жабағы жүнді кішкене төбет экраннан ілесіп кетпей қояды. Ылғи артқы жақтан сөлбиіп көрінеді де жүреді. Бұл мақсатты түрдегі көрініс емес екен. Еріктен тыс сыналанып кеткен сурет. Иттің өзін-өзі ұстауы да қызық. Камерадан сескенбейді, құдды бір актерлардың істегенін қайталағысы келгендей маңғазданып қуса да кетпей қояды. «Жүре берсін, қайтесің» деумен ол иттің тұтас фильмге түсіп қалғанын артынан аңғарғандай болды емес пе, түге.

Бұл иттің режиссерлар мен операторларға қимастық сезім туғызатын да жөні бар екен. Түсіру тобы арнайы белгіленген жерге келгенде, өлімші боп жатқан осы итті көреді. Әбден таланып, терісі алба-жұлба болған шопан иті қансырап жатыр екен. Көшке ере алмайтын болған соң жұртта қалдырып кеткен ғой. Ит де жеті қазынаның бірі. Осыны ойлаған шығармашылық топ оны емдеуге кіріседі. Нәзік жүректі суретші-қоюшы Михаил Колбасовский жарасын май жағып таңып, байлап, тамақ беріп, ерекше күтімге алған соң ит аяғына іліге бастады.

Екі аптада құлантаза жазылып кетті. Үйірсек болып алғаны сонша, түсіру алаңынан қуса да кетпей қойды. «Күтпеген «талантты актерымыз» ғой, пайдаланып қалайық», – деп жігіттер мен қыздар мээ болыпты. Сөйтіп жақсы жағдайға дәнiккен ит

кадр ішінен өзінің «лайықты» орнын алыпты. Осыны айтып, кешке қатысушылар ішек-сілесі қатқанша күлсін кеп.

Итке деген Әнуардың да қамқорлығы айтылмай қалмады. Түсіру алаңынан әбден қалжырап шыққанына қарамастан Әнуар итті аялап, күнібұрын жиыстырған сүйек-саяғын алдына тастап, маз болатын көрінеді. Кәдімгідей мейірімін төгіп, жүрек шуағын шашып аялайтын көрінеді. Бір жолы жақын ауылға жауынды күні жаяулап барып, тамақ қалдығын жиыстырам деп, суық тигізіп алып, қызуы қатты көтерілсе де түсіру алаңынан кетпеген ғой. Балажанды, итжанды Әнуар-ай, десейші.

Тағы бір сырт көзге байқала бермейтін жәйтті айтып, даурығысып кетті бәрі. Фильмде мынадай бір көрініс бар. Әмина Өмірзақова сырқаттанып қалған Салтанатты қолымен жетектеп, таңғы шықтың үстімен әкеле жатады. Ғажап бір көрініс. Салтанаттың ақ балтыры тулаған ақ сазандай көз арбайды. Аяғы қандай! Керемет сұлулық. Сұлулыққа кім сұқтанбайды. Осы көрініс екі кезеңде түсіріліпті. Бірінші түсірілім таң атпаған шақта таңғы шықтың мөлдір тамшылары ауырлап жылыстап жатқан кезінде орындалған. Нақ осы сурет – Салтанаттың жалаң аяғымен қоса ақ балтыры да кадрға ілініп қалған. Бөліп, ірі кескінде көрсетілген осы тұс.

Мына қызықты қараңыз, кездесуге жиналғандардың айтуынша, бұл аяқ, ақ балтыр тіпті де Қуанышеваныкі (Салтанат) емес екен. Мәнісі былай болыпты. Режиссер Жанна Қуанышеваны таңсәріден оятуға аяйды. Ұйқысын қандырып алғанын қалайды. Алда өте жауапты қарбалас жұмыс күтіп тұрған еді. Соған тынығып кіріссін дегені ғой. Сол оймен ол Гүлзия Белбаева деген актрисаны оятып алып, таңғы шықпен олай бір, былай бір сипай жүргізеді... Сөйтіп оның мінсіз аяғы мен ақ балтыры экранда қалып қояды. Сол сурет көрсетілген. Міне, тасадағы тылсым сәттер осындай тосындығымен де әсерге бөлейді екен. Бұл жайлы Әнуар өзіне тән қоспа әзілімен ажарландырып әңгіме айтқанда, тыңдаушылары басын шұлғып, маз болып қалады екен.

Бұл кездесуде сонымен қатар «Гауһартас» фильміне

катысты кеңестік идеологияның қысымы әсер еткендігі де айтылмай қалмады. Бізге белгілі, бұл фильмге көрнекті жазушы Дулат Исабековтің осы аттас хикаяты негіз етіп алынған. Оқырмандар жылы қабылдаған хикаятты кинотарихқа айналдырудың машақаты да жетіп артылатын еді. Оның үстіне кеңестік талап тегеурінді болатын. Идеологиялық ойлау қабілеті, іс-қимыл шеңбері белгілі бір құрсаудан шықпауы тиіс. Шықтың ба, бәрі тәрік етіледі.

Осындай жоғарыдан түсетін бұғалықтан амалын тауып, бұлтартып кету қылкөпірден өтумен пара-пар. Автор компартиядан: «шығарманың ахуалын кеңестік шындыққа сәйкестендіру керек» деген ерекше нұсқау алады. Киносценарийді сондай үлгіге лайықтап өзгерту талаптары қойылған ескертулерімен авторға қайта-қайта қайырып жібереді. Сол талаптардың қайсібіріне үңіліп көрейікші. Бір жолғы ескертпеде фильмде парторг бейнесі сомдалуы қажет десе, екіншісінде кешенді бригаданың тұрмысы мен еңбегі камтылуы тиіс екен. Ал үшіншісінде халықтар достығы тақырыбы алғы кезекте тұруы тиіс. Не керек, кинода кеңестік тұрмыс салтының осындай атрибуттары «менмұндалап» тұрғаны жөн. Әйтпесе кино бүгінгі социалистік реализмнің талаптарына жауап бермейді-мыс.

Жазушы әрі драматург Дулат Исабеков осындай қыспаққа ілінді. Көнуге де болар, көнбеске де болар. Бәрі-бір темірдей құрсаулы идеология дегеніне иілдіртеді екен. Жазушының бір сұхбатында ашығын айтқаны бар. Соны құлағымыз шалған-тын. Осы «Гауһартасты» қайталап көрген сайын тамағына тас тірелгендей күй кешетінін жасырмайды ол. Тіпті ұят буып, дегбірін алады. Неге? Негесі сол, Исабековтің бастапқы идеясына қарама-қайшылық аяқ аттаған сайын кездескесін қайтерсіз.

Ол махаббаттың қарапайым тарихын ғана айтуды мақсат тұтып еді-ау. Нәтижесінде не болды? Кеңестік жасанды образдарды тықпалап қабыстыруға тура келген жоқ па?! Әйтеуір, фильмді халық жақсы қабылдады. Соған тәубә етеміз.

Әйтеуір, фильмнің басты кейіпкері – махаббат символындай Салтанат бейнесі көркем жасалғаны мархабатқа бөлейді. Ол қазақ әйелінің көнбістігін, кемсіту, қорлық көріп жүрсе де сұлулыққа деген сенімін, үмітін жоғалтпайтын нәзіктігімен көрермендер ықыласына бөленген. Күйеуі Тастан – Әнуар Боранбаевтың өзіне деген салқындығын, тіпті өмірге деген енжарлығын сезінгенімен өз тағдырын шырайландыра түсу мақсатындағы талпынысы таңғалдырады. Өмірдің сұлулығын, өмірдің әнін жүрекпен түсінуге үндейді бар болмыс-бітімімен.

Осы басты рөлге актриса іздеу онша қиындық түсірмеді. Кинобайқау тұсында оныншы сыныптың оқушысы Жанна Қуанышева рөлге бірден бекітілді. Бұған дейін ол Болат Мансуровтың «Махаббат туралы өсиет» деп аталатын фильміне түсіп жүрген болатын. Оның қабілетін байқап қалған «Гауһартастың» ассисенті жаңа картинаның кинобайқауына бастапқы қызметінен қол үзбей жүріп қатысуды өтініпті. Айтқандарына көнген Жанна барлық сынақтардан мүдірмей өтіп, басты рөлді тамаша етіп сомдап береді. Бірақ Жаннаның өзіне салса, рөлді ойнағысы да келмепті. Оның да себебі бар. Мектеп бітіру емтиханы мен алда күтіп тұрған жоғары оқу орнына түсу сынақтары оны бас бұрғызбайтындай халге салған еді. Бұған қоса осы кезде ол «Махаббат туралы өсиеттің» жан алысып, жан беріскен өртіне шалдығып, романтикамен қарадай малтығып жүргентін. Өнер өміріңді сарп етпесең, өркенді болмасын балауса қыз Жанна да жақсы түсінетін... Түсінгендіктен де татымды дүние жасалды емес пе?!

Жанна Қуанышеваның өзінің кинодағы серіктесі Әнуар ағасы туралы пікірі де жүрек түкпірінен шыққан жақсы лебіз.

– Бірде маған режиссер Шәріп Бейсембаев аға айтып еді, – деп сөзін бастаған болатын сол кездесуде Жанна. – «Гауһартасты» түсірер алдында Тастан рөліне актер таппай көп қиналыпты. Оған керегі: өте батыл әрі жүректі, қатыгез әрі дөңкиген қара күштің иесі, тастай жүрексіз, былайша айтқанда, саздан соға салғандай ешнәрсеге селт етпейтін меңіреулеу актер іздепті...

Бір жолы Әнуар аға осы кино жөнімен түсіру алаңына іріктеу сынағынан өтуге келіпті. Оған Шәріп аға жата кеп жабысады. Іздегені жанынан табылғанын сезеді. Сөйтіп ол Тастан рөліне бекітіледі. Бұл рөл Әнуар ағаға абырой мен бедел әкелді. Тіпті жасқанбай айтайыншы, даңқ әкелген еді.

Одан әрі сөзін жалғастыра түскен Жанна ойын былай түйіндеді:

– Мен Салтанаттың рөлін ойнадым. Тәжірибеден жұрдаймын. Уыздай кезім ғой. Әнуар аға соның бәрін сезіп біліп, мені талай қиын жағдайдан алып шықты. Сөйтіп рөлді сәтті ойнап шығуыма есепсіз көмегін тигізді. Ол мені әкемдей боп бауырына тарта білді. Өнер жолына түсуіме үлкен жүрегінің шуағымен шұғыла төге білді. Ол қамқорлығын қалай ұмытайын. Өнердегі Таңшолпаным секілді еді Әнуар ағам!

Міне, көресіз бе, бұл кездесуде Әнуардың да соңына қалдырған өшпес ізі туралы әңгімелер осылайша көп айтылған болатын. Актер бақыты да осында жатса керек-ті.

Фильмдегі кейіпкер – Салтанат Қазақстанды былай қойып, тіпті одақ бойынша еркек көрермендердің аузының суын құрытты десек, артық болмас еді. Сондай ынтықтықтың бір қызық мысалы бұл жолғы кездесуде айтылмай қалмады.

Салтанатты киноэкраннан көріп, оған ессіз ғашық болған ставропольдік комбайншы хат арқылы жүрек сөзін айтыпты ғой. «Актрисалықты тастап, менің зайыбым болсаң қайтеді, – деп жалынады ғой әлгі бейбағың. – Баспанам бар, сиырым бар, айтқаныңа көнетін шешем бар, келіссеңші сөзіме. Мұндағы өмірің Тастан кейіпкермен бірге өткізген өміріңнен әлдеқайда қызықты, бақытты боларына уәде етемін», – деп жалынбай ма, баяғы. Әрине, комбайншының бұл жүрек сөзін қабыл алу мүмкін емес еді. Хат жазып, дәлелін айтып құтылған, әйтеуір.

Ставропольдік комбайншы жігіт (тілек білдірген мұндайлар) Салтанаттың қалада өсіп, ержеткенін қайдан білсін. Картинаға қарап нағыз ауылдық қыз деп сеніп қалған ғой. Әйтпесе, спортпен айналысып, шалбар киіп, басына орамал іліп көрмеген қала қызы тіпті де ойларына келмеген

ғой. Жанна Қуанышева фильмге түсу кезінде ғана тұңғыш рет басына орамал тартқанын қайдан білсін. Оның шашы қысқа болған. Соған тілерсегін соғатын ұзын шашты бекітіп алған екен. Соның бәрін көрермен қайдан сезсін. Сосын ғашық болмай қайтуші еді. Ал осынша сендіре ойнай білген Салтанат бейнесі Жанна Қуанышеваның шеберлігіне сын еді. Солай болды да.

Осы картинадан соң Салтанат жоғарыда айтқанымыздай, жалпақ елге кеңінен танымал болды. Жаңа туған нәрестелерге Салтанат есімі зор сүйіспеншілікпен қойылып жатты...

... Міне, «Гауһартастың» отыз жылдан кейінгі еске түсірілген қызғылықты кезеңдері осындай болатын. Оның шежірелі естеліктерінде Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаевтың да есімі зор ілтипатпен аталды. Талай жылдар өткен соң да іңкәрлікпен атала берер...

2007 ж.



МАЗМҰНЫ

ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР

ҚАЗАҒЫН ОЯТЫП, ОЙЛАНТҚАН! (М. Дулатов)	4
ҚАРҒАЛЫДА ҚАР ҚАЛЫҢ (Ғ. Мұстафин)	19
ЖЫР ЖАМПОЗЫ (Н. Ахметбеков)	24
БАЙЛАНҒАН ТІЛ (Н. Бектемісов).....	28
КӨМБЕ (Қ. Салғарин).....	34
ҚЫРДАҒЫ ҚАҚПАҢ (С. Кенжеахметов)	40
САПАБЕК БАҒЫ (С. Әсіп).....	45
“ӘЙ-ӘЙ” АҚЫН (Қ. Әбіл)	53
ЖОМАРТТЫҢ ЖАН ТҮПКІРІ (Ж. Әбдіхалық).....	59
ТЕҢІЗДЕЙ ТЫЛСЫМ ТАҒДЫРЛАР (Қ. Жиенбай)	68
МЕШТТІ ҒАЛАМ МЕЙІРІМІ (Қ. Аманжол)	80
ШЫНШЫЛДЫҚ (Т. Мейрамов).....	88
ӘЙЕЛ КӨЗІНЕН ЖАСҚАНАТЫН ЖАЗУШЫ (М. Иманжанов)	96
МӘРИЯМ МҰҢЫ (М. Хакімжанова).....	106
ТҮЙГЕНІ: «ТОҚТАМ!» (Қ. Жармағамбетов)	115
КЕҢДІК ПЕН КЕМЕЛДІК (К. Мырзабеков)	119
КӨЛБЕҢДЕГЕН КӨЛЕҢКЕЛЕР КІМДІКІ? (Т. Сәукетай)	131
КӘУСАР (Ж. Дәуренбек)	143

ЭССЕЛЕР

СӘБЕҢ САРАЛАҒАН СӨЗДЕР (С. Мұқанов)	156
СЫРБАЙ – СЫРШЫЛ (С. Мәуленов).....	160
ҒАФУ-ҒАЙЫП (Ғ. Қайырбеков)	221
ӨЗІЗ ЖҮРЕК ӨЗАҒА (Ө. Нұршайықов)	292
АҚМОЛАНЫҢ ЖАҒАЛАУЫ ҚАНДАЙ-ДЫ (І. Есенберлин).....	322
ТӘШІБАЙ ТӘЛІМІ (Т. Әлмұхамбетов).....	326
ШЕРХАН ШУАҒЫ (Ш. Мұртаза)	334
АЛАШ ҚЫЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ (Г. Дулатова)	344
ЖАЙСАҢДАР ЖАНАСЫП ЖҮРЕТІН	358
ЖҮСІПБЕКТИҢ ТҰЯҒЫ (Б. Жүсіпбекұлы)	366
«ГАУҢАРТАСТЫҢ» ТЫЛСЫМЫ (Ә. Боранбаев).....	373

Қайсар Әлім

КӘУСАР

Әдеби портреттер, эсселер

Редакторы Н. Домбай
Корректоры Ш.Рахымбекова
Суретші Е.Қожабаев
Техникалық редакторы,
Компьютерде беттеген Ж.Дәуренбекова

ИБ № 1010

Басуға 20.04.2015ж. қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}.
Офсетті басылыс. Шартты баспа табағы 20,0. Көлемі 24,0 б.т.
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыспен 2000 дана + баспа
есебінен 200 дана. Тапсырыс № .

Қазақстан Республикасы “Ана тілі” баспасы ЖШС, 050009.
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
тел.: 8 (727) 394-38-20.



Қайсар ӘЛІМ

1947 жылы 9 қаңтарда, Қостанай облысы Жанкелдин ауданының Қызбел ауылында туды. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Қаламгердің 2007 жылы 8 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Алаш ардақтысы Міржақып Дулатовтың мейітін 57 жылдан соң Карелиядан әкеліп, туған жері – Торғайға қайта жерлеу экспедициялық сапарының (1992 ж.) басы-қасында болған Қайсардың қаламынан «Мұңды сапар» атты тағылымы мол хикаят туды.

Ол «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Халықаралық «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Журналистика академиясының Алтын Жұлдыз сыйлығының және М.Дулатов атындағы сыйлықтың иегері, Жанкелдин ауданының Құрметті азаматы.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ISBN 978-601-251-116-1

